

# МУХТАР ӘҮЕЗОВ

---



1





三

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ  
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАФЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ  
1979

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

894.342-3

д-90

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ

БІРІНШІ ТОМ



*Әңгімелер*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1979

Каз2  
Ә90

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р., КАРАТАЕВ М.,  
МУСРЕПОВ Ф., НҮРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.


Фылми түсініктерді жазып, томды  
баспаға әзірлегендер:

БӨЖЕЕВ М., НАУРЫЗБАЕВ Б., САХАРИЕВ Б.,  
УАХАТОВ Б., ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р.

Әуезов М.

Ә 90 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-  
ты, «Жазушы», 1979. 1 т. Эңгімелер.— 456 бет.

Каз2



## М. О. ЭУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТИНАН

Мұхтар Омарханұлы Әуезов — аса көрнекті қазақ совет жазушысы, ұлы суреткер, әдебиетші-ғалым, зор қоғам қайраткері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты. Оның творчествосы тек советтік қана емес, бүкіл дүниежүзілік прогрессіл мәдениетке үлкен қазына болып қосылды.

Бұдан бұрын жазушының көп томдық шығармалар жинағы оның көзі тірісінде 6 том (1955—1957 жылдар), ал қайтыс болғаниан кейін 12 том (1967—1969 жылдар) болып жарық көрген болатын. Ал оның 5 томдық шығармалар жинағы орыс тілінде Москвада «Художественная литература» баспасынан (1973—1975 жылдар) жарықта шықты.

Енді Қазақ ССР Фылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жазушы мұрасын 20 том етіп жариялау жұмысын қолға алды және бұл жұмыстың «Жазушы» баспасынан 1979—1985 жылдары түгел шырып біту жоспарланып отыр.

Жазушы шығармаларының бұл басылымы М. О. Әуезовтың негізгі көркем туындыларын, ғылыми зерттеу, сын және публицикалық еңбектерін түгел дерлік қамтиды. Бұған жазушының әр алуан мәжілістерде, әдеби айтыс, жынындарда сейлемеген сөздері мен баяндамалары, қолда бар хаттары да енбек. Бұл жұмыстың бұрынғы басылымдардан өзгешелігі, артықшылығы осында.

Жазушының көркем аудармаға сінірген баға жетпес еңбегін көрсету мақсатымен оның проза, драма саласында жасаған қолда бар аудармалары жеке бір том болып енгізілді.

Бұл басылымды әзірлеуде негізінен жанрлық-хронологиялық принцип сакталады және жазушының әрбір туындысы жөнінде жариялану тарихына, текстке автор енгізген өзгерістерге байлаудың ғылыми түсініктер беріледі, курастыруышлар тарапынан тыңғылышты текстологиялық жұмыстар жүргізіледі.

Бірінші томға ұлы жазушының өмірі мен творчествосы жайында көлемді мақала беріліп отыр. Көп томдық жинақ қалың оқырман қауымға ариналды.

## МУХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ

«Асқар тауға анадайдан қара» дейтін сөз бар. Оның санлак тұлғасы, көркіті сымбат-сипаты сонда ғана ашылатын сияқты. Сондай-ақ ұлы жазушыға деген көзқарас та, ұғым мен сезім де уақыт озған сайын ұзақ сынақтан өтіп, оның ұлылығын анықтай да айқындаі туследі екен. Атақ-даңқын, асыл мұрасын ардақтай туследі. Бірақ бұл екінің бірі емес, ілуде біреудің үздік үлесі көрінеді. Қай замандағы кай елдің классик атанған ұлы таланттарын алсақ та осыны көреміз. Және тар магнасында тек өз елінің «таңдаулысы» болып, басқара бөтен, жат бол қалуы мүмкін емес. Ол өзінің арман мақсатымен, адамгершілік үнімен бүкіл адамзат жүргеріне жол табура тиіс. Гомер, Данте, Рудаки, Сервантес, Шекспир, Навои, Гете, Бальзак, Пушкин, Лев Толстой, Горький — міне сондай классиктер. Бізде, қазақ жерінде, ол кім десек — Абай Құнанбаев.

«Қазақтың мектеп балалары Шевченконы, Пушкинді тұған классиктеріндегі құрметтейді, сүйеді,— деді М. Әуезов,— сондай-ақ Фирдоуси, Низами, Навоилар да қазактар үшін ұлы классиктер, өз классиктері болып есептеледі. Абайдың да атағы кең жайылып, Украинаға, Арменияға, Өзбекстанға тағы да басқа тұысқан республикалар мен автономиялы облыстарға әйгілі болады».

Классик — үздік талант иесі. Оны тудыратын халық. Тәрбиелеп, өсіріп, классик деңгейіне көтеретін де халық, халықтың тарихи әлеуметтік жағдайы. Ондай жағдай болмаса, талант қанша мықты болғанмен еріс алмай, өресіз күйде қалып қоя бермек. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ұлы орыс халқымен тарихи тәгдышы жуықтасып, екі халықтың көзі ашық өкілдерінің түсінісп рухани байланыс жөнінде үн табысуы — Абайды прогресс жолында бір саты жоғары көтеріп, классик дәрежесіне жеткізген жағдай болды. Ал енді осы дәрежені терең ұғынып, жете бағалау үшін де уақыт керек екен. Бұл ретте біз қаншама алыс кетсек те, әлі де болса Абайды танып болдық, Абай мұхитының түңғирын әбден зерттеп болдық деп үзілді-кесілді айта алмасақ керек. Абайдың өмірі мein творчествосын ғылыми жолмен зерттеуде баға жетпес еңбек еткен Мұхтар Әуезовтың өзі ұлы Абайдың әлі де зерттеле түсетін жақтарын ескерткен. Мұны ол Абай дүниесінде салғанына 55 жыл өткеннен кейін жазғаны белгілі. Ал ұлы Абайдың асыл мұрасы зерттеле түсүі-

нің үстіне оның ақындық, классиктік тұлға-түриаты барған сайын әзулімдене беретіні аян.

Ал Абайдың көркемдік дамудағы өзі тектес мұрагері Мұхтар Әуезовтың арамыздан кеткеніне он сегіз-ақ жыл етті. Бұған қарастан, біз ұлы жазушының аз уақыт ішінде атақ, абрайының әлем дүниесін адақтап, творчестволық тұлғасының үздіксіз асқактауының айрагы болып отырмыз. Сейтіп, Мұхтар Әуезовтың туған қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл көп ұлтты совет әдебиетінің классигі биігінен орын алғанында ешқандай күмән жок. Оның көзі тірісінде Совет Одағының әрі мемлекеттік сыйлығына, әрі ен жоғары Лениндік сыйлыққа ие болуы, орыс әдебиеті мен дүние жүзі әдебиетінің өзімен замандағы өкілдерінен «екінші Абай», «Шығыстың Шолоховы», «Лев Толстойдың мұрагері» деген баға алуы, оның үстіне «Абай» романының екі кітабы жер жүзі әдебиетінің 20 томдығына енуі және көп шетел тілдеріне аударылып, талай рет басылуы, өзі өлгеннен кейін де таңдамалы шығармаларының бес том болып орыс тілінде Москвада, он екі том болып қазақ тілінде Алматыда басылып шығуы, енді мына онынши бес жылдықта қазақ тілінде шыққалы отырған жиырма томдығы — осының дәлелі.

Қай елде болмасын, халық мәдениетінің асқар шынын, халық санасының шалқар жеңісі мен тұнық терецін, рухани өмірдің ен жоғарғы күмбезін танытатын ардагер, абзал есімдер болады ғой. Сондай есім өткен ғасырда Абай болса, біздің социалистік заманда, көп ұлтты совет халқы тәрбиелеп өсірген маңдай алды шоғырдың арасында Мұхтар Әуезов есімі ерекше көз тартады. Бұл есім бүгінде бүкіл әлем дүниесіне әйгілі де ардақты.

Мұхтар Әуезов — Октябрь аясында жаңа ғана талпынып, қанат жайып келе жатқан қазақ совет әдебиетінің тұңғыш өкілі болған, оның Советтік Отан әдебиетінің алтын корындағы улесін айқындал берген көш басыларының бірі. Мұхтар Әуезовтың сан қырлы салихалы қызыметі жалғыз қазақ әдебиетінің емес, бұрын мешеу қалып, тек Октябрь революциясынан кейін ғана қауырт өркен жайған басқа үлт әдебиеттерінің де совет дәуіріндегі даму жолын сипаттайтыны анық.

Уақыт мұддесіне, азаттық алған халық әдебиетінің жан-жақты өскелен талабына жауап беру үшін жан салған жас өспірім үлт мәдениетінің алғашкы өкілдерінің қатарында М. Әуезов те әдебиет жанрлары негұрлым көбірек қамтуға талпынды. Мәселен, қазақ әдебиетінің аға буыны ақын, әрі прозаик ретінде де, драматург, сыншы, әрі аудармаша ретінде де қалам тартқаны белгілі. Мұхтар Әуезов қазақ совет әдебиетінің міне осындағы көп қырлы өкілі еді. Қөп қырлы жазушылығының үстінде әрі ғалым, академик, профессор, педагог, публицист, қоғам қайраткері болды.

Мұхтар Әуезов үлкен өмірлік, творчестволық жөл кешті. Оның алғашкы жиырма жыл бойы жастық шағы өзінің бала кезден сүйікті ақыны әрі рухани үстазы болған Абай Құнанбаевтың балғын балалық, жастық және жігіттік кезеңін еске түсіреді. Кейін Әуезовтың атақты эпопеясында жазғаны да сол дала, сондағы ауыл, сол бір қоғамдық орта болатын. Мұндары айырмашылық — Жидебайдағы бұрынғыша мешеу, езілген ауылды енді қазақтың ұлы ақыны Абайдың даналығы мен жарқын бейнесі нұрландырады да, Мұхтардың үміт пен сенімнің шамшырағындағы ертеңгі саулелі күнге шакырады.

Осы бір тамаша мираскерлік құбылысты М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының эпилогында символдық түрде әдемі аңғартқан. Онда

ол өзінің сүйікті геройы Абай бейтінің басына жиылған халыкты және Абайдың жаң серірі, сұлу жары Эйгерім айтқан актық жоқтау әнін, сосын талантты шәкірті Дәрменнің үстазына арналған актық анты мен жырын суреттей келіп, былай жазған болатын: «Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске кадам басты». Эйгерімнің әні мен соған арналып айтылған Дәрмен жыры, Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа тұған әннен бастап Абай жана туысқа ауысқан.

Айтқаныңдақ-ак Абай тұған халқымен өмірбаки бірге жасасының өлмес жол тапты. Ол жаңа дүние аясында жаңа үрпақтармен табысып, бүгінгі ұлы өнердің рухани үстазы, сақшысы бейнесінде танылатын болды. Оның әрбір жүрекке егілген асыл дән, ұрықтары Дәрмен сықылды жас мираскерлерінің алтыныңда сактауымен Абай арман еткен заманға жетіл, «ен дала, мол сахараның бар бойында», «көп өсіл, көктей өсіп», кәэір жанға сая «дұм тоғай», жемісі мол үлкен баққа айналды. Мұның аты бүгінгі қазақ халқының социалистік мәдениеті.

Сол Дәрмен айтқандай, Абайдың «ата тәрбиесін ақтап», «асыл сезін сактап», социалистік өнер игілігіне асырған мираскерлерді атап айттар болсақ, ауызға алдымен Әуезовтың өз есімі ілінеді.

Осы ретте орыс жазушысы Николай Погодиннің М. Әуезов Казақстан үшін екінші Абай деген балама сезінде тап басқан дәлдік болмағанмен, қысын жоқ емес, растық бар. Бұл баламаның растығы әр жағынан аңғарылады. Біріншіден, Абай — ұлы реалист ақын. Ол өз заманының өмір шындығын суреттеп, халқының мұн-мұддесін жырлаған білік поэзия жасады. Ал М. Әуезов болса, ол да сол заманының өмір шындығын тұтас қамтып, халық өмірінің ойы мен қырын қопара актарып жан-жакты суреттеген көркем прозаның, кең мағынасында, нағыз поэзияның жана шыңын жасады. Абай ағартушылық идеясымен сыншылдық реализм тұрғысынан өз заманының әлеуметтік міндерін сынай, шеней суреттесе, М. Әуезов сол міндерді туғызған себептер мен заңдылықтарды және олардан арылу жолдарын социалистік реализм тұрғысынан суреттеді. Абайдың эстетикалық мұраты — тұған халқының алдан күткен арманына сайса, М. Әуезовтың да эстетикалық мұраты — тұған халқының енді сол алдағы заманда орындалған арманына саяды. Абайдың геройлары — М. Әуезовтың да геройы, ал Абай — өз творчествоның лирикалық герой болса, М. Әуезов творчествосының, ол — эпикалық геройы.

Екіншіден, Абай мен М. Әуезовтың тұған жері де, өскен ортасы да бір, алған тәрбиесінде де бірыңғайлық бар: Шынғыстау, Тобықты руы, революциядан бұрынғы Құнанбай аулы, ауыл мектебі, Семейдегі училище т. т. Ең акыры, бала Мұхтар жасынан Абай өлеңдерін оқы өсіп, Абай поэзиясының барлық нәрін, нұрын, шырынын бойына сінірді десек, оның әдебиетте Абай дәстүрін эстафета ретінде мирас тұтып, ілгері тартқанын да атап айтуда көрек. Қысқасы, Мұхтар Әуезовты «екінші Абай» деу үшін дәлел жеткілікті, үқсас белгі, қасиет мол. Соның ішінде ең маңыздысы: Абайдың да, Әуезовтың да халықтық суреткерлер екендігі.

Үшіншіден, ұлы жазушының ұлылығы бір заманының шындығын танытып, окуышының эстетикалық ой мен әсерге кенелтетін жаңа көркем дүние жасайтындығындағой. Соидай-ак оның халықтығы кең мағынасында өзінің тұған халқының рухани байлығын көрсетіп, оның игі мұн-мұддесін басқа халықтардың, бүкіл адамзат атаулының

түбегейлі мұрат-мақсатымен үштастыра алатындығында. Қазактың жаңа жазба әдебиетінің атасы болған Абай сондай ақын еді. Ал совет заманының сол өзінің сүйікті үстазы Абайды және туған қазақ халқын дүние жүзіне танытқан Мұхтар Әуезов те сондай жазушы. Абай туған халқының талай ғасыр өмір кешіп келіп, жаңа заманға бет бүрган белесінде өзінін ұлы тұлғасымен ұзақ сонар рухани дамудың биік шынына шықса, М. Әуезов XX ғасырдағы мән-мағынасы жөнінен мың жылдарға татырылғы советтік дәуірдің шырқап өсken жаңа социалистік мәдениетінің зәулім заңдарына шықты. Абай нәр алған мәдениеттің үш сала қайнар бұлағынан (қазақ халық поэзиясы, шығыс әдебиеті және ұлы орыс халқы мен батыс әдебиеті) М. Әуезов те нәр алды және мол алды. Айырмасы-ақ XIX ғасыр мен XX ғасырдың тарихи өзгешелігінде ғана. Сондықтан Луи Арагонның М. Әуезовты «осы заманың аса ұлы ақындарының бірі» деп бағалауы орынды да заңды. Н. Погодин колданған балама тенеудің растығы — міне осында.

Әрине, Абай мұрасы бүкіл қазақ әдебиетіне ортак. Оның ішінде көбіне-көп, есіресе, Әуезов творчествосына етене жақынырақ. Әңгіме Абай образы Мұхтар туындыларының жан-жүргегі болып орын тепкендігінде ғана емес, сонымен бірге Абай дәстүрлерін Мұхтардың творчестволық жолмен терең де толық игеріп, жаңашылдық (новаторлық) жөнмен социалистік реализм талабына сай одан әрі дамытып әкетуінде.

М. Әуезов творчествосы — қазақ совет әдебиетінің классикалық мұрамен мираскерлік байланысының айқын көрінісі. Ол өткендерінің дәстүрлерді дұрыс пайдаланудың да, сол арқылы жаңалық табудың да онды үлгісі.

Абай поэзиясының мирас болуы, Мұхтардың мираскер болуы, бұл екі ұлы жазушының өмір сүрген мезгілі мен тарихи жағдайдың әрқылышына байланысты. Елу жыл бұрын туған Абай Құнанбаевтың өмірі елімізде капиталистік элементтер енді ғана ене бастаған феодалдық-патриархалдық қоғамда сарып болды. Ал Абай өлгенде жеті жасар Мұхтардың балалық шағы мен жас жігіттік шағы да сол қоғамда өтті, бірақ бақытына карай, оның өмірінің есейген, творчествосының толысқан шағы советтік заманға деп келді.

Жиырма жасына шейін үш революцияның лебінен тыныс алған болашақ жазушы өмір жолында басынан үлкен үш дәуірді өткізілті. Оның дүние тану көзқарасы жедел дамыған қат-қабат тарихи оқиғалар мен ұлы өзгерістер түсінде қалыптастып, жарты ғасыр ішінде жазушы туған халқымен бірге сонау қаранды тунек заманнан социалистік қоғамның сәулетті шынына сапар шеккен. Бір мақаласында М. Әуезов: «Мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны бастаң кешірдім. Олар: феодализм, капитализм, социализм. Қазір туған Отанымның басқа азаматтары секілді мен де коммунизм құрылышсымын. Кейбір ретте мен өзімше жастық шағы мein бүгінгісінің арасында ғасырлар жатқан шежіреші адам бола алар едім деймін. Қөргенім, бастаң кешіргенім, байқағаным жөнінен XX ғасырдың орта шеніне, тіпті сонау Еуропаның да емес, одан әрман Азияның орта ғасырынан келген адам сияқтымын», деп бекер айтпаған. Өстіп тарихи асуладарда қос қыртыс өмір сүріп екі заманың кепілі болушылық М. Әуезовтың дүние тануымен қатар творчествосына да тиісті әсер, ықпал жасады. Ол әдебиет босағасын алғаш 1917 жылы аттаң, тырнақ алды туынды-

сы — «Енлік — Кебек» пьесасын жазды. Содан кырық жыл бойы казак әдебиетін өркендешу жолында талмай қызмет еткен жазушы, творчестволық өрнің шырқау бүйі болып табылған — «Абай жолы» эпопеясын жасап шыкты.

Жазушылық қызметінен Совет үкіметімен түйдей жасты Мұхтар Эуезов жыныра жасында «Енлік — Кебек» трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгіме, повесть, пьесаларымен көзге түсті. «Қорғансызың күні», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Қек серек», «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері», «Жетім», «Карашибараш оқигалары», «Қаралы сұлу», «Қылы заман» секілді прозалық шығармалары мен 1926 жылы қазақтың тұңғыш театрының сахнасын тұңғыш ашқан «Енлік — Кебек» және «Қаракөз», «Бәйбіше-тоқал» секілді драмалық шығармалары оқушы назарын тез-ақ аударды. Бұлар жас жазушының алғашқы кезеңінің жемісі еді. Осы туындыларының өзімен М. Эуезов құдіретті талант иесін танытқан болатын.

Ал дарының дамып толысқан, социалистік реализм негізінде творчестволық принциптерінің бекіл тұракталған кезеңінде қарымды суреткер қазақ әдебиетінің проза, драматургия салаларында өлмес көркем туындылар жасады. Соның ішінде Алатаудай зәулім, зор, мухиттай терең, ұлы туынды — төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы. Жартығасырлық қазақ өмірінің энциклопедиясы аталған бұл ғажап туынды қазақ әдебиетінде жанры бойынша тұңғыш роман-эпопея бола тұра, озса дүние жүзі әдебиетінің, қалды бүкіл совет әдебиетінің аса көрнекті туындыларының қатарынан орын алды. Ол қазақ әдебиетінің шоктығын көтеріп, әлемге әйгілі етті, совет заманында еркін өсіп, көркейген қазақ халқының рухани өмірінің, гүлдеген ұлт мәдениеті жемісінің маңтан етерлік айғағына айналды. Эпопеяның «Абай» деген атпен жарияланған алғашқы екі кітабы 1949 жылы Мемлекеттік сыйлық алды, төрт кітабы бірге «Абай жолы» деген атпен шыққаннан кейін 1959 жылы Лениндік сыйлық алды.

Керемет эпопеяның авторы, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтың лауреаты, ұлы жазушы, ғалым, педагог, көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Эуезов халықтың зор құрметі мен маҳаббатына боленіп, екі рет Еңбек Қызылы Ту орденімей, бір рет Ленин орденімен наградталды: ол Қазақ ССР Қоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің профессоры, Қазақстан жазушылар одағы президиумының, СССР Қазушылар одағы басқармасының, Лениндік сыйлықтар комитеті мен дүние жүзілік бейбітшілік сактау комитетінің және көптеген баспа органдарда редколлегия мүшесі еді.

Көркем сөздің шебері, көп қырлы талант иесі Мұхтар Эуезов бүкіл қазақ ұлт мәдениетінің өркендеп жетілуіне орасан зор еңбек сіңірді, оның ішінде әсіресе туған қазақ совет әдебиетінің барлық кезеңінде үздіксіз дамып, ілгері басуына үнемі үлкен үлес қосып отырды.

\* \* \*

Мұхтар Эуезов 1897 жылы 28 сентябрь күні бүрінғы Семей үезі, Шыңғыс болысында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданы) туған. Оның атасы Эуез де, әкесі Омархан да арапша оқыған сауатты да ауқатты адамдар екен. Мұхтардың жасынан ауыл мекте-

біне беріп оқытады. Баланың сауатын ашып, білім алуына олардың өздері де көмектеседі. Болашақ жазушының жасынан көзі ашылып, орыс, қазақ мәдениетіне бірдей ықылас қоюына көбіне-көп атасы Әуез айрықша еңбек сінірген көрінеді. Мұны Мұхтардың өзі де естелігінде анық айтып жазылты. Әуез Абаймен құрбы, дос екен. Оның үстіне ауыл аралас, қой коралас дегендей, көші-қонысы бір, көрші болыпты. Экесінен он бір жасында, шешесінен он алты жасында қалған Мұхтар ата тәрбиесінде өсіп, ата нұсқауымен бала күнінен бастап Абай өлеңдерін, Абай аудармаларын оқытын болған. Абай поэзиясының және сол арқылы қазақтың ауызы әдебиеті мен орыс ақындарының асылы өлеңдерінің жастай жүргіне үялауы Мұхтардың болашақтағы жазушылық жемісіне ұрық сепкендігі даусыз. Ол ұрықтың қауалап, өсуіне, шешек атып, жеміс салуына колайлы жағдай қажет еді. Міне, мұндай жағдайды оған жасаган немере ағасы Қасымбек болыпты. Мұхтардың әкесі Омарханның ықтиярына қарамай, Қасымбек немере інісін 1908 жылы Семейге апарты мәдресеге берудің орнына, орыс мектебіне береді. Содан Семейде бес жыл қалалық училищеде, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оку жас өспірім Мұхтардың орыс және Батыс Европа әдебиетімен кен танысып, жазушылық ынта-ықыласының, үмітсенімінің арта тусуіне тағы бір себеп болған. Оқи жүріп, ол алғашқы қадамында өлең, әңгімелер жазған көрінеді. Талантты жазушының жүрт білетін түңкыш туындысы — «Еңлік — Қебек» драмасы. Мұны Мұхтар 1917 жылы, семинарияда оқып жүрген кезінде жазған.

«Еңлік — Қебектің» сахна көруі өте қызық. Әрі суфлер, әрі режиссер ролін атқарып, автор пьесаны құрбыларымен бірге Абайдың сүйкіті әйелі Әйгерімнің киіз үйінде қойып көрсетеді. Осының өзі театры жок, драматургиясы өспеген қараңғы қазак даласында нажағайдай жалт еткен жаңалық жарығы еді.

«Еңлік — Қебек» пьесасы халық жүргегін қашаннан қатты толқыткан тақырыпты қозғайды. Ол кәдімгі әйел тенденция, махабbat бостандығы делінетін тақырып. Ел арасында азызға айналып, кейін поэма сюжетін туғызған тарихи оқиға енді «Еңлік — Қебек» пьесасына материал болады. Мұнда патриархалдық-феодалдық салт пен әдет-ғұрыптың қыспағында сүйгеніне еркін қосыла алмаған асыл жастардың бас бостандығы үшін талпынған жан қиярлық күресі, қайғылы тағдыры көрсетілген. Қенгірбай, Еспенбет сықылды ру басы билердің типтері арқылы жазушы феодалізмін дүлей қара күшін кейбір қырынан алып, әсерлі түрде әшкерелей алған. Дегенмен, пьесаның әуелгі нұсқасында (онда ол «Еңлік — Қебек» поэмасының инсценировкасы іспетті болатын) қай жағынан болмасын, шалалығы мен кемшіліктері жок емес еді. Оларын автор кейінгі жылдары әлденеше жөндеу, толықтыру арқылы бірте-бірте жетілдіргені белгілі.

Романтикалы сарын, бояулы тіл, шешен диалог, мақал, мәтел, афоризмдер пьесаның сол алғашқы нұсқасының өзіне тән қасиет болатын. Бірақ феодалдық қоғамдағы әлеуметтік тенсіздіктің, озығырлықтың шын сырый жете үқлаушылық, күрестің, тартыстың тубегейлі себебін таптық қайшылықтан емес, ру араларындағы қарым-қатынастан яки жеке адамдардың қatalдық немесе жұмсақтық мінезінен іздеу — жазушының дүние тану тұрғысының біржактылығы еді. Осыған орай жас драматургтің реалистік концепциясы алі бекіп тиянақталмағандығы шығарманың көркемдік шешімдерінің

кемшілігіне себепкер болды. Қейінгі жөндеулерінде «Еңлік — Кебек» М. Әуезовтың әрі дүние тануының, әрі реализмінің, әрі творчество-лық тәжірибесінің жетіліп кемелденуінің кепілі ретінде социалистік реализмінің жоғары сапалы романтикалы трагедиясы дәрежесіне көтерілді.

Жиырмасынышы жылдардың бас шенінде М. Әуезов совет мекемелерінде жауапты қызметтер атқара жүріп, баспаса з жұмысында ат салысады, бірнеше әңгімелер жазады. Соның ішінде ең көрнектісінің бірі — 1921 жылы жазылған «Корғансыздың күні» атты әңгімесі. Бұл әңгіменің М. Әуезов творчествосы үшін де, жалпы казақ прозасы үшін де мәні зор.

«Еңлік — Кебек» М. Әуезовтың драматургтік таланттының жаңа еткен бірінші көрінісі болса, «Корғансыздың күні» де, сез жок оның прозаиктік таланттының бірінші көрінісі. Җазушы өмір бойы таланттының осы екі қырын егіз катар берік үстап өтті және кейін келе екеуінде де талай-талай құнды туындылар калдырыды.

«Еңлік — Кебек» пен «Корғансыздың күнінде» болсын немесе жиырмасынышы жылдары жазған басқа шығармаларында болсын, жас автордың күшті жағы да, әлі жеттікпеген осал жағы да бірдей бой көрсетіп отырды. Қүшті жағы қайсы еді? Ауыл өмірін, ауылдағы тұрмыс, әдет-ғұрыпты жақсы білетіндігі, халықтың тілі мен әдебиетіне жетіктігі, тұған жерді, кең даланы шекіз сүйетіндігі, сонымен бірге әділесіздікке, озбырлыққа, надандыққа жаңы тәзбейтін сыншылдығы. Осы жайлар М. Әуезов творчествосының алғашқы басқышында романтикалық әсерлілік пен сыншыл өткірлікі және нәзік психологизмы өзінше үштастырып, өзіндік жазу машиғын қалыптастырығаның байқаймыз. Бұған, әрине, оның жастай оқыған классикалық шығыс, әсіресе орыс, батыс әдебиеті улгілерінің де қабаттас ықпалы болған.

Алайда М. Әуезовтың жиырмасынышы жылдары жазған драмалық және прозалық шығармалары шынайы сурет, эпизод, образдары бар, әсерлі, тартымды болып келгенмен, үлкен өмір шындығының революциялық даму межесін айқын мезгеге дәрежесіне жете бермейді. Мысалы, «Еңлік — Кебектегі» екі дүниенің озбырлығына қарсы айтылған уитты сын Еңлік пен Кебек тәрізді жастардың таза махаббатына бағышталған лирикалық жылы сезім мен романтикалық пафос осыны дәлелдейді. Сондай-ақ «Корғансыздың күнінде» арамза Ақан болыс пен оның алааяқ ат қосшысы Қалтай қудың корғансыз жандарға істеген корлық-зорлығы, уыздай жас, кінәсіз жетім қызы Фазизага істеген жан түршігерлік айуандығы қатты ыза, жириенішпен әшкереленуі, ал нәзік жанды Фазиза мен оның қайсар кемпір әжесіне деген әрі сүйініш, әрі аяныш сезімнің автор жүргегінен жалын атуы — міне, бұлар да сол кездегі Әуезов қолданған творчестволық тәсілдің екі жақты қырын танытатын сипаттар еді.

Геройларының ішкі дүниесіне үніліп, жан құбылыстарын бейнелеуге шеберлік, нәзік лиризм, табиғат құбылыстарының да көріністерін адам көңіліне сәйкес суреттеу тәсілі М. Әуезов таланттына әуелден тән қасиет. Бұған «Корғансыздың күнінде» сүмдых корлық қөрген Фазизаның дүниеден түңіліп, молага кету алдындағы жан тебіренісі мен ызығырқ боранның сұрапыл суреті айғақ бола алады.

Сүм заманның курбаны болған корғансыздар тақырыбы әлгі екі шығарманың ғана емес, жиырмасынышы жылдардағы М. Әуезов шығармаларының қебіне-ақ арқау болған. «Қыр суреттерінде»

әменгер шалдан қашып боранға үшыраған Рабига, «Жетім» деген әңгімеде әке-шешесі өлгеннен кейін байшыкеш туысы Иса мен оның әйелі Қадишаның қолында қалып, құлдыққа, қорлыққа тәзбей қашып шығып өлген жетім бала Қасым, «Қараң-Қараң оқиғасы» повесіндегі Сәлмен байдың ондаған жыл малайтында жүріп, ақыры жазықсыз сокқыға жығылып, жалаңаш қалып, сұыққа үсіп өлген Тектіғүл, «Кім кінәліде» сүймеген күйеу Жақыпқа қөнбегені үшін таяқ жеп, дертең шалынып қаза тапқан Фазиза, сол сыйқылды «Қаракөз» пьесасында сүйгеніне қосыла алмай, есінен адасып өлген Қаракөз — бұлар ескілікке мойынсұнбаған қорғансыз жандар. М. Әуезов жүргегін егілткен геройлар да осылар. Бұлар революциядан бұрынғы ауыз әдебиетіндегі және ағартушы, бұқарашиб жазушыларда көп жырланған дәстүрлі тақырып пен дәстүрлі образдардын (Баян, Еңлік, Қамар, Шұға т. б.) жалғасы іспетті, құр қайталаган жалғасы емес, әр қырынан толыққан, терендей түскен жалғасы. Ал сонда бұлар қай жөнде толығып, терендей түсті? Бірінші: әмір құбылыстарының кең көлемде суреттелгендігі жөнінде бұрын қорғансыз жандардың бақытсыздығы сүйгеніне бара алмаған тек әйел тенсіздігіне ғана байланысты көрінсе, М. Әуезов пен Б. Майлин творчествосында сонымен бірге жетім-жесірлікке, кедейлікке және әлеуметтік тенсіздіктің басқа да түрлеріне байланысты алынды.

Бірақ осы құбылыстардың себебін, сырын ашу жөнінде М. Әуезов бұрынғы бұқарашибылдық шешімнен көп аса ұзап кете алған жоқ. Әділетсіздіктің тек сынау, жазғыру шенберінде қалды. Бұл, сөз жоқ, жазушының дүние тану тұрғысының аз-кем тапшылығы еді. Екінші: М. Әуезов тенсіздік пен әділетсіздіктің түрлерін әмірдің көп салаларында көрсету үстінде көркемдік шеберлік жөнінде елеулі жаңаңылқ жасады — ол нағыз көркем психологиялық прозаның шынайы үлгілерін салды.

М. Әуезов 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» мен 1928 жылы жазған «Қылы заман» повесінің арасындағы бір топ прозалық шығармаларының қай-қайсысында да (Толстой мен Тургеневтің, Чехов пен Горькийдің дәстүрінде адам әрекеттерінің психологиялық дәлелдемелерін бейнелеуге бейімділігін көреміз. Мысалға «Ескілік көләңкесінде» атты әңгімесін алғып қарайық. Бәйбіште әкесінің ескішіл тәрбиесінде болған бай қызы Жәміш өлгөп апасы Қадишаның орына тоқалдыққа баруға ықылас білдіреді. Өзін сүйген, оқыған жас жігіт Қабыштан елудегі шал жездесі Кенжеканды артық көреді. Мұнысын білген Қабыш Жәмішті сүюін қоймайды, сонымен бірге шалды қалағаны үшін оны жек көреді. Әрі сүйген, әрі жек көрген қызын бір көріп қалуға бара жаткан Қабыштың қарама-карсы қос қыртыс сезімін жазушы психологиялық нәзіктікпен өте шебер суреттейді. Мұнда жек көру сезімі қашшама қысынды болғанмен сүйіспендік сезімі оған еш женгізбейді. Жәміштен үміті үзіліп алыстаған сайын «оған деген арманы асқындау түскендей». Әңгімеде сонындағы екі сезімнің түйісу конфликтін көрсетумен қатар, табиғат көрінісін геройдың немесе автордың өз кеңіл-күйіне еріп суреттей шеберлігі де көз тартады.

М. Әуезов казақ арасынан шығып оқыған жігіттердің әрқылы образдарын орыс классиктерінің дәстүрінде бейнелейтін бірнеше әңгімелер жазды. Бұрынғы бұқарашиб әдебиетте сауатты жігіттер әдетте ұнамды геройлар болып келетін («Қамар сұлудағы»— Ахмет, «Қалың малдағы»— Қожаш, «Шұғаның белгісіндегі»— Әбдірахман т. б.) Ал, М. Әуезов әңгімелерінде оқыған жігіттер әлденеше

қырынан көрінеді; бірде ол «Үйленудегі» қаладан келіп Жамиланы алып кететін көзі ашық Оспан секілді сенимді, бірде ол «Кім кінәлідегі» Іслем секілді адад, жұмсак, сезімтал, бірақ дәрменсіз» (Фазиза жөніндегі жаладан корғана алмайды), бірде ол «Сөніп-жанудағы» Сызық секілді зейінді, пысық, жалындан сүйгіш, бірақ асығыс кимылдан алданғыш (Жәмиланы тез сүйіп, тез сұнынды), бірде ол «Оқыған азаматтағы» өлген жолдастының әйеліне үйленіп, мал-мұлкін иелену үшін оның шешесін өлімге итерген Жұмағұл секілді арамза, кү, жауыз болып келеді.

Мұнын өзі, М. Эуезов творчествосында адам характерінің жаңа қыр, калтaryстарын ашып, толыға түскенін аңдатады. Жиырмасыншы жылдардың ақырына таман жарық көрген шығармаларында М. Эуезовтың жазу мәдениеті көтеріліп, әдеби шеберлігі одан әрі шындалғаны белгілі. Бұл кезде оның қаламынан ауқымы кен, көркемдігі кемел повестер туады.

М. Эуезовтың 1923—1928 жылдары бір қыс Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде, төрт қыс Ленинград университетінде оқып, мәдениетінде өсуі, әдеби білімінде тереңдеуі оның жазушылық өнерінің кемелденуіне басты себептің бірі болған. Бұл кездегі шығармаларының дең көшілігінде көркем түр кемелділігімен бірге әлеуметтік сарын да салмак ала бастайды. Мысалы, «Қараш-Қараш оқиғасында» баста үрлұқ істеп, одан Жарасбай болыстың жалшысы, ұрысы, барыташысы болып жүріп зәбір көрген Бақтығұл кедей (Жарасбай барлық қылмысты осыған аударады) ақырында адамдық, таптық кек, намысы оянып, Жарасбайды өлтіруге дейін барады, түрмеге түседі, түрмеде отырып ендігі күресті орысша оқыған баласына мирас етеді. Әрине, бұл әлі жеke бастың дара күресі ғана, бүкіл халықтық революциялық күрестен алыс. Әйтсе де Бақтығұл сыйылды пысық, қайса жігіттің әділестіздікке қарсы істеген кекке толы кайраты күреспек адам образын жасаудың бастама бір жолын меңзегендей еді. Әлеуметтік сарын повестің кейін жөнделуінде күштей түсті. Әсіреле Тектіғұлдың өліміне байланысты, Бақтығұлдың орыс адамдарымен достығына байланысты таптық сезімінің ояну себептері ашыла түскен. «Қараш-Қараш оқиғасы» өмірде шын болған оқиғаны баяндайды. Сондықтан, повесте сол болмыстың ізі айқын түскен. Бірақ көркем шығарма болғандықтан, ол өмір фактісінің көшірмесі емес, көркем көртіндысы. Мұндағы шындық автордың суреткерлік санасында, сұрыпталған, автор қиялымен топшыланып, романтикалық айрықша әсерге бөлениген шындық. Әбден ашынып, көкірегін ыза мен кек кернеген Бақтығұл талай жан қияр қымыл, әрекеттерге әзір, ер намысты кедей жігіт. Соған сендіру үшін, жазушы бай-болыс, билердің құлығынан қашып, тау-тасты паналап жүрген геройын әрқылы қыын-қыстау және сұрапыл романтикалық жағдайды ашып, әсірелеп көрсетеді. Повестің тілі құнарлы, бояуы ашық, табигаттың ерен құбылыстарын, геройдың психологиялық жан күйзелістерін суреттеуге қолайлы.

М. Эуезовтың суреткерлік шеберлігінде жаңа бір қырлары жарқ етіп көз тартқан тұстары — «Қаралы сұлу» әнгімесі мен «Көксерек», «Қылы заман» повестері.

«Қаралы сұлуда» жесір қалған қаралы келіншек Қаракөздің, бір жағынан, алты жылға созылған қайғылы халі, екінші жағынан сол қайғымен күресіп, ақыры жеңіп шыққан өмірдің сезім-сезігі, тірлікті, жас тәннің тілөгі, ішті жайлаған нәпсі, жалын қермет

психологиялық күшпен, шеберлікпен суреттелген. «Көксеректе» адам асыраған бөлтіріктің өскен соң даладағы тағы қасқырларға қосылып алып, қасқырлық қылышын істеп, өзін асыраған Құрмаш баланы өлтіргені, онаң кейін талай рет малға шауып, үлкен қырсық болтигени, ақыры бүкіл ел болып оны әрек ұстап өлтіргені баяндалады. Қалал баяндалады десенізші! Қасқырдың «психологиясын» Джек Лондон дәрежесіндегі білгіштікпен және суреткерлікпен бейнелеп баяндаған. Бұл повесте жазушының қаламгерлік өнері одан әрі өскені көрінеді.

«Қылы заман» повесінде М. Әуезов 1916 жылғы ұлт-бостандық қозғалысын арнайы тақырып етіп көтерген. Мұның үлкен әлеуметтік мәні бар оқиға екені көптен мәлім. Осындай жауапты тақырыпқа бару, сөз жоқ, батыл қадам еді. Қөркем сөз шеберінің қаламынан туған бұл повесте феодал-патриархалдық салт, әдет-ғұрыптың кейібір соракылықтарын, патша мен болыстың, бай мен бидің кейібір сұмдық әділетсіздіктерін шенейтін шындық детальдар молшылық. Тіл байлығы, образ байлығы, табиғаттың керемет суреті, адамдардың ішкі дүние құбылысы оқушыны сыршылдығымен, көркемдігімен тәнті етеді, таң қалдырады. Мұқан бұл туындысын да «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қарнак» сияқты қайта өндемекші еді, идеялық-методологиялық жағынан жетілдіре түспекші еді. Бірақ өкінішке қарай, «Қылы заман» повесін қайта қолға алуға автор үлгіре алмай кетті.

\* \* \*

Жиырмасыншы-отызыншы жылдардың арасында ұлт мәселесіне байланысты Әуезов творчествосына бірер жыл шырмай болған кері ықпал мен Әуезовтың үнемі шындыққа, кең өмір өрісіне шарқ ұрған қуатты таланттың арасындағы қайшылық-шиеленіс шегіне жеткен тұста ұлы дарын иесі М. Әуезов үзілді-кесілді осының екіншісін таңдады. Оның бұл әділ де дұрыс шешіміне себепкер болған жеңімпаз социалистік шындық және Қоммунистік партияның даналық идеологиясы мен нақты қомегі, қамқорлығы еді.

Суреткердің идеялық-эстетикалық бағытындағы кенелген жетістірі оның творчестволық жаңа кезеңінен бастады. Бұл кезең социалистік реализм әдісін жедел игеру қындығын жан сала жеңіп шығу кезеңі болды.

Бұл тұста М. Әуезов Ленинград университетінен кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыс әдебиеттері жөніндегі аспирантурасын бітіріп Алматыға келіп, педагогік жұмыспен айналысқан болатын. Оның үстінен қазақ ұлт театрының әдеби қызметкерінің де ролін атқарған. Қазақ фольклорынан институтта лекциялар оқи жүріп, қазақ әдебиетінің тарихынан оқулықтар жаза жүріп және қазақ театры үшін орыс пен батыс драматургерлерінің класикалық шығармаларын аудара жүріп, М. Әуезов келелі, көп қырлы салалы творчестволық еңбекке бойлай кірісп кетті. Осы бетте ол отызыншы жылдардың өн бойында көптеген очерктер, әңгімелер, пьесалар жазды.

Бұлардың баршасы дерлік совет заманының тақырыбына арналған. Мұның қай-қайсысында болмасын, жазушы жаңа өмірдің кескінін көрсетіп, жаңа адамның образын жасау мақсатын көздейген. Мысалы, М. Әуезовтың бірыңғай прозалық шығармаларын алып

карасак, «Касениң құбылыстары» деген әңгімесінен басқасының бәрі («Білекке білек», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бұркітші») колхоз тақырыбына жазылыпты. Жұырда колхоз-совхоз болып, бай-кулактарын аластан, социалистік өмір құра бастаған қазақ еңбекшілері — жазушының сүйікті геройлары. Олар: «Білекке — білектегі», «Екпін» мен «Қайрат» колхозының озат адамдары апалы-сіңлілі Мақпал мен Айша, комсомол Жақып, орыс қызы Избашка Настя: «Іздердегі» «Шатқалаңдағы» Самат, Айша, Қасен, Дәметкен; «Құм мен Асқардағы» «Ұзақтының» асыл тұқым совхозының жұмышшылары Райхан, Есім, Иса, Болат; «Бұркітшідегі» «Октябрь» колхозының аңшысы Бекбол т. б. Бұларды жазушы әрқиыл жағдайда алып, колхоздың үйтқы, тірегі, жана өмірдің белсенді құрылышшылары етіп көрсеткен. Колхоз дәүлетін өсіріп, когам мүлкін қорғайтын жасампаздар да, жанашырлар да осылар. Мұны біз алғашқы адымда әр түрлі күйзеліс, қынышылықтарға ұшыраған колхоздың шаруашылығын нығайту үшін ерлік еңбек істейтін, колхоз өміріне ішті-тысты қастандық жасаушы қас дүшпандармен алысып күресетін әрекеттерден көреміз. Саналылық, коллектившілдік, жау жөнінде қырағылық сыйылды қасиеттер колхозшы образдарына тән қасиеттер.

«Білекке — білек» деген әңгімесінде автор колхоз адамдарының (Мақпал, Айша, Несібелді, Қожық) бір мақсаттағы тілек бірлігін, ауыз бірлігін еңбекке шындалған саналылық деп түсіндіреді. Мысалы, Избашка Настяның әңгімесін олардың ықылас коя тыңдаудың жазушы былай түйеді: «Барлық қалыптарыда осындай бір санлауга сусағандық бар. Соған анталап бас қоюға әрдайым әзір сияқты. Тындыған еңбектерінен туған сана сияқты.

Әр колхозда жүріп, бастары ойда жоқтан бүгін фана қосылып отыrsa да бұлар іштей: «білекке-білек, тілекке-тілек қосқандар». Қазіргі әңгімелерде бұлардың үшеуі де Настя, Жақыппен өздерін «тізелес, қолтықтас» деп сезеді.

«Білекке — білекте» жана адам образдары жайма-шуақ күйде, жарқын кескінде кез тартса, ал «Шатқалан», «Іздер», «Бұркітші», «Құм мен Асқар» сияқты әңгімелерде жаулармен күрес-тартыста анықталады. Олардың сана-сезімі осы күресте, достын кім, дүшпандың кім екенін ажырату арқылы өсіп жетіледі. Мысалы, «Шатқаланда» ферма бастығы жас жігіт Самат, ферма күзетшісі Қасен, Шәлтік шал, колхозшы әйелдер Айша, Дәметкендер колхоз жауларының зиянкестігін әшкерелейді. Олар Қытай жеріне қашып кеткен Сүгір сыйылды байдың совет жеріне жасырын келіп, колхозға зиян жасап жүрген қылмыстарын ашады. Оның үстіне колхоз ішінде Сүгірмен байланысы бар колхоз бастығы Қатпа мен аудандық сот Садыровтардың да жауыздықтарын әшкерелеу адаптациялар ушін үлкен тәрбиелі сабак болған.

«Құм мен Асқар» атты әңгімесінде де М. Әуезов бұрын Жексен-байдың күңі-тоқалы болған Райхан мен жалшысы Есімнің 1928 жылғы конфискация түсінде құлдықтан боссанып, жана құрылған асыл тұқым қой совхозында малшы болып, совхозды өркендету үшін абырайлы еңбек істегенін баяндайды. Совхоз малына қастандық жасап, жүйрік Ақбесті айғырды үрлаған Жексен, Асқар, Сәлім сыйылды жат элементтерді алмастыру арқылы үнамды геройларының саяси сезімін шындау түскені анықталады. Сол секілді «Бұркітшіде» тәжірибелі колхоз аңшысы Бекбол, жас аңшы Жәнібек, коне-

завод жылқышысы Оспанқұл әрқайсысы өз орында, мүмкіншілігінше социалистік отаның бак-дәулеті үшін куресіп, Сәтбек сыйылды жауыздардың қылмысын ашуда ерлік, сақтық, қырағылық қасиеттерін танытқан шын совет азаматтары бейнесінде көрінеді.

Ал «Іздер» деген әңгімеме колхоз бастығы Құлжатай мен колхозшы Несілбай өздерінің саналы бігіне ескіліктің іздерінен арылу арқылы жетеді. Тағы бір елеулі жаңалық — осы шығармалардың бәрінде дерлік қазақ еңбекшілерінің колхоз, совхоз жүйесінде жол, жөн тауып, социалистік санасының қалыптасуына орыс адамдары көмектесіп отырады. «Шатқаландағы» Самат, Айшаларға жауды ұстауға жәрдемдесетін аудан қызметкері Паншин, «Құм мен Асқарда» Райхан, Есімдерге совхоз мүлкін қорғауда қолқабыс ететін Андреев, Федор; «Бұркітшіде» Бекбол, Оспанқұлдарға жауды табуға көмектесетін комендатура қызметкері Александр — бұлар да совет шындығы туғызған жаңа образдар болатын. Олардың осы күнгі тақырып шығармаларынан орын тебуі занды да еді. Сондай-ақ Рақым сияқты («Іздер») дұрыс нұсқау, басшылық беріп отыратын партия қызметкерлерінің образы да совет шындығы туғызған занды жаңалық еді. М. Әуезовтың социалистік құрылымы дәүірінде, жаңа идеялық бағытта колхоз, совхоз өмірі тақырыбына жазған алғашқы прозалық шығармалары оның өмірлік, творчестволық жаңа бетбұрысының айғағы болумен бірге, жаңа тақырып, идеялық мазмұн, мақсатқа сай көркемдік түр, сарын іздеудің де айқын айғағы бол табылады. Сол ізденудің іздері жазушының жаңа шығармаларында алабөтен көз тартады. М. Әуезовтың отызының жылдардағы әңгімелері жаңа шындықка сай жаңа мазмұн, жаңа түр табу максатын көздегені аян. Осы мақсатпен жаңа адам образын жасау талабында жазушының жүзеге асқан жақсы ниет, дұрыс бастамалары да аз емес. Жоғарыда ескерткендей, бұрын өмірде де, әдебиет тәжірибесінде де болып көрмеген тың тақырыпты көтеріп, социалистік құрылымың жұмылған совет адамдарының тың қасиет-сипаттарын тауып көрсетуге талаптанудың өзі елеулі жаңалықты қадам еді. Ал, бірақ идеялық және творчестволық тың принциптерді игеру тәжірибесінің қындығы болмай койған жоқ. Бұл, эрине, бүкіл қазақ әдебиетіне ортақ қындық еді. Сол қындықтың салдарынан кейбір әңгіме, пьесаларының көркемдік құны бәсепден, тіпті сәтсіздікке де үшыраған кездері болды. Басқа жазушылар сыйылды, ол кездегі М. Әуезовтың да кемшілігі мен сәтсіздіктерінің басты себебі — еліміздегі ұлы социалистік өзгерістерге байланысты адам сапасындағы күрделі де нәзік рухани құбылыстардың диалектикасын жете зерттеп, жақсы біліп алмай тұрып, оны үстірт, жеңіл-желіп үғындыру болатын. Сол себепті де жазушы геройларының ішкі дүниесіне терең бойламайды, адам сезімі мен психологиясындағы құбылыстардың процесін көркемдік шеберлікпен игерудің орнына, кейде олардың схемамен дайын нәтижесін ғана сырттан баяндайды. Ұнамды образдардың аса нағымды да тартымды шықтайтыны сондықтан.

Жазушының осы заман тақырыбына жазылған әңгімелерінің ішінде көркемдік сипаттары жөнінен ең тәуірі — «Бұркітші». Мұнда қызық құрылған оқиға желісі, құнарлы да тартымды шыққан Бекбол аңшының образы, оның байсалдылығы, тапқырлығы шығарманың құнын көтерген қасиеттер. Алайда, осы әңгіменің өзінде шығарманың көркемдік тұтастығына жарықшақ түсіретін кейбір жадағай қорытынды жоқ емес.

Жазылған мезгілі жөнінен колхоз әңгімелерінің қатарында ерек тұрган әңгіме — «Қасениң құбылыстары». Психологиялық очерк делінген бұл әңгіменің такырыбы да, тәсілі, стилі де айрықша. Мұнда бірінші рет М. Эуезов творчествосында үлтышылдық әшкере-леніп суреттелген. Әңгіменің бас кейіпкері Қасен — қазақтың байшыл үлтышылдарының өкілі. Ол оқыған адам, Совет үкіметінің алғашқы жылдары жауапты қызметтерде болып, кейін шаруашылық қызметке ысырылған. Қазір арқа сүйер тірері қалмай, құйzelіске түсken, өйткені үлтышылдықтың әлеуметтік негізі бол табылатын бай табы социалистік құрылышта күйреген. Сондыктан, Қасен сияқтылар «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» дегендей, тоғтасқан қүрестен үміті үзіліп, енді барлық қастығын ішіне жинаиды. Оның қақпанға түсken қасқырдай өзімен-өзі қиналып, іші қүйгеннен құтырып, құбылу себебі сол. Қасениң осы қүйzelістері мен қастаңдық құбылыстарын жазушы үлкен шеберлікпен суреттеген. Күйеуі-мен бірге азғындан, адамгершілікten айрылған Жамиланың кескіні де өзіндік шындық қөріністерінде дәлме-дәл және жириенішпен суреттеліпті. Қофамнан кол үзу, есken халықты қөре алмау, жаңалық атаулыны жек қөру, айналға қолынан келгенше жаулық у-зәрін шашып бағу, арман, ой-ниетін арақпен суарып, ұрлықпен жүзеге асыру — міне бұлардың сыр-сипат, іс-әрекетінің сыйқы осы.

Қасен, Жамилалар нақа жалғыз емес. Бұлардың Амантай, Қасымқан сыйылды өздеріне үқсаған бірен-саран серіктепі бар. Солармен бірге Қасен көп құбылыстардың соңында совхоз жылқысын үрлап соыйып, ақыры сазайын тартады. Совет қофамына қарсы қастаңдық зиянын тыймаган дүшпаниң көтеретіні осыдан басқа не болмак. Жаулық жолынан қайтпаған Қасендерге қарсы жазушы совет халықының моральдық қүшінің өкілі ретінде сол Қасениң інісі Сәлімнің образын алады. Саналы, көзі ашық жас совет азаматы Сәлім ағасының түзеліп жөнге тусуі үшін күш салып, ықпал жасап қөреді, бірак Қасен қасарысқан қүйінде қалып, ағайынды кісілердің арасы біржолата ажырасады. Эке мен баланың немесе аға мен інінің қарама-қарсы екі түрлі идеологияны колдап, бір-біріне жау болып кетуі әдебиетте бүрын да қалыптасқан дастур. Осы дәстүрді М. Эуезов дүрыс колданып, әңгіменің негізгі әлеуметтік конфліктісіне арқа етуі орынды-ак. Әйткенмен сол Сәлімнің және Семеновтің іс-әрекеттерін қоюлатып, харәктерлерін ірілendірінкіреп алғанда тартыс желісі ширап, шиеленісп, шығарманың көркемдік күші арта түсер еді.

Негізгі кейілкерінің ішкі сарайна кіріп, психологиялық құбылыстарын көрсету әңгімеге реалистік күш, көркемдік терендік беріп тұрганы даусыз. Алайда Қасен сыйылды пасық ниет адамиң қараңғы ой түпкірлерін қазбалau молшерден асып кететін де кездері бар. Бұл жағдай шығарманың динамикалық арқауын босатып, драматизмін әлсіретінкіреп жібереді.

Психологизммен қатар табиғат суреттері де бұл әңгімеде үлкен бейнелеуіш құралдың қызметін атқарған. Мысалы, Алматы түсындағы Алатаудың құбылмалы қөріністері Қасениң көңіл-күйінің құбылыстарымен ұштастырылып отырады да, адам мен таудың егіз қатар образдары жасалады. Соғы қөрінісінде Алатау Қасендерді женіп аластаған құдіретті совет қофамының бейнесін көзге елестетеді.

Табиғатты жаңдандырып, оның сан алуан көрініс, құбылыстарынан ашық бояулы символдық және аллегориялық образдар мен

сүреттер жасау шеберлігі жас М. Эуезовтың жынысыншы жылдардағы әңгімелерінде де анық бой көрсеткен болатын.

«Қасениң құбылыстарында» сол қабілет тағы бір жарқ етіп көрініп, кейін «Абай жолы» романында Эуезов таланттың бір зор сипатына айналды.

Сейтіп, М. Эуезовтың отзынышы жылдары жазған әңгімелері, тұтас алғанда, өзінің дербес көркем құндылығымен қатар ұлы жазушының болашақ үлкен прозасына жол ашып, із салған барлау, әзірлік қызметін атқарды.

\* \* \*

Драматургия М. Эуезовтың әр кезде прозамен қатар дамытып келе жатқан жанры. Оның тұңғыш туындысы — «Еңлік — Кебек» пьесасы әуелі ауыл, клуб, мектеп сахналарында қойылып келіп, акырында 1926 жылы қазактың жана құрылған үлттық театрының сахнасын тұңғыш ашқаны да белгілі. Кейін бұл пьеса өндөле, толыға келе, қазақ театрының түпкілікті репертуарына еніп, тубегейлі орын төтті. Қазақ драматургиясының классикалық шығармасына айналды. Бұл шығарма және жазушының театрға сінірген кейінгі көп тамаша енбектері оның қазақ драматургиясын әрі ұдайы өркендештүші, әрі бастан негізін салушы қайраткердің бірі екеніне даусыз дәлел.

«Еңлік — Қебектің» өндеду тарихы, бір жағынан, драматургтің творчестволық өсу жолының кезеңдерін аңғартады. Сол кезеңінің бірі-отзынышы жылдар М. Эуезовтың драматургиянда шарқ үроп ізденген дамылсыз да, атап айттарлық табыстарға не болған жемісті де жылдары болды. Бұған дәлел ретінде оның сол тұстағы онға жуық колтума пьесаларымен қатар аудармаларын да атаған жән. В. Шекспирдің «Отеллосы» мен «Асауға тұсауы», Н. Гогольдің «Ревизоры» К. Треневтің «Любовь Яроваясы» Н. Погодиннің «Ақсүйектері», А. Кронның «Флот офицері» М. Эуезовтың өте шебер аударумен қазақ театрының сахнасынан түсней, қазақ драматургиясы мен театр өнерінің классикалық туындылардан нәр алып дамуына, оның ішінде аударушының өз творчествосының қарыштап өсуіне дем берген себептің бірі еді.

Сондықтан Эуезовтың драматургиялық аудармалары кезінде қазақ драматургиясы мен театрының өсу жолындағы үлкен бір белес болды десек, асырып айтуышылых болмас еді. Ал енді осы кездегі оның өз шығармаларына тоқтаудан бұрын, бұған дейінгі бір-екі пьесасын еске түсіре кетуге тұра келеді. Драматургтың «Еңлік — Қебектен» кейінгі жазған пьесасы «Бәйбіше — тоқал» драмасы патриархалдық соракы әдет-ғұрыптың tragedиялы көп салда-рының бір түрі — көп әйел алу жағдайын тақырып етіп көтерген. Автордың көрсетуі бойынша «Екі қатынның баласы екі рулы ел» дегендей, көп әйел алған адамның семьясында татулық болу мүмкін емес. Ондай семьяда күндес әйелдер ғана емес, олардың балалары да қырын қабақ болып өсетіні бар. Жауласып та жататыны болады. Міне «Бәйбіше — тоқал» пьесасында М. Эуезов бәйбіше мен тоқал балаларының және олардың туыстарының арасындағы осын-дай бір бітіспес қайшылықты конфликт етіп алып, акыры кісі өлімі-мен тынганың драмалық шиеленістер арқылы көзге елестетеді. Сын көзімен шенеп, көп әйел алушылықты да, зұлымдық пен опа-сызықты да орынды жазғырады.

Феодалдық-патриархалдық әдеп-ғұрыптың тағы бір күрбаны болған қазақ қызының трагедиясын көрсететін «Қарақөз» атты пьеса М. Әуезов творчествосында елеулі туынды. Бірақ трагедияның 1925 жылғы алғашкы нұсқасында үлкен драмалық сюжет өткен өмір шындығын осы заманының биік тұрғысына нақты зерттеуге құрылмай, абстрактілі топшылауға, бұлдыр романтикалы сарынға құрылып, кезінде ірі әлеуметтік мән ала алмағаны да анық. Оның есесін толтырып, үлкен тарихи, саяси-әлеуметтік тақырып көтерген «Тұнгі сарын» драмасы болды. 1934 жылы жазылған бұл шығармасында драматург 1916 жылдың көтеріліс оқиғасына қайта оралып, көтеріліс сироны социалистік реализм тұрғысынан дұрыс шешті.

Отызыншы жылдар бүкіл қазақ драматургиясы үшін, соның ішінде әсіресе Б. Майлін, Ф. Мұсрепов, М. Әуезов драматургиясы үшін өте жемісті дәүір болды. Бұл дәүірде фольклорлық сюжет пен тарихи тақырып және осы заман тақырыбы драматургияда катар игерілді. Мысалы, «Қызы Жібек», «Козы Қөрпеш — Баян сұлу» жырлары Ф. Мұсреповтың, «Ер Тарғын» жыры С. Қамаловтың драмалық шығармаларына желі тартты, 1916 жыл мен Октябрь революциясынан байланысты тарихи революциялық тақырып пен колхоз тақырыбы Б. Майліннің әлеуметтік драмалар мен комедияларына («Аманкелді», «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Майдан», «Талтанбайдың тәртібі») өзек болды. Сол сыйылды М. Әуезов драматургиясы да өзінің әралуан қыры мен сироны ашты. Тарихи-революциялық тақырыпқа арналған «Тұнгі сарынмен» катар бұл кезде драматург лиро-эпос жырының сарынына «Айман — Шолпан», сол тұстағы советтік өмірдің әр саласынан алып «Тартыс» (1934), «Тас түлек» (1935), «Алма бағында» (1937), «Шекарада» (1937) атты пьесаларын жазды.

М. Әуезовтың сахнага бейімдеуінде «Айман — Шолпан» халық мұрасын драматургия иғлігіне пайдаланудың «Еңлік — Кебектен» кейінгі тәжірибесін жасап, бұл проблеманың жемісті шешілуйне мұрындық болды, фольклордың шын халықтық, реалистік элементтерін дәл танып, дұрыс тандап алу жөніндегі белгілі үлгі салды. F. Мұсреповтың «Қызы Жібекі» мен С. Қамаловтың «Ер Тарғыны» М. Әуезов бастаған дәстүрді одан әрі дамытты екетті.

Драматургияда ең киын, ең күрделі проблема осы заман тақырыбын игеру десек, М. Әуезов бұл салада да елеулі еңбек сініріп біркатар ізденулер жасады. Осы бағыттағы тұңғыш тәжірибесі бол табылған «Тартыс» пьесасы бүрін қол тимеген тың орта-оку орындарындағы идеялық куресті көрсету мақсатын алға қойған.

Азамат соғысында женіліс тапқан байшыл үлтшылдар Совет үкіметінің алғашқы жылдары әртүрлі мәдени, шаруашылық мекемелеріне, мектептерге, оқу-ағарту орындарына кіріп алып, идеология майданында өздерінің ықпал, әсерлерін іш көрінелеп жүргізуге тырысқан-ды. Олар әсіресе жастардың сана-сезімін уландыруға тырысты.

М. Әуезов «Тартыс» пьесасында сол кездің оку орындарында идеологиялық іріткі жұмысын жүргізген бір топ үлтшылдардың әралуан әрекеттерін әшкерелейді. Сонымен бірге оларды куресте әшкерелеп аластаған бір топ коммунист, комсомол кадрларының (Атрауов, Оспанов, Жантеміров, Темірбеков) образдарын жылы сүйіспеншілік сезіммен бейнеледі. Пьесаның сюжеттік желісінде ширактық жетпейтіні, терещ характер ашатын ірі конфликт, қакты-

ғыстар жок екені кезінде айтылған болатын. Дегенмен, мұндай қемшіліктеріне қарамастан, бұл шыгарма драматургтің осы күнгі тақырыпта творчествоның жана бағыт ұстауының бастамасы ретінде және ұлтшылдардың жымысқы әрекеттерін саҳнага шыгарып әшкерелеу жөнінде едәуір тәрbiелік роль атқарған тұңғыш пьеса.

Жоғары оку орындарында жүрген совет жастарының өмірін көрсетпек болған «Алма бағында» атты пьеса — автор ойынан табылмаған шыгарма. Оның басты себебі, — драматургтің алған объектісін жақсы білмеуінен сиякты. Рас, пьесада тауып айтылған әзіл, калжың сездер, жастарға тән көңілділік, албыртық, сезімталдық секілді қасиет, сипаттар шыгармада өзінше өміршендік ажар беріп түр. Пьесаны водевиль жанрына жатқызу себебі де сол болу керек. Эйтсе де шыгарманың шынышылдық құны мен маңызын көтерерлік жарқын мақсат, арман, жоғары эстетикалық мұрат орынна үсақ ой, женіл сезім билеген, кіркілжің қақтығыстарымен айналысқан үшқалак жандарды көреміз. Олар ұнамды, ұнамсыз бейнелері ірі іс-әрекеттер арқылы терең характер ашпаған, өткір драмалық ситуациялар жасай алмаған.

1937 жылы жазылған «Шекарада» пьесасы сол кездегі өміріміздің өте бір өткір, жанды мәселесін көтеріпті. Ол — қырағылық мәселесі. Батыста Герман фашизмі, Шығыста Жапон имперализмі құтырып тұрған шакта Отан корғау, шекарада сак болу, қырағылық күшету секілді мәселелер зор маңыз алған болатын. Ол заңды да еді. Осыған орай М. Әуезов Қытай шекарасындағы бір қазак колхозының өмірі мен курсесін көрсетеді.

Б. Майланин, Ф. Мұсреповтің, М. Әуезовтың бұрын колхоз тақырыбына жазылған прозалық шыгармаларындағы секілді мына пьесада да колхозды ілгері бастырмасқа тырысан жаулардың зиянкестік әрекеттері әшкереленген. Бірақ айырмасы сол — мандағы жаулар бір кезде шет елге қашып кеткен актар, алашордашылар, байлар. Олар зиянкестігін сол шеттен келіп, шпиондық тапсырма түрінде жүргізеді. Бұл улken, өте қауіпті курсе. Неге десеніз, мұнда «Жігер» колхозында, араға бұқпантайладап кіріп кеткен ірі дүшпандар бар. Колхоздың бұрынғы бастығы Балтабек деген де солармен байланысты, конфискациянан байдың құйырышы екен. Ендеше іс қалай оңсын?! Оңбайды. Осы кезде аудан басшылығына жақадан келген райком хатшысы Мұрат колхоз жұмысын жөнге қоюды мықтап қолға алды. Бірақ ақылды да, адал, табанды да, тапқыр жас жігіт Мұрат колхоз шаруашылығын күш салып, қанша көтеріп көргенмен, жаулардың ішті-тысты әрекетінен әртурлі қырықтарға үшірай береді: кісі еледі, трактор жанады, сиырға бруцеллез, жылқыға жамандату келеді, үсіген тұқым себіледі. Мұндай жағдайда жалғыз-ақ жол бар. Ол — жауларды аластау. Бұл үшін қырағылық керек, колхозшылардың жәрдемі керек. Мұрат пен погранотрядтың начальнигі Александр Ганшин бас болып осы куресті үйімдастырады. Жаулардың беті ашылады, аласталады. Олардың ішінде райисполком председателі Сейіт те бар екен. Драматург осыншама шытырман оқигалар мен фактілерді бір шыгарманың аумағына сыйғызып, бір желіде шиеленістіре келіп дұрыс драматургиялық шешімін тапқан. Шым-шытырық жағдайда өзінің аңғарғыш, адам танығыш, үйімдастырыш қабілетін, табанды, тиянакты қасиетін таныткан Мұрат колхозшыларды, бір жағынан, коллективтік еңбекке жұмылдыра білсе, екінші жағынан, олардың мемлекеттік сана-сезімін үштап, қырағылығын ұстарта біледі. Ол кімді болса да,

нені болса да сөз жүзінде емес, іс жүзінде сынауды принцип етіп үстайтын кісі. «Авторитетті қолдан жасаспаймыз, іспен жасасамызы»— дейді ол Сейітке. М. Әуезовтың партия қызметкері туралы үлгі тұтып ұсынған образы — Мұрат. Бұл образдың дара қаснеті көмескі шығып, бірыңғай тұра сыйкытармен суреттелуін образдың схематизмге байланысты кемшілігі деп караганның өзінде, драматургтің сол шақтағы жақсы талабы, тұтас алғанда, сәтті қадамы деуге болады. Әйгекін Мұрат образы шын партия қызметкеріне тән көп жақсы сипаттарды бойына жиган ұнамды образдың сахнага шықкан түнғышы еді.

Ал бірак жау жаулығын тыймайды, жаудың инетін іске асырмай оларды аластау үшін колективтік қырағылық керек деген дұрыс идея «Шекарада» тым ушықтырылып жіберілген сияқты. Эңгіме жаудың тым қебейіп, мендең кеткендігінде ғана емес (райисполком бастығына шейін дүшпан), сонымен бірге шетелден келіп, онай сенімге еніп, зиянкестік істерін оңай жүзеге асыратындығында (Жомарттың келіп сенімге енуі, Байназар байдың өзін-өзі өлтіруі, әйелі Торқаның өтірік жынданып, Жарқының баласын өлтіруі, «Біреу» деген үлкен жаудың сұраншы болып жүруі, Степанның зиянкестік әрекеті т. б.) Бұл жағдай «Шекарадағы» кейбір жасандылық пен нағымсыздықты аңдатқандай.

М. Әуезовтың отызыншы жылдары жазған драмалық шығармаларының ішінде ең колемдісі мен көрнектісі болғандықтан, «Тұнгі сарын» пьесасына толығырақ токтауға тұра келеді. «Тұнгі сарын»— мол білімнін, терең де дұрыс түсініктін, биік творчестволық серпін мен шабыттың туындысы. Мұнда үлкен тарихи оқиға 1916 жылғы халық қозғалысы өзінің барлық ақырат шындығымен, сыр-сипатымен тұтас көркем өнер дүниесіне айналған. Манызды әлеуметтік мазмұн мен көркемдік түр жарасымды бірлік тауып, көркемдік шындық жасаған. Соңдықтан да ол зор көркемдік әсерге бөлеп, бұрқ етіп тұған көтерілістің себебі мен салдарын, табиғи көрінісін сахнада көз алдымызға тартады.

Халық көтерілісін терең және керемет көркем суреттеген «Килем заман» повесінде жазушының әлі де жетіспеген жері болса, оны кейін «Тұнгі сарын» пьесасында жетілдіріп шындықты барлық жағынан шынайы қалпына түсірді. Сонымен бірге ол шындықтың даму перспективасын да елестетті. Сөйтіп «Тұнгі сарын» М. Әуезов творчествосында берік орын тепкен социалистік реализмнің құнарлы жемісі бол табылды.

Пьесаның басты конфликті 1916 жыл қозғалысын туғызған неғізгі әлеуметтік қайшылыққа құрылған. Ол үстем тап пен еңбекші бұқараның арасындағы көптен шиеленіскең бітіспес қайшылық. Бұл қайшылық 1916 жылғы Қазақстан жағдайында үстем таптардың (Россия патшалығы мен қазақтың бай, молда, билерінің) қазақ еңбекшілерін екі жақтап қанау ісін шегінен асырып, таптық, ұлттық, рухани езудің толып жатқан түрлерін асқынты. Осы жағдай пьесада типтік сипаттарымен көрінеді. «Біз қарсы болғанда күн бір жауса, терек екі жауғанына қарсымыз» дейді көтеріліс басшысының бірі Жантас. «Елдің құйрығын қарға шашып болғансың» дейді болыстың малшысы Бойбермес Қыдырбай ақсақалға, «әкімсүін, билеп-төстеуін жеткен» деп қостайды оны көтерілген халық даусы.

Міне, бұл сөздерден халықты көтеріліске итерген жағдайдың себебі мен сипаты танылды.

Типтік жағдай типтік характерлер ашкан. Қашаннан қаналған,

әзілген, унемі корлық, зорлық көріп ашынған, көкірегі ыза мен кекке толы халық өзінің мұң-мұддесін көздел, жоғын жоқтайтын өкілдер шығарады ортасынан. Олар — көтерілісті дем беріп бастаған және тайсалмай күресіп, ақырына дейін апарған Жантас, Тәнеке, Бөрібасар, Бойбермес секілді халықтың берік ұлдары. Бұлардың характерлері күресте шындалып, бірін-бірі толықтыра келіп, бүкіл халық образын жасаған.

Жантас халық ортасынан жарып шықкан, еті тірі, сергек, намысы бар кедей жігіт. Эрі палуан, әрі мерген. Тәнеке де сол іспетті халық адамы, кедей, жаратылысында қабілетті, қайсар, өмірде тенсіздіктің таукіметін тартқан, тәжірибелі, табанды кісі. Бойбермес пен Бөрібасар болса, ұзак жыл Майқан болыстың малыш бағып, қиянат, қорлығына төзіп келіп, енді өш алуға шықкан өжет жігіттер. Бұлардың ешқайсысы оқымаған. Қоғам өмірінің, саясаттың көп нәрссесіне көзі жетпейді. Көтеріліске шыққанда да оларда ешқандай биік нысаналы мақсат, белгілі программа болған жок. Қыска мақсат тек, әйтеуір, әбден тізесі батып зәбірі өткен озбырлықпен қайткенде бір шайқасып, кек алып, амалы болса, тыл жұмысына кісі бермей қалу еді. Россия патшалығы өзінің бұрынғы уәделі шартын бұзып, «бұратана» халықтардан кісі алу туралы июнь жарлығын шығаруы онсыз да шарасынан асқан халық кегін шайқаған жаңа опасыздық болды. Сондықтан көтерілістің тікелей себебі сол опасыз жарлық пен болыс жасаған қиянат тізім екені рас. Бірақ оның түбегейлі себебі теренде жатқанын халық өкілдері жүргімен сезінеді. Олар халық мұнын кей реттерде оқығандардан артығырақ түсінеді де, күресте табандырак қынмылдайды. Жантастың Сапа мұғалімге: «Мен сіздердегі көзі ашық адам емеспін, бірақ ер батқан соң, жорғалық шығады. Біз болыстың айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз. Сондықтан көргішірек болған шығармыз» деуінде үлкен шындық бар. «Көзі ашық» деген мұғалімнен де елімен бірге арқасына «ер батқан» Жантастың «көргішірек» болуы ете занды. Күрестің екі талай қын-қыстау шақтарында ерлік, табандылық жәнінен Жантаста мұғалім емес, мұғалімге Жантастар иғі ықпал жасайды. «Аузыңнан айналайын, мұғалімеке, өзің айтқан сорлы елің жылағалы тұр. Соның кез жасын сүртер болсаң жынысынды актағаның», — дейді Жантас.

Балама сөзбен айтқанда, көтерілістің бір көзі, бір қолы Жантас болса, бір көзі, бір қолы Тәнеке тәрізді. Бойбермес пен Бөрібасар да сондай. Бұлар ел басына ауыр күн туғанда бірімен бірі үғысып, топтаскан, тілек қосып, тізе қосып халық үшін күрестек де, өлімге де бел байласқан қаһармандар. Бірінің орнын бірі жоқтатпастай жалпы, ортақ қасиеттері бола тұра, әрқайсысының даралық ерекшеліктері бар. Жантас ерлігі мен саналылығының үстіне жасқа тән интимдік қатынастары арқылы да көрінсе, Тәнеке өмірде көп жасаған, көп көрген кекселігімен, топ жарап шешен көсемдігімен, батылдығымен көзге көбірек түседі. Бойбермес пен Бөрібасар қас дүшпаны дегендे іштеріне қан қатқан өшпенділігімен ерекшеленеді. Мысалы, туған аиға, сүйген жарға мейірімді Жантас, бір кезде қоңілдес болған сайқал әйел Жұстайлактың жауыздығына кешірімсіз, Тәнеке Майқан болыстың үйіне қимелеп кіріп тұрып: «Құба құстың тұмсығы етіңе тисе, атанның төрі түгіл көріне кіресін, кір, жігіттер» деп тәсініуі «кана окобына мені де жаз» деп елудегі Тәнекенің болысқа ыза оғын атуы немесе оның оязға «Сені кісі деген мен ит екем. Ендеше, сол ел үшін

мен-ак құрбан болайын. Білгенінді қылып қал» дегені оның қайтпас қайсаrlық мінезінің айғары.

Берібасар мен Бойбермestің болысты бауыздамақ болған жері, оның інісі Нұрқанды өлтіруге оқталған жері, болысты байланап күзетке алғандағы айтқан утты сөздері, қашқан болысты атып түсіруі — бұл жігіттің жауға деген қанқұйлы өшпенделілігінің белгісі.

Халық өкілдерінің саясн үғым, түсініктеп де олардан харakterлермен бірге көрініс беріп, бірте-бірте жетіліп отырады. Жантас болсын, Тәнеке болсын, көтеріліске белсене қатысқанмен, оны қалай үйімдастыру керек екенін және бұл қурестің немен тынарын білмейді. Оны көзі ашық деген мұғалім де айта алмайды. Шынында басқа болыстардағы қозғалыспен байланыс жасамау, Майқан болыс пен үлтшыл Қәрімнің жалған үәдесіне, өтірік хабарына сеніп әлденеше рет алдану, қарулы құреске бармай, бостандық ету — мұның бәрі көтерілістің көріне осал жағы еді. Және мұның өзі саяси басшылықсыз, саналы үйімшылдықсыз лап еткен стихиялы көтеріліс басшыларына тән типтік шындықтын кепілі еді, басшылар қате-кемшіліктің неден болғанын кейін түсінеді. Жантас: Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қанішер ояз, ұлыққа электі салар едік» десе, Тәнеке: «Бірінен бірін айырып әкетті. Ел елдін болыс-біи астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жок па анқау елдін»— деп өкінуі, көтеріліс жеңеліс тапса да, оның басшыларының саяси санасының осылай өсіп жетілуі үшін үлкен сабак болғанына дәлел.

Тарихи шындыққа сай пьесаның соңғы актісінде көтерілістің жеңілгенін көреміз. Қашып құтылған Тәнеке, қолға түскен Сапа, мұғалімнен басқа басшылары түгел қаза табады. Бірақ көтерілістің рухы жашылған жок. «Әйтеур түбінде бір санлау болса болды, — дейді Тәнеке, — неде болса қалған өмірді жағаласып өткізем сол ұлығымен, бұзығымен. Болды». Пьеса шымылдығы соңғы рет жабыларда тұтқын мұғалім оязға қарап, қасқа сөйлеп «Ажал сағатың соғар. Тубіне жетер осы сарын. Тусау кестің, қанат қактың, қайран елім, жаса, көгер, елім» — деп түйеді шығарма желісін. Бұл оптистик түйін. Бұл бостандық идеясының өшпегеніне, оның өртең-ак шексіз сендіретін жарқын меже. «Тұнгі сарынды» социалистік реализм туындысы ететін бір жайдың өзі осы. Өмір бойы сүйекке сініп қалған әдет бір жолы болыстың есігінен шыға алмай қалған Ділда кейін дүшпандардың жауыздығын көрген соң қатесін үйнеп, баласы Жантастың жағына шығуы нанымды көрсетілген. Соңда-ак Жантастың сүйген жары Маржан мен Сапа мұғалімнің мұғалима әйелі Сәруардың образдары да нанымды да жағымды шыққан. Бұлар автордың жылы сезіміне бөлөнген сүйкімді сипаттармен ұнамды образдар галереясын жарасынды толықтырады.

Ұнамсыз кейіпкерлер тобында: он бес жылдан бері болыс Майқан, болыстың кандидаты, Майқанның інісі Нұрқан, Майқанның сайқал, сулу әйелі Жұстайлак, шынжыр балак шұбар төс бай Қыдырбай, үлтшыл Қәрім, ояз Қазанцев подъесаул Семенов т. б. Бұлардың образдары да өз алдына бір галерея. Халыққа қарсы дүшпандық етуде бір ниетке жұмылған үстем тап өкілдерінің әрқайсысының өзінше атқаратын қызметі, өзіндік мінез-құлқы бар. Мысалы, Майқан — сабырлы, айлалы, тіс қаққан болыс; Нұрқан бақ-дәүллеттің буымен ісінген адудын кандидат, Жұстайлак — болыс байының мансабы үшін, өзінің құлқыны, нәпсісі үшін арын, тәнін сатудан жириен-бейтін алааяк, айлалы арамза әйел; Қыдырбай — қашаннан қатігез: Қәрім тіл үшімен «миллэтім», «халқым» деп күлгірсітін, тар кезенде

сол халқын сатып, тайып тұратын екі жүзді, ұлтшыл; оқыған Қазанцев — қазак тілін үйрепіп, халықты ішті-тысты қанап келген қанішер есік ояз. Сонымен қатар Майқан семьясының ықпалынан шыға алмай қалған Шатақан жылқышы-боялыстың жарамсак қолшоқтары; Жұмаған биеші мен оқыған жігіт Жұніс — Нұрқан мен Жұстайлактың тұзагына ілінген опасызы тыңшылар. Бұлардың ісінің бәрі — арамдық, озбырлық, опасыздық, алдау, арбау, сату, қыру, жою... Өмірде де шынында осылай болған. Сол шындықты М. Әуезов әрқылы драмалық характерлер арқылы шыншылдықпен бейнелей білген.

Сонымен «Тұнгі сарын» М. Әуезов творчествосын социалистік реализм бағытында бекітіп, белгілі кезең және буқіл қазак драматургиясында көрнекті орын алған кемел туынды. Оның кемелділігі, бір жағынан, автордың тарихи шындықты және 1916 жыл қозғалысын биік идеялық тұрғыдан дұрыс танытуында болса, екінші жағынан, драматургиялық өнердің заны мен таланттарына сай көркемдік дәлме-дәл диалог жасауында, кейіпкерге шакталған құнарлы, оралымды тіл колдануында, сейтіп, терен де әрқылы характерлер ашуында.

\* \* \*

Отызыншы жылдары талай жанрга, тақырыпқа із салып, қыруар очерк, әңгіме, пьесалар жазған, тамаша аудармалар жасаған, әдеби сынға, әдебиет тарихын зерттеу жұмысына белсene at салысып, көптеген мағыналы мақалалар жарияланған, баяндамалар жасаған, оқулықтар қураған, жоғары мектеп орындарында лекция оқып, теориялық білімін үздіксіз үндестіп отырған. М. Әуезов өзінің творчестволық өріне кен құлаш, кен тыныспен қарыштады. Улken талант иесі, биік мәдениетті жазушының осы жылдары шарлаган сан алуан салаларының ішінде оны творчество ақсарына аппаратын бір соқпақ түсіп еді. Сол соқпақ көп ұзамай Абай тақырыбына байланысты мағаналы жолға айналды...

Абай поэзиясы, Абай есімі М. Әуезовке бала кезінен таныс болғаны белгілі. Оның өлеңдерін Мұхтар ес білгелі-ақ үлгі-өнеге тұтқан. Ұлы ақынның жарқын образы болашақ жазушының жас жүргіне ата тәрбисімен еніп, берік орнағанын басқа да көп деректер дәлелдейді. Абай өмірі мен творчествосы М. Әуезов назарынан ешуакытта тыс қалған емес. Семейде орта мектепте, кейін Ленинград университетінде оқи журе М. Әуезов Абай поэзиясына үдайы қызығып, жаз елге келгенде Абай туралы білетін жүрттап көп сұрастыратын болған. Ал Абай өмірін ғалым ретінде ол 1930 жылдан кейін байсалды зерттей бастайды. Бұл жөнінде жазушының өзі де жазған болатын.

Отызыншы жылдары М. Әуезов көп салаға барып, көп тақырыпқа барлау жасаған тұста, Абай тақырыбының оны айрықша тебірентіп, көкей тесті тақырыбы болуы таңданарлық нәрсе емес.

1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгіме М. Әуезов творчествосында осыдан кейін тұтас бір дәуір жасаған сүйікті Абай тақырыбының қарлығашы еді. Бұдан кейін жазушы Абай образын кен аумакта алып, бірнеше жанрга бейнелеуге кірісті. Сонымен келесі кезекте, 1940 жылы, «Абай» трагедиясы туады. Оны М. Әуезов орыс жазушысы Л. Соболевпен қосылып жазады.

«Абай» — ұлы ақынның образын сахнада тұңғыш бейнелеген

шығарма. Мұнда Абай өмірінің соңғы шағы көрсетілген. Ол данышпан ақынның, кеменгер ойшылдың шытырман өмір кешіп келіп, кемелді кезіне жеткен шағы еді. Сонымен бірге ол сүм заманың зорлық-зомбылығына, соракы әділетсіздіктеріне қарсы тұрған қайраткерлердің ескіліктің дүлей қара күштерімен күресіп, жұлқысып келіп, ақыры ұлы өмірдің зардабынан жаны, тәні өртепіп қаза тапқан шағы болатын. «Абай» пьесасы, міне осы шақты көзге елестетеді.

Авторлар Абай өмір сурғен заманың шындығын терен пайымдап, Абай образын ен бір трагедиялық кезеңде алған да, өнер тілімен көрсеткен. Шыншыл терен идея, өткір өмірлік конфликт, оның табылған драмалық шиеленісі мен шешімі, от шашқан шақпак диалогтар мен жан тебірентер ойлы да жалынды монологтар — Абай харakterін терен ашып, Абай образын совет адамдарымен біржола туыстырған туындының ұтымдық қасиеттері бол табылады.

«Абай» трагедиясына арқау етіп алынған мәселе екі жастың — Айдар мен Ажардың — жазықсыз таза маҳаббатының озбыр феодал Оразбай, Нарымбеттердің қастандық қарсылығына ұшырауы. Әрине, бұл маҳаббат та ол заманда Қозы Қерпеш пен Баянның, Еңлік пен Қебектің, Қамар мен Ахметтің, Шұға мен Әбдірахманның, Сұлушаш пен Алтайдың маҳаббатындай тынуға тиіс еді. Солай тынды да. Ақыры Айдарға дүшпандары у беріп өлтіреді...

Сонда, «Абай» трагедиясының басқа осы іспетті шығармалардан айырмасы қайсы? Оны социалистік реализмін шоқтырып бійк шығармасы ететін қасиет не? Бұл сурактардың жауабын Абай образынан іздеу керек. Себебі — шығармага өзек болған мәселе екі жастың жеке бастиарын корғаған жаңқияр күресі ғана емес, Абай секілді көзі ашық, зор тұлғалы қайраткердің Нарымбет, Оразбайлар секілді халықты қан қақсытып отырған күшті үстем тап өкілдеріне қарсы «мынмен жалғыз алысқан» күресі. Үлкен әлеуметтік, келелі де мағыналы күресі. Оның үстінде Айдар мен Ажардың өзі — көзі ашық жастар. Олар да бас бостандығы үшін қарысқан қаһармандық күресін Абай бастаған азғантай ғана жаңашыл топтың аясында екі дүниенің бітіспес арпалысына астасырады.

Келешек жаңа дүниенің жаршысы, жақтаушысы болған әлсіз топ есікі дүниенің пәрменді қүшінен әзірше жеңіліс табады. Айдар жауларының үйнан өледі, Әбіш пен Мағауия қыршынынан қылады, Долгов қысымға туседі, көп үзамай қиянатшыл өмірдің азабынан Абай да қаза табады. Бірақ бұлардың сенімі өлген жоқ, уміті үзілген жоқ. Есікі дүниенін күні санауды екенін, жаңа дүние әлі-әк жеңіп, әділлік орнайтынын Абай тобының әрекеті де, сөзі де, рухы да анық ангартады. «Туар өртен жаңа жыл... Келер өртөн жаңа төл... Ен ақырғы сағатым... соңғы ғана тынысым ғой... Оны достарыма... достыққа берем, дүшпаним емес, еліме, еліме берем,—дейді Абай. Осы сенім окушы жүргегіне де үялап, кеменгер Абайдың оптимистік өсietі кейінгі үрпактарға үсынған жеңіс эстафетасының хабары сеқілді естіледі. Абай мен Долговтың достығы да қазақ халқы мен орыс халқының болашақ ұлы достығының жылқусы тәрізді танылады.

Абай өсietінің нанымды да әсерлі болу себебі, жоғарыда айтқандай, алдымен пьесаның идеялық-көркемдік қүшінен. Абай құрғана өсietші, жалаң риторик боп көрінсе, оның үтітінің де, болжа-мының да әсер, ықпалы журмес еді, әсіресе сол тұста казақ арасында да ала бастаған панисламизмге қарсы айтқандары бос сөз болып шығар еді. Жоқ, пьесада олай болмаған. Абай сөздері оның драмалық

курес үстінде сомдалған образына, ашылған терең харктерлеріне лайық айтылады. Сондыктан да олар нанымды, көнілге қонымды, Абай тобындағы жастардың да, қарсы топтағы Оразбай, Нарымбет, Тәкежан, Кәрімдердің де образдары дара сипаттарымен өзіндік мінез, тіл ерекшеліктерімен танылып, шиыршық атқан курес желісін тартқан да, бір дәуірдің өмір шындығын ашып көрсеткен.

Абай образы және Абайдың достары мен дұшпандарының образдары алғаш «Абай» трагедиясында драматургия өнерінің тілімен бой көрсетіп, ендігі кезектегі ұлы роман-эпопеяның ең маңызды кезеңіне алдын ала әзірлік бол табылды.

\* \* \*

Көп зерттеп, ұзақ толғанып кіріскен «Абай жолы» романы М. Әуезов он бес жылға жуық жазды. Бірақ жазушы бір ғана осы романды қуып кетпей, бұл тұста басқа жанрларға да соғып, ондаған очерктер, әңгімелер жазды («Алтын жүрек», «Асыл нәсілдер», «Майдан», «Ақын елінде» т. б.), әсіресе өзінің сүйікті жанры драматургия саласында жемісті еңбек сініріп, «Ак қайын» (Ә. Тәжібаевпен бірге), «Бекет» (1939), «Сын сағатта» (1942), «Қаракыпшак Қобыланды» (1943—44) сықылды пьесалар жазды. Бұлар ұзақ өмір сурмегенмен, кезінде сахнада қойылып, тиісті үгіттік, тәрbiелік роль атқарған, әсіресе Ұлы Отан соғысы түсінде көрермендердің патриоттық сезімін шындаған пайдалы туындылар болды. Алайда «Абай жолы» романы М. Әуезовтың ең жан сүйер шығармасы болғаны сөзсіз.

«Абай» және «Абай жолы» романдарын жасау,— дейді автор, мениң бүкіл творчестволық өмірімдегі сүйікті ісім десем болады». Бұл оның көп салалы бай творчествосының байтак арнасы, жансүйер туындыларының шырқау бігі, тұғынық тереңі.

Романға кірісуден бұрынғы жиырда жылдық әзірлік, жазу процесіне сінген он бес жылдық жанкіяр еңбек жазушының осы биік дәрежеге шарқ ұрып жету жолындағы қаһармандық іс-әрекетінің айқын айғағы болып табылады. Сөз болып отырған кез қырық жылға тарта советтік дәуірді тұтас қамтиды. Сол себепті бұл тұстағы революциялық өскелен өмір өзгерістерімен бірге М. Әуезовтың да саяси, творчестволық өмірбаяны қалыптасып, үнемі есу, жеттігу күйін танытты. Әзірлік кезеңін айтпай-ак, «Абай» және «Абай жолы» романының төрт кітапының жазылу кезеңін алсақ та, бұл кезде автордың барлық жағынан кемелденіп, тәселеіп, білім де, дүние тану түрғысы да, таланты мен тәжірибесі де толысып, молыққаны сөзсіз. Мұны романының өн бойында өрлең отырған идеялық, реалистік, көркемдік дәрежесінен анғаруға болады.

Кейін «Абай жолы» деп аталған төрт томдық роман-эпопеяның алғашқы екі кітабы «Абай» деген атпен шығып, бірінші кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарық көрді. Ал соңғы екі кітапының біріншісі «Ақын аға» деген атпен 1950 жылы, «Абай жолы» деген атпен 1952 жылы, екіншісі «Абай жолы» деген атпен 1956 жылы жарнайланды. Романының әрбір кітабы іле орысшаға аударылып отырды.

Жоғарыда біз Абай романы үшін 1949 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілгенін, ал барлық төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы үшін 1959 жылы Лениндік сыйлық берілгенін айтқанбыз. Құллі Одак бойынша ондаған және жүзедеген шығармалардан озып шығып,

Ұлы социалистік мемлекеттің мұндай ең жоғары сыйлықтарына ие болу, қазақ әдебиеті тарихында тұнғыш оқиға, Осының өзі бүкіл қазақ әдебиетінің аз уақытта шарықтап жеткен зәзілім білгін көрсеткен оқиға еді. Ал «Абай» романының алғашқы екі кітабының дегреу-ак көп шет тілдерге аударылуы, дуние жүзінің озат оқушылары мен қалам қайраткерлерінен өте биік баға алыш, қазақ халқын әмбे әлемге танытуы оның үздік идеялық-көркемдік қасиеттерінің айғы еді.

Бұл қасиеттерді толық және жан-жақты ашып көрсетеу әдеби сын мен терең ғылыми зерттеудің жұмысы. Ал «Абай жолы» романдары туралы жазылған мақаламен жазылған баяндаманың саны тым көп. Оның үстіне бұл туындыны талдап, құнарлар пікір айтқан еңбектер әдеби-сын очерктерде, совет әдебиеті тарихының оқулықтарында, монографиялар үзертегізде кең орын ала бастады.

Әрине, ұлы туындыны зерттеу ісі мұнымен тынбайды. Бұл шекcіз міндеттің бастамасы ғана. Алдағы уақытта романының сыр-сипатын терең тексеретін көптеген байсалды зерттеу еңбектері туатынында күмән жок.

Біз роман туралы осы күнге дейін айтылған пікірлер негізінде оның тек түйінді мінездемесін ғана беруді мақсат түттых.

Қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев «Абай» романын жарты ғасыр «қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп бағалаған. Бұл бағада үлкен пікір түйіні бар. Мұнда, біріншіден, романда мезгіл жөнінен Абай өміріне байланысты жарты ғасыр уақыт қамтылатыны еске-рілсе, екіншіден, Абай өмірімен қатар, жарты ғасыр бойындағы тұтас қазақ өмірінің суреті жасалғандығы түйілген. Шынында да солай. «Абай» романының сюжеттік құрылышына қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірбаяндық материалдарын тубегейлі өзек ете отырып, М. Эуэзов сол тұстағы қазақтың қоғам өмірін, күресін, тұрмысын, салтын зор шыншылдықпен және шеберлікпен кең қамтып, терең көпарып суреттеген. Ұлы реалистік шығарманың әрі дуние танытқыш, әрі эстетикалық қасиеті оны халық өмірінің энциклопедиясы деп бағалауға толық право береді. Бір кезде «Евгений Онегин» романын В. Белинский орыс өмірінің энциклопедиясы десе, Лев Толстой творчествосын В. И. Ленин «орыс революциясының айнасы» деді. Бұл данышпан орыс жазушыларының ұлы таланттына және олардың қолданған терең творчестволық әдісі — реализмге берілген баға болатын. Ал сондай-ақ М. Эуэзовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы айтылған жоғары бағаны да біз қазақ жазушыларының үздік таланттына және оның қолданған социалистік реализм әдісінен бағысталған баға деп білуіміз керек.

Қай әдіс болғанмен, өзінің бар мүмкіншілігін ірі талант арқылы жүзеге ассыратыны белгілі. Сондыктан қазақ совет әдебиетінде жиырма-отыз жыл бойы қалыптасып, бекіл, орнықкан социалистік реализм әдісі өзінің тамаша мүмкіншіліктерін М. Эуэзов таланты арқылы жүзеге ассыруы көздейсөк құбылыс емес еді. Өйткені социалистік реализмнің тарихи тақырыпқа қоятын биік талабына сай көркем туынды жасау мәселесі тек үлкен таланттын, білімнін, тәжірибелің деңгейінде шешілуге тиісті десек, «Абай жолының» авторы осы деңгейден табылып, қазақ әдебиетінде тұнғыш тарихи роман пайда болды.

Ал енді социалистік реализмнің тарихи романға қоятын талабы не? Ол — тарихи белгілі адамның бейнесін белгілі қоғамдық ортада

алып, тарихи өмір шындығын диалектикалық даму күйінде алып, шынышыл образ, шынайы сурет жасау және сол образдың, сол шындықтың осы заманмен тамырлас, үндес жақтарын ашу. М. Эуезов осы талапқа лайық өзінің тарихи романын ұлы ақын ағартушы, философ, кайраткер **Абайдың** сом, жарқын образын жасап, сол арқылы бүкіл қазақ халқының рухани бейнесін танытты. Абай ортасын терең, айқын суреттеу арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірінің байтак картниасын салды. Сонымен бірге туған халқының ең жақсы қасиеттерін бойына жиып, ең жарқын арманын көздеген дана адамның образын мұрагерлік жөнімен біздің совет заманының үрпактарымен туыстырыды. Оның аңсаған арманын заман шындығымен астастырыды. Сол себепті Абай өзінің кейінгे үрпакқа мирас етіп қалдырыған асыл поэзиясымен де, М. Эуезов бейнелеген өшпес онды образымен де бізге әрі ардакты, әрі аяулы.

Абай сықылды тарихи адамды, соған байланысты тарихи өкігіларды жазушы тарихи романда әр қылыш көлемде, әр қылыш шенберде алуды мүмкін. Мысал үшін орыс әдебиетінде А. Толстойдың «Бірінші Петр», С. Злобиннің «Степан Разин», «Салават Юлаев»; Ю. Тынчновтың «Үәзір Мұхтардың өлімі», «Пушкин», «Кюхля»; өзбек әдебиетінде Айбектің «Навои»; татар әдебиетінде А. Файзидің «Тукай» атты романдарын еске салайық. Тіпті қазақ әдебиетінің өзінде кейін туған тарихи романдардан Махамбет туралы Ә. Әлімжановтың, Дина Нұрпейісова туралы С. Бақбергеновтың; Сұлтанмахмұт туралы Ә. Әблевтің; Ақан сері туралы С. Жүнісовтің романдарын айтсак та жеткілікті. Бұлар көлемі жөнінде де, өмірлік өріс, тынысы жөнінде де, мұрасының өрсісі жөнінде де — бірдей емес. Осы белгі, сипаттарына қарап, біз «Абай жолы» романының бүл қатардағы үздік орнын атап айта аламыз. Әңгіме оның төрт томдық тетралогия екендігінде ғана емес әрине, мұның да үлкен мәні бар. Әңгіме сол төрт томда халықтың жарты ғасырлық өмірінің аса зор жақтары қопарылып, оның ойы мен қыры, қатпары, қалтарысы егежей-тегжейіне дейін тексеріліп, зерттеліп, үлкен суреткердің колымен керемет көркем, жанды картина жасалуында, бүл картинада қоғам өмірінің қыруар қайшылығы, қым-куыт куресі, тартысы және тұрмыс пен санадағы, адам психологиясындағы талай шытырман құбылыстардың табиги зандалықтарымен терең ашылып көрінүінде. Мұндағы жылға-жылға, сала-сала боп аққан сел сұнының тұтасып ұлы дарияның терең аринасына құйғаны секілді, толып жатқан өмір оқигалары мен құбылыстарын Абай төнірегінде тұтастырып, ұлы өмір дариясына айналдыра суреттеу қасиетін «Петр бірінші» сықылды «Абай жолы» романының да айрықша қасиеті деуге болады.

Міне, осы қасиетіне қарай біз М. Эуезовтың тетралогиясын қазақтың түңғыш тарихи романы деумен қатар, түңғыш роман-эпопеясы деп барадаймыз.

\* \* \*

Социалистік реализм аясында туған тарихи роман-эпопея болғандықтан «Абай жолының» басты геройы — Абай ақын халықтан аулак тұруы мүмкін емес еді. Бұл жөнінде орыс әдебиетінің және Батыс Европа әдебиетінің тәжірибесі үлкен сабак болғанын М. Эуезовтың өзі де айтқан болатын. Ол бұл тәжірибелінің жақсы үлгілерінде, кемшіліктерінен де сабак алғанын айта келіп, Ю. Тынянов-

тың «Үәзір Мұхтардың өлімі» атты романының басты міні Грибоедовтың халықтан қол үзген адам етіп көрінуі еді,— деген. Эрине, осыдан кейін М. Әуезовтың Абайды халықпен тығыз байланыста алуы өзінен-өзі түсінікті және мұның өзі «акын және халық» дейтін проблеманы шешуде жаңа қадам болып табылады. Бірақ М. Әуезов шындыққа қиянат жасап, Абайды оп-օдай халыққа тели салмайды. Ол үстем тап ортасынан шықкан данышпан ақынның халық жағына шығу жолын үлкен шыншыл дәлелдермен, көркем шеберлікпен накты да нағымды суреттеп көрсеткен. Ру басы, феодал, аға сұлтан Құнанбайдың күткені — баласы Абайдың әке жолын қуып, өзіндей озбыр, қанауыш, шынжыр балақ, шубар тес болып шығуы еді. Ал шындығында қалай боп шықты. Жаратылысында дарынды, сезімтал жас бала әзиз және Зеренін, адап ана Ұлжаның қолында ана сүтімен адамгершілікке, әділдікке бейім тәрбиеленді.

Абай бала күнінен халық поэзиясының даналық өнеге, бұқара-шылдық сарындарын бойына сіңірді, көп әйелді семьяның қырсық алакөздігінен, өсек-аяқынан жиренді, әкесінің елге істеген жан түршігерлік қиянат қылықтарынан шошынды, ауырып та қалды, еңбекші бұқараның ауыр түрмисына жаңы ашып, ол ортасын бас көтерген адамдарымен жақындасты, сейтіп жүріп бірте-бірте әкесінен сұына бастап, есейе келе тіпті оның бетіне де келетін болды, ақыры әкесімен арасы ажырасып тынды. Бұған Абайдың білім, өмір тәжірибесі, өскен мәдениеті және әсіресе орыс демократтарымен достасып, пікірлес болуы соңғы шешуші себеп болды. Сонымен, оны-солын таныған, ақындық таланттын тапқан, принциптік негізде әкеден де, бүкіл феодалдық үстем тап салтынан да бас тартқан көзі ашық Абай енді қайда бармақ? Еңбекші халыққа! Міне, «Абай» романының екі кітабында бірдей суреттелетін күрделі өмірлік процесс Абайдың балалық шағынан бастап, орта жасқа қарай тартқан осы бір қызық өмір жолын танытады.

Ал еңбекші халық мұддесіне ойысқан Абай будан былай не іс-теуге тиіс. Ол Дәркембай, Базаралы, Сейіт секілді қалық бұқара өкілдеріне арқа сүйеп, ескілікке, қараңғылыққа, үстем тап адамдарының әділетсіз, озырлық қылықтарына қарсы өле-өлгенце қарсы күресіп өтеді, ескіліктің курбандарын жан салып корғайды, орыс мәдениетің үлгі тұтады, жастарды жарқын болашаққа сендіреді. Бұл үшін ұлы ақын өлеңін де, беделін де аянбай ортаға салады.

Осындай азабы көп ауыр өмірде, қырқысқан узак күресте Абай қалжырап қажиды, «жүргегі қырық жамау» ақын ақыры қаза табады. Бірақ Абай руы тірі, Абай арманын алып қалған Дәрмен сыйылды шәкірттері бар. Олар сол тірліктің айғары. Міне, «Абай жолы» романының екі кітабына тартылған желі осы.

Бұдан біз не көреміз? Абай жолы — күрес жолы, туған халқына қызмет ету жолы екенін көреміз. Бұл жолда асқар тауша кеккө көтерілген асқақ Абай образын көреміз. Абай образының естіп саңлақ шығуының басты себебі — оны халық өмірімен байланысты, халықтың жақсы дәстүр, қаснеттерін бойына сіңірген және заманын озат, жаңашыл идеясы түрғысынан еңбекші бұқараның мұн-мұддесін көздеген қайраткер етіп бейнелеуде. Былайша айтқанда, Абай образының типтік бейне ретінде өзінің туған қазақ халықының ең онды үлттық, прогрестік, рухани сипаттарын жинақтап түйген сом, сәулетті образ болып шығуында.

Суреткөр М. Әуезов алпыс жылга жуық өмір сүрген Абайды

бала шағынан өле-өлгенше бастаң кешкен киңи-киңи жағдайда, ортада, қақтығыста алып көрсетіп, оның адамгершілік характерінің, әлеуметтік көзқарасының, ақындық талантының қалай дамып, қалай қалыптасқаның нақты дәлелдемелермен көз алдынызға тартып, нағыз нанымды, жанды образ жасап шыққан.

Әпопеяның әр кітабында Абай өмірінің әр кезеңі бейнеленген. Кітаптан кітапқа есіп отыратын Абайдың тұлғасы мен характері оның жасына, тәрбиесіне, тәжірибесіне, қоғамындағы арманына лайық өзіндік ерекшеліктерімен бейнеленген. Сондыктан да ол типтік жағдайларда алынған типтік образ болуының үстіне, тек Абайғаған тән қайталанбас ерекшеліктері бар жеке дара образ.

Мысалы, бірінші кітаптың басында уш жыл қалада оқып еліне қайтып келе жатқан он уш жасар Абайды көреміз. Кітаптың он бойында жас Абай ауыл өмірінің қайнаған ортасында жүреді. Оған әсер ететін жағдай шым-шытырық, ала-құла... Оның бір жағында Құнанбайлар билеп-төстеп тұрған феодалдық-патриархалдық қоғамның катал тәртіп, қара күші, сол күш жел берген зорлық-зомбылық, шак-шак ру тартысы, қанды тәбелес, барымта, жұт, үрлік, пара, етірік, есек, құндеңстік, қызғаныш... екінші жағында қаналған, езілген қалың бұқара. Осының ортасында болған балын жас Абайдың таза жаны Қодардың елімі сықылды Құнанбайлардың қым-куыт қылмысты қылымтарынан тітіркеніп, оның сезімтал үлкен жүргі жүргегі күнге ашылған гүлдей тек жақсылыққа, әділетке, адамгершілікке ашилады. Ақиқат пен әділдік туралы жыrlаған халық ақындары, иғлік аңсаған еңбек адамдары, сүйгенине қосыла алмай аһ үрған арманды жастар, зәбір көрген жетімжесірлер, нашарлар — міне Абайдың үстаз тұтып үйренген, үйип тыңдаған, жаны ашып аяған, мүмкін қадар қол үшін берген аяулы жандары осылар. Абай бойына игі әсерін дарытқан осылардың өзі, мұны, жыры, шағым әрекеті, курсесі... Абай жанын тебірентіп, Абай жүргіндегі асыл сезімдерін оятқан тұған жердің табиғаты, тұған халықтың өнері, сайысы, әдебиеті, ән-күйі, ойын-сауығы, жастықтың жарқын үміті, жалынды арманы, лап еткен тұңғыш махаббаты, адад таза достығы...

«Абай» романының бірінші кітабы бүтіндей осы шындықты суреттеп, осы ортада сүйріктей бол өскен жас Абайдың жарқын романтикаға бөлгенген сүйкімді образын бейнелейді. Әуелі Абай айналасындағы дүниеге албырт жастың романтикалық назарымен қызыға, еліге қараса, жүре келе өмірдің сүмдик көріністерінен сұнып, толғана бастайды. Осыған орай Абай өмірінің жастық шағы көктем таңындаған ашық, әсем, көрікті бояулармен суреттеле бастайды да, бірте-бірте күнгірт тарта береді, өйткені барлық дүние романда Абайдың көңіл-күйіне, жан күбылышына байланысты құлпырып отырады.

Романының бірінші кітабы болашақ ақынның балалық, жігіттік кезеңдерін камтып, оның жаратылышындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ашты, оның еке баласы емес, адам баласы, халық ұлы болып өскенін көркем тілмен жария етті. Сейтіп, кітаптың соңында жиырма төрт жасқа келген, характері қалыптасқан естияр Абайды көреміз. Ол енді алдағы өмір курсесіне әзір екенін аңғартқандай.

Сүйкіті геройның бүл күйін автор мынадай онды аллегориялық образben түйеді. «Кіляға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы такыр күм мен тастақты жарып, әлсіз, нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір ғүл шашқан.

Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да көтер болудан қалған еді».

Абай бейнесінің символы ретінде алынған шынар ағаштың образын оқушы төртінші кітаптың соңында қайта көреді. Бірақ онда ол басқа күйде.

Романның екінші кітабы Абайдың ақындық таланттының қалай гул шашып, қалай санлак алғанын танытады. Бұл процесс Абай басынан кешкен екі үлкен құбылыспен сабактас дамиды. Оның бірі — орыс достарының озат идеясымен қаруланып, солардың көмегімен орыстың классикалық әдебиетін терең зерттең, ақын-жазушының қорам өмірінде атқаратын ардакты ролін үзү. Екіншісі — ақынның барлық жағынан жетіліп, халық өмірімен байланысының нығая түсіп, терең тамыр жаюы. Бұл екі құбылыс өзара астаса отырып, ақынның ұлы таланттының қайнар бұлак көзін ашумен бірге, сол таланттың халық мұддесіне бағытталуына себепкер болған. Осы факторлар Абайдың харakterін одан әрі дамытып, тереңдете түседі. Сейтіп, романның екінші кітабында адамгершілігі, ақындығы, халықтың шекіз тұтасып, ұлы тұлға жасаған Абай образының казак даласына сәуле түсірген көңілге қонымды көрсетілген. Осы кітаптың эпилогында Абай жолының алғашқы кезеңін түйген мынадай толғау бар: «Өмірдің беліне шығыпты. Сол арттағы жолда жоғалтқаны көп пе, таңқаны көп пе? Рас, жоғалтқанының көбіне өкінбейді. Жақыннан әке — Қунанбай кетті жат болып. Туыстан Тәкежандар кетті жауығып. Оразайлар, Жиреншелер де бірі артынан бірі шұбалып кетіп жатыр. Үзілсін будан. Кетері кете берсін. Элі де кетер табылар. «Бірақ халық қалса, халыққа жолымды, жанымды қосар қолымдағы жарық қалса, жеткені» деп, өзіне өзі осы отырыста құпия бір ант-серт айтқандай бекінеді».

Міне, өмірінің «Абай жолы» романында суретtelген екінші кезеңіне ұлы ақын осылай енді. «Алда өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шыға келсе, жапа-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты — ақындық, үміті — халық».

«Абай жолы» романында суретtelген тарихи шындық XIX ғасырдың ақырығы шеңіндегі 20—25 жыл уақытты камтиды. Бұл казак тарихында әте бір маңызды дәүір. Сонымен бірге ол Абайдың ақындық творчествосының толықсан, жазушылық қызметінің, халыққа кесемдік, қамқорлық еткен және дүшпандармен белсене курсеске түскен қайраткерлік қызметі мен отанының болашақ тағдыры үшін көп толғанған ойшылдық қызметінің әбден өріс алып, кемеліне келген кезі.

М. Әуезов Абай образын шындыққа лайық тарихи процесспен, халық өмірімен тығыз байланыста алып жетілдіреді. Образды бұлай алу реализмнің ежелгі дастурі. Бұл дәстүрді М. Әуезов эпопеясында үлкен диалектикалық шеберлікпен колданған. Тарихи жағдайды алсак, XIX ғасырдың екінші жартысында қазак даласында өзгеріс, жаңалық аз болған жок. М. Әуезов «Абай жолы» романында осы өзгеріс, жаңалықтарды көрсетіп, отаршылдық саясаттың ауыр зардабын, асқындаған қайшылықтарды, әлеуметтік тенсіздікті, шиеленісken таптық күресті баса суреттейді. Сонымен қабат қазак халық мен орыс халықның достық қарым-қатынасының күшейіп, казак жастарының орыс мәдениетіне деген ықыласының арта түскені баяндалады. М. Әуезов бейнелеген оқиғалар мен құбылыстар тарихи про-


цестің даму тенденциясын дәл тауып, халық өмірінің негізгі салаларын қамтиды. «Абай» романында бірыңғай дала көрінісі, ауыл өмірі, ру тартысы, баяғыдан шырышы бұзылмаған түрмис-салт, әдет-ғұрып, қысқасы, оншама өзгермене феодалдық-патриархалдық қоғам суреттері көбірек назар аударса, енді «Абай жолы» романында кала, базар, затон, завод көріністері, ондағы патша үкіметінің чиновники, кала байлары, саудагерлері, қолөнершілері, діни адамдар, кедейлер, жұмысшылар, интеллигенция әкілдері көбірек назар аударады. Алғашқысында ру тартысы басым болса, соңғысында әлеуметтік тәсіздікке негізділген тап күресі басым; алғашқысында Абай әкесі Құнанбаймен қарсыласса, соңында құнанбайшылдармен (Тәкежан, Жиренше, Оразбайлармен), патшашылдармен, ишан-молдалармен, ұлтшылдармен қарсыласады, алғашқысында Абай, Дәркембай, Базаралы сыйылды жатақтармен, Михайлов сыйылды бірен-сарап жер ауған халықшыл-демократтармен ғана пікірлес болса, соңғысында Павлов сыйылды революционерлермен, Сейіт сыйылды жұмысшылармен, Сармoldа сыйылды «діннен шыққан» прогресшіл адамдармен, Эбіш, Дәрмен сыйылды жаңашыл жастармен пікірлес болады. Бұл жолы ол енді ауыл кедейлерінің үстіне кала жұмысшылармен, орыс шаруаларымен, қалың еңбекші бұқаралармен байланысты болады.

Абай жолы — халық жолы, халық жолы — Абай жолы. Осы бір тамаша бірлікті тарихи шындыққа бай және аскан көркемдік шеберлікпен көрсету, сез жоқ, Мұхтар Әуезовтың ұлы творчестволық жеңісі бол табылды.

Фасырлар бойы саяси, шаруашылық, мәдени мешеулікте келген қазақ халқы тағдыр тізгінін ұлы орыс халқына тапсырып, тарихи прогресс жолына түскенде, феодалдық ортада туған данышпан ақын, ұлы ойшыл Абай өз табынан саналы түрде сыйылыш шығып, еңбекші халыққа келді, туған халқын орыс халқымен достыққа, орыстың мәдениетінен үйренуге шакырып, болашаққа нұрлы сеніммен мезгеді. Бір-бірімен тоғысқан осы екі жыл (халық жолы мен Абай жолы) қазақ халқының тағдырының оның бақытына шешкен ұлы тарихи мәні бар қын да күрделі процесс еді. Осы процеске батыл барып, терең бойлап, жіті зерттеп, керемет көркем туынды жасау социалистік реализм әдісін игерген М. Әуезов секілді ұлы суреткердің ғана қолынан келді. Осындай туынды болғандықтан да ол заңды түрде казақ өмірінің энциклопедиясы және қазақтың тұңғыш эпопеясы дег аталды.

Осы «энциклопедиялық» характер, «эпопеялық» кең құлаш, тұтас алғанда, Абайдың өз творчествосына да тән еді. М. Әуезов Абайдың көп салалы туындының өзекті образы етіп ала-отырып, ұлы ақынның өз творчествосында қолданған салалы да өрелі реалистік принципін тұтынып, оның осы дәстүрін одан әрі дамытты.

«Абай жолы» эпопеясының мәні мен құны Абайдың тарихи адамың өмірін, іс-әрекетін, ой-пікірін, сана-сезімін, көніл-куйін тарихи оқиғалармен орынды үштастыру арқылы тұтас бір дәуірдің шындығын кең суреттеп, дұрыс бейнелеумен ғана шектелмейді. Оның тағы бір тамаша ерекшелігі бар. Ол Абайдың ақындығына байланысты ерекшелік. Мұны М. Әуезов өзі де ескерткен болатын. Өз романының басқа тарихи романдармен ұқсастығын айта келіп: «Ақын туралы жазғандықтан,— дейді ол,— менің еңбегімнің «Петр бірінші», «Еменьян Пугачев» немесе «Степан Разин» типтес романлардан айырма-



сы бар. Менің алдында тұрған міндегі: қаһарманның тек қоғам өмірімен тікелей байланысты іс-әрекетін, көңіл-куйін зерттеп көрсетуға емес, сонымен бірге оның творчествосының психологиясын, шығармаларында жүзеге асқан ақындық мақсат, ниеттерінің реалды тарихи түп тамырын ашып көрсету болды».

«Романист көп білуі керек» деген Теккерейдің пікірі, «романист философ болуы керек» деген Бульвердің пікірі қазір түсінік керек етпейтін аксиома. Оған қосымша тарихи романның авторы жақсы тарихшы болу керек екенін В. Г. Белинскийдің әлдеқашан айтып кеткені әмбебеге аян. Ал енді соның бәріне қосымша тарихи романның негізгі қаһарманы Абай сықылды данышпан ақын болса ше? Онда ақынның нәзік жан құбылысын түсініп, творчествосының психологиясын көрсету үшін автордың өзі де ақын жанды суреткер болуы шарт. Сондаға ол ақынның дүниеге көзқарасын, поэзиялық шығармаларының терең сырын ұфа алады. Эрбір өлеңді, әрбір поэзиялық образды туғызған эстетикалық ой мен сезімді жүргегімен сезіне алады. Мұхтар Әуезов Абай образын бейнелеуде осы сықылды өзінің асқан ақындық, суреткерлік талантын танытты.

Романның бірінші бетінен соңғы бетіне шейін алдымен терең ақындық сыр шертіледі, ақындық үн, әуен естіледі, ақындық тыныс, ырғақ сезіледі. Романың өн бойында окушыны өзінің ұзак өмір жолының қуәсі еткен ұлы ақын он уш жасынан бастап, өле-өлгенше одан ешбір сырын бүккен емес: ақынның барлық бастан кешкен арман-мұддесі, куаныш-сүйініш, қайғы-қасіреті, толғаныс-тебіреңі өз басынан кешкендей әсер аласын. Романың соңғы кітабын оқып болғаннан кейін де көпке дейін Абай бейнесі қоңырнан шықпайды, көз алдыннан кетпейді — оның өлімін өзінің өмір бойы сырласа до-сынның өліміндегі сезінесін. Ол осы күнге шейін қыр басында кірнігін ылғал шалған жіті қозін қырыға тігіп, келешек үрпактарға қол созып тұрған сықылды көрінеді. Оның сырьы, үні, лебізі жүрек пей қулақтан мәңгі үзілмейтін тәрізді...

Бұл нениң күші? Бұл Әуезовтың ақындық талантының құдіретті күші. Ол Абайдың ақындық табигатын жете түсініп, оның ақындық жанының диалектикасын ең нәзік құбылыстарына дейін тауып сүрреттейді. Абайдың атакты лирикалық және сатириалық өлеңдерінің қандай жағдайда, қалай тұғанын романның сюжеттік желісінде орын тапқан оның суреттер мен образдардан анық аңғарамыз. Мысалы, «Жалт етпес қара қөnlім не қылса да», «Жазды күн шілде болғанда», «Желсіз тунде жарық ай», «Кан сонарда бүркітші шығады аңға», «Мәз болады болысың», «Қараша, желтоқсанмен сол бірекі ай», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», «Бір сулу қызы тұрыпты хан қолында», т. б. өлеңдерін алсақ, бұлардың бәрі М. Әуезов романыдағы қызықты оқиғалар мен эпизодтардың сырын түйіп, көптеген психологиялық сарындарға, көркем картиналарға, романың терең лиризміне азық болған. Осы негізде Абай образының объективтік мән мағынасымен бірге оның эмоциялық әсері де көрекмет күш алғанын айтуды керек.

Абай образының осыған орай тағы бір маңызды ерекшелігі — оның интеллектік қасиеті. М. Әуезовтың көрсетуінде есейген Абай — ақындығымен бірге білімді, парасатты философ адам. Ұлы ақынның бұл қабілеті оның әрбір қадамынан көрінеді. Не нәрсевің терең сырын, мағынасын, себебін түсінуге тырысу, не істесе, сол істің байыбына барып, пайымдал, топшылап алып іске кірсөу, айтус, та-

лас, тартыстарда логиканы қару өту, халқының қазіргі және болашақ тағдыры туралы шексіз толғану, өлеңдерін үдайы философиялық, данаңың ой-пікірге негіздеу — осының бәрі Әуезовтың шебер суреттеуінде ұлы Абайдың бойына жарасқан, Абай образының салмағын, көркін, мән-мағынасын мықтап көтерген сипаттар. Бұл сипаттардың Абай табиғатына терең ұлауына оның орыс досы Павлов та, сүйікті баласы Әбіш те көп еңбек етеді. Абайдан тәлім-тәрбие алған жаңашыл жастар, оның ішінде әсіреле Дәрмен сықылды талантты шәкірт үстазының поэзиялық шығармаларымен қатар, оның осы интеллектік қасиетін, философиялық өсietтерін үлгі, өнеге турады.

Абай образы романда өзінің осындай қасиеттерін айқын, әсерлі түрде аша отырып, жалпы типтік қасиеттерін де жақсы ашқан. Ол қазақ халқының талай заманғы тіршілік куресі мен еңбек процесінде және кейінгі жаңа заманың прогрессіл бағытында ұлы орыс халқының иғі әсерімен қалыптасқан шынайы ұлттық характерінің ең жақсы сипаттарын бойына жиып типтедірген.

\* \* \*

Өмір бойы кедейлікті, тарлыкты, қорлық-зорлықты көп көрген еңбекші жұртшылықтың басты адамдары романда жанды реалистік образдар арқылы шебер көрсетілген. Бұл ортаның да өмірін Әуезовтың терең зерттеп, жақсы білгендей Дәркембай, Базаралы сияқты тамаша типтік характерлерден анық байқалады. Дәркембай мен Базаралының, сол сияқты Абылғазы, Балағаз, Иса тағы басқа ауыл кедейлерінің образдарың жазушы жылы шыраймен, үлкен сүйіспендікпен суреттейді. Соның ішінде үздік көзге түсетін Дәркембай образы. Ол тұра сөйлейтін, өзет, шыншил, ер көңілді, ер намысты, қорлыққа төзбейтін қайсар, қажырылған, халық қамкоры бейнесінде көрінеді. Ол қылышынан қан тамып тұрган Құнанбайдан да қамықпайды, қайта әлденеше рет оны сөзден үстап, зұлымдықтарын бетіне басады, ашықтан ашық бел байлап Құнанбайлармен соғысуға да өзір. Бұған Дәркембайдың Мекеге жүргелі тұрган Құнанбайға Қиясбайды ертіп барып айтқан сөзі дәлел. Халықтан шыққан қаһарман, еңбекші ер адамның характері Абайға шексіз ұнағандықтан, ұлы ақын өмір бойы онымен дос болып өтеді, көп нәрсені оған үйретсе, көп нәрсені одан, халық адамынан өзі де үйренеді. Абай оның қайыспас қайратынан, таптық кекшілдігінен, алмастай өткір уытты тілінен үйренеді. Еңбекші бұкараның мұң-мұддесін жоқтаушы Дәркембай халық даналығы мен халық тілінің бейнелі байлығын да бойына сіңірген шешен кісі. Ол макал, мәтелмен де, тауып айтылған бейнелі тенеу сөздермен де ылғы дәл, тұра басып, байлап сейлейді. Мысалы оның «Желкем жауыр, әукем тозып, сірі болды», «Жеті бірдей атаман жеті лақ алмастан, ұлардай шулап, тағы қалдым», «Тәнір-ай, айналған өрттей жаулық болғанда, ортада қап отырған бір тұп шидей, қалт-қалт күйіміз бар еді», «Бұл айтқаның, осы мынау тірсегі қыылған бөлтіріктей бол Ералыда шонқайып отырып қалған көп жатақтың да сойыл соғары гой», «Кеше құдіретті аға-сұлтан бол жүргізіп ең. Енді Құнанбай қажы бол алып, жүргізем деп барады екенсіц. Білдім, құдай жолы емес... тағы да Құнанбайлық жолынды жақтап барады екенсіц гой. Өлтірт, талат мына бөлтіріктеріңе», деген

Дәркембай сөздерінде аңы шындық, халықтық кек, уыт, ыза тиісті интонациямен, мірдің оғындағанда еткір тенеу, баламалармен айтылғанғой. Осындаш шынайы халық өкілімен коян-қолтық араласып, дос, тілекtes болу ойшыл, акын Абайдың көп қырлы бай харектерінің халық негізінде бекуіне өзіндік себін тигізуі сөзсіз.

Жасы жетпістен аса қайтыс болғалы жатқан Дәркембайдың өмірі мен мінездемесі халық ұғымында қаңдай екенін Базаралының Абай алдында толғаған мына бір сырьы сөздерімен түю қын емес. «Қай қамауға түспеген Дәркембай еді. Бірақ адам темір емес кой. Қөніл қайраты болғанмен, көне шекпен етке лыпа бола ма? Өр кеудесін имейін дегенмен, қара дауыл қоя ма? Айдалада карда, киян елсізде бір ұя қасқыр қамаса, адам құр қол болған шағында, жаяу қалған халінде: жақсы болды не, мінезді болды не, қымбат, керек болды не, оның берінің көмегі бола ма. Сондай кәрілік, жокшылық, әлсіздік, лыпасызы жүдеулік, аштық деген сиякты қамаған қасқыр көп кой. Берінің жиылып кеп тұсап жыққанын көрмейсің бе».

Осының айтып отырған Базаралының образы да романда айрықша сәтті шыққан сәулетті, өркеші биік образ. Дәркембай бағытында алынғанмен, оның өзіндік тағдыры, өзгеше қыры мен сырьы бар: ол өжет, қайсар, ер мінезді, халық кегін кеудесіне түйген өрен; айдау, тұтқын көрсе де мұқамаған, мойымаған болат жанды курсескер, бұл дағы Дәркембай сықылды сейлеп кетсе тілмар, халықтын даналығын, бейнелі сөздерін, макал-мәтелдерін еркін игерген шешен.

Базаралының портретінен-ақ оның дарқан бейнесін тануға болады: «Кең мәндайы аппақ бол айқындалған. Еркін шабытты жүзіне жас шағының ажарлы қызығыл нұры шыққан Базаралы үлкен, кесек сұлу қескінде. Қетеріліп алған иғы мен кеудесі, мынау отырған барлық адамнан асып, биік түргандай. «...Жұпның күім ішінде болса да, халықтан шыққан Базаралы, хасиет ұлындай...» Бұл Базаралының каторгадан қашып келген бетте Жігітек кеделерін бастап, өздеріне адам тәзбес қорлық көрсеткен Тәкежанның сегіз жүз жылқысын қырып салып, соның жауабына келіп отырған кездегі кейіп. Мұндағы Базаралы бұрынғы Базаралы емес, каторгада мектеп етіп келген Базаралы, помещиктерін үлпы отанымен өртеп, өмірбаки каторгаға кесілген Керала сықылды орыс крестьянан сабак алып келген Базаралы. Оның ел ішінде бұрын-сонды болып көрмеген жойқын зор курсес әрекетіне баруы соның нәтижесі болатын. Абай күрестің мұндай түрлерін Михайлоптан естісе, Базаралы сол күрескерлерді өз көзімен көріп, қайралып, катуланып келді. Сондықтан да Базаралының Тәкежан жылқысына жасаған сұрапыл шабуылның сырьы Абайға түсінікті. Ол бұл мәселе ағасы Тәкежанды емес, ашынған Базаралының құлдайды. Базаралы харектерінің көп жактары «Ботакөздегі» Амантай образына ұксайды. Бұл образдың бостандық көксеген халық үшін, халық кегін тану үшін және Абай образының халықтық негізін тану үшін мәні ете-мәте үздік.

М. Эуезов ескі дүниенің сақшыларын да орасаи күшті харектерлермен берген. Оның ішінде ең күрделі, кесек образ Құнанбай образының типтілігі, тұтастығы, толықтығы туралы ие айтса да сияды. Мунан бұрын «Камар сұлудағы» Жорға Нұрим, «Қалың маддағы» Түрліғұл, «Ботакөздегі» Итбай, «Тұнгі сарындағы» Майқан, «Еңлік — Қебектегі» Қенгірбай мен Еспембет

образдары өз кезінде, өз көлемінде қазақтан шыққан қанауыш озырылардың кейпін жақсы бейнелеген образдар десек, Құнанбай образы соның бәрінен сомдалып жасалған тәрізді — тенденсі жок, көркемдік салмағы соның бәрінен асып түскен, жартастай жақпар образ. Қыртысы да қатпар, бүкпесі де көп. Қартайған феодалдық қоғамның қара күш, қатал мінез-қылыктары мен құлық-сұмдықтарының бәрін дерлік бойына жинаған Құнанбай харakterі Шекспир жасаған харakterлердің галереясынан орын аларлықтай. Бұл образы жасауда Шекспирше карыштау, Шекспирше харakterдердің тұңғырының бойлау бар. Шынында Құнанбай бірыңғай жарсоғар озыры да емес, жылмақай қу да емес, пасық сүм да емес. Өйткен күнде мұның бәрі саязға біткен жалаң, ұсақ сипаттар болар еді ғой. Шынжыр балак, шұбар төс Құнанбайдың құз секілді шынырау жаратылысына біткен сипаттар көп. Олар оңай көріне қоймайды, жайын балықша теренге жасырынады, ал егер көріне қалғанда ол жарсоғарлық емес, тылсым ақылмен, бакай құлық емес, түпсіз зымияндықпен, уак пасықтық емес, кісінің жаны түршігерлік қара жүрек қатыкездікпен көзге түседі. Айбат шексе, айдаһар бейнесінде, дүшпаның қырына алса, жалғыз көзді тажал бейнесінде көрінеді. Керекті жерінде шешен, керекті жерінде тілсіз қаратас, түнжыраған қара бұлт... Құні санаулы ескі дүниені қорғау үшін, шенгеліндегі билік пен байлықты ұстап қалу үшін аузымен де, тырнағымен де аянбай іс-әрекет істейтін көкжал Құнанбай үстем таптың ең мықты тірегі. Оның арқырап, азынаң түрганда Кодарды өлтірткен жан түршігерлік қылмысын былай койып, қартайғандағы, қажы боп «тәубеге келгендегі» кезінің өзінде істеген қаталдығы Құнанбай харakterінің тұңғық түнегін анғартады. От басында тұралап жатып та Қаратайдың шағымы бойынша немересі Әмірді Үмітей қыздың тойында салдық құрып, ән салып, сүйіспендік сезімін байқатқаны үшін ракымсыз тұншықтырған тузы қакпанға түскең кәрі қасқырдың қылғының көзге елестетеді. «Тұн бойы шымылдықты бүріп отырған салалы сіңірлі саусақтар жас жігіттің алқымынан, жалаңаш мойнынан сығымдан қысып қалды. Қарт қолы әлі де, кәрі жыртқыш тегеурініндей күшті екен. Темір құрсаудай сығымдан ап кеп, буындырып, өзіне қарай сілке қысып, қинағанда босатар емес».

Абай міне, алдымен осы Қекжалға қарсы шығады. Құнанбайдың құдіретті аға сұltан, Абайдың әлі буыны бекімеген балғын жас екенін былай қойғанда, Құнанбай — Абайдың әкесі. Бұл жәйт Абайға қосымша қиындық. Сол себепті де Абайдың тегеурінді әкесіне қарсылығын әузелі штей, кейін сырттай келіспеу түріне айналады. Осы ұзақ бақасуда Абай әкесінің тәсілдерін колданбайды, қайта оларды жазғырады, әшкереледі. Әділеттіктің туын көтереді. Ескішіл Құнанбай қаншама күшті болғанмен, жанаңыл жас, өзі жалғыз және әлі әлсіз Абай жүрт көзінде бірте-бірте бел ала береді. ақыры оның мерейі үстем болып, азуы алты қарыс әкесін мысы жеңе бастайды. Осы бақастық ақыры, Әмірді Құнанбай тыриғынан Абай келіп босатқанда, араздық шегіне жетіп, Абай мен Әмір Құнанбайдың теріс батасын алумен «тынады».

Бірақ женілетінін мойындан, қол қусырған ескі дүние жок. Құнанбай шау тартқанмен, оның орнын басқан Оразбай, Жиренше, Майбасар, Тәкежан, - Әзімбай сықылды құнанбайшылар бар. Олар жаңалық атаулыға, Абайға қарсы, аш қасқырдай тісін қайран, ашина шықты. Бұлардың дәл осы ерекшеліктерін М. Әуезов өтө

орынды көрсеткен. Құнанбайдың жеткіншектері өздерінен бір буын бұрын жасаған жуан тұғыр мосқал үстазының кесек қасиеттерін жаңа жағдайға сәйкес ұсақтап, бөлісіп алған секілді. Мысалы; Оразбай озбырлығы мен ожарлығын және зұлымдығын, жиренше айлакерлігі мен алаяқтылығын, Тәкежан бакқұмарлығы мен тасбауырлығын, Әзімбай арсыздығы мен арамзалағын деген сияқты. Әрине, бұл пышақ кесті бөліс емес. Тек арқайсысына басымырақ тиғен үлестер. Пасықтық, ынсансыздық, дүниекорлық, караниеттілік, қаныпезерлік сияқты қылықтар мен мінездер бәрінен де молмол табылады. Осы бәріне тән қасиеттер әрқайсысында әр түрлі ерекшеліктерімен берілгендей, құнанбайшылар бір-біріне ұқсайды да, ұқсамайды да. Әдеби терминмен айтқанда, бұлар бір бағыттағы ұқсас типтер, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктері бар, нақты, жанды дара образдар.

Құнанбайлардың өмірден әлдекашан аласталғаны белгілі. Алайда, көркем сөз шебері жасаған әдебиеттегі Құнанбай мен Құнанбайшылардың типтері Макбеттін, Тартюфтін, Фамусовтын, Иудушканың типтері сияқты ұзак жылдар өмір сүрмек, әйткені бұлар шын көркем өнер образдары, сондыктan олар оқушыға эстетикалық әсер беруін коймайды, откен өмірдің терең сырны танытады және сонымен қатар бұл типтердің бүтінгі өміріміз ушін де актуалдық мәні бар. Бұлар осы күнгі адам мінезіндегі ескілік қалдықтарының туп тамырын қопарады. Сонымен, ұнамды образдардың шоқысы Абай, ұнамсыз образдардың шоқысы Құнанбай — екеуі екі дүниенің саңлакты белгісі іспетті. Бірі ұсынан шығуға ұмытылған — күн, бірі шығар күнге бөгет жасағысы келіп түнерген түнек сейілді. Біз «Абай жолы» эпопеясын жарты ғасыр казак өмірінің панорамасы десек, әлгі екі белгінің сол панорамага бірі жарық, бірі қараңғы түсіріп тұрған образдар жүйесі дең аламыз. Әйткені жарық, пен көлеңкесіз картина болмайтыны белгілі рой.

М. Эуэзов этосының негізгі идеялық желісі осы Абай тобы мен Құнанбай тобының, яғни жаңа дүние мен ескі дүниенің тынымсыз тартысына және әңбекші халық пен қанауыш таптын арасындағы бітімсіз қайшылықтың қабындаі, шиеленісе түскен тарихи жағдайды суреттеуге құрылғаны жоғарыда айтылған. Ал енді сол желі бірден қасқайып тартылған желі ме, жоқ оның әзірлігі болды ма? Абай тобы мен Құнанбай тобы дегендер табанда құралып, табанда жіктелген топтар ма, жоқ оның алдынала әзірлік жағдайы болды ма. Әрине, екеуінің де үлкен және ұзак әзірлігі болды. Ол әзірлік «Абай» романының екі кітабында суреттелген тарихи өмір жағдайы еді. Мұнда әлгі әзірлік процесінің өзегін салған образдар, бір жағынан, дәурені жүріп тұрған азын алты қарыс аға сұлтан Құнанбай мен оның бірде тату, бірде араз үзенгілес замандастары Байдалы, Байсал, Сүйіндік, Қаратай, Құлыншак, Бәжей сияқты ру басшыларының кесек образдары болса, екінші жағынан, түлек әзаман айналасына нұр шаша бастаған азamat ақын Абайдың жарқын образы және оның осындағы адам болып есүіне ынтал-әсері, катысы болған тәрбиеші ортасың ізгі адамдары: Зере мен Үлжаның, Шөже мен Біржаның, Базаралы мен Дәркембайдың, Абылгазы мен Баляғаздың, Михайлов пен Долговтың, Тоғжан мен Эйгерімнің, Салтанат пен Куандыктың, Оралбай мен Керімбаланың образдары.

Ру тартысын қоздырған Құнанбай мен оның замандастарының арпалық әрекеттері сол әрбір ру ішіндегі әңбекшілердің таптық сезімін еятуға себепкер болғаны «Абай» романының өзінде-ақ бай-

калатын-ды. Мұнда ру тартысы тек ру басшыларының ғана пайдасын көздейтінің бір кезде азғыруға ерген кедей ауылдар бірте-бірте түсіне бастайды. Сол сыйылды Абай да Құнанбаймен белдесіп майданға шықпаса да, әр жерде-ақ онымен қағысып, түйісп отырады. Мұның бәрі алдағы үлкен күрестің, Тәкежан, Оразбай, Жиренше, Есентай, Эзімбай сияқты ашынған жауларға қарсы ұзақ және киын әлеуметтік күрестің іштей әзірлігі болатын.

«Абай» романының сонында данышпан Пушкиннің ардақты Абай арқылы казак сахараасына алғаш Татьянасын жетектеп кеп, асыл жырларымен қазақ халқының қадірлі ақыны болғанын, қазақтың адап үл-қыздарының ыстық жүргегінен орын алғанын Әуезов жан тебірентерлік тамаша көркем, нәзік, әсерлі суретпен көрсеткен. Бұл суреттен де біз Абайдың Пушкин сыйылды даңа ақын болғалы тұрған және алдағы үлкен ақындық жолға түскелі тұрған кезеңінің аяқталған әзірлігін көреміз.

Сондықтан да жазушы «Абай» романының эпилогында Абай қнялын келешекке мензеп: «Шабытты ақын көңілі қазір көз алдында дала емес — теңіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, әмір тарих мол мұхитында бір кеме, жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да, ғажайып шұғылалы бір жағаға ұзақ сапарға басты ол кеме. Жағалауында «тартыс», «үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл «Абай кемесі» кең жарқын әлемге сенімді, түзу жол салып, маңып барады. Алға барады. Алға барады, ұзап барады...» — дейді.

Бірақ алда «шұғылалы жаға» әлі алыс екен, «тұн-тунегі» мен «күз — қиялы», «қапасы» мен «қастыры» мол әмір, тартыс деген ұзақ та киын жол бар екен. «Абай жолы» романында М. Әуезов енді соның панорамасын ашады. Онда бұрын «Абай» романында ұшыраспаған жаңа орта мен тың жағдайлар, бейтаныс адамдар мен әкіжалар суреттеледі, мешіт, ондағы хазірет, халпе, ишан, молдалардың жан түршігерлік сойқан, қараша қылыштары, кала ең-бекшілері мен затон жұмысшыларының аянышты, ауыр тұрмыс халдері, ел басына келген індет — оба, жұт, аштық тағы басқа апаттар патша үкіметінің халықтан алатын алым-салықтары, чи-новниктердің зәбірі, Жетісу казактарының тұрмысы, жауларының Абайға істеген жаңа қастықтары, жаққан күйе, жапқан жалалары, Мәкеннің махаббатын, бас бостандығын жақтаған Абайдың жұмысшылармен бірлесуі, жұмысшылардың орыс шаруаларымен тізе қосысып, қиянатшыларға қарсы шығы, Оразбай сияқты саудага бейімделген дала байларының айдан салуымен елдің берекесін алған ұры-кары, бұзық, барынташылардың бәле-батпан әрекеттері — мұның бәрі әмірдегі өзгерістерді аңғартады. Осы орта, осы жағдай, осы күресте көрінген діни басшылардан Ақишен, Сармолла, жұмысшылардан — Әбей, Әбді, Сейіл, Сейіт; Абайдың жаңа орыс достарынан — Павлов, Александра Яковлевна; қарақшы, бұзықтардан — Кордабай, Дайыр, Мынжасар; жаңашыл жастардан — Қәкітай, Мұхаметжан, Әбыш, Магаш, Дәрмен образдары — жаңа елеулі образдар.

Бұл образдардың жеке мінездемесін беріп жатпай, жалпы айтатын бір сөз — бұлар XIX ғасыр мен XX ғасырдың шекарасындағы тарихи жағдайдың сыртты мен сиқын беру ушін жасалған образдар. Сондықтан 30—40 жыл бұрынғы әмірді суреттейтін «Абай» романының бірімші кітабындағы характерлерден олардың көп айыр-

масы бар, өйткені олар заман туғызған ірі өзгерістер мен жаңа белгілерді бейнелейді. Басқаны былай қойғанда, тіпті екі романда қатынасатын Абайдың өзі соғы романда қашама жаңалықтары мен көрінген.

Сондай-ак феодализмнің арқыраған адұныны, көкжал бөрісі Құнанбай мен оның сақа замандастарының соғы романда дәурені бітіп, саҳнадан таюы, олардың орнын азғындаған, бықсық, жымысы, корқау қасқыр секілді құнанбайшылардың басуы, ал бұларға қарсы Абай төңірегіне үйіскан ендекші халықтың игі жақсы үлкыздарының көбейе де көтеріле түсі — Құнанбайлар дүниесінің күні кеш тартып, Абайлар дүниесінің таңы саз беріп ата бастағанының нышаны еді. Бірақ Абайлардың ескілікпен күрес күші әзіртеп емес-ти. Ескі дүние қантардағы қыс тәрізді, әлі азынаган күшінде болатын. Оның мықты екені рас. Патша үкіметі де сол дүниені қолдайды. Сондыктан ескі дүниенің дүлей өкілдерін жана дүние жаршыларының тура мағынасында жеңуі ол заманда тіпті де мумкін емес еді. Абайдың жеңісі көбіне тек моральдық жеңіс, тек ой үткесі болып келеді. Абай «өз» туыстарымен, «өз» табының өкілдерімен күрескенде, оларды жығып көзге түспейді, жығатындығына сендіріп көзге түседі, өйткені Абай ісі әділ іс, ал әділдік келешкте жеңбек. Міне, тарихи шындықтың мағынасы, даму заңдылығынан туатын меже, перспектива осы болатын.

\* \* \*

«Абай жолы» эпопеясының төрт кітабына енген оқиғалар мен әпізодтар саны, катысуши адамдар саны үшан-теніз көп. Олардың бәрі өзара сабактас. Шығарманың үзак сюжеттік желісінен шашау шығып түрган бірде-бір құбылыс таппайсыз. Эрқайсыны өз орнында қажет қызметтін атқарып, композициялық күрілімнен кірпіш бол қаланғандай. Керегесі кең жайылған алып шығармадан ұланасыр қоғам өмірі өріс тауып, орын тепкен. Абай өмірі шығарма құрамындағы құбылыстардың бәрімен де тікелей, не жанама турде байланысты, қалай да болса қатысты. Осындағы байланыста Абай образы халық өмірінің улкен бір дәүірін ақындық көзден өткөріп суреттеу үшін өте колайлы жағдай болғанын жазушының өзі де жақсы түсіндіреді. «Кең құлашты жастар мей сәтті таңдалған герой» (ерекше тұлға, ұлы ақын, парасатты философ, халық қорғаны), геройымның өзі қаласын-қаламасын, өз замандастарының күллі қайғысы мен қуанышын өз жан-сезімінен өткізіп отыруға мәжбүр болған, сол үшін сокқы үстіне соққы қөрген аянышты, қынтағдыры маған қазақ халқының өткен жолы мен күресін қызықты бағындауға жақсы жағдай жасады».

Мұндай жағдайды тауып, оны алуан арқаулар арқылы Абай жүргімен жалғастыру әрі көрегендікті, әрі зергерлікті керек қылатын өнер. Ұлы суреткер М. Әүесовтың керемет композиция құру шеберлігі романиның ішкі бірлігін нығайтып, ішкі аумағын кенектітті. Әдette композициялық шашыранқылық шығарманың жалпы бүтіндігін бұзып, одан алынатын әсерді де шашыратады, сөйтіп шығарманың ішкі аумағын тарылтады. Ал «Абай жолы» романы сырт көлемінің улкендігімен ғана емес, композиция шеберлігі жасаған ішкі кеңістігімен де аясына бірнеше романдық оқиға мен тартыстар сыйғызған. Мысалы, басқаны былай қойып, бір ғана махабbat ізін-

дегі драмалық ситуациялардың өзі төрт романға материал боларлық (Оралбай мен Керімбаланың, Әмір мен Үмітейдің, Салиха мен Шалдың, Дәрмен мен Мәкеннің тарихы). Осылардың бәріне Абайдың қатысы бар. Оның бұл қатысы — көп мәселелер ішінде әйел тенденциялардың мәселесіне де көзқарасын толық аныктап, Абай образының әлеуметтік мазмұнын терендете түсқен.

Төрт кітап роман-эпопеяның стильдік бірлігі де композициялық бірлігімен сабактас. Кейде стильдік бірлікті стильдік біркелкілік деп үғынатындық бар. Дұрысында ол міндепті біркелкілік емес, барлық элементтер мен компоненттерді бірлестіріп, әрбір характердің осы тұстағы, осы жағдайдағы нақты күйінен айқын аныктай білу ғой. Ендеше, он үш жастағы бала Абай мен қырық жастағы ақын Абайдың, елуден аскан ойшыл Абайдың айнала дүниеге көзқарасы, әмір құбылыстарын сезінуі, сөйлеу машығы біркелкі болуы тіптен мүмкін емес. Бұл ретте М. Әуезов жомарт суреткерге тән стиль оралымдылығын тауып, халық тілінен көркем бояу, сарын, құрал байлығының қазынасын ашты. Эпопеяның бірінші кітабында жас адамның көктем шағына лайық гүл шашқан балауса сезім, романтикалық сарын, ашық, жарқын суреттер мен образдар: желсіз түн, жарық ай, тасыған өзен, жасыл дала, көгілдір аспан, кекше тау, жынын, той, ат бәйге, балуан күрес, алтыбақан, аксүйек, ән-куй, әзіл-күлкі, сырласу, сүйісу т. т. өзгеше көз тартады. Екінші кітабында есейіп ат арқасына мінгес шактағы талант иесінің толысқан творчестволық ой сезіміне лайық психологиялық толғаныстар, әмір сирын түйген, байсалды топшылаулар шындықты жіті көріп, дәл бағып айтатын байыпты реализм ерекше көніл аударады, ал соңғы екі кітабында — егде тартқан, «картайып қайғы ойлаған» шактағы халық қамкоры, қоғам қайраткері данышпан адамның күрделі ойлары, философиялық, даналық есietтері айрықша көкейге конады.

Бұл бір ғана Абай әміріндегі өзгерістерге байланысты стильдік өзгешеліктер. Ал Құнанбайдың билерше сөйлеуі, Дәркембай, Базаралылардың байырғы халық тілімен сөйлеуі, Михайлов, Павловтардың логикалық топшылаулармен орынша ойлап сөйлеуі, молдалардың араб, фарсы сөздерін арапастырып сөйлеуі, сүйіскең жастардың маҳабbat тілімен түсінісуі, оқыған жастардың сезіне кітаби, әдеби элементтердің әсері, жұмысшылар мен шаруалардың, чиновниктер мен саудагерлердің ортасындағы кәсіпке байланысты диалектизмдер, әр кілі диалогтар, монологтар, авторлық ремаркалар, лирикалық шегіністер, параллелизмдер, ұзынсуре баяндаулар мен суреттемелер — мұның бәрі Әуезов тілінің шексіз мүмкіншілігін аңғартады. Сырт қараған кісіге бұлар стиль алалығы болып көрініп мүмкін. Дұрысында олай емес. Бұл жазушы стилінің байлығы, оралымдылығы, көп қырлылығы. Стильдің күлпірып, әр кезеңдегі образының характер ашу міндептіне сәйкес өзгеріп отыруы оның әрі композиция құрылышымен, әрі образ жүйесімен бірлігін дәлелдейді. Сонымен, композициялық бірлік сияқты стильдік бірлік те шығармалардың ішкі аумағын көңейтіп, оған ұзак дәуірдің, улкен әмірдің панорамасын сыйғызуға себепкер болған.

Роман — бейнебір көркем галерея. Галереяның жай қоймадан айырмасы — мұндағы картиналар мен портреттер белгілі жүйемен, тәртіппен орналастырылады да, олардың тарихтық, мағыналық, эстетикалық бірлігінен толық мәлімет, тұтас әсер туғызытын композиция құрылады. Сонымен бірге галереяда ілінген көркем шығармалардың жарығы мен перспективасы адам көнілінде қиялға, шабытқа

кеңістік жасайды. Шығарманың ішкі аумағы, ішкі кеңістігі дегеніміз осыған үласады. Бұл аумак, бұл кеңістік нағыз талантты туындыға ғана тән. Өмір материалы — адам тағдыры мен характері оған көп сыйып, көржем жайғасады.

Ідеялық-көркемдік дәрежесі биік реалистік романда ішкі кеңістік әдеби образдардың типті қасиеттеріне, терең психологизміне, компоненттерінің композициялық, стильдік бірлігіне қарай жасалады. Роман түгіл өлең жолы туралы А. Некрасовтың, «орын — сөзге тар, үйға кең» болсын дегені де осы мағынада айтылған гой.

Шығарманың ішкі аумагының көндігі реализм өнерінің үлкен жаңаңылтық табысы. «Абай жолының» роман-эпопея жанрын жататындығының бір белгісі — оның сырт көлемінің үлкендігі болса (бұл шешуші белгісі емес), екінші маңызы белгісі — оның ұзақ дәуір, ұлы оқиғалар қамтыған сол ішкі аумагының үлкендігі. Шығарманың шті-тысты қолемді де, аумакты болуы өмір объектісін кең және терең қамту ғана емес, сонымен бірге әдебиеттің үш түрлі тегін де арапас қолдану деген сөз. Бұдан бұрын ескерткеніміздей, орыс совет романдағында орын тепкен тыңғыштық жаңаңылтық бірі онда эпос, лирика, драма элементтерінің бірімен-бірінің сабактас журуі десек, бұл құбылыстың әсіресе роман-эпопеяда кең орын алғанын атау айтуымыз керек.

«Абай жолы» эпопеясы ішкі сарайы кең, образдары мен характерлері психологиялық терендігін, диалектикалық даму заңдылығын сактаған синтакс тауларлы болғандықтан, мұнда басқа компоненттермен қатар кең құлашты эпостың аясында шиеленістер мен монологтар, төбөріністер мен толғаныстар, махаббат күйлері жаراسынды бірлік тақкан. Мысалы, бір жағынан, эпикалық кең жоспарда ас, той, барынта, төбелес, жұт, індет, съезд, сайлау сықылды ірі оқиғалар баяндалып жатса, екінші жағынан, солардың арасында бүрк етіп шыққан дау, талас, тартыс, кісі өлімі сықылды драмалық және трагедиялық жайлар суреттеп жатады. Ушінші жағынан, романын бас қаһарманы сүйкіті ақын Абайдың көңіл-күйі, жан құбылысы, жарқын ақындық сезімге бөлентен табиғат, махаббат сырлары оқушы жүрекіне мәлдір бұлактай құйылып, адамның ең нәзік эстетикалық сезіктерін оятып жатады.

Бұл М. Эуэзовтың әрі көрекен суреткер, әрі күрделі сюжет пен композиционның шебері екенін көрсетеді. Оның суреттерлігі, адам характеристерінің, түрмистің және табиғаттың толып жатқан көріністерінің көркем картинасын, бейнесін, кескін-келбетін өзінің нағыз ақиқат пішінінде суреттеуінен байқалса, ал композиция шеберлігі — осының бәрінің белгілі тәртіппен бір шығарманың тұлғасына сыйызып, оларға жан беріп, өмір беріп, жұлын, жүйке, қан тамырларымен өзара байланыстырып шыға алатындығынан байқалады.

Қысқасы, эпопея әдебиеттің барлық жанрынан да жетілген жаушылың сершінің танытатындағы. Бірсесе лирик ақынның риясыз таза көңілкен ақтаратылған нәзік жүрек сырын, бірсесе эпик әңгімелешің шымырлаған дария ағысындаш шалқи толқыған сабырлы хикаясын, бірсесе жалынды драматургтың от шашып тутіккен өткір де уытты диалоги кездестіреся, бірсесе туган дала табиғатының әр мезгілдегі құлпыраған көп болулы көріністерін суреттейтін тамаша пейзаж картиналарды көресів, бірсесе әсопеядары есебі жок көп, алақұна адамдардың әрқылы характерлерін, аз сөзben қыска қайрыны, шебер түйетін дәлме-дәл мінездемелерді табасыз. Байқағыштық, көрекендік, сол байқап көргендерінің ішінен ең маңыздысын, түйін,

дісін тауып, саралап ала білушілік жаңаресе реалист суреткерге ең қажет қабілет. Осы қабілет М. Эуезов туындысында айрықша көзге түседі. Шығарманың көркемдігі көп элементтерден құралады. Оның барлығы жазушының дүние тануына, өмір шындығын терең білуіне, қолданған әдеби әдісіне, таланттына, шеберлік өнеріне байдалысты екені белгілі. Бұл айтқандарды шығарманың көркем болып шығышықпауының негізгі себебі мен шарты деп білсек, М. Эуезовтың шынайы, көпқырлы таланттын сипаттайдын шеберлік, амал-тәсілдері сан алаудан.

Көркем әдебиеттің бірден-бір өзіндік құралы және көркемдіктің де басты белгісі — тіл ғой. Ал «Абай жолының» тіл байлығы мен тіл қолдану шеберлігі туралы қалай айтса да сыйды. Ол — қазақ халқының сөйлеу тілі мен фольклор, жазба әдебиетінің сездік корын мол қамтып бойына сіңірген тіл. Сол себепті бұл шығарманы сез байлығы жөнінде қазақ тілінің қымбат қазынасы дей аламыз. Бұрын көп окушыларға белгісіз сездер М. Эуезов романы арқылы қазақтың әдеби тілінен заңды орын алғып, кен пайдаланып кетті. Сонымен қатар, бастапқы мағынасынан ажырап, көнерген сездер де Эуезовтың қолдануында жана мағынаға ие болып, жаңғырып шықканын білеміз. Мұның бәрі Эуезов тілінің сездік, лексикондық жағы. Ал бірақ жазушының тіл шеберлігі оның лексикон байлығымен ғана өлшенбейді, сол байлыкты жазушының шығармада пайдалану шеберлігімен яғни синтаксистік құбылыссымен өлшенеді. Бұл ретте М. Эуезовтың шеберлігі ерекше.

Ал енді сол ерекшеліктер неде деп білу мерек? Ол ен алдымен М. Эуезовтың творчестволық амал-тәсілдерінің ерекшелігінде, яки оның өзіне тән стиль ерекшелігінде. Біздің қаірігі қаламы төсөлген прозаиктеріміздің бәрінің де өзіне тән қалыптасқан стылі бар. Мысалы, кейбіреу женіл оқылатын сұлу ойнақы сойлемдерімен, ажарлы, сырлы сездерімен, афоризмдерімен, әзілдерімен белгілі болса, кейбіреуі ойға, шікірге құрылған құнарлы, бірақ сырт жылтыраты кем, окуға ауырлау, домбал, шұбалаң сейлемді, қара дурсін, жалпақ синтаксисімен, ал кейбіреуі диалогі басым, фразалары келте, тұжырымында, мақал-мәтедлермен сыйналған, уақығалы-кимылды сөйлеу тілінің құрылыштарымен белгілі. Бұл стильдердің әрқайсысының өзіндік орны, өзінше ұтымды жақтары бар. Соңықтан мынау артық, мынау кем деп алалау қын. Ал М. Эуезовтың стилине оралсақ, мұндағы интонация әрдайым уақығаларының ауанына қарай екпінін өзгертіп отырады. Уақыға туралы автор әнгімелеп кетсе, ол да көсіліп сала береді, уақыға шиеленіссе, ол да шынышық атада, уақыға жайылып, ағысын баяулатса, ол да мамырлайды. Эуезов тілінің бояуы көп, бірақ оны жазуши сараң қолданады, үнемдел қажетіне ғана жұмсайды. Оnda орынсыз лепіру, сезімсіз шарықтау, әдемі, әсем тіл үшін әдейі тырысуышыл жок. Жазушының бай тілі тек картина жасау үшін, образ, характер жасау үшін қызмет етеді. Соңықтан ол түрін, түсін, әрине, жағдайға қарай құлпыртып отырады. Мысалы, қатерлі уақығаның карсанындағы кешкі көрініс мыналадай үрейлі қара бояумен суреттелген: «Айсыз кеш, қоңырқай ағаш үйдің қорасында қап-қараңғы боп тұнның қапты. Эсіресе тәбесі жазық, бүйірі ашық лапас маны күйедей қап-қара. Ондай тұстарға үйқылы тұн үялағандай, желсіз, жұлдызызыз аспан да қазір меніреу қара... Жерге мүлде ентелең төне түскен тәрізді. Тек қана қаланың иттері тыным тапқан жоқ, бірін-бірі қоздыра, өшіктіре, өршелене үргендей болады... Осыдан басқа Күмаш қорасының ау-

ласынан білінген тірлік белгісі жок». «Абай жолының» соңғы кітаптың осы бір картинасы «Абай» романының бірінші кітабында Абайдың Тоғжанмен кездескен кешіндегі картинамен салыстырысана, бірінде «сүттей жарық, айлы тун. Таң әлі жок. Бірак жок екенин білсе де, Абай әлдекашан өзгеше «танды» сезеді. Күйік те, куаныш та, азап та бар — жүрек таңы...» делініп, Абайдың риясыз таза жарықын махабbat сезімі суреттелсе, енді бірінде төбесіне қаралғылық пен қауіп тәнген, қатерлі іске бел байлаң қайғы күткен Дәрменнің албарлы күйі суреттеледі. Геройлардың көңіл-күйіне қарай алынған екі түрлі картина, айырмасы түн мен күндей, ақ пен қараңыз карама-қарсы картиналар. Міне, осыған орай жазушының тілі де бояуын мұлдем өзгертуіп жіберген. Ал енді соның өзінде екеудін ортақ негізгі қасиет бар, ол — Әуезов тілінің шыршадай қою, оралымдылығы, сейлемдерінің қысқа, жұмыр, нәрлі, бейнелі болу келетіндігі. Былайша айтқанда, Әуезовтың проза тілінің Пушкин прозасы секілді қарапайымдылығы, реалистігі, көркем лаконизмі. Қазак романының жаңар, стиль ерекшеліктерін сырт көздің қалай көретінін білу үшін Румынияның сыншысы Еуген Марианның «Абай» романын талдаған мақаласынан мынадай бір узінді алып қарайык: «Жазушыда анық қалыптасқан күшті драматургиялық қасиет бар,— дейді сыншы «Газета литерарнасында»,— оның шығармасы қимыл-әрекет динамикасы қым-қиғаш шиеленіс, үлкен тартыс үстінде дамуымен оқшауланып тұрады. Жазушы оқиганың есіп, дамуын кәдімгідей табиғи түрде көрсетеді. Осының бәріне автордың үлкен шеберлікпен қолданған уытты, еткір сатирасын қосуымыз керек...»

Романың тілі жатық, көркем, әрі шешен. Бұл оның поэтикалық ерекшелігі болып табылады. Оның баяндау мәнері сарқырап ақкан өзеннің күшті ағысында, негізгі геройның образына лайықты қабысып жатады<sup>1</sup>.

Осы қысқа узіндінің өзінде румын сыншысы қазақ романының поэтикалық ерекшеліктеріне жататын маңызды сипаттарын дұрыс тауып көрсете алған.

Суреткердің көркемдеу куралы, көріктену бояуы орасан мол. Бірақ мол екен деп, ол бұларды беталды баттастыра бермейді, қажетінше орынды жұмсал, үнемдеп пайдаланады. Мысалы, ұзыннан-ұзақ мағынасыз, сылбыр диалог мұнда жок, драматургияда қаламы төсөлген Әуезовтың романдағы диалогі де шағын, жұмыр, тұжырымды. Ол әрі оқиға желісін шыныршақ аттырып, шығарманың динамикасын күштейтеді, әрі адам характеристінің қырларын ашуға тікелей қызмет етеді.

«— Бар сезік осы ғой, Тәкежан мырза. Зорлығына, содыр-сойқанаңыца жауап та бергін келмейді ғой!

- Келмейді, үә, келмейді!
- Бермейсің ғой жауапты.
- Бермеймін саған!
- Шын бермейсін ғой, Тәкежан!
- Бермеймін, бермеймін.

— Жә, жетті! Сен де уш қайырдың, мен де уш қайырдым. Жетер шекке жетіскең екенбіз! Атадан үл бол туғаным шын болса, тұнырынды бір шайқармын, Тәкежан! Екі тұмақ жок болса, екі өлмек те жок. Ерек болсан, осы арадан көшпей отыра бер!—деді!».

Міне, бұл Жігітек жатақтарының жеріне басып-көктеп қонған

<sup>1</sup> «Простор», 1962, № 3

Тәкежан мен оны көшірмек бол қелген Базаралының арасындағы диалог. Мұнда қысқа да болса жалын атқан уытты сөздерден мәселенің бұдан кейін насырға шабатыны (Базаралы Тәкежанның 800 жылдықтың күшін алады) және зорлықшыл Тәкежан мен халық қамқоршысы Базаралының қарама-қарсы характерлері айқын ашылып отыр.

Табиғат суреті мен адам портретін жасау жөнінде М. Эуезовтың шеберлігі алабетен. Бірақ, бір қызығы, осының ешқайсысын жазушы дербес мақсат етіп алмайды. Мұның бәрі жазушының образ жасау мақсатына бағынышты. Белгілі бір оқиғаның жағдайын, кейіпкерлерінің бейнесін, көціл-күйін аша түсү үшін қажет болған тұстаған автор табиғат көрінісін, адам пішінін геройының психологиялық жан құбылысына ұштастыра суреттейді. Мұнда да ол бояуын сараң жұмсал, азғана сипаттармен көп мәнді картина, образ жасауда ұста. Айталақ, Құнанбайдың портретін жасауда жазушы оның жалғыз көзін сипаттау арқылы ақ даланы тітірентікен қатал да қаһарлы аға сұлтанның характерін қолмен қойғандай көз алдына әкеледі. «Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал тұмсығының сол иғына шығып алып, қалғымай, сакшыдай бағып осы өнірді қалт етпей күзетіп тұрган сияқтанады. Қоя берсін, салырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші. Жалғыз көз шүнет емес, томпакша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады».

М. Эуезов суреттеген Тоғжан, Керімбала, Салтанат, Салиха, Үмітей сықылдың сұлу қыздардың портреттері біркелкі емес, алуан түрлі. Оның себебі сол қыздардың образ ерекшелігіне, характер өрекеттеріне байланысты екені сезсіз. Тоғжан мен Эйгерім үқасас. Бұл үқастық Абай маҳаббатының логикасынан туған қысынды қажеттік еді. Басқаларында мұндай үқастық жоқ. Әсіресе көз бітісінде үқастық жоқ, әйткені суреткөр көз бітімін характер өзгешелігіне сабактас алып қарайды. Мысалы, Тоғжан мен Эйгерімнің көздерін «әдемі қара көз», «кішілеу қара көз», «ұялы қара көз», «нәркес көз», «сыпай қарайтын, ойлы, нұрлы көз» деп сипаттаса, Салтанаттың «сәнді салмакпен, баяу тәңкөріле қарайтын үлкен кой көздерінде назды, нәзік сүйкімділік бар»,— деп түйеді. Ал Салиханың көз сипаты өзіне басқа, «Салиханың үлкен түңгірық қара көздері өзгеше екен. Ойлы оты бар, нұрлы көз. Ұзын, жиі кірпіктері, көзінің онсыз да үлкен қараышының коныр көленкелендіріп, әсіресе теренде-тіп көрсеткендей. Мұндағы «түңгірық», «ойлы», «оты бар» «коныр көленкелендіріп», «теренде-тіп көрсеткендей» деген сипаттар жай айтылған емес. Осының бәрі қосылып, көп қайғы тартқан, мұн шеккен қыздың ішкі жан дүниесінің айнасы іспетті сыр ашып түр. Жазушының өзі де солай топшылайды: «Бұл ренжігіш, не-месе көп мұн мұндан қалған жас жүздің ішкі шерін танытады»... Сайын айтқанда, «Абай жолы» эпопеясының көркемдік ерекшеліктері бұл шығарманың үздік таланттан туған жеміс екенін танытумен қатар, социалистік реализмнің сансыз көп қыры мен сарқылмас мол мүмкіншіліктері барын аңғартады.

\* \* \*

Социалистік реализмнің ұлы туындысы деп танылған «Абай жолы» романында шынайы шыншылдықпен бейнеленген қыруар картина, образ, характерлерді айқындаіп түсіп, эстетикалық әр,

әсер беретін айрықша бір жылы леп пен көтерілкі сарың бастап аяқ үзілмейді. Ол — Абай образының арқауы етіп алғынған лиризм мен романтикалық арман, қиял. Бұл қасиеттер, бір жағынан, Абай жанының диалектикасын, Абай поэзиясының сырың сезінуге жәрдемдессе, екінші жағынан, Абай арманың болашақ шындықпен сабактастырады. Баста тастакты жарып шыққан шыбық шынардың образы мен романының акырында өсіп, қартайып, бұтактарыңан айрылып мерт болған, кейінгіге тек үргыны қалдырган бәйтерек шынардың образы да осы мақсатты қөздейді. «Абай» романының эпилогындағы келешекке мензеген «Абай кемесі» болсын, «Абай жолы» романындағы Абай арман еткен «жарқын тан» болсын, Абай образына нұр беріп, онын асыл арманың біздің заманымызбен үндестіріп түр. Күннің көзі бүрүн түсетін ақшар таудың тәбе шынындағы замандастарынай озық түрган Абай караңғы тунекке жарық іздең шарқ үрәді, халық камын ойлап, қан құсады, зар шегеді. Соңда оның қырағы көзі жүрттән бүрүн болашақты шалды, алыстағы шұғыла шашқан әділеттік пен адамгершілдік кемеріне үміт жүгін артып, қиял кемесін аттандыры. Сод бір күйі да қынр жолда Абай не тапты. Асыл арманың тапты, тапты да табысты, өзінің миллиондаған мұрагерлерін тауып, мәнгілік туысты. Міне, бұл жөнінде «Абай жолы» романының Абайға істеген қызметінде шек жоқ.

Қайтыс боларынан бір жыл бүрүн «Литературная газетада» жарияланған әңгімесінде марқұм М. Әуезовтың өзі былай деп еді: «Сүйікті геройым, құрметті Абайға ой-қиялым жиі-жиі оралып отырады. Абай ушін қуанам. Окушыларға... мына бір шамалығана еңбегімнің арқасында бүрінғыдан да ғөрі жақын туысып келгеніме, қуанам. Ол миллиондаған дос тапты. Абай табысының ең үлкені осы», Абай дүниеден қайтар шағында ұшқыр қиялымен алдағы арманын — алтын арай таңды көріп, мынадай суретті көз алдына келтіреді: «Тек алыста, көз ұшында, қиядағана, әзір бергі бетін түн түнегі басқан биік қоңыр бел бар. Соңың ар жағынан алтын арай жарқын тан, түн түнегің азада серпілтіп, баяу көтеріп жеңіп келе жатқаңдай. Абай бар ойы, бойымен сол арай алыс таңға құбыласындаған бой үруда».

Міне, бұл әмірден озған ақын қиялы. Сүм заманда мұратына жете алмай, қайғы-құсадан, қорлықтан мерт болған «жүргегі қырық жамау» ұлы адамның өлім құшагына еніп жатып, жарық болашаққа ұшырған арман құсы, шексіз сенімнің келешекте түскен сөнбес қоулесі. Осы сәуле емес пе өлтөн Абайдың есімі мен идеясын қараңғы тунектен алып шығып, келешек үрпақтарға жеткізген? Осы қиял емес пе откен әмірдегі Абай арманын, халық мұратын біздің заманының алтын арай таңымеи ұштастырган? Абай реалистік образына рух беріп, жан беріп, әрлендіріп түрган да осы романтикаға. Мұның өзі шындықтан озып, окушыны жарыққа жеткестейтін, өрге өрлеңтіп, алға шақыратын өрен қиял, революциялық романтика социалистік реализмге жат емес, қайта тән екенін талай рет ескерткен М. Горький сөзін жандандыра түсетіндей: «Юманите» газеті «Абай» романы француз тіліне аударылған тұста: «Абай арманға белейтін кітап, «Абай» қазақтың «Иллиадасы»,<sup>1</sup> деп тамаша тауып айтқан. Осы пікірді қуаттап, анықтай түскен француздың белгілі жазушысы Жан Спангаро былай депті: «Бұл әрі қызық оқигалы

<sup>1</sup> «Юманите», 1960, 19 август.

роман, әрі халық өмірі туралы эпос... Өткен заманнын абыз ла сиқырылар ароматына толы Әуезовтың бұл тарихи романы бүтіндегі болашакка мензеген туынды... Социалистік реализм әдісінің қасиеті осы ғой...<sup>1</sup> Шыныда да бул романды бүгінгі күн үшін актуалды еткен, орасан тәрбиелік, эстетикалық мәні бар халықтық, партийны туынды еткен сол социалистік реализмнің қасиеті.

Әпопеяның алғашкы кітабы жарық көргеннен бастап, осы күнгө дейін отыз жылдан астам уақыт өтті. Бұл екі арада роман әуелі орыс тіліне, кейін ондаған туысқан совет халықтары мен шетел тілдеріне аударылып, дүние жүзіне, әйгілі де сүйкіті шығарма болып алуы да сол себептен. Абай туралы әпопеяны көп үлтты совет әдебиетінін А. Фадеев, М. Шолохов, К. Федин, Н. Погодин, Вс. Иванов, Н. Тихонов, Б. Горбатов, К. Симонов, Мехти Гусеин, Айбек, А. Тоқамбаев, Б. Қербабаев, А. Файзи сыйылды көрнекі өкілдерімен катар жер жүзі әдебиетінің Назым Хикмет, Луи Арагон, Анна Зегерс сыйылды атышулы, ардагер жазушыларды да өте жоғары бағалап, шығарманың тамаша қасиет, сипаттарын атап көрсетті. Олар шығарманың әр қырынан келіп, бірін-бірі пысықтап, жаңданыратын да, еселең толықтыратын да құнды шікірлер айтты. Оның бәрін бұл жерде тізіп, талдаپ жату мүмкін емес. Тек кейбіреуін ғана мысал үшін ауызра алса болар еді. «Правда» газеті: «Абай» романы қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл совет әдебиетінде үлкен оқиға» десе, М. Шолохов оны «совет әдебиетінің нағызы талантты шығармаларының бірі»,<sup>2</sup> — деп бағалады. Н. Тихонов бұл роман-әпопеяны «тым ірі совет жазушысының творчествосындағы ғана үздік шыккан шығарма емес, бұл өзінің айқын көркемдік қасиеттерімен біздің бүкіл көп үлтты әдебиетімізде айрықша көзге түсетін шығарма» десе, Всеволод Иванов оны «поэзиялық туынды», ұлы құбылыс, өңжыры туралы роман,<sup>3</sup> — деп бағалады. А. Фадеев: «Патша заманнында тек 1,5 проценті ғана сауатты болған қазақ халқының әдебиетінде қазір тамаша романдар пайда болуда. Солардың бірі Мұхтар Әуезовтың сол халықтың еткен ғасырда өмір сурған тандаулы классик ақыны туралы жазған «Абай» романы десе, Б. Горбатов: «Орыс мәдениеті мен оның озат адамдарының Абай үшін және қазақ халқы үшін қаншама зор игілікті іс істегенін Әуезов тамаша етіп көрсете білген... Тарихи шындықтың шенберінен шықпаушылық романды шын мәніндегі осы замандық шығарма еткен», — деген еді. Ал К. Симонов: «Қазақтың ұлы ағартушысы Абай образын романының негізін өзегі ете отырып, автор сонымен бірге халық өмірінің картинасын және мейлінше жомарт көрсетеді. Абайдың ұлылығының өзі оның халқының мұқтажы мән болашағын әрі дүрүс, әрі көретенділген уға білуінде жатыр» десе, Л. Соболев: «Мемлекеттік сыйылых алған бірінші қазақ романының Абай Кунанбаев жайындағы роман белдүйін ерекше маңызы зор. Өз көзінде Абай сахнаға Пушкин Татьянасын экеп, өз халқыны орыс әдебиетімен таныстырган еді, оның үрпактарының бірі қазақ жазушысы Абайдың өзін көп миллионда-

<sup>1</sup> Бұл және будан кейінгі шетел баспа орындарына жарияланған пікірлер Б. Невскаяның («Простор», 1962, № 8) мақаласының алдында.

<sup>2</sup> Второй Всесоюзный съезд советских писателей. Степ. отчет. М., 1956, стр 375.

<sup>3</sup> Вс. Иванов. «Роман о песне»— «Литературная газета», 1948, 10 ноября.

ған орыс окушысына таныстырып отыр», — деді. Бір-біріне қайши келмейтін, қайта толықтыра түсетін бұл пікірлер көп қырлы қазақ романын әр қырынан алғы дүрыс сипаттаған.

Осыған жалғас енді туысқан ұлт әдебиет өкілдерінің пікірін алғы таныссак, олардың романға жоғары баға беруімен бірге, М. Әуезовті өздеріне ұстаз тұтатынын көреміз. Шыңғыс Айтматов, Аскад Мұхтар, Ахмет Файзи сыйылды талантты прозаиктердің творчество-сына М. Әуезовтың ігі эсер, ықпалы барлығын байқау кын емес. Бұл факт қазақ әдебиетінде пайды болған ұлы туындының көп ұлтты совет әдебиетінің көрнекті табысы болуымен бірге, сол одақтық әдебиетті бұдан былай өсіруші фактордың біріне айналғанын дәлелдес керек.

«Абай жолы» романын көп ұлтты совет әдебиетінің көп бұтағының бір бұтағы қазақ әдебиетінен туған тамаша жеміс, бұл жеміс бүкіл совет әдебиетінің дүниежүзілік данқына үлес қосып отыр. Оның үстінен бұл эпопея туған қазақ халқының өмірін, тарихын өмбө әлем окушыларына таныстырыған туңғыш шығарма. Ағылшын тіліне аударылып, Канадада шыққан «Абай» романы мен оның авторы туралы «Нозен Нейборг» журналының жазғаны өте дүрыс және әділ: «Бұл біздің бірінші қазақ авторымыз. Окушыларымыз сіздерге қазақтың ұлы ақыны Абай туралы ағылшын тілінде шыққанражайып романның бірінші басылуын мақтандырып ұсынып отырмыз.

Өзгеге көңілім тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсын,—

деп жалынды жыр жазады екен ақын. Абзal жанды ақынын халқы үйіп тындаса керек. Қазақ дегеніміз қандай ержүрек, неткен кеңпейіл, өнерлі халық. Бұл туралы бұрын-соңды мәрдымды ештеңе білмегенді. Халық өмірі жан толқытарлықтай жақсы суреттелген, көркем кестеленген «Абай» романы арқылы сіздер қазақ өмірімен танысадыз<sup>1</sup>.

Романның осы айтқан жан толқытарлық, керемет көркемдік қасиеттері, шындықтың ақиқатын суреттеу шеберлігі, өмір құбылыстарын адам харakterі арқылы терен де толық бейнелеуі, оның шынайы халықтың шығарма екендігі — осының бәрі қазақ эпопеясының барлық жерде құдіретті ықпалы мен әсерлілігінің ең басты себебі болып табылады. «Абай жолы» социалистік реализмің үздік жеңісі бола тұра, осы әдістің түрі, стилі, құрал-тәсілдері үшан-теніз бай әдіс екеніне даусыз дәлел. Және, сонымен қатар, социалистік реализм шығарманың ұлттық ерекшелігін жояды-мыс деген дүшпандардың өсегінің өтіріғін ашатын шығарма. Өйткені оның ең асыл қасиетінің өзі осы ұлттық ерекшелік деген проблеманың дүрыс, жақсы шешімін тапқаидығында жатыр. Мұнда терен социалистік мазмұн өзіне сай бай ұлттық форма тауып, қызықандықтан да оны социалистік реализмінің ірі көркемдік жеңісі деп білеміз гой.

Мұнда шығарманаң ұлттық ерекшелігі яғни жағдай мен геройлардың ұлттық харakterлер ерекшелігі, олардың өзіндік өзгеше қалпына, сөздеріне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, әдетіне байланысты ерекшеліктің түрлері көркем шығарманың коммунистік идеялылығына, тарихи шыншылдығына кесір келтіріп тұрган жок, қайта

<sup>1</sup> «Литературная газета», 1961 г.

соған себін тигізіп, қолғабыс етіп түр — шындықты көркем бейнелеудің бұл жерде ең қажетті куралы болып түр.

«Абай жолы» романы мынадай бір түйінді пікірдің дұрыстырына айғақ бола алды: нағыз үлттық, шынайы халықтық, партиялық шығармаға үлттық шағындық, үстірттік сыйылды ұғымдар мұлдем жат. Нағыз үлттық шығарма өзінің идеялық және эстетикалық ықпал, әсерімен жалпы интернационалдық рухта қызмет ететіні анық.

Сол себепті қазақ халқының үлттық топырағында туған және халық рухынан нәр алған көркем эпопеясы дүние жүзінің барлық халықтарына бірдей ұғымды да түсінікті. Оның тағы бір себебі бар. Мұнда үлттық қасиеттер айқын көрінумен қатар, адам баласының баяғыдан бері ең игі талаң, ой армандары да жақсы орын тапқан. Бір кездे Шекспир, Гете, Бальзак, Анатоль Франс, Роллан жасаған образдар мен орыстың ұлы классикалық әдебиетінде көп кездесетін дүние жүзі оқушыларына таныс сарындар мен идеялар (кәдіулігі В. Белинский айтқан «жалпы адамдық» идеялар) қазақтың үлттық ұғым, сезімдерімен өріліп, орынды да жарасымды берілген.

Халықтың көбі хат танымайтын, қазақ дейтін қараңғы, мал баққан көшпелі ел. Үйі де, киімі де, тұрмысы да, салты да, тіршілігі де, тартысы да, тілі де, діні де, түсі де — бәрі де алабөтен, өзгеше. Қысқасы, тарихи ерекше өмір сурген, айрықша географиялық және этнографиялық жағдайы бар, дәуірлеген қанаушы бай, билері мен молдалары бар, сахарада азап шеккен еңбекші адам, момын да дарынды бұқарасы бар қазақ халқы сырт көрінісінде ешкімге үқсамайтын сияқты. Бірақ жіті суреткер сырт көрінісімен қалған жок, халық өмірінің тұңғызына барды, адамның ішкі дүниесіне үçілді, адам жанының, адам характеристінің әрқылы астарын, қалтарысын, сырын ашты. Сөйтсе, адам қайда да адам екен. Сырты «бөтөн» қазақтың ой-піғылымда, сезімінде, арман-мұратында, бүкіл адам баласына тән қашшама үқсастық бар дейсіз. Әуезов бейнелеген Зере, Ұлжан, Иіс пен Горький бейнелеген Каширина, Ниловна сыйылды аналардың аналық сезімінде; Әуезов бейнелеген Тоғжан, Қерімбала, Эйгерім, Салиха, Салтанат пен Шекспир, Гете, Роллан бейнелеген Джульєтта, Маргарита, Антуанетта сыйылды қыздардың кіршікіз таза махаббатында; Әуезов бейнелеген Абай мен Шекспир, Гете, Роллан бейнелеген Ромеоның, Гамлеттің, Faустың, Жан Кристофтың толғанған жан тебіренистерінде үқсастық жок деп кім айтады? Бұл не? Бұл — қазақ адамының үлттық өзгешелігімен бірге оның бүкіл адамдық қасиет, сипаттарын әлемге әйгілі ету, қазақ адамының рухани дүниесін социалистік гуманизм биғінен жер жүзіне таныту.

Қазақ эпопеясының дүние жүзілік данқы да, Әуезов образдарының дүние жүзі әдебиеті жасаған бүкіл адамзаттық мәні бар образдар галереясынан орын алатын себебі де міне осыған байланысты.

Социалистік гуманизм мен интернационализмнің елеулі жеңісі бол табылған қазақ ромаиының дүние жүзілік беделіне тірек тағы бір себеп бар. Ол мынау: романдағы жетекші сарынның бірі — халықтар достығы, нағыз ізгі сезім. Бұл сезім романның барлық тарауының жұлдыны секілді, шығармаға айрықша үлкен тыныс, жылдылық леп беріп тұрған ұлы сезім.

Қазақ халқының озық ойлы үлдарының өткен заманда орыс мәдениетіне бой ұрып талпынуы, сондай-ақ саналы орыс адамдарының езілген қазақ еңбекшілеріне деген қашаннан адамгершілік көзқарасы, туысқандық жылы шапағаты екі халықтың ежелден бір-біріне

достық бейімін көрсетсе, осы тарихи табысқа қазақ халқының ұлы орыс халқымен әуел баста достасу кезеңін Мұхтар Әуезов романында сәтті суреттеп көрсеткен. Осы күні достықтың жоғары шынына шықкан советтік социалистік үлттардың мызғымас биік түрғысынан қарап сипатталған тарихи шындық, аға орыс халқының көмек, жәрдемімен жарық болашаққа ұмтылып, қарағызылғыққа, қанауга, зорлық-зомбылыққа қарсы курескен халық өкілдерінің шынайы образдары қазақ епопеясын бүтінгі күниң рухында жазылған, интернационалдық мәні бар шығарманың қатарына қосады.

Романның интернационализм және осы күнің советтік заман руҳында жазылу себебі өзінен өзі түсінікті. Мұнда біз лыпылдан соғып тұрган совет жазушысының тамырын сезінеміз, марксизм-ленинизм философиясын қару етіп, тарихи шындықты суреттегендеге өмірге коммунистік дүние тану түрғысынан жарық түсірген, барлық мәселелерді осы күннің көзқарасымен шешетін партиялық жазушының жүрек дүрсілін танимыз. Міне осы марксизм-ленинизм философиясының көмегі болмағанда, жазушы қазақ халқының жарты гасыр өмірін дұрыс ұғынyp, мұншылдықты терең суреттеп шыға алар ма еді?

Әрине, совет жазушысының қаламынан туған қазақ епопеясының халықаралық беделінің сырьы да осы сияқты оның барлық халықтардың жаңына жағатын маңызды мәселелер мен идеяларды, барлық прогрессивтік адам баласына қымбат асыл ой, сезімдерді қамтуындаған емес, сонымен бірге осылардың бәріне шебер суреткердің көркемдік тіл (көң мағынасында) тауып беруінде, бұларды үлкен көркемдік күшпен айта алуында, жеткізе алуында. Қыскасы, жазушының жаратылышында, дарынды тәжірибесінде, кемелденген үздік зор талантында.

«Абай» романын француз тіліне аудартып, редакциясын басқарған Луи Арагон «Совет әдебиеті» деген ариналуы еңбегінде М. Әуезов «Біздің заманымыздың аса ұлы ақындарының бірі<sup>1</sup> деп бағалағаны белгілі. Андре Стиль «Юманите» газетінің бетінде Луи Арагон пікірін қуаттай келіп, былай деді:

«Мұхтар Әуезовтың романы алар болсак, мұнда ең алдымен поэзияның лебіи сезімесін, қыыр кеңістіктің кереметті сезінесін. Біз үшін бұл қыыр алыс жердің, уақыттың ғана қыры, әйтпесе мундағының бәрі біздің қазіргімізбен ғажап үндеседі, ейткені бұл халықтың тағдыры алабөтен тағдыр емес кой». Француздың белгілі сыншысы Бержерон өзінің үлкен мақаласының корытындысында: «Әуезовтың үніндей үнмел, Әуезов жырлаған ұлылықпен, керемет маҳаббатпен жырланған бакытты халықтың, шіркін не арманы бар екен»,— деп түйеді.

Коммунистік органдарда ғана емес, буржуазиялық баспасөз біліде де қазақ романы туралы осы іспетті тамаша баға, мінездемелер көп ұшырасады. «Нувель литтерер» журналының рецензенті Арагонның пікіріне толық косылатының мойындал, М. Әуезовті «Тынық Донды» жазған Шолоховпен бірге Толстойдың мұрагері деп есептеу керек<sup>2</sup> деген. Австрияның «Вег үнд циль» журналы «Абай» романын қазақ халқының тарихына байланысты көң алып бағалайды. «Біздің көз алдымызда Абай ақынның өмір тарихы тар кемерінен тасып шықкан жеңімпаз, ерен өзен сыйылды, сол кездегі көшпелі қазақ халқының тарихына астасып жеткен. Әуезов үлкен

<sup>1</sup> «Юманите», 1960, 27 октябрь.

<sup>2</sup> «Простор», 1962, № 2

суреткерге тән нәзіктікпен, шығысқа тән әдемілікпен және әшекей-лікпен, толып жатқан әсем детальдармен, библияның «Жыр кітабы» секілді керемет поэзиясымен бізге үш ұрпакты көрсетумен, тұган халқының келелі кезеңін көзімізге елестетіп отыр. Швейцарияның «Форвертс» газетінің пікірі де осы тақылеттес. «Әуезовтың бұл романы казак халқының сол кездегі тұрмысын айқын және шындық жағдайында көрсетумен ғана окушыны еліктіріп қоймайды, жазушымен бірге өзін адам міnezін суреттеудің асқан шебері екенін танытады».<sup>1</sup>

Шетел окушылары мен сыншыларының пікірлерін жинақтап, қорыту үшін тағы бір сын мақаласына тоқтау қажет сияқты. Ол Лейпциг қаласында шығатын «Дер библиотекар» журналында жарияланған неміс сыншысы Герберт Кремпненнің мақаласы. Әуезовтың «Абай жолында», — дейді сыншы, — өткен ғасырдың екінші жарты-сындағы казак халқының өмірі, сол кездің әдет-ғұрып тұрмысы, сол күйінде әр қырынан, өз сатысымен тамаша дәл бейнеленеді.

Бұл кітаптың аты немісше «Таң алдында» деп аталады. Бұл ат болашақ зор даңқы шығатын жаңа ақынның дүниеге келуімен бітпейді. Ол сонымен бірге ғасырлар бойы артта қалған бүтін бір халықтың енді-енді қалыптасып келе жатқанын, оның тарихында тұңғыш рет еркін болашаққа қадам басқанын көрсетеді.

...Жазушы бізге «бүгінгі» күннің гуманист, революциялық социал-демократтары тәрізді үн қатады. Ол өзі материалының поэтикалық қызығына еріп кете бермейді, қайта белгілі бір қорам дамуының Үлкен бір бөлөгін алып, оны нақтылы көрсетуді қөздеген. Осының өзі-ақ романды классикалық шығармалар дәрежесіне көтеріп тұр»<sup>2</sup>.

Үлкен талант иесі Мұхтар Әуезов жасаған қазактың тұңғыш тарихи роман-эпопеясын бүкіл әлем әдебиетінің бүтінгін бағалғы, сол әдебиеттің «классикалық шығармаларының дәрежесіндегі» нағыз халықтық, поэзиялық туынды деп тану және ондағы «тұңғыш рет еркін болашаққа қадам басқан» халық өмірінің тамаша суреттеген тұтас бір тарихи кезеңін Абай сыйылды даңқты жаңа заман жарышының арман-күйінен сәйкес «Таң алдындағы» жағдай деп біліп, автор үнінең бүгінгі күннің гуманистік, революциялық үнін есіту «Абай жолы» романының құны мен сырын дәл, дұрыс, терең түсіну деген сез.

\* \* \*

Өзінің атышулы эпопеясын 1956 жылы аяқтап, сүйікті геройы Абайды осы заман окушыларымен табыстырылғаннан кейін, Мұхтар Әуезов совет жазушыларының алдыңғы шебінде жаңа жорыққа аттанды. Ол бүгінгі күн тақырыбын игеру мақсатына бүтіндей беріліп, өмірінің соңғы бес жылында коммунистік құрылыштың кәп маңызды салаларын аралады, көп құрделі құбылыстарды, адамдарды өз көзімен көріп, өмірдің терең тұғырығына үцілді, сөйтіп, алғашқы әсерлерін түйіп, бірқатар көркем публицистикалық очерктер жазды («Түркстан солай туған», «Индия очерктері»). Бұл тұста ол шет елдерге де жиі барып, көргендерін суреткер көзінен өткөріп, қызық очерктер мен эпизодтар жариялады. Мұның бәрі жауынгер совет жазушысының адам бақты үшін, коммунистік жаңа дүние үшін,

<sup>1</sup> «Простор», 1962, № 2.

<sup>2</sup> «Простор», 1962, № 2.

бейбітшілік үшін шарқ ұрған белсенді күресінің бір көрінісі болатын. Бұл күрес М. Әуезовтың тағы бір ұлken суреткерлік жоспарын туғызыда да, жазушы «Абай жолында» суреттеген дәуірге жалғастыра, XX ғасырдағы казак өмірін тұтас қамтитын бес томдық жана әпопея жазуға кіріскең еді. Оның бірінші кітабында 1905 жылғы революция мен 1917 жылғы Октябрь социалистік революциясының аралығы, екіншісінде Қазақстандағы азamat соғысы жылдары, үшіншісінде индустримальды бесжылдықтар дәуірі; төртіншісінде Отан соғысының кезі және ең қырығы бесінші кітабында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрес көрсетілген.

Бірақ М. Әуезов әпопеясын бірінші кітабынан бастамай, соғы кітабынан бастады. Бір кезде халық барынша сусап күтіп отырған бүгінгі күнің қауырт ақтуалды тақырыбына арналған «Қөтерілген тының» жазу үшін «Тынық Донның» соғы кітаптарын кейінге сырғыта тұрған М. Шолохов тәрізді, Әуезов те кезекті романдарына дайындалған материалдарын былай қойып, дәл қазіргі коммунистік курылым адамдарының өміріне арналған бесінші кітапты жазуға кіріскең-ді. Заман одан осыны талап етіп еді, халық одан осыны күтіп еді. «Жазушының өз заманы алдындағы жауаптылығы,— деп жазды М. Әуезов,— ең алдыңғы қатардағы ең ұлken жай екенін үмітуға болмайды... Заманымыздың жан түкпіріндегі, жүрек тереңіндегі сыры мен шынын ашу үшін өзіміздің де күресімізді соған үйлес ашу керек». Бірақ, амал не, ажал оның дегеніне жеткізбей, арамыздан алып кетті де, жоспарланған ноян туындының тек бір кітабының ғана нұсқасы жазылып қалды. «Өскен өркен» деген атпен 1962 жылы жарияланған бұл кітапты қазақ окуышылары жылы қабылдап, тәнті болған сезім, пікірін білдірген-ді. Кітап А. Пантелеевтің аудармасымен орыс тілінде 1965 жылы «Дружба народов» журналының 1-ші номерінде жарияланып, Одак окуышыларынан да тәуір бағасын алды, «Өскен өркен» осы аяқталмаған, әбден қырналып бітпеген күйінің өзінде қазіргі қазақ прозасының осы заман тақырыбына, дәл бүгінгі замандастарымызға, бүгінгі күннің өзекті проблемаларына арналған шығармаларының көрнектісінің бірі. Бұл романың жақсы қасиеттерінің ішінде алдымен атап айтارлық біреуі — ол қазақ әдебиетінде дәстүрге айналған орыс халқы мен қазақ халқының достық қарым-қатынасының қазіргі шындықта лайық дүрыс көрініс тапқандығы. Мұнда осы екі халықтың бүгінгі замандас адамдарының сөз жүзінде емес, іс жүзінде, ұлы коммунистік құрылымста бірге еңбек етіп, біте қайнасқан туыстыры ақыратпап шынандағы сипатталып суреттеген.

Кемеліне келген соң шеберлігінің көп қырлы, кең тынысты шығармасында мораль-этикалық, тәрбиелік, салт-саналық, ұлттық проблемалар бар шоғырымен көтерілген және осылардың бәрі халық шаруашылығының басты бір саласы — мал шаруашылығы проблемасымен табиғи тамырласып тұтасқан. Бұл романына ол тек жазушы ретінде ғана емес, сонымен бірге мемлекет қайраткері ретінде материал жинап, көрген білгендерін көркем сезімге бөлеп, саяси санамен корытқан.

Өмірде, құрылымста кездесетін қындықтарды, ескіліктің әлі де қалмай келе жатқан қырықтарын шыншыл жазушы батыл айтып, оларды жеңіс тұрғысынан суреттейді. Сондыктан шығарманың оптимистік қарымы күшті, қылышы, мінезі жаман адамдардан өмірдің өзінен бел алып, өзек тартқан жақсы адамдардың салмағы аяғүр-

лым басым. Нил Карпов, Алмасбек, Эсия, Жәкен, Айсұлу, Ілияс, Арман, Петро, Медет, Сарадат көргені мен түйгөні мол жандар және басқа да осылар тәрізді жаны бай, жүргөтізгі адамдар моральдік жағынан сілікпесі шыққан отсыз, ойсыз тірлік иелерінен мөлшерсіз жоғары.

Бұлардың ішінде автор жүргөн кең ашып табысқан басты герой Нил Карпов — облыстық партия комитетіндегі секретари. М. Әуезов өзі көп уағыздаған, мұрат еткен интеллектілі герой осы. Қайтыс боларынан бір ай бұрын М. Әуезов «Литературная газета-да» жарияланған мақаласында: «Менің геройым — биік интеллектінің адамы, орыс мәдениетінің өкілі. Оның қатысты емес ісі жок, қазак халқының өнері мен әдебиеті болсын, жастардың түрмис күрған жаңа қоғамы болсын — осының бәрін ол білгісі келді, ма-хаббатты ескі әдет-ғұрыптардан қорғайды, алыс жайылымдардағы малышылар өмірінің аса ауыр жағдайларына мықтап жаны ашиды. Ол өзінің барлық күш жігерін жүрт үшін бағыштап, адамның жақсы өмір сүруі үшін өресі биік, жаны таза, нәзік сипат алуды үшін қызымет етеді» деген еді.

Шынында да Карпов, автордың өзі мінездегеніндей, нағыз «партия адамы», «ұлы адамгершіліктің үлгісі», «бүгінгі советтік қайраткер» болып шыққан. Ол қазіргі өміріміздегі қандай іс, оқиға болмасын, соның бәріне қоян-қолтық араласып, зер салып жүреді, керек жерінде жан сала кіріседі. Шопандар ортасына барады, адам тағдырына көмек етеді, қол үшін береді, ол халыққа үйретіп қана коймайды, одан өзі де үйренеді. Қезбояуушылыққа дауықпалауыққа, мещандыққа қаны қас. Тек кара басының ғана қамын ойлап, тапсырылған Іске жан-тәнін сала қимылдайтын әкім-сұмақтарға аяу-сыз катал. Ленин партиясы жіберген өкіл ретінде танылған оның адамгершілік, іскерлік сипаттары айнала қоршаған адад совет адамдары ортасында барған сайын биіктеп, шоқтықтан түседі.

М. Шолоховтың «Адам тағдыры» туралы М. Әуезов: «Шолохов әңгімесіндегі ең ірі қасиет, менің білуімше, жазушы мен геройдың жүректері бар шындарымен ашылысып ұшырасуында», — деп еді. Осыны оның өз геройы Карпов туралы да айтуга болады. Қазақстандағы мал шаруашылығы проблемасына, шопандар түрмисына, мәдениет мәселелеріне, әдет-ғұрыпқа деген автор мен Карпов кез-қарасында әлгідей жүрек ұшырасуы бар. Өзінің көп ойын автор осы сүйікті геройының көкірегіне құйған. Мысалы, М. Әуезов шопандардың қазірде де баяғы ескі түрмис жағдайында күнелтетінін партиялық турашылдықпен, төзбестікпен қатты да ашық айтып, Карповтың аузына мынадай сөздер салады: «Кейбіреулер. Қазақ үйренген, шопандар қыста да, аязда да киіз үйде тұра бере алады. Ондаған үрпактар осылай тұрған» дейді... Өтірік, жан ашымастан тұған өтірік.», Карпов — біздің заманымыздың геройы, бірақ әсірелеген, асырып сипаттаған герой емес, өмір шындығынан ойып алған герой.

Тұран халқының өмірін жақсы билетін М. Әуезовтың көреген көзі жаңалықты құбылыс, сипаттарды жақсы байқаған.

М. Әуезов бұл романында бұрын белгісіз жаңа әдеби образдар тауып бейнелеген. Соның бірі — обкомның екінші секретары Алмасбек Жайлыбеков. Бұл өзі қазак әдебиетінде тың образ — ол теңізде, Балтық флотында қызмет істеп шынықсан қазак. Ақылдылығы мен білімділігінің үстінен партия жұмысында мол тәжірибе алған. Карпов пен Жайлыбеков тек қана «тіл табысқан» адамдар емес, үғымы,

кезқарасы үйлескен, бірінің білмегенін бірі біліп, бір-бірін толықтыруши шын серік адамдар. Халық ортасында туып өсken Алмасбек еңбек адамдарымен сейлесе біледі, мұн-муддесін тани біледі. Оның устіне туған елінің азыз-ертеғілерін де жақсы біледі. Бул ретте ол Карповка таптырмайтын көмекші.

Романда басқа да бірқатар партия, совет қызметкерлерінің образдары жасалған. Олар: Элім Ерімбетов, Ахан Сұлтанов, Жарасов т. б. бір мақсаттағы коммунистер болғанымен, бұлардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен көрсетілген. Ауыр қыс, мал басына төнген жут қаупі оларға үлкен сынақ бол табылады. Халық ісіне шын берілген табанды, қажырлы коммунистер бұл сынектан абыраймен етеді.

Көп геройлардың катарында айрықша кез тартатын Эсияның образы. Ол оқыған, көзі ашық, қазак әйелдері арасынан көтерілген саналы, коммунист қызметкер, қандай жауапты жұмыс болса да ат-қара алатын қайраткер. Бір кезде Бейімбет Майлін бейнелеген Раушан мен Эсияның сипаттарын салыстырсақ, бұлардың бір бағытта алынған образдар бола тұра, интеллект дәрежесі жоюйнен көп айырмасы бар. Шала сауатты, мәдени дәрежесі төмен Раушан алғашында өз правосын үшін күресте таптық сана-сезімі шынығын, ауылдық совет председателі дәрежесінде көтеріле, Эсия мәдениеті жоғары, парасатты, интелигент әйел, оның үлкен күрделі маселелерді үғынуға, мемлекеттік қорытындылар жасауға өресі жетеді. Эсия Қазақстанға жаңадан келген Карповты республика өмірінің сан ауданы салаларымен таныстырып, кейде оған кеңес те беріп отырады. Мұндағай әйелдер бұрын иекен-саяқ болса, қазірде көп — олар партия, совет қызметінде, өнерде, ғылымда, медицинада жауапты рольдер атқаруда. Сәтті шыққан Эсия образы арқылы жазушы бүгінгі өсken қазак әйелдерінің сипаттарын шебер жинақтап бейнелей білген.

Басқа ұнамды образдар да әрқайсысы өз харakterімен, өз әдет-салтымен, өз өмірбаянымен танылады. Олардың кескін-келбеті де, ғойлеу мәнері де өзіне басқа. Мұны біз адам образдарының еңбек процесінде, қындықтармен күресте жаңа белгі, сипат тапқан харakterлердің даму қалпынан көреміз.

Ұнамды образдар қатарында айрықшы көзге түсстік тағы бір екі адамның тұлғасын атап айту мақұл. Олар практикаға келиген оның шы класс оқушысы Медет пен аның қызы Сағадат. Бұлар — жаңы адал, таза, еркөнл, еүйкімді жастар. Медет бірнеше күн катты боранда қалып, бір кора койды аман сактайды. Сағадат үшін-қызы жоқ қарлы далада Медетті тауып алды, оған көмек көрсетеді. Жастардың жарқын мінез, сипаттары осындай романтикалық жағдайда суреттеп, қындықтармен табанды күресу, жену түрғысында айын ашылған.

Романда ұнамсыз геройлардың сыйқы — олардың маскуиемдік, бұзақылық, сыйбайластық, бюрократтық, жағымпаздық смықылды қылжатары айқын бейнеленген. Айсұлудың інісі Арманиның өлімінен себепкөр болған топас, арасыз, маскунем жігіт Сағит, оның қылмысын бүркемек болған аудан прокуроры Саматов, аудан соты Бекбаев, Сағиттың ағасы Бейсен, оның арамтамақ женесі Әсел — бұлар ескіліктен қалған, пасық мінез-қылжатармен кірленген лас адамдар. Жазушы бұлардың үсқынсыз бейнелерін жиренішпен шебер суреттейді. Суреткөр Айсұлу қызы бен оның шешесі Нұрбібінің бақытсыздығын баяндаудан бұрын өткен замандағы Алға қыздың осы тәрізді трагедиясын ете орынды түсірген. Өйткені бүгінгі Айсу-

луга істелген зорлық баяты заманың Алуага істелген зорлығының топас ескілігінен қалған жаңғырығы тәрізді.

Елу жыл бұрынғы оқиғаның азызға айналған түрін М. Эуезов жан тебірентерлік эстетикалық өсермен, күш-куатпен шебер суреттеп бере алған. Бұл ғана емес, көп реттерде ол өзіне тән әпикалық қарыммен, драмалық шиеленіспен, наәік лиризммен әңгіме шертіп, қоғатынада адамдардың портретін, харakterін, психологиялық жан құбылысын, қылы-қылы табиғат құбылыстарын көрікті бояулармен бейнелеп берген.

Әрине, аяқталып бітпеген туындының олпы-солпсызы да, кем-кетірге де кездеседі. Жазушының жалын атқаи публицистикалық сарыны — бұл романдағы оның шығармаға тыныс беріп тұрган жақсы қасиеті. Бірақ кейде сол сарын психологиялық көркем мінездеменің орнын ғасып, адам харakterінің сипаттын суреткерлікпен бейнелеуден ғөрі жалай насиҳат, үгіт-өситет сөздермен баяндау жағы бел алатыны да бар. Осылай жай Қарповтың да басынан аз-кем деп табылады.

Кайткенде де М. Эуезов сықылды көркем сөз шеберінің осы күнгі тақырыпца батыл барған тәжірибесі, онын коммунизм құрылыштарының бейнесін жасау жөніндегі барлауы мен бастама нұсқалары осы заман тақырыбына баратын қалам қайраткерлеріне жетістігімен де, кемістігімен де сабак бола алады.

\* \* \*

Мұхтар Эуезовтың өмірбаянын қысқаша шолған тұста оның оқығаны да, тоқығаны да көп, білімді, мәдениетті жазушы екенін және қоғамдық, творчестволық қызметтің көп қырлы, көп салалы екенін ескерткенбіз. Байсалды зерттеген кісігө академик, профессор М. Эуезовтың әр салада сінірге еңбекі жеке-жеке монографияға жеткілікті материал боларлық. Оның отыз жылдан астам уақыт институт, университеттерде әдебиет пәннен лекция оқыған педагогтік қызметі, орыс әдебиеті мен дүние жүзі әдебиетіне оннан астам пьеса, роман, әңгімелер аударып, қазак оқушысына жеткізген шебер аудармашылық қызметі, орта және жоғары мектептер үшін қазақ әдебиеттің тарихын жазысқан және тұған әдебиеттің қырық жыл бойы даму үзесіне белсенді катысЫп, пайдалы пікірімен, жақсы өнегесімен үнемі ат салысқан ғылыми, әдеби сыншылдық қызметі — зерттеу үшін үшан-теніз еріс. Үлкен суреткердің барлық жанрда жүзеге аныған творчестволық принциптерін тани түсу үшін оның кейір әдеби теориялық-сыныптылық пікірлеріне тоқтау керек.

М. Эуезов тұған қазақ әдебиеті мен ССРР халықтарының әдебиеттерін ұлы орыс әдебиеті мен дүние жүзі классикалық әдебиет үлгілерін зерттеу, аудару, уағыздау жөнінде әр заман тынбай қызмет етті. Мысалы, атап айтсак, қазақ әдебиеттің тарихына алдымен барған адамның бірі М. Эуезов (ол 1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты кітап жазған). Қазақ фольклорының ертегі, айттыс, эпос сықылды негізгі жаңрлары туралы құнды енбектердің авторы — М. Эуезов. Қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын терең зерттеп танытқан — М. Эуезов. Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында шыққан алты томдук қазақ әдебиеті тарихының бірінші кітабының бас редакторы да — М. Эуезов. Қыргыз қалыңының атақты эпосы «Манасты» зерттеп монографиялық еңбек жазған, Ш. Руставели, Т. Шевченко сықылды

тысқан ұлт әдебиеттерінің классиқтері туралы байыпты мақалалар жазған және казак совет әдебиетінің очеркіне СССР халықтарының әдебиеті туралы үлкен тарау жазған — М. Әуезов. Орыстың классикалық әдебиетінің реалистік дәстүрлерінің қазак әдебиетіне илгі әсері туралы жіті бакылау жасап, Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстой, Островский, Чехов, Горький творчествосы туралы асыл ойлар айтқан да — М. Әуезов. Қөркем аударманың проблемаларын көтеріп, СССР Жазушылар одағының екінші съезіндегі М. Рыльскиймен, П. Антокольскиймен қосылып баяндама жасаған да — М. Әуезов. Сол сықылды М. Әуезов «Коммунист» журналының бетіндегі М. И. Фетисовпен қосылып әдебиеттегі ұлттық форма, ұлттық характер туралы мағнапы мақала жариялады. Оның устінде М. Әуезовтың бүгінгі қазак совет әдебиетінің әр кездегі жетістік, кемістігі мен кезекті міндеттері туралы нақты жаңир, тақырып проблемалары туралы, жеке жазушы мен шығармалар туралы келелі ой, пікірін ортаға салған мақала, баяндама, ақыл кеңесінде есеп жок. Мұның бірсиптәресі М. Әуезовтың екі тілде, қазак тілі мен орыс тіліндегі жарияланған «Мысли разных лет», «Уакыт және әдебиет» атты кітаптарына енді»<sup>1</sup>.

М. Әуезовтың тек Қазақстан шенбереіндеға емес, күллі Одак қөлеміндегі кеменгер үстаздың бірі екенін «Литературная газетада» Тұрсын-Заде өте жақсы айтқан. «М. Горькийді, А. Фадеевті, С. Айніді, М. Әуезовті, М. Рыльскийді, С. Маршакты еске алайықшы... Біз бұлардың жетім қалғандай болдық қой — олардың даналығынан, білімінен, кеңесінен айрылдық, қықасы, олардың зор мәдениетіне, ғалымдығына, білімпаздығына негізделген және еліміздің көп ұлтты руханы байлығына деген шынайы гуманистік, интернационалдық мұддесіне негізделген асылдарымыздан айрылдық».

Шынында да М. Әуезов еңбектері осы айтқандай үлкен ақыл, талант иесінің, бай білімінің, жогары мәдениетінің, сирек кездесетін даналығының жемісі еді. Оның әрқайсысы тысқан совет халықтарының өткендегі рухани мұрасы мен бүгінгі гүлден өсken мәдениетіне деген шексіз ықылас, құштарлықтан туған — түрі ұлттық, мазмұны социалистік совет мәдениетінің гуманистік, интернационалдық рухта даму мұддесінен туған. Өнер мен әдебиетке байланысты кең тынысты еңбектерінде М. Әуезов әрдайым үлкен диапазонмен социалистік реализмің теориялық проблемаларын көтеріп, оны дұрыс шешу үшін көп күш жүмсады. Мұны ол әсіресе туған қазак әдебиеті материалдарына байланысты көбірек жүзеге асырды.

Қай әдебиеттің қандай құбылысын, қандай өрнек, ұлтсін алма-сын, Мұхтар Әуезов сонын барлығында мынадай мақсатты көбіне көздейді: ол көп ұлтты совет әдебиеті құрамында басқа тысқан әдебиеттермен тығыз байланыста қазак әдебиетінің де өркендер өсуі үшін сол құбылыс, сол өрнек үлгінің тиісінше және мүмкіндігінше әсер, пайдасын карастырады. Бұл реттегі өзінің теориялық қорытындыларын М. Әуезов бай материалға, мол тәжірибелеге құрады, інзік талдаудан, қысынды салыстырудан шығарып жасайды. Мысалы, қазак ертегілері мен эпосын, айтысы мен мақал, мәтел, жұмбактарын сөз еткенде, зерттеуші оларды дүние жүзі әдебиетіндегі осы жанрлардың үлгілерімен салыстыра алғы қарайды. Абай творчествоның қазак әдебиетімен қатар Шығыс, Батыс және орыс әдебиеттерімен байланысты қайнар ғұлак, көздерін ашады. Сондай-ақ осы

<sup>1</sup> М. Ауэзов. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959, М. Әуезов. Уакыт және әдебиет. Алматы, 1962.

күнгі роман және интеллектилі герой проблемасын қозғап, өз тәжірибесімен қатар басқа совет романистерінің де түрлі тәжірибелерін салыстырып ортага салады<sup>1</sup>.

Ал драматургия туралы жазған әлденеше мақала, баяндамаларында Эуезов өзінің аударған Шекспир, Гоголь, Тренев, Погодин сықылды драматургтердің пьесаларын қазақ тілінде өз дәрежесінде жеткізу қамын бір қарастыrsa, екіншіден солардың талант ерекшеліктерін анықтап, әрдайым осы шеберлерден творчестволық үйрено жолдарын көрсетеді. Орыс классиктерінің прозасынан И. Тургеневтің «Дворян ұясы», Л. Толстойдың «Той тарқарда» сықылды шығармаларын қазақ тіліне аударған жазушы өзінің аудармашылық тәжірибесіне сүйене отырып, көркем аударманың принциптері жөнінде әр кезде әрқиыл пікірлер ұсынды. «Той тарқарданы» аударған тұста М. Эуезов еркін аударманың принципін жактаса. «Дворян ұясын» аударған кезде ол дәлме-дәл аударманың принципіне жақын келіп еді. Қейін бұл екі принциптің де біржактылығына көзі жеткен теоретик аударманың көркем сәйкестігін көздөйтін баламалық (адекваттық) принциптің дұрыстығын қолдан дәлелдейді.

ССР халықтарының ірі өкілдері мен қазақ әдебиетінің көрнекті жазушыларының ішінде М. Эуезовтың пікір айтпағаны жоқ десе де болады.

Қазақтың ақын-жазушыларының, сыншыларының С. Сейфуллин, Б. Майлін, И. Жансугіров, С. Мұқанов, Ф. Мұсрепов, Ф. Мұстафин, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Ф. Орманов, З. Шашкин, Ә. Әбішев, Д. Әбілев, Т. Ахтанов т. б. әдебиет процесінде алатын орны, творчестволық ерекшелігі, жеке шығармалары жөнінде Эуезов көптеген ой-пікір айтқан.

Совет поэзиясының сұнқары, революционер-большевик ақын Сәкен Сейфуллин творчествосының характерін анықтаған М. Эуезовтың осыдан отыз жыл бұрынғы мінездемесі ескірер ме, сірә? 1936 жылы жазған шағын мақаласының өзінде М. Эуезов Сәкен поэзиясының маңызын, ерекшелік қасиетін топшылад, бейнелі түрде екі түрлі қасиетін сипаттап көрсетеді. Бірі — тәқаппарлығы, екіншісі — шыншылдығы. Біріншісі туралы былай деп еді: «Сәкеннің ақындық асуласында, әр жотадан атой бергендей, тәқаппар сөз үндері «Жабы емеспіз, тұлпармыз», «Құладін емес, сұнқармыз» деп бұрынғы өткен тарихқа, бүтінгі оянған табына, езілген еңбекшілерге дабыл ұрады. Бұл сияқты тәқаппар үннін өскелендеп, үдеп келген бір тұрғысы — «Альбатрос». Заманының қасарысын сокқан дауылана қасынып ал, қанатымен кар сабап, қарыса ушқан Альбатрос анау, Сұнқар «тұлпардың» екінші аты. Ол СССР. Тәқаппарлықпен қарысан СССР. Сәкен өзімен, өз басымен тәқаппарлық етпейді. Табымен, Отанымен тәқаппарлық етеді. Соның біздей бұрыннан ылғи жасандық, бәсекеңдікпен келген елдің көкейіне көбірек сіңіріп, бүтінгі бақыт, тәндік күнінде өрлендіре, өршелендіре бастыратады. Ақындық еңбегінде мұндай өнімді сарын тауып отырган ақын, әрине, өзінің тарихтағы орны мен маңызын қамтамасыз еткен ақын болмақшы... Мұндай дұрыс жолдағы революциялық тәқаппарлықпен сол ақынды шығарған орта тәқаппарлана алады».

Ал енді Сәкен поэзиясының екінші қасиеті туралы айтқаны да

<sup>1</sup> М. Эуезовтың роман проблемасы жөніндегі пікірлері Е. В. Лизунованның «Современный казахский роман» атты кітабында дербес тарау арналған.

ешуакытта ескірмейтін шікір: «Оның шыгармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлгадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шыгармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ — барлығында да сүю мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, уміті мен қудіргі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны бол білінеді. Сонымен әсерлі де, күшті бол шыға алады. Өз ішінде түрған көніл-күйін окушыға жеткізіп, қондырып үктыра алады. Лебімен тартатын өнімділік, үтімдыштық табады... Оның шыншылдығы қозып, жаңып отыратын, буы білініп түрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдым бар, өрі бар — шын өмір жолы, ыстық қанды, нағыз ақын жолы»<sup>1</sup>.

Бұл айтқандардан С. Сейфуллин поэзиясының дүрыс бағасын табуымен бірге М. Әуезовтың ақын жаңын, поэзия табиғатын терең де нәзік түсінетін эстетикалық назары мен талғамын тану қыны емес.

Сонымен, социалистік реализм әдебиетінің сан алуан проблемаларын (дәстүр мен жаңашылдық, фольклор мен әдебиет, үлттық форма мен социалистік мазмұн, реализм мен романтика, типтік жағдай мен типтік характер, тарихи тақырып пен осы заман тақырыбы, үлт әдебиеттерінің өзара байланысы мен әсер-ықпалы, новела мен роман-эпопея, комедия мен трагедия т. б.) шешүге қазақ әдебиетінде көп қырлы жазушы өзінің көп жаңылары дарынды творчествоносымен де, теориялық зерттеулерімен де, сын пікірлерімен де орасан зор үлес қосты.

\* \* \*

Қазактың данқты жазушысы, ғалымы, педагогі, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов аса құнды еңбектері үшін халық құрметіне бөленип, творчествоның сатысының ең жоғары басқышына шыққан еді. Мұның таланттың шарықтатып, көркемдік дамудың шырқау биігіне жеткізген өмір жолы оңай жол емес-ті. Ол таудай творчествоның талап пен талапнудың, дамылсыз ізденудің, табанды еңбектенудің киындыстар жолы. Сонымен бірге Отаига; халыққа адал қызмет етудің азаматтық, адамгершілік жүргін арқалаған ауыр да абыройлы жол. Осы сара жолды үстанған М. Әуезов өзінің дарынды таланттының, ақиқатшыл үлкен жүргегінің ерлік куатын анғартады.

Бұл қуат марксизм-ленинизм философиясынан жарық рух алғып, социалистік шындықты жырлауға жұмысалғанда, ұлы творчествоның күшке айналып, ғажап талант иесі М. Әуезовті адамзат мәдениетінің аскар шынына жетерді.

М. Әуезов жасаған асыл туындылар қазақ әдебиетін озық әдебиеттердің каторына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, таланттын, үлттық характерін жер жүзі окушыларына танытты. Сол арқылы бүрін жас үлт әдебиетінде социалистік реализмнің шекспір бай эстетикалық мүмкіншіліктерін ашып, проза мен драматургияда жана, соны көркемдік дүниесін жасады. Сөйтіп Совет заманында салтанат құрғаған лениндік үлт саясатының арқасында керемет гүйдінген қазақ халқының түрі үлттық, мазмұны социалистік мәде-

<sup>1</sup> «Социалистік Қазақстан», 1936, 23 июнь.

ниетінің сұнғақ түлғасы, социалистік реализмнің аскан шебері Мұхтар Әуезов казак әдебиеті ғана емес, бүкіл совет әдебиетінің маңын бол табылды.

Мұхтар Әуезов үлкен қоғам қайраткері ретінде де әлемге әйгілі еді.

Бейбітшілік қорғау жөніндегі Советтік комитеттің мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Лениндік сыйлықтар комитетінің мүшесі, СССР Жазушылар одағы басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Президиумының және «Иностранная литература» журналының редколлегия мүшесі болып зор қызмет атқарып, М. Әуезов одактық және дүниежүзілік мәні бар жыныдарда сардарлы да парасатты пікірлер айтып келді. Оның Москвада, Алматыда, Ташкенттегі Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясында сөйлеген сөздері, Токиода, Делиде, Нью-Йорктеге, Прагада сөйлеген сөздері бейбітшілік үшін, прогресс үшін, халықтар достығы үшін күреске үлкен үлес қосқан сөздер болды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халық қалауды бойынша ұлы жазушы, кеменгер қайраткер М. Әуезовтың есімін мәңгі сақтау шараларын іске асырды: Қазақ ССР Фылым Академиясының Әдебиет және өнер институты, Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры, Алматыдағы, Семейдегі орталық көшөлөр, орта мектептер М. Әуезов есімімен аталды. Жазушының тұрган үйі өзінің музейі болып қалды.

Қазақтың ұлы ұлт жазушысының сексен жылдығы халқымыздың мәдени өміріндегі аса бір ірі оқиға ретінде Ұлы Октябрьдің алтын жылдық мерекелі жылы етті. Мұның өзінде үлкен мән бар. Барлық саналы өмірін Октябрь Социалистік революциясы туғызған сәулелетті Совет заманында өткізген дарқан таланттың көп қырлы асыл творчествосы тұтас осы жаңа заманың жемісі. Сондықтан да біз оны Октябрьдің дүние жүзілік мән-мағнасы бар ұлы женістерінің бірі деп бағалаймыз. Сондықтан да М. Әуезовтың есімі мен еңбегі жаңаған адамзат өмірімен бірге жасайды.

Мұқаметжан Қаратаяев,  
Филология ғылымының докторы,  
Қазақ ССР Фылым академиясының академигі,

## МЕНИҚ ӨМІРБАЯНЫМ

Мен 1897 жылдың 28 сентябрінде Семей облысы, Шыңғыс болыссындағы Әуезов Омархан деген кісінің семьясында туыптын. Социалистік Ұлы Октябрь революциясына дейін, ұлан-байтак қазақ даласы, оны мекен еткен халық тек әкімшілік жағынан (үйеzi, болыс) ғана бөлініп қоймай, ру-руға да жіктелген ғой. Менін аталарым XIX ғасырдың бас кезіндегі Орта Азия жақтан кеп, Тобықты руына сініп кетіпті. Бұл — кәдімгі менің романымның қаһарманы Абай Құнанбаевтың руы.

Балалық шағым ауылда өтті. Қара тани бастағаным да со кез. Немерелерін атамыз Әуездің өзі оқытатын (кейін фамилиям да со кісінің есімімен аталаyp кетті).

Бес-алты жасар кезім. Бір күні кешкісін ас алдында атам мені қасына шакырып алды. Оқуға жараган-жарамағанымды сынамақ екен — «р» дыбысы бар сөздерді айтқыза бастады. Бу дыбысқа тілің келмей тұрып, қара танимын дегенді ойына да алмайсың. Оны айта алмаған баланың тілің бүрайды молда. Әйткені, ен алғашқы сабак құранның «Бісмилләхі рабхан иррахим...» деген сөздерін жаттаудан басталады. «Қасиетті сөзге» тіл келмей жатса, оған қай молда шыдар. Атамың маган көнілі онша болмады-ау дейім, келесі күні тағы да алды қасына.

Әлі күнге есімде. Қектемнің тамылжыған ашық күні. Таңгертең болатын. Қыстаудың алдындағы көгалда бұзаулар шапқылап, козылақтар асыр сап жүр. Балаға одан қызық не бар. Ал аспанда әжем айтатын ертеңдегі ақ қанатты перілердей боп, күн нұрна шағылып аққулар тізіліп үшіп барады. Сыңыл қаққан үндөрі сонау шырқау бінктен талып қана естіледі. Қектем күнінің осынау кереметі үзакқа созылмай, ғайып болады: атамыздың тап-тар, аласа үйіне шакырады бізді. Қолындағы қалың қолжазбаны көргенде неге шакырғаның біле қоям. Бұрынғыдан бетер ренжимін. Атам маган кітаптағы араб әріпперін көрсете бастайды. Айтуға бір оңайы болса игі, бірінен бірі еткен қызы...

Бұл кітап — Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі акын талантына танырқап ден қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіртіп алады да, бізге сол арқылы қара танытпақ болады. Немерелері ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлады.

Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғустың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздал қара таныған соң өлеңнің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер

бір түрлі үзак, түсініксіз. Ара-арасында: Фошкни, Лермонтып, Крылоп, Татян мен Анерг тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер үшірасып қалады. Молдага үқсан атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын. Ал күні бойы жаттағанымызды кешкісін атамыз бен әкемізге айтып береміз. Қектемнің арайлы күні мен үшін күнгірт тартып кеткендей болады, Қошқандарды да талай құндер бойына көру жок. Татьяна жүргегінін шерін шерткен Абай кітабының беттері тағдырға жазған басқа бір шерменденің көз жасына боялады. Бірақ өз дегенінен қайтар ата жок. Өлеңі құрғырды дамылсыз жаттай беріп кіп-кішкентай немерем кек ми боп кеппесе не ғылсын деп түйткілденген балажан әже ара түсіп көріп еді, одан да тұқ өнбеді.

Он бір жасқа келгенде әкеден айрылдым да, мені Қасымбек ағай өз колына алды. Ол кісі жас көзінде Камалетдин хазіреттің теріс бата бергеніне қарамастан, мұсылман медресесін тастан, орыс мектебіне ауысады. Сол ағай мені де Семейдегі бес кластық қалалық училищеге түсірді. Шыңғыс болысынан тағайындалған стипендияны алыш түрдым.

Орыс мектебінде тілмаштар, әкімшілік аппараттың кіші-гірім қызметкерлерін даярлау мақсатымен патша үкіметі қыр қазақтарынан стипендия үшін қажет қаржы жинаитын. Бірақ өз балаларын мектепке беруге қазақтардың онша ықласы болмайтын. Патриархальдық-рулық сарқыншақтар, молдалардың ғайбат-өсегі орыс мектебіне сенбешілік рухын тарататын. Сондыктan да көп адамдар орыс мектебі қазак балаларын шоқындыра үшін ғана ашылған деп ойлайтын. Соның салдарынан уезд бастықтары болыс басына екі баладан беруді салық қып салушы еді. Тіпті кейде балыстар балаларын бермек болған кіслерге ақы төлейтін. Орыс мектебіне деген катынас осындаи болғанда балалары мен немерелерінің орыс мектебінде оқуына рұқсат еткен атамыз аксақалдар мен ру басыларының айыппат, ажуалап айтқан сөздеріне үшшырамағанда қайтсін. Жазда ауылға келгенімізде оқушы киімін киген біздерге қарап тұрып олар ашу шақырып, бастарын қайта-қайта шайқап, осы «кеселдің» бәр-бәрі Абай әсерімен «бұзылғандықтың» белгісі десетін. Олардың сезінің «жаны» да бар болар. Өйткені, ұлы ақын орысша білім алуша өзінің өлеңдері мен философиялық толғаныстарында ғана үндеп қойған жок, сонымен бірге өз балалары да орыс мектебінде оқытты.

Демалыска келгенде кала өмірі мен сахара тіршілігінің кым-қиғаш қайшылығын байқаушы ек. Соның арқасында көшпелі феодализмнің қалдықтары, қалың мал, көп әйел алушылық, құн төлеу, халықтың титігінә жеткен дау-дамайы, барымта-сырымтасы, талаутонауы, көп ру тартысы тәрізді патриархальдық ескі масқара ғұрыптар тайға таңба басқандай боп көрінетін. Самарқау сахараның осынау түпкі салтының күшті болғаны соншалық, тіпті Қазақстанда Совет әкіметі орнағанин кейін де қалың қауымның әдет-ғұрып пен шарифттың қырсау тәртіптерінен айырламау үшін жанталаса арпалысқан байлармен, жартылай феодалдармен шайқасуына тура келді.

Семейдің мұғалімдер семинариясын 1919 жылдың бас кезінде бітірдім де, Семей облысында Совет әкіметі орнаған соң қоғамдық қызметке араластым. Алғаш Семейдің Облыстық атқару комитетінде, одан соң Орынборда ҚазЦИК те қызмет істедім. Со кезде драматургия мен журналистикада өз қаламымның күшін де байқап журдім. 1922 жылдың күзінде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университе-

тетіне еркін тыңдаушы бол түстім. «Шолпан» журналымен байланыс жасап, сонда ескі қазақ аулының тіршілік-турмысы мен әлеуметтік күрлісінің сиыксыздығын суреттеген бірнеше әңгіме баstryдым.

Бір жыл өткен соң Ленинград мемлекеттік университетінің филология беліміне түстім. Сонда 1928 жылға дейін оқыдым. Содан кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеті Шығыс факультетінде жаңындағы аспирантураға түстім.

О кезде қазақ театrlарында «Бәйбіше — тоқал», «Еңлік — Кебек» және басқа да пъесаларым қойылып жүрді, әңгімелерім мен повестерім журналдарда әр жеке-жеке кітап түрінде басылып тұрды.

Мен Қазақстандағы социалистік құрылыштың әр кезеңін көрсетеп тін жиырмадаң астам пьеса, бірталай әңгіме мен повесть жаздым. Соңғы жиырма жылды қазақ әдебиетінің классигі Абай жаңындағы романға арнадым.

Ойға алған романды жазбас бұрын ақынның творчествосын және өміrbаянын зерттеумен шұғылданым. Абай шығармаларының толық жинағына редактор болдым, оның өміrbаянын жаздым, ақын мен оның дәүіріне байланысты тарихи материалдарды жинадым; қазақ халқы мәдениетінің тарихын аса жетік білетін орыс жазушысы, менің досым Леонид Соболевпен бірлесіп ақын өміrінің соңғы жылдарын бейнелейтін «Абай» трагедиясын жаздым.

Абай жаңында материалдар жинағанда тарихи романдар авторларының талайы-ақ біле бермейтін өзгеше бір жайттерге тап болдым. Өйткені, Абайдың өміrі мен еңбегі, түр-тусі мен сипаты жаңында қағазға түсken немесе жарияланған бірде-біr дерек, өзінің жеке архивы мен күнделігі, хаттары мен мемуарлары, тіпті замандастарының ақын жаңында хатқа түсken естеліктері сақталмаған. Ақынның өміrіне байланысты деректер мен романның бүкіл оқигаларын Абайдың көзімен көрген, жақын білген жандардан үзак уақыт бойына ауызба ауыз сұрау, әңгімелесу арқылы жинауға тұра келді. Олардың көбін кәрілік мендеген шалдар еді. Соңдықтан олар өткен күндердің бейлігін де, адамдардың бейнесі мен сөйлеу мәнерін де, оқигаларды да ұмытынқырап қалған. Абайдың шәкірті Қекбаймен де әңгімелестім. Ақынның ең жақын достарының ішінен біздің заманымызға дейін көзі тірі жеткен солғана болатын. Қекбай 1927 жылы қайтыс болды. Ол Абайдан аттай он алты жас кіші еді. Соңдықтан ақынның жастық шағы жаңында ештеңе айта алмады.

Роман жазам деген ойда жоқ, шәкірт кезімде атам Эуездің әңгімелерін тапжылмай, үзак тыңдайтын едім. Ол Абайдан біраз жас улкен еді. Құнанбай жаңын да жақсы біletіn. Абайдың алғашкы әйелі Ділданы да со жылдары көрдім. Москал тартып қалған болатын. Абайдан соң он жылдан кейін барып дүние салған, оның айнымас азбас жары Эйгерім небір қымбат жайттерді әңгімелеп берді.

Материал жинай жүріп, мен Абайдың достарымен, сыйластарымен, бұрын қысастық жасаған жауларымен де әңгімелесіп көрдім. Олардың ішінде Абайдың тұрғыластары да, солардың үрпактары да бар еді. Соңшама ізденудің арқасында болашақ қаһарманым жаңында аса көп материал жинағаным соңшалық, Горькийдің: «Үндемей қалуга ықтиярын жоқ нәрсе жаңындаға жаңа жаз», — деген ұлы өсінетін іштей қайталап айта беруден танғаным жоқ. Тіпті қазір Абайдың балалық және жастық шағы жаңындағы роман тәмам болған соң да сол кітапқа кірмей қалған материалым мейлінше көп екенін көрдім. Соран иек арта отырып қаһарманымның өміr жолының сол ке-

зені жайында тағы бір кітап жазуға болар еді. Материалдың молдығы менің еңбегімнің сәтті бол шығуна аса көп септігін тигізді.

Бірақ материал жинауда талай-талай қындық та болды. Өзіммен әңгімелескен қарттардың көп нәрсені ұмытыл қалған көкірегінен өткен күннің сырларын ұғуға, оқуға тұра келді. Абайдың әр алуан замандастарының айтқаидарын салғастыра отырып, көп нәрсені өз ойыммен топшыладым. Әлдеқашан бел асып кеткен көштің жұртына кешігіп жеткен жолаушы жылтыраған бір қызығыл шоқ тауып ал, тутатпак бол үрлемей ме — жаңағы естеліктерді шашау шығармай сақтаған мениң халім де сондай еді. Сөйтіп, мен карт адамдардың көмескі жадында ұмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Әйгерімнің әжімді бетін қарап, оның бір кезде Абайды ынтықтырган жас шырайлы сұлу жүзін көз алдым елестетуім де солай еді.

Бірақ социалистік реализм әдісі, өткенге синшылық көзқарас, орыс классиктерінің реалистік ұлы дәстүрлөрі сияқты, совет жазушыларымыз бұлжымас тірепі мені талай-талай тығырықтан алышықты. Өзінің өлмес-өшпес шығармаларымен Абай да аз көмектескен жоқ маған.

Ақын тұлғасын қайта жасай отырып, мен халқымыздың тарихындағы оның орны, өткендегі прогрессілдік ролі туралы ғана болғанын айтып қойғам жоқ, оны біздің заманмен, совет ұрпағымен табыстыратын азбас арман, асыл мұрат жайында да ойландым. Өткен дәуірде Әмір кешкен ақынның тіршілігі мен қызметінен мен кейінгі тарих үшін ұмытылmas әрі қымбат жәйттерді ғана алдым. Бұлай еткенде мен өз халқымың Абай кезінен бастап қоғамды социалистік жолмен қайта құрғанға дейінгі тарихи сапарын есімнен эste шығарғам жоқ. Өткендегі прогрессіл және революцияшыл қайраткерлердің асыл мұрраттары Ұлы Октябрь революциясы арқылы молыға түсін, жүзеге асуда.

Бірте-бірте өз халқының көкірек көзі болған Абаймен бірге мен де сол халықтың жан-жүргегін ұғуға және соны бір азбал қалпында ашып беруге, жайып салуға тырыстым. Жас Абайдың жалын атқан сезімі, жігіт ағасы болған Абайдың толғаулы ойлары мен әрекеті, көрілік мемдеген шактағы халық қамқоры, халық ұстазы болған Абайдың тартысы мен тақсіреті — міне осының бәрі сол дәуірдегі халықтың да жаны мен жүргегін ұғуға бастайтын жол еді.

Халықтың көрер көзі, лүпіл қаққан жүргегі, дана ойы болған Абай менің ұғынуымда да халықтың қажырлы талабы мен аскажай-сезімінің, жан-жүргегінің, оның бойындағы ең азбал қасиеттің жиынтығы болып табылады.

Абай бейнесіне мен осындай ойлармен ден қойып ем.

«Абай» романының қос кітабы ақын және оның дәуірі туралы романдардың ішіне енеді.

«Абай»— осы серияның бірінші романы. Одан кейін «Абай жолы» романының қос кітабы келеді.

Ал қазір мен өз елім тарихының социалистік кезеңі жайындағы романдар тобын бастайтын жаңа кітап жазу үстіндемін.

Бұл серияда тарихи роман қазіргі заман туралы романға ұласатын болады. Бір кезде ақын тек арман еткен, буалдыр да күнгірт күйде елестете алған жәйттер қазіргі күннің, адам баласының тарихындағы аса ұлы дәуіріміздің ғажайып әрі ақиқат шындығына айналады.

Жазушылық жұмысқа қоса мен тіпті баяғыдан бері, студент ке-  
зінен бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен де шүғылданып келем.  
Әдебиет тарихшысы ретінде қазақ әдебиеті тарихынан мектептер мен  
жоғары оку орындары үшін оку құралдарын құрастыруға қатысам,  
жиырма бес жылдан астам уақыттан бері Алматының жоғары дәре-  
желі оку орындарында педагогтік және лекторлық қызмет атқарам.  
Қазактың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің про-  
фессоры ретінде Абайды тану жайында арнаулы курс өткізем, қазақ  
фольклорынан лекция оқымын және Қазақ ССР Ғылым академиясы-  
ның толық мүшесі ретінде сол Академияның Тіл және әдебиет ғы-  
лыми-зерттеу институтында қызмет етем.

# **ӘҢГІМЕЛЕР**



## ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ КҮНІ

С. қаласының оңтүстігін жайлаган елдің қалаға қатнасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан түркى он шақырымдай болғанмен, енсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да панағыры жоқ: азынап тұрады. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай ғылып тегістеп тастайды.

Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Қоруғе аса көңілсіз.

Жыл сайын қыс басынан қарлы болып, малға панағы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаган ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекен қылған ел көбінесе кедей болатын. Бұл жерді мекен қылған ел, ерте күннен аталарының қонысы болғандықтан және басқа ірге аудараптық жайлы жері жоқтықтан, «құдайына жылап» отыра беретін. Бұлардың жалғыз-ақ медеу ғылатыны Арқалықтың егіндігі еді. Бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі жарымды бөлтек егіні тәуір болып шығып, ұзақ қаска қорек қылатыны сол болушы еді.

Арқалықтың бұл айтылған жайлары оңтүстігін жайлаган Уақпен көршілес үш-төрт болыс елге белгілі бола-

тын. Бұған себеп — Арқалықтың сырт елдер қалаға қатнасатын қара жолдың үстінде болғандығы. Өткен-кеткен керуен ұзақ жолда не қөлігі талып шалдығып, не өзі шаршап қажып келе жатқанда қадаулы қоналқалық, не түстіктік жері Арқалық болады.

Арқалықтың жолы асатын кезең — Күшікпай кезеңі деп аталады. Күшікпай — Арқалықты қыстайтын бесалты ауылдың атасы. Өзі батыр болған адам дейді. Дәл қара жолдың аузында, Арқалықтың бір кішілеу биігінін басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар. Сол мола Күшікпай батырдікі. Кезең де сол себепті Күшікпай атымен аталған.

Күшікпайдың кім екендігін, басынан қандай дәурен кешкендігін әрлі-берлі өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді. Оларға білдіретін заманның шежіресі — дәурені өтіп кедейлік басқан, көңілсіз салқын өмірге түскен кәрілер болатын. Бұдан соңы білдірушілердің көбі өткен-кеткен керуенге көп сөйлесіп дағдыланған, ауыл иесі болған соң, алдынан ешкім шықпай, жаман әдеттеніп, өтірікшлиу болған адамдар болатын. Бұлардың көбі әңгіме айтудан бұрын, азырақ шарт керек қылуышы еді. Алдымен күндізгі мазасыз суық пен қар басқан көңілсіз елсіз далаdan құтылған болу керек. Өнбейтін азын-аулак малдың соңынан жүріп, әрі іш пыстырып, әрі қинаған бейнетten серпіліп, күн бата үйіне келуіне керек. Екінші, көлігіне, өзіне азық сұрап, шығын шығаратын жат керуен жоқ болсын. Сол кезде үйінде бірлі-жарым көnlі сүйетін, сыйлайтын қонағы болуы керек. Ақсақал мал коралап болып, жайланаңып шайын ішіп, қазанаспаның аузында кейде жылтылдаپ, кейде лапылдаپ жанып жатқан отты көріп, бұрқылдаپ қайнап жатқан еттің исі мұрнына келіп отырғанда, серпіліп әңгіме айтатын.

Жолдан қажып келіп, тынығып жантайып жатқан салбыранқы, күнгірт пішінді жолаушылар бастарын көтерсе де, жарым-жартылап қалғи отырып, әңгіме тыңдаушы еді.

Міне осындай көnlіді жайдың бірінде өткен күндердін көп әңгімесін еске түсіріп отырып, әңгімеші ақсақал сөз арасында Күшікпайдың тарихын сөйлеуші еді.

— Күшікпай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, Үақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қыын-қыстауда ақыл тауып, қажымай қай-

рат, ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған еken. Соңғы жылдарда көздеген мақсаты қолбасылық болып, аяғында, оған да жетіп, егескен елінен кегін алып егер ғылыш жүргенде шешек шығыпты. Шешек ауыр болып, төсекте қозғала алмай көп уақыт жатып қалған. Сол кезде Күшікпай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген Ұактың бір батыры жауының жаңын ауыртпақ болып, белдеуде байлаулы тұрған қызыл бесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті. «Пәленше атыңды алып кетті» деген ағайының жетімсіген сөзін естігенде жаңы шыдамай, ауруымен алысып, жылқыдан ат алғызып, жалаңаш етіне бір шекпенді кие салып, жауының артынан қуып кетіпті. «Батырды мұқаттым» деп, үйіне келіп, жаңа жайланаңып, жауы отырғанда: Күшікпай атын ойнақтатып, наизасын түйілтіп, өрт сөндіргендей болып зәрін шашып, жетіп келген. Сол бетімен ауылдағы самсаған сары қолға: «соғысамын, қан төгемін»— деп әлек салған. Бірақ жиылған елдің ішіндегі басты адамдар: «Уактың баласы бірін-бірі өлтіріп арандаспасын»— деп, ат-шапан айыбымен Күшікпайдың атын қайырыпты. Батыр еліне қайта қайтқанда ауруы мендей бастап, атқа әрен жүріп, осы құнгі бейіті тұрған биіктің басына келгенде мұршасы құрып, наизасын тіреп аттан түсіпті. Соңан соң басын онға қаратуға ғана шамасы келіп, жан тәслім қылған. Артынан ағайын-тураны жылап барса: шешегінің ауыздарын шекпен қажап, қотырының суы шекпенінің сыртына шып-шып шығып кеткен еken дейді. Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған еken,— деп, бағанағы кәрі әнгімесін тоқтатушы еdi.

Бұл әнгімені айтушы адамдар Күшікпайдың кім екенин жүртқа танытқанда, өзінің сол батырдың үрпағы екендігін көңліне бірталай қанағат қылып, бойы көтеріліп, көnlі құнгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еdi...

Январь айының аяқ кезі. Құн батуға тақап қалған мезгіл. Құнбатыс батуға айналған құннің қызығыт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Құнге жақын тұрған ұзынша жүқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жүқалан

қызылаға боялған асыл нұрдын буын ғана жалатқандай. Қызылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған азғана ала-шұбар бұлтар кең жаһанның жүзіне перде болған жок. Құні бойы тыныш болған жел Құшікпайдың баурында ғана ызырықта, жаңада жауған көбік қарды жаяу борасындастып тұр. Құннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өніне кіргізген. Құнбатыс жакташ болған ұсақ қар да күн астынан қызылттанып көрінеді.

Жоғарыда айтылған Құшікпайдан асатын қара жолдың үстіне Арқалықты бетіне алғап, қала жақтап бір пар атты келе жатыр. Жайдақ сары шанаға биіктеп салған жеңіл жүгі бар, жаксы киінген екі жігіт. Сылаң еті бар екі қоңыр ат қажығандығын білдірмей, көшір жігіт божы қаққан сайын ығыса жөнеліп, сары желіп келе жатыр.

Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа тұлкі тымады бар. Қалың киімнің сыртынан киген мол сүр шапанының жағасы қара барқыт. Аяғында байпағының конышын барқытпен көмкерген жаңа қара етік. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырзасы екен дегізгендей.

Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дәңгелек денелі, қыскалау мұртты, шоқша сақалды сүрғылт беті дәңгелек жалпактау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксіген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз, қабағына үйлеспейді. Бұл адамның құлғендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады.

Бұл жігіт — Ж.-ның болысы Ақан мырза. Қалаға қазнаның алымын салуға барып, жұмыстарын түгел бітіріп, үйіне қайтып келе жатқан беті. Қасындағы Қалтай — ерте күннен жанынан тастамайтын жолдасы. Ақан болыс болғаннан бері қарай атшабар ғылышп, бұрынғысынан да жақын ұстайтын. Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңкөй, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ынғайлыш, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді.

Ақан күні бойы жолда көп сөйлемей, бір иәрсені қадалып ойлағандай болып отырды. Бірақ түпсіз терең ойдың түйінін шеше алмай отырған кісінің пішініне түсікенмен, Ақынның ойы қай жерде жүретіні белгілі еді. Ол көбінесе осындай қадалып ойлағанда, хиялында бір сұлу әйелдің суретін тауып алғап, соған пәлендей деп сөйлесіп әзілдессем, сондай ғылышп құшақтасам, сүйсем деп, соны

ермек қылышы еді. Қалтай мырзасының не ойлайтынын білсе де, ерте күннен жалтаң болып өскендікten, ашула-нып қала ма деп корғалактап, жанын ауыртатын сөздер-ді бұндай күйде айтпайтын. Сондықтан Ақан үндемегенде, о да үндемей отырады.

Жолаушылар күні бойы тоңбай келсе де, кешке жа-қын күн сұтыныңырап, Қүшікпай бауырының ызырығы қатайған соң тоңази бастады.

Божы ұстап отырған Қалтай бетін уқалап, кішкене қозғалып, Ақанға қарап:— Батыр-ау, мына Қүшікпай «мені өлтірген шешек — осы. Ж. қаласы» дей ме? Неме-не: бір емес-екі емес, ызырықтайды да тұрады — деп күлді. Ақан да түсі жадыранқырап құліп, аз сергіп қалды. Біраз уақыт өткен соң тағы да үндемей күні бойғы әдетпен тұнжыраса бастады.

Осылай алыс жолдан жалғызып, тоңып, ығы кетіп қырындаған келе жатқан жолаушыларға Қүшікпай кезеңінің түбінде бір жінішке қара сызық секілденіп Қанайдың жағалғызы қорасы көрінді. Ұзак жол қажытқан жолаушылар осы болымсыз кішкене сызыққа қарап, қоналқаға ке-летін үйінің әртүрлі қоңылсіз жайларын есіне түсірді. Бұ-рыныдан да тұнжырады. Қоңылсіздік молайды.

Қанайдың қорасы керуен қасына келгенге шейін жан иесінің мекені екендігін білдірмейді. Иесіз аңырап, ұмытылып қалған бірдене секілді. Корадан жарты шақырымдай жерде басы қара қожалақ болған кішкене төбешіктің үстінде томпайып жатқан бір ұлken кісінің, бір бала-ның бейіті бар. Жолаушылар өтіп бара жатып, әлгі бейіттерге қарап: ауыздары күбірлеп, тоңған қолдарын көтеріп, беттерін сипап, бата қылады. Қүшікпайдың ба-сынан соққан боран жаңадан шыққан бейітті қармен көміп, қараушының көзінен тез жасырудың қарекетін істеп жатыр. Иесінің дүниеге келгенін сездіретін ақырғы белгісі — томпиган бейіт аз уақытта жоралмақ, із бітпек. Таудан аса соққан жел, бейіт тұрған төбекшіктің басын-да әсіресе қатты ызырықтанады; бейіттің тау жағынан топырағын ұшырып, екінші жағына жалданған қармен басып жатыр. Аз уақытта бейітті түгелімен қар көмген-дей. Кейде себелеп, сырғып өтіп жатқан ұсақ қар өзінің мейрімсіз, ырзасыз, бірақ еркін бір күә екендігін білдіріп тұр.

Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған екі кіш-кене қора да бейіт секілді мүләйім пішінденген. Тозығы

әбден жетіп, ескіргенің тәбесі де сездіреді. Қыры кетіп жұмырланған бұрыш-бұрышында үйліп қалған қорда топырақ, қораның онсыз да аласа бойын жермен-жексен қылып тұр. Жан-жағына үйлген қар, қыс басынан бір курелмегендіктен, қораның үстіне шығып, біржолата базып алған. Аз күнде қораны көзден жоғалтуға айналған.

Бұл күйден аманырақ болған есіктің ғана алды. Қішкене тар күресіні бар. Қыстау айналасының әлгідей пішінін үстіне, теріскеj жақ бұрышындағы біr қораның тәбесі ортасына түсіп, таудан аса сокқан боран әлгі тесіктің үстінде ақ тұтектеніп, біреке тұтін секілденіп үйтқып, біреке қырышықтанған ұсақ қарын ішке себездеп төгіп, қораның ішін толтыруға тырысып жатыр. Тау жактағы пішенқораның ішінде біr-екі шошактай ғана тапталған аз пішen бар. Бұнда сауырсын жотасының бәрі қар болған біr арық қызыл торпак және екі-үш жаман тоқты тұр.

Қораның сыртынан білініп тұрған осы секілді көңілсіз күйін көрген адам «бишара, мынау қандай сорлының қорасы екен?» деп еріксіз айтқандай. Мұны ойлаған адам үйге кіріп, қораны мекен қылған адамдарды көргенде, әлгі ойнының шындығына көзі жетуші еді.

Күндізгі біz көрген жолаушылар күn батып, кой қоралаған мәзгілде осы қораның алдына келіп тоқтады. Шаидан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп:

— Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біrіне бармай,— деді.

Қалтай атты доғарып жатып:

— Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсін,— деді.

Құлағына жайлы хабар тиген соң, Ақан үйге кіруге асыға бастады. Аты доғарылды. Енді қонақтар қараңғы қораның ішіне кіріп, қабырғаны сипалап жүріп есікті тауып алыш, үйге кірді.

Үй — ауыз үй, төр үй ретінде салған екі бөлмелі екен. Бірақ ауыздағы бөлме затында үйге арналып салынсада, кәзіргі қалпында үйліктен шығып, әрі шошала, әрі қораның міндетін атқарып тұr. Үйліктің белгісі терезенің жалғыз әйнегін жapsырып қойған тесіктен және жылтылдан от шығып жатқан біr бұрыштағы кішкене қазанаспадан ғана білінеді. Иші қараңғы. Бұрыш-бұрышында аяздаған қар, қабырғасы қара балшықпен сыланған кір-

Тәбесіне жапқан сырғауыл қайраған, түгел ыстан қапқара. Терезе жақтағы бір бұрышында жаңа туған бір қозы және арқасына киіз таңып қойған бір арық қызыл торпак тұр. Төр үйдің іші бұдан гөрі аз көнілдірек. Қөп тұрғандықтан май болып кірлем, қарайып кеткен кішкене тар тесіктен кіргенде, он жақ бұрышта ешбір сәнсіз, ретсіз үйіле салған үлкен пеш бар. Одан жоғары бояуы көшінкіреген ағаш төсек. Үстінде іждиhattы қолмен жиылған сұрғылт түсті көнетоздау екі-үш көрпе, жастық. Есікке қарсы төрде кішкене жуқаяқтың үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен ешнәрсе жоқ. Төр дегені екі-үш кез ғана жерге жайылған ескі құрым киіз. Соның үстінде бір-екі ескілеу сырмақ. Үй ішінің барлық жасауы осы. Бұл үйдің де қабырғасы көп жылдардан бері сыланбағандықтан, әр жерінен қара балшығы шығып, кір болып, қожалактанып тұр. Пештің де өнебойы не күйе, немесе қожалақ болып, кей жерлерінің кәрнезі сынған — о да тозығы жеткендігін білдіргендей. Оңтүстікке қараған екі көзі жамаулы кішкене терезеге тау желі гуілдеп соғып, әр жеріндегі тесігінен тыстағы сұық бу болып кіріп тұр. Қөздерінің бәрін қырау басқан аппак. Пештің қырында тұрған кішкентай жалаңбас лампының жалпылдаған болымсыз жарығы үй ішінің қараңғылығын зорға женип, азғана елпілдеп, құңгірт, қызылт сәулесін түсіреді.

Бұл үйдің барлық жаны — уш-ақ әйел. Пештің жанында біріне-бірі тығылып, бұрсіп отыр. Әйелдердің біреуі — сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі он үш жастағы қыз. Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, ерек пішіндес кесек. Үлкен, жалпақ мандайлы, кошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақыrlау сұйық қабактың астынан көрінген кішкене өткір қөздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Мандайы мен екі үртyna түскен қатпары қалын терең ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә. Бұл кемпір осы үйдің қазіргі қожасы. Ана әйелдің біреуі — келіні, біреуі — сол келіннен туған немере қызы. Келіннің пішінінде не жақсылығына, не жаманышығына айғақ болған орасан белгі жоқ: орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыл

қара көздері бір қарған жерден аумай, ылғи жансызыңдықпен қарал тұрғанына көзі түскен адам бишаараның кім екенін айыруши еді. Ол жаңа арада екі көзінен айрылған сұқаранды еді. Бұл екі әйелге ермек, жұбаныш болып отырған — жас қыз. Ол — сыртайды нәзік болып есken Fазиза: жінішке сұнғақ бойлы, азғана секпілі бар дәңгелек ақ-сүр жүзді Fазиза. Қорген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ үян, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғи шытынған, кірбецдеген қабагында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұнды, жудеу. Жас басына орнаған қайғы, жүргегін жеген дерт сыртына шырып тұр.

Бұл баланың уайымы не? Уайымы — осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік. Бұлардың басынан тағдыр дауылы жаңадаған соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған. Бұл әйелдердің куаныш-қызығы да, үміт-қорғаны да сол сүйкі қабырға өліктермен бірге көмілген. Ол қабырда жатқан — Fазизаның экесі Жақып және жаны туысқан жалғыз кішкене бауыры — Мұқаш. Осы бүгінгі кештен бір ай бұрын экесі мен бауыры қабат жығылып, сүзек болды. Fазизаның ағам өлсе, күнім не болады деп құндіз-түні бірдей тыным алмай, құдайға құпия сыйырлап, онаша жерлерде тыста жүріп өксіп-өксіп жылағаны, кемпір әжесінің мойнына бүршагын салып, ата-бабасының аруағына жалбарынғаны себеп болмай, екеуі де өлген.

Иесіз қорада қуатсыз, қорғансыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда, маңайынан жиылған көрші-қолаңшы Fазиздерінің сүйегін сүйкі қабырға салғанын ойлағанда, әрқашан Fазизаның жүргегі шаншып, өні қашып, көзінен ыстық жасы тамшылап кетуші еді.

Бұл бала жасынан көкесінің жалғыздығын, ағайындарының достығы жоқ қаттылығын ойладап, сыртына шығарып ешкімге айтпаса да, сол экесіне жаны ашып, тілеуін тілеумен есken. Ол көнілді болған уақытта — бұл да көңілденіп, қуанып отыруши еді. Жасынан сезімді бала зерделілігімен экесінің жалғыздығын, шаруасының нашарлығын үреп, соран қолынан келгенше көмек қылғысы келип тұратынын сезген соң, үйіші түгелімен Fазизаны әлпештеуші еді.

Бұрын экесі тартатын ауырталықтың бәрі бұл күнде Fазизаның өз басына түскен. Еркек істейтін шаруаның

бәрін өзі істейтін болып, әлі келгеше үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған — өзі: Соңғы аз уақыттан бері бұл қызыметінің үстіне, тағы үй ішіндегі бар жұмыс масыл болып мойнына мінді. Бұрын тыстағы шаруасына да көмегі тиіп, үйдегі барлық шаруаны жайлап отырған шешесі жиырма күннен бері көзінен айрылып, соқыр болды. Жақыптың тірі кезінде көзі анда-санда ауырып қалып; «шөп түсті», «көз ауру болым», «желге асқынып кетті»— деп жүре беруші еді. Жақып өліп, көп жылаған соң, сол көзі аз күнде суқаранғы болды. Үйішінің қайғысы бұрынғысынан да асты. Жетім-жесірге ес болып отырған кемпір, басынан қара тұман айықпай, үсті-үстінде қайғы жауып, қабат қаза көрген соң, құдайға, тағдырға наңған көңілмен бір уақыт шын жалбарынып, назала-нып: «Құдай-ау, не күнә сүмдышымнан осындағы қағазға душар қылдың? Не жазығым бар еді?»— деп менреу дүниеге сұрақ қоюшы еді. Ауыр өксікпен күрсініп, кеудесін жарған уайымның жалынын, ешкімнен жауап қайтпайтынын білсе де, анда-санда дауыстап айтып отырушы еді.

Ғазиза да екі шешесімен қосылып, жүректерін жеген қайғыларын сыртына шығарып сөйлескендегі, бұрынғы өткен күндерін сағынушы еді. Кемпір оны да еске түсіріп: ол күн де бір дәурен екен ғой, Жақып тірі тұрғанда кімнен кем, кімнен қор едім!— деп, ах ұрып алып: еңдігіні айтсаншы, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп отырған деп,— үнсіз жылайтын.

Күндеңі әдетпен белгілі уайымның сонында бишара әйелдер отырғанда, ауыз үйдің есігі ашылды. Ушеуі бірдей: «бұ кім?»— десіп есікке қарағанда, булар отырған үйдің де есігі ашылып, үйге түлкі тымак, жақсы киімдер киген екі қонақ кіріп келді.

Ғазизаның соқыр шешесі Ғазизаны тұртіп, қонақтың кім екенін сұрады. Ғазиза қонақтар келген жердегі таңданған пішінмен ақырын: «Білмеймін, танымаймыны!»— деді. Қонақтар киімдерінің қалған қарын қағып, төрге шығып отырған соң, асжаулық әкелгізді. Ақан құрап оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үйішімен аманда-сып, кемпірге қарап:

— Құдай ісі сыпайышылък, ақырының қайырын бер-еін!— деп, жайлап көңіл айтты.

Үйіші қонақтар алғашқы келгенде таңданса да, артынан пішіндерін, қалыптарын көрген соң, жетімдік халде-ріне мүмкін болған дәрежеде көңілденінкіреп, жадыrap,

шамаларынша серги бастады. Еркектері өлгеннен бері қалған әйелдердің уайымынан босаған шағы осы бөтен кісілер келгенде ғана болатын. Одан басқа уақытта үшеуі үйде оаша отырғанда жетімдік-жалғыздық та, қорғансыздық-сорлылық та көздеріне айқын көрініп, көңілдерін мұн мен зардан айықтырмаушы еді. Сол ретпен қазіргі қонақтар келгенде де қабактары жадыраған себебі осы еді.

Қонақтар шай ішіп, жайларып болды. Қемпір ауыл аксақалы — басты еркектерше қонақтармен әриэрсе жайынан жақсы сөйлесіп отырды. Қемпірдің байсалды сөзімен қонақтарын құрметтегісі келіп отырған ықыласын және қайратты жүзін байқаған соң, Ақан да әр нәрсенің жайынан сөйлесуге жалықпайтын сияқтанып отырды. Басында қала жайынан, ел жайынан қысқа-қысқа хабарлар айтып отырған Қалтай еді. Шай артынан екі қонақ көбінесе қемпір сөзіне құлақ салып отырды. Қемпір, қонағы — бір елдің болысы болған соң, онын үстінен сөзінің салмағы бар жуан ауылдың баласы болған соң, екінші, әрлі-берлі өткенде бірде болмаса-бірде сөзім, ісім түсер деп, өзінің баласы өлгеннен бергі жайын білдіріп қоюды ойлады.

Осы оймен өзінің жай-күйін айта бастады. Қемпірдің әңгімесі шешен ұғымды тілмен ұзак айтылды. Даусын біресе тиісті жерде қатайтып, өнін ажарландырып, біресе ақырындап келіп, аяғын сыйырлап жеке-жеке айтып, ұғымды ғылышп, барынша көңіл-іждиһатпен айтты. Әңгіме әлпеті өлер алдындағы қоштасып отырып айтқан немесе бір үлкен марқабат күткен кісісіне жаны қысылған уақыттағы үміт, тілек айтқан сөзге ұқсайды. Ақанға қарап, қабағындағы кірбені жадырап, сөз бастады:

— Қарағым, біздің хал-жайымыздың шет-жағасын көріп-бліп отырсың ғой,— деп, тағдырдың барлық сұзынына, зардабына, азабына шыдаған, шыныққан қайратты, сабырлы пішінмен күрсініп алды.— Біз жетім-жесір қалған панаasz бишарымыз. Барлық дүниенің тауқыметтің арқалап қалған жас балам — анау. Мен болсам — сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайткан, бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрган қуарған бір кемпірмін. Екі көзін алып, құдайым мүгедек қылып қойған келінім — анау. Өзіне күтуші керек қылып отырған ол — бір сорлы.

Әрі өтіп-бері өтіп жүргендеге сондайлық бишаралар

مختصر المعرفة

# قوارغانсыздык کولى

ЖИЗНЬ БЕЗЗАЩИТНЫХ  
ПРАВОМОСТИ АУЗЫНА

مختصر المعرفة اورغانсыزدىك



Журнал № 1  
Аузына 1922 жылдан берінен  
Санкт-Петербург. А. А. Григорьев

1922 жылы Орынборда басылған «Қорғансыздың күні»  
әңгімесінің мұқабасы.

еді-ау деп есіне ала жүрсін деп, айтып қояйын деп отырмын. Күндердің күні болып жүдеп-жадап, біреуден зорлық, біреуден корлық көріп отырған устіне келсен, көзің-нің қырын саларсын. Жайымды айтып қояйын: ең болмаса — жылы сөзінді айтартсын. Бетен елдің жұмысына не сөз айтам демессін. Сендердің сөздерінді тастай алатын Уақтың баласы жок қой. Бұл арада отырған елде адам секілді адам бар ма? Ұргашы секілді жыбыраған үсак. Корықканына ғана жауап беріп, корыкса ғана айтқанынды істейтін сүмдар емес пе? Міне — менің Жақыбым өлгеніне екі ай болды. Біреуі туыскан болып: бишара, жайың қандай, шаруаң не күйде деп, есіктен қарады ма екен. Қайта үйімізге келсе, шетінен тысырайып, жуанымсып келеді. Ылғи жетім-жесір деп қызырып анталап, бір нәрсемізді аузына түсіріп алғысы кеп тұрады. Ұялмағырлар ұялмастан бізді жегісі келіп тұрады. Мен сорлы балам өлгеннен бері солардан көрген зорлығымды айтайын деп отырмын.

Жақып өлді. Одан бір жұма кейін, жығылғаның үстіне жұдырық деп, Мұқашым өлді. Күндіз-түні жылауда болып есекіреп отырғанымызда: енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұргашы үй болып отыра алмайды; дунисін бөліп аламыз; қатындарды әрқайсымыз қолды-қолымызға аламыз деп, балаларымның бет топырағы жасырылмай жатып, сүйк сөз жүргізді рой. Баламның тірі күнінде ағайын ішінде жақын көріп, бауырна тартып, колына түскең азын-аулағының жартысын жырып беріп журген жар дегенде-жалғыз сенген Ысмағұл не қылды? «Жақып өлгенде бата қылышыларға мен койымды сойғамын» деп, Мұқашым қысылып жатқанда, даладан ет таусылса — сойып аламыз ба деп журген жалғыз тұқымды әкетті рой. Мына келінім: «Шаруага ие болатын кісімсіп қоқақтамасын, одан да Жақыпты жоқтауын білсін, малға ие болам деп жүр мөзі?» — деп айтады дейді.

Мекің балам тірі болғанда сонын тіршілігінен аужал алып телміріп отыруши еді. Балақтағы биттің басқа шықканын көрмеймісін? Бұлар үшін қарагым не көрмейді? — дей келіп, қабағын көтеріп курсініп алып: — сол тірі болса, маңына келе алар ма еді? Бәрінің де... боянын жуып, жақсысын асырып, жаманын жасырып, адам се-кілді ғылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол емес пе еді. Жоқтығына қарамай үйін — базар, түзін — тойғылып, думан ғылып отырудан босаушы ма еді. Мо-

мындығы, биязы сыпайылығы қандай еді, топырағың торқа болыр, карағым!

Мына жамандардың ішінде оның тырнағына татитыны бар ма? Жақыбым осы жолы ауырғанда — солардың кеселінен ауырған жоқ па! Менің қайнамың мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынша жыбырлағаннан басқа, істейтін адам сиякты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүниекоңыз. Үйіне бір қонақ конса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады. Үйіне қонақ қонған күні катыншина тыныштық жоқ: етті көл асасың, мені құртасың деп мыжілди да отырады. Соның үйіне қыс басында Шұбарадырдың көп ұрыларының біреуі келеді. Мылжың: тамағым жоқ, жатқызатын жерім жоқ деп, түн ішінде, боранда қуып жіберген. Ежелден Үакты кісіғүрлым көрмейтін; екі сөздін бірінде: «шауып алам, айып алам!»— деп тұратың. Өктем елдің баласы бұл қорлыққа шыдасын ба? «Өлмесен — өрем қап» деп далаға тентіретіп жіберген сон, сол түнде келіп, қорасың талқан ғылыш жарып, төрт-бес семіз қойын, малға мініп жүрген екі атын алып кеткен. Соған өзі іздел баруға қорқып: «барсам, тағы атымды алып қояды»— деп, Жақыпқа келді ғой. «Сенімен ол елдің басты кіслері таныс, сөзінді тастамайды. Менің малымды көрнеу қоя беріп отырамысың?»— деп асылып отырып алды. Жер-жеберіне жетіп үрсып:

— Құдай сүйер қылышың жоқ. Қазанбұзар үй-тентексің. Қісі ығысатын айданың жоқ, неменесіне жуансисың?! Бір күні болмаса бір күні керек ағайыннан жалғыз жілігінді аяйсын. Жуан болсан, мықты болсан,— осы Арқалықтың түбінде өткен-кеткен біреумен ырылдасып неменеге отырсын? Дүниенің астын үстіне аударып, сенің болысЫнан оның үрсыы жуан болып отырған Тобықтыға сенің жол үстінде тұрған жаман лашыңың жүк болып па?! «Өтпес жарлық — бойға қорлық» екенін әлі күнге неге білмейсің?— деп, жерден алып, жерге салды.

Аяғында, мойнына су құйылдып: «Өзіннен басқа сенерім жоқ»— деген сон, әлгі иттің малың іздел кеткені ғой. Табандаған жиырма күн жүріп, табанынан таусылып бармаған кісі қоймай, аяғында, бар малын алып келді. Үрсыы жуан ауыл екен. Бағында ел кіслерінің сөзіне қонбей, «Дүйсен мылжының ызасы өткен»,— деп, қасарып бөлмапты. Соған сон елдің басшы адамдары: «мұнымен құда бол, әйтпесе малың тимейді»,— деген сон,

мылжының 9-10-дағы қызын ұры ауылдың соқталдай бір азаматына бермек болып, сез байлаپ, малын алып қайтыпты. Сол үримен осы күнде бал жаласқан құда болып отыр. Жақып сол жолда сұық өтіп, өні қашып, күш шуберектей болып келді. Артынан, немене, екі-үш күн өткен соң қатты жығылып, төсек тартып жатып қалды. Аяғы, мінекей — мынау болды. Жә! Сол мылжың осы күнде не істеп отыр де?

Менің балам қолының қысқалығына қарамай, анаған да, мынаған да араласып, ертеңді-кеш қарап отырмай, сауда қылатын еді ғой. Біреуден аткөпір қылып алыш, біреуге аткөпір қылып беріп жүретін. Қімге не беріп жүретінін білеміз бе? Қарағым, кейде сыр қылып, не істеп жүрсің деп саудасының жайын сұрағанда, құліп: «Апа, соны не ғыласыз, мен тірі болсам, аштан өліп, көштен қалам деймісіз» деп жүре беруші еді. Бүгін басыма күн туған соң біліп отырмын ғой. Әйтпесе ішкен-жегеннен басқаны біліп пе едік? Жалғыз-ақ өтетінінен бір күн бұрын қолына қағаз-карындаш алыш, есеп-қисабын жазды. Қағазының есеп-қисабын көрсеткенімде, жүрттың айтуыша, бересісіне қарап, аласысы да бар екен. Балам дүние салып жүре берді. Артында қалғанын есептеп отырып, қақ жартысын өзінің жабдығы мен бересісіне шығарттым. Осы күнде қолымызда қалғаны —он шакты түяқ, екі-үш қана ірі қара. Елдегі аласысын бұл күнде іздеп алар бізде дәрмен жоқ.

Сонда жүртқа беретін бересісін есепке салып төлегенде өз елімнің Мәрден деген пұшығына бермек үш қаралың сомасындай борышы бар екен. Әлгі құрғыр ойымыздан шығып кетіпті. Он шакты күн болды, сол келіп, малын сұрап жүр. Біздің қолымызда қалып отырған азын-аулақ малы — мынау. Одан берейік десек, шұбырып кеткелі — біз отырмыз. Қарағымның мойнына қарызбып, өзі жинаған азын-аулағын өзінің сауабынан аяйын деп отырғаным жоқ. Жалғыз-ақ дүниесі құрғырдың тарлығы жалтаң көз ғылып өлтіріп барады. Елден баламның аласысын жиып алғанша деп сөйлессем, жай-жапсарымды айтсам, пұшық тоқтайтығын. Бірақ соны маған сейлестірмей, әлгі Дүйсен деген мылжың бар, тағы толып жүрген Бөрала секілді туысқандарымыз — бәрі бас қосыпты. Сейлескен сөзі мынау: Мәрден — Тобықтының жуан аулының кісісі, ол ақысын сініртпейді. Және ол Жақып үйінің жай-күйін біліп отыр: оларды жылжатып

ешнәрсе алмайды, түбінде осының пәлесі бізге түседі. Басы аман, малы түгел, Жақыптың отына бірге күйетін жақыны деп бізді ұстайды. Біз бұдан басымызды амандаш құтылмасақ болмайды десіпті. Соған жасаң отырған айласы не деші? Қарағым, айтуда ауыз бармайтын сүмдик. «Тышқанның өлгені — мысықтың ойнағаны» деп, ендігісі — қалған көзімнің қарашығы — жалғыз Фазизамды жылатпақ. «Кешегі Жақыптың аруағы лағнет оқымасын, Мәрденді де жылатпайық: биыл бұның қатыны өлген, Фазизаны соған берейік» деп айтады дейді. Кеселділердің осы сөзін естігенде, мына отырған балам зарлап қоя берді...

Осы сөзді айтқанда, кемпір маңайындағы жауыздықтың бәрін айқын көріп, өздерінің сол жауыздықтың қолында бір ойыншық болып отырғанын көріп, ызамен көзінің жасы сорғалап ағып кетті...

Ақан мен Қалтай бұл әңгіме айтылып отырғанда жайлап шынтақтап, жантайып жатып, анда-санда көздерін Фазизаға жіберіп қойып, қадағалап қарап отырды. Кемпірдің сөзін жалықпай тындалп отырса да, Фазизаға қарай қалған пішіндерінде көнілдегі бір аландық пен іштеріне жасырынған жат ойдың белгісі көрініп тұр. Фазиза анда-санда ауыз үйге шығып, отты қағыстырып және басқа әртүрлі ұсақ шаруаларды қарастырып келіп отырды. Қонақтар алғашқы келгендегі кейіс Фазизаның қабағынан әлі жадыраған жок. Жалғыз-ақ айырықша сыпайылығы және үндемей ақырын жүріп, биязылықпен істеген істері ішіндегі сырны сыртына шығармай, жасырыңқырап отырды.

Кемпір қызарған көзін сұртіп, әңгімесін қайта қозғады. Ендігі даусы ашулы, қатаң келді:

— Кешегі баламнан қалған жалғыз көзім — бұл жылаған соң, бізде не тақат тұрады. Бұны жылатқан соң, куарған ку өмірдің не бағасы бар? Сол сөзді айтқызып отырған сүмдарды қарғадым, ұрыстым. Одан басқа біздің қолымызда не тұр? Жыластық; аяғында, сонымен қойдық. Міне: екі-үш күн болды, сол пүшық әлі күнге кеткен жоқ дейді. Енді әлгі мылжыңың қатыны жеңетай болып жүрсе керек. Менің қарағыма келіп айтады дейді: «шешелеріңе жаның ашыса, Мәрденге барғаның жөн емес пе? Сен жігіт болып, осы үйіңнің жұмысын басқарып отыра аламысың? Оナン да өзің біреуге сүйенген болсан, сен сүйенгенге шешелерің де сүйенеді ғой» — деп

айтады дейді. Сөзінің қыршанқысын қарасаңшы! Мен сонда баламды бір пүшыққа бермек пе екем?! Қатыныңың, мылжыңың өзінің ойы да менің балам көнсе, пүшыққа жетектетіп қоя бермек болса керек. Қасиет бар ма оларда! Қәпірстан болмаса — ойласайшы! Менің үйім — осы ауылдың үлкен үйі. Бұғін сол қараашаңырағының құруға айналып отырганы — мынау. Құрымағанда, кім қалды? Бұл үйдің жайын ойласа, тұмсығы тасқа тиетіндей болған жоқ па? Ендігі қалған біз қалқып: «баламның ізін жоғалтпаймын; орнын сақтап, қуранын үзбейміз» десек, соны үқлайды. Үқса да өзінің құлқыны үшін «осы айтқаныңды істеппеймін» деп анталап, қолымызды азын-аулаққа көзі тұнып, соны бөліп алуға асыгады. Әлгі менің баламды ана пүшыққа беріп жібермек болып жургендеңі ойы не деши? Қарағым, бұғінгі дүниеге не болып, қалқып, осы азын-аулақ шаруаны ұстап отырган Фазиза ғой. «Осыны бірдеме ғылып көзден таса қылсам, мына кемпір мен ана көзінен айрылып отырган қатын шаруаны ұстай алмайды; мұнан соң бар малымен, дүниесімен өз қолыма тиеді ғой», — дейді.

Менің баламның жылағаны оларға не керек? Жақыптың аруағы ырза болмай, күнренгені не керек?! Ку құлқының ырза қылса — болады. Мінекей — «қас жаман қасындағысын қараптайды» деген осы. Көрер көзге мөмомын, мүп-мүләйім болып жүрсө де, ол мылжыңың іші осындағы. Қеудесі толған — борсып жатқан бықсыма арамдық. Артынан естідік-ау, қарағым, тағы: «баласы баруға ырза болса — болады,— деп айтады дейді.— Ол ырза болса, қатындарға сөз салмай, баланы міңгестіріп қашырып жібереміз»— дейтін көрінеді. Мінеки, қарағым, осы айтылып отырган дұспаның дұспандығын ойлағанда, онсыз да қаңғырып отырган басымыз дал болады. Дүниенің барлық таршылығын ойлағанда, ақылымыз алтыға, ойымыз онға бөлінеді. Осылардың осындағы қорлығын ойлағанда осы жерде өле қалғым келеді...»

Кемпірдің көзінен тағы да жас моншақтаи домалап, алдына түседі.

— Құдайдың менің өз басымнан, менің үрпағынан аяған қазасы бар ма? Жасымда шешем өлі, өгей шешениң қолында қалып, жетімдіктің зарын өзім тартып едім. Седан өмірім жылаудан, күйіктен арылған емес. Енді қартайып, төрімнен көрім жуық болғанда құдайдан ертеңгі-кеш тілейтінім: «Жақыбымның жаманатын естірг-

пе, осының алдында ал!»— деуші едім. Ол тілегімді іс-темеді,— деп, көзінен бетіне ақкан жасын жеңімен сүртіп, мұрнын сіңбіріп:— тілеуі құрыған сорлы мен бұл күйік, бұл дертті көргенше, шірісем едім!— деп, сөзін тоқтатты.

Кемпір барлық мұн мен шерін айтып отырғанда бір қалып, бір пішінмен тыңдаған Ақан әңгіме біткен соң басын көтеріп алып, кемпірді жұбатпак үшін аз сез айтты. Сөзін шала естірлік қылып ақырын айтқан соң, ұфымсыз бірдеме болды. Сезімді адамның жүрегін ша-ныштырып тіксіндіретін, жұртты мінезінен жирендіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші ыза шегуші қайраты-куаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы азғана жүрегінің ты-ныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды. Бірақ күндеңі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты кө-ріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сезінің бәрі көңліне таныс, таңға-ларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабагы секілді бол-ды. Кемпір бәрін айтып жылап, қызы мен келіні ішінен тынып, қайғы жұтып отырған күйін ойлағанда, азырак құлқінгендей болып: «осыған жанашырлық-ау!» деп, жү-регін зорлықпен жұмсатайын десе де, аздан соң сезімсіз салқын қалпына қайта барып отырды. Бұл адамның іші жақсы сезімге жат болып кеткен бір күнгірт дуние сияқ-ты. Өз басына келгені болмаса, бәтен кісінің басына келген ауыртпалық пәле болып көрінбейді. Оның тартқан қасіреті көnlіне қонбайды, сезіміне сіңбейді, тіпті ұғыл-майды.

Бұл сағатта кемпірдің жүзіндегі қалың уайым жүре-гінде қандай толқын барлығын көрсетіп тұр. Әңгімесін аузымен тоқтатса да, көңлінше соның аяғын тағы да созып, түкпірлеп ойладап, қайғының қабат-қабат шынына ақылымен кіріп отыр. Бұл уақытта ойладап отырғаны — өтіп кеткен күн емес, алдында келе жатқан күннің жайы. Кемпір келешекте көзі көретін ауыртпалықтың, қайғы-ның бәрін де көз алдына анықтап көлтіріп, ішінен: «осы-ның бәрін көретінім рас, осындаі азап, қасірет тартаты-ным шын» деп бас иіп отыр. Бірақ адамның жүрегін пішінінен танитын кісі болса, кемпірдің жүзіндегі халді көргенде, еріксіз бұл адамды көnlімен құрметтегендей еді. Дауылдың кара бұлтындаі болып, әдейі басына

арналып келе жатқан қайғы-қасіретті көріп, сонын алдынан айласыз-әлсіз күйде өзінің отырғанын біліп тұрса да, кемпірдің жүзінде үлкен сабыр бар. Күйіп-пісіп жасырандықтан белгі жоқ. Сынбаған ажар, қажымаған қайрат, кең салқын ерлік бар.

Ақан Фазизаға алғашқы кезде көп қарауынан әлі күнге танған жоқ. Кемпірдің көзі өзінен ауғаңда, оның көзі тек Фазизада болып отыр. Қөңліне орнаған ойын қараған сайын пішінімен мағнапаландырып, Фазизаға білдірмек те. Бірақ көңілі бұзылып жаманшылықтың бетін көрмеген Фазизаға ол қарасты үғуға шорқақ болды. Ол өз пішінімен ешнәрсенің белгісін берген жоқ. Ақан көп қарағанда ол қымсынып, қысылыңқырап, биязылығын сактаудығана ойлады. Біраздан соң ас пісті. Кемпірдің сыйламақ болып салғызған тәтті-дәмді тәуір еті қонақтардың алдына келді.

Бірталай уақыт өтті. Қонақтар тамағын ішіп жайланаип, біраз отырған соң, жатуға ыңғайланып, тысқа шығуға айналды.

Кемпір қонақтарды әуелдегі сый көрген, құрметтеген көңілмен Фазизағ: «Қарағым, қонақтардың атына шөп керек қой; өзің шам алып бірге шығып, шөп алатын жерді көрсетіп бер», — деді.

Фазиза бұрын ойнаған ешнәрсе келмесе де, Ақаннан көп қарағандығынан сол арада сескеніп, біраз үндемей тұрды. Аяғында, шықпасына болмайтын болған соң, шешесінің сөзіне зорға көніп, қонақтардың артынан бұда шыкты.

Ақан Фазизаның үйінде отырғандағы ажарынан үміт-тнерлік ешнәрсе көрмеген соң, тысқа шыққанда Қалтайға сыйбырлап жасырын бірталай сөз айтты. Қалтай басын изеп, сөзін мақұлдады. Фазиза бұл оқиғаны көрген жоқ. Артынан біраздан соң Ақан қораның ішіндегі есіктің аузында қалып, Қалтай мен Фазиза шам ұстап, пішен-қораның ішіне кірді. Пішен-кораның бұл жері қораның ішінен қатнасатын, жаңада желініп жүрген кішкене үнгір еді. Барлық кендігі бір-ақ кісі сыйғандай, төбесі аласа бір күыс. Фазиза шам ұстап ауызда тұрды. Қалтай пішен-қораның ішіне кірісімен шөпке қарамай, үлкен жұмысы ол емес, басқа нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп, өтірік күліп қуланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындалған алған сөздерін сөйлей бастады. Фазизаның алдында сескенген ойы Қалтайдың не айтпағын сезіп,

қатты ашуланып, бір жағынан, намыстанғандай болып, сөзінің аяғын бітірпестен:

— Сенің ойындағы сүмдышыңды білмей тұрмын ба? Аулак жүр! Мен сенің мазақ қылатын кісің емеспін! — деп, лампыны жерге қойып, жөнеле берді. Қалтай күтпеген сөзді естігенде: басындағы құліп тұрган пішінін жия алмай, оның үстіне аңырайып аң-таң болып, ойна ешнәрсе келмей, біраз тұрып қалды. Фазиза сол бетімен жүгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде, есік алдында екеуінің сөзін естіп тұрган Ақан ұстай алды. Фазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп есін жиып алғанша, Ақан көтеріп пішен-қораның қуысына алып келді. Қалтай шамды өшіріп жіберіп, қораның ішіне қарай кетіп қалды. Дүниені қараңғылық басты.

Фазизаның үрейі ұшып, жүргегі тулас, есі шыққандай болып, сезімнін бәрі жоғалып, жалғыз-ақ «құтылсам-ау!» дегенді ойлап, қайта-қайта қатты жұлқынып ұмтылды. Сезімі жоқ, қатты ұстаған мықты қол рақым ойлап жібермедин. Еріксіз өз еркіне көндірді. Жалғыз-ақ қараңғы қуыста жалынған, жалбарынған, біресе есі кетіп, жүргегі жаншылып, үзіп-үзіп жылаған дыбыстар келеді. Сезімі жоқ жауыз қара қүштің қылған күнәсі мен зұлымдығына қатты тоң жер, сұық балшық, көрдей қап-қараңғы дүние күә болды.

Қалтай алғашқы бетімен тоқтай алмай, қақпаны ашып тыска шықты. Жел күндізгісінен қатайған. Күн ала-қаншықтап қатты борап тұр. Қалтай күресінге таман шығып еді: гүілдеп, екпіндеп соққан қатты жел дедектетіп, бетіне ұсақ қар себелеп ығын кетірген соң, қайтадан қораға кірді. Алдынан ентігіп, беті дуылдан қызырып, жаңа болған құмарлықтан бұзылған түрмен Ақан шыға келді. Екеуі де сөйлескен жоқ. Бірақ көнілдегі істерін айтыспай-ақ ұғысты.

Фазиза зорлықтан босанғанда есі ауынқырап, көңліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алысталп бара жатқандай болып көрінді. Бұл сезім — бұл уақытқа шейін көңліне келмеген аса жат бір сұық сезім. Биіктен тайғанап құлап келе жатқандағы сезімдей біртүрлі шолақ, ұғымсыз. Не қыларын білмей, өксіп-өксіп жылап, жерден басын көтерген қалпында отырып қалды. Бірталай отырған соң, ептеп есі кіре бастағандай болды. Бірақ есі кірген сайын ойна келген нәрсе өзгеше сұық түрде. Әуелі өкесі өлгеннен бергі басына түскен ауыр хал түгелімен

көл алдына тез елестеп өтті. Ақырында, соқыр болып, мүгедектеніп отырған шешесі; қартайып қайратынан айрылып, кемтар болып отырған кемпір әжесі есіне тұсті. Басында бір ойна келген нәрсе — шешелеріне барлық көрген қорлығын айтып жылап, зарлап жату еді. Артынан әлгілердің әлсіздігін ойлағанда: іші құсаға толып, жас жүрегі жаншылып, бұл күнге шейін көрмеген азабын тартты. Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақана салған балаеы. Ешуақытта қанаттыға қактырып, тұмсықтыға шоқытқан емес. Жүрегінде ар-ұят та, жігернамыс та бірге өскен. Қедейлігінен, қорғансыздығынан басқа міні жоқ, салмақты, таза тәрбиелі бала — бұл күнде сол не көріп отыр?

Әкесі өлгеннен бергі: «ә, құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе!»— деп тілеген уыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы бейнет, бишаралық былай тұрсын, мынау қөргөн мазақ не? Осынша қорлау, рәсуәлау не? Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршадай жас баланың не жазығы болып еді? Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық құлқы болып еді?— Ешбіріне жауап жоқ. Бірақ қайда жүрсе де, артынан көленкесіндей қалмай жүрген бір сорлылық, бір жылау.

Осы айтылған сөздің бәрін Газиза мұндайлық толық қылып ойламаса да, әрқайсысын көңілмен жүйрік аралап етті.

Осыны ойлаған сайын, жүрегін ыза керней бастады. Қөнілдегі күшті намыс сілкініп оянғандай болды. Барша басынан кешірген жетімдікке, бейнетке, жалғыздыққа, қорлық-мазакқа түгелімен қарсылық ойлады. Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дұылданба басына бір-ақ шыкты.

Қорлық, мазақ көрген Газизаның көзінен дүниенің барлық қызығы кетті. Жастығына лайық болған үміт, хиялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, қөnlіндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді.

Газизаның көnlін бұл хиял кернеген сайын, үйге кіру керекіз бола бастады. Қөnlінде қалған таусыншық сезімнің ойлатқаны: енді үйге кіріп қайтемін? Үйде мен көретін не қызық қалды? Бишара болған шешелерім ақырғы қайымды көрмей-ақ, білмей-ақ қойсын! Қайылы бір сыр көрге бірге-ақ кетсін дегендей болып, тыска шыкты. Құн әуелгі қалынша: ақ-түтек бол берап түр-

Бірсек өкіріп, бірсек гүілдеп, құтырынып үйтқып соққан қатты жел Фазизаға: «жүр-жүр!» дегендей болып, дедектетіп алып жүріп кетті.

Фазиза кетіп бара жатып ойланып артына қарап, бишаралықтың кебінін киген кішкене ескі қорасын көрді. Үйтқып аспанға ұшқан ұсақ қар жүрген сайын көзінен ол қораны жасырып барады. Үстінен ұскіріп соққан қатты жел қарды айналасына төгіп, оны да көмбекші. Бишаралық, иесіздіктің таңбасы басылған ескі лашықтың ішінде Фазизаның балалығы, еркелігі және қайғысы, қасіреті қалды. О да бірге көмілмек. Барлық жүрегіне жылы жақындары, нәзік қылыш өсірген үясы қалды...

Фазиза енді сұық, қатал табиғаттың еркінде. Өмірінің акырғы қалған жанағы қай жерде, қай уақытта сөннері белгісіз. Сұық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулең, ығын кетіріп, жауратып, ықтыра бастады. Фазизаның көңлінде қалған ойдың ең акырғы бүйрұғы: экесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау! Дүниеде жетім болып, жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Фазиза бейітті бетіне алыш: «А, құдай, ендігі бар тілегім— осы көкемнің басына жеткіз!»— деп жүріп кетті.

Біз Фазизаны шығарып салып, үйдегі әңгімеге келейік. Ақан әуелгі бетінде тыска шығып, өзгелерден бұрын үйге кіріп жатып қалды. Бірақ тыста болған әңгіменің немен тынарын білмей, бірсек күдіктеніп қорқып, бірсек азын-аулақ өкінгендей болып, тынышсызданып, қорғалақтап жатты. Фазиза келетін уақыт болды. Бірақ көп уақыт өтсе де, келген жоқ.

Аздан соң кемпір де, келін де: Фазиза қайда жүр деп таңғалыңқырап жатты, аяғында, тыска шығуға айналды. Сол уақытта атты суарып келіп, шөбін салып жайлап болған Қалтай да үйге кірді. Үйдегілер түгелімен: «Фазиза қайда?»— деп шу ете қалды. Қалтай саспаған, сезігі жоқ пішінмен: «Бағана кетіп еді ғой, келмеді ме?»— деді.

Кемпір де, келіні де тынышсыздана бастады. Қалтай бұл жұмыстан ерте бастан өз бастарын арашалап қоймақ болып, әуелдегі айта бастаған сезінің жөнін балтап үқтырып, бұл бір пәленің боларын алдынала білгендей дайындалп алған сөздерін сенімді қылыш айтып шықты:— Мен шөп суырған соң, құдықтың қайда екенін білмей, соны сүрадым. Балаңыз көрсетейін деп, корадан бірталай жер ертіп шықты. Құн қатты боран болып, сұық болған

сон, тоңып қалар дедім де, күдіктың бетін біліп алып, үйге қайтарып жіберіп едім. Элде сонда қораны таба алмай, адасып кетті ме?— деп, аналардан бұрын сезіктенгендей, тынышсызданғандай пішінге мінді.

Кемпір мен соқыр ана шошып: «Қарағым-ай! Үсіп кетер ме екен? Құдай-ай, тағы неге ұшыраттың?»— десіп киініп тыска шығуға айналды.

Ақан да басын көтеріп, Қалтайға: «Тыска шық, айналаны қара, айғайлап дабыста, тез бар!»— деді. Элсіз, кем-кетік әйелдер бірінін артынан-бірі ұстап, өндегі бұрынғыдан да жаман бұзылып, құдайына қайта-қайта сиынып, Қалтайдың артынан ере шықты.

Түтеп тұрған боран Қалтайдың сөзін шынға шығармақ болып құтырып тұр. Есік пен төрдей жердегі қарайған бұлдырап, жөнді көрінбейді. Ұйтқып келіп бетке жабысқан майда қар көзді ашқызбайды.

Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: «Құдай, тағы төбемнен үрайын деген екенсің ғой! Қарағым адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым, қолдай гөр! Ақсарбас!»— деп баласын шақырып айғайлай бастады. Қеліні де сүйенгени тілеуі, зары болып, қорқып тұрды. Қалтай қорадан ат алып мініп шығып, қайта-қайта айғайлап, шаба жөнелді.

Аз жерге бармaston қарасы өшіп, боранмен араласып көрінбей кетті. Айғайлаған даусы аз-ақ жерге естіліп, аздан соң о да үзілді.

Әйелдер де, дауыстың естілмейтінін білген сон, ішінен зор қауіпке түсіп, зарлап тұрды. Бұлардың бар дәрмені — айғай болғандықтан, қайта-қайта айғайласып еді. Қөп уақыт өтті.

— Е, тәңірі, жоқ болды, өлді,— деп, әйелдер зар салып, даусы айтып, үйге кірді.

Бұрынғы қайғының бәрінен жаңа қайғы күшті болды. Өлді деуге көнілдері қимай, келер деген үмітті көбірек медеу қылайын десе де, көнілге кіріп қалған қорқыныш жүректерін билеп әкетіп отырды. Терезеге түтеп соққан қатты жел бір қалпынан ауған жоқ.

Бірталай уақыт өткен соң дүсірлетіп Қалтай келді. Бірақ үйге жалғыз кіріп келген жерде-ақ енді ешнэрсесінің болмағанына көздері жете бастады. Қалтай: «Өзім адасып кетіп, ауылды әрең таптым. Еш жерде жоқ»,— деді.

Әйелдер сол түні таң атқанша шам жағып, үйықтамай

отырып, құдайдан тілек тіледі. Сиынды, жылады. Бірақ ешбір көмек берген жок. Шыдай алмай зар қақкан сорлыларға қыстың ұзақ түні жылдай болып созылды. Ақырында, таң атты.

Қонактар ерте қамданып, жүргүе ыңғайланып жатты. Тәңертең де қарап, ешнәрсе таба алмаған Қалтай маңайындағы ағайындарына хабар берген. Тұрып алып, тез қамданған соң, Ақан кемпірдің қақсаған зарына шыдай алмай, аттарын дайындал, жүріп кетті.

Жиылған ағайындарды көп іздемей-ақ екі жас бейіттің арасында өлік болып қалған Фазизаның сүйегін тауып алды. Үстіндегі онсыз да жұқа киімдері әр жерге шашылып қалыпты. Фазизаның шашы азырак дудырап қапты. Денесінің жартысын қар басқан. Әкесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген екен. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған: ізі қалған жок. Балалық жүзінде: «Менде жазық жок, мен тазамын», — деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас балалың ажары бар.

Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ-тутегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай,

## «ОҚЫҒАН АЗАМАТ»

### 1

Суық қыстың орта кезі. Құн түске тақап қалған. Аспандың бұлт жоқ, ашық. Жарығы көз тайдыратын нұрлы құн бүгін жазғы түріне түскендей болып өзгеше жарқырап тұрса да, ызғарлы қар, суық ауа қызыны жоғалтып, жарығына жансыздықтың табын басып тұрғандай.

Жер қарлы. Үш-төрт күннен бері қарай айықпаған шыңылтыр аяз бүгін де сыйырлап білініп тұр. Құншығыстан соққан баяу жел суықтың көрігіндей болып, ызғарды қөбейте түсті. Кейде сүйкел өткен салқыны бетті шымырлатып, денені тоңазытады.

Тұрғын халқының қебі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы қыстың ақ киімін даламен бірге жамылып, жабайы табиғаттың жайлы күйін күйлегендей.

Бар үйдің төбесін күпсек қар аппақ болып басып алған. Кейбір кішкене үйлерді, көп құймаларды қалың қар жал секілденіп басыпты. Қошениң қары жүргіншілердің табанымен тапталып ысқаяқтанған. Басқан сайын шыныланып сыйырлап, кейде шатынағандай болып шытырлады.

Бұл қала Сібірдегі үлкен өзендердің бірінің сол жағасында орнапты. Ретпен салынған сұлу қала емес. Орта жері болмаса, шеттерінде тәртіп жоқ. Оның үстіне шетшетіне шашыратып салған қазақтың жер үйлері тәртіпке үқсаған сиықтың бәрін бұзып, қаланың шеттерін түйенің жыртылған ескі жабуындағы жалба-жұлбағылып ыдыра-тып, тоздырып тұр.

Қаланың ортасында базардан суға қарай түсетін Зем-

ский көшесінде қазіргі сағатта жүргіншілер сиреген, ие-сізденіп тұр. Анда-санда әлдекандай уақ тери-терсекті пүшпағынан сүйретіп, қыл-қыбырын арқалап, базарға қарай аяңда бара жатқан бірен-саран жаяу алып-сатарлар ғана көрінеді. Қейде шанасын сықырлатып, жеккен түйесін божылап «шүү-шүүлеп» келе жатқан қырдың қоңырқай пішінді қалашылары кездеседі. Бұлардан басқа көзге түсетін көп жүргінші жоқ.

Осындаі бірқалыпты қүйде бірталай уақыт өткен соң, кешенің тәменгі жағынан шығып, базарға қарай бет-теп келе жатқан бір шаналы көрінді.

Жеккені — кәшауа шана. Алдына отырғызған көшірі бар. Бұл келе жатқан — осы қалада қызметте түрған оқыған жігіттердің бірі — Мейірхан еді. Әлгі көшемен тұра жүріп келіп, базарға тақалған жерде он қол жакта түрған көк шатырлы кішілеу көк үйдің қақпасына келіп тоқтады. Ат тоқтаған жерде Мейірхан шанадан түсіп, үйге қарай жылдам басып жүріп кетті. Жігіттің пішініндегі томсарған кейісіне қарағанда, қабағы тұксиген жүдеулікке қарағанда, бұл келген үйінде бір оқиға болғанға ұқсайды. Мейірхан әуелгі бетімен үй алдына кіріп, содан ішке кіретін есікке тақап қалғанда, алдынан есік ашып бір жас әйел шықты.

Сәнді киінген сүйкімді пішіні бар жас әйелдің түсінде де әлгіндей кейістің таңбасы бар. Түсінің ажары кетіп, қатты жүдеп, ақ-сүрланған. Қабағы болымсыз түйіліп, уайымның сызынан шытынған. Жұмсақ қара көздері кішірейіп, жасаңданған. Жиі кірпіктерінде жана ғана шықкан көздің жасы білінеді. Мейірхан бұл әйелді көрген жерде тоқтай қалып:

— Немене, Қадиша, қалай? Неғып жүдеп тұрсын мұнша? — деді.

Қадиша тұксиген қабағын жазбастан, үмітсізденген пішінмен ақырын:

— Сағат сайын тәмендеп барады, білмеймін: жазыла ма, жоқ па?.. Бүгін тәнертеңнен сізді «әкеп бер» деген соң әдейі кісі жіберіп едік,— деді де, көзіне мөлтілдеп жас келген соң тәмен қарап кетті. Мейірхан жұбатқан болып бір-екі ауыз сөз айтты да үйге кірді.

Кішілеу екі бөлмелі үйдің төргісінде, биік тесектің үстінде қатты ыңқылдалап, шыдамсызданып, Максұт жатыр. Беті ашаңдалап жүдеген. Әншейіндегі ақ-сүр түсі күрінденіп ісінген. Көзі қанталап, жастанып апты, Қысқа-

лау қою қара мұрты, сұлу қара қасы, қайырған ұзын қара шашы да қатып қалғандай болып жабысып жансызданған сияқты. Еріндері іштегі қызумен кебірсіп, жарылып, қарауытып қапты. Еті қашып, арыған жіңішке қолдары қазірде дірілдеп, бір жерге орнықпай, ауру қеудесін сипалай береді. Қолдарының түсі сарғыштанған, тыраңақтары көкшілденіп қанталап тұр.

Мейірхан жолдасының осы пішінін көргенде ішінен тынып, жүдеп келіп, қасындағы орындыққа зорға отырды. Біріне-бірі қоштасқандай болып қалың уайыммен аз қарасып отырған соң, Мейірхан күрсініп, Мақсұттың жайын сұрай бастады.

Мақсұт бәсендеп қарлыққан даусын қатайтпак болса да, шамасы келмедин. Сөзіне көбінесе сыйыр араласып, не айтқаңдары ұғымсыз болды. Мейірхан сөзін ұқпак болып тыңдаса да, ешнәрсе ұға алмады. Аздан соң Мақсұт шатасынқырап, сандырактай бастады. Сөзінің көбі сай күнінде істеп жүрген қызметі, оқытып жүрген сабағы, тәрбиелеп жүрген қазақтың балалары туралы. Әлсіздікпен сыйырлаған шалажансар сөздерінің арасында: Балалар... жетім қала... Мен еңбек сіңіре... алмадым... Енді міне!..— деп қеудесі мен ішін сипап: Өзім де екіталайдың үстінде жатырмын!— деп Мейірханға қолын созып, бұның қолынан ұстап: «Мені сөкпейсіндер мег?.. Менде жазық жоқ қой...»— деді де соның артынан қайтадан шатасты.

Мейірханның көзінде жас толы еді. Аузына жұбатарлық сөз тимеді. Ауру жолдасының көңлі үшін айтқан «Жазыласын, өлімді ойлама!» деген сөздері жасып, әсерсіз болып шықты.

Аздан соң тәргі үйге Мақсұттың кемпір шешесі мен келіншегі — Қадиша кірді. Қадишаның қолында кішкене баласы бар. Екеуінің ішінде де үміт пен қорқыныш жеңісе алмай алысып тұрған сияқты, сенімсіздік білінеді. Жалғыз баласы — Мақсұттан басқа сүйеніші, тілеуі жоқ әлсіз сорлы шешесі көкірегі қайғы-шерге толып, көздері мөлтілдеген улы жасқа толып, жаутандап, қуат-көмек сұрағандай болып, Мейірханға қарай береді.

Мейірхан жұбатпақшы болып, тағы да бір-екі ауыз сөздер айтты. Бұлардың бәріне, Мақсұттың нашар науқасының үстінен, түйін болған нәрсе — бүгін тәңертең доктор келіп ауруды қарап: «емдеуден өтіп кетіпті, өле-ді!», — депті.

Сондықтан бәрінің іш күдігі күшейіп тұрған. Шешесі

үйге кіргенде Максұттың көзі түсіп, апасына біраз қарап жатып, артынан шыдай алмай көзін жұмып, ірге жаққа басын бұрып әкетті. Тұысқансыз, жақынсыз жалғыз қалатын сорлы анасының көрер күні қандай болатынын Максұт ойлағандай. Аздан соң басын қайта бұрып алыш, шешесіне қарап:

— Өзгенікі — өзге-ау, сенің күнің не болады? Сені кімге тастаймын?.. Алдында өлмедің-ау! — деп, басын шайқап жылағандай болып, кемсендеп тағы теріс қарап кетті. Шешесі даусын шығарып жылап жіберді. Қадиша кейінірек тұрып, кезінің жасын анда-санда сығып алыш тұр еді.

Осы халде біраз уақыт өткен соң есік ашылып, үйге Максұттың тағы бір-екі жолдасы — Жұмағұл мен Ақтай кірді. Бұлар үйдегі суретті көрген соң, біраз сезбен аурудың жайын сұрасты да, үндемей мұңдайып отырып қалды. Максұт ірге жаққа қарап жатып, басын бұрмай:

— Қадиша... өлмейді... Бірақ ол сенен туған жок... Басы көп, бай төркіні бар. Ең болмаса, соларға кетіп қалады ғой. Сені о да жылатар...

Кемпір талықсып жылап:

— Неге үйдейсің, жарығым, жалғызым?.. — деп, каты жылай бастап еді, Максұт:

— Апа, жыламашы, ана үйге барши... — деп сыйырлап: — жүрегімді көз жасың өртеп барады ғой.. — деді. Мейірхан мен басқа жігіттер де бұл суретті көру қын болғандықтан, кезінің жасы жерге тамшылап тұрған кемпірге:

— Жыламаңыз, қиналады ғой... Бара тұрыңы! — деп ақыл айтты. Кемпір:

— Жарығым... жата ғой... Жалғызым!.. Қараашығым, жата ғой!.. Мен құрғыр кетейін, — деп ауыр күрсініп шығып кетті. Қадиша үндемей тұрып, енесінің артынан бірге шықты.

Мұндай күйге жүрегі сезімді Мейірхан қатты жүдеп отыр еді. Сорлы кемпірдің күйін ойламайын десе де, көңлі еріксіз ілгері қарай басып, келешектің әртүрлі суретін көз алдына елестете бастады. Келген ойы: «Максұттың өлеңіні рас, кемпірдің сорлы болып зарлайтыны да шын. Мына жас қатын жолдасының рухын сыйлап, бірге қайғы жеп отыра ма? Отырмайды. Бұл және қала қызы... Біреумен кетеді, ә?» — дегендей ой ойлады.

Кішкене үйдің ішіндегі бұл секілді күдікті ауыр хал

көп күндерге созылған жоқ. Еңсесі кеткен ауру күннен күнгө төмендеп кетті. Сөніп бара жатқан шырағдан отындей бәсендей берді. Біргүні тұске таянған мезгілде демалысы жілеп, кеудесіне сырылдақ пайда болды. Ауру әлсізденді, енді денесін де қозғай алмай, көзін анда-санда ашып-жұмып сұлық жатты.

Баласы бұл күйге жеткен соң, көп өлімді көзі көрген кәрі шешесі жалғызынан күдер үзе бастады. Намазда күндіз-түні дүғаның орнына жалғызының атын атап, сыйбырлап, жалынып тілеуден босаған жоқ еді. Бос отырғандай болып, үй іші оқашаланып жалғыз қалса, көзінен үнсіз жасын ағызып, кейде кемсендеп жылап та алады. Тілек пен қайғыдан тозған жүрегі алдында жылжып тақап келе жатқан қауіпті ойладап езіледі.

Бірак ешиәрсениң көмегі болған жоқ. Көптен күткен қаһарлы ауыр, сұық сағат жылжып келіп жетті. Максұттың демі бітуге таянып, денесінен жан кете бастады. Бір уақыт аяқ-қолы мұздап, демі біткендей болды... Қасында телміріп қамап отырған жақыны мен таныстары күдерді әбден үзгендей болып еді. Сол халде біраз уақыт өткен соң, Максұт қайтадан ақырын көзін ашты. Қөзінің қарасы жоғары шығып, аласы көбейген сұқылды. Сүзілген сұық көзінде ұсынып көнгендік бар.

Өз халін шын ұға алмағандай болып, сыйбырлап:

— Барамын ба, жоқпын ба?..— деп аздан соң көзін қайта жұмды. Жұрттың күдігі ұзаққа созылған жоқ. Түсі аз-аздап сүи бастап, көзі шала жұмылып, бір араға қадалып қатып қалды... Еріндерінің арасы ашылып, тісі ақсиып, бетіне өлім таңбасы басыла бастады. Кешікпей үзілді... Үй іші у шу болды... Кемпір халі бітіп, талықсып кетті. Осы халдің бәрін көз алдынан өткізген Мейірхан, Жұмағұл, Ақтайлар да шыдай алмай, бірге жыласты.

Жұрттың бәрі сол күні-ак Максұттың өлімінен хабарланды. Оқыған жігіттер мен қаланың басқа халқы да азаматты шын аяды. Жолдастарының көбі қайғылаңып мұңайды... Жұрттың бәрі де:

— Қалада өскен жігіттің адамы осы еді, бишараның шешесі сорлады-ау!— деп, шынымен назаланғандай болды.

Ертеңінде Максұттың жаназасын шығаруға көп жұрт жиналып еді. Азаматқа ақыры қарызын өтемек болған оқығандар, жолдастары түгел жиылып келді. Бәрінің түсі уайымды... Қабақтары салбыраңқы, жүдеу...

Біраз уақыт өткен соң жиылған жұрт өлікті көтеріп алып, зиратқа қарай жүріп кетті... Зиратқа жеткен соң, ерте бастаң қазулы даяр тұрған, қасында үолі жана топрағы бар, азынаған сұық көрдің қасына өлікті алып келді. Қөп жастар көрге бір-бір қараған соң, шыдай алмай теріс айналып кетісті. Бейіт басында бірқалпынан аумай, құтырған сняқтанып желігіп жүрген молдалар ғана. Бұлар қызылды сезген қарақұстай жанталасып жүр. Шын рақымсыз, тастай сұық адамдар секілденеді. Өліктің үстіне жапқан шапанға, басы мен аяқ жағына салған орамал шүберекке таласады.

Аздан соң Мақсұтты жалғыз қабат ақ кебінге ораған күйінде лақаттап қазған көрдің түбіне апарып салды. Бержағына бір кірпіштен соң, бір кірпішті қойып, телмірген көздерден денесін жасыра бастады.

Осы халдің бәрін де көздерімен көріп тұрған оқығандар бір-бір ауыр күрсініп алып, салбыраған пішінмен үйді-үйлеріне тарасты.

## II

Күндер өтті... Ауыр айлар да жылдай жылжып, бірін-деп өтіп жатыр. Жаз келіп көк шығып, дүние жасарған. Күн бұрынғы көркіне түсіп, қызуымен жер жүзін жандандырып қуантады. Жапырактары жетіліп, жазғы жасыл киімін киген ағаштар бір-бірімен мың түрлі тілмен сөйлесіп, сырласа тенселіседі.

Жылы күнге қуанып-ойнап ұшқан құстар табиғаттың бір түріне арнаулы мақтау өлең айтып былдырлаған нәзік тілімен қошеметін көрсетіп жүр. Адамның да көnlі көтеріцкі, желігі көбейгендей... Бірақ Мақсұттың үйіне желікті дүние әлі әсерін берген жоқ. Мұнды кемпірдің шер-уайыммен сарғайған жүзі, қайғымен тұксиген қабабы бірғалыпта қатқандай, тасқа түскен таңба секілді. Кешке шейін тыныштықта тұратын кішкене үйдің ішін күрсінгенде кеудесінен шыққан жалын өртеп кеткендей болады. Жас Қадишаны үй ішіндегі ауырлық мөйніна байлаған тастай басып, еңсесін көтертпейді. Ол бұл күнде сарылып отыратын ұзақ қайғыдан арылған. Жалғыз ақ құлазып тұрған иесіз үй жетімдіктің суреті секілденіп отырған қайғылы кемпір үйге кірген сайын иығын көтертпейтін секілді. Бұл екеуінің ортасында әзірге жамау болып тұрған — Мақсұттан қалған кішкене әйел бала —

**Жәмила...** Қайғыдан кемпірдің көнлі азырақ сергіген уақытта екеуі де баланы ермек қылып, алдарына алып алданыш еткен болады.

Мейірхан бұл үйге Мақсұт өлген соң көп келген жоқ Қашқалақтағандай.

Бұрынғы Мақсұттың жолдастарынан осы күнде бұл үйге көбірек келетін — Жұмағұл мен Ақтай. Бұлар әуелгі кезде үйге келгенде қайғылы болып отырысып, жүрежүре үйренген соң аз-аздап әңгіме айтып, кейде Қадишаға оңашаракта күлдіргі сөздер айтып та қаралы әйелдердің көнілдерін көтеріп кететін болған.

Соңғы уақытта Жұмағұл жалғыз да болса келгіштеп, әртүрлі әңгімемен Қадишаның қөнілін қайғыдан біраз сергітіп кететін болған. Жаратылсында қу, сөзінде шынынан өтірігі көп Жұмағұл соңғы күндерде әңгімені Мақсұт жайынан айтпай, көбінесе өзі көріп жүрген жастық қызықтарын айтқыштай беретін болған. Мақсұт жайын кемпірмен ғана сөйлеседі. Оған да «жақсы бала» болып көріне бастады. Қадиша аздан соң Жұмағұл әңгімесінің артынан елегізіп қалатын болды. Әңгіменің әсері бойына күннен-күнге сініп бара жатқандай. Сырты қаралы болмаса, ішінде қаралы көніл таусылған сияқты. Төсекке жатқан сайын аунап, қызып үйықтай алмай жатқанда, ойын қайғы билемей, көмескі үміт пен қызу билейтін әдет болды. Ойланса — артын ғыламай, алдын ойлауы көбейді. Сол ойлар жиілеген сайын тұрған үйі суықтанып, көніліне жат тартқандай бола берді. Қазіргі халі «қызықты енді көремін, омір дәмін енді татамын!» деп сансыз үміт, сансыз хиялды ойлад келе жатқанда, бір қатал қол ракымсыздықпен қатты ұстап алып, әлдеқандай құлап тозып, қуарған ескі моланың ішіне бекітіп тастап кеткен тұтқын адамның халіндегі көрінеді. Мұның бәрі жақында болатын үлкен өзгерістің алдындағы басқыштары еді.

Біркүні Мейірхан қызметтен қайтып келіп, төсегінде жатыр еді. Үйіне қазақша киінген жастау жігіт кірді де қолына бір кішкене хат тапсырды. Мейірхан ашып оқыды.

«Мейірхан жолdas!

Ертең сағат 12-де біздің тойға кел. Сен естіген шығарсың мен Қадишаны алатын болым, Құдай үрып, сөзіміз осылай болып қалды.

**«Жұмағұл».**

Мейірхан есі шығып ақырып: «не дейді?»..— деп хатты қайта-қайта оқып, тұрып қалды. Жігіт шығып кетті. Мейірхан басына тас тигендей болып сандалып, әрі-бері аласұрып жүрді де аяғында айласы құрып отыра қалып, хаттың үстіне ірі жазумен: «Бармаймын, тойың құрысын!» деп, қыска түртіндісін қондыра салып, отырып қалды.

Ертеңінде Мейірханның үйіне тойға бара жатқан екі жолдасы кірді. Екеуі де жақсы киінген, ақ жаға салып, ііс май сепкен, тойға бара жатқандай-ақ ажарлы, көңілді.

Мейірхан бұларға: «Бармау керек. Бұл нәрсіздік. Кеше Максұттың тойын тойлап, бүгін — оның қатыны мен Жұмағұлдың тойын тойламақшымыз ба?»— деп еді, бірақ оған жолдастары болған жок. Олар: «Қойши идеалист болмай! Барамыз да тамаққа тоямыз, кішкене ішеміз, неменесі бар?»— деп Мейірханның аузын ашырмады. Біраздан соң Мейірхан да отырып-отырып көніп, бәрі де бірге жүріп кетті.

Той қызулы болып жүріп жатыр. Жұмағұл мен Қадиша түк көрмегендей болып құлпырып кеткен. Қелген жұрттың бәрі де ешнәрсе болмағандай шын көңілдерімен «құтты болсын!» айтЫП, екі жастың қуанышын қызықтап кетті. Аздан соң ішіп алған жұрттың бәрі де мас болды, у-шу, жыр, айғай, күлкі көбейді.

Қызып, мас болған соң Мейірхан бір кезде түрегеліп, жұрттың бәрін тоқтатып өзіне қаратып, қолына рөмкесін алып:

— Мен сендерді Максұт үшін ішуге шақырамын... Жасасын Максұттың аруағы!— деді. Жұрттың бірталайы күлді. Жұмағұл мен Қадиша қоса күлді. Бірталайы ойына ешнәрсе алмай, бірге ішіп жіберді. Мейірханды қасындағы жолдастары «тыныш отыр» деп аяғынан тартып, мазак қылып күліп, отырғызып қойды. Мейірханның жолдас қарызын өтегені сол еді...

Аз күннен соң Жұмағұл мен Қадишаны қайынатасы Кондыбай қатын-баласымен түгел жиылдып келіп, қырға қарай шығарып салды. Жаңа қосылған жастар елдегі Жұмағұлдың үйіне баратын болған. Қоңыраулы тройка Кондыбайдың қақпасынан шылдыр қағып шыққанда, қарсыдағы Максұттың үйіне Жұмағұл қомағайланған көзбен қарай түсті.

Максұт өлген бөлменің терезесінен сорлы шешесі бұл

күйді көріп, екі көзінен жасын өзендей ағызып, телміріп қарал, қадалып отырып қалды.

Жастарды шығарып салған оқыған жігіттер қалжың-дасып, күлісіп, бұл терезенің алдынан бөлек-бөлек болып өтіп жатыр...

### III

Майдың күні. Қек жетіліп, гүл-жапырақ молайған. Жаңа шыққан ал-күрен жасыл шөппен дала жасарған. Былтырдан қалған ку шөп азайғандай, анда-санда болмаса, көзге көп ілінбейді. Оның орнын қазіргі күнде аласа бетеге, жасыл, тарлау, шашыраған жас көде, шашқталған жас сасыр басқан. Жасыл кілемнің түріндегі көрікті далада әр жерге шашырап шыққан қызғалдақтың сары гүлдері көз куантып жайнап тұр.

Ұлken таудың қолтығындағы жіцішке өзек пен ұзын сайлар да жылдағы сұлу көріне келіп жаңаған. Жапырағы жетілген жас қайың, өзекті қуадап өскен ұзын тогай, тасқыны басылмай, сарқырап аққан ойнамалы жүйрік өзен, бойы өсіп бұрандап, толқынданған жасыл шалғын, өзектің екі жағындағы қатарланған биік жартас, өзек бойында ойнап ұшқан жыршы құстар — бәрі жиналғанда, сайды жаңа түскең жас келіншектің отауындај жайнатып, жасартып тұр.

Биыл бұл өлкенің сусы да мол еді. Сонау ойда көз ұшында жарқыраған — шарасынан сусы асып, айнадай мөлдіреп жатқан көл көрінеді. Жағалай жүрген мал шашырай жайылып, көл айналасын шүбарландырып жүр. Жарық күнде шаңқып көрінген ақ ауылдарды сағым көтеріп кейбір үйлер жұмыртқадай болып көрінеді. Жайлауға қарай жаңада беттеп көшкен ел Шыңғыс тауынан асып келіп, күнгейде отыр. Ауыл-ауылдың бәрі дырдуы мол, көнілді.

Қыстан мал күйлі шыққандықтан, жазғытурымғы көкке аз күн ішінде семіріп алған ат-айғыр, ту биeler осы күні міністе. Екі-үш кісінің басы қосылса — жарыс, аударыс, ат сынасу, күш сынасуды ермек етеді. Құнгейге келгеннен бері қарай ауылдың ұлкендері: «Құлындар жетіліп қалды, жайлауға қымызсыз барғанның орны жок, енді бие байлау керек!»— дескен болатын. Сондықтан биесі бар ауылдар нокта-жіп есіп, саба тігуге қатын-калашты жиып, науқан қылып жатыр. Сол сияқты қамға Жұмағұлдың аулы да екі-үш күннен бері қарай кірісken

еді. Бірақ Жұмағұлдың шешесі Қамария,— жас күнінен шаруақорлықты сарапыңда жеткізген, күтімділікті пайдакунемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пысық бәйбіше болғандықтан бұл жолы науқанда да қыл-қыбырын көп шығармай, шығындармай, керек іэрселерін тез қамдап алды.

Сондықтан Әміре ақсақал бүгін ауылдың жанындағы көгалға жылқысын іртіп, бие байлатып жатыр. Желі басында ауыл үйдегі көрші-қолаңшы, кедей-кепшік болмаса, басқа ауылдардан келген ботен қыдырмашылар жоқ. Әміре шығын шығаратын қошеметшіні жек көреді. Бұл мінезін білетін ағайын мұның істеген науқандарының көбіне келгіш болмайтын.

Қыс бойы құрық көрмей асаусып қалған ірі жылқылары да, араларындағы асау құлындар да желі басына тұрмай шұбырып жүре бергендейктен ақсақал әуелі қашаған биелердің құлынның ұста деп бүйрек берді.

Інғайлы жінішке құрыққа мықты бауды тағып алып, жылпос жылқышы топтанып ығысып келе жатқан көп жылқының ішінде қақтығып жүрген құлындарға нұсқаған сайын құрығының бауын дәл түсіріп, жас құлындарды бірінің артынан-бірін шыңғыртып, тулатып, ұстап байлатып жатыр.

Құрық көрмеген асау құлындардың кейбіреуі құрық тартқанда аспанға шапшып шыңғырса да, жылқышының мықты қолдарының қайта серпіген екпінімен шалқасынан түсіп, тыптырлап қалады. Әміре құлын жығылған сайын: «бісміллә!» деп орынан ата жүгіріп, жылқышыға: «мертіктіріп алма!»— деп құрак ұшып жүр.

Бие тегіс байланып болған кездे ауылдағы қатын-қалаш бұл елдің бұрыннан келе жатқан ырымын істеп, үйден табаққа салып құрт-май алып келді.

Әміре үйірі мол айғырларды ұстасып алып, сауырлағына айран жақтырып коя беріп, желі басына топталып жиылдып қалған жұрттың ортасына келді. Жас-кәрінің бәрі де қатындар әкелген құрт-майды жабырласып жеп жатыр.

Аздан соң желі басында отырып, жұрт бір-екі күннен бері қарай естіп жүрген әңгімелеріне көшті. Бұл әңгіме қалада Жұмағұлдың қатын алғандығы жайынан еді. Қаладан бұл ауылдың өзіне келген әлі анық хабар жоқ. Бірақ басқа бір ауылдарға келген қалашылар: «Жұмағұл қаладағы Қондыбайдың кызын алды. Жасау-жабды-

ғы барынша мол көрінеді. Бұрынғы күйеуі өлген көрінеді, содан қалған кішкене қызын да Жұмағұл қолына алыпты. Өлген жігіттің бір кемпір шешесінен басқа жақыны жоқ, бір басына бай жігіт екен. Қалада көк шатырлы үйі бар білем. Енді мына кішкене қызды алған соң, сол өлген жігіттің қалған мұлкіне Жұмағұл ие болады деген сөз бар. Қыздың әкесі Қондыбай «қалған мұлікке менің қызым ие болады» деген сөздің шет-жағасын шығарып та жүрсе керек. Сонымен Жұмағұл «бірақ күнде дүркіреген бай болып шыға келгелі тұр» деген куанышты хабар дүңкілдеп Әміре ақсақал мен Қамарияға естіле бастаған. Бұлар куанын өрекпіген кісінің мінезін көрсетпейміз деп, ішінен «шүкірана» қылып, сырт кісінің бәріне:

— Е, алса — алсын байдың қызын! Ол немені біз оқытқанда, «ылғи бізден шығын шығара бер, кемпіршалдың қолындағы азын-аулағын тауса бер» деп оқытып па едік?! «Мал тап, бізді асыра» деп оқытқанбыз. Осы күнге шейін қара тын табыс тапқан жоқ. Енді қашан көмегі тиеді бізге? Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолатпайық деп жүр едік. Соны естіген фой! — десіп, іштегі жұбаныштарын сыртына монтаны күйінштің сөзімен шығаратын. Қазірде де желі басында отырған жұрт:

— Жұмағұл келіншегімен бір-екі күнде келеді; солар келгенше, қымызды аштып қою керек. Бұлар бұл жолы сый болып келеді, күту керек! — десе, кейбіреулер:

— Анау өлген жігіттің дүниесіне ие болып отырған — жалғыз ғана кемпір, оны да ала келсеші! Кемпірге басын күтетін кісі болса болмай ма, оған енді дүние не керек? — деген сөздерді де айтса бастады. Қамария ешкімге айтпаса да, бұрын ішінен ойлап жүрген есебінің бірі осы болғандықтан:

— Кемпірге менің баламнан артық бала бар ма? Жұмағұл оны асырап-сақтауға жарамай ма, тіпті қолымда тұрсын десе, қолына-ақ берейік Жұмағұлды. Ол кемпірі ақылды болса, енді Жұмағұлды бауырына тартуы керек емес пе? — деді.

Әміре бұл сөздің жарыққа шығып, көп жүрттың талқысына түскенін жаратпайды. Сондықтан әншейінде көп қарсы келмесе де, Қамарияны тоқтатып:

— Қойши, қатын, күнібұрын жоқтан өзгені сөйлей бермей, құдайдың бір жазғаны болар! — деді.

Қырдың дағдылы салтынша қын сөздің бәрін жарық-  
қа шығарып, оңай сөз қылыш сөйлеп отыратын машық-  
пен кәзіргі жиылып отырган ерек-үргашының бәрі де  
Әміре мен Қамарияның біріне-бірі айтпай, ақырын құпия  
қылыш ойлас жүрген жайларының бәрін қоныраулатып,  
сыртқа шығарып отыр. Бұлардың көз алдарына үлкен  
байлықтың, салтанаттың да қызықты суреттерін елестет-  
ті. Бірақ ішінен тақыс есебі арылмайтын Әміре көрші-ко-  
ланың бір жағы — тілеулестік, бір жағы — қошеметші-  
лікпен айтып отырган сөздеріне көп желікпеді. Ол сырты-  
на сөз шығармай, жұрттың барлық сөзін үндемей тыңдал  
отыр.

Осы ретте желі басында бірталай уақыт өткізген соң,  
жұрт біртінде тарай бастап, аяғында, бәрі де үйлеріне  
қайтты.

Арада біраз күн өтті. Күн кешкіріп батуға тақалған  
уақыт еді. Әміре құдық басында тұрып, кешкі суға кел-  
ген жылқыны суартып, алдын солтүстік жақтағы ашылы  
ойға шығартып тұр. Ауыл жақта жаңа жамыраған қозы-  
лар у-шуымен дүниені азан-қазан қылыш, жаңа ғана  
корадан өріп барады. Қамария қой сауып келген қатын-  
дарға әмір ғылыш, есік алдында тұр еді. Қасына қозышы  
бала шауып келіп:

— Шүйінші-шүйінші, апа! Жұмағұл ағам келіп қал-  
ды,— деді.

Бұл сөздер естілген жерде ауылдағы барлық жан  
үйқы-түйкес болып, әбігерленіп қалды. Жұмағұлдың ке-  
луін асығып күткендері барлық қарбаласынан білініп  
тұр.

Әрлі-берлі жүгірісіп сенделген қатындар; шулап се-  
кіріп, құліп-ойнаған балалар; құдық басынан жаңа хабарды  
естіп, ауылға қарай жылдамдатып келе жатқан  
үлкендер — барлығы да Жұмағұлдың келуін үлкен қуа-  
ныш қылған сияқты. Жолаушыларды күткен ауылдағы  
барлық ерек, барлық қатын-қалаш Әміренің үйінің  
сыртына шығып, екі жаққа жарылып тұрғанда, ауылға  
жарты шақырымдай жерде қатты жүріп келе жатқан  
қоныраулы тройка көрінді: Ат басын ұстаған жігіт жо-  
лаушыларды қарсы алуға шықкан топты көріп, бұрын-  
ғысынан да екіленіп алып, тер басқан үш қоныр атты  
бишігімен ығыстырып, шаптырып келеді. Бірін-бірі көру-  
ге асыққан жақындардың шыдамсыздығы ұзаққа со-  
зылған жок. Аттардың тұмсығы Әміренің үлкен ақ

үйінің сыртына келіп тірелді. Жолаушылар арбадан түсіп болғанша, сағынған жақындар Жұмағұлдың бетінен сүйіп алды. Аздан соң әйелдердің бәрі де Кадишины жағалап, Қамария сияқты ұлкендері оның да бетінен сүйісті. Біраз сөзбен амандық айтысып, хал-жай білген соң, жұрттың бәрі үйге кірді. Сөйлесіп, хал білісіп, арасына қалжың да араласып, күлкі-күбір басталған соң, жақындардың қуанған, сағынған, лұпілдеген жүректерінің бәрі орныға бастады. Жұрт біріне-бірінің көзі қанып үйреніскең сайын, жана келген жастар мен ауылдағы барлық жандардың арасындағы аз үйлеспегендік сезіле бастағандай болды.

Ауылға келерде жазға лайықты барлық таза жақсы киімдерін киіп алып шытырайған жастар қаланың халқына ұқсан, қырға бөтен кісі сияқтанды. Қерек десе, Жұмағұлдың сөйлеген сөзінде де «сіз-бізі» көбейіп қалған жат адамның қалпы байқалғандай. Бұл үйлеспегендік әсіресе келін жайына келгенде айқынырақ сезіліп тұр. Қеліннің келген жердегі ата-енесіне «сәлеметсіз бе?» деп амандасуынан бастап, үйге кірген соң төр алдына күйеүінің қасына отырып, мұйнет сайын онымен сыйырласқаны да қыр тұрмысында ешuaқытта болмаған бір өрескелдікті танытқандай болды. Қелін затында, өзі оқып үлгі алғып, оқымыстылардың қатарына кірген кісі болмаса да, қала-дағы мұғалімнің қатыны болып ашылып қалғандықтан, сол оқымысты жұрттың үлгісін машық еткен еді.

Кәзіргі сағаттағы үйлеспегендік жана келген жастарға соншалық көп байқалмаса да, ауылдағы үлкен-кішінің бәріне де тез сезілді.

Мұндай күйге сезімдірек болып тұратын әйелдер әуелгі жерден-ақ күнкіл сөз шығарып, тысқа шыққанда біріне-бірі сыйырлап күлісе бастады. Үйдегі еркектің бірталаіы байқамаған кісі болып сыр білдірген жок. Кейбіреулер ғана күліп жүрген қатындарды қағытқан болып, қалжыңмен өздерінің ішіндегі жайларын да сыртқа шығарыңқырап қойысты. Бұл күйдің бәрін, түгел болмаса да, шет-жағалап сезіп отырған Әміре қазакы көңіліне ұнамсыз бірдеме тигендей болып, көп сөйлемей үндемей отырып қалды. Бірак Қамария екеуінің де түпкі көңілдегі күдіксіз бір жұбанышы бүгінгінің болымсыз кем-кетігін ұмыттыратындей. Сондықтан анау-мынауға қарамай-ақ Жұмағұлды суюден, сыйлаудан қайтпаған.

Осымен алғашқы келген жердегі азғана алшактық

көп уақытқа созылған жок. Бес-алты күн өтіп хал-жайды біліскең соң, бала мен әке, келін мен ене бірін-бірі әбден таныды. Шаруа жағындағы кейбір жұмыстарға келгенде, бірін-бірі жалғыз ғана емеурінмен де ұғысатын болды. Бұларды біріне-бірі соншалық тез жақындастырып жіберген себеп не? Ол — кәзіргі бұлардың алдында тұрған үлкен мәселе: мал-мұлік, дүние мәселесі ғой. Соған келгендеге, бәрінің де мінезі, ісі түгелімен бір жерден шыққандығында. Малды сүйген қомағайлыққа, сараңдыққа, қанағатсыздыққа келгенде, жас келін кәрі енесінен асып түсті: жас жігіт оқыған десен де, кәрі әкесінен асып түсті, заты, мінез бірлігі «жас-кәрі», «оқыған-оқымаған» деген айырмыстарға қарамай-ак, бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді. Аラлары мұндай күйге жеткен соң, әрқайсысының ойында жасырын күйде жүрген сөздер ашық айтылатын болып, жарыққа түсе бастады. Қамария екі күннің бірінде:

— Шығынымыз көп, кемпір-шалдың қолындағы мал таусылып барады, көздеріңің қырын салатын уақыттарын жетті. Қайдан болса да — мал табындар! — деген сөздерді енді баласы мен келінің құлағына сіцире бастады.

Келіні әкелген жасау-жабдық басында үлкен олжа көрінсе де, аздан соң ұмытыла берді.

Енді бұлардың бәрінің көnlіндегі бір-ак арман — қаладағы кемінір қолындағы мұліктің басын ашуда. Жұмағұл мен Қадиша бұрын бұл жайдан көп сөйлеспейтін болса да, қырға келген соң үлкендерден ашық сөзді үйреніп алып, онаша жерлерде ақылдастып, айла іздейтін болған. Қамария балалары ешкімге ақысын сінірмейтінін білген соң, бұларға «пәлен-түгенді істе» деп ақыл айтуды қойды. Бірақ ұмытпасын дегендей ғып, кемпір қолындағы мұлікті әр күнде бір рет неғылса да сөз етіп қоятын. Мұны ашық сөз қылуға сұлтау таба алмаған күнде Мақсұттың кішкене қызы Жәмиләні алып, соған сөйлеген болып:

— Дүниеге қашан ие боласың? Біздей кәрі әке-шешене қашан көмегің тиеді? Кемпірдің қолындағы мал-мұлікті жиып ал! — деп Жұмағұл мен Қадишаның құлақтарын бұрап қояды. Әміре бұл жақтағы әңгіменің көп теріске кетпейтін түрін аңғарған соң, соңғы кезде мал құраудың екінші бір ебін ойлай бастаған. Ел ішінде Әміренің өзімен жасы түрғылас Жанғазы деген ірі бай

бар еді, соған кішкене Жәмиләнің бас-аяғы ұнап кетіп, далада бірге келе жатқанда Әміреге сөз салыпты:

— Мына баласын менің былтырғы тұған кенже бала ма атастырып кояйық, соған ырзалығын айтсын,— депті.

Әміре бұл сөзді өз басы макұл көріп Жұмағұлға келген соң, Жұмағұл:

— Әзірше мұндай сөзді шығарудың орны жоқ. Мен біржолата жаманатты боламын. Және ертең кемпірмен сөйлескенде де: «осы жетім баланы жылатпаймын, берсөң — соның есесін бересің»— деп сөйлескелі отырмын. Бір жағынан — соны айтып отырып, бір жағынан — өзіміз сатып отырсақ, ел-жүрттан үят қой!»— деді.

Әміре Жұмағұлдың әзірше көнбейтін түрін байқаған соң токталды. Бірақ баласына:

— Жұрты құрғыр кісіге жақсылық ойлауши ма еді? Сен мал тауып байып бара жатсан, көре алмайды. Өнебойы жүрттап қорқамын деп, сыбағаңдан құр қалып жүрме, арсыз болмай — абыройлы болмайсың деген!— деп, әмір бойы айтып көрмеген өситетін баласына енді айта бастады. Бірақ ақсақалдың әуелгі қозғаған әңгімесі көңілдегідей шешілмеди. Ең жақын болғанда, бір жылға шейін токтай тұру керек болды.

#### IV

Жастар қырға келгеннен бері екі-үш ай өтті. Жаз ортасы ауып, жұрт егін-пішенге қам қыла бастаған. Дала сарғайып жүдеу тартқан.

Жазғытұрымғы жас істі жасыл шөптедің орнын сары селеу мен қатаң тартып қуарған ақ көде басқан. Жайлаудағы жақсы қоныс, мол құдықтардың айналасын тоздырған ел бауырдағы күзекке қарай көше бастады. Әміре ақсақалдың аулы да көп елмен бірге бауырға қарай көшіп келеді.

Жұмағұл мен Қадиша жаздайғы тұрған тұрмыстарына әзден ырза еді.

Жазғытұрым қаладан азын-аулак жүдеу тартып келсе, осы күнде екеуі де оңалып семірген. Оның үстінен ауылда да, жалпақ ел ішінде де жүрттың бәріне қадірлі болып, қайта-қайта қонақтан, ойын-жынынан босамай, уақытты қөңілді өткізген. Енді бұлар қырдың қызықты уақыты өтіп барады, қалаға қайту көрсек деп сөз байласып, аз күндерде жүрмекші болған.

Бір күні кешке жастар жүрердің алдында сөзді бір жерге байламақ үшін, үй ішінің азғана кенесі болды.

Бауырға қарай ығысып көшіп келе жатқан ел жаппалап қонған еді. Ай жарық, түн желсіз тынық. Эр жерге шашырай, үйме-жүйме болып қонған жаппалардың далағы оттары жарқылдаپ көрініп тұр. Жер ошакта кейде — жалпылдаپ, кейде — лаулап жанған оттар түннің қалың үйқысымен қалтаң қағып, алдысып тұрғандай.

Жұмағұл мен Қадиша өздерінің одаша күркелерінің ішіне салған құс төсектің аяқ жағында біріне-бірі сүйеніп, қатар отырып, шаруа жайын сөз қылышты. Аздан соң әңгіменің аяғына Қамария да қосылды. Өзге әнгімелердің ішіндегі ең күдікті қызын сөз Мақсұттың қалған үй мен мұліктің сөзі болғандықтан, Жұмағұл бұл тұрасынан кәзір де ашып ешнәрсе айтпай, көп үндемей отырып қалды. Бұл уақытта Жұмағұл жаратылысындағы тақыстық құлышына салып, бойын бағып отырды. Бірақ өзгелердің сөзін токтатқан жоқ. Қадиша мен Қамария бірін-бірі қостап, мұлік тұрасынан айтылатын сөздің бәрін айтысып шықты. Бұлардың өз ойынша даусыз деп байлағаны: Мақсұтта жақын туысқан жоқ, қалып отырған кемпірдің төрінен де көрі жуық. Оған өле-өлгенише сыйлап, күтіп отыратын кісі болса — болғаны. Мұліктің ендігі иесі — кішкене Жәмилә. Сондықтан әзірше қай жолмен болса да ізденіп отырып, үй мен мұлікті Жәмиләнің атына аудартып алу керек!— деп сөз байласты. Осымен үйішінің кенесі бітті.

Елде қалған Әміре, Қамария осы сөзді байлау ғылыш үстап қалды. Қадиша мен Жұмағұл қалаға барған соң ізденбекші болып жүріп кетті. Аз күндер өтті. Қырдағы сейілден қайтқан екі жас қаладағы құрбы-құрдас, ағайын-туысқан ортасына қайта келді. Сағынған қайын жұрт жолаушыларды қуанышпен қарсы алды. Қадишаның төркініне түсті. Қадиша мен Жұмағұл қаладағы таныстарының хал-жайларын сұрасып білді.

Тағдырдың тұтқынына түскен қаралы кемпір де Мақсұттың орнында әлі күнге қалқып отыр екен. Оның да жай-жапсарына әбден қанышты. Кемпірді Қадиша тастанап кеткен соң, жар дегенде-жалғыз жақыны — бір ақсақ бауыры бар екен: соны қасына алып қолғанат қылып, қайғылы өмірінің акырғы күндерін баяғыша бірқалыпты жылаумен өткізіп отыр екен. «Жұмағұлдар келді» дегенді естіген күні түні бойы үйінде шамын өшірмей зарлап

отырып, танды көзімен атқызынты. Қадиша келгеннен кейін, Жәмиләні көтеріп барып кемпірдің үйіне кіріп-шықты. Барған жерде кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиләні баурина тығып, құшақтап қысып, Мақсұтты жоқтағаны Қадишаның қатып қалған көңілін жібіте алған жок.

Оның бұл үйде көп отыруға іші пысып, кемпірден тез жалығып, үйіне қайтқысы келді. Сондықтан аз отырған соң баласын көтеріп қайтып келді. Қондыбай Жұмағұл келген соң:

— Енді уақытты босқа өткізбей, таныс жолдастарыңа сөйлесіп, ана дүниелерінді жиып алындар! — деп ақыл берді.

Сонымен Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып сұрастырып ізденип жүріп, аяғында оку бөлімінің жаңында жас баланың қамын жетін кеңсені тауып алып, соған арыз кіргізді. Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез миландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлемеп, есебін тауып жүр. Ақыры, бұл кеңсе Қадишаның арызын қаастырып, аяғында, Мақсұттан қалған дүние-мұліктің бәрін де «жас баласы — Жәмиләға ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ержеткенше «опекун» Жұмағұл болады» деп бүйрық берді. Қадиша мен Жұмағұлға бұл жұмыстың түсінда өзге жолдастарымен бірге көмекші болған Ақтай еді. Ол Жұмағұлмен бар сыры, барлық ісі аралас болғандықтан, енді бұлардың бай болып қатарға кіруіне тілеулестігін көрсете бастады.

Ақтай, бір уақытта Қадишаны Жұмағұл алуға өзі тілеулес болса да, жаздығүні қырдан келген ағасынан: «Қондыбайдың қызынан артық кімді алушы едің? Соны алып мал-мұлкіне ие болмай, бос сандалып жүрсің. Есеп білмейсің! Сенен Жұмағұл озып кетті...» — деген сөгіс естіген уақытта шынымен өкінгендей де болып еді. Бірақ уақыт өтіп, іс орайлы кезінен кетіп қалғандықтан, енді өзіне Жұмағұлдарға тілеулестікті лайық көрген. Қәзіргі уақытта аналарға көмекші болуының себебі сол еді.

Қадиша оку бөлімінің жоғарыда айтылған бүйрықты алып келген соң, кемпірге Қондыбай кісі салып:

— Құдайдың уақыты осы. Жалғыз өзі бір үйде құлазып отырғаны лайық емес. Ана үй-мұлкін Жұмағұл мен Жәмиләнің атына жазғызып, өзі солардың қолына кірсін! — деді.

Кемпір бұл сөздерді естігенде басына Мақсұттың өлімімен тең қабат қаза келгендей болып, аузы құбірлеп жалбарынып, жағасын үстады. Баласы өлгеннен бері қарай бір күн болмаса, бір күн көремін-ау деген зорлық, жетімдік жаңа ғана көз алдына бетпе-бет келгендей болды.

Бірақ Қондыбайдың сөзін әкеліп отырған Дүйсен бұның қайғысын ұқпайтын сияқты. Сол түрін байқаған соң, кемпір бар қуатын жиып алып:

— Мен баламнан, кешегі байымнан, арғы ата-бабамнан қалған мұлікті — туған емес, туысқан емес, дұспан болып отырған Жұмағұлға неге беремін? Менің балам жоқ болса да, ағайынның бар, Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін! Үрзалығыммен бір сабак жіп бермеймін. Курап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмак болыпсындар ғой, көптіктерінді істей беріңдер! — деп, Дүйсенді үйіне қайырды. Бірақ Қадишаның ұлықтан әкеп отырған бүйірғын естіген соң, және өзінің кемексіз жалғыздығын ойлаған сайын, кемпір есінен адаса бастады. Қөріне зорлық-қияннатты сезіп тұрса да, че амал ғыларын білмеді. Аяғында құдайға жылап- жалбарынып, «аһ» ұрып отырғанда, есіне баласының бұрынғы жолдасты Мейірхан түсті. Сол күні қасына ақсак бауырын ертіп алып, кемпір Мейірханға келді, жылады. Бәрін айтты. Қадишаның қалған есесі жоқ, Жұмағұлға тщерде төркінінен әкелген барлық мұлкін алып кеткенін де түгел айтты. Баласының достығы үшін жалбарынып, Мейірханнан ақ ісіне көмек сұрады. Зорлықтан қорға деп тілек қылды. Мейірхан дағдылы көнілшектігі ұстап, кемпірдің сөзіне ергендей болды. Зорлыққа аратұсуге уәде ғылыш, ертең Жұмағұлмен де, басқалармен де сөйлеспекші болды. Кемпір жетімсіреген көnlініне болымсыз сүйеу алғандай болып үйіне қайтты.

Ертеңіне Мейірхан Жұмағұлға жолығып:

— Шіркін, адамшылық қарызы деген бар емес пе? «Оқыған» деген атың қайда?! Пысық жігіт болдын, тегін катын алдың, үйінен әкелген мұлкін алдын. Өзің де кедей емессің, катыныңың төркіні — қаланың ұлкен байы. Қішкентай қыздың шығынын көтере алмаймын дедің бе? Неменесіне өлгелі отырған кемпірді жылатып, кешегі жолдастың — Максұттың аруағын күніренттің? — деді.

Жұмағұл бұл сөздің бәрін Мейірханның іші тарлықпен, қызғашақтықпен айтып тұрған сөзі деп санап:

— Бұл жұмысты істеп жүрген мен емес, Қадиша. Мен оны тоқтата алмаймын. Және мұндай болымсыз жұмыс үшін арам дейтін болсаң, айтып қой, сені біз сыйнайтын да кезек келер!— деп қыр көрсетті. «Оқыған азамат», «жаңа адам» дегені тек оқыған бай, арсызырақ дүниеконыз екенін жаңа үққан Мейірхан қатты ширығып:

— Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қаяныға күйеусің... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды дең, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Кақаларсын әлі-ақ!..— деп салды.

Мейірханның бұл сөзі де Жұмағұлға қонған жок. Ол «заң бойынша» іс қылатын болды. Мейірхан сүлдері құрып, жолдастынан түршігіп түніліп қала берді. Бұл әңгіменің артынан Жұмағұл, Ақтайлар сол күні-ақ «Мейірхан қызғаншактық қылып жұр» деп, сөзге тана бастады. Қемпір Жұмағұлдың ниеттерін естіген соң, бір-екі күннің ішінде қүйікті ойдың салмағынан езіліп бөлекше ауруға ұрынды. Есі ауып қалып, шатасып сандырактайтын әдет пайда болды. Әншейіндегі момын жүзіне бұл күнге шейін көрінбеген ашу шыққандай болып, көзі ылғи бір-ақ жерге қадалып, бет ажары суықтанып, қайта-қайта орнынан ата жүгіріп, үй ішіндегі әрнәрсені ұстап:

— Бермеймін, бауыздап кет мені... Ертең... кетемін... Мақсұтыма... апарып беремін!— деп жүлқынып, әрнәрсени бауырына тығып, арпалысып шатаса берді.

Сол күні кешке кемпірдің дүниені бермеймін деген сөзін естіген Жұмағұл қолындағы бұйрық қағазды милицияға алып барып, содан уш солдат алып, Мақсұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келді.

Кемпірдің шатынап, бұзылып отырған көзі мылтық ұстап келіп тұрған солдаттарға түскенде: орнынан жылдам тұрып, ақырын тәлтіректеп барып, әлі кеткен қолдарағымен төсектің басынан ұстап:

— Бермеймін... Өлтір... Өлтіріп кет... Өлдім... Мақсұт... құтқар!— деп сылқ етіп шалқасынан жығылып қалды. Жұмағұлдар төрге шығып, бұның қасына келгенде: кемпір бойы сіресіп, көзі жұмылып, жақтары тіс-тесіп үзіліп барады екен.

Тағы бірер секөнт өткенде кемпір демі бітіп үзілді.

Жұмағұл, Қадишаның мұраты орнына келді...

## ҚЫР СУРЕТТЕРІ

### I. ҚЕШКІ ДӘН БАСЫНДА

Жаздың жайлы кеші. Бойды сергітетін қоныр-салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп, таудан асып, үясына кіріп барады. Жұқалан, ұзыншақ көп бұлт қызыл сендей болып, батар күнді ентелеп қамап тұр.

Қара-көк тұнғынқ аспан күнбатыска тakaған жерінде қызыл торғындағ толқынданып, кейбір жерінде қызулы өрттің жалынындағ жайнайды. Күннің акырғы сәулесі түсіп тұрған тау бастары көлеңке басқан қоныр жердің алтын шатырындағ нұрланып, қызғылттанды.

Дәң басы кәзіргі уақытта өзгеше көнілді. Қешке жақын у-шуы көбейіп, азан-қазан болған ауылдан шығып, биік сары дөнге көтеріліп келе жатқанда, бойың биікке тарта бергендей болады. Белгісіз үміт күткен қомағай көз айналаны шарлайды. Кейбір жерде көз ұшында аспан төніп жерге қонып, жақындастып, жымдақсандай көрінеді. Кейде жерден көтерілген биік таулар иректеліп аспанға созылғандай...

Күнбатыстан басқа жақтың пішіні сүрғылт тартты. Алыста қара-қошқыл тау да бетіне көлеңкедей әжімі жиылып, салқын пішінмен түнергендей.

Елтеп қонырқай тартқан иесіз дала женіл тұманды жамылып сазарғандай. Жым-жырт.

Күн батты. Қызыл шапактың көрікті ажары мүйнет сайын бәсендеп, дүниені қаптаған сүрлықтан жеңіліп барады. Жас баланың үзілген жердегі түсіндей болып,

қаны тамған қызыл бетке аз-аздап көкшіл-сұрғылт өлім таңбасы араласқанға үқсайды...

Құлаққа ойдағы ауылдардың үні келеді. Қабат-қабат қалың таулардың арасында иіріліп жатқан жасыл сайдың бойын құлдилай қонған үш-төрт ауыл. Иірім-иірім әр ауылда алқа-котан тігілген қараша үйлердің қалың ортасында бір-бір ак үй жарық айдың қара су ішіндегі суретіндей жарқырай түседі.

Аралары жақын. Бәрінін де айналасы неше тулік мал. Кешкі жайылыстары бір-бірімен қосылып жатыр. Әрбір үйдің жер ошағынаң будактап, бықсып шығып жатқан түтіндері кейде аспанға шығып, кейде өлкеге жайылып тарайды... Ауылдардың арасымен жасыл сайды жарып аққан жіңішке өзен. Кейде тұра ағып, кейде иіріліп, бұраң-шімай жасайды. Жаңа жамыраған қозылар енелерімен бірге, у-шуынан басылып, ауылдардың екі жағындағы адырларға тырағайлад әріп барады.

Кешкі суға жаңа қайтып келе жатқан топ-топ жылқы ішіндегі түсі айқын қыландармен шұбарланып, жасыл шалғынның үстінде пыр-пыр етіп келе жатыр. Шыңғырып тебіскең, үйірін іздел кісінеген дауыстары кешкі аудан қатты жаңғырып көтеріліп еді.

Еркектің көбі су жағасында әңгіме құрып, жылқы аралап жүр.

Ауыл кешке өзгеше жанданғандай. Қатын-бала, кемпір-шалға шейін тыста. Әркім әртүрлі шаруамен қарбаласады. Әсіреке малшы-жалшы, қоңсы-қолаңшы біткен-нің әбігер-машақаты, әуре-сарсаны бітер емес. Тек жетісікен үйлерден шыққан қолы бос, еріккен қыз-келіншек екіден-үштен қосылып қалжындастып, күлісіп-сыңқылдастып, су жаққа барып, біресе топтанып ойнап, дөн асып кетіп жатыр...

Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ көйлек, қара кемзелімен ауылдың түсін ашып, даланың өзінше бір күйін еске түсіргендей болады. Жұқа қара шапаның ақ білегіне арта салып, бұл да бір дөннен асып барып, омырау қалтасына бағана асығыс бүктеліп салынған хатты алып оқып отыр...

Өзенде өрлеп, Саршегірдің шабытты кезінде құс ілдірмек болып келе жатқан бозбала судыр қағып, жылжып келе жатқан боз жорғаны қайта-қайта тебініп асығады.

Тұрліген сұық қабақты анда-санда бір қағып, өзен бойына қадалып келе жатқан Саршегірдің алтындаі

сары көзі ашумен от бүркіп тұрғандай. Еліріп иек қакқандай болып, анда-санда қылмандаған басынан өлімнен де таймайтын іздегенге жау екені білінгендей.

Басын шайқатып, кекшитіп екі қанатын салбыратып жіберіп, шыдамсызданып отырып, аңшының қолғап киғен қолын жембасарымен, тегеурінімен сығымдаш қысып қояды. Бір мезгілде асығып келе жатқан аңшы тасада отырған екі қаздың тұсына келіп қалып,— қайта жалт берді. Жемді көзі шалып қалған Саршегір қолына жата қалды.

Аңшы жылдамдатып кейін шегініп келіп, боз жорғаны қамшылап, дабылды ыңғайлап алып, шаба жөнелді. Бірер секөйттің шамасында қаздарға жақындалап келіп, қаршығаны серпіндеп лақтырып жіберіп, дабылды қағып-қағып қалды.

Дабылдың даусынан шошынып ұшқан қаздар қанаттары судырлап, қарбаласып тік ұшты. Садақтың оғынданай суылдан — қыран жөнелді.

Құлшынып жөнелген Саршегір ұшқыр қанатын сыпсып еткізіп екі-ұш қаққанда, әлі күнге үйлігіп, жөнеле алмай бара жатқан қаздардың астына жетіп қалды.

Келесі секөйтте Саршегір машинаның айналысындағы бір айналыс жасағандег аспандағы үш құстар қарқ-жүрк еткен шапшандығы, үйкі-түйкі болып жанталасқан қарбаласы көрінді.

Аржағында аңырап тұрған аңшы қабақ қаққандай уақыт өткенде, бір қазды шалқасынан ұстап сығымдаш, төмен қарай созылып келе жатқан Саршегір көрінді. Қыран қазды шұбатып алып түсіп, басып қалды. Аман қалған қаз аспаннан төгіле келіп сабаласа да, Саршегір жемін жіберген жоқ... Эне — аңшы да атын борбайладап шаба жөнелді.

1922

## II. ҚЫСҚЫ ТҮН

Қыстың ұзақ түні. Ұлken таудың ішінде жел гүілдеп соғып, ақ боран үйтқып ойнап тұр. Қаранғы, тұманды түннің жанды шошытатын сұғы қаһарлы. Ашы келіп, аласұрған қатты дауыл бетіне қарсы қараған затты жерге қаққандай болып, құлшынып тұр. ІІсқырып, бұлқынып, жынданып келе жатқан жолында беті қара жартас, жапырағынан айрылған әлсіз ағаш, қарауытқан кішкене

қора көрінсе де — екпіндеп келіп, кеудесімен соғып, ақ түтек боранның қырышықтанған ақ тозаңын шашып, бетерін дамыл алмай көміп тұр.

Долы желдің айдауына түсіп, түтіндей болып алақаншықтаған ұсак қар ұйтқып келіп, қуыс жердің бетін басып жатыр.

Шың тау тентек желдің ашуы мен ойнағына қарап, тұманды ойға батқандай, бас жағы бұлтқа араласып мұнарланып, тұнеріп тұр.

Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластырғандай: Аспандағы ай-жүлдіз, жердегі қара-құрадан ешбір белгі жоқ. Айнала аппақ болып тұтасып алған.

Биік тауға екпіндеп ойнап шығып, шың басында өнеріне сүйсінгендей ойнақ салып, етекке қарай ысқырып құлап жөнелгенде, долы дауыл сай бойында жын-перінің күйіне билегендей болады. Ағындал құтырып келіп, жартасқа соғып қорқытпак болып, көрігін басып гуілдейді. Жер тарпып шаңын аспанға шығарып, ақ көбігін атқытып шабынады. Бірсесе жабысып келіп құшқатап, жарығына кіріп ысқырып, тербетіп, оятпақшы болады.

Кейде одан өтіп, өзектегі қалтырап жаурап тұрган жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан сүйлдап бұран қағып, ойнап өтеді.

Кей-кейде бұның бәрін тастан, ұрысайға тығылып отырған кішкене қораның үстіне келіп, ақ түтек болып ұйтқып, ойнағын салып, жер жүзінен жоғалтпақшы болады. Суық болып ұскіріп, боран болып аласұрып, әлсіз адамға қыр көрсеткендей қаһарланады. Кішкене тере-зеден көрініп тұрган әлсіз жарық тыстағы дауылдың лебінен қалтырағандай, сұқтан бұғып бәсендегендей, жарығы да дірілдеп, ала-көлеңке болып әлсірейді. Тынымсыз соққан боран ұйытқып, үйліккан қар терезенің тәменгі көздерін басып, жоғары таман өсіп келеді.

Кішкене үйдің іші жүдеу. Сарылған сары уайымның таңбасы үй ішіне түскендей. Пештің қырында тұрган жалаң бас лампы үй ішіндегі қараңғылықты зорға жеңіп, жалпылданап, ала-көлеңке болып жанып тұр.

Үй ішінің барлық жаны — кураған кемпір мен шал және он шақты жасқа келген ауру бала. Қемпір-шалдың бұдан бір ай бұрын сүзектен өлген келіні мен азамат баласынан қалған жалғыз ұрпағы осы бала еді. Бұ да он шақты күннен бері қарай сүзек болып, кәзірде ауруы қатайып, хал үстінде жатыр,

Баланы пештің жаңына жатқызып, кемпір мен шал екі жағында бұрсіп, жүдеп, жаңы қысылып жатқан жалғыздарына телміріп қарап, сарылып отыр. Жалғыз қабат терезеге екпіндеп келіп соққан қатты дауыл біресе гүйледеп шыдамсызданып, біресе ыскырып әлек салып, біресе дүрсілдетіп ат ойнатқандай болып құтырып, ауру баланы қайта-қайта шоштызып оятады. Терезенің тесіктерінен кірген тыстағы сұық енді бу болып шығып, үй ішіне тарап тұр.

Бала сағат сайын нашарланып, сөнуге айналған жарықтай төмендеп барады. Кемпір-шал айласы бітіп, әлі құрып, кәрі көздеріне улы жастарын ағызып, мойындағына бүршақ салып тілеу тілейді. Сынбаған аруақ, жалынбаған әулие қалған жок. Екеуде іштегі қайғыны айтыспай ұбып отыр. Орталарындағы жалғыз тірек, жалғыз қанат кеткен соң, құндері не болады?

Ержеткен бала мен келін өлген. Жанашыр жан жок. Бүгінгі соғып тұрған боран жалғыз бүгін емес, қыстай соққан. Бір жағы, соның салдарынан, бір жағы, баласы ауру болғандықтан, қолдағы азын-аулақ малы күтілмей, бәрі де жұтап таусылған.

Енді аз күнде бұлардың басына келгелі қолын созып, төніп аштық тұр. Жалғыз алданышы, жұбанышынан айрылып, қу моладай құлазып қалатын жетімдік, қу бастық та бүгінгі күн келгелі тұр. Өлгенше көрмесек екен деген сұық пішінің сорлы үйдің ішіне кіргізіп, көрсетіп келеді.

Ендігі өмір не болар? Келесі күн қандай күйге ұшыратар? Белгісіз... Түсі сұық... Жылдай созылған ұзақ түн өтпеді... Сұық дауыл, ақ боран ашылған жок, бұрынғысындай құтырып, шабынып тұр. Зәрлі түн әлсіз жанды жұтқалы жалана берді. Бұл түнмен ауру баланың өмірі жарыса алған жок. Аздан соң демі бітіп үзілді. Тұнгі боран басқан жалғыз қурайдай, айдаңарша аласұрган сұық табиғаттың арасында баланың әлсіз өмірі де таусылып, жарығы сөнді...

1923

### III. ҚЫСТЫ ҚҰНГІ ДАЛА

Қалың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтарлық бұдыр жок. Ақ кебінге орнаған дүние ұзақ ұйқыға батқандай, өлім тыныштығындағы зор тыныштық басында бағып үйқтатып тұрғанға үқсайды. Тіршіліктің бір

белгісі білінбейді. Қөзге түсетін жан иесі жоқ. Жер жүзін тылсым буғандай; ызғарлы қар, сұық аяз тас қылып қатырғандай.

Дала жайылған кебінгे ұқсайды. Алыстағы биік жота жымырайған пішінімен тіршілікті көмген молаға ұқсайды.

Аспанды ажарсыз сүр бұлт қаптап алғандықтан, тәнертеңнен бері күн көзі көрінген жоқ. Қір басқандай болып, жабырқау тартып түнерген сүр бұлттар кәрі көнілге келген қажыған ойдай болып, қансызданып, жүдеу тартады. Алыстағы көлбеп жатқан жоталар, биік таулар түс ауғаннан бері қарай ептең қарауытып, мұнарланып келеді. Даладағы күнгірт түс басы биік тауға аз-аздап жайылып жеткендей.

Мұнайып қайғы басқан ұзак далада кез тоқтайтын қарайған — алыстағы ақ таудың баурында тұрған жалғыз қора. Кез ұшында қарауытып, нобайы көрінген ауылдан жұлдындағы болып шығып жатқан жіңішке түтін көрінеді.

Айналасында қарауытқан малы, қыбырлаған жан иесі жоқ. Ызғарлы аяз жан иесінің бәрін де жауратып, жүдеу тарттырып, жылы жайды іздеткендей. Айналадағы жансызық, өлім ызғары ауылға да өзінің таңбасын басқандай. Күн екіндіден асып, батуға тақаған. Салбыраған табиғат күннің жансыз жарығынан қажығандай болып, түн тыныштығына қарай ерте бастан бой ұргандай. Күн батпаса да, аспан қоңырқай тартып қараңғыланып, тау түнеріп сұрлана бастап, бейуактың мезгілінде бұлттың түсіне қосылғандай. Аз-аздап жер мен көк жалпақ сұрғылт түске боялып тұтасқандай болды.

Кеш батқаннан бері күншығыстан азырақ жел турып, қатандап, жаңадан жауған күпсек қарды сырғанатып, жаяу борасында түр.

Ауылдан құншығыска шыратын жалғызаяқ соқыр жолда ақырын ілбіп келе жатқан жалғыз жіңішке қарайған көрінеді. Қалың қар жүрісіне бөгет болып, қозғалысын өндірмейді.

Келе жатқан — қарайған жаяу екеп. Түн жақындағандықтан жүрісін тездесте де қалың қарға қайта-қайта омбылап, малтырып келеді.

Жетімсіреген елсіз далада жалғыз келе жатқан жаяу — зұлымдық, зорлықтан қашқан жас келіншек — Рәбиға. Бұдан бір жыл бұрын Рәбиғаның күйеуі өлген. Жас келіншек қосағынан айрылған соң, жылау мен қайғыда қаралы жылын өткізген. Күйеуінен қалған жақын туысқан жоқ болатын. Жақында жылын берген соң, бұлардың жамағайыны Жақай Рәбиғаны алмақшы болған. Әменгершілік жолымен, жасы алпысқа келген көрі шал болса да, Жақай Рәбиғаның иесі болып шыққан.

Шалдың бұл ниетін маңайдағы ағайын, туысқан түгелімен дұрыстаған. Бұл іске қарсылық ойлаған жалғыз Рәбиға әлсіздік жалғыздығынан күш көрсете алмаған. Соңдықтан кешегі күні жұрт жиылып, шал мен бұның некесін қиған.

Бірақ шалдың қураған сүйегі, тастай сұық денесі Рәбиғаны алғашқы күні-ақ шошытты. Жылы қойнына шал кіріп келе жатқанда, жылан кіргендей болып жиренді. Қалтырап тоңды.

Рәбиға сол мүйнетті-ақ келер күннің қайғы-шерін көз алдынан санап өткізді. Сол қайғыдан құтылу үшін, жас денесін сұық жыланның зәрінен құтқару үшін, бұғін Рәбиға қашып шыққан еді. Үстіндегі жұқа киімінен сұық өтіп келеді. Қарсы алдынан ызырықтаپ соққан сұық жел ішіне кіріп, икемін кетіре бастағандай.

Мезгілсіз шыққан жас әйелдің алдындағы тілегі — бостандық, ақырғы үміті — жалғыз бауыры Мұқаш.

Рәбиға бұдан бұрын үйімен хабарласқанда, бұғінгі күн бауырына ат әкел деп тапсырған болатын. Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен шығып кеткен.

Омбы қарда кебісі қарға толып, жұруге бөгет қыла берген соң, екеуін де шешін алып, қолына ұстап келеді. Аяғында жалғыз ғана мәсісі бар. Күн кешкіріп түнге айналып, өзі жаурап тоңа бастағандықтан, Рәбиға кезең-кезенге шыққан сайын бауырын асыға іздең, алдына қадалып қарайды. Қайғымен түйілген қабағында жанға батқан жалғыздық қорқынышпен араласып білініп тұр. Кеш әбден батып, түн бола бастады. Қөз байланып дүниө қараңғы тартқандықтан, маңайдағы көп нәрсе, көрінбеуге айналды. Боран да мезгіл сайын қатайып, ақ түтек бола бастады.

Аз уақыт өткен соң Рәбиғаның басы айналып, әуелгі бетінен адасты, Жүргегіне жақын жанды іздең, үмітпен

қадалған көзіне қарауытып тұрған тобылғы, қарайып жатқан тас та келе жатқан кісі тәрізденіп елестей бастады. Бәрінің де қасына келген сайын үміті дал болды. Аяғында, әлі құрып, бір жерге келіп шынтақтап жиғылды.

Құлағына сұылдап ысқырып тұрған жел даусынан басқа атныс дыбыс естілмеді. Өмірмен арпалысқан сорлы әйелдің көз алдына өлім хаупі елестей бастады. Қол-аяғы қатып, үсінуге айналды.

Бір мезгілде құлағына үйтқып соққан желмен бірге ұлып тұрған қасқыр даусы естілді. Аш қасқырдың ұлуы естілген сайын Рәбиғаның зәресі ұшып, өмірінен күдерін үзді.

Аздан соң есінен әбден адасып, жалғыз өзі аласұра бастады. Саушылықта жанына сүйреу көрген әке-шешесінің, бауырының атын атап шақырады, күйіп жылайды.

Рәбиға қиналған күйде, «енді өлдім-ау!» деп бойсұна берген уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры — Мұқаш келіп, тауып алды.

Қасына барғысы келіп құщақтап, үлкен сенсек ішікті үстіне жауып жылтырып, жылай бастағанда, Рәбиғаның есі шала кіріп, ақырын сыйырлап:

— Жалғызым! Сенен басқа сүйенішім бар ма еді? Неге кешіктің? Мені неге қинадың? — деп дірілдей берді.

Боран үскіріп соғып тұр. Асай жел ашы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып ысқырып тұр.

Ақ дала меніреу болып түнеруде. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ киімін қынтай түсіп, жата берді.

## ҚЫР ЭҢГІМЕЛЕРІ

### 1. СЫБАННЫҢ МОЛАСЫНДА

Ел Қексенгірдің күнгейінде. Жайлауда жиын отырған көп ауылдың кешкі жылқылары суға келіп шығып, алды өріске кетіп бара жатқан мезгіл еді. Жаңа жамыраған қойлар дүниені у-шу қылып мазаны кетірген соң, біз ауыл иесі Жортар ақсақалмен әңгімелесіп, құдықтың желке жағындағы тастақ төбенің басына таман аяңдап келе жаттық.

Оңтүстік жақ жазықта жапырладап отырған көп ауыл айналасында шұбыртып қыбырладап жүрген малдарымен бірқалыпты жасыл даланың түсін түрлендіріп, көз қуантып тұр.

Көк жиектен асып бара жатқан күн ақырғы алтынды шүғласымен далаға көрікті нұрын төгіп, ауылдың кешкі қызулы өмірін қызықтандырып түрғандай. Төбенің басына таман көтөрілген сайын, біздің көз алдымыздағы көрініс суреттің ауданы кеңейіп, қыр өмірі өзінің ең дырдулы шағын көзге көрсеткендей болды.

Даладағы мөлдір таза ауадан, сүйкімді суреттес көнілге белгісіз бір үміт кіргендей болады, хиял кезеді. Қөнілдің осы шағына не үйлесер еді деп ойладап келе жатқанда, көңліме бұрыннан есте жүрген бір нәрсе түсті. Ол — қасымда келе жатқан Жортар ақсақалдың ерте замандағы басынан кешірген бір әңгімесін тыңдау еді. Жортар жас шағында осы ортаның айдынды қолбасы, батыры болған. Ол кезде маңайдағы ел атағынан шошитын. Тыным-тыныштықты білмеген; барымта, соғыс десе — алағызып қолды-аяққа түрмайтын қызулы

жас болыпты. Жортар мыктылық, батырлығының үстінен, ауызға ілінген наизагер болды десетін. Бұл сыпаттың бәрін мен бұрыннан естігенімнің үстіне, сол батырдың шал болып қартайған түсін көргенде, ұзактап алысқа кеткен ескі күннің көмескі түсі елестегендей еді. Сүйекті зор денесі апсағайланып, ұлken basы, келбетті түсі салқын сабырмен маңғазданып, туыстағы ірілігін бір көрген кісіге де білдіргендей. Қөп бейнет, көп жылдардың ізіндей болып, бетіне түскен катпарлы терен әжімдері ескі тентек күндердің таңбасы сияқтанды.

Ұзак жолда ыстық күннен онғандай болып сарғыш тартқан отты қөздері, ұлken күлақ, кесек мұрны бұл адамды ескіліктің тірі қалған белгісіндегі көрсетеді. Жортар ескінің шын сарқыты деседі. Қасымызыдағы екіуш кісімен дөң басына келіп отырған соң, көңілге алған тілекті айттық.

Ақсақал басында әдепті жылы шыраймен: қарағым, көргеннің көбі көмескі тартып ұмытылып қалды той,— еске түседі деймісің?— деп аз отырды. Артынан қасымыза отырған Құдайберген ақсақал: «Айтып бер бір әңгіменді балаларға, енді бізге әңгіме айтқаннан басқа не қалды?»— деп күлген соң, Жортар ақсақал бар әңгімесін айтпақшы болды.

Батырдың ұғымды шешен тілмен айтқан әңгімесі мынау еді:

— Сендерге мен көрген соғысымды, ұрыс-тәбелесімді айтпай-ақ қояйын,— деп бастап келе жатып, сары шақшасын сурып:— Өзімнің бір қатты қорыққан же рім болды, соны айтайын,— деді.

Біз тыңдауға ыңғайланып, батырдың салқын жүзінے телміріш: «Айтыңыз, айтыңыз!»— дедік.

— Өздеріндегі жас шағым еді — құлағы көрініп, аты естілген пәле болса, ізден барып соқтығатұғын. Ол кезде «көп қолмен» көшкен елдей шұбатылып кім жүреді дейсің? Ұзак жорық болса да, көбінше жалғыз-жалғыз аттанатұғыныбыз. Аз жүрсек — ай жүреміз, апта жүреміз кейде талай айға шейін жоғалып та кетуші едік. Жортұылға шыққанда көбінесе баратынымыз — өр болатын. Тарбағатайдан асып барып, Қара Керейді, Семіз Найман — Мұрынды торимыз.

Бір жыл күздігүні сол жаққа қарай аттандым. Қарашаның кезі еді. Өрге қарай жүріп, Сыбанның ішінে

# — آدәләт үйөлүсү —

Фирзанбек

## ۱. سەيىننىڭ چۈللاشتىرى.

لەن ئەن سۇئەتكەن ئەن كۆنچىقىندىد بىللەر جىبىن ئۇزىغان كوب ئۆلەنە كەنەن  
ئېگىزى خۇزۇغا كەلەپ بىجىپ: كەنەن بۇكىچى جىنبى بىلەن مەن كەنەن  
ئەلا تەھىرلىقى ئۇزىغان بۇچىش ۶۳ جۈز ئەلبىز سەرلىقى كەنەن سۇئەتكەن ئەن  
بىسز بىزىز ئەنلىقى سەن ئەكتەمىسب قۇيۇنىڭ بىلەن كەنەن ئەنلىقى ئەنلىقى  
پەيدا يايلىن ئەلەد بىلەن جەنلىق  
ئەلەن تۈزىتىن جەنلىق بىرلىك لەزەخالىق بىلەن خەنلىق، ئەنلىق بىلەن  
بىرلىك بىزىز كەنەن سەوارىي سەن بىز ئەنلىق بىلەن ئەنلىق تۈزىن بىرلىك بىرلىك  
ئۆزلىك ئەن. ئوڭ كەنەن ئەن بىلەن جەنلىق كەنەن ئەنلىق جەنلىق  
ئەن. ئەنلەن كور كەنەن خۇزۇن ئۆزىگىب كۈلەن كەنەن ئەنلىق كەنەن خۇزۇن  
مەدىنى ئۆزىلەن ئەنلەن كەنەن خۇزۇن كەنەن خۇزۇن ئۆزىلەن ئەنلەن  
ئەنلەن ئۆزىلەن ئەنلەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن دەقىقى. كەنەن خۇزۇن ئۆزىلەن ئەنلەن  
خۇزۇن كەنەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن بىرلىق.

ئەلەن ئەنلەن خۇزۇن كەنەن خۇزۇن كەنەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن بىرلىق  
ئۆزىلەن ئۆزىلەن سەرگىشىپ بىلەن ئەنلەن دەقىقى كەنەن خۇزۇن ئۆزىلەن ئۆزىلەن  
جىددىچى ئەم ئەنلەن ئۆزىلەن ئۆزىلەن ئەنلەن خۇزۇن ئەنلەن ئەنلەن كەنەن  
خۇزۇن ئەنلەن - قۇلۇم سەن ئەنلەن كەنەن خۇزۇن ئەنلەن ئەنلەن خۇزۇن  
ئەنلەن خۇزۇن ئۆزىلەن ئۆزىلەن ئۆزىلەن ئەنلەن خۇزۇن ئەنلەن خۇزۇن ئۆزىلەن  
ئۆزىلەن خۇزۇن ئۆزىلەن سەرگىشىپ ئۆزىلەن ئەنلەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن  
ئەنلەن خۇزۇن ئۆزىلەن ئۆزىلەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن ئۆزىلەن خۇزۇن

жеткенімде сол елдің бір Төбет деген батыры есіме түсті. Менімен кездесуге ізденіп жұр дегенді алдында естігемнің

Далада ұзак жүріп сріккен соң, қадап шыққан жауым ол болмаса да, бір шайқасып кетпек болып, бір түнде соның аулының тұсына келдім.

Сол жылы күз жаңбырлы болған. Түстен бері қарай бір мазасыз жауын дамыл алмай құйып тұрған. Кеш батқан соң күн ашыла ма деп едім — ашылмады. Оның үстіне бір қара сұық жел шығып, гүілдеп соғып, мазаны кетіре бастады. Тұн көзге тұртіп алса — көрінбейтін тастай қараңғы еді.

Бірақ бір қасиетім — қыскы ат құлағы көрінбейтін ак боранда, жазғы тұнжыраган менреу қара түнде адасу дегенді білмеуші едім. Іздеген Төбеттің аулының тұсына дәл келген екем. Аласұрып үйтқып соғып тұрған жел даусымен бірге сол жел жағымда алыста жатқан қалың жылқының сарының естідім.

Астында есік пен төрдей ак боз атым бар. Өзі алысшыл, тәкпеттеп шабатын мықты жылқы еді. Шуу деп салғанда кібіртіктеп шаба алмайтын. Эрберден соң, үшқыр жылқының бәрі жетпеуші еді. Элгі атым қатты жаңбырдан жиреніп, жөндеп жүрмей, ығысып келе жатыр еді. Бір мезгілде осқырып тұра қалды. Аттың жалына жатып қарасам,— алдында бір қарайған тұр екен. Біраз жүріп қасына келдім, қарасам — төрт құлақты бейіт.

Бір Сыбанның моласы болса керек. Элгіге келгенде өзімнен, бір жағынан, сұық жел өтіп; бір жағынан, су өткен соң, жаңбыр айыққанша осында тұра тұрайын, күн ашылған соң, Төбетті тауып алармын деп аттан түстім де, жетектеп бейіттің аузына әкеліп, ыққа қойдым.

Шылбырды беліме байладап, өзім моланың ішіне кіріп, төрдегі бір бұрышына барып отырдым. Бейіттің іші тастай қаранғы: көзге түк көрінбейді. Жел гүілдеп соғып тұр. Жаңбыр да басылмайды: сұтырлап жауып тұр. Бейіттің ішінде біраз отырып бойым жылынған соң, қамшымды жерге тіреп, соған екі қолыммен сүйенип, басымды қойып отыр едім — қалғып кетіппін.

Алдында бейіттің іші тіпті қап-қаранғы болып, көрдей азынап тұрған соң, алғашқы кірген жерде кішкене етім сескеніп еді. Артынан көзіме бөтен ешнәрсе көрін-

беген соң, тынышталып отырдым. Бұрын әркім сондай кезде бейітті жерде жын-пері, жезтырнақ дегендер кездесді дейтүғын.

Бірақ ол жерде бұның ешбірін де ойыма алған жок-пын. Сөйтіп отырып көзім ілініп кеткен екен — бір мезгілде маған қарсы бір бұрышта бір нәрсе тырс еткендей болып еді, қап-қараңғы менреу болып тұрған бейіттің іші жарқырап кеткен сияқтанды. Өзім ондайда сергек ұйықтаушы едім, көзімді ашып алғанда ұйқым шайдай ашылып кетті.

Әлгінің не пәле екенін біле алмадым, жүргіме корқыныш кіре бастады. Бір ойдан, бұл мені айналдырып жүрген шайтан ғой деп ішімнен білген дұғамның бәрін оқып отырмын. Дыбыс шыққан жаққа барып, жөнін білуғе де дәтім шыдамады. Төменшіктең бұққандай болып, көзімнің астымен қарап едім,— қараңғы бұрышта бір тіпті үлкен нәрсенің қарауытқан нобайы көрінген сияқтанды.

Бұрынғыдан да шошынып, не қыларымды білмей, отырып қалдым. Сол күйде бір азғантай отырған соң, бір мезгілде әлгі тырс еткен дыбыс тағы шықты. Бейіттің іші әлгіден де жарық болып кетіп артынан бәсендегендей болды. Алғашқы кезде қарауға дәтім шыдамай бұғып қалып, артынан бәсендеген соң, сол жаққа көзім түсіп кетіп еді: құдай көрсетпесін — көзіме өзінің бұрын түсін көрмеген, атын естімеген бір пәле көрінді.

Алғашқы көрген кезде «жалмауыз» дедім. Нобайы адамға ұқсамайды. Қап-қара, тырдай жалаңаш. Бойы енгезердей үлкен, биіктігі кісі бойы — қолсұғымдай, шашы бұрқырап тұр. Көзіме түскен әсіресе қорқынышты жері — аузы. Ырсиып от болып, тістері аксиып сойдышп тұр екен. Аузынан кәдімгідей от бүркіп тұр.

Әуелгі қараған жерде өзге ешбір жері көрінбейді. Қараңғы бұрышта қып-қызыл от болып жанып тұрған ырсиған ауыз, аксиған тіс қана көрінгендей болды. «Жалмауыз, не айдаһардын ауызы» дедім.

Зәрем кетіп қалды. Сөздің шыны керек, тұрайын десем, буынымды баса алатын емеспін. Тағы екі рет тырс етіп, жарқ-жарқ етті. Бір жолда ақырын қарап едім, тағы да от болып тұрған ауызды көрдім.

Енді ол жаққа қараудан қалдым. Жердің тесігі бол-

са, кіргендей боп басым төмен тұқырып өзім бұғып, бір орнында қатып қаппын: қозғаларға шамам жоқ. Қашан келіп бассалар екен деп, күр сұлдем отыр. Атым әуелгі жарық шыққанда ішін тартып осқырып, атқып жөнелгенде шылбырды үзіп кетіп қалған.

Ойлап отырғаным ат емес. Қарудан найза мен шокпарым бар еді. Оның екеуін де, бейітке кірерімде, сыртқа сүйеп қойып кеткем. Жалғыз ғана семсерім бар еді — ол ішімде, қында болатын. Енді соны алуға да дәрменім келмеді. Қыбыр етіп қозғалсам — бассалатын сияқты қорқып отырмын.

Уақыт сонда түн ортасының мезгілі ғана еді. Жел бұрынғыдай алай-түлей болып соғып тұр. Құн ашылған жоқ, жаңбыр да шелектеп құйғандай болып, сабалап жауып тұр. Элгі бәленің түсін көрген сайын: «өлген жерім осы ғой», жапантұзде бір-айдаладағы моланың ішінде қаңғырып өлуге жазған екен ғой», — деп отырдым.

Сөйтіп зәрем кетіп отырғанда: әлгі нәрсе қыбырлап, маған қарай қозғалғандай болды. Қарауға дәрмен жоқ. Бір сұық пәле келе жатқанын тек денем сезді. Иманымды айта бастадым. Бір мезгілде: тырс еткізіп дүниені жап-жарық қып жіберіп, қаранғыда құтырғандай қатты дауыспен ақырып келіп, иығымнан бассалды.

Еңгезердей, қап-қара болып үстіме тәніп келе жатқанда, өзіме қарай созылып келе жатқан қолдарына көзім түсіп еді. Қолдарының ұзын салалы қап-қара саусактары буркіттің тұяқтарындай болып бүріспі, тырысын, сінірі тартылғандай көрінеді. Қапқалы келе жатқан қасқырдың аузындағы ырсыып ашылған шенгел түйіліп келе жатыр екен. Үстіме аюша ақырып келіп қона түскенде, сол шенгелімен сүйектерімді ұсатады ғой деп отыр едім, жоқ — олай тимеді, тегеуріні қатты болса да, қолы адамның қолы сияқты.

Иығымнан басып келіп, жүлқып сүйреп, әмірлі дауыспен ақырып:

— Киімінді тастап көрге кір — сен өлдің! — деді. Даусы кісінің даусы екеніне әбден көзім жетті. Сонан соң жүрегім орныға бастады. Сүйреуге айналғанда, екі қолынан ұстап, алыса түрегеліп:

— Мен киімінді тастаганда, сен киетін шығарсың! Мен тұғанда да шешем ерек бала таптым деп қалжа жеген, құдай-ақ та! — деп жағаласа кеттім.

Мұнан кейін оның да, менің де үнім өшті. Қараңғы бейіттің ішінде екеуміз шаппа-шап келіп қасыра құшақтасып, таласқан екі аюдай үн-тұн жоқ сіресіп, қатып қалдық.

О да қысты, мен де қыстым; жалаңаш еті басында ұстауға ыңғайсыз болып еді, құшақтап алған соң, жақсы болды. Аздан соң ышқынып келіп, опыр-топыр болып, кезекпе-кезек қайрат қылып алысып кеттік. Бай-кауымша күші маған соншалық басым көрінбейді. Бір мезгілде куатымды әбден жиып, жүргегімді тоқтатып алып, тік көтеріп алып, жерге қойып келіп жіберіп, қеудесіне мініп алдым. Өзіме-өзім сүйсінуім әлей болды! Бағанадан қорқытқаның ызасы үшін: бір қолыммен кеңірдегін қысып, қылғындырып, бір қолыммен өкпеден қойып-қойып жіберіп, семсеріме ұмтылдым. Оны жан дәрмен суырып алып, қайнаған ашумен бауыздан жібергелі тамағына алып барғанымда, қаранды түнде жарқ еткен семсерді көріп:

— Ой, сен Жортармысың? Жұдырығынан таныдым фой!— дегені.

Сол арада даусынан мен де тани кетіп,— семсерімді тастай бәрдім. Тоғай бойындағы Бура — Алтайқ деген батыр екен. Бұрын жорықта кездесіп бір бақырдан дәм татысқан тату едік. Бағанадан бері қорқып отырған тажалым сол болып шыққаны!

Сөйтсем ол Сыбанды тори келіп, біргүні күндіз елсіз таудың ішінде қарауылсыз бейғам жатқанда, Тәбет келіп түсіріп алған екен. Соның қолында бір айдай тұтқында жатып, нақ сол күні түнде қашып шыққан екен. Түн сұық жауынды болған соң, киімі нашар, тонып, әдейі бейітті пана ғыла келіпті. Мен келген соң, құдай бір жұмсақ жемді берді деп күш жұмсалай айланмен алмақ болып, барлық киімін тастай қойыпты. Бойында қару жоқ. Жалғыз бүйімы: елінен алып шыққан бір сауыт сірінкесі бар екен. Әлгі баған тырс етіп, жапжарық бол кететін уақытта, соны шағып жіберіп, отымен аузына тығып үрлей қояды екен. Менің зәремді кетіріп жүрген ырсиган ауыз сол сірінкенің кеселінен болып тұр екен. Ол кунде сірінке куды кім білген? От керек болса,— шакпақ куды тұтатып алып, жага қоятынбыз. Сөйтіп мені қорқытып жүрген — жаман сірінке болып шыққаны деп, аксақал мәз болып күліп, әңгімесін тоқтатты.

Бәріміз де ақсақалдың шын күлкісіне қосылып, қошеметтеп күлісіп, қас қарайып қалғандықтан, ауылға қарай жүрдік.

1923

## 2. ТЕҚШЕНИҢ БАУЫРЫНДА

Бір жылы июльдің аяқ шенінде жайлауда отырған қалың елден тұс ауа шығып, қалаға қарай бес кісі келе жаттық. Бәріміз де салт аттымыз. Қала біздің елдің жайлауынан үш күншілік жердегі, ішіміздегі үлкеніміз Сүлеймен мен сол кісінің замандасы Қали еді. Бұл екеуі бір ауылнай елдің жер жайындағы приговорын алып, қалаға арыз бергелі бара жатқан. Біз екі жігіт оқуға келеміз. Бесінші жігіт Бейсембай, бәріміздің ат-қосшымыз еді.

Ауылдан аттанарда біз тез кетіп қалуға елді қимай, оны-мұныға бөгеліп, ақсақалдардың жүрейік деген мезгілінен кеш шығып едік. Өзіміздің ауылдан шығып алған соң, Сүлеймен ақсақал:

— Бүгін кешке таудың қунгейінде отырған елдің біріне барып тұсіп, ас ішіп алып, тұн қатып жүріп кете-міз; тұнде жүріп таудан асып алған соң, аржағындағы жолдың қындығы болмайды. Ертең құн қызғанша ойдағы елге де барып қаламыз. Тұнде жүрген жүріс адамға да, атқа да женіл болады,— деп жол туралы өзінің істеген байлауын бізге білдірді.

Біз үндемей көндік. Бізге ауылдан шығып кеткен соң, қалай жүрсек те — бәрібір сияқтанып еді. Оның үстіне тау ішімен жарық айлы тұнде жүру өз бетінде бір көңілді жүріс болатындаі көрінді.

Сол бетпен ымырт жабылып бара жатқанда қалың таудың қунгейінде отырған үш-төрт ауылға келіп, соның біріне түстік. Ақсақалдар құні бойы үй иесімен әңгімелесіп отырды. Біз шай ішіп алған соң, тұнқатардың алдында үйықтап алмақ болып жатып қалдық. Бірақ көпкө шейін үйқы келмеді. Қоз алдынан бүгін шыққан ауылдың жаз бойры қызығы, жайлаудағы өмірдің көз көрген көп желігі, рақаты бірінен соң-бірі келіп елестеп, үйқы бермеді. Ақырында, талып шаршандай болып, үйықтап кеттім.

Біз оянғанда етті жасап, алдымызға әкеп қойған екен. Үйдің іші ала-көлеңкө, жеке жаққан шам жок,

жарық қып тұрған — қазан-ошақ астындағы тезектің оты. Бұл кейде өшүге айналып бәсендеп, кейде жалны үлкейіп лаулап, жарқырап кетеді.

Үй іші оттың қүйіне қарап: біресе — қоңырқай тартып, қарауытып көлеңкеге айналады; біресе — түсі жадырап күлгендей болып көнілденеді.

Шала үйықтагандықтан, мен-зен болып бойды көтере алмай, үйқылы көзбен отырып тамақ ішіп алған соң, өзімізді-өзіміз зорлықпен сергітіп, атқа міндік.

Кештен бері отта тынығып, белі көтеріліп қалған аттар, тұнгі жүріске өте көнілді сияктанды. Ығысып, жіті жүріп, қатты аяндан есіп келе жатыр. Ат үсті алғашқы мінген жерде өзінің көнілді желігімен үйқыны ашып жібергендей болды.

Бұғінгі тұн жарық, айлы. Қалғып қана тыныс алған майда тұн еді. Көнілге әлдекайда: тоғайлы, үйқылы, маужыраған сайдың күбірлеп сөйлеп, сұлдер құрып, үзіліп тұрған көздерді еске түсіргендей еді. Тұн сондайлық өзгеше демалыстың, жанды сағаттың тұні еді-ау! Шіркін, құрбының сондағы тілі тәтті еді-ау!— деген әлсіз арман ойға леп-леп ұрады.

Ауылдан шығып біраз жүрген соң, тау ішіне кірдік.

Біз жағалап келе жатқан жіңішке өзен кейде жағасы ұсақ тоғайлы болып, кейде қалың шалғынды болып, иіріліп, көлденең таудың ішін жарып өтуші еді. Соның жағасындағы жалғызаяқ жолмен бірде шұбырып, бірде катар жүріп келе жаттық. Жанымызда жіңішке өзен сылдыр қағып, жас жыланша сумандап, нәзік тілмен бір нәрсені былдырлап айтқандай болып, еріп келе жатты. Кей жерде суы кеңейіп алаңға шығып, ай сәулесімен ақ беті жарқырап күлгендей болады. Кей жerde құлқілі жұзі өзгеріп, қоңырқай тартады.

Елсіз шың ұлы таудың іші жым-жырт. Өзеннің бірсыдырғы сыйбырынаң басқа, дүниедегі үйқы тыныштығын бұзған ешбір естілген дыбыс жок.

Тау ішімен өзенді өрлеп көп уақыт жүрдік. Сай мен өзен тау ішінен мүйіс жасап иіріліп бүралған сайын көз алдымызға жаңа сурет, жаңа көрік көрініп отырды.

Жалғыз-ақ анда-санда әлдекайда тау астында жүрген тұн күстарының бірқалыпты қатты дауыспен, жүргіншіні шошытқандай болып, қылғынып айтып қалған сұңқылы естіледі. Кейбіреулері қарауытқан үйқылы

қанаттарын жалпылдатып қағып, мезгіл-мезгіл біздің үстімізден өтіп кетіп жатты.

Уақыт тұн ортасынан өтіп, таңға жеңіл бір үйқының ишамасында қалғанда, таудың тең жарасынан өттік. Алдымызда Қоянды тауының ең үлкен биігі — Текшениң қара қошқылданған басы көрінді.

Жүретін жолдың азайғанына бәріміз де көтеріліп, серги баstadtық. Қатарымызда келе жатқан Сүлеймен ақсақал Текшениң басын көргенде есіне бір әңгіме түскендей болып, бізге бұрылып қарап:

— Балалар, жолдың өзі де қысқарып қалды, сендердің үйқыларың да келген шығар: мен жол қысқарту үшін бір әңгіме айтайын,— деді.

Біз ықыласпен тыңдайтындығымызды білдірдік.

Сүлеймен ақсақал жас кезінде елдегі көп құрбыла-рының әуеніне кіріп, үрлік қылған еді. Ол кезде алысқа топтанып аттанып, бейнетті қын жол көріп, соғыста болу ескі батырлықтың сарқытындаі көрініп, ел ішінде қолы бос жүріп желік іздеген бозбалаға ең қызықты істің біріндей болыпты, тіпті жауынгерлік, өнерлілік саналыпты.

Сүлеймен сол ретпен неше жылдай аты шыққан тынымсыз ұры болып жүріп, артынан токтатқан екен.

Бұз әңгімесін күтіп келе жатқанда, ақсақал насыба-йын баптап іске алыш:

— Мынау көрініп тұрған Текшениң биігін көрген сайын, жас күнімізде істеген бір тентектік еске түседі.

Көп заман болды. Жылында, кем болса, екі-үш рет топтанып аттанушы едік. Ол күндеңі қолбасы Жобалай батыр болатын. Атағы шығып жүрген кезі. Жасы сонда 30—35-тің шамасында. Аттанарда бізге астырын хабар жібереді: «Пәленіше күні аттансын, пәлен жерде табысамыз»,— деп. Айтқан күнінде, хабарын екі қылмай, қуанып аттанамыз. Сонан соң алыс елге кетіп, бір ай, жарты ай жүріп қайтатынбыз.

Бір күні ел жайлауда еді. Бәйгі торы ат деген атым бар. Соны әбден мейіздей қылып қатырып алған кезім еді. Кешке жақын әлгіні суарып, «енді бір қызырын көрсем-ay!» деп түр едім. Құдық басына бір жігіт келіп, Жобалайдан хабар әкелді. «Бүгін түнде неқылса да Текшениң баурына жетсін. Өзге жұрт сол жерге жиылды. Ертең кездесетін бір жау бар!»— депті,

Ауылдың үлкендері көрсө, жібермейді. Экемнің дәүлеті сол күнде де мол болатын. Сондықтан менің үрлік қылғанымды барлық ағайын-туысқан иттің етінен жек көретін.

Ұрланып жөнелдім. Болжал жерге жеттім. Жете бере әуелі бір иекартпа кезең бар еді — соған шыға келсем: аттарына өре салып қоя беріп, қарауылсыздәненесіз, қаннен-қаперсіз жатыр. Көп кісі жиылып қалған екен. Соңан бұларды бір қорқытайын деп: қиқу салып, «қапта-қапта!» деп, тиіл кеттім. Аттары үркіп, жосып шығып кетті. Бірталайы есі шығып бұғып қалды. Қеле араласып, бір екеуін төбеден сойылмен нұқып «бас көзді!»— деп жүр едім. Ешқайсысы мені таныған жоқ. Бір мезгілде артыма қарасам: жалаң аяқ, жалаң бас, қолында басы шәугімдей ұзын қайын шокпараты бар Жобалай:

— Үә, кәпір-ай, жасанып жатқан топқа жалғыз шабатын сен — Жобалай шығарсың! — деп келіп қалыпты.

Соңан соң мынау бір жерінді ұсатады екен деп шошып кетіп, бетіне қарап күліп жібергенім. Тани кетті. Бәрі де тұрды, жиылып әңгімеге кірістік: қайда барамыз, не істейміз дестік.

Жобалай жайды ұқтырды. Соның алдында бәріміз бірдей кіжініп, өштеніп жүрген жеріміз — Найман ішінде бір Мырзатай дегеннің аулы болатын. Жазғытурым сол ауылдың үстімен аржағындағы Керейге Жобалайдың інісі Сыпатай қасында екі жолдасымен аттанып бара жатқанда далада ұстап алып тонап, өлімші ғылышып сабап, содан бір ай дегенде зорға келген.

Қасындағы жолдастары қашып кетіп, өзін таудың ішінде елсізде сабап-сабап мыжғылап, өлуге айналған соң: «енді бұл өлді!»— деп, бір тасқа тығып кеткен. Артынан бес-алты күннен соң тағы сол жолмен бара жатқан біздің елдің бес-алты кісісі әлгі тастың тұсынан өтіп бара жатқанда ыңырысған дыбыс естіп, тауып әкелген.

Содан екі айдай қалжа жеп емденіп, зорға дегенде үйге таяқпен кіріп-шығатын болып, ауылда жатқан. Біз сол үшін Найманға кектеніп, «енді қалай өш ала-мыз?» деп, тісімізді қайрап жүргеміз.

«Жақында Жобалай сол оймен жүргенде бір хабар алыпты: Мырзатай аулының бір мырзасының ойдағы бір Матайда қалындығы болады екен. Соны көп жасау-

жабдықпен ұзатып алып келе жатыр. Бір-екі күнде біздің елдің тұсымен өтеді», — депті.

Бізді Жобалай сол үшін жиған екен. Сол хабарды сстіген соң, бәріміз де қуанып кеттік. «Енді қашан соктығар екенміз?» — деп асырып, шиыршиқ аттық.

Сонан ақылдастып алып, оларды тоспақ жеріміз — Тәбеттің Қызылы болсын деп, соған қарай бет алыш жүріп кеттік. Тұс ауа сонда келіп орнадық. Тәбеттің Қызылынан бір шақырымдай жерде үлкен қара жол бар. Наймандар сонымен журмекші. Маңайда үшқан құсттан басқа дым жоқ. Құланелсіз. Екі кісіні кезекпекезек қарауылға қойып өзіміз етектегі бұлақтың басына келіп, ас істеп ішіп жаттық.

Сонымен кеш батты. Екінді мен ақшамның арасы еді. «Келмеді ғой» деп бәріміз де көңілсіз тартып отырғанымызда біктің басында қарауылда қарап отырған кісіміз қолын бұлған еткізіп хабар қылды.

Атқа тұра-тұра жүгірістік. Бәрі де ерттеулі, өресімен жүрген. Келіп әп-сәттің арасында мініп-мініп алдық. Санымыз сонда жиырма шакты. Тура бір қолмыз.

Сол арада қарауылда отырған кісіміздің біреуі келді: — Құда-құдағилардың жиырма қаралы кісісі топталып келе жатыр. Бүгін Қызылбұлаққа қона тын түрі бар, енді тосып алындар, — деді.

Бұл жолда Тәбеттің Қызылы деген бійк жүргіншілердің бәріне белгілі хауіпті жер болатын. Бұлар сондықтан топтанып келе жатқан ғой. Қөптігіне де сеніп келе жатқан шығар дестік.

Бірақ елсіз жерде, иен далада болған соң бұларды ала алмаймыз деген құдік көңілімізге титтей де келген жоқ. Аяғында, күн батып, көз байлануға тақалғанда жүргіншілер біздің қатарымызға келді.

Сонан соң Тәбеттің Қызылынан қара жолға қарай шұбатылып баратын бір ұсақ адыр бар еді, соның қабатымен алдын ала салдық. Адырдың шеті тақ қара жолға барып бітуші еді.

Сол жерге келіп: балта сабы екі кезеңнің түбіндегі қақ бөлініп тұра қалдық. Тұрлерімізден адам шошығандай болып кеткен екенбіз: тымақтың құлағын тегіс жымыра байлап алғанбыз; өңіміз сұп-сұр; колда — бір-бір шашақты наиза, қара соыйл, ұзын айбалта. Азғантай уақыт қана тостық. Бір мезгілде кәдімгі кешкен елдей ырғалып-жырғалып жайымен келе жатқан

қыз-келіншек, бозбалалар. Дөң астында тұрып, екі қыздың қосылып салып келе жатқан әнін де естідік.

Сонан әбден жақындал, екі-үш арқан бойындаған жер қалғанда,— қикуды салып, ағашты қағыстырып сатырлатып келіп, тиіл кеп кеттік.

Жер де айқай, көк те айқай болды. Жүргіншілер жер астынан шыққандай болып самсаған сары қол қаптап қоя берген соң, есі шығып кетті. Қашуға да шамасы келмедин. Келе араласқанда топырлатып түсіре бастадық. Қару жок, сасқалактап жүргенде бір-екеуінің қолына ғана ағаш түскен екен — қарсылық көрсеткен солар болды. Оның біреуі қыздың жас бауыры екен. Біз өзгесімен айналысып жүргенде, жанды бермек оңай ма, қалындық пен құдағидың айналасына келген кісіден төрт-бес кісімізді түсіріп тастапты.

Аяғында, өзгесінің бәрі құлаған соң, немене,— оларды да түсіріп алдық. Қүйеу жігіт біреуді алдына салып куып келе жатқанда, Жобалай артынан келіп қарастыстан қағып жібергенде, аттан тымақша ұшты. Эйелдерін үрганымыз жок, аттан түсіріп алдық.

Қыз — Матайдың ең бір бай жерінің қызы көрінеді. Алты қанат ақ отау мен он шақты түйеге жасау артып толықсып келе жатқан беті екен. Бір топ қыз-келіншек нәкері бар, кара көз, қызыл жүзді, акқұба қыз. Жасы он тоғыз-жырманың шамасына келген. Сұлу пішінінің толықсып түрған кезі.

Жасау дегеннен көз тұнады.

Біз келіп түсіріп жүргенде еркектерінің бірде-бірі бір ауыз сөз айтуға жарамап еді. Бір мезгілде қызының жанында түрған келбетті семіз ақ бәйбіше:

— Эй, жандарым, сендердің де әпке-қарындастарың, алдарында тілеулерің бар гой. Мынау — қойнымдағы алтыннымдай сақтаған жалғыз балам еді, бөтеп елдің босағасын жаңа аттағалы келе жатқанда, бакытын күйдірмендер, аяңдар! Іздегендерің мал, дүние болса,— осы әкеле жатқан жасауымның ішінен қалағандарының бәрін алындар, бірақ бізді бетімізben коя беріңдер,— деді.

Сонан соң түсірілгендердің бәрінің атын алып, өздерін топтап иіріп қойып, өзді-өздіміз кеңестік. Арамыздағы кейбіреулер: «жасауын алып, коя берейік» десті.

Сонда Жобалай тұрып:

— Менің ізден жүргенім әлі дүние ме екен? Олай болса, Найманның жылқысын алудан оңай нәрсе бар ма еді? Мен Мырзатай аулының өмірінде есінен кетпестей кек алмақшымын. Жасау сөз емес. Алдымен бірнеше күнге дейін тұтқын ғылыш жатамыз. Қазір бәрінің де көзін таңып, еркектерінің тегіс қолын артына байлаап, атқа мінгізіп Текшенің баурына алып барамыз! — деді.

Бәріміз де осыны мақұл көрдік. Сонымен осы айтқанды істеп, катын-қыздарды улатып-шулатып, Текше қайдасың деп, ел жатар мезгілде тартып жөнелдік. Келген соң тұтқындарды әрбір жерге отырғызық. Жүкті түсіртіп, бес-алты күркені тіктік.

Биіктің басына қарауылды мықтап қойдык. Тұтқындардың күндіз-түні көзін шешпейік деп сөз байластык. Жерді танымасын, түсімізді, атымызды білмесін. Және біреуіне не ғылыш жатқанымызды екіншісі сезбесін дедік.

Сонымен үш қыз, бір келіншекті бір бөлек қойдык. Қыздың шешесін бұлардан аулак жерге қасында бір катынмен бір бөлек қойдык. Қоз танулы, қол байлаулы. Қасында аңып түрған жігіттер. Күндіз-түні дүниеде не болып жатқанын ешқайсысы да білмейді. Тамагын іshedі де жатады. Жалынып-жалбарынса да, жыласа да — бірде-бірін құлакқа ілмейміз. Естімеген кісі болып, үндемей жүре береміз.

Сонымен, қойши, төрт күн тұтқын ғылыш ұстадык. Сол уақытта көрген қызығымыздың ұшы-қиыры жок. Ерте бастан екі аппак күркені өзге жұрт жатқан жерден бөлек бір сайға апарып тіккеміз. Жобалай ұзатылып келе жатқан қызбен сол төрт күндей бір күркені жеке алып, күндіз-түні шықпай жатып алды. Өзгелеріміз қалған қыз-келіншекпен мәз болып жаттык. Бізге тиғен эйелдер біраздан соң өзімізге үйреніп, қалжындастып, ойнап отыратын болды. Анау ұзатылып келе жатқан қыз дүниедегі қайтпайтын қайсар адамның бірі екен. Сол төрт күнде жылаудан көз ашқан жок. Жобалайға:

— Менің бақытам күйді. Жарық дүниеге көрінер бетім қалған жок. Енді қызық, бақыт маған жок. Соңдықтан кіммен қарайсан — сонымен ағар деп, енді ит болсаң да, сенімен қалар едім, бірақ дүниедегі ең-ең жеккөретін адамым, ең қатты дүспаным сенсін. Өзім

көрген жаинның ішінде барып тұрған жауым сенсі!— депті.

Жобалай:—«Сол арада бетімнен отым шыққандай болып ұялдым, бірақ онымен дауласайын ба, үндегенім жоқ!»— деді.

Сөйтіп дәл торт күн, төрт түн ертегінің қызығындағы қызық көріп, бесінші күн түнде жүктөрінің бәрін дәл өздеріндей қылып тиеп, бір сабак жібін алмастан, бұрынғы аттарына өздерін сол байлаулы қолымен, таңулы көзімен міңгізіп, бәріміз бұрынғымызша аттанып, жолына алып барып, беттерін оз елдеріне қарай түзеп қойды.

Қөздері әлі таңулы. Өздері не болғандарын білмейді. Төрт күндей дүниені қөрмей әбден мәнгі болып кеткен. Оның үстіне қайда апаратышмызды, жүгін қайтетінімізді ешбіріміз айтқан жоқпыз.

Жобалайдың батырлығынан бұрын, сондай жерде адамның ойына келмейтін құлықтарды табатын айлақестігі бөлек еді. Әлгінің бәрін істеп жүрген соның өзі. Тұтқындарды түгелімен жолдың үстіне қойып, ішінен көзі таңулы бір-ақ кісіні Жобалай жетектеп алып, бізге «жүріндер!» деді. Бәріміз жүрдік. Бір дәң асып келген соң, бізді тегіс екінші дөңнің астына жіберіп, жалғыз өзі қалып, әлгі тұтқынның қолын босатып, көзін ашты да:

— Ана жолдастарына барып, бәрінің де қолын шешіп, көзін аш. Содан соң жолдарыңмен «құдай» деп жүре беріндер. Бір сабак жіпперінді алғамыз жоқ. Менің атым — Жобалай. Мырзатайдың аулы быыл ар жағындағы Қерейге бара жатқан менің інімді ұстап алып, өлімші қылған екен. Бұл істегенім — соның кегі. Мырзатай аулы менің де іргелі ел екенімді білсін! — депті де қоя беріпти.

Сонымен Найман өз бетімен тартып жүре берді. Біз де өз бетімізге кете бердік. Сол енді о заманда болмаған, ел шабысатын үлкен ісі болса да, әлгінің артынан тырс еткен сөз шықпай, өшіп қалды. Өшірген қалындық болса керек.

Бағанағы жолдасты барып көздерін ашқан соң, қалындық қасындағы жолдастарын шақырып алып, не көріп, не білдіндер — айт! — депті. Оларға, Жобалай айтпа десе де біздің жігіттердің кейбірі айтып қойған екен: «қалындықты біздің батырымыз алып жатыр», —

деп. Қалындық өз жолдастарынан бұны естіген соң, оларға өле-өлгенше бұл сөзді ешқайсың сыртына шығарма деп мықтап тапсырып, уәде қылышты. Соңан соң еркектерге, шешелеріне: «төртеуіміз бір жаттық, ештеңе көргеніміз жоқ»,— депті.

Сонымен қыздар көрген-білгенін жасырған соң, Найман дүниесі үлініп-шашылғаннан аман болған соң, неменегे өштессін?

— Олар да бұл турадан сөз қылуды тоқтатып, өздері өшіруге себепші болды,— деп Сүлеймен ақсақал әңгімесін бітірді.

Бұл уақытта таң ағарып атып қапты. Біз тау ішінен өтіп, жазыққа шығып едік.

Әңгіме біткен соң, бұрынғы аянды қойып, желіп жүріп кеттік.

1923

## ҮЙЛЕНУ

Шілденің ыстық күні. Шаңқай тұс мезгілі. Аспан ашық таза. Төбеге келген қызулы күн жерді ысытып, өзгеше жарқырап, шақырайып тұр. Күшті жарығы қараған көзді үялтып, еріксіз жұмғызығандай. Күн қызуы жайылған ауа адамды тұншықтырғандай күйіп, шанытып тұр. Тынысты ауырлатып, бойды мен-зен қылып әлсіреткендей. Бірқалыптан айнымай шыжып тұрған ыстық ауда анда-санда болымсыз ыстық леп білінсе,— адам қомағайланаип, сол тынышты салқынға қарай бойын созып, бетін төсеп еріксіз ұмтылғандай болады.

Бұл уақытта азғана тыныштық табылса, жалғызғана үй ішінен табылғандай. Әсіресе салқыны көп—үлкен ақ үйлер. Есіргі түрулі, түнлігін енкейтіп, терісінен ашқан үлкен үйлерге кіргендеғана дene аз тыныштық алғандай болады. Жайлауға жаңа жеткен ел жінішке өзеннің бойына шалғынды жерді куалап жағалай қонған. Қоғам үшінда, сары даланың шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді. Одан бергі жер жалпақ ақ көде мен сары селеу. Өзеннің солтүстік жағы ұзын сары адыр. Кей жерде таудың аралары үзіліп кезең болып, кей жерде біріне-бірі қабатталып миқы адыр, бүйрат болады. Өзен осы адырды кенерлеп, таумен бірге айырылып ағады. Сары дала, сары адырдың арасындағы жіңішке өзен екі жағасындағы көк жиектенген шалғынымен, жағалай қонған ақ ауыл жыбырлаған неше түлік малымен, әр жерден бұрандарап аспанға шығып жатқан көкшіл түтінімен бірқалыпты дүниенің ажарын ашып сырт көзге

көркейтіп тұрғандай. Өзен бойындағы ауылдардың күнбатыс жағындағысы — Байбосын хажының ауылы. Бұл ауыл өзгелерден артырырақ күй іздегендей, өзеннің сүс жалпак, шалғыны мол жеріне қонған. Және, бір жағынан, ешкімді қондырмаған сияқты, өрісті мол қылып, беті ашқта оқшау отыр.

Ауыл — он бір-он екі үй. Бұлардың төртеуі үлкен ақ үйлер. Бірі — байдың өз үйі, екеуі — балаларынікі, төртіншісі жаңа киізден істелген, сыртын манатпен оюлаған бес қанат ақ отау — ұзатылатын қыздың үйі. Ауылдағы қалған үйлердің көбі кішкене, уш-төрт қанат жыртықтау қара үйлер. Малшы-косшының үйлері.

Ауылдан екі жұз қадамдай жерге қағылған көгалдағы үлкен желіде амалсыздан жатқан байлаулы құлыштардан басқа ірі жылқы жоқ. Бәрі де өзенге туғсіп, екі-үш жерге топтанып, үйездеп тұр. Эншейінде шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын ауырлап, мең-зең болып тұрғандай. Бұлардың ыстықтан мазасы бір кетсе, ызындал ұшқан, тынымы жоқ көк бас сона, бүгеліктен тағы тыныштығы кетіп: суды аяқтарымен шылпылдатып, құйрығымен екі жағын сабаланып, тыным ала алмай тұр. Ыстық-сұыққа бірдей шыдамы жоқ сиырлар даладан оқыра куып келсе, ауылда да тыныштық таба алмай, аласурып жүр. Анда-санда тыныштық алайын десе де, сәйгелдің біргалыпты ызыны естілгенде: кезі аларып, құйрығын шаншып, жан-жакқа бытырай жөнеліп, құтырғандай жосиды. Екі бүйірінен демін алып ентігіп, танау қағып жүрсе де, күн ыстығы қайтқанша тыныштық алу жоқ сияқты.

Байбосын аулы кешеден бері қарай күндеғісінен көнілдірек. Кеше екінді кезінде келген бес-алты кісі қүйеулер ауылдың қызығын молайтып, қыз-келіншек, бала-шага, бозбалалардың желігін көбейткендей. Бір жағынан қүйеулерге амандасуға келіп жатқан жақын ауылдың қыдырмашылары да ауылдағы қара-құраны молайтып, ертенді-кеш топырды көбейтіп жүр. Байдың келіндері, жақын ауылдың қыз-келіншектері түтелімен таза киімдер киіп, қүйеулер отырған ақ отауға ерсілі-карсылы кіріп-шығып, даурығып, қалжың айтып, дамылсыз күліп, бірін-бірі жұлқылап ойнап, желігіп өтіседі.

Күйеулермен қыдырып келген жүрт та таңертеңнен қозғалмай отырып, әлденеше тегене қымызды ішіп

алып, қызысқан. Бірін-бірі қағытып қалжындасты, мысқылдан күлісіп, кейде қызыл кенірдек болып, болжымсызға дауласып та кетеді. Қүйеулердің үйі кәзіргі сағатта өте көңілді. У-шу, ойын-күлкі, қалжындар әлі басылған жок. Көп дырду, күлкі арасында анда-санда домбыраға қосылып, жінішке дауыспен шырқаған әнші Матайдың маңызды әні де естіліп қояды. Қүйеулердің үстіне кіруге лайықсыз көрген үлкендер ауылдың алдындағы өзен жағасына таман келіп, көк шалғының үстінде кейлекшең отырып, салқындан әңгіме құрып отыр. Ауылдың кәзіргі ажарына қарағанда және үлкендердің ниетіне қарағанда, бұл қүйеулер қадірлі қонақтарға ұқсайды. Бұның бір себебі — қүйеу болып отырған Қасым осы елдің көрші болысы — Қызылшіліктің жаңада сайланған «болатком» бастығы болатын. Ел ішінде атала ауылдың баласы биылғы жылы партия басы болып, елінде атқа мінген жігіт. Өзі пәлендей батыр, өнерлі, өрелі жігіт болмаса да, «ата баласы ғой» деп атасының «аруағын» сыйлап, ел осыны болыс қойған: аузы-қисық болса да байдың ұлы сөйлесіннің көрі болған.

Қүйеулердің бұдан басқа бір сый болатын себебі — бұлардың қасына Қасымды болыс сайлаған нұсқаушы Оспан да ере келген.

Оспан — осы маңдағы үш-төрт болысқа келген сайлаушы. Өзі шала оқыған мұғалім болса да, Қасымның айтуынша, «өнерімен жетілген» деп саналады. Ұлықтықты ұқсата білген, сый-сияпatty тәуір көретін жігіт болғандықтан, Қасым аужайын байқап, әдейі қасына ертіп, қонақ ретінде алып келген. Сайлаушы төренің саяси пікірі қыр тұрмысына үйлеспесе де, «қазакты жақсы көретіндіктен» анау-мынау ойларды былай тастап, бәйбішенің үстіне тоқалдыққа Байбосынның қызын алғалы отырған Қасым досының қасына еріп келген.

Қасымның жасы қырықтың шамасында. Бетінде шешек шалған айқын таңбасы бар — шұбар. Қонқақ мұрын, бітеу бастау, селдір қара сақалы бар, зор денелі аңсағай жігіт. Қісінің іші-бауырын елжірететін орамды жүйрік тілі болмаса да, Оспанды ылри «төре» деп сөйлеп, асты-үстіне түсіп, қорыққандай болып күтіп тұрады. Айтқан сезінің бәрін де «күп!» деп макұлдан тұратын мінезімен «төреге» жаққан болатын. Оспан бұл

мінездерін «казақтың қонақшылдығы, мырзалығы, кен-дігі» деп сүйген еді. Сайлауши таңтеренгі шайдан соң енді біраз «гулятъ» жасау керек деп, қыр кіслерінің бір жерде отыра беретін мінезін өзінше сөгіп, біраз жүріп келуге тысқа шыққан.

Бірақ тыстың ыстығы шыққан жерден жайсыз көрінсе де, қайта кіруді ынғайсыз көріп, қасына өзінің шабарманы мен тағы бір-екі жігітті шақырып алғып, ауылдағы әрнерсені бұрын көрмеген кісідей тамашалап жүрді. «Төреге» жусап жатқан қой да, оқыралап жүрген сиыр да тамаша көрінді. Желіде жатқан құлынды көргенде «ақжүректігі» ұстап: «ыстықтап жатыр-ау, байғұстар! Эй, қазақ деген қандай «жестокий!» деп, бірталай ой ойлаған кісі секілденіп бір тұрды. Біраздан соң құрт қайнатып жатқан кемпірге келіп:

— Бұдан не жасап шығарасың, кемпір, ә?— деп күлімсіреп,—«Өндіріс» осы ғой,— деді. Қасындағы жігіттер төренін бар сөзін мақұлдан:

— Біздің қазекенің осындағы қазақшылығы болады,— деп, мысқылмен құліп қойды. Оспан осыдан аз-ақ бұрын құрт ішемін деп жер ошакты жағалап, шешесінің мазасын ала бергенде, басына «таңқ» етіп талай тигсен ожауды ұмытып, кәзір де сол құртқа кіслік көрсеткендей болып тұрды. Осындағы біраз сейіл жасап үйге қайтқанда, бұны тосып отырған күйеу «бір онаша сөзім бар» деп, бұны тысқа шақырды.

Екеуі де тысқа шықты. Ауылдан қырық-елу қадамдай жерге барған соң көгалға жайланағып отырып, Қасым сөз бастады. Қасымның айтпағы өз жайы екен. Тымағын көзіне киіп, төмен қарап отырып:

— Төре! Мұнда маған жайсыздау бір әңгіме болып отыр. Бұл Байбосынның қызын мен жаңада айттырғам ғой. Әке-шешелері қызын бермекке ырза болып, бізден бірталай мал да алып қойып еді. Енді бұл уақытка шейін ай қарап жүрді ме — білмеймін, қызы: «Қатын үстіне тимеймін, ырза емеспін, бостандықтың заманы, өзімнің көnlім сүйген кісіге тиемін! Оның жасы да үлкен!»— деп айтады дейді. Әлі бұл сөз әкелерінің құлағына тимеген болса керек. Жаңа жеңгесі келіп, осыны айтып кетті. «Сайлаушиға айтамын, басыма бостандық аламын, сотқа барамын!»— деп айтады дейді. Сонымен кеше де, бұғін де біздің қасымызға шақыртсам да, келмей отыр: «бармаймын!»— деп айтады дейді.

Ата-анасы батасын айтып, қызын беруге ырза болған. Күйрық-бауыр жесіп құда болғанбыз. Оның үстіне, мінеки — сізге сый көрсетемін деп, әдейі өзіңізді ертіп келіп отырмын. Осыны қалай дейсіз? Қашқанның да, үж күғанның да тірегі сіzsіz ғой! Арыз беремін деп отырғаны сіз екенсіз. Лайық көрсөніз, өзіңіз соны сөйлесіп, ақмақтық қылма десеніз қайтеді? Сіздің сөзіңізге тоқтайды ғой.

Оспан аз ойланғансып отырып, шімірікпестен:

— Жарайды, мен сөйлесейін. Мұнысы қисынсыз екен. Қанша бостандық дегенмен, қазақтың қазақшылығына лайықсыз жұмыстың орны жоқ қой! — деді.

Қасым көңілденіп күліп:

— Төре-ау, тіпті енді декретінде күйеуі келіп отырған қыз да бұзылсын деген бе? Мұнысын қойғызыңыз! — деді. Жігіттер осы ретте сөздерді тағы біраз сөйлескен соң, түрегелісіп үйге қарай жүрді.

Оспан сол бетімен барып қызben сөйлеспекші болды. Қалындық бұлар отырған үйге келмегендіктен, пішінін Оспан әлі күнге көрмеген болатын. Төре күйеулердің үйінен өтіп, қыз отырған кіші отаудың жаңына тақалғанда, қалтасынан тарағын алғып тыста тұрып шашын тарап, қоразданып, қақырынып үйге кірді. Үй оңаша екен. Оң жактағы білік төсектің алдында, машинамен іс тігіп Қасымның қалындығы Жәмила жалғыз отыр. Басында оқалаған қара тақиясы жаңа тараған қара шашына, бетінің ак түсіне жарасып тұр. Бетінің ұшындағы жұқалан қызылы, азғана күлімсіреп тұрған мөлдір қара көзі, кішілеу қырлы мұрны бір көрген жерден-ак Жәмиланың сұлулығын білдіріп тұр еді. Орта бойлы, толықтау денесіне киген ак көйлегі, жасыл пуліс кәмзәлі де ешбір мінсіз болып жарасқан. Оспан қыздың сұлулығына таңқалғандай болып, көрген жерден көңілі құрметтегісі келгендей болды. Бұл төрге шығып отырып амандасқанда, Жәмила аз бұрылып, көзінің қүйрығымен қарап, ешбір қымсынбаған пішінмен «шүкір» деп ақырынғана жауап қайырды. Оспан қалжындаған болып, әртүрлі сөздің басын айтып аз отырған соң, келген сөзіне көшті. Қыз мойнын бұрып, таңданған пішінмен жас жігітке қарап отыр. Оспан сөзінің басын ұғымсыз қылышп, қайта-қайта бөгеліп сөйлеп, аяғында:

— Ата-анаңыз атастырып қойған екен. Я, оның үстіне, күйеуіңіз — бір елдің болысы, ұлығы. Ендігі ти-меймін дегеніңіз лайық бола ма? Я, мен бұл сөзді тастауыңызды сұраймын! — деп қызға қарап себепсізден күлімсірей келіп, ақырында мырс етті. Жәмиланың өнінде жігіттің сөзі әсер бермегендігі білініп тұр. Ол Оспаниң сөзін естіп болған соң, ақырын езу тартып күліп, жігіттің бетіне тура қарап отырып:

— Осы өзініздің ойыңыздағы сөзіңіз бе? Жоқ, Қасымға еріп келген соң, жолдастырын актайын деп айттып отырысз ба? — деді. Оспан басында не айтарын білмей қысылыңқырап қалып, артынан әлденеден рақымы түс-кен пішінмен күліп:

— Эйтеуір айттым ғой, әуелі менің сөзіме, жауап беріңізші! — деді. Қыз:

— Өзгенің жөні бір басқа. Жалғыз-ақ сіздің женгетай болғаныңыз қисынсыз емес пе? Эйелге бостандық әперетін сіздер десек, өзіңіз бұны айтқаныңыз дұрыс па? — деп, кінәлаған кісінің пішінімен Оспанға тағы қарады: Оспан:

— Сіз мені женгетай деп «обижать» етесіз, мен оныңызға ренжимін! — деді.

Қыз күлімсіреп:

— Олай болса, жөніңізге көшіңіз! Өзініздің жастығыңызға, орныңызға, түсінізге қарағанда, осы сөз лайық па — соны ойлаңыз! — деді.

Оспан бұл сөзге келгенде, біржолата женіліп, кінәлі болған кісішे төмен қарады. Қыздың ірге бермеген ашықтығы мен шешендігі жігітті женді. Бірақ бұдан төрениң көnlіне ашу мен намыс кірген жоқ, қайта қызға қатты сүйсінгендей, ішінен құрметтеп, көnlі басқа жаққа қарай ауа бастады.

Соңғы бір-екі сөз өз көnlін оятып, күтпеген жерден болымсыз үміт туғызғандай болды. Қыздың пішіні, мінезі, барлық сөзі де жігітке әбден жакты. Бұл уақытта Жәмила да «окыған жігіт» дегенді жаңа көргендіктен, бұған өзгеше көnlмен қарап орысша сәнді киінген киіміне, қызыл-шырайлы сүйкімді пішініне айырықша көnlі бәлгендей болды. Жас жігіттің ажарлы пішіні мұның да әртүрлі сезімін оятқандай еді. Енді үміт пен күдіктің арасында алысып отырған шыдамсыз күйеуді ұмытып, сайлаушы «төре» өз әзілінің жарастырын іздей бастады.

Қыздың соңғы сезінің бетімен бірталай сөйлесіп отырған соң, екеуі біріне-бірі үйір болып, әбден таныс болған кісілердің қалпына келді.

Аяғында, қыз сезінің көбі Оспанның үмітін әбден нығайтқан соң, қырдағы мұсіні тәуір әйелдің бәріне істеп жүрген дағдылы машығына салып, төре белгілі тілек айтуда ауысты. Қөптен қалжыңмен жағалатып айтып отырған сезінің бетін ашты. Қыз бұл жерде де қысылған жоқ. Қөп естіген сезінің бірі екендігі жауап ретінде жымиған күлкісінен білініп түр еді. Енді біразда «ғашық» болуға тақап, жүрегі лупілдеп, жауабын асырып күтіп отырған жігітке қарап, Жәмила:

— Сіздің сезінің жерде қалмас, бірақ менің айтадын тілегіме өзіңіз де табылыңыз? — деді. Оспан бұл жерде шыдап отыруға шамасы келмей: қыздың қасына барып, қолынан ұстап, бір қолымен мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп алды. Қыз болымсыз ғана қымсынып, төмен қарап, ақырын: «Біреу келіп қалады!» — дегеннен басқа ешнәрсе айтқан жоқ.

Біраздан соң Оспан орнына қайтып келіп отырып, қыздан оңаша жолығатын уақыт сұрады. Қыз жымиып күліп:

— Айтқаныңыз жаңа, асыққаныңыз не? Әуелі мевің тілегімді естіңіз! — деді Оспан:

— Айта ғой, олай болса, тілегінді, — дегенде:

— Тілегім — біздің жақындығымыз аз күндік жақындық болмасын. Лайық көрсөніз, өмірлік жолдас болайық деймін. Осыны қалай көресіз? — деді.

Оспан бөгеместен байлауын жасап:

— Жәміш! Менің де айтқалы отырғаным осы еді. Енді сезіміздің байлауы осы болсын, сен — менікі, мен сенікі! — деді.

Осы секілді сезідерден кейін қыз бен жігіт арасында уәде беріскең байлау болған соң, енді қалай қосылудың жайын сейлесті. Бұл тұрасынан бірталай сейлесіп келіп байлағандары: аз күнде елдегі жұмыстарын бітіріп, Оспан қалаға қайтады, сонда жолшыбай келіп Жәмішті алып қашады. Оған шекті Жәмила Қасымға тимеймін деген сезіді айтып тұратын болды. Осымен сезідің аяғын бітіріп, екеуі талай жылдан көрісе алмай, сарғайысып жүрген ғашықтардай, құлаштарын жайып сүйісіп, зорға айырылысты. Бұл оқиғаның артынан Қасым күйеуге Оспан көніл жұбататын сез айтып келген

жок. «Қызды көп сөйлесіп, тәуір-ақ көндірмекші болып айналдырып едім — болмады. Мен енді бабын таба алмадым...» деп болымсыз сөздермен Қасымды жұбатпақшы болды. Қасым бұл сөздерге сенер-сенбестей болып, үндемей отырып қалды. Сол күні кешке қыздың «стимеймін» деген сөзі бұл өлкедегі ауылдардың бәріне де жайылып қалды. Эке-шешесі қыздың мінезіне үялса да, зорлық қылуға бата алмады. «Ертең болады» деген той жасалмайтын болды. Кешеден желігіп жүрген сауықшыл жастардың бәрі де басылып қалды. Аяғында, сол күні түнде күйеу қасындағы жолдастарымен ақылдасып, еліне қайтпақшы болды. Қыздың әкелері ағайын-туысқан, жақындарын жиып алып, қызға қайта-қайта кісі салып сөйлескенде, ол көнбекен соң, күйеулерге кісі салды. Біздің қызымыз әзірше бұзылып тұр. Бірақ бізге он бес күнге рұқсат берініздер, соған шекті көндіреміз, тентегімізді тиямый. Он бес күннен соң қайта келіндер десті. Күйеулер осы сөзді малданып, қайтып кетті.

Арада төрт-бес күн өткен соң, шабарман арқылы қызға берген үәделі түнінде Байбосын аулының сыртына үш ат жеккен трашпенкемен келіп, Оспан Жәмила-ны күтіп тұрды.

Мұның ойын әлі күнге шейін ел ішінде сезген жан болған жок. Жүрісін тіпті сезіксіз қылу үшін Байбосын аулынан қайтқан соң да ылғи Қасымның аулында жатқан. Қыздың аулының сыртындағы табысуға үәде қылған кішкене тәбешіктің түбінде ауыл жакқа қайта-қайта телміре қарап, Оспан мен шабарман Жәмиланы сабырсызықпен күтіп тұр еді. Бірталай ауыр мүйнеттер өтті. Ұйқыда жатқан ауыл жақтан ешбір дыбыс біліп-бейді. Сабырсыз жігіттердің қадалып қараған көздеріне жұлдыз жарық болып тұрған қараңғы түн де, кейде түрегелген ірі қараның бәрі де келе жатқан кісі секілденіп көрінеді. Аяғында, бір сағаттай уақыт өткен соң, жігіттердің сақ құлактарына бір-ақ рет шылдыр еткен шолпы дыбысы естіліп қалғандай болды. Екеуі де құлағын тігіп ауылға қарады. Аздан соң қараңданап, ақырын сөйлесіп келе жатқан екі кісінің бойы көрінді.

Бұлар алдынан қарсы жүрді. Жәмиланы шығарып салуға женгесі Айша ере келген екен. Үстінде ақ көйлегі бар, басына қара шапаның жамылған Жәмила женгесін ертіп, жігіттердің қасына келді. Қыз келген

сон азғантай ғана сөйлесіп, Айшамен бәрі бірдей қоштасып, кара жолмен жүріп кетті.

Қала бұл жерден жүз шақырым. «Жұрт тұрып құлактанғанша, біз барып та қаламыз»,— деп, ауылдан ұзап шығып алған соң, атты қатты айдал, қашқындар кете барды. Ел ертеңінде тұс мезгілінде қыздың кеткендігінен хабарлана бастады. Байбосын аулы қыздың кіммен кеткенін білмей дағдарысты. Сол күні кешке бұл хабар Қасым аулына да жетті. Бұл жұмыс төреден келгенін жүрт ертеңінде ғана білді.

1923

## СӨНІП-ЖАҢУ

Қоңыр күздің мезгілі, сентябрьдің бас кезі еді. Ел орынға отырған уақытта жарық айлы тыныштығы мол түнде қалың таудың ішімен үш салт атты келе жатты. Жұргіншілер келе жатқан қабат-қабат биіктің арасында жатқан жіңішке өзек кейде тарауланып көп салаға бөлініп, кейде иін тірескен биік тік жартастардың арасынан жалғызаяқ жолдай болып жіңішкегіп, жыланша нірледі. Қонарлық жерге кешігіп қалып, жетуге асыққан жолаушылар осы өзекті өрлең желіп келе жатыр. Жарық айлы тынық түнде таудың ішіндегі ұлы тыныштықты бұзып тұрған дыбыс — тастақ жолымен жүріп келе жатқан аттылардың тықыры ғана. Бұдан бөтен ешбір дыбыс жоқ. Табиғат тастай қатқан жым-жырт. Жолаушылардың ушеуі де жас жігіттер. Жақсы киініп, семіз ат мінген бозбалалар еді. Бұлардың ексуі Үргайлы болысының оқыған жігіттері — Сыздық пен Сүлеймен. Үшіншісі — ел ішінің жігіті, бұлардың жолдасы — Есімжан.

Кәзіргі мезгіл елге тегіс ауыр тиген 16 жылдың реквизициясы күшіне әбден келіп, дегенін істетіп жатқан кез болатын. Үргайлының жігіттері топ-тобымен «прием» жасап жатқан Ақтас бекетіне кеткен. «Алдын алыпты» деген хабарлар ел ішіне келіп жатқан. Қалың ел, жалпақ дағына келген ауыр күннің қайғысынан күнірене курсініп жылағандай еді. Жалғызынан айрылған кемпір-шал, сүйеніш қылған бауырынан айрылған әпке-қарындастар кетер жерінде жаны сүйгеп жақындарымен қоштасып жылап қалса да, елде болса да, үйде отырып тілеу тілең болымсыз нәрселерді үміт

қылып зарлауда, қайғы-қасіретте еді. «Жақсы атадан» шықкан байжуанның балалары — қолы жетіп оқыған жігіттер елдің бұл күйін көзімен көрсе де, өздерінің бас амандығына мәз. Және жаңада қырға келгендей-тен, ағайын-туысканды аралап, қыдырып қана жүрген.

Көзіргі келе жатқан беттегі көздеген мақсаттары — қызы көру, қатын алуды ниет қылып жүрген Сыздық еді. Бұл жігіт жаз ортасында үйіне келгеннен бері қарай ағайын-туыскан, жақындары: «енди қызы көр де, үнатқан кісінді бізге айт. Келіншек әпереміз» деп, ел ішінде тәуір деп жүрген екі-үш қыздың атын атаған.

Сыздық ағайындарының сезіне көнген сон, құрбы-құрдас, тілеулем жақындарының бәрі де әр қыздың атын атап келіп, әсіресе мақтағаны Мақыштың қызы болатын.

Жігіттер екі-үш күннен бері қарай осы мақсатпен бірнеше ауылда болса да, көңілге алған қыздарының кейбірін көре алмай, кейбірін көрсе де үнатпай, аяғында әзіргі кеште Мақыштың аулына келе жатқан беті еді.

Бұлар тау баурындағы жазықта отырған елден тұс ауған мезгілде шықса да, жол бойы әнгімелесіп аяңдан жүріп отырып, Мақыш аулына қоналқалық мезгілден кешігіп қалып еді. Сондықтан тау ішіне кіргеннен бері қатты келе жатқан. Әзіргі жолаушылар жүріп келе жатқан тау — Маралдының Бектер тауы. Таулардың ай сәулесі түсіп тұрған беттері жарқырап, самаладай болып анық көрінеді. Көленке түсін теріскей жактағы таулар, биік жартастар алыстан қара үңгірдей болып қарауытып, көңілге салқын тыныштық пен болымсыз қауіп сезімін сіңіргендей болады.

Жігіттер Бектер таудың ішімен бір сағаттай жүрген сон, бұл таудан өтіп бір аланға шықты. Алдынан Маралдының көлденең созылған үлкен биіктері, қатпарлы қабат-қабат шындары көрінді. Айдың жансыз жарығымен сүрғылттанған кең аспанның бір шетін көзден жасырып, Маралдының жотасы қара қошқылданып, тіс-тіс болып көрініп тұр. Үлкен таудың ет бектеріне бір шақырымдай ғана жол қалды. Жігіттер бұрынғыша қатты желіп, жалғыз аяқ жолмен келе жатқанда, оң жағынан қалың тыныштық, жым-жыртықтың ортасында саңқ етіп үрген иттің даусы естілді. Жүргіншілер өуелгі келе жатқан бетінен жалт

бұрылып, ит даусы шыққан жаққа жүрді. Енді біраз бұлкектеп, кішкене төбенің басына шыққанда жарты шақырымдай жерде тұрған ауылдың жерошақтағы бірер оттары көрінді. Ауылдың қарауытқан нобайы да байқалатында еді. Әсіресе ай сәулесімен шағылысқан ақшыл үйлер айқын көрінді.

Жолаушылар ауылға жақындағанда алдынан көп ит шабаланып үріп шықты. Бұлар ауылға жақындаған сайын, иттер қатты үріп, өршеленіп қонақтар шеттегі ақшыл үйдің сыртына келіп, аттан түскенге шейін ба-сылған жоқ.

Ауылға жақындағанда жас жігіттерге жат көрінген бір нәрсе — бұл ауылдың барлық жаңы топталып, шеттің үйдің сыртына жиылып, бұларды күткендей болып тұр екен. Жігіттер бұл халді ұға алмай, жақында пісінде, еркектермен аралас тұрған әйелдерді де көрді.

Әйелдер үйдің жаңында кейінірек тұр еді. Олар, келе жатқан қонақтың бөтен кісілер екенін білген соң, үйге қарай тез басып кетіп қалды. Сыздық кетіп бара жатқан екі-үш әйелдің ішінде ақ көйлек киген, басында ноғайша оқалы тақиясы бар жінішке, сұңғак бойлы қызыдың сыртын көріп қалды. Еркектер бұрынғы қалпында тұрып, жолаушыларды күтіп алды. Бұлардың ортасында бурыл сақалды, жасы елудің шамасына келген келбетті үлкен кісі келген қонақтармен амандастып танысқан соң, жас жігіттерді үйіне ертіп жүрді. Бұл Мақыш ақсақал еді. Ауылдың еркек-ұрғашысы тыска шығып тұрған себебін Мақыш ақсақал қонақтарға айттып берді. Жалпақ елге келген қайры бұлардың басында аман тастаған жоқ екен. Мақыштың аулынан «паверкеге»<sup>1</sup> уш жігіт кетіпті. Соның бірі Мақыштың жалғыз азамат баласы екен. Жаңа келе жатқан үші салт аттыны көргенде ауылдың еркек-ұрғашысының бәрі де жеткен жігіттер қайтып келіп қалды ма деп, «а құдайлап» тілеу тілеп, қуанысып тұр еді.

Еткен үміт далаға кеткендей болып, күткен кісілер бөтен кісі болып шыққан соң, ауылдың барлық жаңы бұрынғы жүдеген, жабықкан түсіне қайта түскендей болды. Мақыштың дәүлеті шағын болғандықтан, үй іші салтанатсыз қоңыркай еді.

<sup>1</sup> «Паверкеге» — бұл жерде солдатқа кету, қара жұмысқа алыну деген мағынада.

Қонақ жігіттерге Мақыш мал алғызып, сол үйдің ішінде қойшы жігітіне сойғызып, өзі жігіттермен әрбір жайды әңгімелесіп отырды. Үйде қонақтар келгеннен бері қарай қозғалмай отырған Мақыштың бәйбішесі жүдеу, сарғыш тартқан тұсімен баласының қайғысы батқандығын білдіріп тұр еді. Ешбір сөзге, ешбір жұмысқа араласпай, ұндемей отыrsa да, анда-санда әжімді ашан жүзі сұрланып, қабағы қайғымен түйіліп, ауыр-ауыр күрсініп қояды. Мақыш, оқыған жігіттердің жағын ел ішінде естіп жүргендіктен, бұрын таныстыры жоқ болса да жатырқамай, бұларды сыйламақ болған ықыласын білдіріп, іштегі уайымын жеңіп, көнілді болып әңгімелесіп отырды. Мақыштың жұмсак, ақырын даусынан, әдепті, сыпайы сөзінен жас жігіттерге үлкен құрмет көрсеткендей ниет сезіліп, жаратылысындағы мейірімді мінезділігі де көрінгендей еді.

Жас жігіттер әңгіме арасында есік ашылған сайын жасырын үмітпен жалт-жалт қарап отыrsa да, көрмек болған кісісі бұл үйге келген жоқ. Қонақ жігіттердің ішінде Сыздық Мақыштың мінезін, сезін өте ұнатқандай болып, өзгелерден гөрі көбірек әңгімелесіп отырды. Әңгіме кәзіргі ел басына келіп тұрған ауыр күннің жағына қарай ауысқан соң, Мақыш ел ішінде, өздерінің айналасында болып жатқан қайғы-қасіреттерді айтЫП келіп:

— Бұл апattan басы аман қалған кім бар дейсіз? Қалың қазақ баласы қан жылағандай болып тұр ғой. Бұл күнді құдай өзі жөндемесе, қазақтың елдігі кетті ғой. Кімге сеніп, кімге сүйенері де белгісіз. Бұрын бүндей ауыртпалықтың кезінде басшылық етеді деп үміт қылатыны — оқыған азаматтар болушы еді. Бірақ слабайғұсқа кісі жаға ма? Осы күнде кейбіреулер: оқығандар «қарсылық көрсетпе» деп, кісіміздің бәрін тізгізіп беріп отыр. Ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етем деп елді бөксе басты қылды. Оқығаннның тілін алмаған өзге ел әлі күнге жігіт бермей отыр. Үміт қылып жүрген оқығанымыздан не басшылық көрдік! — деседі. Ел байғұс бала сияқты ғой. Біреуді жақсы көрсе де — тез жақсы көріп, өкпелеп жек көрсе де — тез болатын, — деді. Сыздық, Мақыш ақсақалдың айтқан сөзімен қатар, өзі де көп күйінген кісім болып:

— Рас айтасыз, елге де кінә жоқ. Оқығандардың «елге доспын» деген ниетінен туған ешбір ісін көрмеген

сон, өкпелейді, сөгеді ғой. Кісі көп үміт қылған адамы айтиш жерінен шықпаса, көбірек түніледі. Бірақ біз әлі сыналатын күніміз алдымызда деп білеміз,— деп, езін-еzi іштей-тыстай актаумеи тоқтады.

Осы сияқты әңгімен бірталай уақыт отырған сон, коңактар тамағын ішіп болып, тысқа шығып аттарын жайлаташ келіп, сол бұрынғы отырған үйлеріне салынған тесекке жатып қалды. Бұл күні жігіттердің ойлаған ниеті орындалған жоқ. Қызды ешқайсысы да көре алмады. Бірақ тыста өзді-еzi онаша болған уақытта Есімжанға: «танертең ертерек тұрып, женгесімен сөйлесіп, қызды неғылсан да бізге көрінетін қыл!»— деп тапсырып қойды. Тәнертең оқыған жігіттер тұрып, киініп тысқа шыққанда, Есімжан атын жайлаған болып тыста жүр еді.

Күн арқан бойындағы көтерілген екен. Таңға жақын жерді басқан тау ішінің тұманы жоғары көтеріліп қалған. Жерді қалың шық басқан; ауа дымқыл салқын еді. Тыста коңыр иүздің сзызы білініп тұрғандай. Жерден көтерілген мұнар күннің жарығын әлсіретіп, жансыздандырып тұр. Мақыш аулының іргесіне тірелген Маралдының үлкен қара биігі қазіргі сағатта өзгеше тұрде тұрғандай. Аласа жерден айырып, жоғары көтерілген мұнар қара биіктің төсін күшақтап, тұманды салдедей толқынданып, бас жағына оралып тұр. Кою сұрғылт мұнардан таудың басы көрінбейді. Аспанға өрлең бұлтпен араласқандай болып, қараушы көзден жоғалып тұр. Жартасты, зор кеуделі, үлкен биік ұзак тұнғе созылып сарылған салқын үйқыдан басын қоршаган бұлт жоғары көтеріліп айыққан сайын, зор қабағын сабырмен ашқандай болып, үйқылы көзі тұнжырап, етекте жерліп жатқан далаға томсара қалғандай болады.

Жігіттер ауылдың сырт жағында жыпра-отыз қадамдай жерде тұрған Мақыштың ескілеу кішкене корасына қарай жүріп, Есімжанның көрген-білген әңгімесін сұрады. Есімжан қыздың женгесімен сөйлесіпті. Оның сезінше, жігіттер шай ішіп болған сон, кораға келеді. Мақыштың баласының отауы тамға кірген екен,— қыз бен женгесі сонда отырады. Жігіттер сол уақытта көрмекші. Бұл сезге екі жігіт те қанағаттаннып үйге келді.

Жігіттер шай ішіп болып, жүруге қам қыла баста-

тан уақытта Мақыш ақсақал мал жайлатаға шығып жетіп еді. Сүлеймен мен Сыздық Есімжанды атқа жіберіп, өздері қорага қарай жүрді. Аздан соң бұлар қорага кірген уақытта, алдынан ұзын бойлы, ашаң жүзді, қара-сурлау келіншек шықты. Бұл Мақыштың келіп Рәбіға еді. Рәбіғаның отауы жалғыз терезелі кішкене там екен. Қонақтар төрге шығып отырғанда, үй ішінде бұлардың көрмек болып келген қызы — Жәмила төсек жиып жүр еді. Жігіттер жас әйелдермен амандасады сон, қадалып көз алмай қарағандары — Жәмила болды. Жәмила ұзын бойлы, жіңішке денелі, түсі ақшыл, бетінін жұқалау тұтас қызылы бар, қыр мұрынды, қара көз, сүйкімді пішінді, келісті қыз сияқты көрінді. Қадалып, сынай қарап отырған екі оқыған жігіттің көздері Жәмилаға өлгенше ауыр тигендей болды. Ол жігіттерге тұра қараған жоқ. Асығыңырағандай болып, тезірек қозғалып төсек жиып жүргенде екі бетіне ыстық қан дудылдаи жүгіріп, қатты қызарып, төменшіктел үялғанын білдіріп тұрды.

Жігіттер Рәбіғамен бір-екі ауыз қалжың сөйлескен сон Жәмила төсекті жиып болып, шығуға есікке қарай жүрді. Женгесі токтатпак болып күлімсіреп:

— Кайда барасын, отыра тұрсайшы! — деп еді, Жәмила жауап бермей, ақырын құлія, үйден шығып кетті.

Аздан сон жігіттер де тыска шықты. Аттары ерттегіліп болған екен. Бұлар үйге кіріп киініп, бәйбішемен қоштасып тыска шыққанда, бұл уақытқа дейін төбенің басында жүрген Мақыш ақсақал келіп, қонақтарды аттандырып, бұрынғыдай әделті, жылы пішінмен қоштасып қала берді.

Жігіттер кешегі келген жолымен ойдағы елге қарай аяндал жүріп кетті. Ауылдан азырақ шыққан сон бір-бір папиросты тартысып, әңгімелеге кірісті.

Әуелі біріне-бірі қалжың айттың құлісіп, артынаң жана көрген қыз туралы пікірлерін сұраса бастады. Мұндай істі көбірек кіріп, тіс қаққан Есімжан Сыздыққа:

— Сүлеймен мен менің сөзімнің бұл жерде керегі жоқ қой. Өз көзіңмен көрдін, өз көңліңмен сынадын, келіншек айттыратын — сенсін, айттар сөз сенікі. Қундердің-күнінде жаман айтпай, жақсы жоқ, Мақыштың қызын алып, онымен қас-қабағың жараспай жүрсе, осыны алудыма құрғылардың сөзі қамшы болып еді деп

екінбесіңе жақсы. Біз өзің бірдеме дегенше үндемейміз. Өзің әуелі ойынды айт!— деді. Оқыған жігіттер бұның сезін мақұл көріп күлісті. Сүлеймен де Есімжан сезінен соң айтқалы келе жатқан сезінен тоқталып:

— Енді өз ойынды айтып шық, біз қосатынымыз болса, артынан қоса жатармыз!— деді.

Есімжан бұл сөзді қостап:

— Дұрыс айтады, біздің сезіміз артынан айтылған жөн. Және, Сыздық, саған айтатын бір сезіміз:

— Бұл қызы деген шіркін, өзі, көруге келгенде, шетінен жақсы болып көрінетін. Эке-шешесінің аясында отырған оң жақтағы қызың жаманы бола ма? Құрғырың бәрі де жап-жақсы сияқтанады. Бір көргеннен кісі қайсысының ішін біліп кояды? Соған қарағанда, көріп алдым дегеннің өзі бос сез болып шығады. Кісі қатынды әуелі ақылмен ойладап, көңілді бір жерге тоқтатып алыш, сонаң соң тәуекелмен алады. Әйтпесе әбден мінездес, сырлас болып, таныстыры бар сыр-мінез қызды алады. Қалай болса да, кісіге көnlін бір жерге байлайтын қанағат керек. Сонаң соң тәуекел деп бір нәрсеге бекінесін. Жә, енді мына қыз туралы ойынды айт!— деді.

Сыздық бұл сөздерден азырақ қысылыңқырап, күлімсіреп, өз ойымен ақылдақсандай болып ойланғанда, жана көрген сұлу денелі, ақ түсті, бетінің көрікті қызылы бар сүйкімді қыз-есіне түсіп, соның сыртқы түсінен көnlіне орнаған болымсыз жылылық сезімі жүргінде қозғалғандай болды. Бұның өз ішінен ойладап шыққаны: Есімжанның сезі — күнде айтылатын сақтық сез. Оны Сыздықтың өзі де айтатын. Бірақ мына қыздың тұсында сондай бірдемені айтып бөгелетін, ойлайтын дәнене жоқ сияқты. Қызды Сыздық өз көзімен көрді, сынады. Бұған ұнаған жалғыз ғана түсі емес, қыз үндемесе де, бұл сол сыртқы түстің аржағындағы мінездің де сынады. Әкесі өте есті, мінезді адам сияқты. Жақсы тәрбие, үлгілі әке осындей-ақ болады. Бұлар аулы мен малы аз нашар адамдар болса да, көптің бірі сияқты емес.

Мінездері, тәртіптері бұрыннан Сыздықтың қиял қылған, шын іздеген кедейлеріне үқсайды. Сыздықтың алмағы да бай қызы емес, осындей адамшылығы бар: момын, таза мінез, таза жүректі кедей қызы болатын. Сол қыздың аулы, ауданы, әке-шешесі де және соның

бәрінің үстіне, Жәмиланың өзі де көңілдегідей лайыкты дәл келген сияқты.

Сыздықтың іздеген қызы осы. Бұған Есімжанша өлденеше түрлі құдікті ойды көбейтіп, қобалжитын ешнәрсе жок, тәуекел болса — тәуекел. Осындай ойды ойлап шықкан соң, Сыздық жолдастарына:

— Біздей оқып жүрген жігіттерге қырда жақсы тәрбие алған, мінезі жақсы, адамшылығы бар ел қызын алу керек. Соны тәрбиелеп адам қылу — міндет! Кісіге шын дос, шынымен бас сыйлайтын, өзінді құрметтей білетін, жаңына ауырталық түсірмейтін, қабағына қарап іс қылатын таза жолдас қыр қызынан шығады дейтінбіз; Соның ішінде әсіресе жақсы тәрбиелі қыз, жақсы мінезді қыз — адал, момын кедей қызы болады дейтінбіз. Мына көрген қыз, өз ойымша, сол сынға толатын сияқты. Алдымен, пішінін алсақ, менің өзіме сұлу сияқты көрінді. Екінші, түсінен сынағанымда мінезі де жаман болмас деймін. Адамшылықты бағалай білетін, ереккек адал дос болатын, жүргегі жылы, махаббатты адам болғандай. Оナン соң, әсіресе маған жақсы көрінетіні — әке-шешесі. Барлық сөзі, барлық мінезімен қырда отырып, Толстойдың жолын тұтқап адам сияқты. Толстойдың бір крестьяндар ішінен шығатын діншіл, мінезді, бауырмал, рақымды, жылы жүректі типтері болушы еді рой. Маған Мақыш та сол адамдар сияқты көрінді. Ақыры, мен осы қызды ұнатқандаймын,— деді.

— Ұнатсан — болды. Менің сөзім — саған бір ой түсірейін, айнитайын деген ой емес,— деп күліп:— қызыды көрген жерде жыны ұстап кететін бір қызба бастық болушы еді, сол болмасын, өздерің айтқандай, салқын сабырмен ойланып айтсын деген сөз. Жалғыз бұл жerde емес, тағы да ойланайық. Қатын алу деген оңай жұмыс емес қой. Көп ойлану керек. Оқыған жігітке қатын тастағыш деген елдің жаласы бар. Өз басың бірді, жас күнімде айттырдыңдар деп, түсін көрместен жіберіп отырың. Сен де сол жаладан аман емессің. Үнемі елдің жаманатына іліне берген де жақсы емес қой. Жүрттың дәме қылған жігіттерісіңдер. Ойланған жақсы! — деді Есімжан.

Бұл уақытқа шейін екі жолдасының сөзін тындал, үндемей келе жатқан Сүлеймен Есімжанның ендігі айтып келе жатқан сактық сөзінің бәрін орынсыз көріп:

— Енді қария бола бергенінді қойшы, жаным! Ойлаған деген осы. Менің ойымша, Сыздықтың айтқаң сөзінің бәрі де дұрыс. Қыздың пішіні сұлу болмаса да, сүйкімді жақсы түсі бар. Экесінің мінезділігі осы өзіміздің бір болыс елге түгел белгілі. Қыздың өзі катын болуға жарайды. Әуелі туған-туысканы қайын болуға жарайды. Мен енді осыған тоқтау керек деп білемін! — деді.

Жігіттер Жәмила жайын біраз әнгіме қылып келіп, ағында, осы сөздердің бетімен тоқтасты. Сыздық Жәмиланы алушы ииет қылды.

Таудан қайтып, ойдағы елге келген соң бір-екі күн отті. Жігіттердің Мақыштың қызын ұнатып келгениң жақындарының бәрі білді. Бірақ Сыздықтың шын тілеуле жақындары «коқыған жігіттің таңдауы әбден орнықты болсын, басқа қыздармен де сүйген қызын салыстырысын. Өзі әбден толғансын» деп, бұрыннан Мақыштың қызымен бірге аты аталып жүрген ел ортасының бір байы — «Жұмақанның қызын да көріндер» деп, бозбалаларға ақыл берді.

Сыздықтың өзге жолдастары басқа қыздарды да көруге бұрынғыдай ынталы болса да, Сыздық енді әрбір қызды барып көре беруді ыңғайсыз көре бастады. Оның өзінше «интеллигентпін» деген көnlіне қатын алу деген адам өміріндегі ең бір мағналы, ең бір ірі және ең қызықты іс болса, соған бұның жақындары базардың саудасындағы сарамастық әдettі әкеп сала берген сияқтанды. Үйлену жұмысындағы ыстық сезімді кемітіп, қызығын жадағайлатып жіберетіндей көрінді. Тағы да қыз көруге көнілсіз болған бір себебі — Жәмиланы бір-ақ көріп кетсе де, соның артынан сөйленген сөздің, ойлаған ойдың салдарынан бұның «ыстық хиялы» Жәмиланың суретіне байланып қалған сияқты еди.

Бірақ сүйе жүрсе де, екінші жағынан, көп жолдас, көп туысканың талқысына көніп, Жұмақанның қызын да көрмекші болды. Арада тағы бір-екі күн откен соң, бұрынғы жігіттер, қасына тағы бір-екі жолдас ертіп Жұмақандікіне күндіз түстене келді.

Бірақ бұлар Жұмақанның үлкен үйінде көп уақыт отыrsa да, қыз үстеріне келген жоқ.

Алғашқы келген үйден шығып, қыз отырған үйге барып кіруді ауылда толып жүрген көп кісілердің көзінше ыңғайсыз көріп, Сыздық үйден шыққан жоқ. Ая-

ғында, түстеніп болған соң, жігіттер қызды көре алмай, җүріп кететін болды.

Бұл халге Сыздықтың көңлінде көп наразылық болмаса да, касына еріп келген жолдастары: әдейі келген соң қыздың тым болмаса пішінін көре алмай кетеді деген не? Сыздық көре алмайтын болса, өзге бір-екеуміз көрейік деп, Сүлейменді алып, бір-екі жігіт қалып қойды. Сыздық Есімжанды ертіп жүріп кетті. Бұлар Жұмақанның аулынан шығып, өз елдеріне қарай жүрген соң, жолдағы бір белге шығып, аттан түсін темекі тартып, кейінгілерді күтіп отырды. Аздан соң Сүлеймендер де қызы жетті.

Бұлар келіп:

— Кыз отырған үйге кіре алмадық. Қисыны келмейді. Сол қыз ба, жоқ ол емес пе — білмеймін, әйтеуір сол үйден шықкан бір қызды көрдік. Оның киімі жудеу. Қісі қызығатын түк көркі жоқ. Қазақтың шөп желке қызының өзі! — десті.

Жігіттер басында көрген қыздары қай қыз екенін білмей күдіктенген сияқтанса да, артынан Сыздықтар анықтап сұраған соң: «Анық сол қыз! Жұмақан тегінде қызын жаман киіндіреді дейтін. Енді ол қызға аландастын түк те жоқ» — десті.

Сыздық бұл хабарға көп өкінген жоқ. Себебі бұл соңғы уақытта Жәмиладан пәлен қыз артық дегенге құлақ та қоймайтын. Және көңлінде ондай сөзді ұнатпайтын сияқты да еді.

Осының артынан он шакты күн өткен соң, жігіттер әрбір қызды көріп келіп, аяғында ойланып-толғанып Жәмилаға тоқтағандықтарын үлкендерге білдірді.

Бұл мезгілде күзектегі қосыла қонып отырған елдің бәрі қыстау-қыстауына тарай бастаған, ел ортасы бір-бірінен алыстауға айналды.

Кораға қонып орныққанша, күздің жабдығымен ауыл-ауылдың үлкендері әбігер болып: пішен тасу, қоранын жыртық-тесігін бүтіндеу сияқты бөгеттер шықты. Сыздық Мақыштың қызын ұнатқан соң, ағайындарына білдірсе де, жақындары Мақыштың аулына кісі жіберген жоқ. Бұрын жер тарлығы жүрген жақындарының енді сабырлы болып қалғанына жас жігіт өз ішінен наразы болып, қыздың үйіне сөз салдыруға асыға бастады. Аяғында, ауыл шаруасы біраң ыңғайланған соң, Сыздықтың әкесі Байсалбай өзінің бір-екі тәуір көретін

ағайынына бір жолдасты ертіп беріп, Мақышпен қудалық сөйлесуге жіберді.

Арада тәрт-бес күн өткен соң құдалық сейлескелі кеткен кісілер Мақышпен ұғысып, алып-берісетін малдарының санына да келісіп, қайтып келді.

Мақыштың бұларға айткан сөзі:

— Мен биылғы жыл жалғыз ержеткен балам солдатқа кетіп жабықтан жылым еді. Қазір көнілдің үміті үзіліп, тірегі сынғандай болып отырған кезі еді. Бүгінгі күні Байсалбай сияқты інім болып, Сыздық сияқты балам болатын болса, мен құдайдан одан артық не сүраймын?! Бұда болса, жасымды игені шығар. Мен ырзымын. Мал деген жағына менің айтатын сөзім жок. Інім мен балам, мал емес, жақын болсам — бас сүйіспін жақын боламын деп, өзінің берік тұтынған адамшылығы на лайық сөздерін айтыпты.

Осымен құдалықтың алғашкы сөзі піскен соң, аз уақыттың ішінде Мақыш пен Байсалбай бас сүйіскен тәтті қуда болып, жақындаса бастады. Екеуі де бірінің аулына бірі қатнасып, сый қонақ болып құрметтесіп жүріп, әрқайсысы бір-бірінің туған-туысканымен, ауыл аймақтарымен танысты. Мақыш алғашкы келген жолда Байсалбай қарғыбауын берді. Артынан келген Мақыштың жақындарына қалыңмалын да беріп жатты.

Сыздықтың сезімшіл, хиялшыл көnlіне ғұрып жолымен болып жатқан бұл сияқты істің бәрі де жайсыз тиғен жок. Қайта өзінше жарастықты, қызықты істей көрініп, әрбіріне ішінен сүйсініп жүрді. Сонымен бірге ендігі асыққаны — қайнана бару, қалыңдығын әбден анықтап көру; көnlінде анда-санда таныс еместік себебінен туатын болымсыз құдікті жоғалту еді.

Биылғы жыл қатын алуды ниет қылып, әуелгі ниеті осындаі болып іске асқан соң, Сыздық қалаға қайтатын мезгілі болса да, жүрісті кейінге қалдырып, ел ішінде қала берді.

Бұрын қаладағы сырлас жолдастарына берген сөзі:

— Биыл оқуды бітіргендіктен, құздігүні қалаға қайтып келіп, елге пайда келтіретін бір орынды қызмет қыламын,— деуші еді.

Бұның өзі сияқты жолдастарының бәрі болмаса да, бірен-сараны бұрын, әйтеуір жалпы сөз болса да, «ел қамы» деген бірдемені көп сөйлеп жүргендіктен, ең

болмаса бір қызметте отыруды борыш көргендей болып, қалада отырып қызмет қылып жүр еді.

Сыздық бұлармен хат жазысқанда:

— Менің биылғы жылым текке өтуге айналды. Бірақ катын алу деген де адамның өміріндегі ірі жұмыстың бірі ғой. Биыл катын алып, ендігі жылы алаңсыз болып кіріспекшімін,— деп өзінің іссіз жүрген күйіне соны дәлел қылып ақталып жазушы еді. Сыздықтың бұл байлауына кейбір жолдастары болымсыз кінә қойғандай болса да, көпшілігі бұның жаңа өмірге қарай басқан қадамын құттықтап:

Біз жаспыз ғой, алдымызда бізден бұрын сыннан өтетін үлкендер де өз басының қамымен жүр ғой. «Ел қамы» дегенді бәрі де ернінің ұшымен ғана айтады. Шынында өздері ақшаны күреп алып, баюға тырысып жүр. Көпшілігі ашықтан-ашық мына реквизицияға алынған жігіттерден пара алып, осы күнде лықылдаған бай болып кетті. Оған қарағанда, бізге тәубе қылу керек. Осындай тамам ел бұзылып жатқан уақытта, адамшылығымызды аман сақтасақ — о да олжа. Түбінде, біздің сыналатын күніміз алдымызда ғой. Бірақ қырда біржолата отырып қалып, адамшылығыңан айырылып қалма. Қыр кісіні бұзатын! — деп өздеріншე шын тілекtes көнілдерін білдіріп тұрды. Сыздық өзін сөгуші дауысты жолдастары жағынан естімеген соң, биылғы жылды катын глуға беру керек деп бекініп, спіді қыс бойы елде қалмақшы болды. Қарлы-боранды ұзақ қыста жабырқау тартып, кірбендеғен елдің ортасында, ешбір дүниеден хабарсыз менреу-мылқау болып жатпақ болғандағы Сыздықтың өзіне белгіленген ермегі — жиі-жиі қайындал жүріп, қалыңдығын қызықтау. Ел аралап жүріп, кішкене бала күннен соң көрмеген елдің қыстығұнгі өмірін көру. Мезгілімен тауға шығып, аңшыларға еру. Содан қолы бос уақытта қисыны келсе, әрине, кітап оку еді.

Бұл ниеттерінің бәрін ашып айтпайтын. Ел ішіндегі сырт кіслерге: «Қалаға бармаған себебім — денсаулығым нашар» деп болымсыз бір сырқаттарға жала жабушы еді.

Күздің айлары өтіп, қалың қар түсіп, сұық қыс кірғен уақытта Сыздық жаратып семіз ат мініп, орысша жімінің бәрін тастап, қысқа лайықты саптама өтік, тұлқі тымак, қалың ішік, шапан киіп, қырдың қалпына

түсті. Осымен соғым кезі болып, қыстың сұғы қатайған уақытқа шейін бұрынғы арман қылып ойлап жүрген, қызықты деген нәрселерінің бәрінің де аз-аздап дәмін татты.

Маралдының тауында қысы-жазы түлкі сияқты аңдар көп болғандықтан, Ыргайлының елінде құс салып, аңшылық қуратын салт болушы еді. Сыздық өз ағайындарының ішінде аңшылыққа салынған екі-үш жігітке қосылып, қастарына ел ішінде қызық қуған қолы бос бозбалалардан тәрт-бес жігіт ertіп алыш, Салбурынға қостап шығып, көп таудың қия жартастары, терең құздары үскіріп соқкан қатты желі, алай-түлей болған ак-түтек борандары, жер-көкті қаптаған ызғарлы қары және соның бәрінің ортасында тәңертеңнен кешке шейін салпылдатып жүрген аңшылықтың бейнетті жүрісі аз күннен соң Сыздыққа ауыр тиіп жалақтығандай болды. Аңшыларға күнде еріп отыратын үнемі жолдас бола алмай, көп күндерде қостан шықпай жатып алатын болды. Іші пысып жалақты. Сондықтан тәрт-бес түлкі алған соң, өз айтуынша, «Салбурынның қызығына қанып» елге қайтты.

Соғым кезі болғанда бұрыннаш тағы бір арман қылған сияқтанып, көруге қызығып жүрген нәрсесі — қоста жүрген жылқышылардың өмірі болушы еді. Соғымшылармен бірге өз елдерінің қосына барып, онда да біраз күндер жүріп қайтты. Отардағы жылқышының тұрмысынан Сыздықтың тапқан ең үлкен қызығы — қостың ішінде өткізген кейбір тұндер еді. Қыстайғы жаққан отпен іші ысталған, іргесі көмүлі қостың ішінде «төбе қызар» қылып мол отынды жағып қойып: айналасында арқаларына қалың киімдерін жамылып, жағалай қақтанып отырып, буы шығып қайнал жатқан етті күтія, қос ішіндегі үлкен-кішінің айтқан әңгімесі Сыздықтың көңліне қызықты кездей көрінді. Оナン соң жылқышылардың молқолдығы, тамаққа мырзалығы өзгеше сияқтанды. Күндіз-түні бірдей қосқа келген кісі болса: аяздаپ тұрған етті балтамен шапқылап әкеліп, үнемі асулы тұрған үлкен қара бақырға салып, не шыжылдатып қуырдақ қуырып, не ет асып жатады. Қос ішіндегі көңілді көрінген өмір осы еді. Қостан шығып, бірге келген жолдастарымен өрісте жүрген қалың жылқының ішіне барғанда, отардағы тұрмыстың жабырқанқы, жүдеу жарын жөргеңдей болды. Арықтап, жуні ұзарып, түсі

кіртиіп жаздыгүнгі сергектігінен айрылған жылқылар аппақ болған мұңлы ұзак далада акырын қыбырлап жүріп, қалың қарды жабыққандай болып тебінде жатқан түрлерімен ішті пыстыратын ауыр суреттей көрінді. Жайылып жатқан жылқының шетінде құрығын шошайтып алып жүрген жылқышылардың да үсік шалған беттері күнгірттеніп, қайғылы даладағы жалғызық, жұдеулікті еске түсіргендегі көрінді. Сыздық бұл жүрісінің бәрін де әрқашан өзін осыншалық бейнетке өз ықтиярымен салып жүрген әлдеқандай романтикалық поэманиң қаһарманындаі көрсе де, аяғында, барлығынан жалығып елге тез қайтуға асықты. Бұрыннан көрсем деп жүретін, бұған айрықша ертегіше қызығы бар сияқтанатын қалыптың көбін көрді. Бірақ ешбірінен байлаулы қызық таба алған жоқ. Бәрі де әңгіме қылып айтуға жақсы, бір-екі рет көруге жақсы. Бірақ сонына түсіп салынатын, үнемі арылмайтын қызығы бар ермекті таба алмады.

Енді ойна алған ермегі — күзден бері көnlінде сурдей қылып сақтап жүрген ыстық хиялдының дегеніне жету. Қайнына барып, көnlінің жаңа сүйеніші — жас қалындығын қызықтау еді. Қайнына бару ииетімен қыс ортасына жеткен соң, бір күні екі жолдаспен кеңесіп сез байлад, ауылдың үлкендерінен тиісті рұқсатын алып, қайнына жүрді. Ел салтына лайықты әдет-ғұрыптың бәріне әрі ойша мойындал, әрі соны бір үлкен романтикалы күйдегі ыстық көріп, Сыздық бұл жолы ұрын баратын болған. Сондықтан қасына құрбыларынан басқа, екі-үш үлкен кісілер де еріп барды. Оқыған жігіт қайнына келгенде өлгенше мәнерлі күйеу болып сзыымаса да, алғашқы келген күндерінде жас қыздарды балдыз ғылышп, қатындардың кейбірін женге ғылышп, үлкенін шеше қылғандай болып құрметтеп, сыйайылықпен отырды. Алғашқы күні қалындықты бұлардың қасына әкелген жоқ. Ертеңінде маңайдағы елді жиып, Мақыш той қылды. Жиылған көрші елдердің қыз-келіншектері Мақыштың өзі сияқты кедейлеу ауылдың әйелдері еді. Сондықтан Сыздық әуелде оларды қорашсынбаса да, жанындағы Сүлеймен сықылды шала оқыған жігіттер және салтанатты сүйетін байшыгеш бозбалалар келген әйелдермен көп қызықтас бола алған жоқ. Ойын ойнаса — Сыздықтың көnlі үшін ғана ойнағандай болып, әйелдермен көп әзілдесіп жақын-

даспай, бойларын алысырақ ұстап, азырақ тәкаббарлықпен отырғандары да байқалғандай болды.

Сыздық бұл күйді түсінді. Бірақ ешкімге сыр берген жок. Жолдастары көңілсіз болған сон, енді біразда бұның өз көзіне де көбі ажарсыз болып көріне бастаған қыз-келіншектерден күйеудің өзі де жалығып, көбінесе үндеңей отырды. Бұлардың ендігі күткендері қалыңдық қана еді. Оны күйеулердің жанына кешкі шайдың алдындаған алып келді.

Сыздық Жәмиланы әуелгі көргеннен кейін не сұлу, не сүйкімді — әйтеуір түсі жақсы деп көnlіне байлаған болса да, артынан тағы бір анықтап түсін әбден көруге асығып еді.

Қыз жанындағы бір-екі келіншекпен, тағы бір-екі қызбен үйге кіргенде, басына жамылған қара шапаны бар екен. Сонымен бетін бүркенкіреп, түсін шала көрсетіп, Сыздықтың тәменгі жағынан келіп есікке тамаша қырындал, күйеу жігітке сыртын бере отырды.

Шай ішіп, ет жеген уақыттарда Жәмила сол қалпынан түзелмей, күйеу жолдастарына да, күйеуге де бетін дұрыстап көрсетпеді. Сыздық ішінен қалыңдығының бұл мінезін қисынсызыдау көріп, әлденеше рет соған қарап қалжындал, не бір нәрселерді сұраса да, қалыңдығы бұған бұрылып қараған жок. Сұраған сөздеріне ашық жауап бермей, үялғандай болып тәмен қарап, жымып күліп, не болмаса, естімеген кісідей болып, үндеңей отырып қала берді.

Жәмиланың бұл кештегі мінезі Сыздықтан басқаларға да ыңғайсыз көрінді. Бірақ көпшілігі ішінен: әдел сақтап үялғаны ғой, беті ашылмаған ғой деп, кешірімді болғандай еді. Азғана салқындық жалғыз ғана Сыздықтың көnlіне орнап кетпей тұрды. Жәмиланың өте үялшақтық қылып тәменшіктеп отырғанын, қасында отырған қыз-келіншектері де лайықсыз көріп, кейбірі оған бойы үренген әдетін істеп, қылжак қылғандай пішінмен соқтығып-қақтыға сөйлейді. Жәмила соларға да жауап бере алған жок. Құр ғана үялып күліп қояды. Қалыңдығының бұл мінезінің бәрі де аяғында Сыздық-қа шын күдікті ойлататында болып, көңілсіз ой түсіре бастады. Асығып, аласұрған хиялға, қызылды-жасылды болып қуантып жүрген үмітке, жылылықпен атын құрметтеген жүрекке қалыңдығының кәзіргі қалпы ешбір үйлеспейтін сияқтанды. Жәмила бұған әдептілік,

сыпайылыкты тіпті орынсыз жуастыққа, жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты көрініп қалды. Бірақ бұл ойдың бәрі — байланған, нығайған ой емес, көнілдің бір кезі туғызып отырған нәрсе сияқтанған соң, Сыздық ешбіріне бекіген жоқ. Бұл кеште көнілсіздеу болып, үндемей баяу отырды. Тұні бойы ұзак уақыт бірге отырғанда бір-ақ мезгіл ғана Сыздық Жәмиланың бетін қырынан көріп қалды. Бірақ бұл көргеніне өзі сенбегендей болды. Бұл қалай? Жәмиланың кәзіргі жүзі бұрынғы Сыздық ойлап жүрген түске тіпті ұқсамайды. Бұрын Сыздық ақ деп ойлап журсе, кәзірде шикіл-сары сияқты. Бетінің қызылы бұрын жүқалаң ұнасымды, ақшыл қызыл сияқты еді, кәзірде тұтасқан, қаны шыққан, ең ұнамсыз жалпақ қызылдай көрінеді. Денесі бұрын жіцишке, сұнғақ сияқтанса, кәзірде жуан, жауырынды, икемсіз, ешбір нәзіктік белгісі жоқ, сүйкімсіз сияқтанады. Сыздық өз көзіне сенбегендей болып: «әлдекім болып шықты ма, немене?» деп күдіктенгенде, көnlіne «тандаған тазға жолығады» деген мақал айнымайтын шын ақиқат сияқтанып сап ете түсті.

Қыз екінші айналып қараған жоқ. Осы күйде көп уақыт отырған соң жататын мезгіл болып, жұрттың бәрі тысқа шықты.

Жәмиланы бұрын көрмеген Сыздықтың кейбір жолдастары көруге асығып, танысуға ынтық болған сияқтанып еді. Кәзір де бәрі де қызды көріп тысқа шыққанда, Жәмила жайынан бірде-бір ауыз сөз айтқан жоқ. Бұл турада үндеген кісінің болмауы Сыздықтың көnlіne тағы да түсінікті сияқтанды.

«Жолдастарым үнатпады. Сондықтан үндемей түрғой» деп, бұрынғысынан да жасып төменшіктең бастады. Көnlіne «адастым ба? Шынымен жар тандағаным үшін тазға жолықтым ба? Неше жылдай хиял қылып жүріп, өмірлік жолдас деп аңсағаным қырдағы көп кедейдің қатынының біріндегі қызықсыз бір қыз болып шықты ма?» дегендегі күдікті сауалдар келді. Бұл арада өз бойындағы ет пен терінің арасындағы «кедейшілдікке» де ызамен қарап алды. Бірақ бір сәтке осындағы көnіл күйлерін бастан кешіргенмен, Сыздық оған да көп бой үрган жоқ. Аз уақытта артынан бұның бәрін орынсыз көріп өзін-өзі жұбатып:

— Мен әлі Жәмиламен сөйлескенім жоқ қой. Ақы-

лын, мінезін білгенім жоқ қой. Тіпті түсін де дұрыстап көргенім жоқ қой. Мен түзділетін не болып қалды?— деп, өзінің құдікшілдігін ішінен сөріп, көnlі азырақ тыныштанғандай болып, үйге кірді.

Үй одаша еді. Оң жаққа ақ шымылдықты құрып, соның ішіне Сыздық пен Жәмилаға женгелері төсек салыпты. Сыздық жатқан соң, екі катын Жәмиланы алып кіргізді де, шамды өшіріп, шығып кетті.

Үйден жүрттың бәрі кетіп, шам өшкен уақытта Сыздықтың көптен іздеген қараңғылыры мей тыныштыры үйдің ішіне орнағандай болды. Жалғыз тау ішінің катты желі Мақыштың кішкене қорасының үстіне келіп екпінде соғып, құтыргандай қатулы дауыспен ысқырып, аласұрып тұр. Сыздық жатқан үйдің кішкене тerezесіне гүлдеп үріп дамыл алмай ысқыра кеп, үскірік соғып түрған дыбыс білініп тұрды.

Жәмила жүрттың бәрі кетіп, үй іші одашаланса да, бір орнында қозғалмай, үндемей тұрды.

Сыздық бұның ендігі мінезін анық жаратпаған кісідей болып, ішінен: «не қылсаң да еркің» деп, үндемей жата берді. Бірталайдан соң Жәмила шымылдықтың ішіне кіріп, тағы біраз тұрып, артынан көп уақыт әрліберлі қозғалып, жиімдерін зорға дегенде шешіп болып, Сыздықтың қасына келді.

Сыздық бұл уақытта да қозғалған жоқ. Байқамаған кісі сияқтанып, шалқасынаң жата берді. Аздан соң Жәмила бұның жамылып жатқан көрнесін ашып, қасына келіп жатты. Жәмиланың қазіргі қозғалысы да кексе қатындардың қозғалысындаидай. Ешбір назіктік жоқ. Икемсіз, сөлемекте сияқтанды.

Сыздық бұл уақытқа шейін қазақтың күйеуге істейтін әдегтерін, ырымын сыртынан тегіс жақсы көріп, өзгеше жарагастық, жылылық, сыпайылықтың белгісі бар деп хиялдаш жүрсе, қазіргі сәтте түкке тұрмайтын күргана нағандық, қараңғылықтың салдары деп сезінді. Ешбір сезім жоқ топастан тұран бояу екен деп санай бастады. Сезімтал жігіт өз ойын бұл бетпен өрістете бастағанда, қалындық күйі жүдендей берді.

Күлі бойы үялған болып майысып, тұзу жауап бере алмай қызыарып, қысылып отырған қалындық — енді қараңғы тұн болды деп, дүниедегі еркек пен ұрғашының арасындағы ең жасырын, ең қыны іске өзі келіп отыр. Ендеше, тіпті қазақ әйеліндегі сыпайылық, әдептілік,

майысқан мінезділік сырттан көрінетін ғана бір жансыз сурет. Шынында олар қысырақтың айғырына бола матастырған жас байталдай, илегенінің бәріне көніп, өз ықтиярымен ешнәрсені тілей алмай, істей алмай, жүн болып баратын намыссыз, жігерсіз, отсыз деп бір тұнілді. Сонымен қатар Сыздық кәзіргі уақыттағы өз халін сол тілсіз мылқау ұрғашы малдың жаңына матастырылған бір сынарындаі көрді... Ел салтынан жігіттің інзік қылды жүрегін жиренткендей болды.

Бірақ, бір тәуірі, бұл ойлар да көnlінде ұзак тұрған жок. Аздан соң қасында жатқан қыздың жұмсақ еті денесіне тиіп, қызуы білініп, Жәмиланын толық жұмсақ санына бір-екі рет қолы тиген соң, Сыздықтың бойына ыстық қан туласап ойнап, жүгіре бастады. Осының алдында бірер мүйнет бұрын басына келген салқын ой енді аласұрып құтырған ыстық, соқыр сезімге жол беріп, жоғала бастады.

Сыздық көзін жұмысп, қызулы құмарлық теңізіне барлық ой, барлық сезімімен батып кеткендей болды. Қалындығын катты қысып құшақтап, жабысып сүйіп, қытықсыз араласып кетті...

Бірталай уақыт осы күйде жатып ыстық құмарлық сабасына түсіп салқындаған кезде күйеу мен қалындықтың ұзак әңгімесі басталды.

Тағы да қыздың сезінде бұл күткен ақылдылық өте сезімділіктің айрықша тұрған белгісі жок. Бұның сезідері ел ішіндегі көп әйелдердің әдеттегі сезідері, дағдылы жауабы сияқтанды. Қалындығын сарынған күйеудің алғашқы күні осылайша етті.

Тәңертең тұрғанда Сыздық қалындығының түсін анықтап көрді. Дәл тусі күздігүнгі көрген түстей болмаса да, кешегі кешкі көрген түске де ұқсамайды. Жәмила таңғаларлық сұлу да емес. Еркекті ертіп кеткендей сүйкімді де емес, бірақ мінеп сөгетін пішінсіз де емес. Орта пішінді қыз екен. Барлық жүзінде ең артық жері — алансыз тұңғиықтау келген ажарлы үлкен қара көздері еді. Сүйкімді көзі мен бетінің қызылы қырдың сиыныша Жәмиланы «сұлу әйел» дегізгендей болса да, әйелдің әрқиалысын көріп, көп талғап үйренген Сыздық-қа Жәмиланың түсіне берген жүрттың бағасы артықша мырзалақ сияқты көрінді.

Тәңертең тыска шыққанда қалындығы тұрасынан қандай ойға байланғанын күйеудің өзі де анық білген

жоқ еді. Неше түсті көмескілеу сезімдер көңлінен елестеп өтсе де, өз бойынан анық білген нәрсесі — қалыңдығынан құмар болып сүйетін, ғашық болғандай болып елжірейтін түрдің жоқтығын байқады.

Оның ойынша, «ғашықтық» дегенді бұл турада ауызға алуға болмайды. Себебі — ол сезім көп уақыт ынтық болып жүргенде, қол жеткізбейтін бөгет көп болғанда, әйел жағынан бірде үмітті жылы жауап естісе, бірде тәкәббар, салқын жауап естіп жүрсе, сондай кездерде көп сыйның артынан туады.


Сыздық болса — көп бейнеттен соң барып қолына тиетін әйелдің ең үлкөн қызығын әуелі көрген жерде ақ, таныс болмай, бір-екі ауыз сөзді сөйлеспей-ақ көріп-бліп қойды. Сондыктан бұл арада бір орнықты, ұнасымды сезім жайында сөйлеу мүмкін емес деп білді.

Бірақ жолдастарына айтқаны: мінезсіз емес көрінеді. Ақылы да дұрыс, есті адам сияқты. Қазақ қызының ортасында қатын болуға жарайтын адам деген сыймыз көп адасқан сын емес екен! — деді.

Жолдастары бұл жайдан көп сөзге кіріп тартыскан жок: өзің ұнатсаң — болады. Қалыңдық күйеуге жақса, кісі онан артық не тілейді? Не болса да, қайырлы болсын! — десті. Осы ретпен Сыздықтың қайнында тағы да төрт-бес күн жатып, жас жігіттер еліне қайтты. Қайнынан кетерде қалыңдық тұрасынан ойлаған Сыздықтың ойы жолдастарына ақырғы айтқан сөзі сияқты болды.

Сол күйде оқыған жігіттің көптен асығып жүрген шыдамсыздығы басылып, көңлінде өзіне бір тыныштық орнатқандай болып, еліне келді.

Сыздық бір барып қайткан соң, арада бір-екі ай өтсе де, қалыңдығына енді тағы баруға асыққан жок. Жәмила жайынан бұрынғыдай көп сөйлеу, көруге асығу енді бұдан естілмейтін болды. Жолдастарымен канша бірге болып ойнап-куліп, бір жерге түстеніп, бір жерге қонып қызықтасып жүрсе де, Жәмиланың аты ешбір уақытта аталмайтын болды. Жастар бұл туралы ішкі жайды үндемей жүріп түйіскендей еді. Осында күйде жүргенде Сүлеймен күздігүні өздері барған Жұмақаның елі жағына тағы да барып қайтып, Сыздықтарға бір жаңа хабар алыш келді. Ол хабары: Сүлеймен Жұмақандікіне барып қонып, қызын көріпті. Күздігүнгі



«Абай жолы» романының араб әрпіндегі колжазбасы.

И. Эузов, I том.

бұл жігіттердің көргені — Жұмақанның өз қызы емес, жаңындағы малшысының қызы екен.

Жұмақанның қызы, келіндері жас жігіттердің қызы көргелі жүргенін алдынала естіп, бұлар келгенде үстіне әдейі келмей, өздері қисынын тауып келсін деп, отырып қалған екен. Аяғында, қызы көретін жігіттер атқа мініп, кетуге айналғанын білген соң, малшысының қызын әдейі шығарып: тым болмаса, жігіттерді сен көріп қал, оларды біз де сынап отырайық деп жіберген екен.

Сүлеймен:

— Бұл қызы осы ортадағы барлық әйелден сұлу, келбетті, киімі өте сәнді, келісті қалындық екен,— деп өзі әңгімесіне қызып, ендігі сөздерінің ынғайсыз екенін байқамай — керегі не, күздігүні қара басып көре алмаппаз. Кәзірде Шұбыртпалы Садықтың баласы айттырмак болып сез байлан қойыпты! — деді.

Бұл сөзді Сыздықпен бірге естіген жігіттер әңгіменің бетімен тегіс өкінгендей болып әрқайсыны әртүрлі сез айтып өздерін кінәлап, бармақтарын шайнады. Сыздық іштей бұл жердегі кінәнің бәрін өз мойнына алса да, сыртына ешиәрсені шығармай, үндемей отырып қалды.

Қыс өтіп, жазғытурымға кез болғанға шейін Сыздық қайнына тағы бір рет барып келді. Көnlде өзгеріп кеткен жаңа мінез, я орнай қойған түбірлі, орнықты жаңа сезім де байқалмады. Үйлену мәселесінде қате болса — жалғыз өз мойнында болғандықтан бірде-бір ауыз сөзбен сыр білдіруді лайықсыз көрді.

— Енді не болса да, сол Жәмиланы аламын, қатын ғылыш көремін! Кейінгі күні немен тынатынын көре жатармын! — деп тезірек алуға бекінді. Өйткені қайындалап, қызыктап жүре берем деуге, өзге себептен бұрын, Мақыштың кедейлігі, аулының ажарсыздығы, көрнек-сіздігі де жас жігіттің көnlін жалықтырғандай болды. Әсіреле сол ауылдың күйеуі болған болып, адамдарын өзіне жақын кісімсітіп, емексітіп жүргендігін де өз бойынан төмен істей санай бастады.

Аяғында, жиі келуді тоқтатып жаз ортасында бір-ак келіп, он шакты күндей ағайын-тысқандарымен қайында жатып, қалындығын өз аулына алып қайтты. Бұдан бұрын, жазғытурымғы уақытта Сыздық қырда жүргенде 17 жылдың февраль өзгерісі болған хабарын естіп, қалаға барып қайтып еді. Бұл барған уақытта

қаланың тұрмысы қайнап жатқан қызулы базардай екен. Қаланы басқан ылғи жуан болыс, даңқы шықкан хажы, ел үстеган пәленше-түгенше дейтін ақсақалдар сине.

Сыздық жолдастарының ортасына келіп, болып жатқан оқығалардан толық мағлұмат алды. Бұрын «өзгеріс» деген аты болмаса, одан басқа жайынан Сыздық өзінің ешбір нәрсені естімеген, білмегендігін, өзгеріс дегеннен хабарсыз екендігін байқады. Бірақ бұл күй жалғыз бұның басында емес, бірсыныра қазақ оқығанының басында бірдей бар екен.

Оқығандардың үлкен-кішісінің бірталайында төре болып, қазақтың қалың ішіне барып көріну және әртүрлі жұмыстарды сұлтау қылып, жаздың қызықты кезінде елде болу мақсаты да бар еді. Бұлар өзгерістің сыртқы түрін толық түсініп, соның қалпына кірген кіслер сияктанса да, ішінде қолдарына тиген кіслікті қазақ ұғымына жанастырып, шын төрелікше ұстамақ сияқты. Бұрынғы хиял қылып жүрген көрнектілік те естерінен шықпаған сияқты еді. «Ұлт бақыты, ел қызметі» деп сол күндерде жаттап ап, ел жуандарымен бірге ауыздарынан тастамайтын сөздерін онды-солды айта жүріп, осыны өз көнілдеріндегі жасырын тілекпен де жарастырып, келістірмекші болғандай түрі бар еді. Ежелден төрешіл, бақшыл болып үйренген ел жуандары оқығандардың әлгіндей ауруын жарастықты істей көріп журді. Ал бұл дертке шалдыққан «оқыған» дегениң көбі ылғи адвокат, тілмәш деген сияқты ескі шенде төрелер еді.

Жастаң шыққан қызметкерлер бұлар арасында әзірше бірен-саран ғана болатын. Қазақ оқығандарының бұл жаңа тобы атар таңың жас жасағы боламыз деген ииетте көрінеді.

Сыздық қалада болып жатқан істің бәріне көзі қанған соң, жолдастарымен сөйлесіп ұғысып, әзірше қызметке кірмейтін болып еліне қайты. Мұның жолдастарына берген уәдесі: катын алып, жаздай тұрып, күздігүні алаңсыз болып біржолата қалаға келу болды. Осы бетпен елге келіп, жаз ортасы тақаған мезгілде өз аулына келіншегін алып келді.

Байсалбай аулы отырған жайлауда жиыла қонған ел көп еді. Өзгерістің артынан былтырығы жыл солдатқа алынған жігіттер елге топ-тобымен қайтып келіп, жиі-

жіңі той жасалып, ат шауып, дырдулы жаз болып жатыр еді. Сол қызулы кезең үстінде, бұл ортаның үміт қызып жүрген өкіған жігітінің үйі түсетін болған соң, көрші елдің бәрі де көңілді болып, тойын қызықтасты. Жаңа түскен жас келінді күндіз-түні ауылға жиылып жатқан қыз-келіншек, қатын-қалаш қамап, өзбетіне қызықтап жатты. Бірақ Сыздыққа бұл желіктің бәрі де көңілді әсер берген жоқ. Әсіресе қалындыры отырған үйге келгенде, Жәмиланың барлық отырыс-тұрысы әлі күнге төменшікте, бұғып үялғаны бұған ыңғайсыз тиіп, көп отырмай шығып кетіп жүрді. Жәмила өзін сынап жүрген көп қатын, қыздың ішінде өзін үстай білмей, не өте жасық, үялшақ адам сияқтанып, не болмаса, жұрт көзіне сөлемек, айрықша үлгісіздік көрсеткендей болып, Сыздыққа өз мінезімен көңілсіздік түсіргендей болды.

Жәмиладан басқа көрші елдердің, жақсы ағайындардың қыз-келіндері өзін еркімен үстап, қалжың айтса да, бір іс істесе де жарастықпен, нәзіктікпен істегендей көрінеді. Жәмиланың үлгісі бұлардан көп төмен сияқтанды. Бұл әйелдердің бірен-саран сұлу қыз, жақсы келіншектері Сыздықтың бұрыннан ойнап-күліп, қызықтас болып жүрген адамдары еді. Кәзірде Сыздық солардың қалжынына да жөндеп жауап таба алмай, сөйлесуге де ыңғайсызданып, көңілсіз тарта береді.

Той күні және оның артында көп қатын-қалаштың жиылған күндері Сыздыққа ең бір ыңғайсыз ауыр күндер сияқты болып өтті. Осымен Сыздық келіншегінің жанында тұрып, жазды түгелімен елде өткізді.

Бұл уақыттарда Сыздықтың көзінде Жәмила бұрынғысында жасық, төменшік, үлгісіз, сөлемек адам сияқты болып қала берді. Қүйеуінің бұған берген бағасы осы тәрізді болғанын байқаған соң, Жәмила ешнәрсенің жөнін де оған шешіліп сөйлемейтін болды. Сыздықтың ылғи кінәлап сөйлейтін таусылмас сындарын үндемей тындаиды да аяқсыз тастап жүре береді.

Сөйткен сайын Сыздық бұның күндеғі отырыс-тұрысынан, барлық қыбыр еткен қозғалысынан қате тауып, өзінше қысынсыз, икемсіз істерді толассыз көре беретін болды. Осы қалыппен жаз өтті. Шырмауықтың сабағында созылып-айналып, күннен күнге дүниені сурландырып, жудетіп, күз жетті. Сол мезгілде Жәмиланың жерік бола бастағаны білініп, үй-іші, ауыл-ауданы

қуаныш қылып жатты. Сыздық бұл оқиғаға куанарын да, күйінерін де білмеді. Жас жігіт келіншегінің қасына қалыпты бай болып жатып-тұрып жүрсе де, тегінде келешек ұзақ өмір қай күйде өтеді, қандай өзгеріске ұшырайды, Жәмила мен тұрмысы қандай болады — оның ешбірін де анықтап ойладап, ашық бір байлауға келген кісі сияқты емес еді. Күндер өтіп жатыр. Алдыңғы күн белгісіздің тұманнымен қоршалған. Оны Сыздық білуге мүмкін емес. Сондықтан Сыздық бір үйдің иесі болса да, ойымен бірнәрсеге бекініп, бірқалыпқа тоқтаған жоқ. Қатын алмаған күніндей, өзін-өзі бос деп үққандай болып, бұрынғы ойсыз жүрісімен жүріп жатты. Осымен жолдастарына берген уәделі күні жеткен соң, Жәмила аулына тастап, өзі қалаға жүріп кетті. Қалаға келіп жайланаپ тұрып, жолдастарының арасына бұрынғыдан кіріп араласқан соң, Сыздық жаратылысындағы зиректігі сезшендігінің арқасында сол жастардың арасындағы көрнекті жігіт бола бастады.

Аздан соң Сыздық та көппен бірге өзінің өміріне қанағаттанып, істеп жүрген ісіне ырза болған кісі сияқтанды. Бұл кезде қырдағы тұрмыс, қырдағы жаңада алған жас келіншегі Сыздықтың көңлінен ұмытылғандай еді. Қыр жайынан сез болғанда, елде көрген көрікті суреттерді жақсы әңгіме қылып айтып жүрсе де, дәл өзінің үй ішіндегі тұрмысы жайынан, алған келіншегі мен алдыңғы өмірінің не болатыны жайынан ешбір нәрсе ойламаған сияқты еді. Оны ойлаудың орнына, қаладағы қазақтың я татардың оқыған қыздарымен, жас келіншектерімен желікті жүріс жасап, жиі ішкілікке, жастардың күндеңі ойын-жынына араласып жүрді.

Осымен кәзіргі күндер қызылды-жасылды қызықты уақыттай болып байқаусыз өтіп жатты. Жазғытұрымғы уақытта Сыздық елден хабар алып, Жәмила ерек бала тауыпты дегенді естігенде салқын түспен тыңдал, «осылай болып па еді?» — деді де жүре берді. Естіген хабарымен жалғас көңліне ешбір бөтен ой келген жоқ. Бұл хабардың келген уақыты Сыздықтың бірқалыпты жүргегіне ыстық оттай болып бір күшті сезімнің жаңада кірген кезі еді. Мұндай сезім кәзіргідей күшімен бұрынғы уақытта Сыздықтың көңліне келмеген де сияқты еді.

Кәзірде бұл өзін күн сайын сынап жүрген сияқтанаады. Күнде жүрегін жаншып, тыныштығын алған күшті сезім толқынынан бойын жиып алмақ болады. Бірақ

барлық ерік-куатынан айрылғандай. Қүйрек жүрек көс қанаты майрылып құлағандай жас жігіттің ендігі тыныштығын алып, жүргегіне жаңа дерт орнатуға кінәлі болған адам бір орыс әйелі — Лосовская деген еді. Екатерина Павловна Лосовская оқымысты, тәрбиелі адам еді. Осыдан 7—8 ай бұрын Екатерина жас күйеуі өлген соң, өз еңбегімен тамағын асырамақ болып, бір мекемеге қызметке түскен.

Бұл әйел жазық ақ мандайлы, үлкен қара-көк сұлу көзді, түзу мұрынды бетінде қызылы бар, айрықша сүйкімді кісі еді. Кою ұзын қара шашын әрқашан бүйралап, желке жағына түйіп жүретін. Лосовскаяның Сыздықтың айтуынша, адамның көзін тартып ықыласын аударатын жері — дөңгелек толықшалау денесі еді. Үлпілдеген жұмсақ етті сұлу денесі жеңіл басып, жылдам жүрген кезінде Сыздықтың көnlінше, маңайнда бақыт, махаббат желін естіріп кеткендей болушы еді. Сыздық бұл әйелмен бір жолдасы бастық болып отырған мекемеде таныс болып, алғашқы көрген жерде күмарлықпен ұнатып еді. Екі-үш айдай кейде сылтау тауып, кейде сылтаусыз-ақ сол мекемеге келіп, ұнатқан әйелімен қалжындастып, әнгімелесіп кетуші еді. Соңғы кездерде Сыздықтың сұлу түсі, әдепті мінездері, сезімшіл, шынышыл тілі Екатеринаға да ұнғағандай болды. Сыздық мекемеге келген сайын бұның бетіне дуылдалап қан жүгіріп, болымсыз нәрседен қысылғандай болып, бірқалыпты нәзік құлқімен қарсы алатын еді.

Ақырында, бұл өзінің оңаша тұратын үйіне Сыздықты шақырған соң, жас жігіт үйіне әлденеше рет барып, он бес-жырма күндей соңына түсіп салынып кетіп журді. Бірге театрға барып, жаз шыққан соң, жарық айлы түндерде қолтықтасып сейіл құрып жүріп, ұзак уақыттар әнгімелесүші еді. Сөйтсе де қалаған тілекке жеткенше, Сыздыққа бұл уақыттардың бәрі де үмітпен күдіктің кезек жеңісіп, алысып жүрген күні болғандықтан, шыдам жетпейтін ең ыстық, ең ауыр кундері болды. Жалғыз-ақ әр күні түнде айрылар уақытта әйел мен жігіттің екеуі де бірін-бірі қимағандай бол ұзак уақыт қарасып тұрып қалатыны, сейлесіп ашылмағаны болмаса, екеуінде де бір туысқан сезімнің барлығын білдіргендей еді. Ақырында бір күні апрельдің аяқ кезінде жарық айлы, тыныштығы мол түнде екі жас Екатерина үйінің тұсындағы өзен жағасына таман келе жатты.

Екеуінің үстінде де жана киген жазрытырмының жеңіл киімдері бар. Колтықтасып, біріне-бірі ығысып, жақындастып, иықтары ақырын сүйеніспін, аяқтарын жайлап, ілбіп басып, шалажансар дауыспен күбірлесіп, сөйлесіп келе жатыр еді. Аздан соң өзеннің жағасына жетті. Бұлар келген жерде өзен жағасы биік жартас болып біткен еді. Мезгілсіз кеш уақытта келген жастар жартасын үстінде тоқтап тұрып, алдарына қарады.

Жаңада тасыған үлкен өзен әлі қүнге айықлаған ашумен ешбір дыбыссыз бүктетіліп, қоңырқай тартып, сұрланып қатты ағып жатыр. Төбеге келіп тұрган толған айдың суға түскен сәулесі кейде айнаға түскен жарықтай созылып жарқырап тұрып, кейде өзен толқынымен шұбартып дірілдеп кетеді. Құліп тұрган жас сұлудың бетіндегі болып жайнап төгіліп, су бетіне жағылып кетеді.

Каланың дағдылы шуы басылғандай. Өзеннің бір жақ жиегінде қоңырлау түспен құлазыған далада әр жерде жарқырап, жылтылдан жанып жүргіншілердің оты көрінеді.

Маужыраған үйқылы тұн, желсіз тынық болса да, үлкен өзеннің дымқыл салқын лебі жартастың басында білініп, жастардың денесін жайлыштып тоқазмып тұр.

Сыздық күйімен қарағанда: тұн — үйқы, тыныштық, менреулік тұні емес; ыстық сезім, нәзік хиял тұні еді.

Жігіт жүргегі табиғаттан көмексі қуат алды. Бұл іштері толқыннан сұрланған; ак түсімен айға қарсы тұрып, алдындағы сүйгеніне бұрын айтып бітірмегей сезінің аяғын:

— ...Тілегіме ықыласынызды аударасыз ба? Мен қайғылымын, дертімді ұғасыз ба? — деп бітірді. Эйел басын ақырын ғана жоғары көтеріп, бұның көзіне қарап тұрып:

— Неліктен дерптісіз, қайғыныз не? Мен бастан-аяқ үққаным жоқ! — деді.

Сыздық қасына жақындарап келіп, қолынан ұстап:

— Сіз мені үққыныз келмейді. Тұзу жауаптан қашасыз! — деді.

— Тұзу жауаптан қашу әзірше менің ойымда жоқ. Бірақ менің жауабым сіздің сауалының сияқты бытыраңқы екені рас. Оған кінәлі мен емеспін... Сіз сезінізді

ашық айтпайсыз! — деп азырақ кінәлаған түспен жігітке қарады.

Бұл сөзге келген кезде Сыздық бір ниетке бекінген кісінің түсімен:

— Олай болса: мен сізге ғашықпын, сізді алғашқы көргеннен бері жүрегімді жеген дерт осы. Менің шын махаббатымның тілегіне табыласыз ба, мен сүйгендей сіз мені сүйесіз бе? — деді.

Әйел аз үндемей жігіттің пішініне қарап тұрыптырып:

— Мен сіздің ақылыңызды, мінезіңізді жаратамын, құрметтеймін. Жүрегімде сізге деген бір сезім бар сықылды. Бірақ оның аты не екенін білмеймін... Өз жүрегімді бұл турада әлі сынап, тексеріп болғаным жоқ! — деді.

— Мені көптен білесіз, сүйетінімді де көптен сезгенсіз, сондықтан әлі күнге өзіңізді білмеймін дегенге сенбеймін. Сіз онда мені сүймеймін деген сөзіңізді неге айтпайсыз? — деді.

— Сіз мені неге ондай сөзбен қинайсыз? Өзіңіз үқсаныз болмай ма?..

— Мен қиналмай тұрмын ба? Менің халіме ем болатын ашық бір сөзіңізді неге айтпайсыз? — деп аз тұрып, қасына келіп, иығына иығын тақап тұрып, бетіне таман иіліп:

— Сүйгенім, айтынышы байлаулы сөзіңізді! Мен дерттімін, қинамаңышы! — деді!

Екатерина бұл сөздің кезінде Сыздықтың көзіне өзінің сұлу көзінің оты өшкендей болып тұнжырап, үлкен магналы жұмсақ түспен қарап тұрып:

— Менің көңлімде өзіме ұрымсыз бір сезім бар. Сол әлде сіздің тілегіңіз шығар, — деп ақырын дауыспен: ғашықтың әлде сол шығар! — деді. Бұл сөзге келгенде, Сыздық ғашығын асығып тез құшақтап, сабырмен тосып тұрған аузынан ұзақ сүйіп тұрып қалды.

Екеуі бұдан соң барлық сөзден тыйылып, барлық дүниені ұмытып, өткен уакытты сезбегендей болып, қайта-қайта біріне-бірі қысылып, жабысып ұзак-ұзак үндемей сүйісіп тұрды.

Нәзік бітімді сұлу әйелдің нешетүрлі жарастықты сәнмен бұралып, құшағына кіріп, елбірең келіп сүйгені, мойнына құшағын артып нәзіктенген қозғалысы Сыздықтың көңлінен дүниедегі барлық әйелді ұмыттырған-

дай болды. Барлық сүюлердің ішіндегі бұның іздеген шипасы осы екен. Осы түрдегі толқын екен. Ол өзін-өзі жаңа ғана тапты.

Аяғында, бір сағаттай уақытты үндемей сүйісумен өткізген соң, аяндал үй жаққа қарай жүрісті. Үйге қарай жүргенде ғашығын құшақтап келе жатып, Сыздық:

— Неге үндемейсіз? Біз сөзден неге тыйылдық?— деді. Эйел жас жігіттің еркіне көніп, әлсіреген дауыспен:

— Адам өмірінде барлық шешен, сұлу сөзден өзінің мағнасымен артып кетіп үндетпейтін көрікті мүйнеттер болмай ма? Бізді билеген сол мүйнет шығар!— деді.

Бұл кешпен бірге Сыздықтың жаңа бақыт күні туғандай болып, соның еркіне барлық уақытын, барлық үміт-мақсатын беріп, тұнді-түнге қосып жүріп жатты.

1923

## КІМ КІНЭЛІР?

### I

Жазғы күннің ыстығы қайтып, кеш батуға тақалған. Даланың кешкі салқын желі ауыл отырған өзекте аз-аздап білініп келеді. Құн сары белден асып, ұясына кіруге айналған.

Таудың кешкі көленкесі ауыл үстіне түсіп, мүйнет сайын қоюланып келеді. Қоңырқай-сұрғылт түсі тұтастып, жер бетіне тараң барады. Қоңыр-салқын майда жел жұмсақ демалысымен жан иесін түгел сергіткендей.

Ауыл-ауылдың ерек-үрғашысы базардағы жұрттай қарбаласып, әртүрлі жұмыспен әбігерленіп, тыста жур. Кешкі жайылудан қайтқан қой қотанға іірілген соң, ба-ла-шаға даурығып ойнап, қозы ала бастады. Ауыл сыртындағы адырды қантап, шұбыра құлаған жылқы ойнак салып шапқылап, құдық басына келе жатыр. Жер ошақтан шыққан тұтін кекшіл тұман болып, өлке бойына жайылып барады. Кешкі ауыл көп шулайды, даурығады... Үйлерінен шыққан қолы бос еркектер екі-үш ауылдың ортасындағы құдықтың басына жиналып жатыр. Бұл жұрт құдық басына келіп жатқан жылқыны көріп, жана қоныстың малға жайлышы, сұы мол, шәбі жұғымды болғандығын әңгіме қылышады.

Құдық басындағы жиынға екі-үш ауылдың күндегі жиылатын еркектерінің бәрі жиылса да, бастық сияқтасып отыратын Ысмайыл ақсақал бүгін келген жоқ. Ол — құдық басына ең жақын тұрған және мол көгалда отырған бай ауылдың иесі. Бұл ортанның атқа мінген

мырзасы да, байы да — сол. Құдық басына ол келмеген соң, көрші ауылдың үлкендери:

— Бүгін Ысмайыл неғып келмеді. Бір жакқа атқа мініп кетті ме, әлде сырқаттанып қалды ма? — деп сұрастыра бастады.

Ысмайылдың үйден шықпай қалған себебін билетін көршісі — Бейсембай. Ол естіп-білген сөзін ақсақалдарға айта бастады. Мұның әнгімесіне қарағанда: жақында қүйеуі келеді деп тосып отырған Ысмайылдың бойжеткен қызы Фазиза бүгін үй ішіне сөз салып, атастыран қүйеуіне тимеймін деген. Қызының сол сөзін Ысмайыл бүгін кешке естіп, үй ішіне ұрып жатса керек. Құдық басында отырған жұрт Бейсембайдың сөзін естіген соң, бұл әнгіме туралы әрқайсысы өз үйлерінде қатын-қалаштан естіген сыйбыстарын айтysа бастады. Бәрі де бірауыздан «заманның азып, жастардың құлқы бұзылғандығын» сөкті. «Бұл күнде қыз ержетсе, әке-шешеге пәле болатын күн болды. Қәпірлерді ертө бастан байға бергенниен басқа жұмыс жоқ» деп, түгелімен Ысмайылдың қартайған жасын, ағарған шашын аяп, «бұзылған қыз» туралы қатал биліктерін айтysа бастады.

Бұл уақытта Ысмайыл қатын-баласының аузын ашырмай ұрып, естіген сөзіне шыдай алмай қапаланып тысқа шығып, ауылдың бет-алдындағы кішкене төбенің басында жалғыз өзі отырған. Күн батып, қас қарайып келе жатқандағы жым-жырт тартқан табиғат өзінің ауыр салқын түсімен қайғы-қападан қажыған кәрі көңілдің күйіне үйлескендей болды. Ысмайылдың дөң басындағы ойы — ішінен шықкан Фазизаның көз жасына жібіген ой емес. Қайта соның «бала» деген атынан бездіретін, әкелік жүргегін тас қылып мұздаткан сұық, қатал ой. Дөң басында малдас құрып отырып, ашулы сұық пішінмен күн батыстағы ақ таңлаққа қарал көзін алмай, қадалып ойлаған ойы:

— Жаратқан! Сенен мен бала сұрағанда, басыма кесел қылып бер деп сұрап па едім? Тырнактай ақылы жоқ, жын-шайтанның жетегіне ерген есүағ қызыға атабабаның аруағын сындыртып, адамшылық абройымды жойғызайын дедің бе? Бұл күнге шейін ағайын ортасында шайқалмаған бағымды кетірейін деген екенсің! Осы турадан істеген ісім кінәлі іс болса, жазамды тарттырарсын. Бірақ алақаныма салып есірген қадірімді білмеген ақылсыз қыздың күйігін көріп күнде өлгенше,

бір-ак күнде балалырынан безермін!..— деп, қатал ойға бекініп, жаратылысындағы асau қаны тасып, сазарып алды. Ауыл қозы алып болған соң, даурықкан дыбыс басылып, тыныштық ала бастады. Жылқы су ішіп шыкты. Далада жүрген жұрт үйлеріне тарап барады.

Ысмайыл көз байлана бергенде орнынан тұрды. Ауылға қарай журуге айналып еді, сол уақытта алдыңғы жақтағы иықтан асып келе жатқан екі салт атты көрінді. Екі баран атты жолаушының күміс ер-тұрмандары ала-көлеңкеде анда-санда жарқылдан келеді.

Ықшам киімі, кішілеу денелеріне қарағанда бұнын екеуі де жас жігіттерге үқсайды. Ысмайыл бұлардың қалай баратының байқайын деп тосып тұрған уақытта, жолаушылар беттерін Ысмайылдың үлкен үйіне қарай бұрып, тұра жүрді. Мінген аттары ұзақтау жүріспен еті қызығандай, кешкі салқынға еліріп басты қайта-қайта шұлғып тастап, қатты аяңдап, жайнап келеді.

Аттың желікті аяны мен кештің жайлы салқынына тамашаланған жігіттер үлкен үйдің жаңына аттарының тұмсығы келіп тірелгенше қатты жүрді. Конактарды тыста Ысмайылдың кіші баласы — Қасымжан екі-үш жігітпен қарсы алып, үйге кіргізді. Аздан соң тыстағы томсарған пішіні айықпаған салқын түсімен Ысмайыл да кірді.

Келген қонақтар Ысмайылдың құдасы — Әзімбай ақсақалдың қалада оқып жүрген баласы Ісләм екен. Ісләм соңғы екі жылдай еліне келмей, қалада орта дәрежелі мектептің бірін бітіріп, жаңа еліне қайтқан. Сағынған әке-шешесінің үйіне келіп біраз жатып-тұрған соң, бұрын араласып жүретін жақындары болғандықтан, Ысмайылдың аулына әдейі амандалу үшін қыдырып келген.

Ісләм — қызыл шырайлы, ұзын қара шашы бар, әйел пішінді жіңішке, ұзын бойлы жігіт. Қасындағы жолдасты — өзінің ағайыны, ел ішіндегі жас бозбала Жағындар.

Ысмайылдың үй іші сыйлас құдасының жақсы көрғен өкімьсты баласы келген соң, куанысып хал-жайын сұрап, барынша құрметтеп күте бастады.

Ісләмнің келгенін алдымен қуаныш қылған — жас күнінде бірге ойнап өскен құрбысы Қасымжан. Бұл жастар осыдан төрт-бес жыл бұрын сыйлас болып, бі-бін-бірі кезек-кезек қонаққа шақырысып, екі ауылдың

қоныстары жақындайтын кез келгенде әлденеше күн бірге болып, еркінше ойнап жүретін. Қызықтас болатын.

Ысмайлдың үй іші сол себепті Ісләмға да өз үйіндей көрінетін, үйренген жақын үйі Ісләмді баласы Қасымжанмен бірге, шешесі Қалиман да өз баласында жақсы көріп еркелетіп, күтіп тұратын. Ісләм сабакқа соңғы кеткен жылға шейін жақындықтарының бұл қалыптары өзгерген жоқты. Қазіргі уақытта да біраз отырып сөйлесіп, бір-біріне үйреніскең соң, бұрынғы жақындықтың өзгермегендігі білініп тұрды. Үй ішінде қазіргі уақытта байқалған азғана салқындық болса, оның себебі — жалғыз Ысмайыл. Ол әншайіндегі бала-шагамен көп сөйлеспейтін сұықтығының үстіне, бүгінгі естіген сөзі мен соның артынан ойлаған ойнының салдарынан теріс жазылмай, түнеріп отырды.

Қонақтарға әзірленген шай дайын болған уақытта Қалиман қызметкер әйелді шақырып алғып, күндізден отауда отырған Фазизаны «қонақтарға шай құйып берсін» деп шақырта жіберді.

Азғана уақыт өткен соң есік жаққа көзін салып отырған Ісләмнің құлағына ақырын сұлдырлап келе жатқан шолпы даусы естіліп, біраздан соң үйге Фазиза кірді. Үстінде қос етек ақ кейлегі. Сыртынан ұнамды қара кемзел киген. Басында оқалы тация. Сәнді киімді Фазиза кіргенде, үйдің ішіне айрықша көрік, жарастық белгісі бірге кіргендей болды. Жастар біріне бірі қысылып қарап, ақырын амандасқанда Фазизаның ақшыл беті дуылдал қызырып кетті.

Екі жылдан бері қарай жаңа ғана көрген Ісләмға Фазизаның түсі бұрынғысынан әлденеше рет сұлу болып, үйдің ішіндегі ала көлеңкелеу сәулемен ақшыл жүзі өзгеше нұрланғандай көрінді. Аздан соң қызметкер әйелге шай жасатып, әкесінің тәменгі жағынан орын алғып, қонақтарға шай құйғызып беріп отырды. Фазиза жарыққа жақын келіп отыrsa да, алғашқы келген жердегі өзгеше көркі әлі күнге бетінен кеткен жоқ.

Қонақтар әртүрлі өнгімеге айналып отырып, шай ішіп болған соң, Ысмайыл:

— Балаларды Қасымжанның отауын тазалатып, соңда отырғызындар, еркімен ойнап отырын,— деп Қалиман бәйбішеге әмір берді. Қалиман келінің жіберіп, үйін тазарттырып, аздан соң қонақтарды отауға шақыр-

ды. Жастар Ысмайыл ақсакалдың сүйк түсінен құтылғанына қуандайдай болып, тыска асыға шығысты.

Улкен үйден қонактар шыққан соң, басқа отырған бірен-сарап малшы-қосшылар да шығып, үйдің іші онашаланып, Ысмайыл мен Қалиман ғана қалды. Құндізден түйілген қабагы айықпай, тунерген пішіні жадыра-маған Ысмайыл аз уақыт өткен соң қатынына қырын қарап отырып сөз бастады. Ашулы қатал даусы алдымен Қалиманды кінәлап:

— Катын, менен бір көресіні көрмейін десен, қызыңды тыыйп ал! Қызды адам сияқты өсіре алмасың бар, несіне таптың? Осының оңбай жүргені сенің асырауыңнан. Тәлімің күрғыр, көргенсіз, сенің тәлімің ғой осыған жеткізіп отырған! — деді.

Қалиман қызының мінезін Ысмайылдан бетер жек көріп назаланып жүргенде, байының бұны кінәлап сейлеген сөзіне шыдай алмады. Эншейіндегі көнгерлі жүзіне ашу келіп, тамсанып:

— Жаратқаны бар болғыр, не қыл дейді маған! Кімнің қызынан кем ғылыш өсірдім Фазизаны? Жаманшылықтың бетін балама көрсеттім бе екен? Кімнің баласы менің баламдай болып өскен екен? Маған келіп үрынғаны несі? «Әке» деген атың бар емес пе, айт өзің ақылынды! Мен білгенімді аяп жүр деймісің? — деп жыламсырай бастады.

Ысмайыл бәйбішенің қынырлықпен сейлегеніне бұрынғыдан жаман ашуланып:

— Өсіргенің, асырағаның адыра қалсын! Балаға жақсылық үйрететін ақыл бар ма сенде? Сенің ақылың емес пе осыған жеткізіп отырған? Сенен басқа өзің тенденс кісіде кімнің қызы бүйтіп бұзылып, ел-жүртқа жаманаты шығып еді? Айтшы кәне! Тауып берші! Осы елде сенен ақымақ шеше, сенің қызыңнан антурған қыз көрдің бе? Айтып бер деймін соны, құдай үргыр! — деп қатты зекіді. Қалиман да ашуынаң басылған жок.

— Бишара-ау, өз баланды өзің қорлап не болды? Дүспан айтпайтын сөзді өзің айттың ғой. Менің Фазиз замдай кімнің қызы бар екен осы атырапта?! Патшаның, ханның қызы қандай болса, менің балам да соңдай. Қінәсі — қатыны өлген кәрі күйеуге бармаймын дейтіні ме? Ол үшін балам жазықты емес. Тіпті қас-қабағыңа қарап үндемейін десем де қоймадын ғой, ел де маған!

Бұл сөздерге келгенде, Ысмайыл шыдай алмай ақырып:

— Қысқарт енді! Шығарма үнінді! Бүгінгі күні осы қызыңың осы қылығы үшін қандай қаттылыктан болса да аяибаймын. Үқтырып айтқан сөзді сен үфушы ма едің? Қысқасынан айтатыным: егер де осы қызға болысып, бұзылған бетінен қайтармайтын болсан, алдымен сенен кеппесем өлген әкемнің аруағы атсын, білдің бе?! Ана қызыңды түзу сөзінмен көндіріп ала алмасан, «көнбеді» де де — шық! Бүгін сөйлес те арыл! — деп сөзін бітіріп болды да, Қалиманның қалған сөзін тындармай тысқа шығып кетті.

Ысмайылдың қатты мінезі Қалиманға белгілі. Талай жылдардан бері қарай мұндай сұық сөз айтып көрген жоқ-ты.

Қаталдыққа бекінгендігі шын сияқты, әсіресе «өлген әкемнің аруағы атсын» деген сөзі Қалиманның бойын тітіреткендей. Қалиман шын назаланып, шын күйінді. Өзіне батқан қайғыдан, күйеуіне батқан қайғы қаттырақ тиді. Осы түнде қызбен бар сырын айтқызып сөйлеспек болды.

## II

Бұл мезгілде Ісләм жатқан үйінің үйқитағанын күтіп, шыдамсызданады. Қөnlіне келген әртүрлі ойлардан құтыла алмай аунақшиды. Асыққан көнілге уақыт өтпейтін сияқтанады. Үй ішіндеңі қараңғылық жанды жеңедей ауыр көрінді. Осы халде талай заман өткен сон, орнынан ақырын тұрып, сыртқы киімін жамылды тысқа шықты. Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, үйқитаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көnlін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей. Есік алдында тұрған бойында жүдеу тартқан айға қарады.

Қотандағы барлық мал үйқыға батып тыныштық алған. Кой күзеткен сақ төбеттер жүресінен түсіп, дамылғылып жатыр.

Сарылып мұнға батқан жарық түнде үйқы женген кәрі күзетші де қалың күпісіне оранып жатып, анда-санда қажып қалған даусымен айтақтап қояды. Қалғын тұрған түн тыныштығы жаңғырықпен жауап қайырады.

Ісләм шыққан үйдің оң жағында тұрған ақ үй Айша-

ның отауы. Бұл үй әлі күнге жатпаған. Тұндігі жабық болса да, іргесінен жарығы қызырып көрініп тұр. Ісләм тыста аз тұрып, ауылдың әбден үйктағанын білген соң. Айшаның үйіне қарай тұра жүрді. Әуелі есік алдына ақырын басып келіп, жабықтан сығалады. Кішкене лампы жаңып тұр. Айша төсек алдында қалғып отыр, Фазида ақ жастыққа жантайып жатыр. Қатты жудеген түсі бір ойға сарылғанын білдіреді. Үйде бөтен кісі жоқ. Ісләм есікті ақырын ашып, үйге кіріп келді. Эйелдер үйқысын ашып, бастарын көтеріп жөнделіп отырысты. Ісләм Фазизаның қасына отырып, аз сөйлесіп хал білісе келген соң, жастардың бұрынғы үйірлігі қайта басталды. Бұрын бірін-бірі сыйлаған жылы көніл тағы да қалыбына келе бастады.

Айша Фазизадан бұрын сөз бастап, күлкі араласқан назбен:

— Бізді ұмыттың, уәденде түрмадың. Қалаға барып есікі көздерді көрген соң, қыр есінен шығып кетті...— деп Фазизаның көңліндегі ауыр сөздердің бәрін жеңіл қалжынмен араластырып айтып, екеуінің алдын ашып берді. Аздан кейін Фазиза мен Ісләмнің беттері ашылып, ашық сөйлесе бастаған соң, Айша жастықты алып жантайып жатып:

— Менен қысылмай арманды сөздеріңің бәрін айтысып қалындар. Қунде мұндай уақыт кез келе бермейтінін білесіндер ғой! — деп күліп қояды.

Екі жас бұл уақытта шын арманды сөздеріне кіріспіп, бірін-бірі ықыласпен тындауда еді. Екі жылдан бері қарай бастан кешірген өмірлерін біріне-бірі айтып шықты. Сөйлескен сайын бірталай кінә, бірталай салмақ Ісләмға ауды.

Ісләм Фазизаның дәлелді ғылыш айтқан шешен сөздерін естігенде, бұған деген құмарлығы бұрынғысынан да әлденеше рет арта бастады. Фазизаның мұның мойнына артқан кінәсінің бәрі де назға толған. Ісләм жеңілуін ар көрген жоқ.

— Фазиза, сенің жудеген түсінді көріп, маған айтқан кінәнді естігенде, көзімнен жас келеді. Бірақ мен өзімді тоқтатып отырмын. Мені күйдірдің ғой, енді мені жұбатшы! Әлде болса сендікпін деші! — деп қолынан ұстап, Фазизаны суюге айналды.

Фазиза қолын ақырын тартып алышп, түсін біразырақ сұтышып:

— Ісләм, мен қайда кетсем де, сізбен бір сөйлесіп кетсем дейтүгүм. Сол көnlімде жұрген арманым болғандықтан, бүгін сізбен осы түнде сөйлесіп отырмын. Менің көnlімде бөтен ой жоқ. Бірақ сізді жұбататын дәрмен де жоқ. Сізді мен күткемін, ол кезде сіз үшін кіммен болса да кетісуге шыдағамын. Бірақ ол күндер өтті...

— Енді маған рақымсыздық қыламысың? Қатемді мойныма алыш, аяғыңа келіп жырылып отырганымда «керексіз болдың, кет» деймісің?

— Кет демеймін. Бірақ бұрынғы күн өтті, соны білініз деймін. Бас байланды, құтылмайтын болып шырмалып қалдым. Жаңа ғана апам келіп сөйлесіп кетті. Айтқанына көніп, айдағанына жүретін болып уәде бердім. Енді мені бұрынғы сөзбен қажамаңыз.

— Газиза, кешегі күндегі уәде осылай ма еді? Өзгеге тас болған жүрегің маған ет болып жібіген емес пе еді? Сондағы «сүйдім» деген Ісләмің мен емес пе едім?..— деп, шын қайғырған пішінмен Газизаның көзіне көп қадалып отырып, жігіт жауап күтті. Газиза қарсы алдында жантайып жатқан Ісләмнің шашын қолымен сипап қайырып:

— Ол күн келмеске кеткен емес пе? Абайдың өлеңінде бар емес пе? «Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыш» деген сияқты әлін білмеген жас көңіл қызыққа жетем деп ойлаған шығар. Бірақ құдайдың жазуынан артыққа адам жете ме?..— деп салқын пішінмен есік жаққа қарап, аз ойланып отырып қалды.

Ісләм бұл уақытта барлық сөзден тыйылып, мөлтілдеген қара көзін Газизаға қадап, тек жалынғандай қарап отыр еді. Газиза аздан соң Ісләмнің телмірген пішініне қарай түсіп:

— Одан да, ертең әлгі күйеу болмысы келеді дейді,— соны көріңіз; солар кеткенше біздің ауылда болыңыз!— деді.

Ісләм күйеу деген сөзді естігенде, көnlіне өлшеусіз қызғаныш кіргендей болып, Газизаны бұрынғысынан да қымбат көріп:

— Ертең тұра салысымен кетемін, күйеуінді көрмеймін!— деді.

Бірақ артынан аз сөйлесіп, келер күнді сөз қылған соң, Ісләм әуелгі сөзінен қайтып, күйеулермен бірге осы ауылда жата тұратын болды. Ісләм әуелгі арынмен

қаншалық туласа да, Фазизаны өз айтқанына көндіріп, бұрынығы өтіп кеткен қызықты күндерін қайтарып алмақ болса да, бұл күнде оның бәрі қолдан келмейтініне көзі жетті. Екеуінің амалсыздан тоқтаған жері:

Енді неге болса да көну керек. Әсіреле Фазиза әкесінің үйінде отырғанда бұлардың мақсаты орындалмайды. Не болса да, үмітті алдағы күндерге артқаннан басқа, бұл күнде ешиәрсе істерлік дәрмен жок.

Сондыктан әзіргі күнде бірінің қайғысына бірі ортақ болып, назалаған, күйінген күндерде бірін-бірі жұбатып тұрыспақшы. Фазиза күйеуін сүймейтіндігін сол күйеуге де, жиылатын ағайын-туғанға да жасырмай көрсететін болды. Іслэмнің әзіргі тілегі осы. Екеуі күйеу келгенде ылғи бірге отырып, бірге жүретін болып уәде гылысты. Зорлықпен қол-аяғы байланып, сол күйеудің әйелі болған күнге шейін Фазиза Іслэмнің ықтиярында болмақшы.

Фазизаның сүйген досы Іслэмға істейтін әзіргі жақындығы осы. Қөп әңгіменің артынан айрылар жерде айтысқан уәденің байлауы болын дең, Іслэм Фазизаның ағарып жүдеген бетін екі қолымен қысып, ұзақ сүйді. Фазиза бұл жолы қарсылық көрсеткен жок. Өмір бойы мұндағы уақыттарда істеп келген айнымайтын қаттылықтың бәрін бір мүйнетте ұмытып, Іслэмді екі қолымен күшактап, қатты қысып тұрды. Іслэмнің Айшанікіней шығарда Фазизаны қүшактап қысып, көзіне қадалып тұрып, үлкен мағына беріп айтқан ақырғы сезі:

— Маған бұл күнге шейін істеген қаттылығың жеткен. Ертең күйеуін келген күні сол қаттылықты ұмытуынды тілеймін,— деді.

Фазиза жымын күліш, Іслэмға үндемей қарап тұрды. Іслэм үмітті көнілмен қадалып, ашық жауап етуін қайта-қайта жабысып сұраған соң, Фазиза ақырынғана:

— Кезінде көрерміз...— деді.

Іслэм аз да болса жұбанып, үйден шықты. Таң белдеуленіп атып қалған екен. Ай ағарып, жарығы әлсіреп батуға айналған; жұлдыздар сиреген: ағарып атып келе жатқан таңмен бірге бір-бірлеп өшіп жатыр. Тыста біраз тұрып салқындаپ, жас жігіт бойы сергігеп соң үйге кіріп, жолдасының қасына жатып қалды.

Бұғін Ысмайыл аулы кешке жақын келген құда-  
күйеулерін қарсы алып жатыр. Керме толған ат. Жер  
ошақ бастары әбігер. Ісләм күйеулер отырған отауда.  
Ендігі халдің не боларын білмей дел-салда отырған  
күйінде қонақтармен бірге шай ішті. Отаудағы жігіттер  
бірталай отырысып, бір-біріне бойы үйренісіп болған кез-  
де тыстай Айша кіріп, тесек алдында отырған Ісләмға  
ым қақты. Ісләм Айшаның артынан біраз отырып үйден  
шыққанда, Айша екінші үйдің жанына шақырып алып:

— Анау шеткі үйде еркем жалғыз. Жана барып  
едім, сені шақырып отыр. Сонда бар! — деді.

Ісләм ауылдың сыртын айналып барып, Фазиза отыр-  
ған үйге кірді. Қоңыр үйдің ішінде Фазизадан басқа кісі  
жоқ. Үйді жарық қылатын лампы да жоқ. Жанып бол-  
ған тезектің шоғы өшүге айналған. Ала-көлеңке. Фази-  
заның мұны шакыртуына шын көnlімен ырза болған  
Ісләм қызы қасына келіп отырып, сүйінгенін айтты. Күн-  
дегі жақсы көруінің үстіне, қазірде қызғаныш дерті бо-  
йын женғен Ісләм бұғін Фазиза үшін неге болса да шы-  
дайтындей.

Фазизаның қасынан кетпей отырып, қандайлық күйік  
болса да осымен бірге тартуды ниет қылған. Фазизаны  
күйеулер келгеннен бері қарай осы ауылдың барлық  
жанынан қызғанады. Сол қызғаныш қазір де сүйгені  
оңаша жерде отырған соң басына дұрыс ой келтірмеді.  
Бірақ сезім ғана билей бастады. Бұрынғы еркімен сөй-  
лесетін Фазизамен қазірде қалтырап, дірілдең, сөйлесе  
алмай, себепсіз асырып, тілегі не нәрсе екенін дұрыстап  
айта алған жоқ. Фазизаның әдеттегі салқын сөзін есті-  
генде ешбір ойсыз:

— Фазиза, мен бұғін өмірімде көрмеген қайғыны кө-  
ріп отырмын. Бұл қайғыдан шығатын жол қыын. Айтқа-  
нұма көнбей, мені сүймесең: не сен, не сенің қүйеуің, не  
болмас мен өлемін! — деді.

Аздан соң от сөнді. Үйде көлеңке. Жарық айдың  
еэулеңі қоңырқай үзіктің жылт-жылт тесіктерінен, ағаш  
жапырағының арасынан түскен сәуледей әр жерге тен-  
гедей-тенгедей болып дөңгеленіп түсіп тұр.

Ісләм үй іші қараңғыланған соң, бійк тәсектен бір-  
екі жастық құлатып, Фазизаны құшағына алды. Ісләм-  
нің сөздері күндеғіден ерекше болып, бұғінгі сүйі өзге-

ше ыстық сияқтанған соң, Фазизаның да жүрегі елжіреп босай бастады. Асау сезімі есінен тандырып, бір сұнып, бір күйінген жас жігіт айтар сөзі таусылып, Фазизаның жұмсақ денесін қатты қысып, қайта-қайта сүйе берді. Фазиза да жабысып құшақтап, досының дуылдаған қызулы бетінен, дірілдеген ыстық ернінен ұзак-ұзак сүйді... Бірталай заман өткен соң жастар ойдағы шерлі сезіндің бәрін сойлесіп болып айрылыштын болды. Фазиза күйеулер кеткенше бұл ауылдан кетпейтін қылып Іслэмнен үеде алды.

Аздан соң Іслэм көnlі біраз орнығып тысқа шыққанда, үйдің сырт жағынан тұрып кетіп бара жатқан кісіні көрді. Бұл адамның пішінін көрмегендіктен, кім екенін тани алмаса да, киімінің нобайы бүгінгі кеште Іслэм мен Фазизаның Айша отауынан бірге шыққанын көрген қонақ жігітке үқсады.

Іслэм бұның білгеніне өкінген жоқ. Қүйеулердің жаңына келді. Қонақтар тамақ ішіп болған екен. Ет жердің алдында Іслэмді әлденеше кісі жіберіп, таба алмапты. Жұрттың көбіне сый көрініп отырған қонақтың жалғызы өзі жоқ болып кеткені және осынша кешігіп, жұрт тамақ ішіп қойған соң келгені отаудағы жұрттың бәріне сезікті көрінді. Бұл сұық жүріс әр біреудің көnlіне көмекі түйін байлады. Сондықтан күйеудің жанындағы қалжыңқой ашық жігіт Сүлеймен Іслэмнің мінезіне бір мысқыл сөз айтып қалмақшы болып:

— Оқыған жігіттермен біз үйлесе аламыз ба? Дүниенің бәрін жіпке тізіп отыратын біздің қазақшылығымыз болады. Оқығандар ондай мінезіміз үшін бізді «өсекшіл қазақ» дейді. Сонымен бірімізді-біріміз жамандап журе береміз де. Жән-терісімізді кім тексеріп жатыр?— деп мысқыл ғылып отырғаның білдірмек болып, өтірік сылқылдан күлді. Қүйеу жолдастың бәрі де Сүлеймен мінезіне қошемет етті: қоса күлісті.

Іслэм бұл мінезге ішінен қатты ашуланып булықса да, тезінен жауап таба алмай, үндемей отырып қалды. Бұған ауыр тиген сөз Жақыпқа да женил тиген жоқ. Ол әсіресе тысқа шығып өзінің жолдастарының бірімен сөйлесіп келгеннен бері қарай көnlіді болып отырған көтөрінкі қалпынан өзгеріп, сыртына қатты ашу белгісі шыққандай, томсарып қалды.

Қызыл шырайлы жүзі біресе көкшілденіп, біресе сұрланып, жиі өзгеріп отырған түріне қарағанда, бір ниет-

ті ойлап, сабырсызданып, қыстығып отырғаны білінеді. Жақыптың бұл пішінін байқаған жолдастары басында қашшалық желікті болып көтеріліп отырса да, қазір біріндең әңгімеден тыйылып, үндемей қалды.

Аздан соң жататын мезгіл болып, қонақтың бәрі тыңқа шыққанда, Жақып үйде қалып, жанындағы атқосшы жігітін жіберіп, Айшаны шақыртты. Айша келіп кіргенде, Жақып зорлықпен езу тартып күліп:

— Айша, қайынсіzlіңмен бірге сен де үркіп журмісің менен? Келсекші бері! — деп қасына шақырып алды. Айша келіп отырып, күліп:

— Келмей жатып, сынай бастадың ғой, неден түңілдін? Бұғін сен сынай қоятын күн емес сияқты еді ғой, — деп еді.

— Келмей жатып түңілгенім рас. Жат мінезді сендер істеген соң, маған не кінә бар? Менің енді сенен сұрайтыным бұғін не қылсаң да Фазизаны маған көрсет. Сенен тіләйтін бар тілегім осы! — деді.

Айша бұл сөзге таң қалды.

— Карапым-ау, елдің ырымын естіп-білмеген кісідей, мұны қалайша айтып отырсың? Қашан келгенінді білемісің?

— Қашан келгенімді білемін. Мені шанышпай-ақ қой. Шынымды айтсам, бұғін сын көтеретін жайым жок. Қазақтың ырым-жырымын қоя тұр. Менің мәнді күйеу болғаным, сенің қайынсілің мәнді қалындық болған күнде жарасат-та, «ораза, намаз тоқтықта» емес пе?

— Не деп отырсың өзің, адам айтпайтын сөзді айтып?

— Осы айтып отырғанымның бәрі де қалжын емес, шын сөзім. Менің сөзімді елеп, ескеретін болсан, шақырып кел! Одан бөтен тіләйтін тілегім жоқ. Қоңілсіз болса, Фазиза қайта кетер. Алып келіп менімен сөйлестір! — деді.

Айша бұл сөздің қисынсызыдығын айтып, әртүрлі сөзben Жақыптың көңлін орнықтырмақшы болса да, күйеу жігіт әуелдегі қаттылығына бекіп, алғашқы айтқан сөзінен танған жоқ. Фазиза жеткіз деп ақырғы айтқан тілегі:

— Бұғін менімен келіп сөйлессін. Сөйлесуі өзіне за-  
лал болмас. Мен әзірше бір-екі күнге келген қонақпрын ғой. Тінті менің осы ауылға келгенімді жақтырмаса, ке-  
ліп сонысын айтсын. Элде оның қызығын бұзбай-ақ, ер-

төң де болса қайтып кетерміз. Бұл жағынан келетін пайда да бар, мұны да ескеріндер! — деді.

Айша Жақыптың сөзі шын сөз екендігін байқаған соң, алғашқы кездегі қалжының қойып, Фазизаны көнсө, ертіп келмекші болып шығып кетті. Бұл уақытта Жақыптың жолдастары тыста өзді-өзі болып жиылып сейлесіп түрғанда, қастарына күндізден Ісләмнің ізін андып жүрген құдағилардың ат косышы жігіті Мұса келді. Бұл кезде жігіттер:

— Элі осы Әзімханның баласының жүрісін үққандарын бар ма?

— Соның жүрісі қалай? — деп бірінен-бірі сұрап, сөз қыла бастан еді.

Бірталайы елдерінде Ісләм мен Фазиза турасынан естіген өсектерін түспалдаپ айтып: «Сол шын болды, дақ соның өзі!» — десті. Бұлардың жанында біраз тұрып, әңгімелерінің бетін үғып алған соң, Мұса:

— Ол елдегі сөзді былай қой. Мен бүгінгі әңгімесінін де бәрін білдім! — деді. Жұрт бұл сөзді естіген соң. Мұсаның аузына қараپ, естіген-білген әңгімесін жабырласып сұрастыра бастады.

Мұса білгенінің бәрін айтқан жок.

— Кезі келер. Бастан аяқ бір ағытармыз. Осы бүгінгі қорлануым елден ерекше. Мына Әзімханның баласы — арам. Қысқасынан айтатыным сол! — деді.

Бұл сөздің артынан жүрттың бәрінің де қудігі шешілді. Мұсаның сөзінде айтылмай қалған істерді әрқайсысы өз көnlімен түрлеп, анықтап түсіне берді. Жігіттердің кейбіреуі шынымен қуйінген сияқты. Кейбірі нағыстанып қорланған болып, кейбіреулері сыртынан болса да назаланғансып түрған соң, Мұса:

— Мен бұның шет-жағасын Жақыпқа сөздірдім. Енди не қылатынын өзі біледі, — деп, азаматтық үлкен бір борышын атқарған кісінің пішінімен үндемей нығызданып тұрып қалды.

Аздан соң «төсек салынды» деген хабарды естіп жігіттердің бәрі де қонақ үйге кетті.

Айша Фазиза отырған үйге барып сейлесіп қайтқан уақытта ауыл тегіс жатып еді. Жалғыз Жақып қана үстіндегі барлық киімімен басына жастық салып жантайып, Айшаның отауында Фазизаның жауабын күтіп жатыр екен.

Айша үйге кіріп:

— Қәне тыска шығамысын,— төсек салайын,— деді.

Жақып басын көтеріп:

— Әуелі әкелген жауабынды айтсаңшы күпті қылмай, күпті қылуларың жеткен жоқ па?— деді күлімсіреп.

Айша:

— Қарағым-ай, тіпті бір ұлken аза шеккен кісі құсамай тұра тұршы! Сен әлденені ойлап отырған шығарсын. Сенің сөзінді естіген соң, «жұртта жоқ ырымды бастасам да, барайын» деп келмекші болды. Қайсың кінәлі екенің білінер. Енді тыска шық! Төсек салып, мен де кетемін!— деді.

Жақып сыртымен Айшаның сөзіне қанағаттанған кісі сияқтанып:

— Е, ен болмаса, сен ара ағайын болсаңшы!— деп шығып кетті.

Күйеу жігіт тыстан үйге келіп жатқаннан кейін біраз уақыт өткен соң, үйге Фазизаны ертіп Айша кірді. Қалындық пен жеңгесі шымылдықтың сыртында күбірлесіп сөйлесіп тұрып, аздан соң Айша шамды өшіріп, Фазизаны жалғыз тастап шығып кетті. Үйдің іші оңашаланып қалған соң, Жақып бас көтеріп, Фазизаны қасына шақырды. Фазиза үндемей төсектің жанына келіп, айтатын сөзін күткендей қарап тұрды.

Жақып Фазиза жатар деп үміт қылып, бірталай тосып еді, қалындық оны істеген жоқ. Аярында, күйеу Фазизаның көnlінде әлде болса арылмаған қыңырлық барын сезіп, бұрыннан қысылып отырған барлық ашуына ерік беріп, Фазизаға қатты міnez іstemекші болды.

Фазиза бұл уақытта жаратылысындағы бойына біткен тәкаббарлығы ұстап, күйеуінің қасына келгенмен, ешиерседен қысылмай, көnlіндегі шын сөзінің бәрін айтпақшы болып дайындалып тұрған.

Жақып үндемей басын көтеріп, Фазизаның қолынан сүйреп тартып, қасына жақындастып алышп:

— Сен мені бүгін Ісләмнан айырды деп, ішінен жазғырып тұрсың ғой не қылса да. Немене, тіл-аузың байланып қалған кісіше мелшип тұрсын?— деді.

Фазиза бұл сөзге орай көnlідегі тұра жауабын тік айтпақшы болса да, азырақ именіп:

— Түү, бүгін түгінді сыртыңа теуіп келген екенсің, жұрттың бәріне де зәрленіп! Бірақ ашуыңмен ешкімнің де зәресін ұшырмассың, кішкене бала жоқ қой көз айналдырғанға қорқатын!— деді.

— Сондағы сенгенің кім? Қимай тұрғаның кім? Соны айтшы! Мені бүгін шақырды деп үрысқалы келіпсіңғой. Өзін айтшы арманды сөзінді! — деді.

— Маған күніңнің бәрібір. Ертең шақырсаң да басқа болмаспын. Бүгін қандай болсам, ертең де, өмір бойы да сондай болармын. Сені қарық қылатын қызығым жок! — деді.

Жақып бұл сөзден соң Газиза туралы бұрынғы естігендеген сөздерінің шындығына көзі жетіп, енді ашық сөйлеспек болды.

— Сенің қызығың Исләмнің құшағымен бірге кеткенғой тегі. Нығыздығың мығым көрінеді. Бұл сырынды әкеңе неге айтпадың? Оны да саған айтқызып жүргенғашық жарын Эзімханның баласы ғой. Маған жаңағы сөзің «тимеймін» — деген сөзің ғой. Айтпақ ойыңның бәрін ашып айт! Мен сені бүгін әдейі сөйлесейін деп шақырттым!

— Сонда не сөйлесесің менімен?

— Сөйлесетінім — көнілінде не қýлаған ойың бар. Соны айт. Екінші, Исләмға тимекші болып әуре қылып жүр дейді. Сол шын ба, өтірік пе, осыны айт?

— Олай болса, көңлімде ойлайтыным: саған жолдас болғым келмейді. Осы істің бәріне көніп жүрсем — әуелі тағдырдың, екінші, ата-ананың зорлығымен ғана жүрмін. Исләмді жаксы көретінім рас, күдайдан жасырманды адамнан жасырайын ба! — деді.

Жақып қалындығының барлық сөзін естігеннен соң, ойға түскендей болып үндемей отырып қалды. Басына келген ой тәкаббарлық көрсетіп, ірлілікпен келген қыздың мінезіне не істесе лайық, соны іздел еді. Жақыптың ойынша:

Газиза Исләммен істеп жүрген ісінен үялудың орнына бұған келіп, соның үйреткен сөзін айтып, менсінбеймін деп тұр. Бұлардың ісі — Жақыптың аруағын сындыру, ел-жүртқа масқаралау. «Жақыпты Ысмайылдың қызы менсінбейді, оқыған жігіт Исләмға кетіпті» деген сөзді елге жайғалы отыр. Ысмайыл да, Эзімхан да кеше Жақыптың әкесінің ығында жүретін әлдекімдер. Бүгін Жақыптың тұсында солардың бірінің қызы, бірінің ұлы бұны масқаралап, мазақтап отыр. Бұл қорлықты көтеруге болмайды...

Жақыптың аз іркілген уақыттағы ойы осы. Қыздың

қазіргі істеп тұрған мінезіне қарсы бұның өз байлауы бар.

Сонымен әуелгі қалпынша үндемей тұрған Фазиза-ны қолынан ұстал, жаңағы айтып шыққан сөзіне ешбір жауап бермesten, әмірлі дауыспен:

— Жә! Фазиза, қасыма жат! — деді.

Фазиза бұл мінезді ұға алмай, үндемей тұрып қалды. Аздан соң Жақып қыз қамзолының түймелерін ағытып жатып:

— Бұгін маған еркелегің келген еken. Алғашқы ерке-лігінді көтермеске бола ма? Енді өзім-ақ шешінді-рейін, — деп үстіндегі қамзолын шешіп алды.

Фазиза қамзолын шешуге қарсылық көрсетпесе де, қасына жатқан жок. Бұрынғы қалпында біраз тұрып:

— Мен қасыңа жатпаймын. Әуелі жаңағы айтқан сөзіме жауап бер. Сөйлесейік деп шақырыпсың ғой, мен сөйлесуге келдім! — деді.

Жақып қыздан бұл сөзді естіген соң, бұдан арғы ірілікке шыдай алмай, орнынан ұшып тұрып, Фазизаның қолынан қатты жұлқып кеудесіне жұдырықтап:

— Сен мені қалай басынасың емекстікенге асқактап кеткенің бе? — деп, жығып, салып жұдырықтап, тепкілей бастады.

Өмір бойында ешбір жаинан мұндай қаттылықты, мұндай тұрпайлықты көрмеген Фазиза, бір жағынан қорланып, ызаланып, өксіп жылап, бір жағынан қатты ашу қысып, Жақыпты сол минутта барлық жас жүрегі-мен өлердей жек көріп:

— Өлтірсен де тимеймін! Саған қатын болғанша, қара жерге кіргенім артық! Қасына жатуға жиренемін! Қайт дейсің? — деп, Жақыптың дамылсыз ұрып жатқан соққысының астында қарсылық сөзінен тыйылмады. Жақып Фазизаның бұлқынғанына жібермей, орнынан тұрғызбай ұрып:

— Адыра қал! Сені алмасам, мен қаран қалам ғой! Бұл күнге шейін алам десем, сені қыз деп жүрген шығармын. Бұгін сенің қатын екенінді білген соң, маған да қара тиынға керегің жоқ! — деп, тағы да бір-екі ұрып, аздан соң Фазизаны босатып жіберіп, орнына келіп жатып қалды.

Фазиза денесіне тиген таяқтан өнебойы ауырып, зорға көтерілді. Жылаған бойымен үйден шығып кетпекші

болды. Тысқа шығарда киіп келген қамзолы мен шапалынын ала шықпақшы болып еді. Жақып:

— Кететін болсан, өзің кете бер! — деп киімдерін бермей алып қалды.

Газиза шыққан уақытта таң жана белдеуленіп атып келе жатыр еді.

Таң алдының салқын желі үзіліп-үзіліп ақырын ғана соғып тұр. Ая дымқыл салқын. Ай сарылып, жудеу тартып батуға айналған. Дүниені тегіс тыныштық билеген. Тынысын ішіне тартқандай болып, жым-жырттық пен сазарып тұр. Жүрт тегіс үйқыда. Газизаның көніліндегі күйіктен, жүзіндегі дамылсыз ағып тұрган ыстық жасынаш хабардар болған ешкім жоқ. Газиза үйден шыққанда көnlін басқан ауыр сезімдер салмағынан барлық ойы, барлық қуаты жаншылғандай болып, сұлдері құрып, отаудың жанында жылаған бойы тұрып қалды. Жанар оты сөнгендей, жудеген күйіне тыстағы үйқы тыныштығы салқын өлім тыныштығына ұқсағандай болады.

Бетінде бір тамшы қан қалмай сүрланып жүдеп, әуелгі тоқтаған жерінде ұзақ уақыт солқылдан жылап тұрды.

Бұл күнге шейін көріп келген әке-шеше зорлығының үстіне бүгінгі түнде ен жеккөрген адамының қорлығы, сокқысы өмірдің барлық үмітінен Газизаның көnlін сүтқан. Бұл қорлық, бұл кемітуді көрген соң, өмірден енді үміт қыларлық несі қалды?

Ішінен шыққан әке-шеше дозаққа салған соң, енді кімнен көмек табады? Кімге жылайды? Кім сүйейді? Осы ойлар басына келгейде, Газиза өмірдің барлық тірегінен айрылғанын сезді. Үйқтаған ауылда жалғыз ояу жан-тыныштық алған дүниенің ортасында жалғыз өзі болғандықтан, Газизаның жүрегі жетімсіреп, жалғыз моладай құлазыды.

Осы күйде тағы бірталай заман өткен соң, Газизаның денесі қатты тонып қалтырай бастады. Бұл уақытка шейін ашумен көз жасына бойын билетіп тұргандықтан, денесіне салқын желдің жұқа көйлегінен өтіп тұрганын да ескермеп еді. Және отаудан алғашқы шыққан уақытта жатып қалған үйлердің ешқайсысына барғысы келмей, таң атқанша тыста тұруды жөн көрген.

Ондағы ойы — көnlінің күйігі мен көзінің жасын ешбір жанға білдіргісі келмей жасыру. Аздан соң жы-

лаудан тыйылып, сұлдері құрып, аяғын зорға басып жүріп келіп, үлкен үйге кіріп жатып қалды.

Таңертең Фазиза үйқысынан тұрып көзін ашқан уақытта елдің бәрі түрған екен. Тұнде үйге келіп жатқан соң, Фазиза көлке шейін еті бір қызып, бір тоңып, жөнді үйқы үйктай алмай, көзі ілінсе, түсіне нешетүрлі қорқынышты нәрселер кіріп, қайта-қайта шатасып, мазасыздынып жатып еді.

Таңертең үйқысынан оянған уақытта екі беті албырап, қызырып, денесі ауырладап, басы мен өнебойы қатты ауыра бастады. Әуелі төсектен түрмақшы болып басын көтергенде, басы сынғандай болып қашақ болініп денесін жер тартқандай болып әлсірей бастаған соң, қайта жатты.

Аздан соң қасына шешесі келді. Фазизаның басым ауырып жатыр деген сөзін естіп, күйіп жатқан рецин көрген соң:

— Қарағым, ұшынғанбысын, өнің қалай еді? — деп төсек орнын жайлап беріп, жатқызып қойды.

Фазиза төсек тартқан науқас болуға айналды. Етінің қызыы молайын, көзі ілінсе шатасып, қорқынышты түстер көріп, дамылсыз сандырактай бастады. Бұл күні Ұсмайыл құда-құдағиларымен келісіп, әкелген малда-рына ырза болып, тойын жасамақшы еді.

Фазизаның сырқатынан ауылдағы барлық жұрт ҳа-барланса да, «әншайиң ұшынған шығар, ештеме етпес» десіп, маңайындағы елдің бәріне хабар жіберіп, болатын тойдың жабдығымен әбігерленіп жүрді. Бұның науқасын елеген жалғыз Ісләм ғана. «Фазиза науқастанып қалыпты» деген соң, қасына келіп жайын сұрап, керек болған уақытта сусынын әперіп, көрпесін қымтап жауып, күтіп отырды.

Тойға жиылған көрші елдің көп қатын-калашы, еректері де қымызының ішіп, асын жеп, күйеулер мен құдалардың үйін бірінен соң бірі жапырладап басады. Эрбір үйде әнші жігіттерге ән салғызып, даурығып сейлейді, қалжындан күліседі. Эртүрлі ойын ойнап, тойды қызықтап жатқан жұрт. Тұс ауа тойға жиылған еркектер тегіс атқа мініп, серке тартып, балуан күрестіріп, ауылдың жанындағы төбенің басында аттылы-жаяулы топтанып жүріп, көп уақыт ойын жасады.

Ісләм бұл қызудың бәрінен шетте қалып, ешкімнің желігіне араласпай, көбінше Фазизаның жанында еді.

Күн кешке жақындағанда жылған жұрттың бәрі тарай бастады. Ауылда кешке ойын жасамақшы болған ірікті бозбалалар мен бұл ауылға сый қонақ саналатын қыз-келіншектер ғана қалды. Өзге тойшының көбі тарап кетті. Бұл мезгілде Фазизаның қызы молайп, сандырағы күшейе түсті. Бұрын шатасқанда бірлі-жарымды болымсыз сөзді ғана айтушы еді. Қазірде әркімнің атын атап шақырып, бірнәрседен шошынғандай болып, көмек іздел тынышсызданып барады. Фазизаның жақындары басында науқасын елемесе де, қазірде анық ауру болғанына түсініп, бұның жайын сөз қыла бастады.

Аяғында құдағилар мей күйеу жолдастар да Фазизаның науқасына сеніп, көп кісі болып қасына келді. Фазизаның еті қатты қызып, сандырағы молайп жатыр еді. Қасына көп кісі келіп отырған соң, ауырлағандай болып, әртурлі үғымсыз сөздерді жиі-жиі сөйлеп келіп, бір мезгілде:

— Ісләм жаным!.. Кетіп қалма!.. Осында бол, кетсек — қорқамын!.. — деді.

Жұрттың бәрі үндемей таң қалып отырып қалды. Аздан соң Қалиман баласының сөзінен қысылып, әлгі сөзді жадағайламақ болып:

Ісләммен жас күнінде сабакты бірге оқып, үйір болып қалғандығы ғой атын атап жатқаны,— деді.

Бұл сөздің кезінде күйеу жолдастардың қасында отырған Мұса қасындағы Сүлейменді түртіп қойды.

Өзгелермен бірге отырған Ісләм Фазизаның сөзінен қысылған жоқ. Қайта сол сөзіне сүйсінгендей болып, қасына жақындалп отырып, қолын ұстап, науқасының жайын сұрай бастады.

Фазиза кейде Ісләмнің сөзіне тұра жауап беріп, өзгелердің сөзіне ештеме айтпай, үндемей жатты. Аздан соң қонақтар үндемей отырған күйімен тыска шығып кетті.

Фазизаның жанында енесі, Қалиман, Ісләм — үшеуі ғана қалды. Күйеу жолдастар жаңағы сөзін жоруға кірісті. Бұлар түндегі Жақып пен Фазизаның арасында болған әңгіменің көбін күйеу жігіттен естіп еді. Жақып сол жайды айта келіп:

— Өзі есі дұрыс адам сияқты емес, тілті біреу басын айналдырғанға үқсайды. Әзімханның баласы сондайдан да тек емес қой деймін! — деген.

Казірде Фазизаның «Ісләм» деп сандырақтағаны сол Жақыптың сөзін еске түсірді.

Бәрі де: «әлде осындай бірдене болар ма? Әйтпесе есті қыз сияқты еді», — осы не ғылыш осынша ашылып шашылып кетті? — десті.

Ақырында, жігіттердің көңліндегі түйінді Мұса өзінше шешіп берді. Ол Ісләмнің барлық жүрген жүрісін айтып келіп:

— Өзге-өзгесінен бұрын, мен кеше сендерге айтпап едім, естіген тағы бір сөзім бар, соны айтайын, — деді. Жігіттердің бәрі де бұның сөзіне құлағын түріп, қасына келді.

— Кеше Ісләм мен Фазиза анау шеттегі қараша үйде көп уақыт оңаша отырды. Элгі жоғалып кеткенде, сонда болатын. Мен барлық сөзін үйдің сыртынан тыңдалып отырдым. Сөздерінің ыңғайына қарағанда, Ісләм қызды қорқытып: «егерде айтқанымды осы арада істемесен, — не сен, не сенің күйеуің, не мен өлемін» деді. Содан кейін үндері өшіп қалды. Ол бір мә? Екінші, бүгін қымызы ішіп отырғанда аузынан оқыс шығып қалды, өзі байқамады ғой деймін, бізге отырып: «Осы қыз-келіншектің қайсысына болсын мен дәрі салып бір темекі берсем, артынан қалмайтын болады», деді. Онысы бас айналдыратын дәрі емес пе? Міне осыған қарағанда, мен басын айналдырған деймін, одан басқа дәнене де жок! — деді. Жігіттердің бәрі де түгелімен басын шүлғып: ойбай, ендеше, соның өзі болды! Бұның титтей күдігі жок. Бәсе, тіпті бұл күнге шейін оны маңына жолатпай келген қыз бүгін күйеуі келгенде тамам елдің ортасында оған не қып жабысып қалды? Мұның осындай себебі бар десті.

Бұл сөз осы түнде-ак ауылдағы жүрттың көбіне естіліп қалды. Құдалар мен күйеулерге қыз менсінбейді деген аттан мына хабар әлдеқайда жайлышы тиді. Сондықтан өсекті өзгелерден бұрын бұлардың өзі хабаршы болып таратады.

Ауылдағы өсек Ісләмнің құлағына да тиді. Бірақ ол естіген жерде бұған қарсы не айла қыларын таба алмады. Және өзге өсектен бұрын, бұған батқан — Фазизаның науқасы болғандықтан, жүрттың сөйлеп жүрген сөздеріне қарсы ешбір қам қылған да жок.

Осы күйде бір-екі күн өтті. Фазизаның науқасы күннен күнге нашарлай бастады. Халі бітіп, денесін өздігімен қозғай алмайтын болып, үйқыдан, сусыннан да қа-

луга айналды. Алғашқы тойы күні аралаган өсек бұл уақытта да бар еді. Ысмайыл аулындағы жұрттың тегіс құлағына тиіп, маңайдағы көрші елдерге де тарай бастады. Бұл сөзді өзге жұрт пен Калиман да естігендіктен, сенер-сенбесін білмей күдіктенсе де, Ісләмнің Фазизаға жақындай бергенін жаратпауға айналды. Ісләм Калиманның түрін сезіп және ауылдағы еркек-ұрғашының бұған сенімсіз көзben қарагандай, сұық пішінін байқаған соң, Фазизаның қасына ақырғы жолы келіп, қоштасып, аулына қайтып кетті. Бұның артынан тағы біраз күн өткен соң, Фазизаның дерті барынша күшейіп, кісі танымайтын болып, жақындарының күдерін үзгізе бастады. Аяғында бір күні ауыл қозы алып жатқанда, Калиман құдағыны мен Фазизаның жаңында отырғанда аурудың өні бұзылып, үзілуге айналып бара жатқанын байқасты. Екі әйел де қатты шошынып, еркектерді шақыртты. Үйдің ішіне көп кісі жиылып келіп, мұнайған пішінмен үндемей отырған уакытта, Фазиза ақырын көзін аشتы. Элсіреп қуаты құрып, үзілуге жақындағаны жанағы сөнуге айналған көзінен білініп тұр.

Калиман қызының халінен күдер үзіп, аналық жүргегі елжірегендей болып, қыстығып жылап, Фазизаға тақан келіп:

— Қарағым, саған не болды? Қарағым, не пәлеге үшүрадың? Шошыттың ғой мені! — деп келіп: — Элде Ісләм бірдене етті ме, шынынды айтсы, сәулем? — деді.

Ісләм деген сөзді естігендеге Фазизаның түсі болымсыз ажарланып, бетіне қан жүгіргендей болып, ақырынға: «Ісләм... Ісләм...» — деді.

Отырған жұрттың бәрі біріне-бірі қарасып қойды, үндеген жоқ. Сол түні таң ағарып атып келе жатқанда жас Фазиза жылап-сықтап мұнайып отырған эке-шеше, ағайын-туғандарының ортасында үзілді. Сұлу түсі ақырғы өлім сағатына дейін қызыл гүлдей жайнаған әдемі көркінен айрылған жоқ еді. Қазірде түсі тастай болып суынып, бетіне көкшіл таңба жайыла бастады.

Фазиза жақындарына жұмбақ болған өліммен дүниеден қайтты.

Ертең ерте жас қыздың өлімінен жұрттың бәрі де хабарланды. Бұл хабар Ісләмға да жетті. Көп ел «Фазиза өліпті» деген қайғылы хабармен бірге, «Әзімханың баласы сиқырлап өлтірілті» дегенді қоса естіді. Келесі күні Ысмайылдың аулынан жиырма шақырымдай

жердегі қыстауға көп жұрт болып жиылып барып, Ғазизаны ертеде өлген аталарының, жақындарының жанына қойып қайтты.

Күдағи, күйеулер бірер күн Ғазизаны жоқтасып, жыласып үйлеріне қайтты.

Ғазизаның тірі күнінде Ісләм турасында шықкан өсек ауыл ортасынан алысқа жайылған жоқ-ты. Ол өлген сон, бұл хабар бұл күнге шейін ел ішінде болмаған жат хабар болып, жайлауда отырған барлық елте естіліп, аз күннің ішінде көрші отырған үш-төрт болыс елдің сабағына жетті. Надан елдің көбін бұл сияқты әнгімеге сендеретін бір себеп — бұл сөздің ортасында мінезі үғымсыз, жүріс-тұрысы белгісіз оқыған жігіттің болғандығы еди. Мұнан басқа, Ісләмға «жығылған үстіне тағы бір жұдырық» — күйеулер еліне қайтқан сон, жақын жердегі бір поселкеге барып, сонда бал ашатын орыстың бір кемпіріне қарта көтерткен екен, ол Жақылқа: «келіншегің сиқырдан өлген екен, шашы бар қызыл шырайлы жігіт қастық қылған екен» дегіп. Жақылтың аулы бұл хабарды да құдасынікіне жеткізіпті.

Бұл сөздің бәрі де дұрыс, анық іс болып, ел ішіне тарап жатты. Ісләм жалпақ елдің аузына алған жалаға ешбір қарсылық корсете алмайтын, әлсіз жан болды. Қолынан ешнәрсе келмеді. Оның үстіне, ерекше қайғы — Ғазизаның өлімі болып, жалғызырап, әлсіреп, іштегі жара мен тыстағы жала қосылған сон, барлық қайратынан айрылды. Құндіз-түні үйінде жалғыз жатып жылайтын болды. Бірақ бұның халін, өзге ел былай тұрсын, әке-шешесі де үкпады. Ісләмнің пішінің көріп, үнемі түйілген қабағына қарап, әкесі де, «әлде жұрт айтып жүрген өсек шын болар ма?» деген күдікті ойлай бастады. Бұның түсі де күннен күнге Ісләмға салқын тартқан сияқтанды.

Бірақ Әзімхан баласының мойнына бұл айып ауатын болса, оның артынан жұрт аузына кіріп қалған күн сөзі де күшейіп кетер дег, баласының басын арашалауға бел байлады.

Сонымен қасына өз елінің басты кісілерін ертіп, Ысмайылдікіне барып, әрлі-берлі сөйлесіп, бұрынғы жақындықтың арқасында ұғысып қайтты. Қалиман Әзімхан барғанда, қызын жоқтап жылап:

— Ісләм жүзі қараның енді жүзін көрмеймін, Ғазиза бауыры емес пе еді? Кімге қастық қызып жүргенін

ойласа — болмас па еді? — деп барлық ашулы сөздерін айтып жіберіпті. Әзімхан бұл сөзді үй ішіне айта келіп, Ісләмді көріне жек көрген кісінің пішінімен екі сөздің бірінде кекетіп ұрса беретін болды.

Аяғында, Ісләм ел ішін қойып, өз аулына да сыймайтындаи болды. Жұрттың бәрінің пішінінен бұны жек көргендік, арам астай жиренгендік көріне бастады.

Бір күні көnlін көтеріп, қайғыдан серпілу үшін, бір жақындарының аулына барғанда, сол ауылдағы үлкен бәйбіше Бәтімә Ісләмді оңаша шакырып алып:

— Карапым, ұлы сөзде ұят жоқ, саған айтуым лайық болмаса да, бір сөзді айтқалы түрмүн. Сөкпе, былтыр түскен келінім өзіңің құрбың Жұмақанды менсінбей, әлдекіммен қылжақтап жүр. Суық жүрісін байқап жүрмін, бір күні масқара қыла ма деп қорқамын. Соған әлгі жұрт айтып жүрген емінді істеп түзеп берші! — деді.

Ісләм ашуланғаннан не айтарын білмей:

— Басты қатырмашы, тілеуің берсін! — деп жүріп кетті.

Бәйбіше мұның мінезін ұра алмаса да, тегін емес екеніне көзі жеткендей болып, аңырып тұрып қала берді.

Ісләм аулына қайтып келген соң, жалпақ елде бұның халін ұғарлық ешбір жанды көре алмай, бұдан-былай бұл ортада тұруды дозақта тұрумен бірдей көрді. Осыдан аз-ақ күн бұрын қаншалық «ел» деп аңсал, сағынып асырып келген болса, енді сондай асырып жүрт көзінен тез жоғалу керек деп білді. Осы оймен «қалаға қайтамын» деп әкесімен сөйлесіп, бірер күннен соң жалғыз өзгермей қалған мейірімді шешесімен құшақтасып ақырғы жолы сүйгізіп, қасына бір кісіні қөшір қылып, қалаға қарай пар атпен жүріп кетті.

Ауылдан ұлы сәскеде шыққан жолаушылар бұрыс та болса, Ісләмнің айтуымен Үсмайылдың қорасына баратын жолға түсіп, тұс ауа сонда келді.

Июль айының ең ыстық күнінің бірі. Жүргіншілер қораға күн ыстығының әбден күшейіп қызған кезінде келді. Кораның жанына келген соң, Ісләм аттарды тоқтатпай, алдыңғы жақтағы сары қабактың үстіндегі төрт құлақты бейітке қарай жүрді.

Ыстық күннен даланың шөбі тегіс саррайып қураған. Сары қабакты қаптаған сары көде ескіріп жүдеген кес-

кінімен даланың ұзақ мұнды күйін еске түсіргендей болады, ішті жудетеді. Ұстық күнге күйіп, жым-жырт болған иесіз далада мәңгілік жалғыздыққа бой ұрып ұмтылған ескі мола құлазып жетімсірегендей. Мұнды дала қайғылы таңбасын жалғыз молага да басқандай. Жүргіншілер бейіттің жанына келіп тоқтаған соң, Іслэм жолдасын тастап, өзі арбадан түсіп, бейіттің ішіне кірді.

Ерте күнде көмілген тәрт-бес өліктің қабыры бар екен. Солардың ортасында бейіттің онтүстік жағында бір өліктің аяқ жағынан Фазиза қойылған екен. Жаңада үйілген жас топырақ, жас қабырдың сыны әлі бұзылған жок. Бас жағында қадаулы сүр тас, соның бауырында анасының қолымен қойылған ескілеу жыртық құран түр екен.

Есіктен кіргенде Іслэм Фазиза қабырының жанына келіп қулағандай отыра кетті. Құранға қарады, танығандай болды. Фазизаның кішкене күнінде Ұсмайыл аулындағы молдадан Іслэм бәрі оқып жүрген уақытта жас шәкірт қыздың қолында жүретін қызыл тысты құран осы еді. Қазірде бояуы көшіп, тысы қуарған. Фазизаның сұық қабырының үстінде сүйгенінің ісі сіңген кітапты көргенде, Іслэмнің көз алдынан барлық өткен күндер зұылдаپ, жүгіріп өткендей болды.

Жүректі жанышқан ыстық дертпен қолы дірілдеп, құранның бір бетін ашқанда, әуелгі бетінде екі-үш жерде Фазизаның қолымен жазылған Іслэмнің аты түр екен.

Іслэм жазулы жерді қайта-қайта сүйгенде, көзінен жасы ыршып, қолынан құран түсіп қалып, Фазизаның қабырын күшактай жығылып, өкіріп жылай бастады.

Ұзақ уақыт сол күйде жылап жатып, көніліндегі талай шерінен азырақ сейілгендей болып, қабырдан басын көтеріп, зорға дегенде мауқын бастады.

Аздан соң ойымен Фазизаға сансыз «қош-қош» айтып, қабыр жанынан шықкан бір бес жапырақты үзіп алып, қайта-қайта ііскең, бейіттен шықты. Жылаудан екі көзі қызарып ісіп кеткен екен. Денесі әлсіреп, сұлдері құрығандай болып, зорға келіп арбаға мінді.

## ЕСКІЛІК КӨЛЕҢКЕСІНДЕ

### I

Жаз ортасының жарық түні. Мандайға таман көтеріліп келген ай мұнлы сәулесін мәнгілік сабырмен тара-тып түр. Теңгедей бұлты жоқ таза аспанда таласып жымындаған қызығылт, жасыл, сарғыш түсті жұлдыздар тұнғиық аспанның елбіреп қараған от көздеріндегі. Түн аспаны сансыз жұлдыздай көздерімен сезімді көнілге ым қаққандай болады. Жұлдызды аспанға анда-санда айтылатын жер жырын, тіршілік ертеғісін тындағысы келеді.

Қоңыр сезімді сұлу аспан әсіресе Қаражалдың тоғайлы өзегінен әнгіме күтіп, телміріп төнгендей. Қаражал жайлалаудағы елдің бір жақсы қонысы болатын. Арасынан бір созылып, бір иіріліп аққан тоғайлы өзен жарып өтеді. Өзен жағасы көп ауылдың жылда келіп қонатын қонысы еді.

Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр-салқын лебіне оранып, түс көргендей қалғиды.

Бір мезгілде өлкенің орта кезіндегі бір тұмсық тастан асып, төмен қарай құлдилап келе жатқан екі атты көрінді. Бұлар қатар келе жатса да, араларында алдан-дырған әнгіме жоқ. Аяншыл аттың екпіні мен рақатына бойсұнып келе жатқандай. Бұның бірі — аяңшыл ақжап шабдарға мінген жас бозбала, екіншісі — шокша сақалы бар, қылаң мінген жолдасы. Екі жігіт те женіл киінген, Ақжолдағы жігіт ақ көйлекті, қара желеткелі болу керек. Қара ала болған омырауы көрінеді. Сыртында қара барқыттан жаға салған жүқа сүр шапаны бар. Екеуді

де жұқа шапандарын желбегей салыпты. Өзек бойындағы жақын ауылды бетіне алып келе жатқандай. Бұлар пысқырып қалған аттарын шаужайлап, тізгінің жұлқа тартып, басын төмен салғызбайды. Тасты жермен жүрмей, шалғынды жерді бастырып, тықырын білдіргісі келмегендей болып, сактық етеді. Семіздікпен еріккен жарава аттары түн салқыны мен тыныштығына қызғандай. Бастьарын шұлғып, қамшы салдырмай ығысады. Тақымнан шыққандай болып желігін аяндайды. Бұлар жоғары ауылдағы шығып төменде өзек бойындағы Жақып аулын беттеп келе жатқан бозбалалар еді.

Шабдар мінген жігіт жартасты биіктің көлеңкесінен шығып, айдың қызықтыған жарығын көргенде, тымағын бір құлағынан басып, төмен сыпрып алып, айға қарап қеудесін толтырып, күрсініп-күрсініп алды. Жарайқ айдың сәулесі бетіне түскенде, ерекше ағарып жүдеген сұлу жігіттің пішіні анық көрінді. Ұзын қара шашы тымақты сыпрып алғанда, салақтықтан шыққан жарастықпен мандайына бұйраланып түсіп тұр. Пісте мұрын толық бетті ақ жігіт ай сәулесінің астында. әрі оқыған, әрі сұлу жүзімен шынымен-ақ ыстық сезім ізденеген таулы даланың өзінше бір геройы сияқты еді. Жол бойында бұл жігіт не күрсініп, не бірер ауыз сөз сөйлеменде, өні сүрланып етіне тоңазыған діріл кіргендей болатын.

Бұл орта дәрежелі оку бітіріп, биыл жаз елге келген Қабыш деген жігіт еді. Қасындағы жігіт — Қабыш елде жүргенде ұдайы қасында жүретін пысық жолдасы Жұматай.

Қабыш — Мойылды болысындағы тәуір оқыған жігіттердің бірі болатын. Бұл ел маңайдағы өзге болыстардың ішінде көзі қаракты азаматтары — оқығандары көп, «басты» дейтін елдің бірі еді. Оқығандардың ішінде Қабыш көзге толымды, көрнекті деп саналатын. Биылғы жылы елге шығуда Қабыштың ішіне жиған бір сыры бар-ды.

Ай астында қалқыған өзектің ішімен аяңшыл аттың екпініне бой беріп келе жатқанда, Қабыштың денесі сергігендей болса да, көңілде жатқан сенімсіздік, күптілік те бар.

Жас жігіт алыстағы қалада жүргенде Жәмештің ұзын бойлы жіңішке денесі мен сұлу қара көзді қызыл жүзі есінен кеткен емес. Кішкене күннен балалық ұясы-

нан алып шыққандай ертегілі хиялы осы пішінге біржола жабысып өскендей. Сол нәзік сұлу пішін көп жылдық арманы, жасырын мұны еді.

Әсіресе қалада алыста жүргенде, сұлу қыздың жүзі сағымдана тартатын. Алыстан көксеген сезімі қар үстіне қан тамғандай бусанған ыстық сезім еді. Бұл күйдің ерекше күшті болатын себебі — Қабыш көп жылдай хат жазып, жауап ала алмай, арманмен жүрген. Былтырғы өткен күзде де Қабыш қуанышпен қайтқан жоқ еді. Бірақ төрт-бес жылдан бергі көп хат, көп сөзіне бір-екі ауыз жылы жауапты сонда ғана алған-ды. Бір жылдық ұзақ сапарға бара жатқанда талып жығылған көңілге екі ауыз сөз дым әлсіз сүйеу болатынын Қабыш біліп еді. Бірақ Жәмештен содан басқа жауап болмаған. Ол жауапты да «көрерміз күнілгері» деп, Жұматайға ауызша ғана айтқан. Хат жаза білсе де, сол азғана сөзді айтып хат жазуды Жәмеш өзінің беріктігіне қиғаш істеп қалатында болып, қағазben айтпаған. Бұл да Қабышқа істеген қаттылықтың бір белгісі-тін. Бірақ алғашқы өз атына арналған жауапты естігенде тіршілігінің мағнасын сол күні тапқандай болып еді. Содан кейін арада бір қыс өтті. Жәмеш бұрын жастықлен өзінің даусызы бақытына сенгендікпен паң болып тәкаббар болып, маңына үміт қылған бозбаланы дарытпай келсе де, енді мұның алдыңғы өмірін ойлайтын мезгіл жетіп еді. Жұматай да, Қабыш та күн ілгері өткен сайын, Жәмешке ой түсер, шырғаға келер деп үміт қылатын.

Жәмешке биылғы өткен қыста ой түсуін түсті. Бірақ бұның келешек өмірден өзіне тандап алған орны ешбір жан күтпегендей жат жұмыс болды. Жәмештің бүгінгі халі, бұрынғыға қарағанда, көп өзгерген. Бұл күнде оның басы бос емес, ол кәзірде күйеуі келіп жатқан қалындық. Күйеуі Мойылдының ең басты адамы; әрі бай, әрі ертеден келе жатқан бір болыс елдің жуаны — Кенжехан. Биылғы жылдың жазына шейін Қабыш, Жәмештің басында қандай ой, не түрлі ниет барын білген жоқты. Жазғытұрым еліне келген жерде «Жәмешті Кенжехан алатын болды» дегендеге, өзін мазақ қылған сөзді естігендей болды. Басында сене алмады. Бірақ Жәмештің Кенжеханға тиетіні рас еді. Рас болғанда, ең ауыр жері — жас қызы елудегі шалға өз ықтиярымен тимекші. Аға-жәңгесінің наразылығына қарамастан, достық ойлайтын жақындарына ақылдаспастан, үлкен шешесі

мен әкесі айтқан сөз бойынша Қенжеханға ырзалығын өзі айтқан, соның тоқалы болуға бекінген.

Кенжехан бұрын да Жақып аулының күйеуі еді. Бұның осыдан бес жыл бұрын алған тоқалы — Қадиша осы Жақып хажының үлкен қызы болатын.

Биылғы жыл жазғасалым Қадиша қайтыс болғанда, артында бір ерек, бір әйел баласы қалған. Қадиша көзі тірісінде Қенжеханның ерке тоқалы болған. Жуан ауылдың барлық ісін өз қолынан басқарған. Сондықтан өлерінде күйеуіне де, төркініне де бір тілек айтыпты. Тілегі: «менің төсегімді бөтен кісінің басқанына ырза емеспін, артымда қалған жас балалар да бар. Мен дейтін болса, менің төркінім Жәмешті менің орныма берсін»— деген. Апасының өлер алдында айтып кеткен сәлемі бұл күнгө шейін күйеуге тиу әңгімесін анықтап ойлап алмай жүрген Жәмешке кенеттен келіп еді. Бірақ Жәмеш бұның шешуін көпке созған жоқ. Алғаш аулына Қадишаның өтерде айтқан сөзімен Қенжеханның сұратада жіберген кісісі келгенде, жас қыздың оқып жүрген ағасы Қасым: бұл сөзді Жәмешке айтудың қажеті жоқ, Жәмеш үшін мен жауап беремін. Алдыңғы Қадишаның обалына қалғандарың да жетер. Кенжехан әулие болса да Жәмеш әрі катын үстіне, әрі шалға бармайды деп, үй ішіне ұрыс салып, бермеу жағына ашық шығын еді. Бірақ Жәмештің өзінің құлағына тиіп, өз жайын өзі ойлай бастағанда, Қасым айтқандай өрескелдіктің ешбірін көрген жоқ. Қасымның ара түсіп, артық сөз сөйлеп, Қенжеханның басын кеміткен сөзінің бәріне намыстынып келіп: «Мен сол кісіге ырзамын»— деген байлауын бір-ақ естірткен.

Сонымен аға-жәнге сияқты жеңіл-желпілердің айтқан сөзінің бәрі бос қалып, Жәмеш Қенжеханның қалындығы деп саналып еді.

Қаражалға Жақып аулы қонбай тұрып, құдалық жолында істелетін шарттың бәрі орындалып болған. Енді осы қоныста Жәмешті береміз деп ата-анасы хабар айтқан соң, Қенжехан алып қайтқалы келіп жатқан.

Сол күйеуі келіп жатқан Жәмешті әлі де бұрынғыша сүйіп, бұрынғыша сағынып хиял ғылған Қабыш бүгін болымсыз бір үмітпен іздел келе жатыр.

Соңғы уақытта Қабыштың көңлінде қолына түспей алыстал кеткен сұлуды арманмен сүюмен бірге, үлкен намыспен жеккөру де бар еді. Бір көңліде бір адамды

әрі сую, әрі жеккөру үнемі бола беретін күй емес. Қабыш дәл бұғынгі күйге шейін Жәмештің мінезін түсіне алған жок. Жәмеш бұрын қол жетпестей алыста сағымданып тұрған сүйгені болса, кәзірде шешуі қын, тузы жат, дағдысы бөлек бір ауыр жұмбақ та болды.

Суюі де бұрынғы қалпында күшті. Жәмеш өмір бойы үсынса — қол жетпестей тәкаббар биік болып тұрып, сол тәкаббар салқын күйінде Қабыштай талай жас жігітті армандағылып кетіп барады. Қабышта бір көрініп, үзап бара жатқан сұлуға қадалып, жабысып қалған ықтиярсыздық бар. Сол хал көnlін қара тастай басқандай. Бұған қарсы шығарлық түзу ойға бұл ауырлық жеңгізбейді.

Жәмеш Мойылдының ішіндегі басқа қыздың бәрі нені ойлап, нені арманғылатынын көріп-бліліп журсе де, солардың үлгісін ұққысы келмеди. Ол қыздардың бәрінін арманы — оқыған жігітке тиу. Жас білімді жігіттерден сүйікті жар табу болса, сол үшін ата-ананың батасын бұзып, алғалы жүрген күйеуден, ие болып отырған мал-мұліктен — барлығынан безіп қашып жата, сондағы іздегені ылғи таза, киініп, жақсы аталып жүрген өздерімен басы тен, жасы да құрбы жігіттер болса, Жәмеш соның бәрінен аяғына басурып келіп тұрған уақытта қашады.

Бұл ықтиярлы, еркін, ерке күйінде отырып, өзін-өзі қорлағандай болып, шалға бергізеді. Қатын үстіне тоқалдыққа барады. Барлық өмір, барлық мінезімен бұғынгі бар жастың тілек-уміт, хиял деген таза нәрселерінің барлығын мазақ етеді.

Неге Жәмеш осындаі болды? Не себепті осыған кәрі Кенжехан Қабыштан артық көрініп, ыстық болды?

Осы сияқты түйіндер Қабыштың қызғанып, күмарланып сүйген көnlіне жуырда шешілмейтін жұмбақ болған. Ол ыза да болды. Сүйте жүріп, жабыса арман етуден де бой тарта алмайды.

Сол күйімен жүргенде, бұғын тәңертең баяғы ескі далбасалықпен Жакып аулына Жұматай барғанда, қыздың жеңгесі Бибіш: «Бұғын кешкे ауылдың сыртындағы тоғайдан табылындар. Жолдарың болар, болмаса — оны ашып айта алмаймын, бірақ сол арада біздің баланы бір көріп қалуларына болады. Ең болмаса, Қабышты оңашада бір көріп, көnlіне бір қобалжу түсіп кетсін, неғылса да келіп кетіндер. Мен тоғай ішінен ел жатқан

соң ертіп барамын», — деген. Бұғінгі түнде Қабыштарды Жақып аулына қарай әкеле жатқан осы сөздер еді.

Өзектің бойында Жақып аулы отырған соң, жағамен құлдилап келе жатып, бір-екі қалтарыста қыз аулының түндегі нобайын көргенде, Қабыштың көnlі ерекше қуаныш пен үлкен құдік араласқандай болып ауырлап кетті. Қуаныш — бұл күнге шейін бір ауыз жылы сөзben бетпе-бет келіп сөйлеспеген тәкаббар сүйгенін көру. Құдігі — әлі де бойын бермей, түсін сұыкқа салып, бұдан қашып жүрген сұлу қыз бұғінгі кеште бұны біржолата түңілтіп, шалын мақтан етіп, бұған қыр көрсете ме деген ескі сенімсіздік. Қалай да болса, Жәмеш жарық айлы түнде, онша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынан атқармаған ракаты болмақ. Жәмешке оңашада жолықпақ болып алғашқы рет аттанып шығу — жас жігіттің өз өмірінде көп жылдан бері қалмай келе жатқан арманы.

Жол бойында бір уміт пен бір қауіп кезек жеңісіп келе жатқандықтан, бір мезгілде Жұматайға қарап: «япыр-ау, Жұматай-ау, біз осы шынымен-ақ Жәмешке келеміз бе? Осы Бибіштің алдаған, мазақтаған сөзі емес пе? Түн ішінде бізді көргісі келгені шын ба? Мына тұрған ауыл әлі күнге бұрынғысында сұық, бұрынғысында дарытпайтын жат сияқты. Мені бірдеме етіп құдік-сіз ғылышпен сенідірші!» — деді.

Жұматайға Қабыштың қазіргі күйі ұғымсыз емес еді. Қабыш пен Жәмештің арасындағы сырдың бәрі түгелімен Жұматайдың көз алдында бастан-аяқ белгілі болып өтіп келе жатқандықтан, ол жолдасының ойында қандай толқын болса да — білетін. Оның үстіне Жұматай ел жастарының арасында көп жүріп, мінез-күйіне жетік болған жырынды, сезімді жігіт болатын. Сондықтан Қабыштың сөзіне мұртынан куліп жымышпен: «Жәмеш бұғінге дейін сандалып адасудан айыққан жоқ. Сені таңдамай, Қенжеханды алып сандырағаны рас болса, бұғін бізге келетіні де рас. Мен білген қыз болса, бұл бұғін пүшпағынан ілінеді. Жалғыз-ақ бұрын көріспегендігінді ғылышпен төменшіктеме. Негұрлым асқақтап, баса қимылдашы! Ең болмаса, бұғін осыны бір өкіндіріп кетеміз. Содан кейін оқ тиген киіктей жаралы бол кете барсын. Бұл әлі күнге жастық қызығы дегенді көрген жоқ. Өзінің тені болған жас жігітпен сүйісу деген-

нің қашалық қызық рақаты барын білмейді. Дақ бүгін оңашада, тұн ішінде сені көрген соң, қыз екінші күйге түседі. Осы сөзімді ұмытпа», — деді. Қабышты бұл сөз көтеріп, сергіткендей болып:

— Қойшы-ей! Осылай болуға әбден қисынады. Осының тіпті рас! — деді.

Жұматай өз біліміне сенген маман пішінмен:

— Менің тәңертеңгі Бибіш сөзін естіген жерде ойлағаным осы. Қазір көрерсін, осы сөзім рас болады. Әуелі десен, сол қыз осы күнде сені көргелі асырып отыр. Енді әңгімені қойып, осы арада атты қайды тастап, қай жерден түсетінімізді болжап алайық, — деді.

Бұл сөздің тұсында жігіттер өзеннің сол жағына шыбып, ауылға көрінбейтін болып жіңішке тоғайдың тасасымен келе жатыр еді.

Жұматайдың соңғы сөзінен соң екеуі де тоқтап, ағаштың қара көлеңкесіне аттарымен жасырынып алды, селдір тоғайдың арасынан ауылға қарап тұрып, жерді болжады.

Тұн әуелгісіндей тып-тыныш. Жұматайдың дәлелді сөздері бұрынғы сенімсіздік женген көnlін азырак орнықтарғандай болса да, кәзіргі жымдай қаткан сезім сағаты, құмар жігіттің көnlін қайта лұпілдетіп соққызып жіберді. Жарық айға ұзақ тыныштықпен тұн табынып тұрғанда, әлі де құрметпен сүйген сұлуының жүзіне жас жігіттің хиялы да кінәлі сөздер ушін кешірім сұрап, бас иіп табысып тұрғандай болды.

Ауылдың иті үрмейді. Құзетшінің де дыбысы жок. Қызырып от та көрінбейді. Елдін үйықтағаны рас. Қабыш өз көnlінің балдыр күйін әдейі терендете сезінеді. Ендігі халді тіршілік иесінің барлығы да әдейі тыныс алды, үндемей сабыр ғылып күткендей. Қабыштың көnlіне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лұпілдеп, буынынан сұлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей.

Жұматай жолдасы сияқтанып үздіккен жок. Оның ақылы ешнәрсенің тұтқыны болған жоқ еді. Баяғыдай сау. Салқын қырағы күйінде. Ол ауыл жаққа қадалып тындал, атты қай жерде тастап, өздері қай жерде отыратынын ойладап тұр. Бұлар кәзір ауылдың қасында. Байдың шеткі ақ үйлері тоғайдың арасынан қараганда, жап-жақын болып көрініп тұр. Бұдан әрі атпен жақындауға болмайды.

Сол күймен алғашқы тоқтаған орындарында біраз тұрғанда Қабыш енді істейтін істің барлық ықтиярын сенімді жолдасына тапсырып, өзі бір ғана Жәмештің сұлу жүзін көз алдына экеліп, қара көздеріне хиялмен телміріп қадалып тұрғанда, тізгіні босап кеткен шабдар аттығылып тұрған қара көлеңкеден шығып, ілгері жүріп кетті. Қабыш есін жиып тізгінін жиғанша ауылға көрінерлік алаңға еріккен ат сулығын салдыратып шайнап, басын төмен салып жіберіп жер тарпып, қатты пысқырып қалды.

Қабыш жұлдып алғандай сергіп кетіп, тізгінін жұлқып тартып қалып, атын бастан қамшының сабымен салып қалды. Бұл алғашқыға қосылған тағы бір епсіздік еді. Еркеленіп еріккен семіз ат басына оқыс қамшы тигенде маңындағы ағаш пен ер-тұрманын салдыратып кейін қарай ортқып секіріп кетіп, ішін тартып осқырып жіберді. Осының бәрі бірер-ак секөнттің ішінде болып қалып еді. Жұматай Қабыштың аты ілгері жүруге айналғанда-ак жолдасының олақтығына шыдамсызданып: «Өй, тарт!.. Баламысың, ауылдың қасында тұрғамыз жоқ па?»... дегенше, ақжал ат пысқырып, осқырып тақойда. Жасқанып секіргендеге аттың салмағымен сынған ағаштың сыйыры да тұн ортасында үлкен шудай болып естіліп қалды.

Дәл осы секөнттің артынан үйықтап жатқан ауылдың иттері шу етіп үріп қоя берді. Иттер ауылда үргенімен қоймай, бұларға таман жүгіріп келе жатқандай да болды. Ит даусымен күзетші де оянып, сарылған дағдылы айғаймен жым-жырт дүниені жаңғырықтырып айтак салды. Иттер бұрынғыдан да екіленіп, арсылдай жүгіріп келеді.

Бұл хал Қабышты қатты састырды. Енді ауыл оянып кетіп, тыска шығушылар да болуы мүмкін. Дабыр басылып, енді ел үйқыға кеткенше жаздың қысқа таңы атып қалуға да болады.

Соны ойлап, басында Қабыш кейін кетіп қала тұруды қажет көргендей болып еді, бірақ мұның ендігі қатесіне Жұматай көнбейтін болды. Ол ақжал аттың шаужайынан үстап алып, бұрынғы қалың қара көлеңкенің ішінде Қабышты жасырып қойып: «Осы арада тапжылмай тұру керек. Саспа, иттер мына тасадан көрмейді.

Өзеннің бұл жағына өтпейді. Қәзір басылады. Бірак ендігөрі сақ бол!— деп еді...

Қабыш үндеңей бағынды. Ит басында шабалап үрсе де, өзеннің жігіттер тұрған жағына жүгіріп шыққан жок. Бұлардың тұсына көп ит келген де жок. Жалғызақ өзгелерден үзап шыққан Жақып аулының қара-ала тәбеті тұстарына таман келіп, жаңа шыққан дыбысты іздел тұрғандай болып, жым-жырт тұнді тыңдал-тыңдал алып үріп қояды. Күзетшінің айтағы басында қатты үріккендей болып оқыстан шықса да, аздан соң басылып қалды. Бірер айтағының аяғы өзіне-өзі: «ештеңе жок, жата бер!» деген сияқты болып, иттерді шығарып салумен ғана басылып қалды.

Сарылып, созып, әнге үқсатып айтқан айтағы бір нәрсенің барын сезген дауыс сияқты емес, көбінше «үйқы келді-ау» дегендей.

Қазірде жалғызақ қара-ала тәбет тынышталып бола алған жок. Бай аулының қадірлайтін сақ маң тәбеті «сақ» дегізген атақ үшін емес, ауыл қотанға иелік ынтасымен үргендей болады. Өзге тынышталса да, көпке шейін ол тынышталмайды. Өзгеден гөрі өз міндетінің зорырақ екенін ол сезгендей. «Жақыптың малы түгіл, адамы да менің міндетімде. Жат оймен келгендерге біздің ауылда иен жатқан нәрсе жок» демек болғандай.

Қабышқа қара тәбет Кенжехан мен Жақыптың әдейі жас жігітке Жәмешті жуытпасқа арнал қойған аңдушысы сияқтанды. Барлық осы ауылдағы Қабышқа ариалған жаттық пен қарсы көңіл қажымай үріп тұрған қара-ала тәбеттің даусынан айқын білініп тұрғандай болды. Суық пішінді ашулы тәбет Жәмеш пен Қабыштың ортасындағы бөгет пен кедергінің бір жерге жиылған тірі пішіні тәрізденеді. Бір уақыт шынымен осы тәбеттен өтіп Жәмеш бүгін келсе, ондайлық өз басына келетін қатерге нәзік денесімен шыдап қалған сұлуға Қабыштың айтарлық кінәсі қалмайтын да сияқтанады. Бұл жаңағы болған дырдудың үстінде Қабыш көңлінен жорытып өткен үзік сезімдер еді.

Аздан соң иттің үргені басылып кейін қайтқанда, Қабыш Жұматайға қарап: «Осы ауылдың бар пішіні баяғы қалпында қол жетпейтін биіктегі тұрғандай. Маган суық, жат сияқты. Бүгінгі күн бір жылы шырай болатын шығар деп едім, мына қара-ала тәбеттің үргені сол жатсынған қарсылықтың бірін айтып кеткен сияқ-

танады. Қалай ойлайсың?»— дегенде, Жұматай жаңағы болған дырдуға титтей өзгермеген пішінмен тұрып Қабыштың сөзіне күліп: «қорқақсың!»— деді.

Аздан соң Қабыштың аты мен өз атын алып, әлгі-тұрған қалың қара көлеңкеге тізгіндерін қаңтарып бастарын мықтап байлап болды да: сыйдырларын білдірмеске тырысып Қабышты қолынаң жетектеп отырып, тоғайдың тасасымен бүкіл жүріп келіп, дәл қыз бен жеңгесі жататын Қасымның отауының тұсына келді. Бір топ ағаштың көлеңкесіне мықтап бекініп, ауылға қадалып қарап отырып қалды.

## II

Жәмештің Қенжеханға өз ықтиярымен тимек болғаны рас еді. Қадиша өліп, Қенжехан Жәмешті сұратып кісі жіберген күнге шейін жас қыз өзінің алдыңғы күні қалай болатынын қадалып ойлаған жок-ты. Оны кішкентай күнінен үй-ішінің мінезі бір ерекше қуатын әсер етіп, билеп алған болатын.

Бұл жағына келгенде Жәмешке ұқсаған қыз Мойылды болысында жок еді. Жәмеш барлық дүние, барлық келешек тіршілікті, қызық пен қуанышты өзінің үлкен шешесі Мәкен бәйбішенің ұғындыруы бойынша түсінетін.

Жәмештің әжесі кішкентай күнінен өз қолына алып, өз ақылымен тәрбиелеп өсірген. Мәкен ауыл-ауданға әмірі толық жүретін ақылды, еркек мінезді жуан бәйбіше еді. Бұл кісі әлі күнге дейін тұғырдан тайған жок.

Жәмештің ес біле бастаған күнінен дал осы күнге шейін үлкен бәйбішенің алдында барлық келіндері именіп, қарсы келмей, курдай жорғалайтын. Жәмештің өз шешесі ұлғайып, қырықтың ішіне кіріп, кексе тартып қалса да, әлі күнге жана тұскен келіншектей бол, енесінің алдында именіп отыратын. Бір жұмыста енесінің ақылынаң шығып, өз бетімен кетіп іс қыла алмайтын. Сол сияқты Жәмештің экесі Жақып та ауыл-ауданнан ел ортасының сөздеріне шейін түгелімен шешесіне баян етіп, өзі істеген істерін де айтЫП, ақыл қосып отырушы еді. Жақыптың үйіші мен аулы болып — түгел қадірлес-гендіктен бұл ауылға келіп кететін ел кісісі де, атқамінер ақсақал-қарасақалы да Жақыпты жоқтамай, бәйбішемен әнгімелесіп, өздері білген жай-жапсардың барлығын

мәлімдеп отыратын. Мәкен бәйбіше кіммен сөйлессе де, қай жайдан сез болса да өзі естіген сөзді сынап, салмақтап: не ұнатып, не ұнатпаған пікірін ашық айтып отыруши еді. Ерте күннен бұның аулы жуан ауыл атанып, ерке бәйбіше болып ерленіп сөйлеп әдет қылғандықтан, Мәкеннің асқақ тәкаббар сөздері көп болатын. Бұрынғы өз заманының адамын жоқтап, бүгінгі «жақсымын» деген кісілерді көбінесе менсінбейді.

Ежелден бойға сіңген өзімшілдікпен біреудің не мінезін, не істеген ісін, не басын бағалап сөйлегенде, бәйбіше, өз аулы мен өз үрпағынан шыққандар болмаса, жаттың ешбір жақсы жерін көре алмаушы еді.

Жәмештің кішкене күнінен Мәкен бәйбішенің алдында өскенде ұғынып, бағынып, қабылдап алған үлгісінің көпшілігі осы әжесінің үйретіндісі еді. Екеуінің ортасындағы айырмасы — бірі жаңа өсіп қалыптанып келе жатқан жас, бірі — қалыптанып тоқтап қалған кәрі. Сондықтан шеше мінезінен алған үлгі Жәмеште ашырырақ көрініп, қатаң болып білінетін. Ұсақ мінезде әжесінен жүққан дағды бойынша біреуді төмендете сынау, тәкаббарлықпен бойына тенгермеу, өзінің билігіне нық көңілмен сену Жәмештің мінезінен күнде бір көрініп отырғандай болатын. Әсіресе бір ауылға қызырып барып қайтқанда, әжесіне көрген-білгенін әнгіме ғылған уақытта, қонақ кутуге олақтық, үй ішінің ретсіздігі, киім-салымның не таза болмай, не үлгісі нашар болғандығы — барлығы да Жәмештің алдымен сөйлейтін сездері еді.

Бәйбіше өз тұстасына қатаң бәйбішелер мен ауыл иесі болған қатындардың олақтық, білімсіздігін сез қылса, Жәмеш жаңа түсken келіндер мен замандас қыздардың кемшіліктерін сондай теруші еді.

Осы әдетпен Жәмеш әжесінен алған үлгі мен содан ұғынған сезінен басқа бөтеннің ешбір үлгісіне бағынған жок. Бөтен адамдардың «анау жақсы, мынау жақсы» деген сезінің ешбірі де көnlіne әсер етіп тыңдалған жок.

Соңғы жылдарда Мойылдының ішіне тарап келе жатқан бір жаңалық — жас қыздың күйеу таңдал, жігіттің қатын тастап, сүйген қызды алып қашуы көбейген еді. Осы сияқты оқиғаларды естігенде, Мәкен басқаларға айтумен бірге, әсіресе Жәмешке көп өсиет, сөйлеп,

қашатын қыздарды «бұзылған қыз» деп «ата-анасының туысы кемдігінен»— деп мінейтін.

Елге жайылып келе жатқан «жаман» салттың себепшісі көбінше осы елдегі жас «оқығандар» болғандықтан, Жәмештің әжесі барлық оқыған дегендерді тұрақсыз, ойсыз бұзылған адамдар деп сөйлейтін. Сол көптің ішінде өзінің немересі, Жәмештің бірге туған ағасы Қасым да бар еді. Қасым оқып, ержетіп, мінездің шет жағасын көрсете бастағаннан-ақ, Мәкен қолын сілтеп тыржиып: «оку түзеткен бала көргем жоқ. Әйтеуір тірі болсын! Бұ да осы елдегі жын қуғандардың бірі. Құмары да, тілегі де сол көрінеді. Ынта, бейілімен соған қарай ауып кетіпті. Бізге жоқ болып, қолымыздан шығып кеткен бала. Тек бетінен жарылғасын! Жалғыз-ақ қалай кетсе де, өз басымен кетсе еken, өзге балама осының жыны жүқпаса еken деп тілеймін!— дейтін. Жәмешті қасына алып отырып, осы сөзді талай айтқан-ды. Көп жастың ішінде Қабыш та талай рет Мәкеннің қатал сынына ілінген. Қабыштың өз басынан әзірше көптің көзіне көрінген үлкен мін табылмаса да, нашарлау ағайын-ауданы мен әке-шешесінің ескі кемшіліктерін кекетіп, кемітіп сөйлеп пандықпен жиреніп отыруши еді.

Әжесінің қасынан ұзап шықпаған Жәмеш үйіші мен ауыл арасында өзі естіп ұғынып жүрген сөздердің бір уақыт қарсы жағын естіген жоқ. Біргүні бір кісінің аузынан әжен теріс сөйлейді, білмейді, адасады дегенді құлағы шалған емес.

Озі туған әке-шешесі Жәмешті әжесінің баласы ғылышып қойып, әрқашан ақыл айтса: «әжейді ренжітпе, әжеңнің сөзін ұқ: үнемі саған жолдас болмайды, аздан соң өліп те қалады. Сенен басқа әйел баланың әжендей үйретушісі жоқ, сондықтан сен олардан артық бол. Оларға ұқсама!— дейтін.

Сонымен көрі әженің ықтиярынан бір күн шет жайлап көрмеген Жәмеш алдыңғы күнін өз бетімен ойлаған да жоқ-ты. Ол жайдан әжесі үндемеген соң, о да үнде-мей, ойланбай-ақ жүре беру керек деп түсінген-ді. Ескі сенім, ескі көзқарастар Жәмештің ойы мен мінезіне негіз болып әсер етуден басқа, күндегі жүріс-тұрыс әдетіне де сондайлық айқын таңба салған.

Жәмештің жүрт мақтаған жақсылығы — ауыл-ауданға ие болып, шаруа жөнін жақсы білгендігі. Көрші-

қолаңшы, қатын-қалаш, малыш-қосшыға араласа біліп орынды сөз сейлеп, улкен кісіше салмақпен жүріп-тұрып, кейде үй түгіл, ауыл иесі болып әке-шешесін жоқтатпай кететін мінездері бар. Бұл мінез елдегі көпшіліктің түсінуінше Жәмештің барлық жаңа өспірім әйелдерден ерекше біткен жақсылығы сияқтанушы еді. Мәкен бәйбішенің тәрбиесімен өскен жас қызы қатын-қалаш пен үлкендерге бұрынғының жақсы қыздарын еске түсіргендей болушы еді.

Жәмешке ескілік үлгісі әбден жүққандықтан: кейде киім пішіп, іс тіккенде де, өзі айтқандай, «бүгінгі қылтың-сылтыңмен» жүрген жастарша іstemей, кең қолтық, кең етек, мол киімді жақсы дейтін. Өзі де бүгінгі қыздардың үғымынша ескіріп қалған үлгімен тігілген киімдер киетін.

Жәмештің көшкенде жорға ат мініп, үкі тақсан кәмшат бөрік киіп, тірсек жең қамзолдың сыртынан белін қынай буынып, шапан киетіні де түгелімен кем болса қырық-отыз жыл бұрын болған бойжеткендердің үлгісі.

Ел ішінің еркесін күндегі көпшіліктен өзгеше күйде көруге ынтық «оқығандар» кейде Жәмештің осы қылыштарына әсіресе құмарланып, өліп түсетін. Бірақ Жәмеш бұл мінез, бұл әдettің барлығын сырт көрініс үшін емес, шынымен лайығы осы деп түсінеді. Сондай Жәмеш кәзіргі уақытқа шейін жас болып желігіп жүрген қыз-бозбаланы, әжесі мен екеуінің біріккен сыны бойынша, қызықтырар қызығын көре алған жок. Біреуі қашады, біреуі алып қашады. Ел ішіне лаң салады. Жаманаты әбден шығып, тамам елден қарғыс алып болған соң, дегендеріне жетіп, бірге тұрғандарын да көріп жүр. Бірақ солар талайдан қолына түспей жүрген арманда-рына жеткендей болған соң, енді елден ерекше жүрістүрьсі болар десе, барлығы баяғыша көппен бірге, сол көптің бірі болып қала береді. Қашқаның елден асып, төбесі көкке жетіп, қашпағаның кор болып жерде қалғанын көрген жок. Қашып барып күйеуге тиген қыз да өзгелердей айтқанға кеңіп, айдағанға жүре беретін әншайін ғана қатынның бірі болады. Қайта қашқаның қырсыққа ұшырайтыны көп. Бір қашқанмен тұрмай, әлде неше қашамын деп, ел жүзін көре алмайтындаï масқара болып қалғандары да аз емес. Қашқаның оқығанға тигені болса, оның да елден асып қарық бол-

ғаны көрінбейді. Оқыған жігітпен ерекше тұрамын де-  
ген қыр қызының барлыры да бойна лайығы жоқ мі-  
нез бен әдеттер тауып алып, шошандап Женілейіп,  
ақылсыз, мінезді болып кеткен сияқты. Осы ғындарды  
әжесімен бірге талда, әңгіме қылып отырып, Жәмеш  
нығыздана береді. Көбінің жарастықты жақсы өміріне  
құмар болып ынтығудың орнына, жиреніп, паңсына  
қарап, торыққандай болады.

Солардың бәрінің ішінде Мәкен бәйбіше мен Жә-  
мештің толық ырза болып, көп уақыт әңгіме ғылатын  
бір ғана үлгілі өмір бар еді. Бір-ақ адамның мінезі  
мен өмірі «шын тілейтін өмір» дегізіп, екеуінің бастарын  
шұлғытушы еді. Ол Жәмештің биылғы өткен әпкесі  
Қадишаның өмірі болатын. Қадиша Жәмештен төрт-ақ  
жас үлкен еді. Қүйеуге тигеніне алты жыл болған. Ба-  
сында Кенжехан тоқалдыққа сұрағанда Қадишаның  
барғысы келмеген. «Тимеймін» деп, бірталай уақыт  
бұлқынған. Бірақ Мәкен бәйбішенің үғындыруы мен  
өсietі бара-бара Қадишаның уркектігін женді. Үйде  
жүрген уақытта Кенжехан келіп кеткен сайын бұра-  
ландап, айныңқырап қалып жүрсе де, Кенжехан аулы-  
на барып орныққан соң, бір жылдай уақыт өткенде  
Қадиша танымастық болып біртүрлі өзгеріп кетті.

Ең әуелі Кенжеханды қадірлек күтетін болды. Үйден  
шықса — аузынан тастамай: мінездерін, сөздерін айтып  
әңгіме ғылып отырып, үйге келсе — көnlінің барлық  
тілегін айтқызбай орындайтын. Сол үшін Кенжехан да  
барлық мал-мұліктің иелігінен шығып: басын да, дү-  
ниесін де, алдынан шықпай, Қадишаға билететін сияқ-  
ты. Қадишаның онысын Жәмешке үлгі ғып мактағанда  
Мәкеннің қайта-қайта айтатын бір жайы осы болатын.

Картан тартқан бәйбіше, жаратылысындағы момын-  
дықтан басқа, құйеуі түгелімен Қадишаға ауып кеткен  
соң бұлардың дәуреніне бөгет қыла алмайтын болып,  
сыртта қала берді.

Сансыз көп мал мен үлкен ауыл-ауданның даусыз  
иесі Қадиша болды. Не түрлі еркелік жасағысы кел-  
се — барлығы да бір өзінің ықтиярында. Маңайындағы  
көрші ауылдары мен Кенжеханды жағалаған бар елдің  
үлкен адамдарына ойна келген сөзін айтып, істегісі  
келген істің бәрін бөгетсіз істететін еркелігі бар сияқ-  
ты. Еріккен уақытта тәуір ауылдардың қыз-келіншек-  
тері мен кәрі-жасын түгел жиып, қыдырып жүріп, ойын

жасатып, көнлін көтеретін. Сәнді киім, салтанатты жүрісті түгелдеп нағыз сері, ерке бәйбішенің дәуренің сүретін.

Кенжехан Қадишаны алғаннан кейін үйінен шыға алмайтын болып: шықса — асығып, сағынып келетіндегі болып жүрген.

Елдің үлкен кісілері мен шет қонақтар келгенде, Қадиша Кенжеханға бірауыз сөз айтқызыбай күліп, қалжындаап, еркін жүріп, өзі күтіп шығатын. Және әрқашан Қадишаның күтімі өзге ешбір ауылдан, ешбір елден табылмайтын жайлы күтім болатын. Мәкен Жемішке бұл жайдың мағнасын түсіндіре келіп: «Басындағы үйін алтын сарай болды» деген осы дейтін.

Жәмеш әжесімен жыл сайын Қадишаның шақыртуы бойынша сонда барып, бір ай, екі ай жатып қайтуши еді. Сол барғанның бәрінде Қадишаның өмірі бұның көзіне біргалыпты күйінен өзгерген емес. Қыс болсын, жаз болсын — барлық уақытта да мезгіліне арнаулы жарастығы бар біргалыпты жылы, жайлы үй — Қадишаның үйі болып елестейді. Мәкен екі қызына бірдей «бақ» деген осы дейді. Эр мезгілдің өзіне арналған қамы бар. Мезгіліне жарасатын не сәнді қоныр күйі бар. Кенжеханның қыс пен жазда елден босаған уақытта ермек қылатын бәйгі ат, жүйрік ит, қыран құсы болса, солардың маңында жүретін күтушілері мен байдың сауықтағы жолдастарының барлығы да Қадиша тіршілігінің маңындағы үнемі айнымай жүретін кошеметшілері сияқты. Мәкен оны Кенжеханның қызығы емес, Қадишаның саулық-салтанаты деп көтереді.

Қадишадай әпкесі сондайлық еркін тіршіліктің иесі болып тұрған шакта әжесі бір мақтаса, ауыл-ауданың үлкені және түгел қадірлелітін Кенжехан сол әпкесінің жолдасы болғандықтан, Жәмеш кәрі жездесін іші-сыртымен түгел құрметтейтін болған.

Кейде ауылға қырық — елу атты жиынның ортасында тамам ел жуандары дегендерді аузына қаратып, қалың топтың қадірлісі болып Кенжехан келе жатқанда, Жәмеш әпкесінің өмірінен ешбір мін таба алмайтын. Сондайлық көп тұрғыластары қадірлеген атқамінердің ең жақсы көрген жолдасы өзінің әпкесі екенін ойлағанда, Жәмештің көнліне бірер уақыт мақтан пайда болғаны да бар-ды.

Жездесінің бір кезде сұлу болған пішіні бүгінде де жақсы ажарынан айрылып, тозып қалған сияқты емес. Сақал-мұртына кірген бурыл мен екі-үш тісі түскен кеттігі болса, ол мін дерлік емес, қайта Кенжехандай кісінің ерекше бір жақсы белгісі сияқтанып та көрінді. Жәмеш отырған жерде Мәкен бәйбіше Қадишаға Кенжеханның бітім тұлғасын мақтаудан да тартынбайтын.

Әлкесі тірі күнінде не бір күнге, не бір сағатқа қабағын шытып ренжіген, өкінген пішінін Жәмешке көрсеткен емес. Сондықтан әжесімен бірге жездесінкіне барып тұрған уақытта Жәмеш күннің қалай өткенін білмей де қалатын. Қайтар кезде: қонақшыл, көшпіл, көңілді ауылды — жылы ұяны қимағандай да болатын.

Міне осы хал бір емес, талай рет қызық шактай елестеп өткендіктен, Кенжехан сұрата жібергенде, Жәмеш көп ойланбай-ақ Кенжеханның жары болуға көніп қойған. Қарі шешенің өмір бойы құлағына құйып келе жатқан үгіті Жәмешті өкпесінен оқ тиген киіктей бір-ақ топ еткізді. Ағасы Қасымның: «Қадишаның бақытсыздығы да жетер, Жәмеш бармайды, берілмейді» деген сөздерінің барлығы да Жәмештің шынымен нағызын келтіріп, ызalandырғандай болды. Өйткені Қасым түсінгендей түсінік, ондай сезім әлі бұның басына келіп көрген нәрсе емес.

Қасым әдейілеп кісі салып: «ырза болмасын, адас-пасын. Қадишада бақыт жок-ты, бәрі жалған, құр сырт бояу болатын. Қадиша өз күйін маган айтқан-ды. Жәмеш Қадиша өмірінің сыртын ғана көрді, іштегі уын сезген жоқ. Оны Жәмештің әжесі де білмейді. Жауабын ойланып, ақылдасып алып, берсін?» дегенде, Жәмеш сол арада бөгелмestен әжесіне ақылдасып алып: «Қасым өз басын білсін, менде жұмысы болмасын, шын туысқан болса, мені айнитам демесін»,— деген.

Осы сөз Жәмештің келешек тағдырының нық байлауы болды. Бұдан әрі Кенжеханға бару-бармау әңгімесі қайтадан жаңғырған жоқ.

Ендігі болымсыз бөгет құда түсіп, мал беру, алу-берудің уақытын байлауда ғана қалды.

Бұл хал жазғытурым бүгінгі күннен екі ай бұрын болған хал еді. Содан бері не сыртқы оқиғаларда, не ішкі көңіл күйінде ешбір өзгеріс болған жоқ. Қүйеулердің келгеніне екі күн өтті. Қешегі күн тойы болып, қызық салтанатпен өткен. Жайлалаудағы ел қалың топ бо-

лып келіп жиылып, қызулы ойын-сауығын Істеп, қүйеу мен қалыңдыққа қошемет-құрмет көрсетіп тарасқан. Бұғінгі өткен тунде Жәмеш күйеуінің қасында болып шықты. Бұрын жезде болып, не аға, не әкедей үлкендік-пен жүрсе, дәл бұғінгі кеште Жәмеш алғашқы рет жар өмірінің шетін, шын пішінін көрді.

Бұл тунде Жәмештің қөnlінен қандай хал кешті? Басынан қандай ойлар өтті? Оның бәрі мәлімсіз. Қалыңдық сырын ешкімге айтқан жоқ. Бар жақыны дерлік замандас, сырлас Қасымның келіншегі — Бибіш болса, соған да қөnlіндегі жайынан бір ауыз сөз айтып, сыр берген жоқ.

Күйеудің үйінен ел тұрар кезде ғана шығып, Жәмеш әжесінің төсегіне келіп жатып қалған. Бірақ үйқы көрген жоқ. Үндемей курсінеді, іші у жұтып жібергендей пәре-пәре. Әлдекімнің қолы қастықпен ішкізген зэр сияқты. Бір мезгілде тұрып, қасына Бибішті алып, бел асып кетті. Еш сөз айтпастан өксіп-өксіп жылап алды. Сөйтті де шұғылынан: «Қабышты қөргім келеді» деді.

Бұл сөздің тұрасында Бибіш сыр тартпақ болып, мәнін сұрағанда, Жәмеш ешбір жауап қатқан жоқ. Бұрыннан женгесіне әмір жүргізіп дағдыланған әдетпен:

— Бұл жайын қудалап сұрамай-ақ қой. Бұғін саған ештене де айтпаймын. Қабыштың талай жылдық зарлаған қарызы бар еді. Бір көрсем, ештене етпес деп тұрмын, тек соған хабар айт!...— деген.

Сол сөздің бәрін өзінше жорыған Бибіш қыз бен жігіттің арасына осы да жетерлік белгі рой деп ішінен ойлады да, Қабышқа хабар беруге уәде қылды.

Сонымен күн өтіп, түн де болды. Бұғін кешке Кенжеханды «ылғи күйеу дағдысымен отырғызғанымыз лайық емес» деп маңайындағы малды ауылдың бірі барлық жолдасымен қонаққа шақырып кетіп еді. Түн болғаннан бері Қасымның онаша отауын өздерінің жатына ыңғайлап алған қыз бен келіншек Қабыштар ауыл сыртына келген сағатта сол отаудың ішінде үйықтамай әңгімелесіп ояу жатқан. Ауыл үйықтап, келер кезі болды-ау дегенде, үйдің сыртындағы тогайға қарап ит үргені екі жас әйелге белгі болды. Бибіш Жәмештің білегін қысып:

— Келді: Солар... Жалғыз-ақ олак келді-ақ бишаралар! Асығып-сасып, ұшып келемін деп итке білініп

қалды ма екен? Мұнша у-шу ғылыш келгені несір—  
деді.

Жәмеш тәңертеңнен бері өз ойында не күйлер болып  
жатса да, Бибіштің мына сияқты мінездеріне ырза емес.  
Ол ылғи Жәмешті Қабышқа тели сөйлеген сияқтанады.  
Өзі Қабыштың тілеулесі болып, бұны соған апарып  
табыс қылғысы келеді. Жаңағы сөз де сондайтың бел-  
гісі сияқтанды. Жәмеш көnlі үйқы-түйқы. Бірақ сонда  
дәл мынадай мінезге үрке қарайды. Сондықтан Жәмеш  
бойын салқын ұстап:

— Солар үшін жаңынды салғандай болып, елжірей  
бергенінді койшы осы! Алғашқы жүрген жүрісі осы  
деймісің?— деді.

Бұл сөз Қабышқа арналған қарсылық сияқты емес,  
көбінесе Бибіштің бергі мінезінен туған сәл қыrbай қа-  
бак тәрізді. Сондықтан талай жылдан бері құмар болып  
жүрген жігітті ізден тоғайға барудан Жәмеш әлі айны-  
ған жоқ.

Ауылдың дырдуы басылып, иттер тыныштық алған  
сон, Жәмештің өзі түртіп:

— Кәне, талай жылдан бері осы болса екен деп ті-  
леп жүрген жұмысың ғой, енді баста,— деп қара шапа-  
нын басына көтеріп бүркеніп алып, женгесінің артына  
түсті.

Қаранғы үйдің ішінде ақырын жүріп келе жатқан  
сұлудың шолпысы сылдырыады. Шолпының сылдырымен  
бірге жүрегі де лупілдеп келеді. Күндізгі дерпт сейіліп  
бара жатқан сияқты.

Екеуі де ақ отаудың есігін жамылыңқырап тысқа  
шыққанда, Жәмештің жүзі дағдылы күйінен өзгеріп  
жүдеп, сұрланып түр еді. Ол күрсінді де, Бибіштің бі-  
легін қысып: «Тез жүр, тез!»— деді...

## ЖЕТИМ

Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлы таудың бәктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі. Құн батып, ымырт жа-былып барады. Құнбатысты қалың қара бүлт басқан, ай-налада құнгірт тартқан тәбелер қоңырқай тартып, тұн тыныштығына қарай бойсұнған сияқты. Сондай жудеп сарылған тәбелердің арасымен үш салт атты келе жатыр еді. Бұлардың беті — қалың таудың іші. Құнбатыста алыста жауын бар еді. Сол алыста құн күркіреп жатты. Анда-санда көкжиектің тұсында құн жарқылдалап тұр. Бұлт қалын, жарқылдағы күшті еді. Қара-барқын тар-тып қараңылана бастаған аспанда тұксиген қатал қа-бак, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанға-нындай, құнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен құнгірт даланы әлде неге үміттендіріп тұрган сияқты. Тау бәктеріндегі қоңыр жел ақырындалап бұралып соғып, салбыраған шерлі күйді қозғағандай болады. Табиғат салқын түстен болса да, сұлу тілді сүйгендей, ізdegендей еді. Мәңгі мұнлы шермен үзіліп-үзіліп соққан желмен бірге жүректі ақырын-акырын шымшығандай еді. Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, үйқыға батып бара жат-қан даланы әнші жігіттің зар-мұнлы даусы ұзак толқын-ды ырғағымен тербеткендей болды. Эн салқын түсті та-биғат ортасында желікті қызықты еске түсірмей, ұлы бір сабырды еске түсіргендей. Эн салған жігіттер табиғатпен жалғасатын тіл тапқандай боп, кейде баяулап қоңырлат-қан, кейде шырқыраған сұлу әнмен тұн құшағына кіріп келе жатты... Бұл мүйнетте адамның әні де алыста күркі-реген құндей, үзіліп соққан бәктердің желіндегі табиғат-

тың өзінен шыққан бір қуат сияқты еді. Бойды табиғат қуатындай болып тоңазытып, көнілді жүз толқытатын қуаты бар еді. Эн кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырган үн сияқты.

Бұл жігіттер иесіз таудың ішімен түнде жүріп өтпек болып, тау сыртындағы елді бетіне алып, жалғызаяқ жолмен түн қатып келе жатыр еді. Осы кезде осы таудың сыртында жігіттер келе жатқан жақты бетіне алып, жалғыз жаю бала келе жатты. Жол үстінде ымырт жабылып, қас қарайған шақта жалғыз келе жатқан баланың ойында үлкен мұн, қабағында қалың қайғы бар.

Табиғат балаға қатал, сұық көрінеді. Жан-жақта жүдеу тартып, жұмырланған боз төбелер қайғылы сырыймен, дүние шерімен сазарғандай. Бетіндегі ақ көде, сары селеуді сүйретіліп, сумандап соққан түн желі желпи қозғап сілкінтіп тұр. Қарауытқан көлеңкелі сайлар қара түннің қараңғы сырын баурына жиып, әлденеге сақтап тұрғандай болады. Белгісіз тұңғынық жүрегін жаныштады. Эрі салқын, әрі қорқынышты күйді есіне түсіргендей болады. Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жеті түнде айдан шыққан айдаушы кім? Айдаушы сол баланың тағдыры еді.

Он жасар Қасымның бұдан бір жыл бұрын кәрі анасы өліп еді. Одан жарты жыл бұрын өзі туған әке-шешесі өлген... Өз әке-шешесі өлгенде Қасымның сүйеніші болып қалған кәрі әжесі бар еді. Қасымның кішкентай әлсіз басы тағдырдың бұның басына келерлік барлық соққысын түгелімен көріп шыққан. Алдыңғы өлімнен кейін жарты жыл өткенде кәрі әжесі өліп еді. Бұрынғы бала — бұрын еркелікпен жылайтын Қасым әжесі өлген күні шын қайғымен жылап еді. Басына аспан құлағандай уа-йымды сол күні көріп еді.

Жақын, жанашыр туысқаны жоқ болса да, маңайындағы ел әжесінің өлігін үйден алғарда, кішкентай Қасым үлкейген кексе кісі айтатын зардың бәрін айтып, шешесінің үстіне жығылып, айрылғысы келмей құшақтап:

—Әжетай, мені кімге тастап кеттің?! Мені неге ала кетпедің, менің қаңғып қалғаным ба? Менің шынымен сорлы, шынымен жетім болғаным ба?— деп зарлаганда, елдің сай-сүйегін босатып, кәрі-жастың жүрегін еріткен болатын.

Қасымға өзге өліктің бәрінен әжесінің өлігі батып еді. Әжесі демі үзілген мұйнетіне шейін қарсы алдында, аяқ жағына Қасымды отыргызып қойып, содан көзін алмай жатып үзілген. Кәрі кеудесінен жаны шыққанша, Қасымға ендігі қайғының қашалық ауыр болатынын біліп, бұның сорлы болған пішінін көруге өзінің көзі шыдамай, есіркеп, барлық күшін жиып, езу тартып күлгеген сияқтанып жатып еді. Сонда өмірді тілесе — Қасым ержеткенше деп тілеген. «Құлынымың бұғанасты қатканша, рақым ет. Сорлы қылыш қақсатпа, зарлатпа, керде мені күнірентпе!» — деп тілеп еді.

Әжесі осы тілектің үстінде өліп еді. Қасым сол күнгі жылауынан бастап, үлкен кісідей қайғыға, каралы күйгс түсті. Шешесін жоктап жылағанда, елжіреп сүйген атасы, өз әке-шешесі түгелімен көз алдына келіп елестеп, кешегі жылы үяны көз алдына әкеп түрғандай болушы еді. Қасым бәрінің де атын атап шақырып, кішкене ақ таяққа сүйеніп тұрып, жалғыз өзі онашаға кетіп, зарланып жылаушы еді.

Қасым үйіктаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып сүйіп уатып, көзін сұртіп жүрген әке-шешелерін көруші еді.

Бәрі де — біз тіріліп келдік, енді өлмейміз... Сен қорғансыз емессің, сен жыламайсың, сенің көз жасың бізді қайта алып келді... — деуші еді. Қасым түсінде еркелеп, әжесінің төсін іскеп, «мені неге жылаттын?» — деп өкпе айтатын. Ояна келсе, — көргені тұс болса да, Қасымның көңілі солардың өлгеніне көпке шейін сенбей журді. Белгісізден солардан хабар әкелуші бардай, не болмаса біреуі келетіндей, көңіл хиялын сол ой билейді.

Бірақ күндер өтті. Қасым жетім болды. Жетімдік бұған өзін барлық сұyk пішінінде емін-еркін танытты. Қатал тағдыр мықты қолымен қатты үстады.

Күннен-күнге өткен сайын әжесі келмейтін болып, алыста бастады. Оның бейіті Ұлытаудың бектерінде алыста қалды. Ауыл тау асып көшіп кетті. Әжесі тірі болған күн Қасымның көңлінен сұлу сағымдай, жазғытұрғы мамық түсті бүлттай болып, қайта оралмастай бол жоғала бастады. Әжесінің мұны уатып айтатын ертегісі, кешкі мезгілде алдына алып күпісіне орап отырып, тербетіп айтатын сезімді қоңыр әні де жоғалды. Өшті. Қасымның үмітті жарық күні де батты.

Әжесі өткен соң «жақынымын» деп, жаны ашыған ие

болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке-шешесінен отыз шакты қой, он шакты қара қалып еді.

Исаға Қасымның малын берерде жұрт: «Жетімнің малына киянат қылма! Өзін адам ғыл, күт, асыра, жылатпа!»— деп тапсырған болып беріп еді.

Исаның балалары көп, малы жоққа жақын кедей болатын. Ұрысқақ долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен малды өз малындай, өз мүлкіндей баурай бастады.

Тұнде ел жатқанда жетім қозыдай тас бауыр болып қалған Қасым жат үяда үйықтай алмай, көрпенің астында ундең жылап жатқанда, Иса мен Қадишаның әңгімесін есітіп еді. Сонда олар Қасыммен бірге келген малдың санын азсынып, әрқайсысының түсін атап, әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз, қасқа сиырды сатып, үй-ішіне — бала-шағара сәудегерден бұл аламыз,— деп ашыққа салып, кеңесіп жатты.

Қасымның көрпе астында жылап жатып, мұрның тартып дыбыс бергені де оларды бұрынғы әңгімeden тыйған жок еді.

Қасым осы тұннен бастап бар қайғыны ішіне жия бастады. Манайындағы көрші қатындар, сенімсіз топас шалдар:

— Бала, малыңа ие болуға жарамайсың!.. Эй, сені Иса жейді рой. Сенің малынды құртады рой. Ие бол!— деген сөздерді айтқыштап қоятын.

Қасым сөйлеп, орынды сөз айтЫП жеңе алмайды. Бірақ көңіліне жетімдік, әлсіздік қайғысы зіл-жара тастай орнап қалды. Аз заман өткенде бұрынғы толық ажарлы Қасым аппақ болып қуарып жүдеп, ылғи қабағы түйіліп, қайғы сзымен түксіп алды. Жалғыздық, сорлылық кебін барлық пішінімен білдіретін болып еді.

Бұрынғы кішкене әлсіз ойымен нобайын сезіп, қорқып күткен сұық күн Қасымның басына күннен-күнгө сұық қолын созып, жақындал келе жатты. Қасымның малы үстала бастады.

— Мен жетім емес пе? Менің малыма тигенің обал емес пе?— деп жылап айтқан — жұрттан ұғыран сөзі әсер бермейтін болды. Қек саулықтың мойнынан құшақтап жабысқан жолында Иса мен Қадишадан қабат таяқ жеді. Жылаған сайын тамақ бермейтін болды. Алғашқы қайғылы күндеғі Қасымның қадірі де үзақ болған жок

еді. Екі-үш күннен соң Иса мен Қадишаның сезім дегенді білмейтін — көн болған көңілдері бұрынғы таз қалпына келіп еді.

Олардың балалары бірінен-бірі ерке болып шығып, Қасым қағаберісте қалатын болды. Қасымға таласа-тармаса күнкөру керек болды. Мал ұсталғалы басында қайғырып жылатып, кішкене сорлы жетімнің ішінс у болып жиналып жүрсе де, әрберден соң ол қайғы бір бөлек қалды. Енді Қасым тамакты да жөндеп іше алмайтын болды. Жыламаса, әке-шешесі бар балалардан кезек тимейді. Оның үстіне олардың ересегінен таяқ та жей бастады. Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып — малды қарастыру, қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, кәпір, бармайды» деген атпен құтылып қалатын болып, Иса мен Қадишаның бейілді қабағына ырза болатын күйге келген Қасым тезек теретін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса Қасымға бостандық, еркіншілік жок еді. Кейде Иса өз балаларын: «олардың малы жок, малдың иесі — Қасым» деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бишаралығын ашық арамдықпен қақпайғылып та қояды. Бұл халдің барлығы сорлы жетім көңілінде күннен-күнгे өткен сайын арылмастай үлкен у болып жиналып жүрді. Қасым енді барлық өзіне қарсы арналған арамдық, өгейлік құлышқ пен кәпірстан мінезді қабактан, жарты сөзден үғатын болды. Тұрған аулында бір адамнан мейірімді мінез көрмеген соң, ешбір жанмен сөйлеспейді. Күз күніндей жабырқап жүдеп, қабағы қатқан қайғыда. Сырт пішіні момын сияқтанады. Бірақ ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық ныгайып орнай бастады.

Бұл мінез өсіп, күшейіп ішіне мұздай болып қатқан сайын, Қасым ашулы болып, қаны бұзыла бастады. Оның үстіне үнемі аштық, құтімсіздік, ауыр жұмыс қосылып, ойын шатастыра берді. Эжесі өлген соң, көңілінде бір күн тіршілігіне сүйсінгендей ашық күн болған жоқ. Кішкентай Қасымның түсі де, көңілі де қартайып, жүдеп барады. Бұл уақытта Қадишаның қолы үйреніп алған таяғы күннен-күнгे «Жетім ит», «Жаман неме!» деп көзге шұқып, жиі-жі тие бастады.

Бүгінгі Қасым жалғыз келе жатқан түннің алдында таңтертеңнен кешке шейін Иса мен Қадиша бұны үйіне жолатпай, ауылдан қызып жүріп сабап еді.

Ақырғы рет кеш алдында күні бойы жылаумен үздігіп әлі біткен Қасым жетімектің барлық сорлылығына бойсұнған пішінімен Исаңың үйін жағалап келе жатыр еді. Жаутандаган көзімен жылы шырай іздеп келе жатқанда, алдында бұрынғыдай зәрленіп тұрған Исаны көрді. Иса бұған «сен қарсы келдің» деген зілмен тағы да үрмақшы болып қарсы жүгірді. Сол уақытта Қасым жаны күйіп шыдай алмай жылап жүріп сөйлеп:

— Мені мұндай сорлығындағай не жазып едім?.. Ненді жеп едім?! Жазығым — қуарып қалған жетімдігім бе? — деп, жерде жатқан үлкен тасты ала салып, төніп келіп қалған Исаны тізесінен періп кеп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеліп еді.

Иса аузына келгенін айтып боқтап, аяғы мертігіп «бақ» етіп отырып қалды. Қасым сол бетімен тас лақтырып қуған балаларға жеткізбей, үлкен тауға қарай жөнеліп еді.

Ауылға енді қайта бара алмайтынын біліп, зарлап еңіреп, әжесі мен атасының атын атап шақырып келе жатқанда, бұрыннан ойлап жүрген бір көмескі ниеті есіне түсті, ол ниеті — ел жайлаудан қайта оралып, қыстауға таман жақындаған соң, сол қыстау маңында зираты бар әке-шешелерінің басына бармақшы еді. Олардың басына мал сойып апарып, құран оқытамын дегенде, алдында Иса мен Қадиша ұрсып, қабыл алмай, малды сойғызбай қойған.

Қезіргі Қасымның ойы, енді баратын қорған жоқ болғандықтан сол кораға барып, сол манайда қалған жатақтарға жетіп, тау бектеріндегі әке-шешелерінің басына барып, қабырын құшақтап жылау еді. Тау асатын жолда жалғыз келе жатқан зар еңіреген жетім бала Қасымды алып келе жатқан хал осы.

Қасым жүгіре бастады. Шошынған қабақпен алдыартына қарай береді. Жетім көзі белгісіз бірдемені күткендей болады. Пайдасыз күту. Ішінен қатты қорқып келе жатса да, көзіне көрінер тірі жан жоқ. Кап-қараңғы түн болды. Қасым тау ішінде келе жатыр. Бұдан кішірек күнінде көп естіген қараңғы сырлы әңгімелер болушы еді. Түнде кездесетін жын-шайтандар, қара түндей жалмауыздар... сау адамды қағып кететін перілер. Бұлардың талай рет түн жүргіншілерін шошытқан, жындандырған көзіне көрініп елестеген әңгімелері кішкентай

Қасымның көңіліне әбден қонып, онсыз да науқасты әлсіз хиялында мықты орын алып қалған...

Бұл уақытқа шейін Қасымды қайғы, жазықсыздық, ашу жетелеп дедектетіп келіп еді. Бұдан бұрын қайта қайту, Исанын пішінін көруден де өлімді таңдағ алатындаі еді. Сол күй қорқынышты ойлатпай алып кетіп еді. Қәзіргі уақытта қаранды түннің қара желі қатайып, түн түсі суи бастаған сайын, Қасымның жүрекі қалтырап, шошының, елеңдеп келе жатты. Оның үстіне алыстағы бұлт жиі-жіе күркіреп, күн жарқылдайды. Түнгі тау, қара жартас алыстан перілер мекеніндей болып — жарқетіп, қайта қарандылыққа батып жоралады. Түн қарандылығы жалт еткен жарықты тездетіп, жалмауыздай басып қалады. Таудың қараңғы сырлы сайлары жартастың қалың көлеңке басқан қара күйедей тұңғиық қап-қара беттері түйдегі таудың қаранды пәлелерін ішіне бүгіп жиып тұрғандай көрінеді... Тоғайда да қалың жапырақтың арасында қара бірдеме жасырынып, әлденені күтіп тұрғандай. Эрбір тұптің астынан қара түннің тұңғиық, сұық, терең, қара көздері мың сан болып қадалып қарап тұрғандай... Биік тау, мықты қара жартас, бұралған тоғай мен майысқан шалғын — барлығы да түн мезгілінде Қасымның көзіне жат болып кеткендей көрінеді. Тас қабақты, жұлдыз көзді, түндегі қара түсті қара кемпір тау ішін құйындаі құтырып, кезіп жүргендей. Қара желімен «әпсін» оқып үшкіріп тұрғандай. Дүниені тас қып қатырып, тылсым буғандай. Түн тыныштығын үйқылы қана-тын жалпылдатып қағып үшқан жалғыз ғана қаракұс бұзады. Сондықтан оның атын жынды құс қойған. Осы сияқты ауыр мезгілде Қасымды тау ішінде жетімдік қайғысы жанұшыртып алып келе жатты... Бір мезгілде, Қасым қорқып, дірілдеген жүрекпен маңайына жалтаңдағ әр нәрседен үркіп келе жатқанда, күн жарқетті. Сол уақытта жол жиегіндегі бір кішкене тоғайға келіп қалып еді. Оқыста көзін жұмдырып шошытып қалған жарықтың ішінде Қасым көз алдынан елбендең жөнелген бір нәрсенің түсін шалып қалды. Шошынып, өне бойы мұздаپ, жүрекі лұпілдеп соғып кетті. Бұл кеткен сол тоғай ішінен үшқан жынды құс еді.

Бірақ Қасымға ол көптен күткен қаранды сырлы күшті қуаттың бірі болып көрінді. Сол кезде Қасымды шешесінің қабырына қарай тартқан жетім жүрек өзге денесінің іркілейін дегеніне ерік бермей, ілгері дедектетіп

алып жүріп кетті. Бірақ бұл уақыттағы серігі кім? Перште дегені осы ма? Элде жын ба? Эйтеуір енді алдында бұлдырлап, елестеп жүгіргендей болып, елбендерген бір нәрсе жолын бастап келе жатқан сияқты. Қасым бір уақыт кісі екен деп ес көргендей болып еді, артынан шоши бастады. Жүрекі сенімсіздік хаупімен тағы лүпілдеп сокты. Ақырын жүріп, кейіндеңісі келді... Бір мезгілде бетіне құтырып, ысқырып келіп үйтқыған бір құйын соққандай болды. Жасқанып көзін жұмды. Қайта ашса — қаранғы түнде оттай жанған ала-кез ашумен тұксисіп қарап тұр...

Алдында тісі аксиған, ұзын бойлы, қолында ұзын қара пышағы бар қара кісі тұр екен. Даланың жыны осы ғой деп ойлай беріп еді, анау Қасымға әмірлі дауыспен акырып:

— Артынан еріп жур, әлсіз деңеңнің шаршап талғанына қарама! Аяғыңа кірген тікенге, жырған тасқа қарама! Өліп қалсан да артынан еріп отыр! — деп жүріп кетті. Әлсіз жетім:

— Агатай, жетіммін... — дей беріп еді, алакөз қайта жарқ еткенде, артынан жүгіріп кетті. Қасым өкпесі үзілгенше ентігіп жүгіріп отырды. Көз ұшына жоғалып кетті. Тұн ортасы болған кезде, таудың осы мөлшеріне бөктерде келе жатқан үш жігіт жетті. Бұлар аяишил аттардың екпінімен тастанақ жолды тықырлатып, таудың сала-саласын бір құлаап, бір өрлеп, жолды куалап келе жатыр еді. Ұзак жол жақытырып, тұн үйқысы жеңе бастаған жүргіншілер бірінің артына бірі түсіп, тізіліп келе жатқан. Бір уақытта бір тоғайдың тұсына келгенде, аттары осқырып, ішін тартып, тоғайға қадалып жүрмей, үркіп тұрып алды.

Сол уақытта жаңбыр бұлты тауға тамаи жақындал, жел катандап, күннің күркірегені жиілеп тұр еді. Күн әдетінше жарқ етті. Сонда үш жолаушы алдарындағы ағашқа сүйеніп жығылып, катып тұрған баланы көрді. Басында бұлар шошып, аттары да үркіп атып кетсе де, артынан оралып дабыстап, әлгі жерге қайта келді. Бұлардың көп айқайына ешкім дыбыс бермеді. Аздан соң аттан түсіп, қасына келіп қараса — жыртық киімді, өні құп-ку болып, қаннан айырылып жүдеген он, он бір жасар бала екен. Ол — өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздаап та болған жоқ екен...

## БАРЫМТА

Жарық айлы түн еді. Аспан бұлтсыз ашық. Мың сан жүлдәз тұңғиықтанған түн аспанында алыстағы оттай таласып жылтылдаپ тұр. Июль жүлдәзының аяғы болғандықтан, жайлаудағы шеткі қоныстарға өрістеп барған ел енді күзекке таман қайта көшуге айналып бір-бір қоныс кейін шегініп келіп отырған. Қайтқан елдің бес-алты аулы Кеңөзекке кешелер қонған болатын. Кеңөзек жайлаудағы шалқар қоныстың бірі еді. Бұның жері биік, кең төскей болатын. Терісаққаның елі жиылып көшкенде, кей кездерде Кеңөзекте он бес-жиырма ауылдай ел сыйып кететін қоныс бар еді. Қойнын ашып, төсін керген жалпақ шалғынды өзектің ортасында Кеңөзектің жінішке сусы ағатын. Бұл қоныстың өзге жайлаулардағы қоныстардың ішінде ең ерекше жері — жаздың қандай ыстық күн болса да, өзге жерден ерекшे бір салқыны болатын. Солтустіктері биік таулардан асып келіп, үзіліп-үзіліп майысып соғып тұратын қоңыр салқын желі болушы еді. Өзектің айналасындағы төбелер ылғи жасыл шөпке оралып, мәңгі жастық түсінен айрылмайтын сияқтанушы еді.

Кәзіргі жарық түннің тыныштығының ортасында Кеңөзек үйқыға кеткен сұлудай болымсыз дымқыл тұманмен бусанып, тыныс алған сияқты. Өзек бойына шашырап қонған ақ-шұбар ауылдар әр жерде, тарғактың, үйрек-қаздың ұядығы жұмыртқасында болып, өзінше бір жа-растықпен дөңгеленіп, үймелей отыр еді. Ауылдардың көпшілігі жатқан. Тұңліктегі жабылған ақ үйлер ай сәулесі түсіп маңызып, қара үйлер тұнжырай қарауытып, түн тыныштығына бойсұнып қалғығандай. Қотандағы мал тегіс жатқан — тегіс қалғытқан үйқыда. Өзек бо-

йында бір-біріне сүйеу болғандай болып, анда-санда даланы жаңғыртып айқайлаған күзетшілердің айтағы естіледі. Эр жерде бірен-саран иттер үреді. Күзетші салырған дауыспен дағдылы айғайын созып зорайтып айтады. Ұйқы түніндегі күзетші айқайы тұманды тұс көр-гендей болып қалғыған Қеңөзекті әлдилеп тербеткендей еді. Күзетшінің айтағы ұйқыға, тыныштықка, демалыска шақырғандай болады.

Ауылдардың көшілігі жатқан болса да, кейбірінде бірен-саран үйлердің оты бар еді. Кей жер ошактарда бірде үзіліп, бірде қайта қозданып, жалпылдаған оттар көрінеді. Тұнлігі жабылмаған үйлердің шаңырағынан қызығылттанған сәуле көрінеді. Қызығылт жарық тіршілік белгісіндегі болып көзді тартады. Эр ауылда жатпаған үйлер — кешірек жататын байлар үйі еді. Ел жататын мезгіл болса да, бүгін бұл үйлер жата койған жок-ты. Үлкен үйлердің арасындағы кермеде әрбір ауылда сүйеу тұрған ертеулі аттар бар. Арапарында жарау бәйгілер, дәмелі жүйрік айғырлар да көрінеді. Бүгінгі күн бұл ауылдардың қалың жылқысындағы сәйгүліктің бәрі де кермеде болатын. Аттар әлдекалай дыбыс шықса, сарылып тұрған тыныштықты ауырлағандай болып тықырышып, пыскырып, кейбірі жер тарпып елендейді. Бұл аттар түстен бері тегіс мініліп, бусанып келіп, жаңадан байланған болатын.

Қеңөзектегі ауылдың кермеге ат-айғырын байладап, бұгінгі күн әбігер болуына себеп не болып еді? Енді соған келейік. Терісаққанның елі жыл сайын жайлауына келгенде, бұның жайлауы мен жайлауы жасарлас болып аралас отыратын Қарағанды болысы болатын. Қарағанды, Терісаққан — екі дуанға қарайтын. Екі елдің руы да екі басқа, бір-біріне алыс болатын. Бұларды бір-біріне жақындастыратын жазғы жайлауғана еді. Екеуі де малды, кісілі, жуандырының соктыққыш ел болатын. Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізсем деген басталасы, баққундестігінен және солардың екі елді бұл-дірген мінезінен барып, акыры, бір-біріне қатты уыққан, қатты аңдысып шатасқан ел болатын. Соғы екі жылдан бері екі ел бір-біріне әбден өштесіп ап, қолдарынан келген қастықтарын аяспайтын болып еді. Жаулықта аралары ұзасқан болатын. Екі жағы да қарсы елдің басты кісілерін ұлыққа шағысып, талай-талай арыздар берісіп, адвокатпен де қуысқан. Бірақ бірін-бірі мендетіп жеңіс-

кен жоқ-ты. Ұлық бұлардың арасындағы дау-шарды жете тексерген жоқ.

Дуаны екі басқа болған соң, араларындағы шатасқан түйінді шешу қын да болған. Сансыз көп қып берген арыздарынан кей уақыттарда, айлар өтсе де, жауаптар келмей қалатын. Бірақ бұл елдердің адамдары қыс болып аралары алыстаған уақытта ғана арызбен іс қылуышы еді.

Жаз болып бір-біріне еріксіз жақындал, қоян-қолтық келгендे қолмен іс қылып: не үрласып, не барымтала-сып, кей уақытта жасақ жиып шабыспак та болып, дөң-айбат жасасып қалатын. Осы сияқты халдер бірталай жылдан бері келе жатқандықтан бұлардың арасында ел ортасының жесір дауы, қоныс дауы, құн дауы сияқтылардай іргелі даулары да болатын.

Сондаймен көптен кіжінісіп келген елдер биылғы жылдың жазында бір-біріне қолдарын батырмақ болып, қыза қимылдастып еді. Ала жаздай жайлауда екі ел жақын отырған уақытта ел азаматтары түгелімен ат ұстінде болған. Жаздай неше қылы әңгімелер болып өтті. Бір күні «пәленше таптан барымта алынып қалып, пәлен ауылдың жылқысына жау тиіп, айрып қалыпты» десіп, кейде «пәленнің екі-үш жылқысы өткен түнде жоқ болып шығыпты» десіп, тары бір уақытта қораға ұры кіріп азан-қазан болып қалған ауылдардың түрлі-түрлі әңгімелері естіліп жататын. Екі елдің жаулығындағы бір дағдылы жұмыс: алғашқы көрші келісікен кезде бұлар көп алыспай, көп соқтықпай, бірін-бірі барлағандай болып келіп, жаз ортасы ауғанда, әсіреле айрыла көшетін мезгіл жеткенде қызысып алысатын. Кей уақытта айрылып көшіп, арасы әбден елсіз болып алыстал кеткенше, түн асқан сайын бір оқиға болып қалып отыруши еді. Бүгін түнде Кенәзекте отырған ауылдар — сол оқиғаның нағыз қайнаған ортасында болатын ауылдардың бірі еді.

Өйткені бұл ауылда Терісаққанның ең жуан жері — Досбол ауылы болатын. Терісаққан Қарағандымен алысқанда, Досболдың нұсқаған бетімен барып соқты-сып қағысады. Биылғыдай жаугершілік болған жылдар барымташылардың топтары аттанса да, айтыс-тартыс болса да — барлығы Досболға мәлімделіп отыратын. Кейде көп сөз, көп кеңес Досболдың өз алдында болатын. Кенәзекте отырған бес-алты ауылдың ортадағысы

сол Досболдың ауылы еді. Бұлар жайлаудан кайта көшкен. Қарағанды да кейін серпіле бастаған. Сондықтан енді түн болған сайын жүдеу тартқан кемпір-шал: «Тағы не болар екен, тағы қандай пәлесі сап етеді?» десіл, күрсініп налығандай. Желікті бозбала, ер-азамат аты мен сойылын сайлап, елең қағып әбігерлене бастайтын. Биылғы жыл Досбол Қарағандыны жуасытамын деп бата қымыл ғылып, сол елдің өзіндегі басты аулы — Айдардан жақында отыз жылқы барымта алған. Бүгінгі түннен бес-алты күн бұрын олардың қуғыншылары келіп, сөз ала алмай қайтқан болатын. Сондықтан барлық Терісаққан болып, әсіресе Досболдың дәл өз маңайындағы жақын ел болып, енді Айдардан іс күтіп отыр еді. Досболдың тілеуіндегі жуан ауылдың көбі бұның ыстығына күйіп, суығына тонбак болып, өзді-өз ауқымындағы кедей-кепшіктерін де қолтығынан шығармай сойыл соғар ғылып, әзірлеп жүрген. Екі елдің арасы алыстағанша бұнын аулы мен сол ниеттес жақын атқамінерлерінің ауылдары бірге қонып, бірге көшпекші еді. Бірақ ылғи малды бай ауылдар жақын отырса, қойкозысы араласып, былыға беріп, түгендеуі қын болған сон, Қенөзекке алты-ақ ауыл қонып, өзгелері сол маңайдағы жақын-жақын қоныска үйіліп-үйіліп, тығыздалып қонған болатын. Осы сияқты мазасыз болған халдің ішінде бүгінгі күн бір үлкен оқиғаны күткен күн еді. Аңдысып алған ел бұл сонғы уақытта бір-біріне соктығуға бекінген сон, барлық сойыл ұстаяға жарайтын жігіттеріне, барлық дәмелі жүйріктерін мінгізіп, күндізтүні бірдей жер шолғызуши еді. Бұл сияқты сактыққа келгенде Досбол өзге жауларының бәрінен айлалы, шебер, әkkі болатын. Ол сойыл ұстаратып, атқа мінгізген көрші-қолан, кедей-кепшіктерге өз балаларын, туысқандарын да қосып, көбінесе өзі де қоса атқа мініп, дамыл алмай жер шолғызып, маңайды сүздіріп алып отыратын. Сондай шолғыншылары Қарағандының жалғызаяқ болып жүрген жауларынан талай жортуылшыны бекініп жатқан жерлерінен басып қалып, түсіріп алып жүретін. Ел жайлауға келгенде Досбол өз жылқысына көп жылқышы салатын. Ылғи жаумен соғысуға жарайтын сенімді мықты жігіттер Досболдың жылқысында болатын. Сондықтан Айдардың бестен, оннан аттандырған кісісінің көбі талай келіп, жолы болмай, бос қайткан. Кейбір соктыққан топтары ұрыскыш жылқышылардың

цолына бірен-сарапдаған кісілерін де қалдырып кеткен. Досбол Айдардан соңғы барымтанды айырғаннан бері сақтық пен пысықтықты бұрынғысынан да асырып еді.

Маңайдағы елдің «соғысады» деген ірі жігіттерінің көбінің астына сенімді ат беріл, сойыл-шоқпарларының тараптарын, кейбіреулеріне мылтық та беріл, өз аулында сақтайтын. Құндіз-түні соларға жер шалғызыатын. Бірақ осылардың бәрінің ішінде Досболдың ең нық сенетін бір жігіті бар еді. Ол өзінің жылқышы, бір жесір кемпірдің жалғыз баласы Қалбағай болатын. Қалбағай отыз жастардың шамасына келген кең жаурынды, дөңгелек денелі, өзгеден ерекше біткен қайраты мен жүргөл бар, шоқша сақалды қара жігіт еді. Бұны «Қарағандыдан шыққан жаудың албастьысы» деген атак Терісакқанға түгел жайылған болатын.

Соғыстағы шапшандық, мықтылықтың үстіне, бұл қыстығуні ат құлағы көрінбейтін боранда, айсыз қараңғы түнде жылқының ішінен бірде-бір күн қалмайтын. Қапысы жоқ. Жалығары, қажуы жоқ ерекше біткен жан еді. Қар төсеніп, мұз жастанып дамыл алмай жүріп, жылқыға шүйгін болатын жерді ерте бастан есептеп білетін. Қосты ылғи өзі бастап жүріп көшіріп, алдындағы малын қыстың жұтынан, қасқыры мен жауынан, жаздығуні барымташыдан ылғи аман алып қалатын. Қалбағай жылқының күты, өзіне тиген малдың берекесі еді. Жылқы да Қалбағайды танығандай еді: нелер шу асаулар Қалбағай боз айғырмен куғанда қалтырап, қаша алмайтын. Дөнен-бестісіне шейін жүген-құрық тимеген асаулар Қалбағай не бұғалық тастап, не құрық салғанда, тақымын қозғауға жарамай, шыңғырып барып жығылып, не темір қолдың күшіне бағынып, буынып жуасып, бойсұнып тұрып қалатын. Қарағанды жауларын айтқанда Қалбағай мазақ қылып: «Жаман жігітті кім жықлаушы еді: жауды көрсе, буыны босап кететін жігітке жауға шауып не керек?» дейтін. Бүгін сол Қалбағай жылқыда еді. Досбол Қалбағайдың қасына жетісегіз жігітті қосып беріп, өзге азаматты аулында сақтап, аттарын байлатып отырған. Бүгінгі күннің өзгеден ерекше қаупі бар. Өйткені далада жүрген түйеші түстен кейін Қарағанды жақтан шыққан бір топ жауды көрген. Түйешінің айтуынша, алыстан көрінсе де, жау қарасы мол, жүрісі қатты, беті — Кеңозек айналасындағы ел

болғандай. Бұлар Қенәзектен құнан шаптырымдай жердегі Қызылтасты бетіне алып келе жатқан сияқты деген. Осы хабарды ауылға түйеші екінді кезінде келіп айтқан еді. Шолғыншылар тұн боп кететін болған сон, ұзап шығып, жер шала алмай: «қапыда айрылып қалармыз, енді жауды ауылда жылқыдан тосайық» не болса да, өздері қелгенде қақтығып көрейік» дескен. Қазіргі уақытта ел жатқанша жылқыда жүріп күткен шолғыншылар енді: «Ол жау соқтықса, таң ата жылқы іруінде соқтығады; оған шекті тамақ ішіп көлеміз» деп ауылға келген. Бұлар тамаққа келерде жылқыны ауылдан өткізіп, ел жаққа шығарып, ауылға жақындастып әкеп салып, жылқының ішінде бұрынғы жылқышылардан басқа тағы алты-жеті кісіні қалдырып келген болатын.

Көвшіліктің айтуынша да, Досбол мен Қалбағайдың болжауына да бұл жолы Қарағанды мықтап сайланып соқтығуға лайық еді. Соңғы уақытта Қарағанды жақтан жансыздан келген хабар: «Айдар Қалбағайдың да атын естіп, Қарағандыдағы мықты ұрыларды жиып жатыр, үлкен қолмен келіп, бір мықтап соқтықпақшы» деген. Айдардың қолының ішінде бұл жолы Конакай, Жоламан да болады деген сөз бар еді. Конакай, Жоламан бір туысқан ұрылар болатын. Бұлар жалғыз екі болыс ел емес, осы маңайдағы жапсарлас елдің бәріне аты шықкан әрі әккі, әрі мықты жауынгерлер еді. Бұлар талайды зар қақсатқан жайлаудың қасқырында ұрының көк бәрісі еді. Малды, белді ауылдардың сазайын көп бергендейтін бұларды көрсетуші көбейіп, аяғында, ояз бен маңайдағы приставтарға аттары белгілі болып, бұларды қып жүретін. Қазірде бұның екеуі де аты шыққан «қашқын» еді. Соңғы кезде ұлық әлденеше рет қып келіп, ұстай алмай, ала алмай қайтқан. Ұлық қолына түспеген соң, бұлар қазақ қолына тіпті түспейміз деп бұрынғысынан да асқан болатын. Өздері үнемі қарумен мылтық, қанжармен жүреді деп, жүрт шошына азыз ғылатын.

«Осы Конакай мен Жоламанды Айдар баурына тартып, қашқындық халдерін пайдаланып, ұлыктан бүркеген боп, өзіне пенде ғып ап, Досболға қарсы салмақ болып жүр» деген хабар болған. Сондықтан бүгінгі жаудың ішінде олар да болуға мүмкін еді.

Ауылға келген жігіттер Досболдың үйінде ас ішіп, екі елдің арасын, Қалбағайдың мықтылығын, Конакай-

дың жүрістерін әңгіме ғылыш отырганда, Досбол аулының солтустік жағында, өзеннің аржағында отырган ауылдан шұылдаған дауыс естілді... Үйдегі жүрт тегіс тына қалып, «бұ не?» десіп елеңдеп, кейбіреуі жүгірісіп тысқа шыққанда: тун ортасында айқын шыққан «Аттан! Аттан!»— деген көптен күткен сұық сөз санқ-санқ етіп естіліп қалды. Үйдегі жүрттың бәрі алай-түлей боп тысқа қарай актарылды. Бұл кезде жылқы жақтаи да түн тыныштығын қақ жарып шыққан шошынған шулар естіліп жатыр еді.

Сол дауыспен аралас тасты жерде тарсыладап шапқан көп аттын тасыр-тұсыры мен сатырлап қатты қағысып жатқан сойыл даусы да естілгендей болды. Шеткі ауыл жылқыдан шыққан «аттанды» естіп шу еткен екен. Тысқа шыққан ер-азамат қарбаласып, ерсілі-қарсылы жүгіріп қақтығып жүріп, сойыл-қаруларын табысып алыш, бірі ілгері, бірі кейін сарт-сарт етіп аттарына мініп жатты. Алғашқы шу мен жылқы жақтан шыққан «аттаңды», сатыр-сұтырды естіген ат-айғырлар тықыршық атып шыдай алмай, басы байлаулы болса да, кермені сүзіп жөнеліп, еліріп, тынышсызданып тұр еді. Бұлардың кейбірі асығып келген жігіттер мінгенше болмай шыр айналып, сабырсызданып алыш жөнеліп жатты. Қөп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың көрілерінің: «А, қудай, сактай гөр!.. А, құдай, жаманшылығынан сакта!» деген шын жалбарынып, шын тіленген зарлары естіледі... Біреулері оларды ұрсып тоқтатып: «қайтуши еді!» деп кайрат береді. Үлкендердің араларында бала-шаға, қыз-келіншек бір жағынан жүрегі қалтырап тоңазып қорыққандай болса да, сонымен бірге дірілдеп қызық күтіп, біріне-бірі тығылып топтанып жүр.

Аттарына ілгері-кейінді мінген жігіттер біріне-бірі қарамастан сүзіп жөнелген ат әкпінімен желдетіп, аспанды қақ жарғандай болып, «қайда, қайда?» десіп, үздік-создық шауып кетіп жатыр. Аздан соң ауылда еркек қалған жок. Досболдың өзі де кетті. Үйіліп қалған әйелдердің, бала-шағаның ортасында Қалбағайдың жалғыз кәрі шешесі Ұмындық та бар еді.

Ол жүргігі белгісіз қауіптен қорыққандай болып: «А, құдай, ақсарбас!.. Қеселділердің отына күйгізе көрме, қарағымды! Жалғыздың жары құдай!» деп тілеу тілеп жүрді...

Бұның жалғыз сүйеніші, жалғыз медеу ғылғаны,— аға, бауыры жок,— жалғыз Қалбағай еді. Керек десе, жасы отызға жетсе де, әлі күнге кедейліктен қалың малын жеткізе төлеп қалындығын да алған жок еді. Кемпірдің бұндай қауіп үстінде көкірегін қарыс айыра ойлайтын арманының бірі сол да болатын.

Ауылдағылар шыдамнан айрылған сабырсыздықпен жылқы жақтың хабарын асығып күтті. Аттанған шабуышылар бірталай уақыт бірін-бірі демеп, «қайда, қайда?» деп айқайлласып, сол «аттан» шыққан бетке қарай қисая шауып кетіп қалды. Бірталай уақыт өткендегі болды. Бұл кездегі айғай үзіліп-үзіліп, алыстан ғана естілген сияқты. Жау да, қуғыншылар да әлденеше белден, қырқалардан асып ұзап кеткендегі болды. Жылқышылардан басқа ел кісілерінен, ауылдардан шапқан жалғыз Қенөзектегі ел емес еді. Өзге маңайдағы ауылдардың бәрінен де, Досболдар шапқан уақытта, осылардың топтарындағы болып, әлденеше топтар шуласып, ізденіп шапқан болатын. Әуелгі «аттан» даусы естілгенде бар ауылдардан жеті қаранды түнде шулап шапқан көл аттылар жайлаудың даласы мен белін азан-қазан ғылыш еді. Қенөзектегі ауылдардың үсті көп уақытқа шейін у-шуынан басылған жок-ты. Түн өқиғасынан сергіп қалған күзетші айтактары да жиілең, құшырланып шығып, иттердің үруі де үлкен шу жасағандай болып, молайып кеткен. Оның үстіне, далада шауып жүргендердің айғайынаи басқа жақын ауылдардың қатын-қалашы бір ауыл ішіндегі әңгімеге қанағаттанбай, біріне-бірі барысып қалып, топтарын көбейтіп, у-шу әңгімені молайтып жүрді. Бұлар анда-санда өзара әңгімелерін үзіп, бірін-бірі: «Тоқта, тоқтай тұршы әрі»— деп тоқтатып тастаң, қулағын тігіп, алыстағы алысқан жаулардың сөзін естіп, белгі білмекші болады...

Бұл кезде жау да, қуғыншы да әуелгі жылқы жатқан жақта емес, Қенөзектің басын айналып, елсізге тартып, Қарағандыны бетке алып, оңтүстікке таман ойысып барада жатқан сияқты еді. Ауылдағы жанға жау Қарағандының жауы екеін анықталғандай болды. Алыстағы көп сарының ішінде кейде көп аттың тұяғының дауыстары, кейде сойыл даусы, кейде үзіліп, кейде шулап шыққан айғайлар естілгендей болады. Сол көп сарының ішінде екі-үш рет алыстан атылған мылтық даусы да гүрс-гүрс етіп естіліп қалды. Ауылды осы сияқты бел-

гісіздік халінде қалдыра тұрып, біз Қеңөзектің ағында жатқан жылқышыға келейік.

Досболдың көрші ауылдары мен өзінде жеті-сегіз жүзге тарта жылқы бар еді. Құндізгі түйешінің хабарын тегіс естіген жылқышылар бүгін жылқыға тиетін жауды түн бола бастаған сайын асығып күткендей еді. Қалбағай ымырт жабылған соң, қундіз бірталай мініліп коя берілген боз айғырды ұстап мініп алған.

Әмірінде талай жау, талай барымташымен соктысып, қағысып көрген жырынды жылқышы бүгін қапысыздық пен сақтыққа түгелімен берілгендей еді. Ол өзге жылқышының бәрін анда-санда күлдіргі, көңілді әңгіме айтып сергітіп кетіп, үйқыларын келтірмей еліртіп, өзі дамыл алмай жылқыны шыр айналып шығып отыратын. Жылқы құндеғі дағдысынша тырағайлап, шашылып жайылуға айналып, айғыр үйірлері оқшаша шыға бастаса, Қалбағай қайыртып, көп жылқыны топтап жайып келе жатты. Жылқы жатқан жер адырлы қабаты көп, жасырыны мол жер болатын. Сондықтан, көп ендетіп жаюға болмап еді. Жылқының шеті биікшелеу адырлардың түсіна келгенде, Қалбағай жылқыны тастай беріп: сыйдыртып, ай сәулесінің астында қылаңмен жер шалағын. Ел жатар мезгілге тақалғаннан бері қарай Қалбағай бұрынғыдан да күшті сақтыққа салып, ширап алып еді. Ол тыным алмай, жылқы құлап келе жатқан өзектің айналасын кезек-кезек сүзіп, жауды барлап жүрді. Жылқыдан кейде жарты шақырым, кейде бір шақырымдай да шығып қетіп, қалғып тұрған сайларға келіп, жым-жырт болған түнмен бірге демін ішіне тарташып, тымағын қолына алып, қатып қадалып тұрып қалатын. Бұл кезде боз айғыр да үрлыққа көп мінілген дағдылы аттай болып, не бір пыскырып, не ер-тұрманың сылдырлатпай, Қалбағайдың тілін үкқандай болып мелшип, сарын тыңдаپ тұрып қалатын. Осымен ел жататын мезгіл әбден болғанда, Қалбағай жылқының күншығыс жағына шығып жер шалып, енді жылқыға қайта келгелі тақап қалғанда, күнбатыс жақтағы ай сәулесі түсіп тұрған бозтөбеден самаладай болып жаудың көп шоғыры шыға келді. Бұлар жеті тунде үркіп қиқулап үшқан қаздардай болып, тәбе басында бөгелмestен сатырлатып сойыл қағып, қалың жылқыны үркіте қиқулап, өзекке қарай шапты. Жау қарасы көп еді. Алғашкы тәбе басына қара бұлттай, шоктай болып үйіліп, жау

шыға келгенде-ақ Қалбағай жүргөт селт етпестен жаудың санына көз салған. Бұлардың қарасы 30—40-тан кем емес екен. Жылқыдағы кісі 15 шамасында болатын. Сайды басына көшіріп сатырлап шулап шапқан жауды көргенде, қалың жылқы «шүр» етіп үркіп, қатты жел күнгі дүрілдеп жанған өрттей болып Қалбағай жаққа қарай жосып жөнелді. Жылқышылардың бірен-саралы шошынып үркіп кеткен жүрекпен жылқымен бірге қетті. Жау қарсына бір 12 кісі «қайт! қайт!» деп қарсы шапты. Арапары жақын болып қоян-қолтық келіп қалған жаулар ай сәуле сімен шағылысқан ақ сойылдарды айдынмен көтеріспе, шапыр-шұпым араласып, ұрысып қалды. Бірақ жылқышы саны аз. Жаудың жартысынан артығы жылқышимен ұрысқа, бөгеуілге қалып, өзгелері жылқының соңынан түре қуып жосылтып әкетпек болып бөліне шапты. Бұларды қуып үш-төрт жылқышы да шауып кетті. Жылқышылар екі-үш рет ұрысып, қағысып, байқасып шықты. Бұл жолғы жау бұрынғылардан гөрі бата қимылдайтындай түсі сұық, екпінді еді.

Жылқышылар алғашқы жау қарасын көргеннен-ақ шуласып «аттан» салып еді. Әлі де сол дауыстары басылған жок. Жылқы жосылып, өзектен шығып, адырға қарай асып кетті. Алғашқы кезде кездесіп қалған топтар екі-үш айналысып ұрысқан соң, қалған жау да жылқының артынан салды. Жылқышылар шұбатылып күді. Жау ішінде өзгелерден гөрі бөлекше болып, бата қимылдан екілеңіп келіп ұрысатын және ұрган қолдары асығыс ұрып жүрсе де қатты-қатты тиетін екеу бар. Бұның бірі теңбіл көкке мінген, біреуінің астында құйрығы төгілген есік пен төрдей тор қасқасы бар. Бұлардың қолынан жылқышының үш кісін түсіп қалды. Кашып ұрыс салып келе жатқанда да артымен, алдынан келгендей табандап ұрады. Әлдеқалай көп сойылдың арасына түссе, сойылдарын шыр айналдырып, бірен-сарал болмаса, көп ағаштарды тигізбей шығады. Екеуі бір емес, барлық жылқышыға да көзге түсіп көрініп, өздерін танытып қалды, бұлар соғысқанда да алғашқы келгеннен-ақ «Мен — Қонақай», «Мен — Жоламан» деп келіп салысқан болатын. Қазірде Қонақай мен Жоламан өзгелерден бөгеліп қала беріп, жылқышылардың бірталайын бөгеп ұрысып келе жатты. Сатырласқан ұрыс ішінде тістеніп егескен:— «я шіркін-ай!.. Үа, кәпір-ай!..» дескен, шолақ-шолақ қылып айтып, бір-біріне

ызалы болып, тұжырған сөздер естіледі. Осы сияқты ұрыспен жау мен жылқышылар жылқының көбінең өтіп, алдыңғы тобына жетіп қалды. Бұл топ жүз қаралы жылқы еді. Жаудын он бес шамалы кісісі бұл жылқыны өзгеден жырып алып, алдына төсеп салғандай болып сойылдап, шаңын бұрқыратып қуып барады екен. Қейінгі ұрыс салып, жаумен жағаласып келе жатқан жылқышылардың ішіне әлі күнге шейін Қалбағай келген жоқ еді. Ол өзінің үстіне қарай жылқы алғашқы дүркіреп жөнелгендеге қалың жылқыға қақтығып шыға алмай қалып, соңда да тебініп, қамшыланып, ызамен қаны қайнап, жылқыдан сыйылып алып, ұрысып жатқан қалың топқа боз айғырға қамшы басып, айғайды салып, жаңа шапқанда жау тобынан жылқыны бетке алып шапқан бір шоғырды көріп, соны туре қуған. Қалбағай жылқыға шапқан он-он бес кісінің тобына араласқанда бұған өз кісілерінен төрт-бес кісі қосылып еді. Бұлар қасындағы он беспен тізе қосып, қатты ұрыс салып келе жатты.

Бұл кезде Қалбағайдың қасындағы жігіттердің де жүректері орнына түсіп, ұрысқа төсөліп алғандай еді. Қалбағай жау тобымен екі-үш рет араласып, салысып қалғанда бір жау аттың жалын құщып барып, өзгеден оқшау шығып кетіп, ауытқып барып түсіп қалып еді. Бұдан соң тағы бір айналысқанда алдынан қасқып келіп табандасып ұрысқан жириң қасқа атты Қалбағайдың сойылымен бірге шашылып түсті. Қалбағай бұл арада қара шоқпарды сүйсінгендей болып бір салмақтап алды. Жылқыны көздел шапқан топ бұлармен ұрысқа бөгелмей жылқыны жарып жөнелмекші болды. Бірақ Қалбағай бұл жылқыны онтайлықпен беретін сияқты емес еді. Жау мен жылқышының артқы тобы жақындалап, сатырлап, жанталасып тақап қалғанда Қалбағай жанындағы жолдастарының тізесін қосып алып:—«Мениң жырылмай, жылқының ортасын қақ жарындар!»— деп боз айғырға қамшыны басып-басып келіп, жолшыбай сермелген сойылдарын қағып ұшырып, алдынры жаудан тобымен өтіп шықты. Сол бетімен жылқыны жан-жағына кезек-кезек машинаша жылдамдықпен соыйлдап, айғайды салып, ұрып отырып, қақ жарып шықты. Дәл осы кезде топтанып, шоғырланып келе жатқан жылқы жан-жағына тоз-тоз болып бытырап жөнелді. Қебі кісінеп үркіп, кейінгі көп жылқыға қарай қайта жөнелді. Артқы жау шашырап жөнелгендеге ие бола ал-

май қалып еді. Алдыңғы жарылып жөнелген жылқының артынан өзге қалғаны да шашырап жан-жағына жөнеле бастады. Әрі-беріден соң жау сойылы да бөгет бола алмады. Өзге көп жылқыдан бұл кезде жау үзап кетіп еді. Басында алдарына түскен жылқыдан жартысынан артығы қашып кетті,— Қалбағай айырып алды.

Кәзірде жаудың алдында жиырма бес, отыздай-ақ жылқы қалды. Қалбағай бұл уақытқа шейін жаумеи үрысқа көп алданбай, ылғи бестен, оннан жылқыны айырып келе жатқан. Үрысты жылқыны айырып болған соң бастамақшы еді. Әрі-беріден соң жылқыдан жау алдында он бестей ірі жылқы қалды. Бұларды қалың жау ортасына қоршап алып, енді шетке шығармауға айналды... Жау бұл он бес жылқыға қанағаттанса да, қанағаттаңбаса да, енді осыдан басқа жылқыны қайта оралып ала алмайтын болды. Өйткені жылқыдан үзағаннан басқа сол кезде ауыл жақтан да шулап шапқан дауыстар естіліп қалып еді. Сондықтан олар енді жылқышыға өктемдік істеп кетпек болып, он шақты кісіге жылқыны қаматып құғызып отырып қалғандары бөгеуіл соғысқа шықты. Жау бұл уақытта ел құғыншысынан бетін алыстатып, оларға тез жеткізбейтін болып, Кеңөзектің басымен құншығысқа қарай тартып еді. Енді құғыншы жаудың өкпе тұсынан төтеден қосыла алмайды. Олар да артына түсіп қуатын болды. Қашқан жауға бұл бір тыныс еді. Олардың кіжініп келе жатқанын жылқышылардың қалыспағаны үшін соғысып жазалап кетуіне орын кен болды. Сондықтан жылқы қуғандарды алдарына сала беріп, өзге қалың тобы аттарының басын іркіп, жылқышыны тосуға айналды. Бұл кезде жау саны отызға толар-толмас еді. Өйткені бұлардың ішінен алғашқыдан бергі үрыста Қалбағай төртті түсірген. Өзге жылқышылар екеуін түсірген екен. Оларды арттағы жылқышылар басып қалып, аттарын іліп алып, жолдастарына құтқартпай қойған. Бірақ оның есесіне жылқышылардың да саны кеміп еді. Анықтап төсөліп үрыспаса да қашып үрысып жүріп-ақ, Қонақай мен Жоламан бес жылқышыны түсіріп кетіп еді. Бірақ Қалбағай қалған жылқышылардың тобын маңына тартып алып, ел кісісі артта қалғанын біліп, енді тізені жазбандар деп шауып келе жатып, басшылық бүйрүқ айтып, жүртты желлініп қиқулап қыздырып келіп, тосқауылға бөгелендей қал-

ған топқа артына ерген шоғырымен тұтас келіп араласып кетті. Бұл арадағы қактығыс бүгінгі түндегі асығыс қарбаластағы ұрыстардың бәрінен бөлек, ең ірі ұрыс еді. Соғыс қызбастан бұрын жылқышыны жасқантың болып, Жоламан «қайт-қайттап» тұрып, алты атарды екі атып жіберіп еді. Оған соғысқа бойы үйреніп қызып алған жылқышылар бөгелмегі. Содан кейін сатыр-сұтыр тиіскен сойыл, бұрқылдаған шан, бір жерде үйлігіп таласқан топ иттей жанталасқан, үймелеген үлкен топыр болып кетті... Екі жакта секөнт сайын жапыр-жұпыр көтеріліскен сойылдарын жауларына жиі-жиі тигізіп, соғысты қыздырып бара жатты.

Аз уақытта екі жактың қолынан тағы да иесі жығылған төрт-бес ат ойнап шықты. Бұлар Қонақай, Жоламан мен Қалбағай қолынан босатылған аттар еді. Бұл түнгі соғыс Терісаққан мен Қарағанды жаулығында бұл күнге шейін көрмеген соғыс. Мұның ерекше қызулы болуына себепші болған Қалбағай мен Қонақайлар. Осы қызу ұрыстың кезінде Қонақай бір жылқышыны құлатқан бетімен өз қолына өзі сүйсініп, «мен — Қонақай... мен — Қонақай» деп тағы да құлшынып шықты. Қалбағай көптен Жоламан мен Қонақайды басқалардың ішінен анықтап айыра алмай жүр еді. Бұл Қонақайдың даусын естігенде жолдағыларды тастай беріп, боз айғырдың жылдамдаған бетімен қарсы алдынан ойқастап кеп: «олай болса, мен — Қалбағай» дегенде, екеуі де ежелден кекті болып кіжініскен жауларша қарсы қарасып келіп, сойылдарын жұлып көтерісп алысты. Бір-бірінен жалтарған жок. Табандап тұрысып салысып қалды. Екеуінң армансыз сынасатын жері осы еді. Қалбағай соны ойлағандай болды. Қонақай өзіне біткен шапшаңдықлен жылдам ұрдым десе де, ол екі үрғанда Қалбағай үсті-үстіне төрт ұрып жіберді. Бұл уақытта жыбырласып ұрысып жатқан қолдар бұлардың маңайында қалмаған екен. Қонақай соны аңғарып, байқай бергенде құлағы тағы бір нәрсені шалып қалды. Ауылдан шапқан қалың жау кәзір бұларға жақындал қалыпты. Мұның жолдастары соны естіп жөнелген екен. Олардың артында төрт-бес жылқышы қалмай кетіп бара жатыр еді. Қонақай бұл халді сезген соң тенбіл атты бұрып ала жөнелді. Кейінгі елдің айғайы жақындал келеді... Бұл ұрысып жүріп бұрылуға айналғанда Қалбағайдың сойылы дымыр-ақ көп тиіп жібер-

ді. Атының бетін түзеп жөнелгенде, Қонақайдың басы шыр айналғандай болып зеніп қалған екен...

Қонақай қашып келе жатып ұрысқан болса да, бұның атын боз айғыр жібермейтін болды да, Қалбағай мұны мендететін көрінді. Оның үстіне ұрысып келе жатып артына бұрылып қарағанда, жақын кезеңнен асып келе жатқан ел қуғыншысының алдыңғы тобын көрді. Бұл топты көрген соң сасқандай болып тебіне бастады. Қалбағайға кәзіргі уақытта Қонақай есі кеткен кісі сияқтанды. Бұрын: омыраулы, үлкен денелі, айбатты жауы кәзірде жауырыны бүрісіңкіреп, еңкеюге айналғандай болды... Қалбағай мұны көрген соң тепсініп келіп, күшін жиып алып, екі ұрып жіберіп айдыны аса бастаған жау даусымен: «Тұс!.. Тұс!.. Өлесің!— деді.

Соңғы екі ұрғанда Қонақай аттың жалын құшып тенселіп қалды. Боз айғыр барлығуға айналса да, тенбелді көп ұзатпайтын сияқтанды. Дақ сол уақытта Қонақайдың кейін қалып, әлі күнге жете алмай келе жатқанын біліп, Жоламан қайта оралып келіп қалып еді..

Жоламанның араға түсіп кететінін біліп, Қалбағай емін-еркін жетіп алып, мендетіп алған жауын ақырғы рет табандатып бір ұрып түсірмекші еді. Сондықтан, айғырына қамшы басып Қонақайға тағы да сойыл салым жерге келіп қалды. Сол уақытта Қонақай Жоламанды танып, әлсіреп асықкан дауыспен: «Мен калуға айналдым, әлсіреп кеттім!.. ат!..»— деді. Сол сөз айтылғанша Қалбағайдың шоқпары қара құстан тап басып, зілдей болып ұрып жіберді. Қонақай қатты тенселіп кетіп, атының он жақ қабырғасына түсіп барып, қайта әлін жиып көтерілем дегенде, екінші қабырғасына түсті. Сол уақытта Жоламан да араласып қалып еді. Қалбағай шоқпарды Қонақайға тиген бетінен жұлып алып, енді Жоламанды үрмәкшы болғанда мылтықпен созылған қол, боз айғырдың басын көздеп түрғанда жасқанып барып, атылып кетті. Дәл осы секөнтте тенселіп бара жатқан Қонақай боз айғырдың алдына құлап еді...

Жасқанып атқан оқ, дәл жүрегінен тиген Қалбағай да мылтықтың түтіні айыққанша ат үстінде жоқ болып, Қонақайдың қасына бүктетіліп түсті. Жоламан Қонақайдың аты мен боз айғырды іліп алып жүріп кетті. Одан әрі айналуға уақыт тығыз еді. Өйткені қуғынши тобы шулап келіп қалып еді. Боз айғыр жау қолында кете

барып, Қалбағай жоқ болған соң үркісіп жүрген жыл-  
қышының бәрі «Ой, бауырым!» салып, Қалбағайдың  
басына жиылып қалды... Жау кете барды. Кейінгі қу-  
ғыншы да Қалбағайдың басында шулап жылап, үйіліп  
қала берді.

Жарық айлы бүгінгі түн қаралы қанды түн болды.  
Өз намысы оянбаған екі бейбак, асығы түгел әлдекім-  
нің намысына итаршылық жасады да, жайрап түсті  
қос арыс!

Семей, 1925

## КІНӘШІЛ БОЙЖЕТКЕН

Май айының іші. Гүбірнелік қаланың бақшасы мейрам күніне күндізден әзірленген. Күн батуға тақағаннан бері қарай, қаланың қызықты көксеген жастары әлдеше көнілді топ болып, күлісіп-әзілдесіп келіп, бақшага кіріп жатқан. Бұғін күн ыстық болған. Сондыктан мынау бақшаның көлеңкесінен шыққан салқын леп майысып қана тербете соққанда, денені тез көтеріп, сергіткендей болушы еді.

Мейрам күннің тұс мезгілінен бері қарай, бақшага барамыз деп әзірленген бозбала мен әйелдер күн батардан-ак бөлек-бөлек жайраңдаған тои болып, үзілмestен келіп жатыр. Қала халқына көлтөн белгілі болған бақша оркестрі күндізден құтырып ойнап, дәмелі жастың көnlіне қозғау салып шақырып тұрган.

Құмы мен шаңы көп ыстық қалада майдың қоңыр салқын көші кішкене сұлу бақшаның ішіне жанар оты сөнбеген жастарды еркін демалысқа, түстей сұлу сезімге шақырып, күтіп тұргандай. Бақшаның сәнді шұбар тобы көрініске шыққан сахна сұуларында болып, неше алуан тілімен былдырлап, желікті күлкі, сезімді қалжыңмен оркестр күйінің ішінде толқынып, бұралып етіп жатты. Күн батып, қас караюға айналған кезде бақша мезгіл сайын жаңданып, ыстық лепті тіршілік қызуымен ажарланып келе жатқан. Бақша, тіршілік күнінше, жылытатын үяша талай менреу ойды да оятып сергіткендей.

Кейбір шеткі аллей ұзақ қоңыр, қаранды болып келіп, қаранды тұн сырымен қосылып, ыстық демалыс, үзілген жүрек күйін ескерткендей болатын. Екі жақта-

ғы қаранғы қалың төфай ішінде тұнғиық қара көзді тұнсыры оркестрдің сезімді күйіне тіл қосқандай. Қалқып тұрып иек қағып, жұмсақ жел сілкінтекен жапырақтарын тілші ғылып, сол күймен сыйырласып сырласқандай болушы еді.

Бұл бақша — өмір базары. Кейде құлаштап, кейде кезі келсе — топтап, кейде жекелеп сатылатын сезім базары. Бақшада жаздың тұні болды. Ашық аспанның көп жарық жұлдыздары бақшаның тәбесінен төніп, таласа қарағандай.

Бақшаның халқы әр алуан болушы еді. Қөпшілігі — орыс жастары; бұлардың арасында анда-санда татар, қазақ жастары да кездесетін.

Әзірше көп халық үлкен аллейде мың тілмен сөйлеген қалың селдей болып тынымсыз ағылып, толқынып өтіп жатты.

Гүбірне бақшасының үлкен аллейінде екі-үш жерде дөңгелек фонтан бар еді. Олардың тұсында сейілшілер екі жарылып, жарығы мол аланда бірін-бірі көріп, ерсілі-карсылы өтетін.

Сағат 8 мөлшерінен осы аллейдегі топқа келіп арасқан үш қазақ жігіті өзара анда-санда күлісіп-әңгімелесіп, ажары тәуір әйелдерге телміре қарап, «осы сұлу, осы сүйкімді» деп, құмарланған пішінмен қызықкан сөздерін айтып жүрді. Бұлардың ортадағысы аласа бойлы, жұғымды, кішілеу денелі, қызыл шырайлы қараша жігіт еді. Тұнғиықтанып, сұлу ажармен қарайтын пенсне киген қара көзді, қыр мұрынды, қысқалау қара бүйра шашты жігіт. Бұл — гүбірнелік қалаға шет жерден жанадан келген Фаббас болатын. Жанындағы екі жігіт — соның осы қаладағы бұрын басқа жерде бірге оқыған жолдастары.

Бұл қалаға келгеніне көп болмаса да, Фаббастың өзге таныстары да көбейіп қалып еді. Сол көп таныстың ішінде Фаббасқа әсіресе әсер берген Файша бар. Бүгінгі бақша ішінде сейілде келе жатқанда, Фаббастың қасындағы бір жолдасы: «Келуші ме еді?» — дегенде, Фаббас келуін күткен кісідей: «Сөзіне жетсе — келмекші еді, қайта ойланса — өзі біледі!» — деп күлген болатын.

Файша мен Фаббастың танысқанына аз уақыт болып еді, бірақ гүбірнелік қаланың соңғы кездерінде болған сауыктары мен тағы бір-екі жерде конакта болған жиынтыста бұл екеуі бір-біріне қайта-қайта ұшырай берген.

Файша гүбірнелік қаладағы қазақтың тәуір қызы болады. Фаббас — қазақтың басқа облыстан келген тәуір жігіті. Бұлар бір-бірінің атын бұрын да естіген екен. Оның үстіне, екеуі де балалық, бүйірғылық шактан өткен. Сондықтан екеуіне де жақындал сөйлесіп, ұзак әнгімелесіп, жеңіл түрде қалжындасуға да көп киыншылық болмаған. Бүгінгі кештің алдында бұлардың акырғы көрісіү алдынғы өткен түнде татар театрында болған.

Сол кеште Фаббас көп төсөлген дағды бойынша, еп-теп шырға тартқанда, Файша қарындағас аса көп сыр білдірмесе де, созаландап, әнтек иіліп келе жаткан тәрізденіп еді. Сондықтан Файшамен қоштасып, айрылар жерде жас жігіт: «Жақында үйден шықпақ ниетін бар ма? Жок әлде бүгінгі сауық тойдырды ма?»— деп, күлімсіреп сұрағанда, бұл өзі «көрісейік» деген сөзді айтпаған кісі сияқтанып, шын ниетін ішіне бүгіп отырған болып сөйлеп еді.

Файша да ол сөздің түбірін байқамаған кісіше: «Жазғытұрымғы уақыт кой, үнемі сарылып үйде отыра беру ауырырақ тиеді. Оның үстіне ертең бақшада жақсы сейіл болмақшы дейді, соған баармын!»— деген.

Фаббас бақшада сейіл болатынын бұрын естімese де:

— Мен де соған бармақшы едім. Олай болса, ертең кездесерміз...— деп еді.

Файша үндемей ырзалық білдіргендей болды. Эзірге түспал сөзбен, емеурінмен ұғысқан жастар осы сөзбен бірін-бірі ертеңгі бақшада көретіндеріне нық сеніп айрылысқан болатын. Бүгін Фабастың бақшаға келудегі мақсаты сол Файшаны кездестіру еді.

Фаббасқа қасындағы жолдастары Файша жайын көптен баян еткен гүбірнелік қаладағы қазақ оқығандары бұдан екі үш жыл бұрын Файша жайын сөйлеп-сөйлеп, аяғында, атын тоздырып болған соң тоқтаған-ды. Қазақтан шыққан бірен-саран әйелдің жеріне жетпей тоқтамайтын ел аузы Файшаның басына өз бағасын алдақашан беріп болып, нық байлауын жасаған. Бір замандар Файшаның атына бірі артынан-бірі тізбектеп келетін әлденеше жігіттің атын қосақтаған болатын. Сол әнгімелердің шет-жағасын Фаббас та естіген еді. Бірақ Фаббас жаңа таныс болған құлықты әйел туралы өзгелер келген байлауға келген жоқ-ты. Ол Файшамен таныстырын, онымен жүрген жүргісі мein әнгімесін әзірше

ешкімге сыртқа шығарған жоқ. Бірақ сырттан қарап, көлеңкеге тон пішетін көзден өз істері үшін қысылған да жоқ-ты.

Файшаның келуін тосып жүрген мезгілде, жанындағы жолдастары:

— Сен бұны жаңа көрдің, алғашқы көрінісінде әйелдің жақсы-жаманы айрылмай да қалатын. Оның үстіне, Файша жақсы актриса десетін. Бірақ, есіне салғанымыз, бұл үлкен романға героиня болуға татымайды. Одан бергінді, қазактың баласының ғой, өзің де білерсің,— дескен.

Бұл сөз күлкі мен қалжың есебінде айтылып еді. Сондықтан парыз-қарызы жоқ бір әңгіме болып қала берді. Осындаі сөздермен үш жігіт үлкен аллейдің орта фонтанына шыққанда, қарсы топтың ішінде әңгімелесіп келе жатқан екі жас әйелді көрді. Бұның бірі Файша, екіншісі соның жолдасты — татар қызы Мәдинә totаш еді.

Ғаббасты екі жағындағы жолдасты да түртіп қалды. Бір-бірін алыстан көрген жастар көріскең жерден алыста болса бас иіспін амандасып, біріне-бірі қарсы жүрді.

Жастар жақындасты келіп амандасып, енді журуге айналғанда, бесеуі бірдей қатар журу қалың кісі келе жатқан аллейде ыңғайсыз, икемсіз болды. Ғаббас пен Файша екеуі бір бөлініп, ана екі жігіт Мәдинә totашпен бірге қалды. Алғашқы жерден-ақ кешегі жақынырақ таныс болып қалған қалыпқа екі жас օдай келе кетті. Әбден үйір болыспаған адамдарда мұндай кездескен уақытта ең болмаса бас кезінде тосандық болушы еді. Ғаббас пен Файша ол халді жазып жіберді. Алғашқы сөзден-ақ бұлар күлісіп, дамылсыз әңгімеге кірісіп кетті.

Ғаббастың алғашқы сөзі:

— Бақшаға кешендеп келдіңіз, әлде бұрынғы келулер жалықтырған ба? Екі ойлы болып барып келгеннен амансыз ба? — деді.

Файша кесектеу даусымен күле сөйлеп:

— Жоқ, мәні бақшаның жалықтыратын орны жоқ, ейткені осы бақшаға менен сирек келетін адам жоқ! — деді.

— Олай болса, кешірек келуіңіздің себебі не? Әлде кеш барсақ та, құр қалмаспаз дедіңіз бе?

Файша бул сөзге майысынқырап күліп:

— Рас, бақшаның қызу кезі де осы уақытта баста-

лады. Оның үстіне қазақ табиғатының өзі осы сияқты үнемі шу мен дырдуды сүйе бермейді ғой. Қызық шығар деп келсен, жалыктырып жіберетін де уақыты болады. Сондыктан кісі үнемі асырып жүрмейтін болыпты!— деді.

Файша қазақ табиғатын сөз ғылғанда, артындағы екі қазақ жігіті Мәдінәнің көзінше ешиәрсөні ашып айта алмай, біріне-бірі қарап, көзбен табысты. Екеуі де ауыздарына дым тәттілігімен жайсыз тиетін бір зат түскендей болып, езу тартып күлісті. Іштей: мұның аты «шыраға!» десті. Тегінде Файшаны губірнедегі оқығандар «шешесі татар болса керек, толық қазақ емес» дейтін де сөздері болатын. Бірақ Файша қазақтың өз қаны екенін білдірмек болып, қазақ әйеліндегі табиғатты жаңа көрген танысының бәріне дағдылы бір машиғы сияқтанып айта беруші еді. Мақтанушы еді. Әркімге әртүрлі сөйлеп көрген Файшаның бұл шынында бір әдісі еді.

Ғаббас әлі күнге Файша сөзіне өзге жолдастарындағы сұық сынмен қараған жоқ-ты. Сондыктан өлгі сөзіне орай ғылыш:

— Олай болса, менің долбарым теріске кеткен жоқ екен. Расында, екі-ойлы болып келген екенсіз ғой. Бірақ бүгінгі күн өзге күндердей болmas. Жалыктырмас деп сенейік!— деді.

Файша түбі көрініп жаткан саяз судың жайдактап акқан ағысы сияқтанып, жеріне жетіп қалған кісішіе, Ғаббасқа ұғымды боларлық күлкімен бетіне қарап ұзақ кулді. Бұл кезде Ғаббас та қоса құліп, Файшаның күлген пішініне ерігендей көзбен көп қарады. Файша пішінді әйел еді. Бұнда ең алдымен қазақ әйелінің көбінде кездеспейтін биік, сұлу дене бар. Толық етті, ақ жүзді әйел болатын. Ашық мойны бұғакты, жұмыр сұлу еді. Бет тұлғасы да, аз кесектеу келсе де, сүйкімді сұлу болатын. Көзі қой көздеу, бүйраланған қара шашты еді. Сәнділіктің орынды шартын білген әйел майдың ақ жібек киімін кигенде қара шашы мен ақ денесіне қай қазақ жігітінің болса да көзі еріксіз тоқтатынын білген-ди. Әйелді сыртқы көрінісі мен жаразтық жағынан бағалайтын Ғаббасқа Файшаның ендігі пішіні тез әсер еткендей болды. Файшамен күлкілі қалжыңға араласқан сайын, Ғаббас қазақ жігіттерінің бұрынғы барлық сөзін естен шығарып, ұмытуға айналды. «Кім біледі, әлде ол қазақтың өсекшіл табиғатынан шыққан бір сөздер шығар. Ол үшін

мына сияқты казақ қызынаң тартынудың орны жок»  
дегендей болды. Осы қалыпта бірер сағаттай екі жасты  
жалақтырмадан қызықты қалжын, көңілді әңгіменің  
мезгілі өтті.

Бұл уақытта Мәдинәнің қасында қалған екі жігіт  
Мәдинәдан айрылып, өз беттерімен бір азырак әңгімелесіп жүріп, аяғында: «Файша мен Фаббасты табыстырыдыш; Мәдинә бізді тастап кетті. Ендігі жүрісімізде не магна бар? Бүгінгі бақша бізге ырза шығар, енді қайтайдык» десіп, кетіп қалды.

Мәдинәнің бұлардың қасынан кетуіне себеп болған нәрсе бұл жігіттер компаниясының көңілсіздігі еді.

Мұның екеуінің де үйінде қазақ катыны болатын. Және онсыз да, татар әйелімен бұрын үйлесіп, жақындастып көрген адамдар емес еді. Екеуінде де әйелмен оңай үйлесетін, әсіреле бақша ішінде үйлесетін мінез жоқ-ты. Табиғаты ауыр адамдар.

Оның үстіне Мәдинә қастарында қалғанда, бұлар бозбала міндетін атқарып, оны көңілдендіріп, құлдіріп отырудың орнына, өзара тұспалмен сөйлесіп, әркім-әркімді қағытқандай болып күлісе берген соң, Мәдинә қарсы келе жатқан бір totashты көріп:— Райхан!— деп, қазақтың екі көңілсіз жігітінен құтылғанына қуанғандай, бөлініп жүгіріңкіреп, күліп кетіп қалды.

Екі жігітке кетерінде қош деген сөзді де айтқан жоқ. Шешесін көріп талпынып жүгірген жас баладай, кетіп қалған. Мыналар сын тақпай-ақ қала берген.

Арттарында ауыр көзбен қадалып келе жатқан екі қазақ жігітінен құтылған соң, Файша мен Фаббас та бұрынғысынан гөрі жазылыңқырап қалып еді. Бұлар біраз жүрген соң, бақшаның буфетіне кіріп, кешкі тамақты жеп, азырак жеңіл арақты ішіп шықты. Бұл кезде бақша тіршілігі бүгінгі кеште боларлық барлық қызудың төріне жетіп еді. Әншейінде кең көрінетін аллейге жүрт зорға сыйып, сендей болып сіресіп-тұтасып, қалың толқын болып ырғалып өтіп жатты. Сансыз көп тілмен әр алуан күлкі бақша ішін жазғытуымғы жырши құстар мекеніндей көрсетеді. Бірде екпіндеп, бірде құмарлықпен үзіліп, кейде ерекше сезімділікпен ырғалып, толқынyp, бақша музыкасы ойнайды.

Буфеттен шыққанда көп уақыт өтіп жатқан жүртқа қарап отырған Файша Фаббастың екі жолдасының кетіп

қалғанын айтып күліп: «Біздің келісе алмайтын жігіттеріміздің бірі — осы екеуі!» — деді.

Фаббас себебін сұрағанда, Файша азырак қолдан жағаған мұнды пішінмен:

— Маган әртүрлі болымсыз себеппен сырттан жүріп наразы болатын жігіттер бар. Эйтеуір тіршілік дегеннің өзі де бірге — жағып, екіншіге жақызбайтын бір дерт қой. Жазықсыз болсаң да, жала, өсек, орынсыз қиянат деген нәрсе қазақ баласының көңлінен табыла береді. Не ғылған таусылмайтын жаулық екенін білмеймін! — деді.

Бұл сөз бұрынғы күлкі-қалжынан ғері, әңгімені енді аз мұн мен наз араласқан нәзік жылы сырға қарай ауыстыруға себеп болды. Сондықтан екі жас буфеттен шыққан бетімен көңілдің кәзіргі күйі мен сезімді әңгіме жетектеп, үлкен аллейден тарайтын бір қараңғы аллейге тұсті. Бұл кезде екеуі қолтықтасып алған еді. Буфеттің басқышынан түсерде Фаббас жас әйелдің нәзіктігін қошметтеп қадірлекен пішінмен қолтығынан сүйеп түсірғен. Сол бетпен қолдарын алыспай, ақырын сүйеніспін жүріп кеткен.

Қараңғы, қоңыр көлеңкелі, мұнға батқан сыбыр мен сыр аллейі бұлардың көніл күйіне күй қосты. Файша сәйлеген өмір жүдеулігін Фаббас та бірталай уақыт қостаған түспен макұлдап әңгіме ғылыш келіп, аяғында, Файшаның жұмысақ білегін қолтығына қысынқырай күрсініп:

— Рас, өмір жүдеу, кімді де болса мәз ғылар қызығы жок. Бірақ оның толқыны бойды билеп жеңе берсе біржолата тұқыртып әкетеді. Сондықтан анда-санда сұлу сезім отына берілгендей бір үмыту болмаса, үнемі уайым-қайғы тіршілік емес. Сүр өмірдің ішінде күншуақ-қа шыққандай боп, анда-санда сезім күніне жылыну да керек емес пе? — деген.

Бұл сөз Файшаны құлдіріп, бұрынғы көтеріңкі көнілді күйіне қайта әкелді.. Файша басындағы сөзін «жок, ол орынсыз» деп дауласатын кісіше бастаса да, аяғында, өзін-өзі әдейі ату жерге әкелген анғал андай болып, Фаббас бір сөз айтса — жеңіліп қалатын жерге келді. Алғашқы қарсы болмақ болып айтқан сөзі дәлелсіз, мағнасыз, оңай ғана ұтылатын сөз болды...

Содан кейін бір сатыда: рас, адамның өмірі жылынанын күншуақ іздейтіні рас, — деді.

Фаббастың көптен күтіп, нысанаға алған жеріне Фай-

ша күлкі, қалжын, күрсіну арасында созылып келіп, жаңа ғана жеткендей. Жас жігіт енді бір қараңғы тоғайдың түбіне келіп тоқтап, Файшаның екі қолын көтерінкіреп ұстап, карсы алдында тұрып, көтөн дайындаған анық тілек, шын мақсатын айтты.

Басы мен аяғы аныктап дәлелді болып құралмаса да, анда-санда арасында шешен сөздер араласып келіп, шын сезімнің тілі сиякты айтылды. Аз дірілденкіреген дауыспен бірге, буынды алған ыстық сезім лебі де білінгендей болды.

Жазушы жігіт өз сезіне, бір мүйнетке болса да, шыным деп сенген жүрекпен сөйледі. Даусына діріл кірді.

Ол ішкі сырын сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім... деген сиякты ыстық сезім тілімен бітірді.

Сол сөздер Файшаны өзгертер, толқынтар деген сезіммен айтылған, Файша бірталай нәзік сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеді. Фаббастан да бұрынғы көп естіген сөздерінің бірін ғана қайта естігендей болып, тағы күлді. Бірақ ендігі күлкісі: «олай болса,— несі бар, бөгет не?»— деген сиякты.

Фаббас алдыңғы сезі босқа егіліп елжіреген сөздер екенін сонда байқағандай болса да, тасқындаған құмарлықпен қыздың екі қолын өз иығына артып, мойнын құшақтап, өзі де көптен асықкан құмарлықпен қатты қысып құшақтап, Файшаның күліп тұрған аузынан ұзак уақыт сүйіп тұрды. Бұлар көпке шейін тілге келмей, құмартып қызған денемен, ыстық демалыс, асau ашық сезіммен көп сүйісті.

Жастар бойын буған құмарлықтың толқынынан болсағанда, түн ортасынан ауып қалып еді. Сол көлеңкелі күнгірт аллейден әлі де шыққан жоқ. Музыка Фаббас женген майданды күттіктағандай болып, құмарлық күйін ойнап жатты.

Қыз бер жігіт ашық сезін айқын сырға беті ашылған қалыппен ендігі қалған уақытты дамылсыз сүйіспен, ақырын сыйыр, тәтті сезбен өткізді.

Бұлар бұрынғы перделеп, бүркеп сөйлейтін сезідің бәрін енді атын атап, ашық сөйлеседі. Ендігі сыйырдың ішінде құшақтасып, иықтарымен сүйенісіп келе жатып, бір кезде өмірдің қызық шағы — махаббат құншуарын сез ғылды. Кейде сүйіскең өмір — тіршіліктің барлық мағнасы деген де сез болды. Кейде жай өмірдің коңыр жүдеу болып, көңілдерін жүдетіп құлазытатыны да ай-

тылды. Қазақ қауымының «қиянатшы өсекшілдігі» де сөйленді. Бұл сөздердің барлығы да Файшаның бастауымен, соның әңгімесінен туып отырып еді. Барлығына Фаббас тұр қосып, дәлел тауып, Файшаның барлық сөздерін түтептімен макұлдаپ, қостап жүрді.

Осы сияқты шын сезімге байланып, құмарлық уытымен боялған ұзак әңгіменің ішінде бір уақыт Файша ендігі достық түбегейлі байлаулы достық болуын тілеңдей болды. Есті әйел бұл тілегін олақ қылып айтқан жок. Олактық бұл сөздің дәл бүгінгі түнде шұғыл туып қалғандығында болмаса, айтуында орынды болды, келістірген еппең сөйленді.

Басында Фаббас әртүрлі көмескі сөздермен бүркей жауап берсе де, артынан бір ашық сөз сөйлеу қажет болғандықтан, бұл сөздің шұғыл келгендейгін айтып ойланбақшы болды. Фаббастың бүгінгі сезіміне Файшаның соңғы сөзі тәттіге ащыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Файша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сую мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жок.

Файша көпті көрсө, Фаббастың да бұл алғаш көрген әйелі емес. Талаймен талай түрде кездессе де, көпшілігінен осы сөзді естіген. Бірақ олардың көбі Файшадан епті, орынды ғылып айтқан емес. Файша әншайіндегі көп әйелдей айтса, Фаббас та дағдылы бір жауапты бере салар еді. Кейде Фаббас: бір көрген жерден «ал» деп айта қоятын қалтада дайын тұрған неғылған байлау? Олай болса маған да сонша жауап парыз-қарызы жоқ деп: «аламын» деген сөзді де айтып салып, бірталай жерге әйел де, өзі де сүйретіліп барып қалушы еді. Бірақ бүгін Файшага оны істеген жок. Бұл Файшадан тілегі бітіп, құмарына қанып болғандықтан емес, Файшаны шындаң байқап, ойланып көріп, дәл баға бермек болған мақсатынан туып еді. Файша есті сөз, сұлу пішін, сезімді сұлу дене, ыстық құшақ, ұзак сүйісімен Фаббастың бұрынғы жеңіл бағалайтын әйелдерінен көп артық, көп маңызды сияқтанып еді.

Бұлардың әңгімесі алғашқы сүйіс уақытынан бастап, бір уақыт қызулы сыйыр күйінен солғындаған жоқ еді. Кейде біріне-бірін тартқан сезім бұлардың әңгімесін үзіп-үзіп те кетеді. Онда жас жігіт қыздың бет-аузы мен көзінен сүйгенді қанағат қылмай, барлық толық сұлу денесін құмар құшақпен сипай қысып, ашық мойны, кеү-

десінен, білегінен де жабысып, ұзак-ұзак күйдіре суюші еді.

Осы сияқты халдің ортасында таң ағарып атуға айналғанда бірін-бірі шынымен құмарланып сүйгендей күйге жеткен жігіт пен қыз тоғайда жана оянған торғайлардың алғашқы жырларын естіп келе жатып, бақшадан шықты. Таңның ақырындан соққан салқын желі бар еді. Жібек киімнің етегімен бұралып-ойнап келеді. Кейде алдынан қарсы келген жел Файшаның толық жұмыр кеудесі мен сұлу етті сандарын жіктендіріп, білгізіп қояды.

Бұл Фаббастың көзіне ілінбей қалған жок. Файшаны жұмыр белінен қысып құшақтап, жүрісіне бөгет қылып тоқтатыңқырап келіп, бір тілек айтты.

Жастар Файша тұратын үйдің алдына келіп қошта-суға айналғанда, екеуі де бүгінгі тунге толық ырза болған пішінмен ертең осы үйде көріспекші болып айрылып еді.

Арада бес күн өтті. Бақшада болған күннен соң, уш күндей Фаббас Файшаның пәтеріне айтқан уағынан қалмай келіп тұрған. Ол соңғы келгенінде ертең тағы келмек болып кетіп еді. Бірақ ол күні келген жок.

Кеше болмаса, бүгін келуіне қысынды еді. Файша кеш болуға айналғаннан бері қарай өз бөлмесінде жақсы көрген жігітін күтіп отырды. Бүгін де бұрынғы келетін мезгілінен өтіп барады. Кеш батқанына бірталай болды. Жақсы жылған кішкене үйдің іші қараңғыланып келеді. Шам жағатын мезгіл де алдақашан болып еді...

Бірақ Файша сәнді жылған төсегінің үстінде қоңыр тартқан бейуақытта мұнды оймен сарылған кісідей болып, Фаббасты күтіп жатты.

Мұның көnlі Фаббасты жар ғылуға алдақашан-ақ үйғарып, қабылдап еді. Бірақ сұлу сезім, ыстық құшақ иесі сұлу жігіт өлі күнге келмейді. Келсе, төсектегі Файша жатқан қалпынан тұрмай-ақ, аз көтеріліп қарсы алар еді. Қазіргі кішкене үйдің ала көленкесінде қасына отырғызып сүйер еді, қысар еді; жібектей жұз бұралып, кешегі, алдынғы күндердей сүйген жігіттің ыстық демін сезіп, тал бойы игендей болып жатып, тәтті түс көре, көзін жұмып қалғыр еді.

Кішкене сүйкімді бөлме... Қыздың төсегі... Ала-ке-ленке кеш... Сүйгенін күтіп сарылғандықтан, жастығын құшақтап жатқан қыз... - Жұмсақ ақ дене... Толқынды

қара шаш мынау... Осының бәрі рас болса, жас жігіт қайтып қана кешігеді? Таныс болғаны анада ғана... Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұ да сүйнған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша ғана қызығып, алған соң, бір-ак иіскеп тастай ма?.. Әттең қазақтың салқын көңіл сүйк жігіті-ай!.. Жүргінде от сезімнің лапылы жоқ. Бәрі де жанға сөле-кет тиетін тарамыс-ау! Болсаң еттің басқалардай!.. деген ой келгенде, Файшаның көз алдынан ұзынды-қысқалы денелерімен тоғыз жігіттің суреті елестеп өтті.

Бұл ұзын саны еді. Бұлардың ішінде естен қалмас-тай қымбаттары да бар. Басында Файшаға екеу-ұшеудің суреті таласа келді. Өткен күннің елесі кәзіргі көnlін әбден женіп болмаған жас әйел қайсысына тоқтарын анықтап тандай алмай тұрғанда, олардың бәрін кейін шегергендей болып, бір салқын ой келді.

Ол ой: әлде сол күнә сүмдышынан ба? Солар үшін бұл күйге ұшырадым фой. Әйтпесе қазақтың талай қара қызы теңін тауып кетіп жатыр. Мен әрі оқығанмын, әрі бәрінен артықпын. Неге әлі күнге менде күйеу жоқ? Өң ескіріп барады. Жылдан-жылға өтіп келеді. Алдақашан мен үй иесі болуым керек. Мен қартаймақпын ба? Кәрі қыз болам ба?— дегенде Файша бұл ойдың пішінінен шошып кеткендей болды. Көзінің алдына, бетіне әжім түсken ,екі жағы солған... Шашына ақ кірген, кейбір тістері кетиген, туғаннан шашының ағына шейін қурап, жалғыз өзі сүйретіліп келе жатқан сар далада, елсізде құлазыған моладай жалғыздық көрінді. Файша бұл ойға тегінде бүйтіп көп тереңдеп бара алмаушы еді. Өзін аяйтын. Сондықтан кәзіргі жүдеу көңілді үдетпей басып тастап, бұрынғы кездерде көnlін тербеткен адамдарға қарай ойын жылтып, ауып кетті.

Әуелі ең алғашқысы... Ол кезде Файша гимназияның үшінші я төртінші класында еді. Жасы 14—15 шамасында болатын. Онда бүгінгіден әлдекайда сұлу, әлдекайда ажарлы еді.

Жас жүректің қомағайлығымен өмір сусынын қана жұта алмай, асығып діріл қағып, алдынан белгісіз қызық күтетін. Ондағы қиялды мен бітімсіз зор тілегі келешек-тегі күндерден ертегінің алтынды сарайларын, күміс бәйтерек, күміс бұлактарын тілейтін. Сұлулығы жазды-гүнгі сағымдай, алтын айдарлы жақсы жарды ойы су-реттеуші еді. Файшаның ондағы сұлу жүзі мен жас дене-

сінің уыздай аппақ, толық, нәзік көріктілігі өмірдің болымсыз аз сыйына қанағаттанбайтын сияқты. Ол күнде ақ жүзінде махабbat күн шуағындай болып, қызулы тіршілік белгісін білдіріп, қызыл қан ойнайтын.

Тұрған пәтері бай татардың үйі еді. Файша тұрған үйде ол үйдің жақыны — татардың бір бала жігіті болатын. Оның жасы 16—17 де. Ол да гимназияда оқиды, жасына қарай, Файшадан бірер класс ілгері болатын. Өзі сұлу денелі, қызыл жүзді, қара бүйра шашты, қара көзді, өте сүйкімді жас жігіт еді.

Бұлар бірер айдай бірге тұрған; сабакқа бірге барып, қайтарда бірге қайтып жүретін. Жас жігіттің аты Фазиз еді. Ол сезімді нәзік жігіт. Аз үялشاқтығы болатын. Көп замандай Фазиз ішіне мұнды сұлу сыр жасырғандай болып, үндемей қорғанып, күрсініп жүрген-ді.

Бір күні бүгінгідей бір қоңыр кеште, ала көленкеде екі жас Файшаның бөлмесінде көңілді әнгімелесіп отырып, аяғында, ойын арасында бір нәрсеге таласып алысқан-ды... Екеуі оңаша үйдің ішінде жүгіріп: бірі қашып, бірі қуып, дауыстап ойнап жүріп, аяғында Фазиз әлділігін ғылышп, Файшаны төсегінің жанына келгенде белінен құшақтап әкеліп жыққан. Файша жіңішке дауыспен шыңғырып, сақылдан күліп жүргенде, ыстық леппен күлген сұлу еріндері Фазиздың сол беті мен мойнынан қанды қайнатып, сырғанап өткен. Бұл қозғалысты Файша алыс үстінде байқамай істеп еді. Бірақ жас жігітке мастық уын ішкізгендей тиdi. Файша сол күлген бетінде түрекелемін дегенде, көптен құмарлық жеңген Фазиз сұлу қызды қатты қысып құшақтап тұрып, ып-ыстық бетінен сүйіп-сүйіп алған. Мастық жеңіп сүйіп алса да, бұл іс кәзіргі секөнтте өлім халімен бірдей боларлық, ауыр уақыт еді. Екеуі де келесі секөнтті «енди не болар екен?» дегендей күдікпен, қалтыраган жүрекпен күтіп еді. Ыстық бетіне сұлу жігіттің дірілдеген ерні тиген уақытта ғана барлық ойының мағнасын үққан Файша басында үні ешіп тына қалып, ешбір қарсылық көрсетпеп еді. Сонымен бір сәтте Фазизді мойнынан қатты құшақтап қысып, бұл күнге шейін күнәлі болып көрмеген екі таза еріндерін асығып келіп табыстыруға Файшаның өзі басшы болып еді. Көленкелі қоңыр кеште ұзақ сүйіс, оттай ыстық демалыс... үнді өшіріп, бойды үйтқан құйындағы құтырған жастық..., жалындаған ыстық құ-

шак... Үзіліп-үзіліп қана шығатын бір ауыз, жарым ауыз болса да көп мағналы сөздер... — ыстықтадым... ауыртып сүйесің... у-у... деп күрсінген сияқты қысқа-қысқа белгілер... басы осы еді... «Тотынаманың» алғашқы бір бұтағы осымен басталатын. Арғысы онан да... онан да әрі үзақ қызық еді.

Бұдан кейін екі-үш жыл өтті... Арада Фазизден басқа екі нөмір өтті... Бұлар қазақ жігіттері еді. Біреуі босан, олақтау шәкірт еді, ол биши болатын. Бірақ Файшаны күннің көзінен де қызғанатын болды. Өзінде өткір қылық аз болса да, сүйісу мен құмарлығы тым мол болып, таусылмайтын үзақ ертегі тәрізденіп жалықтырып еді... Екінші қызметте жүрген, кексе тартып қалған, жақсы киініп, жақсы майланағатын кулығы, орамы мол құлдірғілеу жігіт еді. Оның алдауы мен шырғасы көбейе берді... Сондықтан Файша одан да жалықты. Бұл екі жігіттің алғашқысын Файша дерпті қылып тастан еді. Соңғы айырылғанына қиналмаған сияқтаңды. Бұлай болғаны жас қызды бұрынғылардан гөрі аз өкіндіріп кетті.

Бұдан соң тағы бір жыл өткенде 17-жылдың өзгерісі болды... Өзгерістен бір жыл бұрын сабағын бітірмесе де, Файша окудан шығып, салт бойжеткен болып жүр еді. Оған бұл кездерде үнемі досты іздейтін, түбебейлі жарды керек қылатын мезгіл жетіп еді... Файша бұдан бір жыл бұрын соңғы қазақ жігітімен жүргендеге-ак, күйеуге тилю әңгімесін ойлад еді. Сабактан шығуна, бір жағынан, сол да себеп болып еді.

Бірақ соңғы жігітпен үйлесе алмады. Сондықтан келешектен одан гөрі артығырақ қызық күтіп қала берген...

Февраль төңкерісінің алғашқы жиыны, дырдуы көп күндері болып жатқанда, Файша да қазақ жиындарында болып жүрді. Тілмаш пен шолақ төрөші тұлпар санап, жауырды жаба токығандай бол исі оқыған қазақтың бәрін бірдей керегіне жаратпақ болған бұл төңкеріс Файшаны бірталай аспандатып көтергендей болды. Файша облыс жиналышында әйел атынан күрметті өкіл болды...

Әрбір жерден келген ел жуандары болса да, шеттен келген қазақ оқығандары болса да Файшаны «оқыған қазақ қызы» деп қадірлеп, көркі мен сыртқы қалпын тамашалағандай еді... Бірақ сол күнде де Файша әлеу-

мет қызметкерінің орнынан да, ақ жағалы, иісмайлы бозбаланың құшағына көп қолайлы боп шықты.

Файша өмірінің бұл бір өзінше жанды, қызулы кезі болған. Гүбірненің съезіне бұны өзі туған үйесі өкіл ғылыш сайлаған. Сондықтан, үндемей жүрсе де, съезд жиынынан Файша қалған жоқ. Бұл кез қалаға қазақ оқығанының әр алуаны жиылған кез еді. Оқуда жүрген бірен-сарап студенттер келген. Үлкен оқу бітірген доктор, адвокаттар, тағы сондай ірі деп саналған қазақ азаматтары келген. Белгілі газет жазушылары да болатын.

Файша съезд мәжілістерінде болғанда, осылардың бәрін де ұнатқандай болып, ішінен өзіне жақсы пар болар дегендерін іріктей, таңдай жүрді. Әрқайсының әртүрлі қолайлы қасиеті бар. Кейбірі сөзге шешен, мәжілісте қадірлі, мақтаулы жігіт. Кейбірі пішінді және көрнекті сулу киінген; тағы біреулері елдің болыс, би, хажыларына ертеде өткен әлдекандай еңбегімен аты шықкан, солардың мақтап көтерген адамы.

Басында Файшаның өз көңлімен ұнатқандай болып қадірлегені осы съезде көзге көрініп, ерекше шешен, білімді деп аталған бір студент еді. Бұл суырылған, жалынды жігіт Қасым болатын.

Қасым трибунаға шығып, лапылдана сөйлейтін, ағын судай көзді алдағыш шапшаңдығынан басқа, жай өмірде де күлдіргі, сүйкімді бозбала еді. Басында бұл Файшаны қадірлеп, алдандырып жүретін кісі сияқтанды. Әрқашан мәжіліс арасында көп ішінде Файшага ерекше ықылас бөлгендей болып, күліп келіп қалжындал, әртүрлі жайдан әңгімелесіп қоятын. Файшаның бұрынғы көріп жүрген жігіттерінің бәрінен Қасым бөлек еді. Олардан бұның атағы да, орны да артық. Оның үстіне қалжыншыл, ашық, орамды. Жас қыздың өз көңлінде қиял қылғандай болып жүретін, өнерлі қауымның бір ірі адамы сияқтанып еді. Сондықтан, Файша «менің іздегенім осы шығар» деп, бұған жабыса жақындастып еді. «Қасым аға» деп өзгеден бөлек қадірлегендей болып, әрқашан Қасым сөйлеген сөзді өзгенің бар сөзінен орынды, дәлелді көріп, дауысқа салған даулы сөз болса да — соның жобасын қуаттап, Қасымның әсерімен бірталай жерге шейін әлеумет жұмысының ағымына да тәселең қалғандай болып еді.

Бірақ Қасымның бұған жақындаған қалжыны мен

әңгімесі ұзаққа бармайтын сияқтанды. Ең алдымен оның алмақ болып жүрген қалыңдығы бар болып шықты. Оның үстіне, Файша күннен-күн өткен сайын, әншейін жоқдастық жүрістен гөрі істі ұлғайтып, Қасымның баурына кіріп бара жатқан сияқтанды. Бұл Файшаның ереккеке ең алғашқы рет өзі жабысып көргеннің басы еді. Онысы, ақырында, жолсyz талап болды.

Аздан соң Қасым өз бетімен кетті. Файша үзілген үмітпен аз уақыт ыңғайсыздау халде жүріп барып, артынан тез онады.

Үміт көзі екінші, үшінші қатардағы жігіттерге қарай ауысты. Олардан да көңіл сусыны қана алған жок. Сонымен өзгерістің алғашқы бір жылы өтті.

Бұл әредікте Файшаның екі досы болды. Біреуі жасы 35 шамасына келген, үлкен оқыған жігіт еді. Мұнымен Файшаның жүрісі жарты жылға созылған ұзақ жүріс болды. Бұлар біріне-бірі түбегейлі жақындықпен қосылмақшы да болды. Бұл халді гүбірне қазағының бәрі құлактанып, екеуіне де «қайырлы болсын» айтып жүргені де болған. Файшаның бұл жігітінің аты Мұқан болатын. Бірақ ол үлкен оқыған деген аты ғана болмаса, өлгенше өнерсіз, жабайы көптің бірі болды. Оның үстіне, қызғаншактық сияқты нешетурлі дертті әдеттері білінді. Мұқан мен Файша бірталай уақыт бірі алып, бірі тиетін кісі сияқты болып барып, аяғында, болымсыздан ашуланысып ұрыс шығып, екі айрылып кетті. Бұл уақытқа шейін Файшаның көңлінде қызықты жарды тандау әдеті жоғалған жок еді. Ол өмірден де әлі де бұрынғы қалпыниша көп тілеуші еді. Сондықтан Мұқаннан айрылып кетсе де, бұл оқиға алдыңғы бағына ешбір кесір тигізбейтіндей көрініп еді.

Файша мен Мұқан айрылысып кетті. Бірақ бұл айрылысу жас қыздың абыройына елеусіз болып, әсер етпей текхе кеткен жок. Файшаның айрылысы сардағы есебі тәжірибесіздік болып шықты. Қазақ қауымының дағдысы мен әдетін білмегендік болды. Бұл күнге шейін де Файша жайын сырттан сөз қылушы қызыл ауыздар бар еді. Файша өз көnlінде ешкім бөтен сөз айтып сынамас, білмес деп жүруші еді. Мұқаннан айрылған күні гүбірнелік қаланы Файшаның алғашқы жаманаты басып кетті.

Жалғыз Мұқан емес, бұның алдындағы сырлар да неше алуан болып сөйленіп, ашылып қалды. Кейір

жерлерде Мұқаннан өз ықтиярымен айрылышса да, оны білген соң, оқыған жігіттің өзі тастап кетті деген сөздер болды. Бұл оқиғаның түсінда Файша өмірінің ең әділ синшысы болғандар «Файша әзірше күйеуге тимей, еркін жүріспен өмір қызығын көре түсемін деп айтады екен» деген сөздерді шығарды.

Қалайда болса, ел аузына аты ілініп қалған әйел, қасында еркек қорғаушысы жоқ болған соң, өсекшіл қасынан онды-солды соққыны көре бастады. Басында намыстанып жылап, әркімге шағып актығын айтып көріп еді; оның да паналығы болған жоқ. Ендігі жүрт Файшага белгілі сынмен қарайтын болып өзінің нық байлауын жасағандай, сұық қарай бастады. Файшаның бағасы өзгерістің алғашқы күндеріне қарағанда, күннен-күнгे төмөндей, түсіп бара жатқан сияқтанды. Бұл хал сырттағы жүртқа бұрын көптен мәлім болса, аз заманның ішінде Файшаның өзіне де анық сезілді. Бұдан соңғы екі-үш жыл сол бетпен күннен-күнгे қадірін түсіріп, басын кеміткен жылдар болды. Файша расында жылдан-жыл өткен сайын төмөндей бара жатқандай болды.

Соңғы жылдар ішінде тағы да үш-төрт жақсы танысы болды. Бұлардың ішінде қазақ болса, Файшамен қызығы тез басылып қалатын жанарсыз жандар болып, орыс, ноғай болса, қызығы әлдеқайда ұзаққа баратын еді. Осы соңғы санның ішінде Файшаның әуелі жақындарындағы толқынтып қозғау салып, көп қуантып, көп қыздырганы да болып еді. Бірақ әлденеден екені бойжеткен қызға мәлім емес, әйтеуір солардың бәрі де баянсыз болып, өткен дәурендей қайтып оралмай, жылжып өтіп кетіп жатты. Бір кезде тәтті болған жақындары сол күйін көксеп кеп: ыстық, қызу, қуанышты жүрекпен бұны қайта айналып, тапқан емес.

Бүгінгі қоңыр кеште сол өткен күннің әртүрлі шағын есіне алып, мезгілі кеткен дәуреннің қызыл-жасылды суреттерін аралап жатқанда, Файшаның көnlі соңғы санның ішіндегі бір адамға тоқтады. Ол сыртқа шығарып айтып, жырдай қылып суреттеуге қолайлы да адам емес еді. Бірақ жалынды оты басылуға айналып, солғында тартқан жүрекке дene қызығындаш ашық қызықты мол қылып берген сол адам еді.

Ол гүбірнелік қалаға келген бір цирктің балуаны болатын, Мұқанмен аз жүрісінің уақытында Файша

өнерлі қауымның көсілген молдығы мен қызықты желігін де көп көрді. Сонымен бірге жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның барлық мауыққыш, елтігіш тұлғасын көріп шыққандай болды.

Толық, жуан ақ денелі, сұлу келген бас балуан Файшамен таныс болғанына екі-үш күн өткен соң, бір түнде қызды арбакешке отырғызып, гүбірнелік қаланың өздері жатқан жақсы нәміріне алып келген. Екеуі түн бойы үйықтамай отырып, неше түрлі жақсы аракты мол мас-тыққа шейін ішкен. Файша бұл сырын өлгенше жасырын ғылып ұстамақ болса да, артынан білініп қалып еді. Ол түн Файшаның онсыз да осал жібін біржолата еркінше көсіліп босатқан түні еді. Ол цирк ойыншыларының баяғыдан танысы болып, бірге болып ойнап келе жатқан қыздарындай ашылып кетті.

Мас балуанның жүрттап бөлек денесі мен өскелен қылықтарының бәрі де бұрын нәзіксініп жүрген қызға елден ерекше бір қызық сияқтанды. Алып денелі балуан өзі де жалаңаштанып алып, мұны да еркіне қоймай, ойнап-куліп жүріп жалаңаштап, екі қолына кішкене балаша көтеріп алып қысып, сүйіп, ойна келгенін істеп, жүгіріп-ойнап жүрген уақытта Файша бұрын өзі көрмеген үлкен сұлу аңмен таңсықтық қылып, еркелеп-ойнап жүргендей болып еді.

Ол түндер асау мастық... жалаңаш құмарлықты мейлиңше қандырған бір түндер болып еді. Өзге көптің ішінде оның да мезгілі өтті. Бұл күнде ол да бір алыска кеткен шақ болып жоғалды... бітті... Ол түндердің арты қазақ қауымы жағынан Файшаға тағы да теніз толқынындай үлкен сокқындарды алып келді. Бұл нәмірдің арты Файшаны ел көзінде біржолата басып, төмендетіп тастағандай болды. Ол қызығы үшін Файша өзгені қойып, өзінше жүретін баста таныс әйелдерінен де көп ренжітерлік сөз естіді.

Кейбір қазақ жігіттері елде жок каталдықпен Файшаның қылығын бетіне айтып, ұялтуға айналды. Сондықтан ол соңғы қылығының ізін бастыру үшін, бір үйе兹дік қалаға кетіп қалып, бір жылдан аса сонда жүріп еді. Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қаран екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды. Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Файшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы,

бар қайғысы сол еді. Сонымен «көк етікті кез келмей, көн етіктің көзге ілмей» жүрген хал Файшаның басына бүгіннен көп бұрын туып еді. Қайда барса да бір басын өткізе алмағандай, барлық адам баласының қауымында жалғыз басы сыртқа қағылып, керексіз болып қалған адамдай еді. Гүбірнелік қаладан екінші үйезге кетіп бірталай уақыт өткізгенде, Файша осы халдің ауырлығы мен қайғылы жүдеулігін көп сарылып ойлап шыққан. Енді көкейді тескен арманға жету үшін, бұрынғы өзгемен тең бағалы болған дәуренді қайта табу керек. Гүбірнелік қалаға барып жаңғырып келген кісі болып, бұрынғы қалыптан өзгергенін білдіруі керек. Кім біледі, әлде бақыт жүзі бұған да қайтадан бір бұрындар... Ағарып жүдеп атқан таңдай, қызыарып балқып батқан алтын шапақтай бұрынғыша тәтті сұлу жыр, қалғытатын ертегідей болмаса да, екінші түстегі бір қызық шақ қайтадан оралар...

Осы сияқты үміттермен Файшаның гүбірнелік қалаға келгеніне үш ай болып еді. Гүбірнелік қала басында үндемей, жыбырламай, сынау үшін іштен тынған жандай болып, Файшаны жақсы момын пішінмен қарсы алды, Файшаның да енді гүбірнелік қалаға келген әркімге өзінің ендігі жайын сездіріп, түзелгенін білдіргісі келді... Сондықтан да ол сауық кештерде қазақ сахнасына екі-үш рет шығып көрді. Файша ойыншы жастарға бастық бола жүріп, ағарту жолына қызмет ете жүріп, мүмкін болғанынша, қызы жақсы болып шығатын пьесаларды таңдал қоятын. Негұрлым қызының ролі ұзынырак болып, нәзік сезімді қыз героиня болып шығатын пьеса болса, соны жақсы деп есептеп, қазақ жиынына соларды қойып, өзі бас героиня болып екі-үш жол ойнап шықты. Файша сахнаға шығарда киімді пьесаның шартынан сонағұрлым артық киіп, грим-бояуларын да баса жаққызатын.

Екі-үш рет ойын болды. Файшага әркім босаң сөзбен рахмет айтады. Бірақ ұлы өзгеріс сезілмегендей, көп білінбейді. Әттең, қазақ қауымы тұнық күні болмайтын лай суғой; әйтпесе, тым болмаса, өнерге бас иіп, серпілмес пе еді?..

Файша бұл жолы бұл қалада бойын тартып, дәл ұстаған болып жүрді. Ешкіммен жалпылдан ойнап қеткен жок. Бұрынғыша көзге түсіп жарқылдаپ, әлдекіммен көп күліскең де жок. Бірақ сонда да гүбірнелік қала

жігіттен жұтағандай. Бар еркегі өмір қызығын тауысып бітіріп, жәрменекесін таратқандай... Күйеу болар жігіттің құлағы да көрінбейді.

Осылынан сарылтып қажытқан жылдай ұзак үш ай өтіп еді... Осы соңғы айдың акырғы күндерінде гүбірнелік қалаға Фаббас келген. Бұрын атын естіп жүрген Фаббасты өзі тұрган қалаға келді дегенде, Файша соңғы тәуір ойналған сауық кешінің өтіп кеткеніне өкініп еді.

Бірақ ол өтіп кетті. Енді тағы бірдеме ойнатуға қазақ артистерінің құралуы қыын. Сонымен жүргенде Фаббаспен таныс та болып, барынша жақындастып, бүгінгі кештегі халге келіп еді.

Енді Фаббас қалай болса, Файшаның қазақ жігітіне жасаған акырғы шабуылы. Бұрынғы жақсы іісті, саялы көп бұтаққа қонақтамай келгендігі акырғы қонысы осы болу керек. Фаббас та тұрактамай, ескі дағдыша жылжып кетсе, Файшаның тағы да тауы шағылғаны... Ақырғы жігер, акырғы жанды үміттің үзіліп, өшіп, сөнгени. Сондықтан бұған бойда қалған өнерді салу керек еді.

Осыны Фаббастың келгенінен бері қарай жұз қайтара ойлап шықкан Файша кешегі күн сүйген жігітінен хат жазып жіберіп еді. Хатты Фаббас алған.

Бұл қағазда Файша жүрегінің қайғысы мен өз өмірінің өкінішті арманын түгенденеп, тізіп жазып еді. Файша хатындағы өз өмірінің жүдеуілігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтқан жерлері шын өкінген жүрекпен жазылған сез еді. Бірақ соның арасында мағнасыз өмірдің жұлдызы, махаббаттың көптен шөлдеп тапқан жалғыз суаты Фаббас болып, онсыз тіршілік қанағат емес болып, жазылған сөздері машық болып кеткен дағдылы өтірік еді. Әсіресе орынсыз кеткен — Татьянаның Онегинге айтқан:

«...Шыныңды айт — кімсің тербеткен,  
Иембісің сактаушы?  
Әлде азғырып әуре еткен,  
Жаумысың теуіп таптаушы?  
Шеш көңілімнің жұмбағын:  
Әлде бәрі алданыш,  
Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс?...»

деген сөздері еді.

Бұл жерге келгенде өлусіреген жүрекпен акырын fa.

на иек қарудың орнына, Фаббас хатты бір жолдасына лақтырып тастап, сақылдаң күліп еді. Бұл сұлу жыр мына жерде сиырға ертөкүм ерттегендей үйлеспейтін, жадағай күй болып сезіліп еді.

Файша бұл хатына жауап алған жоқ-ты. Келем деген хабарын да ала алған жоқ. Сондықтан сеністен айрылып қалған көnlі кейде келуіне сенсе де, кейде сене алмай дал болып, қобалжып қояды... Шыдамы таусылып, қайрат біткен әлсіздіктен кейде жастықты баурына басып қатты құшақтайды. Бұл уақытта үйдің ішінен ала көлеңке кетіп, қараңғы болып еді. Тұн болып қалған екен. Файша күрсініп, енді түрегеліп, от жағайын деген уақытта үйіне жақындал келе жатқан аяқ дыбысы естілді. Файша төсегіне қайта шалқайып, жастыққа басы тигенде, есік ашылды. Қараңғы бөлмеден қомағай көз қадала қарағанда, жалғыз келген жігіттің ақ жағасын көріп, жүргегі лұпілдеп соғып кетті.

Бұл жаңылған жоқ еді. Келген Фаббас екен. Ол қараңғы бөлмеге кіріп, біраз азырып қалғанда, Файша төсегінен аз көтеріліп:

— Эйтеур келдің-ау! — деп күрсінді.

Фаббас Файшаның барына қуанғандай болып:

— Файшамысың, барсың ба? — деп есікке қайта айналып бөгеліп: — Файша, есік жабуға рұқсат па? — деді.

Қыз бұл сөздің артындағы бар мағнаны ұрып, намыстынып күйгендей болып:

— Неге? Не себепті? — деді.

Жігіт сасқан жоқ. Салмақиен:

— Екеуміз бірдей бармыз, бізге үшінші кісінің кереңі жоқ. Сондықтан жауып қоймасам?.. — деп жауап күтіп тұрды.

Файша:

— Оның бержағында не дегелі тұрғаның мәлім ғой. Маған жалғыз сол мақсатпен келгенше, келмесең етті! — деді.

Бұл сөздің ішінде шынымен күйгеннің де, наздың да белгісі бар еді. Бірақ Фаббас Файшаның басына сенген көңілмен жауап бермей-ақ, есіктің шаппасын іліп алып, Файшаның қасына келді. Келген жерден Файшага «тұрма, жат!» — деп қойып, өзі сыртқы киімін тастап, бірге жатып қалды. Әртүрлі қысқа-қысқа сөз болып, күмартқан құшақ, ыстық демалыстың ішінде бірталай уақыт өткен соң, келелі әңгіме басталды.

Бұл әнгімеге келгенде, Файшаның даусы да өзгеріп, сейлер сөзі де шын сияқтанып көбейіп кетіп еді. Ол Фаббастан көптен күткен жауабын тіледі. Кешегі жазылған хат, оның алдында әлденеше рет айтылған сөз, бос айта салған нэрсе емес. Оның тиісті жауабы болуға керек еді. Бұл орынды тілек, шын әңгіме еді. Эсірепе ішінде сол дерттен тыным алғызыбайтын жалынды шок жатқанда, Файшаның сөз қылуы әбден дұрыс емес пе?

Сондықтан әрнәрсеге аландап, мына сөздің желісін бұза берген Фаббасқа ол қадала сөйлеп:

— Неге байладын? Маған не айтасын? — деген сұракты ашық қойды...

Фаббас басын қасыды. Сорына келгенде, ол бұл әнгімені ойланамын дёсе де, әлі тіпті де ойланған жоқ еді. Ол тегінде алұ-алмау әнгімесін ойламақшы да емес еді. «Файшага не жауап беріп, осы халді соза тұру керек; қадалғыш қызды не дәлелмен бөгей тұруға болар еді?» Соны да ойлаған жоқ еді. Сонда да қарманып көріп, бұрыннан қиналып жүрген кісіше курсініп алып:

— Файшажан! Мен осы сауалға жауап беруге тіпті әлсізбін. Әлсіздігім, сенің басыңды біле алмай, екі ойлы болуда емес; өз өмірімнің бір шешілмеген түйіні болғандыктан. Өзіне белгілі, менің қырдан алған қатыным бар. Мен әлі оны тастаған жоқпын,— деп, жүдеген қайғылы пішінмен бірталай өзінше дәмді себептерді айтып шықты. Бұның да айтқан сөзі ұзак еді. Бірақ Файшага бұл сөздің шын емес екендігі белгілі болатын. Өйткені «Фаббас осы жолы қазақ қатынын тастап келді» деген хабарды да астыртын естіп еді. Сондықтан Файша жігіт жауабына қанағаттанған жок. Фаббас қатынындай қатын, шын көңлі болса, бұларға бөгет болмайтындығын айтып келіп:

— Аяғында, маған бүгінгі күн байлаулы жауабыңды бер. Бөгет қатынымда десен, тіпті содан айрылған күнде мендікпін десен де тоқтаймын,— деді.

Бұл сөздер бұрыннан Файшадан шет жағалап көрініп жүрген сөлемекті мінездің анық бетін ашты. Фаббасты Файшадан алыстатып, сұytқандай болды. Сондықтан ол бекінген пішінмен:

— Сені аламын деген уәдені бүгін бере алмаймын,— деді. Бұл сөзді естіген жерде: Файша алданып қор болғанын жана естіген таза әйелдей болып, Фаббастан

құшағын алып, жүрегі үзілгендей өксіп-өксіп жылап жіберді.

Фаббасқа бұл жылау ыңғайсыз тиіп еді. Басында тоқтатамын деп айтқан сөзінің әсері болмады. Файша бір ауыз сөз айгуға шамасы келмей, іші-бауры езілгендей болып, өксіп-өксіп жылап жатты. Фаббас басқаның бабын таба алмай, Файшаны құшақтап бетінен сүймек болып келді де, оқыстан бір ой келіп, жылап жатқан қыздың беті мен екі көзін сипады. Файша бұл қылыққа ашууланғандай болып, Фаббастың қолын тартып тастады. Бірақ өртенгендей болып егіліп жылап жатқан қыздың көзінде бір тамшы жас жоқ екен...

Фаббас қолын тартып алып, теріс айнала берді:

— Түү, сарамас, кезінде бір тамшы жас жоқ кой!— деді.

Файшаның өзі-өз болып, жаман ұсталған жері осы еді. Ол даусы қолдан жасағандай өзгеріп:

— Мен жылағанда, көзімнен жас шықпайтын әдеттім!— деді.

Фаббас тұрып, киініп жатып:

— Рас айтасың, қайғың үлкен болғасын сөйтесін ғой!— деді.

Бұдан әрі екеуінде де сөз болған жоқ. Жас жігіт киініп болған соң «қош!» деп шығып кетті. Не дерін білмей, төсегіне жабысып, тас болып қатқан қалпында Файша қала берді.

Фаббастың бүгінгі мінездері Файшаны әбден торықтырды. Енді Фаббастың кайта айналып келуі екі-талай. Жас жігіт есікті жауып шығып кетіп бара жатқан уақытта Файша ішінен ақырғы рет: «Сенен де айрылдым ба, қош!» дегендей болып қала берді. Бұл ақырғы үміт болатын. Ен соңғы сенген адамы осы еді. Фаббас біржолата Файшаны көрмей кетпес-ау? Өз тілегі үшін әлі де талай рет соғар; әй, бірақ ол енді Файшаның тілегіне табылмайтын болды ғой! Оның өз құмарлығы үшін келгені Файшаны жұбатуға жарай ма?

Фаббас Файшага ол үшін тіпті аз керек еді. Барлық жүрістің мақсаты ол болатын болса, талай Фаббас табылуы қын емес. Фаббастың бүгінгі кетуі Файшаның зор үмітін жоқ қылды ғой.

Шынымен-ақ барлық қызық, күткен өмірі осындаі дал болып, қаңғып қалумен өткені ме? Өмір бойы кімге кездессе де, ылғи тарқап кеткен базардың соңына ілі-

нүмен өткені ме? Өмір базарында Файшаның сыбағасы ылғи ақырғы перденін, қайғылы халдің ойыншысы болып өту ме?..

Тіршіліктен барлық аларым осы ма? Осы мазақ, осы қорлыққа үнемі көніп, иленіп өткенім бе? Бүйткенше... қор болғанша бұл тіршілік жоқ-ақ болсын деп, Файша үшып тұрып, жылдам киініп, өңі қашып, жақын жердегі әптекке келіп, бұрын бір таныс дәрігерден алып қойран рецеппен бір кішкене сауытқа құйған апиын сатып үйіне қайтты. Жолшыбай Файша гүбірнелік қаланың көшесіне, барлық тіршілік иелеріне көзімен, көnlімен қоштасып келді.

Кәзіргі халде тіршілік шынымен-ақ керексіз сияқта-нып еді.

Үйге келген соң әлі күнге қараңғы болып тұрған бөлмесіне шам жағып, бір-екі хат жазды. Бұның бірін үйіндегі шешесіне арнады. Біреуін қайғылы қысқа сөзбен Габбасқа жазды.

Көnlі бұл уақытта өлімді онай көргендей, тіршіліктен кәзір-ақ «кош» деген бір-ақ сөзбен жылжып жүре беретіндей болып еді.

Хатты жазып болған соң, кішілеу сауыттың ішіндегі қара түсті уға біраз қарап отырды.

Бір-ак секөнтте ішіп салу, көзді жұмып бір-ақ бекіну. Кәзір түбін ағартып жок қылу... Содан арғысына Файша өлемін деп тіленбей-ақ қояды. Күшті у өз жұмысын өзі бітіреді. Әуелі басын айналдырады. Аяғын шалыс басқызып, сенделтеді. Содан әрі сүр өмірге «кош» деп жығылады. Аржағы мәңгі үйқы, мәңгі жоқтық. Артындағы ел Файшаның жүргегінде қандай дерптің жүргенін, бұның басы қаншалық қайғылы, мұнлы екенін сонда ғана біледі. Өкініп басын шайқап, таңдайын қағады.— Асылдың қадірін білмеппіз-ay!— деп қынжыла-ды... Сөйте ме? Жок — әлде бұл жерде де бірдеме деп, өлген жүзіне қарап тұрып күле ме?.. Жарайды, не болса да деп удың аузын ашып, қолына алып, аузына көтеріп алып келді. Ақырғы рет айнасына қарап тұрып ішпекші болды. Файша айнаның алдына келгенде, стол айнасының екі жағында тұрған белгілі балуан мен Ғазиздің суретіне көзі түсті...

Оларға да ойымен «кош» деп, балуанның жуан сандарына көзінің қырымен қарап тұрып, у сауытын аузына өкеліп төңкеріп қалды.., Апиын иегінің үстінен жерге

сырылдап тамып жатты. Файша сауыттың түбі ағарғанша төңкөріп тұрып, бар у біткен жерде сауытты жерге бір салып сындырып тастанап, өзін-өзі өлім жазасынан қайтадан азат қылып күрсініп, тыштық алыш отыра кетті.

— Менің күнәма осы жаза да жетер... Тәуір-ақ өзімді аямадым ғой. Тіпті шын өлу керек болса, өле алады екем... Жарайды, әзірше бара тұр, Файша!.. Бұл жолы акталып шықтың!..— деп бұрынғы қалпында тіршілік күндерін тағы да күтіп қала берді..

Семей, 1925

## БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫң СУРЕТТЕРИ

(Басылмаған романнан)

Аңшы өмірінде кімді болсын қызықтырып, қолға түспейтін ерекше жері — алаңсыз бостандығы. Өзге дүниенің ашы-тұщысын түгел ұмыттыратын жанды қызуы — аңшының әңгімесі, құсы, тілегі мен қуанышы, томағалы батыры, қыран серігі болады. Анда-санда алмаған қажытпайды. Өйткені алдыңғы күн қызыл түлкінің құйрығын бұландастып, алдыңнан көрсетіп түргандай болады.

Бір тасты қағып шығып, екіншіден томаға тартқанда жылпос қағушының алдындағы қорымға томағасы алынған жалаң бас қыран белсеніп, кірпік қақпай қалады. Жымдай қатқан жартастың жарық-жарығына от көзімен шаншылады. Сол кезде аңшы да қиялмен еріксіз алдын ала шауып: «Қазір ана жарықтан шығады, болмаса анау алаңнан, қағушының алдынан, бұландалап жөнеледі», — дел, аш қыранмен бірге еріксіз жалақтайды. Ұзақ күнді сол сияқты жанды үмітпен өткізіп, үйге келгенде бел шешін жайланағаны, ас ішіп тыныққаны, алдыңғы күнге үміт артып, өткен күнгі көргенді айтып, ақын тіліндегі шешен тілмен әңгіме қылғаны — қызуы мол толық өмір екеніне дау жоқ. Онымен салыстырганда әншейін жүрген өмір шала-жансар, оты жоқ, гүлі жоқ сүр өмір сияқтанды.

Аңшылықтың үміт қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл салқындан кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген ғашығыңды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніндей ыстық сезім өмірі. Өйткені бір минуттың ішінде қуантатын да, жүде-

тетін де күйлер кешеді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бұркіттің үшқанына, тұлқінің құтылмақ болған айласына, құшының ебіне арналған талай шешен сөздері бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелері бар. Тауда жүрген аңшыда амалсыздан екі түрлі мінез болады. Бұлар ішкі сезімінде құбылу көп болғандықтан сахнаның артистеріне ұксайды. Көргенінің бәрін не шапшаң сөйлеп куанып, не күйініп жіберетін күйгелектік, сөйлегіштік, қызулық болады. Бұндай аңшы азын-аулак өтіріктен де аман болмайды. Бұл болмаса екінші бір түрлі аңшыда көргені тіпті көп болып, бәрін әңгіме қыла беруді лайықсыз көрген, сезімінің бәрін ішіне жиған, куаныш-күйінішін сыртына шығармайтын тастай салқын сабырлылық болады.

Аңшылықтың қызығы мен өкініші сияқты жанды өмірінен басқа биік шың таудың азын-аулак қар басқан салқын пішінін көріп жүргеннің өзіне де қөңіл сезімі әлденеше өзгеріске түспей отыра алмайды.

Қарлы таудың ішінде кейде кездесетін қара бұжыр қой таспен меңреуленіп, мәңгілік тыныштыққа қатқан құз-қиялар қөңіл күйін көп тербетеді. Бұлар кей жерде үлкен-үлкен тендерше сүйенісken, әлдеқашанғы алыпты қолымен қаланып қалған сияқты. Кей жерде ұзатылатын қыздың үйіне жиылған сандықтан қатарланып қойылған. Кейбір уақыта ұзақ жылдардың жел-боранымен тозған қатпарлы тастар кәрі молданың ескі құранының шетіндей жемтірленген. Кейде тіксиген қара жартас пен кеуделі биік таулар қара кошқыл пішінімен ақшыл тартқан сам жакта, кеш мезгілінде қатал, сұық тағдырды еске түсіреді. Кей күні тұс мезгілінде жарқыраған ашық кунде тау басына шықсан, ыскырып соғып тұрған жел даусын есітесін. Бұл кейде жынданғандай үйытқып соғып, кейде биіктің басына қарай төсін төсеп, екпіндеп тұзу есіп, қысты күнгі тау ішінің ұзақ жырындай жұз толқынтып, шаншады.

Тау басында, буркітшінің қолында, томағасы тартылған қыран етектегі жартас жырық корымға тығылып жүрген тұлқінің түйіліп тұрған қараңғы тағдырындаі көрінеді.

Осы сияқты Сыздық көрген жалпы суреттің ішінде ерекше көрік болып, есінде қалғаны да бар еді.

Бір күні бес-алты аңшы тау ішіндегі ауылдан атқа

мінді. Ерте шыққан бүркітшілер тас-тастың басына тарап, ұрымтал тұрғыларды алып, қағушыларды етекке жіберіп, қашатын тұлкіні тосып отырды. Жаңа көтерілген күн сәулесінің астында тұрған қызыл жартас. Бір жағы қөленкеленіп, әжімді кәрі жүзімен аншылардың қарсы алдында тұр. Бөлек-бөлек жарығымен тұлкі жатарлық қорымы көп тас. Қатпарлы кәрі пішінімен қалың сырлы сияқтанады. Жартас мұнды. Қәрі көнілдің қайғылы туруйндей жудеу — қайғылы. Күндер, жылдар тоздырган беттері терең әжімді. Дүние қатқан, жым-жырт. Өңкіген тік жартас. Таңтеренгі кездे-ак қардың үстіне түскен қаралы қөлеңкесін көріп, айнадан жүзін көрген дәудей, кәрі алыптай үңіліп, тұксіп қарап тұр. Етекте жатқан қазандай жұмыр тастар салақ қолмен тәртіпсіз үйілген тендей болып, бірінің үстіне бірі үйіліп жатыр. Қәрі аңшы Ақшегірдің томағасын тартып, үндемей тасқа шүйіліп отыр еді. Бір мезгілде алыстағы қағушының айғайы естілді. Ақшегір елең етіп, барлық үлкен денесі екі ғана отты шегір көз болғандай болып, қызыл тасқа шаншылып, қадалып қалды. Артынан аз уақытта аңшының қолынан атып жөнелді. Сол кезде қызыл тастың аңшыларға қараган қарсы беттегі бір жарықтан тұлкі етекке қарай шұбатыла берді. Ақшегір аңшылардан бұрын қабат тастың арасынан қылп еткен жонын көрген екен. Денесі ыстық оттай қайнаған шыдамсыз қыран жай отындей жарқ етіп, аспанға шықты. Етекте түсе алмай асығып, қарбаласып қалған тұлкі ежелгі кекті жауын кең жерге шығып тоса алмай, қызыл тастың қия бетіне құйрығын шаншып, керіп тұрып қалды. Майданға шығып, қызықтырып тұрған жерін көрген қыран айналып, аспандап, көтеріле берді. Аспандаған сайын жынын шақырған қара бақсының қабагындай төңкеріліп, қайта-қайта түйіліп, көтеріліп, күші мен ызасын жиып жүрді. Аяғында желге қарсы қасқарып, төсін төсеп, бір екпіндеп көтеріліп алып, бетін бұра сала тулкіге қарай шаншылып жөнелді. Құсының бар әдісін, бар ерке мінезін жаттап алған кәрі аңшы қасындағы Сыздыққа: «Боздады енді, қолында өледі. Бұйырса істікке шанышқандай қылып-ақ алар. Шап!»— деді. Атын ойға тастап жаяу отырған Сыздық биік тастың басынан құлай жүгірді.

Бұл кезде биіктен тасқабақтай түйіліп ақкан Ақшегір қия бетте сідігін атып, қыржындал тұрған ак шуланға тас жағынан келіп, сарт етіп түсіп, есін жиғанша екпіні-

мен етекке қарай қағып алып жөнелді. Аңшылар: «А құдайлас», бірінің артынан бірі жығылып, бір тас, бір омбының арасында алқынып келе жатқанда Ақшегір түлкіні жазықтағы қалың қардың үстіне әкеп салып, аяマイ бүктеп, мықтап басып алып еді. Қанмайданның еркесі ак мартулы қыранның ашулы көзінде жай отындей от ойнайды. Ертегінің жез тыриағындай сатырлаған көк болат түқтарты түлкінің өкпесінен жанын сурыш алуға асырып, кезек-кезек сыйымдан қысады. Қалың қардың үстінде алыса алмай қалған түлкі салмағынан жаншылып, қайрат қылмай бос жатыр екен.

Аңшылар келіп, түлкінің сирағынан үстап, белін сындырып, күсқа өлтіртіп, аздан соң айырып алды. Бұлар түлкіні Ақшегірдің түғынаң босатып алған кезде мұнда болып жатқан уақиғадан хабарсыз жүрген қағушылар келді. Қағушылар қызықтан кешігіп қалғанына өкініп, бұларды көре салып, атын бұрып, байлап келіп жан таласып: «Қалай алды, қалай түсті?»— десіп, сұрасып жатты. Қыранның майданын көрген бүркітшілер де бір-ак түрлі уақиғаны көрсе де неше түрлі қылып жан-жактан айтысып еді.

Қыранның түлкіні көргенде аспандап шығып, қағынып келіп түскені: бір аңшыға биіктен сорғалағандай көрініпті, екіншісіне шаншылғандай, тағы біріне боздағандай, кейбіреулеріне ағылып енірегендей көрінілті.

## ҚАРАЛЫ СҰЛУ

Алты жыл — қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Эрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзак. Қара жел үзілмей соқкан күздің сұық күніндей қуарған жүдеу жылдар... Содан бері Қарагөз қаралы тор бүлбұлындаі, бұл төсектің иесі. Сансыз көп күндер өтіп жатса да, не бір жаңа үміт әкеліп сергіткен, не болмаса жүдеу көңілді бір сағатқа болса да селт еткізіп алаңдатқан мезгіл болған емес. Қарагөз бұл өмірге әбден мойындал болған. Қөп жыл бойына созылған қаралы күй Қарагөз өмірінің қалпы болған. Күндегі дағдысы, салты болып кеткен... Күздің айсыз қараңғы түнінде, түнқатып жүрген жолаушы ұзак қараңғылыққа қалай мойындал бағынса, Қарагөз де сондай мойындал, көніп болған... Содан бөлек халді қоссететін өзге түрлі ой келсе, оны көnlіне дарытпай, өшіруге асырады.

Сол Қарагөздің аулы бүгін қалың таудың ішімен жайлалаудағы көк шалғынды, салқын сулы шалқар қонысқа көшіп келе жатыр. Таң қыландал келе жатқаннан жүгін арта бастаған ауыл жаздың күні жақын белден жаңа қызыарып шығып келе жатқанда ескі жұртынан жөнелген...

Қазірде көш жарым жолға келіп қалды. Бүгін тау аса қонбакшы болған ауыл қалың таудың ішімен жартасты, тоғайлы, шалғынды өзекпен шұбатылған шұбар топ болып... дабырлап, шулап келе жатты...

Көш алдында айдал келе жатқан төрт-бес жүздей жылқысы бар, басқа ірі қарасы да мол бай ауылдың көші жыл бойы иесіз тұрган таудың тузып кеткен шөбін

жапырып, қызы мол тіршілікті көшіріп келе жатқандай болады.

Көштегі көңілді қатын-қалаш, желікті қыз-келіншек манайласқан жігіттермен қалжындастып, күлсіп-ойнайды. Арқыраған семіз, сұлу асауларды мінген жас жігіттер үйіріне карай жұлқынып, аласұрып жер сүзен айғырларын құтыртып-ойнақшытып келіп, қалың жылқыны дурілдетіп, желдіріп айдайды... Дүн-дуние мастық тойындағы буы аспанға шығып, құтырынып желігеді. Шулаған желікті көш, тәңертеңгі көлеңке басқан қара жартас пен қалғыған өзекті де оята сергіткендей. Бұл кешке табиғатта жылдық үйкисынан оянып, елең білдіргендей.

Таңертеңгі көлеңкелі өзектен шыққан салқын самал соғады.

Жыл бойы тұл болып тұрған жайлай бүгінгі күн жыл құсындай боп қиқулап, жөнкіліп келе жатқан елді жаңа көріп сергігендей.

Кәзіргі барлық сурет, барлық дуние адамды қызық думанға, сағымды түспен зор тілекке қол бұлғап шакырып тұрғандай. Бұл қызуға желікпеген жан жоқ... Ен аяғы шал қойши Болат та үстінен көш өтіп бара жатқанда, құла шолақ биені тырандатып шауып келіп, көш жанында келе жатқан тұрғылас әйелдер арасынан келіп килітіп, жауырынын қикаңдатып, қалжындаса құледі. Эрқайсысына көзін қысып, иек қағып, ізденіп соктығады. Қызыл шырайлы келіншектің қула биені қамшылап ойнағанына емексіп, жігітімсіп шіренеді.

Үш ат жеккен пәуескенің ішінде келе жатқан Қарагөз Болаттың қасынан арбасы кетіп бара жатқанда аз сергіп күліп.

— Болат-ау, сенің де базарың тарқамағаны ма, жаңым-ау! — дейді...

Болат бұл сездін түкпірін түсінеді. Қарагөз не десе о десін, узенгісіне шіреніп күліп:

— Несін айтасын, қарағым!.. Қыз-келіншек тал бойымды үйбытып келеді... Ішімдегі жанған от қыз-қыз қайнаиды,— деді.

Бұл көште жалғыз жүдеу, жалғыз жабырқаған қайнаңың тұсауында келе жатқан — сол Қарагөз... Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, мына дырдулы көштің басшысы болған жалғыз жесір әйел — Қарагөз.

Қарагөз 32-ақ жаста. Қаралы жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан

бұрын Қарагөз тіршілік базарында еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін. Бұның өмірінің үстінде күлімсіреп тұрған күншиуақты, бұлтсыз ашық көк аспан бар-ды. Сондай ашық күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде тусі суық, шок қара бұлт ойнап шыққан. Аяқ астынан келген бір қаза бір-ақ күннің ішінде Қарагөзді қаралығылып, қаңғыртып кеткен... Содан бері алыстағы сағымдай болған жар жеткізбей, белгісіздікке батып жоғалған.. Оған дәл алты жыл болды...

Қарагөздің күйеуі Әзімхан ол кезде 28 жаста, өзі бір атадан жалғыз жігіт болатын. Басқа аталас ағайындары болса —барлығы да бөлек ауыл болып, бөтен сияқтанып, өз тілегі, өз өмірімен бұлардан алыстап кеткен. Ағайындарының кейбірі қартан тартқан адамдар болған. Әзімханның туысқаны, жалғыз сүйеніші жетпіс жасқа келген кәрі әкесі — Үсен. Әзімхан жалғыз жігіт болса да, аз атанаң баскөтерері атанаңп, Ырғайлы болысындары едәүір елге белгілі болған.

Бір жыл дәл осы жайлауға қөшіп келе жатқан кезде бүгінгі көш келе жатқан өзектермен Үсен ауыл қөшіп келіп, Қайындыға қонды. Қайынды — тау аралаған шалғынды, тоғайлы өзен. Жапырлап қонған көп ауыл манаңындағы шұбыртқан көп малымен Қарагөздің ол күндерінің көркі сияқтанатын.

Ырғайлы көп жылдан келе жатқан дағды бойынша Қоңыртау болысымен қатты жұлысқан араз болатын. Сол жылы да жаз шыққаннан бері қарай күнде қику, күнде «аттан», жағалай шабыс болған.

Ырғайлының үстемдігін өзге ел жуандарымен бірге жоқтап жүрген Әзімхан сол жуандардың желіктіруімен Қоңыртауга кейде өзгелерден жырылып барып та соқтығатын. Қоңыртау бір кезде өзгеден ерекше Үсенге кіжінулі дескен. Бұл хабар бір емес, әлденеше рет келген-ди.

Бірақ онымен Әзімханды да, барлық Ырғайлыны да тоқтата алған жок. Қоңыртау бір алса, бұлар кейде екі-үштен алып жіберетін. Қоңыртаудың Әзімханмен ерекше жауығуна бір себеп Қарагөздің басы еді. Әуелде Қарагөз Қоңыртау елінің жесірі болған. Сол елдің бір бай ауыл — Сыбанбай. Жас кезінде Қарагөзді Сыбанбайдың немересіне айттырысқан.

Бері келгенде Қарагөздің күйеуі аяғы ақсал, кем болып кетті. Оның үстіне, өзге балаларының ішінде әке-шешеге қадірсіз бала болады екен.

Бойжетуге айналған кездे сұлу Қарагөзден наразылық сөздер шыға бастаған.

Қарагөздің әкесі жас кезінде өліп еді. Жесір қалған шешесі Үсеннің немере қарындасы болатын. Ол Үсен аулын төркін қылып, ылғи араласып жүретін. Қарагөз де кішкене күнінен Үсен аулын нарашы етіп, көңліне ерекше жақын тартып, кейде шешесімен, жалғыз өзі де келіп, көп уақыттар жатып қайтып жүретін. Сол халмен жүргенде Әзімханның бұрынғы алған қеліншегі қайтыс болған. Қарагөздің Сыбанбай аулына барғысы келмей жүретіні көп жүртқа паш болып қалған. Басында Қарагөздің сөздеріне елеусіз қарап, «кезінде көрерміз» деп, іштегі нық байлаумен жүрген шешесі Әзімханның келіншегі өлген соң, баласының наразылығына түзу қарап, ойланған бастаған.

Сол халдің үстінде дәргуманда жүргенде біргүні Қарагөздің аулына амандасып қайтқалы Әзімхан келген. Әзімханның не оймен келгені бұл ауылға да, апасына да белгісіз. Әзімхан өзі де анық, ашық байлаумен келген жоқ-ты. Бірақ үйге келіп кірген жерде ол бұрынғыдан көп өзгеріп кеткен Қарагөзді көрген.

Бұл уақытқа шейін бала қалпында жүрген Қарагөз енді ширатылған нәзік, ұзын бойлы, қынай белді, толқынды қара шашы бар тұнғынық сұлу қара көзді бойжеткен болыпты. Көрмегенің бір-ақ жыл шамасы өткен Әзімханның енді алғаш келген сәтте жүрегі лупілдеп соғып, көз алдында сәулелі сұлу жарды қөріп қалғандай болған. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан бір ауыз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімханның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қарагөзге де сол секөнтте білінгендей. Әзімхан аласына амандасып, енді Қарагөзге қарап:

— Есен-саумысың, қалқам? — дегенде, ұялып қарған Қарагөздің жүзінде ыстық қан ойнады.

Бұл күнге шейін жүріс көрмеген бала жүзі өмірінде алғаш рет әлдеқандай көмескі түс сияқты оймен қызырап, төменшіктеп қысылғандай болды.

Екі жас үнсіз белгі беріскендей. Екі көніл бір-біріне ұялып бұғып тұрып, ым қакты. Басы осы.

Аздан соң арада сөз жүрді. Сүйек жаңырту Қарагөздің басқа ағайындарына да теріс көрінбеді. Әсіресе бұл күнге шейін өзінің жесірлігінде ерекше сүйеніші сияқтанаңып отырған Үсенмен қайтадан үй ішінен үй тігіп, жақын

булу Қарагөздің шешесіне керек көрінді. Сүйтіп аз күш ішінде астыртын құдалық сөзін байласып қойды...

Бірақ бұл алыстағы тілеу. Ол қын асу, биқ аскардың аржағында жатқан қын түйін. Сыбанбай бөгет шығармай қоймады. Қоныртау жүлкәспай, жесірін жібермейді... Усен жақтың хабары жансызданып, Сыбанбайға барып қалғанда, олар күпілдеп, кіжіне бастады. Бірақ ашық сөз, анық байлауға екі жағы да жете алмай, енді жақындағап келе жатқанда, Сыбанбайдың немересі өліп қалды. Бұдан кейінгі сөз ұзакқа бара алған жоқ. Сыбанбайдың өзге балаларының барлығында да не айттырған, не алып отырған әйел бар. Бұрын ұстанған сөз бойынша Сыбанбай: «Қарагөзді кейінгі балаларға қаратамын... Құдамнан қол үзбеймін!»— деген болды.

Бірақ бұл сөз ұзакқа бармады. Усен Сыбанбайдан алған барлық малды түгендер қайыртып, өзі Қарагөзге қуда түсіп арада бір жыл өткен соң ырғап-жырғап келінін алған...

Бұл оқиға өз кезінде Ыргайлы мен Қоныртаудың арасына көп салқындық салды. Көп ыргасып тартысумен барып, екі жақ зорға тынған. «Усен көбінше мал қүшімен жеңіп алды» деген сөз ел ортасына жайылған сайын Сыбанбай болымсызды сылтауғылышп, Ыргайлыға соктыға беретін болған.

Бірақ арада бірер жыл өткен соң, жесір дауының қызы солғындағап келіп басылды. Сөйтсе де басында бір шиеленісіп қалған елдер енді жана дау, жана араздыққа жол тауып алды, кезек алысып үстасып журді.

Бері келген соң Сыбанбай Усен басындағы кекті өзгертіп, өзі Үргайлының басқа елімен, басқа жуандарымен көбірек үстасып кетті. Араздық себебі жаңадан туып, жана сөз, жана істермен қайта қозған соң. Усен көп елінен қалыспай, Үргайлының басқа елімен бірге Қоныртаумен анда-санда алысып қалып, үстасып жүрген. Осы халде Қарагөзben Эзімханның қосылғанына жеті жыл толғанда, Усеннің аулы жайлауына көшіп келе жатып, Қайындыға қонды.

Жана қоныска жайғасқан күні түнде ауыл маңында жатқан жылқыға жау тиген. Қоңыткен сактанып, Қоныртаудан кезек күтіп жүрген Усен аулы күнде кешке екі-уш сенімді ат-айғырды ауылда үстайтын. Бүгін көшіп келген ел қирай жығылып, шырт үйқының ішінде жатқанда,

тауды қақ жарып шыққан «Аттан!» даусына өзгеден бұрын оянып, асығып қамданған Әзімхан болды.

Әзімхан арқандаулы түрган бәйгі жиренді алып келіп, асығып ерттеп жатқанда, Қарагөз жүрегі дірілдеп тұрып, үріккен пішінмен қасына келіп:

— Басқаларды жіберсөніш! Тау іші шабуға жаман,— деп еді. Бірақ жарық айлы тыныштық түні жас жігіттің тұла бойын ысытып, бір қызы қан алып үшты.

Ауылдан Әзімханнан басқа да үш-төрт жігіт шапты. Үлардың бәрі тастақ төбелермен сатырлатып шулап жөнелді... Бұл кезде ауыл да азан-қазан болған. Атсыз қалған жаяулар босқа дырду жасап айғайласып, әрліберлі жүгірісіп жүрді.

Әзімхандар сол бетте барып, жылқыны әкетіп бара жатқан жауға жетіп араласқан... Жылқышылар көп жаудан қаймығып, батып ұрыса алмай, кейін келе жатыр екен. Көп жылқыны қалың жау ұзын өзекпен дүрілдетіп, қикулап әкетіп бара жатыр.

Сол кезде қурыншының алдымен жеткен Әзімхан тосқауыл қылған көп жаудың ортасына келіп кіріп кетті. Әзімхан қорықпайтын ер жігіт еді. Бірақ бұрын көп соғыста болып төселген емес. Оның үстіне, бір кісіге әлі жетерлік мықты да емес-ти.

Жирен атты қурыншы екіленіп келіп, екі-үш рет арасына кіріп шығып, алдын орай берген соң, жау ішінен соғыска ыңғайланып алған екі мықты барымташы артын айналып келе жатқан Әзімханды көргенде.

— Курен атты тағы келеді... Ортаға ала бер... ортаға ал!— дескен.

Әзімхан екі жаудың ортасына солардың тілегінше екіндей келіп кірген... Бұл кіре берген бетінде он жағындағы боз атты еңгезердей жауды желкеден қаға ұрып жіберді... Бірақ дәл сол секөнтте өзінің де желкесінен сол жағындағы сары айғырлы жаудың қара сойылы мықтап тиді. Бұл сойыл Әзімханға дene тауып, қатты соғылды. Алғашқы сойыл тиіп кеткенде қолындағы ағашы ұшып түсіп, өзі еңкейіп, атының жалын құшып қалды. Дәл осы уақытта бұрынғы ағынмен келе жатқан бәйгі жирен боз атты жаудан қыыс өтіп бара жатыр еді. Оған Әзімханның сойылы тисе де әлсіреткен жоқ екен. Жанынан қыыс өтіп бара жатқан Әзімхан аттың жалын құшып қалғанда, анау ақ сойылды шыр айналдырып келіп, маңдай тұснан қағып-ұрып жіберді... Әзімхан бір-ақ секөнттің ішін-

де жүрегінен оқ тигендей болып, аттың артына ұшып түсті. Мандайды мегзеп үрған күшті сойыл дәл құндызы-дықтан тиіп басты айырып кеткен екен...

Әзімхан аттан тымақша ұшып түскенде бұрын талай соғыста болып, қолы ауырлығынан талайды сорлы қылған боз атты жау артына бұрылып қарап:

— Қап, жығылуы тым жаман болды-ау!. Жазым болмаса иғі еді!.. — деді.

Жазым болғаны шын! Әзімханның басы төрт елідей айрылып кеткен екен. Кейінгі жүрт шулап жылап, үстіне келіп үйілген уақытта, Әзімхан үзіліп журе берді. Сұлу жарға ақырғы рет «қош» деуге де тілі келмеди...

Әзімхандар аттан салып жөнелгенде, шошынып жылап, тілеу тілеп қалтырап тұрған Қарагөз үйіне кіріп жата алмай, жылқы жақтан хабар күтіп тұрғанда, жұмбакқа толған мұнды түннің ортасында ауылға қарай шулап келе жатқан қаралы айғайды естіген. Бұл шу — ауылға қарай ат қойып, «ой бауырымдап» келе жатқан жылқышылар мен құғыншылар шуы.

Алғашқы жылау, алғашқы қаралы қайғы осы түннен, осындай халдің ортасында басталған-ды.

Бүгінгі көш сол адыра қалған Қайындыға тағы қонғалы келе жатқан пәуескенің ішіндегі Қарагөз алғашқы қаза түнін есіне алып, ыстық жалынмен жиі күрсінеді.

Әзімханның өлімін Ыргайлы жоктаусыз қалдырған жоқ. Ол жақтан жылқы аламыз деп барып, кісі де өлтірді... Кегін де алды... Әзімхан басына жүз түйенің құны да алды. Қоныртауды жасытып ықтырды. Бірақ оның бәрі сүйген жармен бір ауыз сөзге келмей, арманда қалған қайғылы сұлуға түк жұбаныш болған жоқ. Алғашқы бір жыл бойында ойнаға ешнэрсе тиянақ болуға жараган жоқ...

Иесіз қалған мол дүние, ауыр дәулеттің ортасында жетпіс жастағы кәрі атасы мен Қарагөз қалды. Онан соң бұл екеуінің де, барлық ағайынның да үміті сияқтанып, екі жасқа келген кішкентай Мұқаш қалды. Қарагөз бен Әзімханның алғашқы көрген баласы осы. Бұдан басқа бала жоқ... Әкесі өлген соң, кішкентай да болса, Мұқаш «өлі арыстаннан тірі тышқан» дегізіп, Әзімханның артындағы қаралылардың сүйеніш тілегі болды.

Әзімханның қырқы өткен соң жалғыздың қайғысын көтере алмай, бұрын кәріліктің өзі де женуге айналған Үсен де қайтыс болды.

Маңайы тұлдыр болып, құлазыған жалғыздық жас сұлудың бір өзінің басында ғана қалды. Қүнде тіршілігіне ырза болған жұрт үйқыда жатқан құлқын-сәріде, мұңайып батқан бейуакта Қарагез қаралы жаулығымен бетін жауып отырып, зарланып дауыс айтатын.

— «Жалғыз біткен бәйтеректей» арманда өткен «алғанын» қайғылы сулу «алтын терек — арысым» деп, анырап жоқтайтын. Қозінен тамшылап аққан жаспен бірге, шынымен егілген қайрының сөздерін айтып, тыңдаған адамның сай-сүйегін босататын. Қарагез қайғы ішінде кексе тартып ұлғайып кеткендей болды. Іштегі жалын мен күрсінген жүзі Қарагөздің басқа тіршілікті талақ қылып ұмытқанын білдірді. Қаралы тор тұтқынын жұрт: «Жарын жоқтай білді! десті. Қарагөздің жоқтауы мен даусын барлық Үргайлы жаттап алып, әнге салып айтып та жүрді. Кемпір-шал Қарагөзді аузынан тастамай мақтап: «байының артын бүндай жақсы қылып күткен әйел болған емес» деп аныз қылды.

Сондай жылау, жоқтау ішінде Қарагез барлық үмітті, жастық дүниесін көрге көмді. Ол Мұқаштың тілеуін тілеп, енді ерге тимейтін тұл қатын болып отырып қалуға өзіне-өзі серт берді.

Дүниесін билеп, аулына, атасы мен жарының орнына ие болып отырып қалды... Ендігі жалғыз үміті, жалғыз жұбанышы кішкентай Мұқаш. Сүйеніші мен ермегі бір соның тәрбиесі болды.

Ағайын ортасы бұл күнге шейін Қарагөзді қадірлеп күтуден қалған жоқ... Ұзақ қайғыны өмірінің мәңгілік шер күйі қылып сактап, Қарагез әлі күнге келеді...

Бүгінгі көшті бастап келе жатқан қаралы сұлудың жайы осы.

Бірақ бұл күндерде Әзімханның қайғысы жалғыз Қарагөздің ғана көnlінде қалған. Өзге маңайдағы адамдар мен желікті дүние Әзімхан өлмеген күндеғідей әлі де қызықты, желікті. Бұл күнде сегіз жасқа келген Мұқаш Қарагөздің жанында келеді. Оның да көnlі қазіргі тіршілікке мәзі Айғайлап қуанады. Арбаның ішінде іші пысып секіріп, дауыстап күліп, маңайласқан кісілермен ойнайды. Бұл да буны бекіп, дені сау болып, ержетуге тақады. Қарагөздің қаралы алты жылы өтті. Сол жылдардың ішінде көлденең қараган көз қаншалық қадалса да, Қарагөздің сыртына шыққан не әлсіздік, не қобалжууды

көре алған жоқ. Бірақ сол уақыттарда Карагөз көрген азапты білсе еді жүрт!..

Көп жас қыршынынан қылады. Тіршілігін қарғап өтеді. Көвшілігінің сынығы жамалып, қайта түзеліп, ел қатарына қайта косылады... Ал Карагөз қайғысы бір алуан ұзак мұнлы жыр болып, әлі кетіп барады.

Тұңғылғы қара көздерінен сұлу ажар кеткен жоқ. Жас денесі әлі де уыздай аппақ, толық, сау. Бірақ не керек, барлық ойы, барлық тілегі бір-ақ жерге шегеленді. Аясы азғантай орынға бұл өзін-өзі сыйғызды. Қаралы күнге шейін тасқындал келген сезімді түсады, буды... Сонымен бірнеше жыл өтті.

Қарагөз күйеуі бар, бала тауып отырған әйел еді... Қайратты тіршілік үшін жаралған жас дene мен тілек үшін қайнаган ыстық қан, шойын есікті тұтқын орнына қанағаттану қызын болады.

Қарагөз ол қындықты тістеніп шыдал, басын жеңіп журсе де кейбір көздерде таңды-таңға ұрғызатын азаптар болатын.

Жас әйелдің бұл тұндері көр азабындай қинау түні... Үй іші қараңғыланып, бұл төсекке жатқанда, әлдекандай жыланша иірілген сезім толқындары тамыр-тамырын қуалап, өне бойын билеп кететін. Тістеніп, шыдал, «құтылар ма екем» деп дүға оқыса да, сол жыландар ауыр басып, ақырындал жылжып келіп, ақ төсіне ора-ып, ақ тамағынан сүйіп, барлық денесін шыдамынан айырып ысытып, дірілдетіп жіберуші еді.

Шошынып, қабагы түйіліп, дір-дір етіп жатып, көрпені шиыршықтап қысып күшактайтын. Шоктай ыстық-ыстық ойы таң ағарып атқанша бір минутке босатпай, жанын жей, дозаққа салып шығатын...

Талай тұндер Қарагөз шыдай алмай, қасына қызметкер кемпірді шақырып алып, денесін сипатып, жарық жағын қойып, күрсіпін, жүдеп отыратын. Ол бұның ішінде тіршілікке үмтүлған жана өмір ұрығының жарық дүниеге шыққысы келіп қозана тілегені еді.

Сол күш Қарагөзді көп заман қинап жүрді... Әлі күнге шейін мезгіл-мезгіл асau сезім құтыртып келіп, бір тоңдырып, бір қыздырып, ысытып, қаралы Қарагөзді отка салатын.

Барлық ұзак қаралы күндерде ойлап өткен қайғы мен әлгі сияқты азаптар Қарагөздің мінезін де өзгерту... Ол ерекше сезімділіктің себебінен дерпті сияқтанды. Бұрын-

рыға қарағанда, қаны бұзылғандай: тез ашуланып, тез жылап, тез күліп жіберетін күйіп-жанғыштық пайда болды... Кейде жадырап отырған қабагы қазір шытынаң түйіліп, болымсыз нәрсеге қиналып кетеді. Өкініп қайғырып, шыдамсыздықпен тұтанаңып, үйкі-түйкі боп қалады.

Тұндей тұнғының көздері енді ыстық жас үшін жаралғандай болды. Бірақ сонда да Қарагөз бір байлауына жабысып, тастай мықты болып келе жатыр. Өзге дүниеде өз көңлінен азғантай теріс шыққан нәрсе қинаң жібергендей болса, өміріндегі ең ауыр, ең қайғылы түйінгө келгенде, Қарагөз өзін аямастан қатты ұстап, қандай қын азапқа болса да көндіріп келді.

Бүгінгі көш бойында бірталайдан ұмытылып кеткен азап Қарагөзді қайта қинаң, толқытып келе жатыр еді...

Қарагөздің сопылығы бұрынғы молшылық, бұрынғы қызықты дүние ортасында өтіп келеді. Қундегідей ыстық жарық күні туып, сезім түндері өтеді... Жаз жасарған табиғат та — мінеки желігіп еліреді... Жан кіргендей боп, қызуы тіршілікті қөксегендей мастанады... Жұз бұралады.

Бозбала асаумен теңселіп, құтырып шабады. Қыз-келишек назданып күледі... Өзгенің бәрі өз бетінде, алпыстағы қойшы Болат та Қарагөздің есіне жыландаң сумандаған сезімдерді келтіріп, желіге мастанады...

Ыстық сезім буған Қарагөз көштен озып келіп, жылда ауыл конатын Қайындының өзегіне жетті. Өзен бойы қайынды, мойылды жас тоғай... Сылдырып су агады... Таңертесігі көленкеден шыққан тоғай салқыны, самалы Қарагөздің бетіне ширатылып келіп соғып өтеді.

Іште — ыстық сезім, қарсы соққан салқын леп... Пәуеске иесіз жұртқа келіп тоқтағанда, Қарагөз өз үйін жылдағы қонып жүрген жұртына тіккізбекші болып арбадан түсіп, сол жерді іздеді. Ақыры, тауып тоқтап, айналаға қарағанда төменгі жақта — өзен бойында бір тоғайдың көленкесінде додарулы түрған трашпенкені көрді. О да осы жерге көшіп келетін бір ауылдың алдын озып келген адамдары болу керек. Қарагөз үйықтап жатқан Мұқашты оятпай, жалғыз өзі аяндал әрлі-берлі жүріңкірей түсті; аяғы әлсіз... Денесін зорға алып жүреді. Белгісіз тілек қинаған көзіл тоқталмай, жіңішкелеп шаншады. Ескі жұртты өзен жағасына жақындей барып, тегіс көріп, енді арбаға қарай жүруге айналғанда Қарагөз арт жағында, тоғай арасында сакылдаپ құлген жас

дауысты естіді. Бұрылып біраз тұрып, тоғайға қарай жүрді.

Көлеңкелі биік тоғайдың іші рақат-ты... Сұлу... Жас тоғайдың салқыны жайлы тыныштығымен денені мас қылып сенделткендей. Тоғайдың шетіне кіргенде, Қарагөз жылда осы қонысқа келгенде естіп жүретін дағдылы бұл-бұл даусын естіді... Бұған шейін жіңішкелеп естілсе де, елең қыла қойған жоқ еді. Енді тыңдады: елсіз таудың ішінде, иесіз қоныста мәңгі жастық, мәңгі жарастық жыршысы — кішкене бұлбұл сарайды... Жаратылыстың қызығына қошемет айтумен бірге, жайын тау, жаралы жартастың жалғызық күйін де шерлендіріп қосады. Кей кезде иесіздік пен құлазыған тыныштықтың күйі сияқтанады. Кейде өзек бойында күрсініп соққан желдей, жібек жібі сияқты жіңішке даусын жұз бұралтып суылда, ысқырады... Тілсіз табиғаттың жүргегін үзгендей болып, шашылып қадалады. Бір кезек жарық айлы түн ортасында қалың таудың ішінде алыстан естілген көп кішкене қоңыраулардай болып, жартаспен жаңғырығып дірілдейді. Тағы бір сәтте Қарағөз жүргегінің қайғысын айтқандай болып, ұзак мұңмен ырғалып, шұбатылып тамылжиды. Елсізде жалғыз өзі жұз толғанып жырлаған бұлбұл Қарагөздің ұзак жылғы қайғысы мен жайын табиғаттың иесіздігін жыр қылғандай. Қаралы әйелдің сұлулығын қошеметтегендей. Бұл да сезім күйін шертеді. Онсыз да қайнап жүрген қанды бір тоңдырып, бір ысытып, Қарағездің жүргегін қысып ентіктіреді.

«Әттең қара жыландай нәпсі!.. Не күйге ұшыратасың? Қайда апарасың?» дей түсіп, Каракөз бұлбұлды тыңдал, тоғайдың ішіне кіріп қалыпты. Бір мезгілде бағанағы естілген ашық күлкі тағы естілді... Бұл уақытта жақыннан шықты... Екі күлкі... Бірі — жас әйел, бірі жігіт болуға керек.

Қарагөз жаңылған жоқ. Алдында — қалың ағаштың саясында жіңішке өзектің қасында Қарагөзге сыртын беріп, бір қыз, бір жігіт құшақтасып ойнап отыр... Бұлар қатты даурығып күледі. Құшақтасқан қалпында қатар жығыла кетіп, құмарлықпен сүйіседі. Қарагөздің екі көзі тұнжырап, жасқа толып, екі бетін ерекше ыстық қан басып кетті. Тамағы кебірсіп, қылғынып жұтынады.

Таза аппақ көйлектің сыртынан қара желетке киген жас жігіттің ұзын бүйра шашы бар. Сонда жарастықпен киінген құмар жас қыз. Екеуі құшақтасып жантайғанда

шалпылдатып ойнайды... Бұлар Карагөздің ағайыны Ысмағұл аулының жастары. Жас жігіт қыздың қайындалп келіп жатқан күйеу!... Оқыған сұлу жігіт. Жаздай осы елде болатын... Бұларды аталары еркімен жіберіп жалғыз қыздың қызығын еркінше қызықтайтын.

Карагөз таныды. Бірақ іштегі қара жылан (Қарагөз бұл сезіміне осындай ат қойған) өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулықпен жұз толғанып иріледі... Бойы үйып кетті. Қалын жапырактың арасында үндемей, көзін ала алмай қатып тұрғанда, ыстық жас ағып-ағып барады... Бірталай тұрды. Денені ерекше ыстық сенделтіп кеткенде, дүние қарауытып, айналып бара жатқандай болды... Бірақ құлаған жок. Зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп үйып кеткен денесін қайта жиып, билеп алды. Көздің құрты сияқтанған мас жастарды сол орнында қалдырып, қайта айналып жүріп кетті.

Ауыл қонды. Бұрынғысынша жана қонған ел көп әбігердің артынан тыныштық алып жайланды. Жарық айлы түн жылжып келді.

Күндізгі толқынтың ой бір басылып, бір көтеріліп тунге жеткен. Басылған уақытында Карагөз: бұл екі жылдан бері бүйтіп қинаған жоқ-ты... Элі де қайта айналып соққаны шығар. Өлейін — өлсем де шыдайын!..— деп курсінген қайғы ішінде тағы бекінді.

Төсекке жатысымен қарандырылған қайта ойнады. Қаралы күнгірт көңілді, күндізгі көрген сурет неше түрлі қызылды-жасылды пішінге мініп келіп, мазактап қинай бастады. Эрбір жана сурет жаңа келген азаптай жандықысып, жүректі инемен шабактағандай болады. Сағымды тілектің қара жыландай жат болып кеткен сезімі бірсесе белгісіз сұлу жігітке Карагөзді катты қысып құшактатқандай болады. Мас қылып елтітіп, тамағынан сүйгізгендей. Бірсесе үстіне, барлық денесіне ауыр салмағын әкеп салғандай. Бірсесе дірілдеген дәмді, тәтті сұлу сыйырды естірткендей. Шыдам біткендей... жүрек езіліп бара жатқандай... Карагөз көрпесін сілкіп тастап, катты курсініп дауыстап:

— Аллай, түншықтым ғой!.. Құдай-ау, мүнша неге сорлы еттің?!

— деп қайнал қызған қанмен қайда бара-рын білмесе де, үйден атқып шығып кетті.

Ауыл үйкіда. Жарық айдың қалғытқан сәулесінде жеңіл курсініп, тыныс алады. Жаңды жеген азаппен қи-

налып шықкан Қарагөзді білген жан жоқ... Ол жалаң аяқ қалпында үстіндегі жалғыз көйлегімен, тарқатылған қара шашы арқасына жайылған қалпынша, тоғайға қарай жүреді. Бұл уақытта Қарагөз ерекше сұлу. Оны қинаған дерт әлі де басылмай, қайнап келеді. Жүректен шықкан жауыз дұспаннан құтылу үшін жас әйел белгісіз ем іздейді... Қазіргі түн салқыны ыстықтап күйген денесіне азғантай да сезілмейді. Қарагөз күрсініп жылан келіп, екі аяғын тізесіне шейін жалаңаштап сұық суга батырып, жиекке жарым денесімен құлай кетті. Ақ денесі ашылып, қара шашы төгіле жайылып жатыр. Жүрекіс белгісіз құмарлық қарауытып шығып жұз толқытып барады. Сол мүйнетте бас жағынан:

— Қарағым, Қарагөз, немене? — деген үн шықты. Сөзін үққан жоқ, кімнің үні екенін де аңғарған жоқ. Бетіне де қарамастан, қолын шалқасынан созып бұлғағандай болып: «Келші беріл!» — деді. Келе берген кісіні өзіне қарай жыға құшактап, құшырлана тістеп сүйе бастады..

Дүние құмарлық мастығына батып, көзден өшіп барады...

Денедегі жыландар енді куана ойнақ салады. Бұл күйдің кінәлісі Болат еді..»

## ЖУАНДЫҚ

### I

Ақөзектің егіні биылғы жылы бұл атыраптың алды бол түр. Бір болыс Қараадыр «Ақөзек озды» десіп анызғылысты.

Әр рудан жиылған жиырма-отыз үйлі кедей-кепшік осы өзекке екі-үш жылдан бері егін салуды машық қылған. Жаз ортасы ауғаннан бері солар егін жайын байқап, іштен қуанып, үмітті болатын.

Ел іші әңгімесіз отырмайды. Кейде ананы, кейде мынаны аныз қылады. Мезгіл-мезгіл тыңナン хабарлар шығарып, ұзынқұлақ арқылы көпке жайып, таратып отырады. Қоң ел егіншілікке айналып, адал еңбекке салынған соң, кей-кейдегі әңгімесі егін болатын. Қазірде жаз ортасы ауғаннан бері ел аузындағы әңгіме — сол биылғы егін жайы. Соңда ананы-мынаны мақтасып келгенде, ен аяғы Ақөзекке тоқтаушы еді. «Төрт түлігі сай. Төмен егін жок, қызыл бидайдың өзі көк найзадай», кейбір көтеріп айтқан айтушының сөзіне қарағанда «ақ бидай, қара бас бидай аттың бойын жасырады, құдай Ақөзекке беріпті» десіп келіп, онда егін салған кім-кім еді, шаруасы қандай еді, қыстауы қайда болушы еді? Қой, түйе, сиыр сиякты төрт түліктің саны қанша? Ауылдарында қанша қатын, қанша қыз бар? Неше жігіттің әйелі бұзылды? Қандайлық жігіт қатын бұзып алды? Жақында кіммен дау-шар, ұрыс-төбелес болды? Осының бәр-бәрінің егжей-тегжейіне дейін қағып сұрасатын. Кей ауылда қымыз бер ет сағалауды кәсіп қылған, қолы бос кәрілерге хабар әкел-

ген қыдырмашы қызмет анкетінен сонағұрлым көп сұрақтарға кездесетін.

Ақөзек осылайша көп елдің азызы болды. Жерінен пәлен бау баулап, пәлен пүт алатынына шейін қымыз басындағы әңгімелшілер кесіп, пішіп өлшеп жатты. Сонда алыстағы ел жалпақ Ақөзек деген атты білсе, жақындағы көрші елдер өте-мөте кімнің егіні жақсы екенін де білген. Олардың айтуынша: «биыл бір болыс Караадырдың алды Жақсылық» болатын.

Жақсылық, он бес-жырыма ірі қарасы бар, қырық-отыз түяғы бар еңбекшіл, қарекет иесі адам. Үй ішіндегі топты жанды қыстай-жаздай тыным таптай енбек қып, жанын жалдап асырап жүретін. Қолындағы азғана малды соңғы үш-төрт жылдың ішінде егінге айналған соң құрап алған. Әуелгі жылда екі жер егін салып, содан ішермендік, түқымдық алған соң, жер емшегін емуден дәндей берді.

«Баяғыдан бері арамтер болып жүріппіз, мал жерде көмүлі жатыпты. Еңбек қылсаң — бермесі жоқ екен. Енді барымызды егінге салып, күнелтсек деген ниетіміз бар» дейтін.

«Егінің тәуір шығыпты» деген кісілерге:

«Не берсе еңбекке өлшеп береді. Жыртуы жақсы, ма-ласы тегіс, майда болса, құр тастамайды» деп жауап беретін.

Егін тегіс басқа отырды. Осы кезде бір жауын жауса деп жүруші еді, тілеген жауыны да жауды. Екі күн, үш кунде барып бір аралайды. Ақ бидай әлі де бойлап келе жатыр. Қызыл бидайдың бірен-сарандал сары құлақтанған уақыты да жетті. Әзір ұшықтан, торғай-тышқаннан— пәле-қазаның барлығынан да аман. Ертеңді-кеш егіннің амандығын тілеп Жақсылық жүр.

Аз заманда егінге орақ салатын уақыт та жетіп қалды. Жақсылықтың ендігі қаупі өзге пәле емес, шынға келгенде ішінара қорқатыны адамның қастығы.

Ақөзекке егін салған азғана елдің ортасындағы бас көтерген тәуірі — Жақсылық. Сол Жақсылық бұрын нашар, кедей күнінде маңындағы малды жуан ауылдарға жалтаңғәз болатын. Ол кезде өзінің бетімен жүріп, ойына сыйғанын істеп, ықтиярлы еркін адам болып көрген емес. Жаз болса көші-қон, егін, пішен қарекет, кәсіп: қыс болса — қыстайтын орын, соятын соғым, жүретін қала-дала — барлығына да байдың әмірі көлденең келіп килі-

гіп, тағдыр бүйрыйндағы өз айтқанын істетіп отыратын. Қөгін шабамын деген қоның бай ауыл қонып қойса, пішениң қалатын. Бір жакқа барып, енбек қылып мал табамын десе, бай өз шаруасының бір керегіне жаратам деп босатпай қоятын. Өзінде жер жок; ертеден іргелі, аталы жуан байдың қоңсысы болған сон, қыстығұнгі қыстайтын орны да бай білетін. Кейде өз касына алыш, кейде Жақсылықтың өзі сияқты бір келімсегінің жанына, көп қыстаушының біріне уақытша қыстатьп қоятын.

Қашан болса да бай-бәйбіше, келін-кепшік, бала-шагадан Жақсылық қаққы, соққы көретін. Боктық-киянат еститін. Бірак бүндайдың көбі Әбіштің қоғамында журген кедей-кепшіктің барлығының да үйренген нәрсесі. Сыбағалы сыйы болатын.

Ер-орта жасқа келгенше Жақсылық бар өмірін осымен өткізіп келіп, осы соңғы төрт-бес жылдың ішіндеғана Ақөзекті мекен ғылышп, бір жерге ірге теуіп орнығын отыратын болған. Ол кезде Қараадыр егін дегенді білмейтін. Ақөзектің қандай қасиеті бар екенін Әбіш те, ағайын да білген жок. Қыстаулыққа жақсы емес. Қыстығуні қары қалың болатын, панаы жок жер. Оның үстінен суы тапшы, әрі ашы болатын. Әбішке мұндаидай жер дәрі емес. Құздігүңі бес-он күн отырып көшіп кететін, күзектегі көңілсіз бір қоныс. Жақсылық бір жерге орнығын ірге көмсем деп айта берген сон, біргүні Әбіш шүлесін, мырзасып отырып: Ақөзекке өзгелермен сен де егін сал деген. Бұл өзек түгелімен Әбішке тиісті емес болатын. Өзге кедейлер осы сияқты, әрбір байдан рұқсат алыш келіп отырған. Сол ретте Жақсылық та Әбішке тиісті жерінен келіп қора салып алған.

Сонымен арада төртті-бесті жыл өткенде Жақсылық бүрынғы Жақсылық емес, ешкімге жалынбайтын, ел қатарлы кісі болды. Шаруасы жыл санаап артып, өз қолы өз аузына жеткен сон, маңындағы көршілерінің кем-кетігіне қарайласып, солардың көпшілігін өзіне дос қылып алды.

Басында Жақсылыққа жер берсе де, артынан өзбетімен күн көретін болып, Әбішке бүрынғыдай жалынышты болмаған сон, бай барлық маңайымен, ағайын туысканымен Жақсылықты түртпектей бастады. Орайы келіп, қоны тәуір аты болса — сұрап, түсі тәуір сайманы болса,— алғысы келе берді.

Бұл орайда советтің кедейге есө беріп, тенщілік эперуге айналғанын өзге елмен бірге Жақсылық та сезе баста-

ған. Сыртына шығарып, ешкімге айтпаса да ішінен: «сөнің табанында езілуім жеткен жоқ па? Ендігі жуандығына құдай акта!» дейтіндей ойлар ойлай бастады.

Жақсылықтың қыбыр-еткен қабағын андып жүрген Әбіш бұл жайды ішінен түсіне жүрді. Сонымен іштей күрең қабақтау болып жүргендеге, биыл бір старшын Коңырдың арасында шолак партия болып, Жақсылық Ақөзектің өзге елімен бірге Әбіштің қарсысына шығып қалды. Бұл оқиға елдің жайлауға шығар кезінде болған. Жайлауда отырғанда сайлау болды. Әбіш жағы жеңіп шықты.

Жақсылық жаздан бері Әбіштің бетін көрген жоқ. Енди күзекке байдың аулы маңындағы екі-үш көрші аулымен келе жатыр.

Жақсылық іштей қауіп қылғанда осы жайлардың барлығын ойлап келіп: жуан ауыл бұрынғы өктемдігін істеп келіп, бір қастығын тигізіп кетер ме деп қорқатын.

## II

Байдың ауылдары жылдағы дағдылары бойынша Ақөзектің желкесіндегі Дөңқияққа келіп қонып алды. Келген ауылдар: Әбіштікі, онан соң інісі Құрман ауыл, тағы бір-екі көрші кедей ауыл.

Бұл қоныска жылда қонбаса да, анда-санда Жақсылықтың бір қылғы үнамай қалғанда, Әбіштің өз аулы келіп қонып кетеді. Бірақ «көршілік хақын», «пәлен-түген» дегенді айтқан болып, Жақсылықты «құдайын ұмытпасын» дегендей жалтанғөз ғылышып жасытып алыш, егін, пішеніне малын түсіртпей, көшіп кететін. Биыл не ғылары мәлімсіз. «Не істесе де — істейтіні биыл» деп күтті Жақсылық.

Дөңқияқта ауыл отырғанда, Ақөзектегі ең жақын қыстау Жақсылықтің болады. Егіні өзектің күн шығыс жағындағы жотада. Ауылдан егін мойны қашандау, бірақ аяқты малды андал отырмаса, түсіп кетуі де мүмкін. Әбіш қырына алса, осы жақпен келеді ғой деп қауіп етеді Жақсылық.

Ауыл көшіп қонғанына екі күн болды. Егін пісетін уақыт тақап қалған соң, қолғанаты аз Жақсылық асығыс қимылдаш пішенін шауып алайын деп тырбанып жатыр. Сонымен қолы босамай, бай аулына барып амандаса

алмай жүрді. Бірақ сөйтсе де, жайы өзіне мәлім болған соң, үшінші күн бармақшы болып атқа мінді.

Егін жолдан бұрыс болса да, көре кету керек. Ел келгенде ертенді-кеш көздел, тықақтап тұрмаса — болмайды. Баяғыдан жер қорып, құндіз-тұні үйқы көрмей жүрсе ғана егін, пішен алатын. Сол дағды бойынша аулынан егінге қарай беттеп келе жатып, бір жотаға шықты.

Шыға бере Жақсылықтың есі шығып кетті. Іштей қауіп қылғанда, қастық қылса — түнде жібереді ғой деуші еді. Бірақ мынадай сүмдікты бір күн ойлап есіне алмаған.

Тапа-тал түсте жұз қаралы жылқы шеттегі бір аңыз ақ бидайына емін-еркін кіріп алып, бырт-бырт үзіп, талқандап жүр. Жылқы пыр-пыр пыскырып, басын алмай жұлып жатыр. Адал еңбек, маңдай тері, қызыл қарын жас баланың көз сүзіп отырған егіні күл-талқан болып жоғалып барады. Жаздайғы үміт пен тілектің өшкені, өшіргені осы!

Ауыздан ашы зар мен қарғыс араласып айғай шықты. Қөзден бұла болып жас ытқыды. «Қорлық-ай, қорлық-ай! Эй, өлейін, өлмессем сенен келген керді көрейін!» деп айғайды салып жылқыға келіп араласып, дүркірете Әбіш аулына қарай қуып жөнелді. Жағында тыным жоқ, айғай салады, қарғайды. Онаша жуан ауылды жетпіс жеті атасынан бері қарай құлдилап боктайды да, көзінен ыршып-ыршып жасы кетіп жылайды да.

Бірталай жерге шейін жылқыны жосылтып қуып тастап, ақырында есін жиды да ішінен іріктең жүріп, екі семіз атты ұстап алып үйіне келді. Бұл барымтасы емес, егін жегеніне бай аулы бет бақтырмай дау айтуына болады. Соған көрсету үшін ұстап алған айғағы.

Дүркіреп үріккен жылқы аулына барды. Бұл Құрманың жылқысы еken. Алдынан кесірлі жылқышы шығып, егінге түскенін білсе де, түгі кетпей сүйсінгендей болып, малын түгендерді. Түгендесе, Құрманның аңға мінемін деп қоя берген іріңдей екі семіз аты жоқ. Жотаға шығып қарағанда, өзекті құлдап, аулына екі атты жетектеп шауып бара жатқан біреуді көрді. Дәу де болса Жақсылық шығарсың дең, ауылға қайта келіп, байына көрген-білгенін айтты. «Жылқыны қара сорпа ғылып қуалап, құла ат пен қозыгерді барымталап алып кетіпті. Егінге түскен-түспегенін құдай білсін!» деп келді.

Мұны естіген соң-ак Құрман етін сыртына теуіп, зәрін

шашып, Жақсылықты жер-көкке сыйрызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай боктай бастады. Шауып алмақ, байлап алмақ, қырмак, жоймақ болды...

Бұл хабарды Әбіш те естіді. Жақсылық келер деп тісін басып, сабыры кетіп отыр. Екі атты аулына апарып тастай сала, Жақсылық та жылқы Құрмандақі екенін біліп, бұл ауылға тура келді. Әлі де нақақтығын ойлад, ызамен күйіп жүрген. «Мұны көргенше, өлгенім артық, не аянар жан қалды?» деп өртепін, тутігіп келді.

Есіктен кіріп келгенде, Әбіш пен Құрман бір жерде отыр екен. Болымсыз күбір етіп сәлем берді. Екі бай қатар сұрланып, оқты көздерімен атты. Бір болыс елді партияда жеңіп бүктең алған Әбішке шуйкедей Жақсылық бүйім ба? Жерге қағып жібермесе — несі кісі?

Жақсылық келіп төрге шығуы-ақ мұн екен. Құрман амандықтың орнына әке-бабадан жіберіп келіп:

— Есігімде жүрген есесіз құл, құдайыңды ұмытқан екенсін! Бес қара бітті деп теріңде сыймай жүр екенсін фой сен! Қаңғыртып, қоңыз тергізіп жіберейін. Жылқымды қан сорпа қылып қуып, атымды барымта қылып ұстайтын сен қандай әулиесін?! — дегенде, Жақсылық өзінің кінәсіздігін ойлад, бұрынғысынан да ашынып:

— Жазығым болса, қоңыз тергізерсіз. Жазықсыз болсам, зәрің шашқанмен түк қылмайсың! Құлдануың жеткен! Мен қусам, ақы-адал малымды қуып келіп... — дей бергенде, Құрман жанында жатқан қамшыны жұлып алыш, атып тұрып Жақсылықты отырған жерінен тұрғызбай батырлатып жөнелді. Басқа тиғен қамшымен бірге, дүреден сонағұрлым ауыр сөздер боктықпен араласып, Жақсылықтың ар-намысын да тілгілеп жатыр.

Басында кішкене тырбанып қарсылық көрсетіп, бас корғайын деп орнынан тұра беріп еді, — отырған екі-үш қонақ Жақсылықтың екі қолынан ұстай алды. Содан соң Құрман қолындағы қамшыны басы ұзілгенше Жақсылықтың бауыр сыртынан бірдей дүре соғып, ойна келген жауыздығын істеді. Ашулы інісі Жақсылықтың керекті сыбағасын беріп болған кезде ғана Әбіш: «Кой енді, қой тоқтат!» деген болды.

Өзі де ызалы, өзі де соны іstemекші болған Әбіш бұған бұрын «кой» демекші емес-ті. Өйткені астыртын жылқыны егініне түсіріп отырған, ұрғызып отырған, бәр-бәрін істеп, отты Құрманның қолымен косеп отырған — Әбіш байдың өзі.

Әбіштің ел мінезінде көптен жақтаған тәсілінің бірі осы. Тартыста әркімге әртүрлі мінез істеу керек. Біреуді әліне қарай сөзбен, малмен, бейілмен, алдасаң; біреуді ызғармен, корқыту, зілмен алу керек. Тағы бір алуан Жақсылық сияқты корғаны жоқ кедей-кепшік болса, оларды осылай дүре, жазамен ықтырып, баурыңа тығып алу шарт. Мынау сол ел ішінде талайдан бері, талай жерде сыналған айла. Жақсылыққа жаздан бері екі байдың арнап жүрген емі осы. Қазірде сонысын ғана істеді.

Сыбағалы таяғын жеп алған Жақсылық енді мұнда отырап орны қалмады. «Не көрсе де, бұл ауылдан сырт жерден күтпесе, мұнда ракым жоқ. Шағатын Әбіш көзбек құны істеткен соң, не үміт қылсын!»

Жылай, зарлай үйден шығып, атына мініп, басы ауған жаққа жүріп кетті.

Есінен адасып, не қыларын білмей, қайда баратынына ақылы жетпей, үйіне келсе, Құрманның жылқышылары ауылда қатынын сабап, екі атты алып кетіпті. Үйде балашағасы мен қатыны зарлап отыр.

Әйелі алдынан шығып, көгеріп жылап, Құрманды қарғап-сілеп жүргенде: «ұлыққа шак, ұлыққа бар!», «Өл, өлмесен, өшінді ал!» деген сөзді айтып, жылап жүр. Жақсылықтың ақылы осы сөзді естігей соң ғана орнына түсті. Дертіне жаңа ғана ем тапқандай.

Қатын-баланың не көргенін сұрап, уату керек болса да, оның бірін де ескермesten, бет-аузының қанын да жумастан үйінің сыртында арқандаулы түрған торы атын әкеп ерттеп алды.

Ақөзектен қырық шақырым жерде, Ақтаста начальник бар деп естітін. Бар қорлығын соған айтпақ болып, шауып жөнелді. Жақсылық үйден шыққанда, түс бола бастаған. Екіндейде начальникке келіп жетті. Милиция начальнигі жас жігіт екен. Пішіні қара — қазақ жігіті. Көзі үлкендеу, сөзі сырпайы, түсі жылы. Есіктен кірген жерден Жақсылық жылап, зарланып бетінің қанын көрсетіп, барлық көріп келген қорлық-зорлығын айтты.

Оне бойындағы жараны көрсетті. Ата-бабасынан бері қарай көріп келе жатқан іске шейін бәрі де актарылды. Ақырында тағы да жылады.

— Шағарым жоқ, барада жерім жоқ. Жалғыз сіздің панаңыз болмаса, корғалар, тығыларым жоқ. Мені енді Ақөзекте де отырғызбайды. Елдің бар жуанының сөзі бір. Менің намысымды, менің жоғымды жоқтайтын бір

мұсылман табылар деп білмеймін. Есемді әпер, қолымды тендікке жеткіз, совет! — деді.

Тағы да осы сияқты көп сөздер айтты. Барлығы да жуандығы қалмаған елдің ішінде кедей көпшіліктің айтатын шын зары. Жуанмен ұстасқан кедей тентек болатыны, оның сөзі тыңдалмайтыны, есесі тимейтіні, ылғиғана алдауға түсіп, көптің талқысынан шыға алмай, жуанға жем болатыны, сол көргенін ұлыққа да жеткізе алмайтыны — барлығы да айттылды.

Начальник басында арызашыға шала сенетін дағдысы бойынша, бұған да сене алмай төрт-бес құрақ берді. Бірақ басындағы ажары сенімсіздеу қараса да, Жақсылық көрген-білгенін күдіксіз ғылыш орынды етіп, әлденеше айткан соң шын сенді.

Орнынан атып тұрып, уш милицияны шақырып алып:

— Эбіш пен Құрманды кәзір барып ұстап әкеліндер! — деп бүйрек айтты.

Жақсылық төбесі көкке тигендей қуанды.

Аздан соң уш милиция қылыштарын сартылдатып, мылтықтарын асынып алып, сатырлатып желіп женилді.

Жақсылық арттарынан қарал тұрып: уш жігітті өз кегін қуып бара жатқан ең жакын досы деп білді. Айдынды, алапатты пішіндеріне сырттан сүйсініп, солардың туғызған ата-аналарынан айналды.

Ертеңінде екі байды алып келген соң, начальник жерге кіргізгендегі ғылыш ұрысып-ұрысып, Жақсылықтың айзын қандырып келіп жауып қойды. Оларды жатқызып тастап, Жақсылық үйіне қайтты.

Талайдан ыза көрген сорлы бугін Эбіш пен Құрманға не ғылса да аямайтын сияқты еді. Алған кегіне ырза болған көnlінен анда-санда қуанышты жалын шығады.

— Енді сол екеуінен не көрсем де арманым жок! Эйттеур кегімді бір алдым. Ырзамын — ырзамын... Советім! Баяғыдан білсемші! — деп, жолшыбай келе жатып жүз қайырып айтты.

### III

Бугін Эбіш аулында жиын бар. Жиын Қараадырдың барлық атқамінер пысығы, нелер ызғарлы жуан, нелер сүркия партияқор, нелер пәле іздеғіш қулар сақалдарын сипап, әркім-әркімді қолға алып мыскылдап, кейбірі жымия иүлісіп, кейбірі сұрланып томсарып, ак үйлердің сыртында әр жерде топ-топ болып, күнкім-күнкіл сөздер

сөйлеседі. Бір болыс елдің жуан атала мұқтылары өздерінің ежелден келе жатқан әмірін сақтап қалмақшы. Бұрынғы уақытта, ешбір заманда көрмеген құқайы, естімеген пәлесі келді. Бір болыс елдің, бір беттің бұрынғы күннен бастығы болып келе жатқан жуан белі — Әбіш болатын. Бүгін сол Жақсылықтай құнсыз-бұлсыз келім-сектен көрмегенді көріп отыр. «Иттің ұлы-итақай» тең түсіп, қарсы сөйлеп, аз күн болса да жатқызып, жаза тартқызып отыр.

Бүгінгі күн асауларға ноқта киіліп, тоңмойынның сынған құні сиякты. Іштегі барлық қарсылық неше түрлі еппен, айламен жол тауып, өз дегенін істеу керек. Қөптің миын катырып отырған — сол серgelден.

Бір жолда ұлыққа шағып, тең түстім деп отырған Жақсылықты әлде болса қорқытып, ықтырып, ендігәрі мұндай істі іstemейтін ғылыш алу керек. Құдайын ұмытпайтын, байна қарсы келмейтін болуға керек. «Ұлыққа қазақ баяғыдан да шағысатын, ұлықтың жеңгені түбінде жеңген емес, онымен әбүйір алмайды.

Әлде болса неғылса да осы қарсылықты істеген Жақсылықтарды осы істі машық қылмайтын етіп бұқтырып, шошытып жіберу керек!»— Ниет осы.

Әбіш пен Құрман екеуі Жақсылық жаптырып қайтканнан кейін он күннен артық начальниктің қолында тұрған. Жақсылықтың жанжалынан соң екеуі жабылды дегенде, елдің барлық жуандары атқа мініп, Әбішті құсатын болған. Әлде болса алыстан «жуан» деп дабырайтқан сездер көп болса да, бұл күнге шейін бұл елдің ішінде ешбір жуанға жүген-құрық тиген жоқ. Сондықтан бұрыннан көп сөйлесіп, көп жүріп, көпті көріп кіріп-шыратын тесіктің жөнін көп байқағандықтан елдің пысықтары Әбіш пен Құрманды іздеудің жолдарын тауып алды. Ел ішінде қызмет-қызып тұрған қайсыбір «окығандардан» начальникке хат алды. Қаладағы таныстарына шауып, солар арқылы қағаздар тусіртті. Өздері барып кепілге сұрады. Не ғылса да «жатып қалды» деген атты шығармаймыз деп, көптің намысы келетін істей көріп, жұмыла қуысты.

Бұл істің турасында Қараадырдың атқамінерлерінің ынтымағы бір. Себебі — биылғы сайлауда Әбіш жағы жеңіп шыққаннан кейін, екі жақ: енді партияны қояйық, берекелесейік, заман бізге жаман болып барады, тоқтаса-йық!...» деп табысқан, Сайлау үстінде сайлаушыдан да

бұл адамдар бірталай қатты сөздер естіп, қаққы көрген. Қөшілігін жуан деп, қара тізімге тіркеп, сайлау басына жуытпаған. Бұған шейін баяғы бір желікпен ешиәрсөнің нарқын байқамай, қызыл кеңірдек болып жүрсе де, нак биылғы сайлауда арамтер болғанмен, игілігін өздері көрмейтініне қөздері жеткен-ді. Содан кейін сыртқа: «Енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ, кім басымызға ойнайды?» деген дақпырттарын өзара табысқан-ды. Енді бірін-бірі корғауға жұмылғанда «ел берекесі» деген боп бірінің басына төнген қауіпті қалғандары бірігіп жеңілеңту қарыз саналған. Оның ішінде Әбіш сияқты топ басы жуанын мықты ғылыш ұсташа мақұл. Ол сыртқа айдан үшін керек. Мұны ойласа, Әбіштерді әсіресе барлық ынта бейілмен іздеу міндет.

Осындай көп себептер қамшы болып, көп ел соңына түсіп ізденген соң, байларды босатып алған. Бірақ босатарда начальник Құрманның қолынан «Жақсылықтың шығынын төлеймін» дегізіп қолхат алып қалды. Ол Жақсылықтың тілегі бойынша істелген іс.

Сонымен бүгінгі күнде мына жиылсты шақырып отырған Әбіш пен Құрман елге келген соң, қолхат бойынша Жақсылықтың пұлын бермек керек еді. Құрман оны берген жок, сұрайын деген Жақсылыққа тағы да бұрынғыша зәрін шашып, маңына дарытпаған. Бұл төлеу былай тұрсын, енді Жақсылықты бір азырақ көп жуаның талқысына салып, тәубесін есіне түсіру керек. Әбіш пен Құрман өз жақындарымен бұл жайдан ақылдасқанда «Жақсылықты қайта ұлыққа бармайтын ғылу керек» дескен.

Сол ретпен Жақсылықтың ісін биылғы партияда Жақсылықты өздеріне тартып алған Алатай аулынан көрген. Солар қолтығына дым бүріккен соң барды, әйтпесе Жақсылыққа бұл қайрат қайдан келді?— дескен.

Бір болыс елдің атқа мінерін жиюдағы мақсұт: бүгін «ел жақсыларының» берекесі шын болса, Әбіш пен Құрманның басын жоқтауларын тілемек. Бұлардың аулына милиция әкеліп ат ойнатып, байлатып отырған жауы — Жақсылық болса, соны сүйеп отырған — Алатай аулы. Содан арылып беруін сұрамақ. «Алатай аулы ұстап жүрген Жақсылық бізді жарапап отыр. Енді мынаған иелігі бар ма, жок па? «Иемін» десе мынаның істеген ісі үшін,

ағайын ауқымынан шығып, шенбер бұзғаны үшін жауап берсін! Жоқ «иे емеспін» десе — Жақсылықтан былай шықсын, ие еместігін айтсын! Бұдан соң өз білгенімізді өзіміз істейміз» деседі. Бүгінгі жиынның ортасындағы сөздің бір үшіғы — сол.

Жиын ішіндегі тілді-ауызды шешендер Алатай аулының адамдарымен сөйлесіп, арылып шықты. Олардың жауабы: «Біз Жақсылықтың бұл жұмысын білмейміз. Ақылдастып істеген іс емес. Өзбетімен істеген тентектігі. Мынау елдің береке-бірлігінің үстінде сау басымызға сақина тілейік деген инетіміз жоқ. Әбіш бізден көргенді қойсын! Араздық үсті болса бір басқа, сонда да біз ұлық-қа шағып, дуанға шауып көргеміз жоқ. Өзі біледі!»— дескен.

Сонымен бұл арадағы қауымның түйінді сөзі бітіп қалды. Жуандардың бұрынғы бірлігі — бірлік, берекесі — береке болды. Сол ынтымаққа арнап сойған ақсарбас түгі қалмай желінді.

Бұл жолғы іс бір жерден шыққан соң, енді тамам елдің атқамінері бірігіп, Әбіш пен Құрманың құнын жоқтамақ болды. Сөз сәйлене келе: «Жақсылықтың қылғы кісі өліміндегі қылмысты жұмыс» болуға айналды. Ел ұйытқысын бұзып, ұлыққа шапқаны үшін не жаза істесе де руа» десті. Бұл Әбіштің басын жоймақ болған іс деп те танылды.

Сонымен барлық жиын көп сөздің артынан байлауын қылышп, баталасып алды. Батаның серті — Жақсылықты ел болып жауламақ. Мына шырық бұзған қылғы үшін кезі келгенде кегін алмақ болысты.

Бұл ызғар, бұл доң-айбат ежелден дегеніне жететін — «көп қорқытады, терең батырады». Заңмен табан тіресіп қарсы тұрып, бүгінде қолмен іс қылмаса да, Жақсылықтың емі осы десіп еді.

Шынында Жақсылыққа осының өзі де жеткілікті болды.

Күнде милицияға шауып, арқасын ертеңді-кеш соған тіреп отырса — бір жөн.

Сондықтан батаның артынан көптің байлауын айтып тілдескелі келген құ-пысықтар айтқанын істетті.

Желінген егіннің шығынын алмақ болып отырған Жақсылық енді бұрынғы егіндігінің бәрінен айрылды. «Бермесе қайта кел» деген начальникке енді бара алма-

ды. Шығын алу былай тұрсын, егінін жиып алған соң, Ақөзектегі қорасын тастап, Әбіштің жерінен көшетін болды.

«Ұрысы жуан болса — иесі өледінің» аяғын құшып, егінін жиып алған соң, бокыраудың басында қызыл қарын жас баласын шұбыртып, Жақсылық Ақөзекті ықти- ярсыз тастап көшип кетті,

1925

## УШ КҮН

### 1

Оған енді көп заман болды...

Көлбайдың бір ерекше кейіп отырған күні еді. Уш қанат қара лашығының ішінде су тезекті қоздандыра алмай, өңеші қызарғанша үрлеп отыр. Кешегі несерден кейін құрғақ отын тұратын Көлбай үйі ме? Әл-дәрменін жиып, от басына шөгіп ап, тағы-тағы үрлейді. Ашы тутін қолқасын атып, көзінен жас ағызады. Бірақ тұтанбайды. Тұтіні құрғыр шаңырақтан шықпайды. Кішкене үйдің ішін бықсып, шалқып, мор болып, басып алды. Өзі барып шапқан тобылғысын жеткізіп алайын дегелі әлденеше күн болса да, бай үйі көлік берді ме?

— Эй, итшілеген ку дүние-ай! — деп, кішкене қол көрігін босағаға лақтырып тастап, қалаулы тұрган тезектің бірнеше томарын алып, қолымен үге бастады... Басы, көзі, қойны-қоншын ораған сасық көк тұтіннен бетін бүріп, босағаға қарады...

— Мына пәлесі тағы жатыр ма еді жаратқан? — деп одан да көзі тайқыды. Тесігі үңірейіп, бір жарты қазан жатыр.—«Түске шейін жамап болып, өзі алып келсін!» деген бүйрықпен байдың үйі жіберіпті, бүгін құлқын сәріден.

— Алты ай жаздай қара күреш табыс таптырмады! Құдайдың құтты күні не өзі, не жақынның ісін жібереді де отырады. Бай үйінен келген іс болса, ол ақысыз іс деген сөз. Себеп? Себебін нессіне сұрайсың? Оған бай да, Көлбай да жауап бере алмайды. Тегі қоңызық шығар,

— Жаным-ая, бұ не деген бокташық? Бүгін қазан,

кешे табаны сынған тоқсан жылғы қара үзенгі, оның алдында ала жаздай майды аяп, қарамайламай жүріп, білігін жандырған ағаш арба... Оның ар жағында қырық жыл бұрын қара бәйбішемен бірге келген, топсасы кеткен, көмейі бұзылған кәрі абдыра... Не деген таусылмайтын жыртық тесік? Бірде бірі не жамау, жасқау болатын ескі-құсқы темір, көр-жер, немесе аспап-сайман берсе екен-ау, тым құрса... Ақы тұрсын, отынды да өзі шабады..

Алары не? Қөші-қонда көлік береді. Оның аты — бай, аузында семіз сөз:

— Далаға қаңғытып, жалғыз лашықпен тастамай, алты ай жаз өзіммен ілестіріп алып жүрдім, асырап шықтым,— дейді. Соңғысы — күнінде бір тиетін, жалғыз аяқ қымыз. Оқта-текте қонақ келсе, қазан басынан беретін ішек-қарын, сорпа-су.

Су тезек үксе де тұтанбайды... Бықсиды, көк тұман боп шырмалады. Аңы уыты көзін жейді, мұрнын жарады, қолқасын атады. Өне бойы ыс пен қорда... Барлық өмірі де, енбегі де осы су тезектің бықсығанында, көзді жасауratқан, қолқаны атқан, дінкесіне тиғен тұтас бір ащылық, мор сияқты. Қөлбай ызаменен езу тартты. Жапжас басы, ертеден ер жанышқан құл тұғырдай езіліп бара жатқан тәрізді. Осындай ойлар өзін де күйдіріп отыр еді. Қайнаған қара шәугімді қолына ұстап, тыстан Жамал кірді. Катыны. Оның да тіршілігі онып тұрған жоқ. Жапжас әйелдің иығында жалғыз лыпа — жыртық көйлек. Оң жақ иығы мен буйірінен: ашаң-коңыр еті көрінеді.

Арық жүзі кейіспен түйілген, қабағы қатқан Жамал:

— Әлгі екі туысқаның тағы ұрысып, боктасып жатыр желі басында,— деді де үйдегі әлі күнге бықсып жатқан тезекті, сол от басының күлімен көме бастап, тұтінді саябырлатып жатып:

— Қараң қалғыр, тым құрмаса сұмызызы үрттатсыншы!— деп, алғашқы сөзіне қайта ауысып:— Не жетпейді екен екеуіне? Итаршы болып, ел жүртқа мазақ боп ырылдасып жүргені! Өз қамы болса екен-ау, тым құрмаса!

— Тағы не екен?

— Талпак, құдық басына жылқы қамалып қалды, неге қауға тартпайсын,— деді... Анау Сарыауыз: мен бие байлап жатырмын, сенің ішінде шеменің тіреп тұр ма? Өзің неге құймайсын,— дейді... Жөн айтыса ма олар,

адамша? Бірін-бірі боктап, жер-жебіріне жетісіп, төбелесermen болып жатыр...

— Бай ше?

— Ол қарап отыр, сылқ-сылқ күле береді құр! Ана-лар онан сайын екіленіседі... Мазак болғанын, қор болғанын білмейтін немелер!— деп Жамал кішкене ала дор-баны ас жаулық орнына жая салып, бес-алты күрт тастап, екеуінің таңертеңгі шай болмысын құя бастады.

— Мықты, қайтпас, айпар-жайпар деп екеуін еki жерде құтыртып қойған ғой бай үй!

— Атама! Ертегіді-кеш күлкі қып ермек ететіні солар. Бірі жылқышы, бірі биеші-екеуін «Бірін батыр, бірін балуан» деп қойыпты. Екі туыскан құдайдың құтты күні қырық пышак!

— Ой, төбеннен үрғырлар, тұра тұр, әлтірдіндер ғой сендер-ак! Құмарынды бір қандырып, жындарынды бір басармын бәлем!— дей бергенде, екі иығынан демін алып Талпақ кірді. Қайратына семірген күшін қайда жұмса-рын білмеген төртпак денелі, тасыр Талпақ, туысканы-ның үйіне кірісімен, екі адымдан төрге шыкты.

Үйткені Қөлбай бұны таң-тамаша қалдырғандай бол, дағдыдан ерекше түрде қарсы алған еді. Ол жана ғана қатынына айтып отырған наразы лішінді тастай бе-ріп, Талпақты көрісімен қолымен қойғандай құбыла қойды да:

— Э, Талпеке! Уай, батырым-ай, келдің бе... Ұа, жоғары шық!..— деп қағылып орын әзірлеген. Сый қонақ келгендей қалбақтап, күте бастаған. Бұл сияқты, ойда жоқ мінез Жамалды да, әсіресе Талпақты да таң қалдыры... Бірақ жалт-жалт қараганмен олар Қөлбай жүзінен ешнэрсе ұға алмады... Оның Талпақ алдына, ала дорбаны сүйреп салып, кесесін әперіп, құрақ ұша бастағаны жігіт-ке бұрынғы келген бетінен көрі де молырак нығыздық бітіре бастады. Үйткені үндемейтін, өз акылы өзінде жу-ретін Қөлбай бұл туыскандарына түп-тұтас бір жұмбак сияқтана беретін. Өзі ұста. Елде жоқ өнері бар. Енді ол сыйласа, кісі тек бола ма дегендей бол, Талпақ тіпті Жа-малға да сый қонақтай, қокилана түсіп, жота көрсете бастағандай еді.

Сол кезде тыстан:— Ой, тұқымынды,— деп, алыстағы біреуге дабырлап сейлеп, жайлап келе жаткан Сары-ауыздың үні шықты... О да осылай беттеген сияқты... Тал-пақ, «анау кеп бұлдырақ бол кетер ме екен» деген кісіше,

отырған жерінде ырғала түсіп, нығыздалып, өз салмағын өзі безбендеген сияқтанды. Тамағын: «Мен отырмын...» деген кісідей бол кенеп-кенеп қойды.

Сарыауыз ұны шыққаннан, бір оймен басын тәмен салып, Талпақты көз астымен үндемей бағып отырған Қөлбай, енді анау есікке таман келіп қалғанда, екеуіне де естірте:

— Пай, екеуі бүгін қыrbай бол қалды деп еді, қакты-бып қалмаса иғі еді,— деді. Сол сөздің аяғы біткенше алпамсадай, аусар жігіт Сарыауыз да кіріп келді.

Талпаққа Қөлбай сөзі «шу» деп тебінгендей тиді білем:

— Эй, енеңді... мен отырған үйге неге кіресің?— дей бергенде, анау іле жөнеліп:

— Е, атаңың... Әулиең бар ма еді мен кіrmейтін?— деп ежірейіп қалды...

Қөлбай екеуінен үркіп қорыққан кісідей кезек қарап ап:

— Қап, айтпап па едім? Қатын, ойбай, төбелесті енді, бұлар...— дегенде:

— Кімді басынасын сен?— деп Талпақ орнынан өрек-пи тұра берді... Бірақ әлі екеуі жүгірісе қойған жоқ еді. Қөлбай естерін жиғызбастан Жамалды қағып қалып:

— Жи, ойбай, қатын, шынынды, аяқтарының астында қалатын болдық қой, тәйрі!— деп ала дорба мени шыны Жамалдың ар жағына сыра салып, екі туысқанына майданша жасап берді...

Бұның алдында біраз тұрысып қалған екі жігіт енді біріне-бірі тап берді. Қөлбай:

— Ойбай, құдай, екеуі де дәусіген неме еді. Енді араша береді деймісің! Өзімнің саным да басқызбай отыр еді,— деп, босаға жақтағы жаман кебеженің үстіне барып отырып алды...

Сүзістіріп жіберген қошқардай бол ана екеуі жағала-сып, жұдырық салысты... Жамал басында Қөлбай мінезіне таң болып тамсанып отыр еді, енді шошып, безектей бастады. Қөлбай ана екеуінің тамашасына былқ етпестен қарап отырып, қатынын қолынан тарта беріп, көзін қысты да:

— Бұл ауылда айыруға жарайтын кісі де жоқ. Бар, қатын, ана ауылдағы ұзын аяқ Мұсаны шақыр!— деді... Жамал таң болып тағы қарағанда:— бар, жылдам, ой-

бай! Токтамайды бұлар! Тез басылады деп түрмисын? Менде дәрмен жоқ, өзім өлейін бе?— деп, қатынды жеңелтіп, шақшасын сурып алды, насыбайын атып алды. Мандай тістерінің арасынан фонтанша атқытып шырт түкіре тастап, аналар ойнап жүргендей жәп-жәй ғана қарап отыр. Бұл кезде бірталай тарпақтасып қалған екі жігіт, енді демігүге айналған еді. Бірақ екеуінде де жаға жыртылып, көз ісіп, бет тырналып, кан да шығысып қалған. Бірін-бірі алыса алмай, енді тағы бір азда құр кенірдектен алысып итерісе берді. Дәрмендері құрып барады... Жәй төбелестің басылатын да кезі болды. Әрі-беріден соң Қөлбай «қой» десе де токтарлыктай болып еді. Бірақ ол құр бакырайып қарайды да отырады. Енді бір азда аналардың сүлдері құрып, екеуі де бұған жалт-жалт қарай беретін болды. Екеуінің көзінде де мынадан арашаны дәме қылу бар. Үйткені ұзын аяқ Мұсанікін олар біледі. Бұл ауылдан тақ жарты шақырым жер... Оған әлгі Жамал жеткенде қашан? Соны ойлаған сайын Қөлбайдан дәме қылышады. Қөлбай әрқайсысын әзіреттегендегі тамсанып:

— Пәлі! Әлі, алып дегені қайда?— деп біреуіне айтады да екіншісі жалт қараса:

— Болмайды деген осы ма, сығыр?— деп, оған да дем беріп кояды. Ана екеуі бүндай сөздің артынан амалсыздан тағы қаужаң-қужаң етіседі. Бірақ енді құр нұқысады, дәрмен кеткен. Үйдің іші апыр-топыр болды. Қөлбай жалғыз-ақ шыны-аяқтарын ғана қорғай береді. Одан басқа, босарадағы бай үйінің қазанын да аямады.

Жалғыз-ақ мыналар енді тым көп қарай беретін болған соң өзі басын көтермейтін, көз салмайтын болды. Мойнын төмен салып, көздің астын ғана жібереді. Аңда санда екі танауы желбіреп, үндеңей ғана іштен күледі.

Осымен әлде не заманда демігіл, өкпесі күйген Жамал қайта жетті. Бұл: «Мұсасы құрғыр жоқ, ойбай»,— деп үйге кіре бергенде Талпак пен Сарыауыз сілесі құрып болып, көптен бері құр ғана тіресіп тұр еді. Тағы бір-бір нұқысты. Мұсаға екеуі бірдей мұндай құштар болмас! Қөлбай, сонда ғана есінен талған кісі бол:

— Ойбай, рас-ау, ол ит кеше қалаға кетіп еді-ау,— деді... Тіпті өзі шығарып салған еді. Төбелескіш екі жігіт бұл хабарды естігенде, өлер болдық қой, ойбай!— дегендей, қатар күрсінді...

Бағанадан сөзбес кісі боп отырған Қөлбай енді ғана орнынан тұрып жақындаپ кеп:

— Жә, енді қайтесіңдер?—дегенде екеуі де бірін-бірі қоя бере салды. Қөлбайдың ендігі жүзіне бұлар да, Жамал да көрмеген ашу мен намыс белгісі шықты. Қезі шәншіліп, есті ашудың үшқынын шашып, қатты зекіп:

— Ой, құдай үрған екі қор. Бай үйінің бәйтебеті болғанға елірдіңдер ғой. Мазақ қылса да мәзсіңдер ғой! Мыналарың сол ғой! Итаршы боп екі жақтан абалагандағы күзеткенің кімнің дүниесі, кімнің тыныштығы? Сол үшін де қор бола ма екен? Ал, тойдыңдар ма!— деп үйден екі туысқанын айдай берді. Ананың екеуі де: «Іт болған екеміз»,— деп, балаша жылады. Жамал қоса жылады. Бірақ ол Қөлбайдың өз міnezіне әлі де таң еді. Мұрның сіңбіре тастап жылаң отырып:— Элі осы, өзіндікі не,— деді... Қөлбай қол көрікті қайта сүйреп келе жатып:

— Қараңғымыз ғой, қараңғы... Қараңғы!— деді...

## II

Бұған да бір катар уақыт болып қапты-ay! Мың да тоғыз жүз жиырманышы ма, жиырма бірінші ме жыл еді.

Қөлбай, Талпақ, Сарыауыз үшеуі қосшы союзының болыстық съезінен қайтып келеді. Астағы аттары енді бұрынғыдай тай-тулақ емес. Жал-құйрығы бүтін: қоны тоқ — шаруаның тұғыры... Қиімдері де бір сыйырғы бүтінделіп қалған.

Талпақтың мойнында, от алмаса да айбар үшін салып жүретін ескі қара берденке де бар. Сарыауызben екеуі бұл күнде өздерін қай жерге қоярын білмей жүр. Таңдау көп.

— Мелитсе болсақ па екен?

— Жоқ, болысполкомның атшабары қайтеді?

— Элде тіпті содия, тергеушінің жігіті болса нетеді?— десіп кеңде жүзгендей керги түседі...

Қөлбай қосшы союзының жұмысына өзі орнықкан кісі, байқайды... Мыналар арлы-берлі жүйткүмен, әлі байыз таппай жүрген сияқты.

Бірталайдан бері үшеуінің қезі келіп, бірге шыққаны осы еді. Талпақ пен Сарыауыз Қөлбайға бір өнер көрсеткісі келді білем екеуі: «е» дегендей болысты да, Талпақ сөз бастап:

— **Үа, мына Сүйк бұлакта Жаман байдың ауылы**  
отыр. Соған барып түстене кетеміз! — деді.

— **Бәрекелде, Қөлбай біздің жүрісті де бір көрсін,**  
әйде барамыз! — деп Сарыауыз астындағы торы аланы  
шаужайлаш, омырауга үрып қаздақ-қаздақ бастырды.

Көлбай сымтка сыр білдірмейтін, қоңыр бояу пішін-  
мен:

— Койсандар қайтеді?.. Осы бай жағалаганды әлі  
көймадындар ма? — деді.

Ана екеуі бұл күнде байға күніміз түсіл, көз сүзіп  
жүрміз деп ойламайтын... Ендігі байға түстеніп, байға  
қонып, қонағасы, түстік жегенді: есе, тәндік адғаны есеп-  
ті көретін. Бүгін Көлбайға сонымен қыр көрсетпек те  
еді.

— Бай жағалады дегенің қай сезін? — деп Талпак  
тікірейді.

— Жағаласа бай жағаласын. Біздің, оған бір, күніміз  
түсіл түр ма? Неміз көліпті? — деп Сарыауыз елірді...

Көлбай басын төмен салып, атының шашасына қара-  
ған кісі сияқтанып келе жатып екі танауы ақырын жел-  
бір етті де:

— Жоға дейім, әшейін... Тегі іргені аулақ салған ма-  
куә дегенім ғой! — деді.

Талпаққа ол сез дарымады.

— Е, есе әгермейін деп не едің? Не қылмап ет! — де-  
генде Сарыауыз да: «Байды корғайын деп не едің!» — де-  
ген кісіміе қабагымен Талпак сезім косташ, жотасын күді-  
рейтіп, Көлбайға тесіле қарады, Көлбай қызған  
жоқ Жауапқа асыққан да жоқ. Бірдене ойлаш, шешіп ал-  
ғандай бол:

— Есені осылай алады екеміз ғой тегі. Макұл, көре-  
йік! — деген болды.

Баяғы қара бәйбішениң қазаны пісуге тақап қалаған.  
Уш батырак әлдекашан қымыз ішіп, шайды да жайлап  
болған. Енді Талпак мен Сарыауыз баяғы өздеріне мәлім,  
күдік пен желі басын аралай кеткен. Кастанында бай-  
дың өзі. Сый қонақты қарсы алғаңдай, екеуіне шаруаның  
музыны айтқан бол, кас қабағымен арбай түсіл, колына  
кондырғалы баурап жүр. Сөзінің күйрығын ылғи бір-ак  
жерге имектей беріш:

— Ағайынбыз, бір атаниң баласымыз... Екеуің аза-  
мат болдың, атқа міндің. Құдайға шүкір! — деген сияқты-  
ға соға береді...

— Көлбай келгеннен көп жауап қатпай теріс қарал, бұк-  
тусін жата беріп еді...

Енді ғыстак кірген бәйбішенің бір сөзін аңдал қалды...  
Қазан пісті, түсірейік, әлгілер қайда жүр екен деген сияқ-  
ты. Осы кезде Көлбай бағанадан бергі томсырайған, үн-  
демеген пішімін бәрін тастап, басын көтеріп, ширап  
алып:

— Бәйбіше! Осы бізге берейін деген асың ғой, ә?

— Е, шырағым, сендерге бермегендеге кімге берем?

— Ендеше осы бүгінгі қонақты қалай сыйлаудың  
еркін маған берсең қайтеді? — деп бәйбішеден рұқсат ала  
сала өзінше бір іске кірісті.

Аздан соң Сарыауыз, Талпақ, бай үшеуі үйге қайтты.  
Бұл уақытта екі табаққа ет те жасалып қалған екен...

Бірақ үй ішінің суреті біржолата өзгеріп қапты, жаңа  
келген үшеуінің кіре бере байқағаны: Көлбай болды. Ол  
қалбаң қағып, аяғының үшінен жүрген кісідей бол, әлде-  
қандай жат, сый қонақты күткендей әзірлік жасап жүр.  
Мыналар кірер кірмesten-ақ Талпақ пен Сарыауызға:

— Жоғары, жоғары!.. Уа, жоғары шығындар! — деп  
төрге нұскады. Бірақ төр дегені бұл күйінде үркітерлік  
бол қапты... Онда бағанағы жатқан кілем, кәрпенің ор-  
нына құрым киіз, тулақ төсөлген...

...Ал кілем мен көрпе оң жақ босағаға төсөліпті. Қер-  
гіңкіреп тамсанып тұрған Талпақ пен Сарыауызға Көл-  
бай:

— Бұғін бір есе-тәндік күні болсын, кел жігіттер! —  
деп отыра беріп:

— Бай үйінен есе алсақ, тегіс алайық... Уай, байеке  
мен бәйбіше! Сендер төрге отыра-отыра болдыңдар ғой,  
ана босағаға отыр... Біз босағада шіріп қалып ек қой,  
енді міне, есе алып төрге шығамыз!..

Үй аң-таң бол Көлбайдың айтқанын ғана істейді. Бәрі  
де артынан не шығар екен дескендей... Бәйбіше көрпеге  
отыра беріп тамсанып қояды. Көлбай ерекше құбылып  
алған. Ана екеуіне ой ойларлық та дәрмен бермей үсті-  
устіне шатыстырып барады.

— Сорлы құрым киіз бен тулақ, сен де бір төрге шық-  
шы! — деді екі жолдасы бұл да, қасына төрге отыра бер-  
генде...

— Бай үйінен есе ала келдік... Уа, анау бае пен жам-  
бас, мықын-жілік — бұл төрге шырушы болмасын... Сол  
босағадан бері озбасын! Бәлем көзінді бір көгертеійін.

Әкпел: шығар төрге, ана мойын, сирак, ішек-қарын, өкпе, көк бауырды!— деп бағана өзі жасатып қойған бір табакты алдарына алғызды да, каужаң-кужан турап, қапыл-күпүл асай бастады. Аналар да амалсыздан табакқа қол салды. Қөлбай ток ішекті қарбыта асап жатып:

— Бәлем, төріне шығып талтаңдап, байдағы есенді сен де алшы бір, ашы ішек!— деп, соны пышагы жоқ екі жолдасының алдына будырата кесіп, тастай-тастай береді...

Бұны оқты көзімен атып, намыстاناрын да, күлерін де білмей бір қуарып, бір қызарып отырған жолдастарына, табақ тақырлана берген кезде.

— Байдан есе алғанда төріне күр өзіміз ғана шығып қоя ма екеміз? Босағасын сүйреп төріне шығарып, төрін текпілеп босағаға айдаймыз да осылай, э, жігіттер!— деп қояды... Бұл сөздерді дәл кеше, косышылар съезінде сөйлеген, көпті жақсы жолға бастаған сөзіндегі сөйлейді-ау және! Құліп отыр, әзіл етіп отыр-ау деуге тіпті он екіде бір иүсқасы ұқсамайды. Жүзінде күлкінін ныспысы да жоқ. Шынның шыны...

Екі жолдасы үннен қалды. Олар да, үй іші де күр сылп-сылп тамсана береді...

Атқа қонысты. Ауылдан шыға бере аз үндеңей келісіп, аяғында екі жолдасын екі жағына алды да Қөлбай:

— Бай-жуанның үй мүлкін аман қой да, одан жаңа есе алам де! Ол жаңағы босағаның тулағы мен ішек-қарының есесі фой... Жок, шырактар, есе тендік отауы, бұл шаңырактан бөлек жерге тігілсе керек. Білдіндер ме? Босаға мен төр арасының бәйгесінен көрі, алсырақ бәйгеге шықсақ керек!— деп енді ғана күлді.

Талпақ пен Сарыауыз мойындарына су кеткендей үйиса да:

— Кашанғыдан бұрын ет жегізбегенің не?— десті.

— Әлі сипалаумен келеміз. Көзді жаңа тырнап ашып келеміз. Бір жарық таяу-ау, таяу-ау, жігіттер,— деді...

Аттары алдағы белге қарай борт-борт желеді...

### III

Бұл бұрынғы емес, биылғы. Кешегі емес бүгінгі. Уш бригада жарысының таразысы құрылған кеш. Қектемде колхоздың жалпы жиылдысында шарттасқан уш бригада, бүгін көмбеге үзенгі қағыса жетіп тұр. Бригаділер басы

колхоздың талай жылғы желді аяғы, уш екпінді: Көлбай, Талпақ, Сарыауыз.

Колхоз мектебінің үйі уш бригаданың колхозшы әйелеркегіне әлдеқашан лық толған. Жиылыс басқармасы бүгін өзгеше. Қөвшілігі ауданнан келген қонақтар. Басқарып отырған райком хатшысы. Төбесі аласа кішілеу залдағы тығыз жиын, өз күштеріне енді сенген, аудан ортасындағы маңызын сезген, салмақты нығыз жиын.

«Бұл колхоз аудан алды... Аудан емес, тіпті округ алды!»— деген жайлы дақпырт бүгін түстен бері, аудан кіслері келгеннен бері, тегіс тараپ қалған...

Өз бригада атынан алдымен Талпақ сөйлеп кетті. Бұның сөзі баяндама емес, тұтас рапорт есепті бол өтті.

— Үкімет салығын сентябрьде толық бітірткен, тұқымдық қорды түгелдеткен, ең алдымен — біздін қырман, көлігі жүз пүрт, түгел, арқа басы бүтін. Бір мәшине, бір арбасы булініп реттен шықпаған — біздің бригат. Ішінде лодыры болса түзеліп, екпіндісі ерекше еңбек сінірген біздің бригат. Алды уш жүз, ең арты екі жүз еңбек күніне, маңызды, мағыналы еңбек күніне ие болып отырған тағы біздің бригат... Салықтан қалған астықты тегіс жинауда кешеуілдеп екі, бірақ міне, бүгінгі күнге, ең соңғы маямызды басып, тазалап, қаптап болып, жаңа осы жиылыс алдында қамбаға үйіп кеп отырмыз,— дейді. Сарт-сұрт еткен, дәлдікпен, сенімділікпен айтылып өткен мағлұмат ең аяқ сөздің тұсында бытырлай соғылған шапалақпен, шын сүйсінген қошеметпен аяқтады...

Дәл осындай ақбар, рапортпен Сарыауыз да мұдір-местен сыйдыртып, өркештene түсіп желе жортып өтті. Оның да соңғы ат басын іріккен жері:— Соңғы маяны жаңа басып бітіріп шықтық!— деу болды.

Бұл өз ақпарының арасында екі малателкені сумен жүргізгендерін, сонымен көлік коруыштап, күш молайтып, жұмыс өндіргенін айта келіп еді. Дәл осы тұста Көлбай баяуғана:

— Шіркін, ең болмаса малателкені суменен жүргізіп бергенімді айта кетсөнші енді, күдай, кәнеки,— деп жүртты тегіс ду күлдірді. Сарыауыз онысын растап тұрып, тәртілті жолмен алғыс айтты... Бұның Талпақтан аса омыраулай қойған мәселесі, қалтасынан обком қаулысын алып тұрып:— Ноябрь күнінде Мәскеуге бар одактан, жақсы колхоз, озған колхоз өкілдері жиналады екен. Өдақ қана емес, шет елдер жұмысшылары да келеді

екен... Осыған, міне, ауданнан, өкіріктен озды деген шын болса — дәл, міне, біздің колхоз барады,— деп басқарма басындағылардың бас изескен, қошемет қылған құлкісімен қатар, азырақ желіге келіп:

— Тіпті дәлін айтайын, тақ мына түрған пақырыңыз барады деп білем!— деп жұртпен бірге өзі де құле тұрып кеудесін тұртті... Бұның да бригадасы ның сүйсінді. Екпінді басшылары, сын жиынның алдында көмбеге ойнақтап жетіп, баяғыша айтқанда ту жыға өткендей болды...

Баяу қоңыр пішінмен Қөлбай шықты...

— Рас, біздің әлі үш маямыз басылып болған жок! Аналардан ол жағында кешең қалдық, дегендे, Талпақ екі білегін сыбана беріп:

— Ендеше, не бәсің бар?— деп қарқ-қарқ құлді.

— Бәлем, Қөлбай, ілесе алмай, бір қалдың ба? Бәсе өзің айтшы?— деп Сарыауыз да әзіл етті. Басқарма да, өзге жынын да «Қөлбай ұтылдыға» бейімдей бастаған еді. Эсіреле Қөлбайдың момақан пішіні мен залра тегіс естілмейтін баяу қоңыр үні де, сырттай, сол күйге мойынсұнған тәрізді. Бірақ өз кіслеріне көзі түскенде Қөлбай олар жүзінен, әлі бұның бірдемесіне сеніп, жабырқамай, қайта дәмеленіп кең пішінмен құле қарасып отырғанын көрді. Эйткенмен басқармалар болсын, өзгелер болсын, бұларды, қабак шырайларымен ықтатып бара жатқан сияқты. Оナン соң Қөлбай, енбектерінің жалпы, аналар айтқан сияқты тұрғы-тұрғыларын айтып болып, енді дауысын қатайтынқырап кеп бір сөз бастады. Онысы — біз еңбек істей жүре сауатсыздықты жойдық!— деген ақиар еді.

Талпақ пен Сарыауыз қатар дүрсө қоя беріп:

— Е, сауатсызың біз бе екеміз?

— Казет, журналыңың бізден күр кеткені бар ма екен?!— деп өз бастарының әзірлігін айтыса жөнеліп еді...

Қөлбай мызғымастан, бұларға бұрыла беріп, баяғы ішек-қарын табағын тартқандай пішінмен, тағы да екі танауы желбір етіп, іштен куліп, әлі де сыр бермейтін салқын жүзбен:

— Өз басымыздың сауатын былай қояйық, жолдастар. Мен бригадіміздің сауатын айтамын, ол тегі керекке жарай ма екен өзі?— деп басқармаға қарай бір рет қана көз тастады.

— Е, бригадіні айтасың ба?

— Е, көпті айтады екенсің ғой! — десіл Талпақ, Сарыауыз баяулап қалды.

— Е, ия, соны айттым, — деп Қөлбай енді дауысын қатайтыңырап алды. Жұрт бұл кезде бұған тегіс аныра бастап еді.

— Уа, біздің бригадімізде сауатсыз бір жан жоқ! Және көпшіліктे шала сауат қана емес, төс табандап білім, мәдениет ізден келе жатқан сауат... Рас па осыным, біздің жолдастар! — дегенде, бұның бригадісі әр жерден қостай жөнелді...

Өзгеден ерекше бол бұған қарап анырып, тесіле қарап отырған бастыққа көз қырын бір тастап, рүқсат тілеп алғандай бол, Қөлбай:

— Ендеше бері шығындаршы, біздің бригат! Кітаптыңды ала шық, — деп команданы өзі ала берді. Он шақты әйел мен жиырма, отыздай ерекек қалта, койындарынан кітаптарын суыра алға шықты...

— Е, тәйрі, біз құмадан туылпыз ба? — деп Қөлбай енді өркештене бастап:

— Қәні, кімің нені оқып жүрсіндер? Айтындар тегіс! — дегенде, қатарынан көп үндер жауап қатты.

— Мен жетінші кәнперенсені... — дей бергенде комсомол Жакып үнін:

— Мен ұлт мәдениеті жайындағы баяндаманы...

— Уа, мен «Даланы»... «Келесі кенес кең далам», «Кенесім — анам, мен — балаң!» — деп бір жас жігіт әндете бастады.

— Менікі «Қызыл ат»...

— Менде, міне, «Талтанбай!» Ракым етіңіз, маладая кадр! — деп баяғы өзіңіз көрген Жамал, Қөлбайдың Жамалы енді біраз ажым түсіп қалған жүзімен сақ-сақ күлді.

Қөлбай енді барынша қатты дауыспен, жұрттың күлкі дабырын баса:

— Уа, міне, бәрін оқытып көріндер! Жарық бер! Жарық берші, жолдас райком! Құшті жарық. Коммунизм жарығы!.. — дегенде жұрт бірі қалмай қолды сокты, орнынан қалай тұрғанын білмей қалған басқарма да тегіс, келіп, Қөлбайды көтеріп алды.

## БІЛЕККЕ БІЛЕК<sup>1</sup>

### 1

— Сен тағын, тағын бастадың ба?!. Қанша үрмет қысам да бомай-ақ қойдың ғой, жұдә! Сен албасты! Секен-деген шайтан. Қаранды үйге жалғыз өзінді қамап қояйын ба шыли... Қөзінді бозартып! — деп Мақпал біраз қабағын түйіп, өтірік ашуланған боп, қарап тұрды. Сөздері әсер ететін емес. Тамсанды да, аярын екі-үш басып:— қараң қағыр қоясың ба, жоқ па? Тұр ғой, міне, мыналар адамша тып-тыныш. Элде жын үрды ма сені түгे?...— Соңғы сөзге келген Мақпалдың даусы шаңқ етіп, қатты шығып, жұдырығы да түйіліп, бар бойымен үңіліп тұра қалды. Және үзілген, шұғыл тоқтаған үні де, бүгіле тұрған бойы да, қадала қараған көзі де түгелімен нық қоыйылған сұрақ таңбасын көрсеткендей. Ашық, қатты сұрақ. Жауапты тілейді. Үнсіздік созылған сайын жауаптың қажеттігі білініп барады.

...Бірақ жауап та, үн де жоқ. Боларлық мүмкіншілік те азырак. Өйткені, бұл сияқты «қабырғасынан қоыйылған» мәселеге айыпкер де, жауапты да... берте лақ. Ол Мақпалмен түсінісудің орнына мәселені бұрынғысынан да шиеленістіріп жіберді. Койлар тұрған оттыққа шығып, жаңа салған көк бедені басып тұрғанын аз деп білсе керек. Мақпал түйіліп келгенде, ол оттық бойындағы бар бедені таптай барып, бұрыш жақтағы қозылардың алдына тұра қалып, құйыршығын шыбжындарып, арт жағы

<sup>1</sup> Бұл әңгіменің ішінде Оңтүстік Қазақстанның басқа қазақ тілінен гөрі басқашарап тіл ерекшеліктері әдейі қолданылған М. Ә.

талтақтап, мықшындаі бағтады. Қалпы: «жөнімді айтайыншы...»— деген кісі сияқты еді. Бірақ қылышы тіпті берте лакқа да кешпейтін қылыш болды.

Мақпал енді ашулана тамсанып, соңынан қозғалғаны сол-ақ еді, анау қозылардың тұмсығына шашырата сиғектей жөнелді...

— Өй, тілеуің құрсын, өл де маған... Секендең албасты,— деп Мақпал жағаласып кеп шап етіп, мықынын үстай алды... Берте лақ әлі өзін айыпты деген сөзді тыңдағысы келмейді. Ұстағанда қарсылық білдіріп «бақ» етті. Оттық үстінен кетіп болғанша, толып жатқан мейіздей-мейіздей кішкене құмалақтарын ытқытуға да үлгіріп қалды.

Мақпал оны сауырынан ұстап көтерген бойында:

— Қарғайын десең жалғыз, қарғамайын десең жалмауыз... Наяты... Неткен бүліксің сен... Құдай ұрып!— деп оң қолының жұдырығын ұратындаі түйіп келіп еді... Бірақ пішінін сол секундте шұғыл өзгертіп, лақтың басына таман апарған жұдырығын жазып жіберді. Анасы ұрсып жатса да өз бетімен былдырлаған баладай бол, лақтың аузы әлі күнге бедесін шайнап жүр екен. Түк жарымапты...

Мақпал оның шаужандап жатқан аузын еркелете қысып, азғана сілкіп тұрып:

— Албасты сен... Албасты... Білдің бе?— деді де, өз сөзіне күліп қойды. Қөнілінде үрғашы лағын «албасты» деуі, енді келіп, басқа соған жалғас біраз тенеулердің шумағын тарқатқандай...

Мысалы, лағы өзге алты қойдың ішінде қыз-есепті... Аналар сонда алты момын ұлдай. Мынау солардың соңында тентек, шолжың кішкене қыздай... Етегін ашып, басқа секіретінін қайтерсін...

— Өй... сарамас,— деп алдына өңгерген бойында лақтың тырсыып тұрған ішін сипалады... Қазір күз. Өзі бойшаш, күпілі лак... Буазына не бересің тентекті!— деп енді бүйірінен еркелете қағып қойып қораның екінші бұрышындағы кішкене шарбақтан асыра түсіріп жіберді.

— Жәйің осы... Осы... Бұдан артық қаяққа апарам сені? Оттығың бар. Бедең әне,— деп ішінен:

«Байлан қойсам ба екен, жудә?.. Бірақ оралып, буынып қалады-ау тыптырышған қаранқағыр...»— деп, зілсіз қарғанып, әзірше ешбір байлау жасамай, қара ала сиырға қарай қозғалды. Қектемде сүт фермасы тарап, Сәрсен

мен Мақпалдың колхозға істеген еңбектері үшін осы сиыр берілген. Жаясы тақтайдай, үсті құралы төсек сияқты төртбақ голландка сиыры бүгінгі күніне наразылық айта алмайды.

Тұсына Мақпал келгенде ол имек мүйіздерін бұрып қарап, амандық білдіріп, үн катқандай боп, ыңыранып қойды. Тұмсығы мен аузы тоқтық, күйлілік белгісімен бусанып тұр.

Мақпал сауырын сипап, алдана барып қарап:

— Жемің азайып қапты-ау! — деп барып екі құшак пішен әкеліп оттыққа салып жатып:

— Мынау пішен, мынау топан... Арасасса жақсы болады... — деген кезде Мақпал талайдан бірінші рет, өз-өзіне: — осыларға шыли сөз қатып жүретінім не еken? Мәмілеге келетіндей, жудә. Біреу естісе күліп жүрер мә? — деді. Бірақ көнілінде мына тұрган малы шынымен бұның тіл қатып, жәй-күйін өздерінен сұрап, біліп тұруды керек етегін сияқты...

— Бұ қалайша?..

Оның жауабын Мақпал таратып айтпайды... Бірақ ол солай.

— Жақып та әнеугі қелгенде: — «Е, қара мал сиыр, қалайсың?» — деді ғой. (Жақып Мақпалдың комсомол бауыры. Ол аудан кіндігінде) «Навай жыз» де колхозшы орыс қатынының бәрі сиырыменabyсындаи әңгімелес-пеуші ме еді, түге?.. Осындаларды ойлай журе Мақпал қара мал сиырдың астын тазалады... Содан қойларына ауысты. Бұлардың саны алтау. Үшеуі ірі, үшеуі биылғы қозы. Анығында Мақпалдың өз еңбегі үшін тиген осы үш саулық еді. Бәрі тегіс қоздаған. Қозылары міне, аман, күйлі. Сиыр, Мақпалдың күйеуі Сәрсенге берілген. Ол осы «Екпін» колхозының ұстасы... Қазір Сәрсен дүкенінде.

Бөрте лақ па?.. Ол туралы Сәрсен мен Мақпал кейде үй іші боп отырып дауласып та қояды. Сәрсен оның түбін өзіне тартады.

— О, сиыр мынан табылды. Бұ болмаса қаяқтан әке-лер ең сен.

— Сиырынды қолыңа берейін, тағы бірнеше лақ қи-майсың ба өзің?.. — деп Мақпал күліп, лақты өз табысым дейді.

Қара ала сиырдың сүті бары колхозға мәлім екені рас. Бірақ ол әуелі күтумен, екінші ұқсата білумен табылған.

Екі қарын май алыпты жаздай. Бір қарнына киінген және үнемдел жырмалап отырып, осы лақты сатып алған Мақпал. Сөйтіп «бір атанаң қызы», үшінші тұліктің басы боп, Мақпал қорасына о да кірген. Жаңада келген. Өзі осы кішкене, таза қораның кенжесі... Ол ерке, тәйтік бомай кім болсын?..

Мақпал шелекпен су әкелді... Алдымен лагын, содан соң қозыларын суарды... Бөрте лақтың сілкіне пысқыра тұрып, су бетіндегі өз сәулесіне қарап көзін ежірейтіп, сұзбекке қамданып, мүйізін төсеп байқауына шейін Мақпал танып, үғып тұрады. Ыстық, бәрі де ыстық... Әсіреле қылышы мол, осы лагы ыстық...

— Эй, сөйтсе де тентек, жүдә. Қозылардың жемін былғады... тұра тұр... Мен Сәрсенге барайын... — деп Мақпал қорасындағы шаруасын бітірген соң, дүкенге қарай кетті.

Жасы қырыққа жаңа ілінген Сәрсен қасындағы бала үстасына көрік бастырып, «Екпін» колхозына он тоғызынышы плугті қамдап жатыр. Соның құрсауына жарайтын, ұзын сом темірді отқа қыздырып ап, сол қызған басын жалпайта үрып жатыр екен.

Сәрсен колхоздың ең қадірлі мүшесінің бірі. Бұрын қазақтың пышақ-шақпақ соғып жүрген өнері аз үстасы еді. Ол күнде қол ағашқа қақсан кішкене төс пен қазан отының басына орнатқан қол көрік бұны түсаған да, өсірмеген. Құрал жинап алар қауқары да болмаған. Өнімі — қырықтық, пышақ, тағы бай баласына тартуға апаратын кездік... Осындаш шүқымға еді. «Екпін» колхозына дүкен аштырып, сонда бұл күнде өзі істеп, енді колхоз кірісін де молайтып, өзі де үлкен тұр тауып отыр. Быныл көктемнен бері колхозға осымен тоғызынышы плуг кіргізеді. Бұрынғы колхоз плугі он еді. Сәрсен мен колхоз бастығы кер-жердің бәрін жиып ап, жоқтан-бардан құрап, тыңдан міне тоғызынышы плугті қосқалы жатыр... Плуг қана емес, ол бұл күнде лобогрейка, шөп машинасы, тіпті молотилканың да сынған, бұлінгенін түзей алады. Дүкен іші толған сайлы құрал... Көрші заводтан сатып алған бормашина (темір тескіш) ол да тұр мұнда...

Мақпал алғаш келген бойында Сәрсенді жұмысынан бөлмейін деп толасын күтіп, үндемей қарап тұр еді. Арт жағынан колхоз бастығы. Асылбектің үні шықты... Ол Сәрсенге сәлем бере кіріп:

— Сәрсен, мынау соңғы плуг қой осы,— дегенде Сәр-

сен салқындал, қарауытып қалған сом темірді көрік астына қайта апарып, көміп қойып:

— Ия, осы... — деп мәндайының терін сұртті...

— Ендеше бұдан соң, осы шананы бір қолға аса деймін.

— Білем. Рас... Қыс жақын. Шананы да быт-шыт қып көзін жойған былтырғы колхоз бастығы, пәдері нәлет!..

— Эйтеуір екеуміз жоқтан-бардан құрап, одан да мал тұрғызайық колхозға, өтірік белсенді деген неден болатын дейсіз, сондайдан болат та қызың... жүдә!..

— Мынадан көп шана жасаймыз. Бірақ, осы бір шаналар иттей ауыр, жүдә...

— Табанының қалындығы жүк көтеруге жақсы. Енді... өгіздеріміз бар ғой, шүкір, қосатың... — деп колхоз бастығы шананың көп мінін көре алмады...

— Өгіз де жануар... Аямасқа болмайт та, бастық. Табанында дауым жоқ. Бірақ бұ шананың сүйегі ауыр... О, осы ана шабақ, қанат, кепіл бәрінің ауырлығынан... Оны мен бүйтіп қоймаймын. Жиішкертем.— Колхоз бастығы түсінді. Ол Сәрсеннің билетініне сенеді. Содан енді дүкен жаққа орала бергенде бастық әңгімесін бастады. Көзін Макпалға қадай сөйлемді...

— Жә, сіздерге мен енді бір жаңалық әм айтайын.— Макпал бір жайсыз нәрсе бола ма деп тіксініп қап еді.

— Ауданда малды жақсылап өсірушілердің, екінди-лердің слеті — сиязы болат. Соған біздің колхоздан кісі керек. Біз ауылкенесі, колхоз басқармасы боп соған Макпал барсын,— дедік!— деп, біраз тұрды да, үндемей тұрған тыңдаушыларына тағы қарап,— өзіне бүгін, қазір жүру керек,— деп бітірді. Макпал:

— Е, малды кім күтеді?.. — дей беріп еді, Сәрсен арасын:

— Малды күтеміз, күтіледі... Бар. Келимеге келетін жер ме екен бұ? Құттің малынды, мактан сенікі.. Мінеки енді сиязда қайқайып отыратын сен...

— Бәрекелді, жақсы айттыңыз... Рас, мактан сенікі енді, Макпал!— деп бастық Макпалды арқаға қақты.

— Қалай күт, қалай сақта дейт, өзің барып, өз құлағынмен естіп-естіп, қанып қайтасын...

— Е, барам, несі бар... Сен күтсөң болат!— деп Макпал өз байлауын жасады.

— Өзің мұнда неге кеп ең? Естіп кеп пе ең, жүдә?— деп Макпал шаруасын Сәрсен енді ғана сұрады.

— Эгі лақ, қойдың ақырына шығып жемін былғап, жүдә, маза бермейт. Соған ана ақырын биіктеп шыға алмайтын, бірдеме қып бер дегелі кеп ем.

— Е, қып берем... Ал ендеше жүріңдер, бұны жолға қамдайық!— деп Сәрсен колхоз бастыры мен Мақпалды ертіп, үйге қарай аяңдасты.

Колхоз бастыры мыналардай екі мығым мүшелерін көңілдендіргісі кеп:

— «Бір сиырың, бес қойың бар, құлаққа жазам!»— деп қандай кіжіңдеп ет. Кешелер белсенділер. Міне енді үкімет әдейі «көбейт-көбейт малды» деп отыр, бұндай мал өзгеде де табылат қой. Мен әсіресе Мақпалдың малға деген ниетін, жүдә, жақсы көрем...— деді.

— Бар малымыз. Құтеміз өзін!— деп Сәрсен Мақпалға қарап:— бар да аудан, облыс, Алматы бәрін көріп қайт. Жібере берсе жүре бер. Алаң әм болма. Тамағымыз ток, көзге шұқыым міне, жалқау-лодырды. Қазір орта қазан қатық түр үйімде... Еңбек еттік колхозға... Таптық міне, кәйт дейсің... Солай ма, қатын?!

Мақпал құліп бетіне қарап:

— Солай!— дейді...,

## II

Бұғін аудан кіндігі Ванновка ерекше жанданған. Аудандық атқару комитет, райком, жер бөлімдерінің алды — кірген-шыққан көп адам. Бұның ішінде үлкен дөңгелек ақ жаулықты әйелдер. Бөрік, тымак, тондар, шолақ қара пенжактер киген көбейген... Колхозшылар. Колхозшылар ішінде де көпшілігі қатардан шығып, осы жолда бәйгеден келгендер. Әрқайсысы өзді-өзі колхозының жарысын адақтап шығыпты...

Әлгі кенселердің көшелері де колхоз көрмесіне айналғандай.

Бұл мал күткен, малға ықлас берген бейілдің көрмесі. Әр колхоз көлігін, көлігіне жасаған күтімін сарапқа салады... Сондықтан жегіп келген аттарында да сын бар.

Міне екі қоңыр арғымақ. Жасыл бояумен жаңада бояған қобди арбаға парлап жегіліпті...

Өндөрі жып-жылтыр. Сауырлары тәңкерген тегенедей. Баптылық күтімділік арқасында құлыш мүшелерін қайта тауыпты... Бұл өз-өзіне сенімді — ток, нығыз «Возрождение» колхозы.

Мынау тұрған бір иүрен, бір қызыл көк «Таулық» колхозының көлігі. Бастарын шұлғи тастан тұрған мәстекі, жуан сінірлі төртбак, қаражон аттар да ешкімнен олқымын демейді.

Көше бойлары ылғи осындай пар-пар. Окта-текте, бірен-сарап бастықтар мінген, құнанша қүзелген салт аттар көрінеді.

Тұс ауған кез. Құздің ашық шағырмақ күні. Алатаудың иығына қарай созылып көлбеп барады.

Қазір слет ашылу керек. Аталған сағат жетті... Ауданың бір топ қызметкері клубқа кірді.

Бұлар райком секретары, атқару комитет председателі, комсомол үйымының секретары, политотдел орынбасары... Бүгінгі мәжілістің бастық баяндамашылары...

Клубтың залына кіре бере-ақ райком секретары күрсініп, басын шайқады. Әлі залда адам жоқ. Бірақ болмағаны да тәуір екен. Өйткені бұл клуб қонақ түсірге тіпті әзір емес.

— Бәсе, осылай шығарсын деп әдейі ерте шығып ем... Қарашы тым құрмаса бірде-бір ұран да жоқ,— деп секретары айнала қарады. Клуб залы шынында алғаш қарған көзге алжа-алжа, салақ катынның үйіндей.

Ен әуелі көзіңе залдың ортасына таман әкеп құрылған қазақы ақ шымылдық түседі. Бұл, ақ делінеді. Бірақ шынында бүгін емес бұрын, бір кездे солай болыпты. Қазір кірден, ыстан, тозығы жеткендіктен ол сап-сары бол кеткеін. Өзі анық қазақ шымылдығы. Өйткені, жоғарғы қас, тәменгі етектерінің бетіне бір заманда қызыл жіппен машина кестесі, ирек шимайы салыныпты... Бұл күнде сол жиектерінің кей-кей жерлері боршаланып, жыртылып салбырап тұрғаны да бар... Осы шымылдықтың қасына тақай бере жанағы азаматтар клуб басқармасын күлкі етісті.

Экранды қарасаңшы!.. Ал, ақшаны сойып алады...— деп атқару комитет председателі шымылдықтың бір шетін қағып, әрі сахнаға қарай өтті...

Қалғандар тездетіп шымылдықты шынышықтан, жинап жатыр. Залда ұзын-ұзын орындықтар. Олардың көбі тіпті сахнадан алыс тұр.

— Жақындатайык, көтерейік!— деп кішкене бойлы райком секретары біреуін ырғап көріп еді, көнетін емес. Шегелеулі екен. Тілесе сахна өзі жақындасын... Аудан-

ның ылғи бастық жігіттері асыға, қосыла жүріп залды ездері тәртіпке сала бастады.

Колхозшылар жылғанша орындықтар реттеліп; алдындағы бос орындар толтырылып, басқарма столына қызыл жабылып, шам да реттеліп қалды. Клуб қамсыздығы енді анықталды. Бұл жер үлкен мәжілістің осында болатынан хабарланбапты. Хабар беретін жер бөлім бастығы бүгін ауырып қапты.

Бұндай сәтсіздік қайда болса да болатын шығар деійкіш... Бірақ сонда да, клуб залы үлкен кең орын бола тұрса да әлі өзіне арналған бір ықласты, бір мәдени қолдың араласқанын көрмеген сияқты. Оның белгілерін енді қабыргалар баян етеді. Екі-үш жерде көсемдердің суреті бар болса да, қатарларында сол суреттердің бойындағы қағазға шимайлай жазған жазулар ұран орнына әлдекандай сығандардың фокус ойындары болатынның баян етеді.

Қабыргалардың тағы бір көзге ілінетін үлкен жазуы (ол түп-тура ақ қабырганың өзіне жазылған) 2 сом, 3 сом, 4,5 деп қойған сомалар... Бұл тұста қабырганы бухгалтердің кітапшасы дерсін... Осы сомдардың ен төрінде, алдыңы орындар қатарында, болмаса тіпті музыкашылар орнының қатарында, жоғарғы есептердің жинағы сияқтанып, бір қысқа сөз тұр. Ол «бронь» дейді... Ауданың колхоздарын, колхозшыларын, аудан кіндігін хатта Ванновканың көшесін де еліртіп, сілкінтіп жүрген колхозшылар слетінен мына клуб хабарсыз. Сондықтан оның қабыргалары да меціреу...

Бірақ «клубтың басы ауырып тұр екен» деп өмір қарай ма? Тамыр, тубірлері колхоздарға нық орналасқан, арқаларында нық табыстары бар «екпінді мал өсіруші» деп аталған слетші колхозшылар әсіресе қарар ма?

Олар бестен, оннан жыла-жыла залды лық толтырыды. Осылардың орта кеудесінде үлкен жауалығын оранып, қара барқыт бешпентін киіп Мақпал да кеп кірді... Жаңында ауылкенес, колхоз бастығы сияқты таныстары бар.

— Кімдер жиналған екен? Энеу алда бір қатын. Мына біреу терезе жаңында екі қатын... Е, артта да бір-екеуі бар екен ғой...— Мақпал алдымен осыларды шолып алды. Одан әрі колхоздан келген таныс еркектерді де байқады. Алда, қызыл стол маңайында қырыған, жымия киінген, тегіс әйел бетті боп алған, өңшең бір көселер жүр. Бұрын Мақпал бұндайлардың бір көргенде бірен-

саранын ғана көруші еді. Оқыған, іс басындағы адамдар осылай жүретінін біледі... Бірақ солардың қап-қатар бол тізілген үлкен тобын көргені осы ғана еді.

— Шын әйел бетті бол тұрады екен-ау, жұдә?— деп тамсанып қойып, артқа қарады... Алыстан тағы бір жаулық кіріп келеді екен... Қезіне жылы ұшырағандай болды. Ол алыстан-ақ бұран қарап жымып құліп келеді... Аяғында Мақпал да танып орнынан тұрды. Бұл келе жатқан өзінің сінлісі Айша. Бірімен-бірі амандаса сала:

— Сен де ударниксің бе?

— Сен де солаймысың?— деп құлісіп ап қатар отырысты. Жөн сұраса бастады...

— Эне жерде көкем де отыр, көрдің бе?— деп Мақпал он жақтағы бір қатарға қолын нұсқады. Айша бұрылып еңкейіп қарап, өздерінің әкесін көрді.

Жасы алпыска тақап, бурыл тартып қалған Қожық екі қызына қарап, ақсиып құліп қойды... Айша «Қайрат» колхозынан кепті...

— Екі қой, бір сиыр, отыз қояным бар... Бір қызыл қой деген қойым бар еді, күтіп ем бақырдың өзін де. Әлгі байғұс қар кетерде бір қоздап, егін пісер алдында тағы қашып, осы күзде екінші қоздады...

Мақпал сүйсініп, тамсанып қап еді.

— Енді өсеріне көрініп жүр ме деймін, наяты...— деп Айша күлді...— Сол осы жақында тағы қашты...

— Жыл айналғанша үш қоздайын деген ғой... Байғұстың ырымы қалай жақсы ет... Шын ударник сен екенсін,— деп екеуі бірігіп құлісіп алды...

— Шал өз колхозынан келген ғой?— деп Айша әкесінің жөнін сұрады. Оны бұл әлі көрген жоқ еді.

— Е, өз колхозы «Кенбұлақтан». Колхоздың атын жаюшы еді. Бір құлышы өлмепті!.. Бір жылқысын не қасқыр жеп, не ұры алмапты... Аттары күйлі дейді. Соған көре оны да ударник депті колхоз!— деп Мақпал сінлісіне әкелерінің жайын айтып баян етіп келе жатыр еді, сырт жағынан біреу:— женгей, сіз — дей берді. Мақпал сөзін бөліп бұрылғанда тағы да сакал-мұрты қырылған бала бетті көрді.

— Сіз «Екпін» колхозынансыз ғой?

— Ия!

— Әкеніздің аты кім?— деп кішкене книжкасына қарындашын үңілтіп тұр.

— Өз әкем бе, күйеу жағым ба?

— Күйеуіңіз, иә фамилияңыз...

— Күйеуімнің әкесі...— деп келіп Мақпал бөгелендеп қалды да, сонысына қызыла, құліп жіберді. Ажарлы ашық қызыл жүзін қазір бір қою қызыл басып кетті.

Сөйткенше болмай «жұрт құлер ме екен?»— дегендей бол алдына қараса, ауылкенес пен колхоз бастығы бұған қарап ыржысып отыр екен... Мақпал тезінен жөнделіп, ішінен намыстанип қалып:

— Күйеуімнің әкесі Қелімбет,— деді... Жігіт жазып ала, қызыл стол жаққа жөнелді.

— Осы жұрттың бәрі осындаій колхоз ішінде макталғандар ғой шыли?— деп Айша Мақпалға сұрап қойды. Баяғы апалы-сіңлілі бол жүрген үйдегі кездерінде, Айша осылай жөн-жосықты Мақпалдан сұрап, сүйене жүретін. Енді кездескен жерден-ақ сол бұрынғы қалыптарын табысып, қайта жанасты.

— Бәрі де мал күткендер ғой. Ана қатындар да сол емей не дейсің?..

— Бұл өзі жарыс қой, кім озар екен? Кімді мақтар екен ауданда?— дегенде Мақпал құліп:— қайдам? Бұл жерде не деп жарысамыз. Оздырса қадірсай — әм үйдегі ісіміз, малымыз білет те... Сен әлде менімен жарыспақпышың?— деп Айшага қарады. Айша қысылған жок.

— Олай демегін. Сен болсаң сенімен де жарысам, несі бар?

— Жарысады, жарысады. Әтейі соған келмедік пе?— деп Мақпал күле отырып, Айшаның иығынан ырғап қойды.

Дәл осы кезде қызыл стол жағынан қоңырау шылдырады. Бұл күнге шейін екіден, үштен бастары түйісіп, айқыш-үйқыш әңгімемен бол жатқан колхозшылар тына қалды.

Слет ашылды... Шам жанған кез еді. Бағанағы Мақпалдың атын қағазға түртіп алып кефін жігіт сіяқты бір жас жігіт тізім оқыды. Ишінде оқылған аттар, Мақпал мен Айшаны елең еткізді. Әсіресе бір аттың жөнін ұға алмады бұлар. Ол аталған «Қелімбет келіні» деген ат. Бұл, Мақпал болу керек.

Тізім бітті, жұрт қабыл алды. Енді қызыл стол басына әр жерден шыққан адамдар тұрып барып жатыр. Мақпал әлі де ұғына алмай, ешкімнен ретін тауып сұрай да алмай, отыра берді.

Стол басына бес-алты кісі құралды... Орын алым отырысып жатыр. Арапарында әлдекімді жоктағандай бол зал жаққа қараса береді. Сол уақытта ауылкенесі Мақпапалға қараған:

— Е, Мақпапал, неге отырсын? Ана жиылыс басқарма-сына сені де сайладық кой. Тұр, бар ана жерге...— деп ентелете бастады. Мақпапалға жана түсінікті болды. Бұрын колхоз жиылыстарында да мұндайды ол көрген. Тек жаңағы тізім окушының кімді, не жаймен атағаны бұған түсініксіз бол қалған еді.

Ақыры басқарма ортасына, залды үлкен ақ жауалығымен қақ жарып Мақпапал да барып кірді. Бұған бұрын отырып қалғандар тезбе-тез орын берді.

«Ана қатындардан мен озайын дегенім ғой түрі» деп Мақпапал өз-өзіне енді ғана сенімдірек қарай бастады. Осыдан ері көп кешікпей-ақ үлкен баяндама басталды. Арық, сүр жұзді қараша жігіт сөз сөйледі. Саспай, салмақтап айткан сөзі де, топқа қадалған өткір көзі де, бір орынға қатып тұрып қалған өзі де, тегісінен шегедей шанышлады. Атқару комитет председателі баяндамасының түйінді сөзіне сатылап, терендеп батып барады. Мал, мал, мал!... Кенес күрылышы үшін де... белсенді колхозшы, өзің үшін де... мал, мал, мал...

### III

Таза қылыш сыланған ауызүйлі, төрүйлі кішкене ықшам пәтерде комсомол Жақып, кемпір шешесі Несібелді және избашка — Настя отыр. Кемпір баласына жана бір үлкен қара сандықты әкеп берген еді. Оның ішінде Жақыптың кітаптары. Казір үшеуі сол сандықтың айналасында отырып, ішінен кітап, қағаздар алым жатыр.

Жақып кітаптарды екі жаққа кезек тастанады. Біреуі керек деген тобы, екіншісін шешесіне:— мә, мынау саған!— деп сол жаққа тастанай береді. Жасы алпыстан асып қалған болса да Несібелді әлі қайратты да тын. Өзі әрдайым көңілді күлегеш те. Қалың етті, қызыл жұзі көп катпар жасап жиырылып, көзінен жасы акқанша күлетін кездері жиі-жіі болады. Бүгінгі күнде өмірде оның қабағы солайша жадырап ашылған сияқты. Сондықтан әсіресе Настя мен екеуінің арасы күрбыдай. Қөп күлкі екеуі қатар жүрген жерден шығады. Баласы Жақып та шешесінің қазіргі күнін қостап, онымен көп мәжі-

лістеседі. Бірақ көбінесе қалжақтап құлкі шығара сөйлейді.

Бұл күндерде үйлеріне жан-жактан қонақтар келіп жатқан. Дәл қазіргі сағатта ол қонақтары слетте. Элі қайтқан жоқ. Жақып орындықта отырған бойымен еңкейіп, сандық ішінен бір топ кітапты алды да, реттеп отырып, кемпір жаққа әуе кемесінің мүшелік книжкасын тастай берді. Ескірген книжка. Бірақ сырты әлі жаңа екен. Кемпір колхоздағы кемпірлердің біріне берейін деген ниетпен, қалтасына сала беріп еді, Жақып түсін өтірік томсартып:

— Қой, не қыласың, біреу көріп қойса «комсомол екенсің» деп шатақ қыла береді,— деді. Настя қызылып аузын басып кемпірге қарады. Несібелді қалтасынан книжкені сұрып алышып— не дейт... Ал ендеше!— деп Жақыптың өзіне лақтырып тастады. Сол кезде слеттен қонақтар қайтып кіріп жатыр еді. Шал Қожық, Мақпал, қастарында Айша да бар. Кемпірдің өншең бәйгелі туыстары. Ішінде «кәрі шораяқ» шалы да жүр. Ол жаз бойы «Кеңбулақ» колхозында келініңің қолында тұрып, жылқышылық қып, колхозына алғыс алыш, осы слетке келген. Настя бұларды көнілді жұзбен қарсы алыш, Мақпала қарап:

— Апанықі қыз қандай! Басқа қатындар залда отыр. Ал ол президиумда...

— Төрге шықты ма менің балам?— деп Несібелді Мақпала қарап:

— Ия, төр. Төрдің төбесінде, несін айтасын. Басы бар табакты соларға тартады!— деп Жақып өзгелермен бірге құліп:

— Президиум десе бұл баяғысынша «төр» дейді!— деп Мақпала қарап:— атаңның фамилиясын айттың ба? Мен со жерде сен шатақ шығарасың ба деп ем...— деп тағы құлді.

— Айттым, несі бар?

— Койши, не дейт... Ұяттан кетіп,— деп Несібелді шынымен жаратпай қап ед.

— Е, өзің қайтуші ең? Мына атайым көзінше енді сырынды ашайын бәлем!— деп Жақып күле қарады,

— Е, мен қашан айтып ем?

— Айтпасаң менің паегімді алғанда не дедің?

Несібелді құліп жіберіп:

— Пәлимің не? — деп болмайт... Жақып пен Настя күліп жатыр. Кемпір өзі де күле отырып:

— Молымқан десем ұқпайт әлгі піркәншігі құрғыр...

— Бәсе, не деген меніреу десенші. Толымқан деген атасының атын атауға келінің тілі оралмай тұрғанын ұқпас болар ма, ол орыс,— деп Жақып мысқыл етеді.

— Сонда да айтпадым. Сонан соң тілеуің бергір, Әбіштің қатыны тұр екен, со айтып жібергені.

— Эйтпесе паексіз қайтуға бар, біздің кемпөшке... Мақпал да съезде сол сен сияктанып, жетісер еді... «Сыпайы екен бұл кісі» дер ет, шіркін съезд басқарушылар...

— Мақпал несіне именсін енді одан. Баяғы бір ғұрып деген ғой. Бәрін де тастап атқамыз жоқ па, түге...— деп шал үлкендік даналықпен үн қосты...

— Вот, малды баққандықі қандай жақсы, Мақпал... Ә, сендердікі қатындар «көктемде үкімет тегін ап қоят» деп шатақ кіган,— деді Настя.

— Е, айтсам болмайсын, осы емес пе менің айтқаным!— деп Жақып та, Мақпал да қарады.

— «Бак, бак, малынды» деп көктемде осының бәріне бақаша бақылдан ен. Сенің еңбегің осының бәрінің бәйге алып жүргені, түге,— деп Несібелді Жақыбының барлығын куаныш қыла, Мақпалдарға қарап қойды...

— Сөзінің керегі жоқ. Айтуды өзге де айтқан. Истеген еңбек өзіміздікі. Жалғыз баланды мактаганың неге болайық!— деп Мақпал Айшаға қарап күліп қойды.

— «Бір аштың, бір тоқтығы бар» деген осы. Қарағым, Жақыптың боғандығы неге жәрдем бомасын... Масадай сенделіп қамап па ек, жұда былтыр... Айтқаның ұғынып колхоздарыңа осылай еңбек ете беріндер, түге!— деп шал өсінетін айтады.

— Енді малыңның құр басы барлығын мактан етпе... Жақсы қошқар, жақсы бұқаға апарып сапасын арттыр, екеуің!— деп Жақып, Айша мен Мақпалға кенесін береді.

— Е, мал босынши. Басы боса, берейін десе, құдай осымен кем қылмайт, жұдә!— деп, кемпір жетекке ермей, тартыншақтай береді...

— Е, сен ғой, жұдә... Сенің бес ешкі, бір сиырың болғанда «құдай, құдай» деп жүргенінді білеміз!— деп күліп, Жақып сандығының ішінен бір кішкентай жат түсті ескі кітапты алып оқи жөнелді.

Ескі хатпен, қауырсын қаламмен жазылған, көп жері

қара сиялы, кейде қызыл жолдар кездесетін, кішкене шімай беттер не дейді?..

— «Койны баққанда ия мәләк десун қайтарғанда, ия саттар десун... Қиіз басарда ия ғапур, ия шукур десун; суға тоғытарда ия самит десун; қойға тұз бергенде ия һаннан, ия маннан десун...<sup>1</sup> — Жақып жөткіріп ап кекеткен үнмен:

— Мә-ә! — деді.

Бұл кішкене кітапты оқи бастағаннан-ақ кемпір мен шал:

— Расла-расла... екен ғой,— десті.

— Со ғой, бәсе. Бұның онда несі бар екен? — деп Мақпал ақсия күліп, бауырына қарап: «не дер екен?» — дегендей қып, тыңдал отыр.

— Шылдың қылат та,— деп Айша да Жақып мінезін шеше алмады.

Жақып шешесіне қарап:

— Сенің құдайдан соңғы бір сұрағаның осы емес пе еді? Тақуалығы қандай еді бұ кемпірдің!.. Міне сол агрономның айтқаны! — деп кішкене кітапшаның тағы бірнеше парактарын аударып, тоқтай қап:

— «Рауайылар андағы рауаят қылулар кім, һазірет адамден Мұхамед Мұстафа салли аллаһы ғалияһи уа сәлләмғаша мың иеті юз пір кәміл қаһир бістә, мина бісте уа саһиб шүкүр етіпләр. Анден төрт пір тиуашылық қылып тұрлар...» — деп аяғын соза оқып кеп: — Па, шіркін, түйе бақ, деп жатқанын көрмейсің бе! — деп екі-үш қағазды аударып жіберіп: «Шөкіргәндеге ия алла, ия раһман димек кирәк!» Сенің әлі көп түйелі боп жүргенің осының айтқанын қығаннан ба! — деп шешесіне қарап күліп қойды. Несібелді әлі іргесін бермейді. Ол томсарып кана тыңдал отыр.

Мақпал бағанағы қалпынан жымып отырып, енді Жақыпқа:

— Сен мұны неге сақтап жүрсің, жүдә? — дегенде Жақып іле жөнелді:

— «Тиушиндік қылған кісі бұ рисәланы білмәсә, оқытып ешті мәсә, ия әзі тұтмаса, тиуашылықтен һәр не тапқан малы донғызынын күшиден һарамдұр. Хиямәт күні көрден тұрса юзи қара болғай!» Көресің бе мінел! — деп

<sup>1</sup> Автор мал өсіру жайлы қазақ, араб, шағатай сөздері аралас діни тұрғыдан жазылған ережелерден үзінді келтіреді.

Жақып Мақпалаға қарап:— былай дегесін ұстамасқа бола ма?— деп кемпірден өзгесі тегіс қосылып құлісіп алды. Жақып әлі үндемей отырған шешесі жаққа қарап көзін қысып қояды...

— Апам екеуің олай болса, ол дүниенің қамын, сауда-бын сандыққа мықтап сап ап, сақтап жүр екесің ғой,— деп Мақпал Айшаны түртіп қойды.

— Е, әйтпесе не?— деп Жақып тағы бір-екі қағазды аударды:

— Һәр кіши рисәләні өзі бірлә сақласа құдайтағала тиуашылыққа мың бәрәкәт бергәй»,— деп кітаптың жолына саусағын қадап тұрып сипай қамшылағандай қып, ақырын қөлгірғана жұзбен кемпірге қарап:

— Сіздің түйеніздің саны неше соқыр bogan et осы, бәйбіште!— деп қойғанда Несібелдінің өзі де жарылып құліп жіберді. Екі қызы әсіресе мәз болады. Жақып шұғылынан тағы салдырлата жөштелді...

— «Мың бәрәкәт бергәй, шол бәндәнің юзи он төрт күнідік айдік болғай, шол бәндәнің вантынің юзының курып, әйли ғырәсат һәйран қалып айтқай, бұл қайсы пайғамбар, уа қайсы жаһит, уә ғайыс ғазитүрур дигәй, би кәләм, уә би зәбин, уә би дендандан нидә килгәй... Бұл ол дүнияда менің әмірімді тұтып бу рирәсәлла мұбәрәк сақлап ерді шол сәбәптәш шу мәртәбәгә иткендур»... Міне біз, апам екеуміз неге сактаймыз, білдіңіздер мे?— деп Жақып кітапты жаба бере...

— Мына бір жерінде «бір қой садақа бергей» деп қойыпты... Өзін жазған қазақтың қу молдасы!— деп кітапты жауып тастады.

— Керек, бұдан керек не болын,— деп қойды.

— Қазақ... қазақ молдасы. Осындағы қып жоқты-барды шатып кеп,— бұл алмай қоймайтын да, жүдә!— деп шал Жақыптың басқа кітаптарын қарай бастады. Бағанадан үндемей отырған Несібелді, енді бұл кітаптан гөрі де таңырақ бір нәрсені есіне алып:

— «Шорай, ислам»,<sup>1</sup> «Ақтаяқ»<sup>2</sup> дегенді кәйтесін. О, қандай тіксінтіп ет, жүдә!— деді.

— Онда ғой маған да намаз оқыттың! Жасым сонда он үшті, ораза тұтқызып қандай зарлattы апам!..— деп

<sup>1</sup> Шорай ислам — діни кітаптың аты.

<sup>2</sup> Ақтаяқ — ел алдаң діни үағыз айтатын молда.

Жақып «актаяқ» заманының өз басына түскен ауыртпалығын еске алады.

— Со құрғыр осы беріде бомап па еді... Кенес уағында қайдан шығып жүрді екен?.. «Ораза тұтшаганды дарға асады, иамаз білмегеннің тілін кеседі», — деп наяты қандай шошытты, жудә? — деп Макпал да еске алды...

Бағанадан бір кітапты оқып отырған Настя жаңа ғана басын көтеріл:

— Орыстықі поп, қазактікі молда, ол бәрібір один черт,— дегенде Несібелді құліп жіберді де:

— Е, сен сейле, қызыым, маган ұдайым осындай ақыл айтат бу! — деді.

Настя толықтау денелі жас қыз. Қызметінің көбін қазақ ортасында, әсіресе қазақ әйелімен араласа істемекті мақсат қылады. Сондыктан ол ауданды, аудан ішіндегі жақсы, жаман колхоздарды тегіс біледі. Осы Жақылтың үйінде ұдайы тұрады. Өйткені өз тұғандары Қырғызстанда — Каракөл жағында боса керек.

Бұның кемпірге онашада айтқан жайының кейбірін, кейде Несібелді көпке де малім етіп қояды.

— Байғұстың әке-шешесі өмір бойы кедей болып, малайлықта өткен екен. «Алты баласы бар едік. Біз һәм тегіс малайлықта болдық» дейді. Өзі «қазақсын» деп бойын аулақ салуды білмейт, жудә. Кейде түнде қайтып кеп шешінеді де, қойныма кіріп кетеді... Дәл баламдай... Өсиетті де көп айтат маган.. — дейтін.

Казір Настя үш әйелге қарап, шындаған, салқын пішінмен сөз сөйлейді. Үні кесек. Ұртына тас салып тұрып сейлекен кісінің үніндей салдырлап:

— Кенес келгенде олар өлеміз ойлаған. А вот сонан соң олар «актаяқ» тағы сондай чепухаларды шығарып сендерді қорқытқан», — дегенде Несібелді:

— Қорқытқан... — деп тілін тамашалап кенкілдеп күліп қояды.

— Жақсы айтат, макұл айтат...

— Жудә, дұрыс айтат, — десіш Қожық пен Макпал бек қош тыңдайды... Несібелдінің бәйгелері съездегі осыған үқсаған сөздер болсын, бұнда Жақып пен Настя айтқан әңгімелер болсын, барлығын дең қоя тыңдайды... Барлық қалыптарында осындай бір сандуаға сусағандық бар. Соған анталап бас қоюға эрдайым әзір сияқты. Етін келген енбектерінен тұған сана сияқты. Тыңдағанға бұ-

лар сөзінің қақ жартысы «ылғи» колхоз, «колхозда» дегенмен келеді.

Әр колхозда жүріп, бастары ойда жоқтан бүгін ғана қосылып отырса да бұлар іштей: «білекке — білек, тілекке — тілек қосқандар». Қазіргі әңгімелерде бұлардың үшеуі де, Настя, Жақып пен өздерін «тізелес, қолтықтас» деп сезеді.

Кемпір Несібелді де, осылар арқылы баяғысының үлкен, ауыр жүгін еңсеріп келеді. Барлық «актаяқ», «шорай ислам», рисәлалар дүниесіндегі қара түндей артқа серпуге айналған... Ауыз үйге шыға бере ол, алты жасар немересі Елубайды көрді. Сыртқы есікті ашып тастан, Елубай қорада жүрген ақ қоразды мазактайды. Соның үніне салып, бақырып келе жаты да әжесін көріп, қораздың үнін тастай беріп:— әже, менің өлеңімді тыңдағын,— деп алып әндептіп:

...Легин біздің атамыз  
Саясында жатамыз.  
Жаулар қарсы келгенде  
Как жүректен атамыз...—

деп сүк қолын мылтық қып оқтап ап, әжесіне тап береді. Несібелді «сүйт, қарагым» деп, одан да Жақып үнін естігендей болды. Сондықтан әңгімелерінің соында шай жасап жүріп:

— Көзді бояй беріпті ғой, жұдә, құдай ұрып... Аңқау елге арамза молда!..— дейді. Бұл енді оның да ішінде қайнай бастаған қорытындысы... Ескілік, бұлар денесінде «өлі жұн» есепті. Жаңа тарих көктемі оларды түлеткен... Сонда азғана түбіт, азғана «өлі жұн» сүйретіле барып қалмаушы ма еді? Бұрынғы дін, ру дегендердің бәрі бұлар санасында сол тамырдан, қан-сөлден айрылып, енді үзіліп тусуін күтіп жүрген бірер жабағы, түбіт өлі жұн есепті... Бәрі тегіс шайға отырғанда кемпір тәңкермені турап әркімнің алдына тастан отырып, тақ ортаға Мақпал экелген майды койып, Настяға қарап:

— Бүгін ойын болат дедің бе?

— Болат, бәріміз барамыз. Апанықі да баратын керек... Мыналар делегат... Олар өзі де болады,— деді...

— Е, мен әм барам. Үй ішіміз бол тегіс барайық...— деп Несібелді көнілдене түсіп, бұрынғы бір ойынды есіне алып күліп:

— «Сүйдім, тидім»— деп Байжұманның қатыны кан-

дай ойнады әнеукуні,— дейді. Настя бұнымен қоса құледі.

— Өзің, жұдә, ойынға әм барғыш бопсың той!— деп шалы әзіл етеді.

— О қазақ ойны. Артынан бір орыс ойнына әм апардым!— деп Жақып шалқая күліп:— тап алдына апарып отырғызып «кәйтер екен» деп өзім арт жағынан отырдым. Басында адамша қарал отыр еді. Бір мезгілде қарасам қасына Жұмаштың шешесін отырғызып ап, ауылдың әңгімесін со-оғып отыр!— дегенде Мақпал, Настяға қосылып Несібелдінің өзі де мәз болып күледі.

— Пъесаның со жерінде бір мылтық атылатын ет. Этейі айтпай «соға бер бәлем!»— деп аңдып отырмын. Бір мезгілде «тарс» ете түсіп ет!— деп көзінен жас ақканша күліп Жақып:

— Құдай көрсетпесін, екі жағына бірдей қисаң-қи-саң етіп, тап оқ өзіне тигендей боп қолымен басын коршай берет!..

Кемпір пияласын жерге койып, бар денесімен селкіл-деп, үні өше күліп:

— Қайдам... Эне бірісі битіп қап! Мына жақтан бір орыс жүгіріп шығып битіп қап!..— деп денесімен өрескел қозғалыстар жасап койып:— Қарасам бір маржа се-ренден жатыр!— деп тағы күледі. Мақпал шешесі мен бауырының екі арасындағы құрбыдаі халге сүйсіне күліп:

— Содан әрі не болты?— дейді. Кемпір күліп жауап бермейді.

— Айтсаңшы не болғанын?— деп Жақып тақымдаса да ол басын шайқап айтпайды.

— Одан арғы қызығы—«жүр қайтайық, журші... жүр» деп мазамды алмасын ба!— деп Жақып тағы күледі.

Кешкі мәжіліс біткен сон ойын көрер алдында Мақ-пал, Айша, Қожық және Жақып бар — бәрі «шай ішіп қайтамыз» деп үйге келді.

Бұлар келгенде кішілеу лампылардың қызығылт отта-ры бөлмені де жарық қып түр еді. Кемпір ауыз үйдің он жағындағы ағаш төсегінің қасында бір нәрсеге айналып күйбендер жүр.

Настя ешқайда жоқ екен. Мақпал мен Айша шешеле-рі жаққа айналғанда, Жақып пен әкесі тәргі үйге қарай басты. Сол кезде артқы есік ашылғандай болып еді, Жа-

қып өзінің арт жағынан шұғылынан шыққан тұтас, қатты күлкіні естіп жалт қарады. Шешесі, Мақпал, Айша бәрі де сакылдаپ есікке қарап тұр. Дәл есіктің алдында қазактың үлкен жауалығы мен қазақы көйлек, бешпет киген бір аппақ домалақ келіншек тұр. Бұл танып болғанша, келіншек салдырылаған кесек, таныс үнемен күліп жіберді... Қемнір күле тұрып:

— Тәжім ет, қарағым! — деп еді, келіншек өзбектерше екі қолын төбесіне қойып, иіліп:

— Бісмилла рақмет,— деп еді, жұрт ду күлді. Несібелді өзі де күле тұра «режиссерлық міндетін» соңда да үмытпай:

— Үл тап! — дегенде Настя даусы тағы салдыр етіп, бар шынымен:

— Табам! — деп уәде берді...

Осы сурет кеш бойы Несібелдінің есінен кеткен жоқ... Ол қайта-қайта «бісмилла, рақмет» деп қойып, көзінен жас аққанша күледі. Настя ісінің екінші қатты әсер еткен кісіци Айша болады. Мақпалдай емес ол ене қолына келін бол барған. Және сондай үйдің ішінде кішіліктің қаражуын көбірек көрген. Сол себепті тегі үндемейтін бұйығы еді. Колхоз бәйгесінен озып, туған үйіне кеп отырса да, ол аз сөйлеуші еді... Мына Настя мен шешесінің ойыны оны да өте көп күлдіріп ашып жіберді... Көп үлкен себеп болмаса да, бұлардың бәрінің де күлкісі мол. Қабактары ашық, түстері жарқын... Өмірлерінің ішкі қызы мен өскен үміт-тілегі, көтерілген талайы бар. Со лары күлдіреді.

Бәрі бұрынғы ескіліктерін арттағы күнге тастаған. Енді бұрын болмаған, болжамаған қызықты жақалық көз алдарына кеп қапты. Соны ұстагалы сипалап жүр. Жақын... күйріғын шалып жүр. Соның жақындығы бұлардың екпінін молайтады... Сеніміне қос қанат бітіреді. Бойларын қытықтайды. Күлкісін молайтады...

Ертеңгі түсте, аудандық слет бітіп, облысқа баратын екпінділер клуб жаңында үлкен автомобильге мініп жатты. Ишинде, тап ортаға отырған Мақпал. Бұған екі жақтан: Настя, Несібелді, Айша, Қожық — бәрі де күлісіп, қош айттысып оң сапар тілесіп жатыр еді. Бір уақытта Жақып келіп:

— Тоғыз кісісіндер. Бұл баратындарың облыс. Бес кісі Алматыға барады. Сол бесеудің бірі тағы сенсіц...

— Дұрыс, макұл барам! — деп Мақпал қызарыңкырап күлді...

— Кешегі осында сөйлегеніңде қып ол жерде де сөйле!.. — деп апасының қолын алып күліп:

— Ал енді «ұл тап!» — дегенде Мақпал қатты күліп;

— Табам! — деді.

Автомобиль тартып берді.

1934

## ІЗДЕР

### 1

Тікшелеу жасыл беткейдің орта тұсына келе бере Несіpbай аттан тұсті. Айналаға көз салған жоқ. Әлдеқандай ой басқан күнгірт жүзі бүгін бірде-бір рет көтеріліп, мынау кең дүниеге қараған емес. Қөзін ылғи төмен салып, жүзі де салбырап түкыра береді.

Сол еңсесін көтермеген бетінде атының ауыздығын алды. Құйрығын тірсегінен келтіре шорт қескен күдіс торы ауыздығы алына салысымен басты жерге салып, атқұлақ араласқан көк өлеңді борт-борт үзе бастады. Несіpbай мұны шаужайлай түсіп, тапжылтпай отырып шылбырмен тұсау салды. Аздан соң тұрып сауырынан сол жақ алақанымен ақырын ұрып қалғанда, торы ат өрге қарай секіре басып өрлей берді. Тұсаумен секірген сыйын ұзындау кекілі көтеріле түсіп желл етіп, дәң басындағы әлдекімге торы аттың «здравствуйын»<sup>1</sup> айта бара жатқан сияқтанады.

Ауыздық пен үзенгі, тұрман шылдырлап барады. Несіpbай қырын тұрған бетінде сол жақ иығына мойнын бұрып: «ер-тоқымын бұлдірер ме екен», — деп ойлай түсіп, ұзап бара жатқан аттың сонына қарады. Баяу басатын сылбыр ой енді жиылып кеп бір байлау жасағанша ат үзай берді. Несіpbай дағдылы шабандықпен біраз дағдарып тұрып қалса да ойын жеңген ол емес. Ешиәрсені абайламастан бетін қайта бұрып, енді ойға қарай аяндады.

<sup>1</sup> «Здравствуйын» — сәлемін.

Жарқыраған, қызы мол шағырмақ май күні мынау. Бектер қызғалдақ атып, гүл шашып, көк майса шөбі ін тиесіп міне тұр. Мөлдіреп, жаудырап ағып жатқан көк қасқа бұран су анау. Соны бектер. Әлі қылшығы құрамаған. Бір тал шөптің мұрты сынбаған деген осы-ак.

Ай, бірак, көпірді кім біледі?

Несіpbай көңілінде күдік көп. Сене алмайды. Запыс боп, зыр қағып қалған. Аяғын төмен қарай бір басып, екі басып келе жатып, көзімен ылғи көк шөп ішін тінтіп келеді.

Көпір шытыр тағы шығып қала ма, қайтеді, сопаң етіп? Сескенгені сол.

Не де болса күдіксіз тау... Таудың өзі жақсы еді... Амал не? Көк тұман мен алыс ақ бұлтарға қоршалған ана бір айдын төскей, анау бір алып тауға көз қырын тастады.

Қарлы қыс етектен туре қуылып, қаңғып шығып, тау басына тізе бүгіп, артын малып отырып қапты. Жалынғаны меніреу аспаны, сүйенгені сұық бұлт.

Қыс пenen көктемде шаруаның қыншылығымен бірге қабаттап арқадан қысып, әлекті салып ен... «Кетші, кете түсші», дегендей боп тау жотасындағы қыс белгісіне өшпендейлікпен сұық қарап ап, Несіpbай қайтадан аяқ астындағы шөптерге тесіле бастады.

Бір мезгілде аяғы тайып кетті. Оң жақта бір күдікті көрінген шөпке қадалып келе жатып аяғының астындағы тікше, тайғақ кемерді байқамай қапты.

Қол-аяғы сербеңдеп азғана қалбақ қағып қалды да, бір мезгілде артымен жалп етіп отыра кетті. Шапаның етегі де лап етті.

Қалдайған, қастекі қара бөрік басынан үшқан бетінде ойдан ойды қуалай төмен қарай зыр қакты.

Несіpbай есін жиғанша төменгі жағында бірдеме дүрдүр етіп, жел күнгі өрттей лаулады... Есіне сонда түсті. Кемердің астында жусап жатқан қой-қозы бар екен. Құлағанда соны үркітіп, бей-берекет қылыпты.

Несіpbай көк шалғынды уыстай жұлып, өрге қарай тырмысып қайта тұрды. Көкейін кескен өзге емес. Құлар алдында бір күдікті көзі шалып қалған. Сол араға келе бере шөге қалды.

Айтпап па ем пәле деп... Міне көпір құзғынның өзі деп, бір топ шытырды жұлып алып жерге атты.

Сол кезде мұның ойға барып түскен бөркін алып Құзенбай келді. Оның сыйбырына бұрыла бере Несілбай:

— Қөрдің бе, қырықты... — дегенде, өздеріне мәлім жәйді іле жөнеліп:

— Атама, бар демеп пе ем. Бар. Тек амандық берсін, — деп титығы құрыған амалсыздықпен күрсініп алды.

— Қаран қалсын, қаран қалғыр, — деп Несілбай барлық үлкен денесі, өнебойымен бір үлкен дағдарыс белгісін білдіріп, жалаңбас басын сол қолымен сүйеп, мелшип қалды. Оң қолы әлдеқандай шөпті алыш, қалың жириен мұртының астына кіріп, қажетсіз, себепсіз тісін шүқиды. Бұ да Несілбайдың дағдарыстың сырт белгісінің бірі.

Екеуінің аяқтарының астында, аз төменде ерекше мөлдір сулы Тастан өзені жатыр. Екі жағы майысқан әдемі қек балауса. Әйрықша бір жарастығы бар, біркелкі өскен алқуре шалғын. Сол екі жағада жоғары-төмен созылып, түскі жусауын өткізіп, совхоздың бір сақпан қойы жатыр. Екеуінің міндегіндегі қой. Бұлардың есідертін билеген, ойы мен бойын түгел женғен жалғыз уайым, жалғыз мұн осы қойлар мұны.

Үстінде тұнжыраған қек мөлдір күмбез май аспаны. Сондайлық қек мөлдір тұман, сағым ішіндегі қиял тауы — Алатау. Қиыршық күмді таза арнамен сыйбырлай түсіп, шалғын қуалап, жағасын желкілдетіп аққан қасқа бұлак. Жота-жотада бұлың бұлың етіп, жайқала түсіп, құлпыра толқып тұрган қызығалдақ торғындары. Өзектін салқын лебімен ырғала түсіп, онды-солды толқып жатқан жоғары-төмендегі қек шалғындар... Жүзденген әндер мен шырыл қаққан әлдеқайды торғайлар. Алатау гүлдеріндегі мың түсті бол жалт-жұлт етіп үшқан көбелектер бәр-бәрі де бұл екеуінің қазіргі күйінде көздеріне көрінбейді. Сезілмейді.

Ақырын өсіп өз бетімен өтіп жатқан есепсіз, әсерсіз, мағнасыз бір ағымдар.

Екеуінің көзі де қойда. Әсіреле қозыларда... Бәрінің де үстері, және де, су болған. Марқа қозылар мен шуда жүн Еділбай қойларының үстері бүгін мына ашық күнде әз құрғаса да, әлі де сыйбасып тұр.

Шайыры кетіп, жауынға шайылған жүн. Жаңадан жылаған көздің кірпігі жабысып жасансып түрмай ма? Соған үқсайды.

Бүгін, қазір Несілбайдың іші де сондай жылап тыйылған, қасын іріккен іш тәрізді.

Сондықтан ол қуана алмайды. Кеше соқкан сеннең бүгін әлі серги алмайды. Үндеспей ұғысады. Құзембай күйі де сол.

Келбетті сары түсті, қырма сақал, қой көзді Несіпбайдың бет ажымдарының бәрі қазір ерекше тереңдеп тұр. Әр жерінде көкшіл көлеңке бар. Кейде белгісіз тістенген уағында шеке, самайына шейін бұлкілдейді. Басы тағы төмен. Етті қалың қабагы зорға ашылып, зорға жұмылған сияқтанады. Елестеп кешегі сурет келеді. Қөз алдына келе бере іркіледі.

Ыза ма, өкініш пе, әлде өкпе мә? Не дерін білмейді. Қоңгісі келмей тыртысады. Бір минутке, ішін сара тілген өткір сезім, біздей сұғып шашып өтті. Мол денесі білдемеден оқ тигендей бүрісіп-құрыса берді. Қабагы тастай түйіліп кетті. Есіне алғысы келмей өзімен-өзі алысқан тәрізді. Бірақ болмады. Кешегінің суреттері қорғаншақ ойдың таса-тасасымен бұкшиіп, бұғып, баспалап бірі артынан бірі келе берді.

Совхоздың өндіріс кеңесі еді. Халық мол. Жауапты адамдар, директор, ферма бастықтары, политотдел, үлкен шабандар — бәрі де қүйзеу, Рабочкоммен Зылиха. Өзінің Зылихасы. Талай тар кезең, тас кешуде бір өткен Зылихасы.

«Ұрганда мені сен ұрдың-ау. Мұқатайын деп пе едің? Не кегің бар еді? Не жазып ем?...»— деген сияқты өзін ақтағысы келген өкпе аралас кіналар бірі үстіне бірі тықиалап, алғашқыда Зылиханы бұған жендеріп бара жатқан сияқтанды.

Жоқ... Жоқ... Ол құр ашу, қара боран ғой... Қазақшылық қой деген бір күдік тағы шығады.

— Не көрсем бірге көргенім рас. Жолдасың екенім де рас. Бірақ совхоздың міндетті қызметінде отырып, кеңестің саналы азаматының қатарында отырып, сені құр байым екен деп ақтай берейін бе? Өйтсем өлгенім артық емес пе?— десе қайтем.

Пай-пай... абы да болса шын-ау... Несіпбай дағдарып барып күрсінді. Құр тісін шұқиды, түкіре берді.

Қасынан Құзембай да тұрып кетіпти.

— Оның рас-ақ болсын. Ал қатты айтқаның не?

— Айтпай қайтушы ем?

— Айтқанда не дедің? Не дедің? Мен жаман-жақсы болсам да Несіпбайың емес пе ем? Совхоздың жаманы мен бе едім?

— Киялама. Онын қара дау...— дегендей болады. Зылиха. Тағы күрсінеді Несіпбай. Тағы қабак түйіліп, ішшаншып кетті.

— Не қарап жүрдін, на қара басты, жас күніңнен көрген-баққаның кой емес пе еді? Шытыр болса, алғаш көріп отырғаның осы ма еді? Байдың қой-қозысын бағып жүргенде бір күнде үстіг он қозысын өлтірсең не көрер ен?..

— Апыр-ай, ең ашың осы болды-ау... Камшыладың, дүреледін-ау, Бәлем қатын... Осыныңа егескенде осы...— деп қажырланайын десе де Несіпбай; «пәлен етіп жіберейін бе?»— дегенді айта алады.

Қайтадан сұлық түсті... Өз-өзінен басын изеп:

— Сенікі рас... Ал жендің. Дегеніне жете бер. Мейлің, мейлің...

Бірақ бұ да ауыр. Өкпе, кіна... Тағы кішкене кете-рінкіреп:

— Кіна болса кіна, ия... Ал бәрі рас. Сонда мені баяғы бай қатыныша, адуын, көк айыл, дүние қоныз қожайын бәйбішеше жерлегенің не? Ал...— дей бергенде Зылиха көз алдында отырғандай малдасын құрып шаншылып қоқылданып алды.

— Бәлем осы арада қысылмай аман қалши,— деп сұрланып та алды.

Сырт қарағанда Зылиханың бұл әлсіз жері екені рас. Ол бұрын осы бектердің, нак осы Тастан өзенінің иесі болған Дулат байы Жүсіптің қатыны болатын. Бірақ болғаны не керек. Оған да Зылиха қосылмайды... Өкпеші дәүкес ой, шын жәйді еске алған сайын ұтылып, тоналып жұттай берді.

Бай болғанда қойлы бай. Бірақ сасық, дүние қоныз, құнсыз еді. Зылиха уш қатынның бірі. Жастай алған, малға қызықтырып, кедей сорлы әкесін әрі алдаң, әрі сызын өткізіп қорқыта жүріп алған. Кәрі бай Зылиханың жарық күнін түнге айналдырған. Жанар отын сөндіріп, тіршілігін күл беттендірген. Жар қызығының орнына көн бол кепкен кәрі шал, Зылихага мал қызығын ұсынды. Онысы өзге емес, сол қалың қойды ертелі-кеш тынымсыз бағып-қағу. Қозы алу, қозы салу, кой сауу, құрттарған, биттегенімен алысу. Шалдың айғайымен бірге секіріп тұрып түн үйқыны төрт бөліп, қалғи-шүлғи жүріп, сары ала етек бол сарп ұру...

Зылиха ойлап көрсе, ол бір шынымен сатып алышып,

мал сонына салынған атсыз, тәңір жарылғасынсыз малшы, күң-малшы еді. Мұның бойындағы жастық ажарын сыйдырып, жас қанындағы тіршілік отын өшіремін, жоямын деген есеп еді.

— Сонда шіркін, күдай кәні, бір, қасқыры қатты болған қоныста, жаңбырлы күз түнінде қой шетінде күзетте отырып, әлі күнге сырт дүниеден бүркеп тығып сөндірмей келген өмір шырағын, ыстық жас құшағымен бірге саған бермеп пе еді, Несіpbай-ау? Екі еңбекші, екі бейнетқор қолы түн қараңғылығының, өмір қараңғылығының ортасында, бірін бірі сипалап кеп таппап па еді? Шын табыспап па еді? Берік ұстаспап па еді? Қөрген-баққаны сен емес пе ең?

Жириен мұрт болар-болмас күлкімен жиырылып, басы да бір-екі шүлғығандай болды.

Арты 17 жыл. Әйел бостандығы. Бұрын шенгелден тұтқан ескі құрсау, енді ең болмаса босағандай бол, екеуінің етегіне кеп оралды. Бірак 17 жылда қосшы, одан партияға кірісті. Бұлар жеңді.

Содан Зылиханың табаны тайған жок, Жүсіптен алғаш қөргені кесел болса да, бері келе басқа нәрсе айналды. Бейнетқордың бәрі ететін ағы тәжрибе, өмір сабагы болып, өміріне жолазық болды.

Кешегі жиын ішінде Несіpbайды бетке ұрған, қамшыдай ширықтырған Зылиха сөзі. Зылиха мінезі өзгерген, есken; Зылиха мінезі орынды... Айттар дау жоқ,— деп аз тұнжырап отырып:

— Құрысын,— деді. Жеңілгені, көнгені...

— Арқасы шилі болған аттай шыға қап тұрасың-ау, ескінің сзызы,— деп өзін өзі бір тежеді. Мойын қатып, сіресіп тұрғаныңмен, ақыры шындыққа көзің жетіп, қында болса енді кеп ойысып барып соған көнудің өзі де көңілге бір медеу емес пе? Ойлап, талдап шықпаса да Несіpbай осыны көкірекпен сезді. Қалтарысы жоқ, томырыла кететін морт көңілінде ол шыншыл, әділ болатын. Бас кетсе де дұрысты дұрыс деу түп қазығы.

Кешеден ішінде дүмбілез бол, шиеленген түйіндей бол байланып бір ыза қып, бір өкпелетіп, біресе ашу шақыртып жүрген бір жай осылайша шешілді.

Кой жусап жатыр. Ток бүйірлері солықтай түсіп ыстық, ашық, жәйлі күннің астында көз жұмып күйіс қайырысады. Қозы, лақ қана біресе өзенге барып тамсана түсіп, бастарын жерінгендей шүлғи-шүлғи тастап, шу-

лайды. Біресе енелерінің айналасында қойқақтап секіріп, ырғып ойнақ салады.

Өнген, өскеннің жаразтығын даттап тұрған көрікті дүние енді ғана Несілбайға жадырап қараған әлпетті. Сейткенде кешегі істегінің тағы бір толқыны лық етіп, сырғып келді. Ол жиынның түйіні сол еді.

Кеше таңертең осы қойдан, осы Күзембай, Несілбай отарынан сазандай 10 қозы өлді.

Қектем қалың жауынды бол, көк қаулап қатты есті. Қауырт есті. Осындаға дәл осы бәктердің ерте күннен қалмай келе жатқан бар пәлесі болушы еді. Ол — шытыр деген у шөп.

Он шақты құн болды. Сол пәле білінгеннен бері ферма-ферманың бәрі бірдей қой өлтіре бастады. Қыстан жаға жұлынып, етек жыртылғандай болса да тіс, тырнақты салып, малды түгел амандаш шықкан қой совхозы.

Енді совхоздың барлық енбекшісі үмітті де куанышты. Өздеріне сенім бітіп, енбек жанғандай болып, тіршіліктері қуле қарағандай еді.

Мынау өлім, күтпеген пәле болып жаман үйлықтырды. Ферма-ферма, қашар-қашар қайда барагын білмей, шытырдың бабын таба алмай сендей соғылды. Мамандар індеп себебін, шытырдың бітімін, тек затын зерттеп жатыр. Бірақ не керек, қой өліп тұр.

Екі ферма шытырдан күм таза болар деп 40—50 шакырым жердегі күмға қашты...

Несілбай өткеннің бір тәжірибесін еске алып: «бір қабат тауға кіре тұрсам не етеді?» деп өз қашарын алып сол мына тұманды төскейге өрлеп еді. Шытыр болмады. Қой өлімі жоқ. Ұш құн аман-ақ етті. Совхоздың қысылған күнінде талай рет осындаш шығыс тауып жүрген Несілбай еді. Қөніліне куаныш та, мақтан да кіре бастап еді.

Бұдан да қырағымын, жырындымын деген Жартыбай шабан құмды сағалап, алысқа мойын созса, бұл совхоздың жалпы жоспарын бұзбай, жақыннан-ақ шығыс тапқан сияқты еді.

Бірақ дәл кеше сол Жартыбай есебі дұрысқа шықкан дай бол, бұл бір тосян апатқа үшырап қалды.

Таңертең күн ашық болды. Тау қойны ешбір жаман ырым шеккен жоқ, меніреу, тілсіз, дүлей әуе не бүккенін кім біледі?

Кой, қозы тырандалап қара шаттың бір тік бетінде шашырай жайылып жатыр еді. Мал ортасында Несіпбай өзі. Және Құзембай мен басқа екі шабан да болатын.

Тау оты қой бүйірін күн жайылса да қампита қапты. Соны тамашалап жүріп айналға көз салмап еді. Ұлы сәске кезінде құмнан, теніз жақтан сайтандай бол, болымсыз сүр бұлт шықты. Шығысмен бықсыған індептей бол, сүріне-қабына асыққан тәрізденіп, тауға қарай ұмтылды. Барған сайын құрдым, шөл бітімдес жұтаң сүрлық қоюланып қалыңдай берді.

Тау ішінде жүріп бұлар байқамап еді. Бір сэтте аспанның қақ жартысын басып, жоғарыдағы биіктің басын қоршап алды. Алдамшы күні сөніп, әлдеқайды тығылып кетті. Ес жиганша болмады, шатыр-шұтыр нажағай ойнап, алғаш соққан жел лебімен бірге нөсер де құйып берді. Секунд сайын аспаны мен тауы қоса қутірлеп, Алатау бүгін ғана қайта туып жер астынан енді актарылып шығып келе жатқандай болды.

Кой-қозы біресе ыға жөнеліп, біресе дірдектеп бастарын ыққа бұрып, жонын төсеп көрді. Бишара жас қозы сне бауырына басын тықты. Кейде нақ тәбелерінен жауық беріп, шарт еткенде іріліп, ықтап түрған қой дүрік беріп жарылып та кетеді.

Несіпбай мен барлық шабан қатты састы. Енді Несіпбай ойынан жортып өткен күдіктің бір үздігі:

— Ай, жаңылмас игі едім. Жартыбай кәпір айтып еді, сол ақыл таппаса игі еді... Бүршақ деп еді-ау,— дей берді.

«Шығасыға иесі басшы» болғаны ма? Аузын жиганы сол-ақ екен. Нөсер шын бүршак, мұз бүршакқа айналып сала берді.

Киіз қалпақтың сыртынан сыйырлатып ұрып барады. Барған сайын соққысы қатаң. Жерге түскені шоршып-шоршып түсе бастады. Күн де сәттін ішінде сұыта берді.

— Ай, ірілеп кетті-ау, кәпір, жазым қылмаса игі еді.

— Кесектеп-кесектеп кетті-ау.

— Енді қайттік?

— Қылды-ау, қылды-ау қыласыны,— дей берісті.

Сол арада Несіпбайдың көз алдында, енесінің бауырына артын тығып түрған қызыл қасқа қозыға бір кесек бүршак қара құстан сақ етті. Сол секундте жас қозы ыршып барып қалнақтай түсті. Сүп-сүр бол бір сэтте

қартайып кеткен Несілбай жүзі, енді бір оймен есін жиғандай болды, жаңағы қозыға қарай тап беріп:

— Шөкем-ай, бишарал-ай,— деп кеп үстіне өз денесімен тене беріп қоршай қалды. Болмады, бұл алғашкы ғана түяқ серплу сияқты еді.

Осыдан соң есін жиып, айғай салып, бар қойды бір араға шырық ніруге тырысты.

Орындарынан тапжыла алмай, есі шығып қалған қойлар онайлықпен іірілмеді. Эйтседе барды салып қарбаласып жан таласа жүріп,— 4—5 жұз қойды болса да бір араға шоқтай қып ііріп алды. Жалғыз айла, Несілбай тапқан айла осы еді.

Іірілген қойдың іші ұсактарына — қозы, лаққа пана болды. Сокқыны каткан сінір, ұлken қойлар ғана көретін болды.

Бірак керегі не? Қырсыкты таудың бар бүршағын бір өзінің басына алудан тартынбас еді. Дәрмен, талап бәрі ақтарылып, төгіліп қалғандай болды. Он қозы өлді. Өзге талай қозы әлсіреп, мый айналып, мүгедек боп қалды. Кешегі жиында Несілбай басын сарапқа салдырган осы опат. Бүгін міне қайта қашып, тауды адыра тастанап тағы балакқа кеп отыр. Сенбейді, шытыр мынау.

Қойдың алды өре бастады. Бір шеті өзеннін арғы жағасындағы қыранға шығып кетіпті. Құзембай сонда жүрекен. Несілбай орнынан түрғанда, ойдағы қойдың бәрі өрді. Сонда көрді... Ойлаған күдігі күттірмейін деген екен.

— Уа кесел, оттан қашсам, суға ұрындырың ба?— дей берді. Эне, ана кой тулас жатыр... Жүгірді... Белгілі, іші кеүіп кетіпті. Улаған ғой, торсып дөңбектей боп, іші шайырақ атып кетіпті. Жүгіре басып, жаңынан дәрігер берген бізді түтікті суыра келеді. Анадан Кузембай да бірдеме деп дабырлай жүгірді... Ол алыста.. Жеткенше қашан.

Келісімен ана қойдың сол жақ мықын тұсын белгілең ап бізді сұғып жіберді. Тірі қойдан қан, жын іісімен бірге, пысылдалп атқып жел де шығып жатыр. Бірак тоқ қарынның жыны биршып сыртқа шыға беріп, тесікті бітей бастады. Іштен шығатын жел дыбысы басылып барады. Енді тутік орнату керек. Соны көтеріп орната берем дегенде, он колы сылқ етіп түсіп кетті. Бағынбайды. Өз денесі емес, жапсыра салған бөтен мүше, жансыз киіз тұлғадай. Сүлдері құрып, суынып кетті. Әлсіз бол,

тарбиын ашылып қалған саусақтарының арасынан біз  
бен түтік қабатымен жерге тұсті. Несілбай жылағандай  
бол, сол қолымен бетін басып отыра кетті. Аздан соң ана  
қойды Құзембай келіп баурап алды. Несілбай шөккен  
куйінде отырып қалды.

Кол... Оң қол... Ескінің бір сызы сенің басыңнан да  
кешкен еді-ау.

Жиырмасыншы жыл. Өкшелеп қуған, алғыр жүйрік-  
тін тізесіне шыдамай, ақ қасқырдың белі бурандал, тілі  
салактап, титығы құруға айналған кезі еді. Арқа мен  
құмнан бетін қайырып айдал шығып, қызыл қыран енді  
Лепсі, Қапал тауында қаусырмалап жепіріп кеп қайран-  
ға соққан шабактай белін опыра бір теуіп, тояттамақ  
еді. Қуған, мегдеткен жайының ығы кетіп, құйрығы сө-  
лектеп, шұбатылғаны әлдеқашан. Сол құйрық сүйретіле  
барып Қапал шынына кірген-ді. Енді шығар ауызда,  
тасқа жаныштаپ, сыйымдал басып қалмақ болып, батым  
шенгел лап берді.

Ол күнде қызыл партизан Несілбай зеңбірек, пулемет,  
винтовка үндерін бүгінгі қойларының маңырауындей  
сезінеді. Ертеңгі, кешкі тіршіліктің тыныс дабылы  
сықылды.

Топ ішінде актың соңғы отрядын, тас інге кіріп бара  
жатқан ақшуланның құйрығындағы көріп, қызыға, желіге  
қуып келе жатыр еді. Тұяқ серпіні тас ұшырған қызыл  
отряд қалың шыңның ішіне ағындал бата кіріп, жаудың  
алдын кесіп алмақ болды. Құйрық отряд шекараға іліне  
бере өкпе тұсынан үңілген қызыл сұңғін көрді. Екі жақ  
асу белдің қойнауында темір болат тістерімен қарш-  
қарш шайнасып, жанталасты.

Күн — түн, түн — күн бол кетті. Арттан көмек жете  
алмады. Адасып кетті ме? Әлде басқа бір топтың таңды-  
ғын жыртып, қармалап жүр ме. Саны көп ақ отряд бек-  
сесін тасқа тіреп алып, жота жүнін мыңдаған найза қы-  
лышпен үрпітіп ап, катты алысты. Кетер аяқ, кетпен  
таяғы еді. Несілбай эскадроны екі жұз кісі. Жау құрсауы  
соның алды мен артын төнеректеп, бір жазылып, бір шу-  
мақталып орай берді. Өнебойын дала-дала қылған қыран  
шенгелінің ен болмаса бір өткір тұяғын шайнап кет-  
пек еді.

Эскадрон тар шатқа бекініп алды. Жіңішкелеп аққан  
бұлақ сұы таныс еді. Бірак екі жақтағы кереге биік пен  
осы кішкене сайдан басқа таудың бәрі бұларға жау бол-

ғандай өре тұра келді. Құндіз-түні шыж-шыж етіп, өлім атойын салып жау оқтары зуылдайды. Он төрт күн ұрыс болды. «Өмірге қош болын» біржолата айтып алған партизандар қажыған, талғанын білдірмей тұрып, қалың жауға төтеп берді. Бұл шат, талай ақтың көр шаты болды.

Орнығып алған соң эскадрон екі бетке, жоғары-төмен мергендер жатқызып, жоталардың екі-үш жеріне — се-зікті жерлерге пулеметтерді төсеп қойып, басы қылтиған ақ тобы болса, ұстарарадай жалап түсіп тұрды. Құндіз талай қызығып келген ақтар, топ-тобымен шыбындай жусады. Бірақ құдікті, хаупі көп кесел кез, ылғи қара түн. Тау ішінің түні. Мызғымай қақап тұратын сақтық сонда керек.

Несіпбай сол он төрт күннің ішінде үйқыны ұмытты. Анда-санда жиырма минут, жарты сағат қалғып алған баса береді. Алғашқы күн ғана ауыр боп еді. Содан әрі қабақ катып алған соң үйқы да дәнене емес екен. Не ішіп, не жегендері мәлім емес. Әйтеуір соңғы үш күндей жалғыз суды ғана нәр қылды.

Төртінші күн дегенде артынан жеткен қолдың сарыны келді. Дос зеңбіректер, тау іргесін сөгілдіріп, жөткіре-жөткіре тіл қатты.

Кірпікшешен асаймын деп қаңсыладап шығатын жайын аузындағы бол ақтың полкі өтесінді енді көрді. Сегіз жұз кісіні эскадрон бекінген шаттың айналасында қырғызып, селдіреген сүйқыл топпен зорға дегенде бөксесін сүйретіп барып асудан аса жығылды.

Міне сол он төртінші күнге қараган түнде, таң алдында ақтар тағы бір ышқынып қаусырмалап еді. Жотаға шығармаймыз деп жиырма кісінің ішінде Несіпбай да иек артпаға өздері шығып атысқан болатын. Сонда дәл осы он қолына шынтақтан жоғары қалың ет пен сіңірдің арасынан оқ тиді. Апат қырғыннан жарапы бол қайтты. Ақтың арты сол, Жетісудың пәлден арылғаны да сол еді.

Қазарма, олақ дәрігер... Журе емдеді. Оқты әлденеден ала алмады... Беріш боп қала берді.

Алғашқы бірер жыл ауырсына жүріп ұмытылғандай да болып еді. Бірақ, қосшының бір тойында серке тартып жүргенде білегінен жылымшы қан ақты. Ет қызуы қайтқан соң сезе бастады. Баяғы жараның орны енді кеп ашыды. Шешініп қараса, оқ жылжып жара тыртығының аузына келіпті. Жолдасына пышақпен тілдіріп отырып,

жау белгісін алдырып таstadtы... Артынан жарасы көпке дейін бір ашылып, бір бітіп, көп әуреледі. Қашан зақым келгені мәлім емес, әйтеуір содан соң сіңіріне дерт ара-ласты. Оң қолы қайырымға келмейтін болды.

Кешегі күндер қырықтыққа араласа алмай жүргені де сол еді. Бүгін енді, міне, жанталасқан жерде мүгедек қып, кем қып отырғаны мынау... Осы қолының өзі ана сол қолынан артық. Басын шайқап...

— Ай, ескінің сзызы-ай. Қәпір-ай...— деп оң жақтағы жотаға қарай мойнын бұра берді. Ат пысқырған еді...

Алаяқ керге мінген политотдел Рақым екен. Оның артынан ак танау атқа мінген Құлжатай да көрінді.

Жүсіп қолында малшылықты бірге өткізген, жаңағы Қапал тауының шатында тағы да қасында бол, ажал лебін бірге иіскескен, партия-қосыш тобына бірге кіріп, қатар жасасып келе жатқан кәрі досы. Ол мына жердегі «Шақпақ» колхозының бастығы. Осы совхоздың шефті-гіндегі<sup>1</sup> колхоз.

— Бұ да бір мұнмен келді-ау... Эйтпесе мына науқан үстінде күндіздетіп бос қыдырып, уақыт өлтіріп жүретін Құлжатай ма?— дегенше жақындалп келген Құлжатайдың жүзін көрді.

Шынында оның арық жүзі сүп-сүр бол, қабактары қалың ажыммен айғыз-айғыз бол алышты...

Политотдел ашаң жүзді жас жігіт бұған жаңа кездескен екен. Оның көрмегені Несіpbай еді. Эдейі осының қойын көріп, енді не ойлайтынын білмек еді. Болған күйлердің түп себебін үғынбақ. Қой-қозыны аралай жүріп, үсті-үстінен сұрақ береді.

— Не қып, не қып осы бір болымсыз бүршақтан сонша қозы қырылды? Баяғыда да өлуші ме еді?

Құлжатай, Несіpbай көрген қазаны естіп бұрын да күйініп еді...

— Бұрынғының не керегі бар? Өлтірсе надан, сасық бай өлтірсін, біздікі не?— деді.

— Бәсе оның өлтіргені сын ба екен? Жұбаныш жоқ!— деп Несіpbай өз кінәсін ауырлата түсті...

— Жоқ, сонда да білейік, білдіріндерші,— деп Рақым қадала берді.

— Өлтіруші еді... Бірақ бұндай...— деп Несіpbай осы өлімнің себебін ойладап соза бергенде, Құлжатай:

<sup>1</sup> Шефтігінде — камкорлығында

— Бірақ, мұндай қауырт өлтірмейтін,— деді.

Рақым тағы да іле жөнелді.

— Себеп не?

— Себеп? Сол себепті ойлап келем,— деп Несіпбай оң қолының оқыс ауырган жерін сипап тұрып:— Себеп — ескінің сызы ма деймін,— деді.

— О не дегенің? Кандай сырз?— деп Рақым басында түсіне алмады.

Құлжатай да аңырып қалған еді.

— Қез алдынан өткіздім ғой. Қеше зоотехниктің бір сөзі көніліме қона кетті. Бұрын ондайды, қазақы күйде есеп қыламыз ба? Сол бір дұрыс сөз айтты...

— Не деді?

— Тақ осы қозылардың енесі совхоздың қын күндерінде 31—32 жылдарда туған қозылар еді. Ол күнде осы совхоздағы басшымыз да, қосшымыз да тегіс қателеспедік пе, малға қырымыз болмай, түгел окот дегенді былтыр мен биыл ескеріп, «мал бар екен, жан бар екен» дегенді енді ойлағандай болдық. Эйтпесе анау кезде қашар қандай болды?

— Е, оны атап сұрамасаңшы,— деп Құлжагай да бас изеді.

— Кой жататын кораның іші шылқылдаған су. Белуардан келіп қыс бойы ойылмаған қи жатады. Астынан сырз өтіп, қыс бойы іш тастап жатты. Қозы деген туды не, өлді не, қарадық па? Артынан көктемде қи ойғанда талай қозы, жылпысқаны қимен бірге аудармадық па? Өліп, басылып, тапталып кала берген... Сонда бір сұық, бір сырз ішінде тұрган осы қозылар сұыққа өкпесін алдырмады ма? Зоотехник: «сол кезде туып өскен қойдың қеудесінде дымқос бар. Сондықтан оның сүті де аздау. Балалары да кейде нашар туады» дейді. Осының тіпті рас. Биылғы окотта тұн үйқыны тәрт бөліп, ылғи фонаръмен алысып Құзембай екеуміз бар қозыны қолдан тудырдық. Окотты өзіңіз көрдіңіз, бәйге алып жақсы-ақ өткізбеп пе едік. Қозы шығыны болған жоқ. Бағып-қағудан кенде емес. Бірақ сонда да тақ осы өлген қозылар тез торалып, тез тойына алмады. Кешеден Құзембай екеуміз барлық өлген қозының шеше тегін талдалашып ек, түстеп білеміз ғой енелерін. Ылғи тұсақ қоздаған дымқостық ала туған қозылар... Енелері де өзге қойдай

<sup>1</sup> О кот — малдың төлдеу шағы деген ұғымда.

емес, сонша жоны жарылып семіре қоймайды Бұл өзі катты күтетін тұқым, бір сондай ерекше буын екен. Ес-кінің осылай етекке шырмалғанына кез болдық, Құзебай екеуміз. Болмаса нақ кешегі бүршаққа дәл мұндай қаусай қалмас еді.

Бүгін осы, әрнені ойлап-ойлап кеп тапқаным осы болды. Ескі-ескінің қитығына тиіп қалғаны .сол,— дегенде таңертеңнен бері Несіпбайдың өз басын әрлі-берлі толқытқан ойдың бәрі енді жадырап шешілген сияқтанады. Әлденеден түсі жайлап ашылып, қабағындағы кейісті серпілте беріп, құлімсіреп:

—Мал қылсақ, еңбек етсек осыған етейік. Дымқос баланы ата-ана қандай ерекше аялап, мәпелеп бағады. Күштің бәрін осыған салып, енді мұны ашыға да, соныға да шүйгітіп, ескінің бар ласын кетіреміз. Бәлемнің сүйегін ағартып, кеңестің жаксы совхозының атпал түлігі қып шығарамыз, жолдас политотдел,— деп Несіпбай қасында мейірлене күліп тұрган Құзембайын арқаға қақты.

— Япыр-ау, мынау сөзің көңілге қона кетті-ау, Несіпбай. Менің де бір түйінімді шештің-ау. Ескінің сызы де дің бе? Мен де соның зардабынан кеп тұргам жоқ па?

— Ия, сенікі не еді? Не қып жүрсің өзің науқан үстінде?— деп Несіпбай досының шаруасын енді ғана сұрады...

— Мына жолдас политотдел екеуінде әдейі бір баяндама істейін деп келіп едім,— деп Рақымға қарады. Несіпбай сөздеріне ойланып қалған Рақым, енді бұның жайына құлак салды...

## II

«...Шақпақ» төртінші ауылдағы бес колхоздың бірі. Тастан қуының осы сол жақ бетіндегі жердің көбі сол «Шақпақ» колхозыныкі. Егіндік жерлерін совхоз берген трактор, көлік көмегімен айдал жатыр. Бұл күнде жоспарды толтыруға жақындаған. Егуге жарамсыз, тасты жотаны, ойлы-қырлы жерлері осы қой жатқан өлке. Бұны, өздеріне жәрдем етіп отырган совхоздың бірер сакпан қойы уақытша жайылуға колхозшылар рұқсат етіп, совхозға берген болатын.

Түндерде осы өлкелерде колхоздың өз жылқысы да жайылады. Анау шағылдың арғы астында жіңішке өзен

жағасында ұзындығы бір километрдей жерге созыла орнаған 50—60 қора, сол «Шақпақ» колхозы болады.

Құлжатай жәйі Рақым мен Несіpbайға мәлім. Бұл былтырғы көктемге шейін осы қой совхозының шопаны боп келген. Бірнеше жыл істеген еңбегі совхоз жүртшылығына қанықты. Осы күнге дейін «Шақпақтағы» кішкене үйінің қабырғасы неше алуан мақтау қағаз, грамоталарға толулы. Кенес ісіне адал, берік, сенімді болған еңбектің күәлары. Совхоздан өзі кетем деген жоқ еді. Үй ішіне, өз басына болса да ең жәйлісі үйреніскең совхозы еді. «Шақпақтың» ол күндегі жәйі өте нашар еді. Ел аш, арық, көлік атаулыда сан да, сапа да жоқ. Бар болса қыршанқы, шолақ жауыр. Бұрын белсенді жайланаған колхоз. Құлжатай баар қарсанда көтеремнің күйінде. Арқа басы жауыр, ыңышақ, тулақ боп қалған тор шолактың күйіндей еді.

Оз қамын ойласа, бейнеттен тартынса Құлжатай онда бармас еді. Бірақ партия мен үкімет болып сондай колхоздың адамына да, малына да ата бейілін салды. Мейірленіп, құлаш созып, «көтеремін көгертем, аш-арығын тойынтаам, еңбек етем», — деді. «Соңғы жылдар қыншылығын ұмыттырып, олқының бәрін толтырам», деді. Ол партияның ұраны. Кенестің саналы еңбекшісі көтерген үлкен ту еді.

Райкомның үйғаруымен қатар Құлжатайдың өзі де «Шақпаққа» бармақ, қындықпен алыспақ, женбек болды.

Міне, бір жыл, ауыр бір жыл, сыны көп, қыншылығы көп бір жылы өтті. Құлжатай мақтанды білмейді. Білгені тынымсыз, толассыз тәс-табандаган еңбек, өрге сүйрекен талап, талпыну. Сонда өз тұрмысы не еді.

Оны биыл соқаның алдында үйіне бір барып, шефтікке алар алдында колхоз жайымен таныспақ болған Рақым, Несіpbай өз көздерімен көрген.

Құлжатайдың қатыны безгек. Емшектегі кішкене бала — жалғыз еркек баласы Серік те безгек. Жыл бойы үстеріне жаңа лыпа ілмеген қатын-бала да, өзі де киімнен, көрпе-жастықтан жүдей бастаған. Ержеткен қолқанат жоқ. Құлжатай үйінің бұдан соңғы жалғыз қайраткері — он екі жасар қызы Жәмила. Ас істейтін, ауруларды күтетін, әредіктे әкесінің «барып кел», «шақырып келіне» жүгіретін тағы сол.

Құлжатай үйіне келе сол қызына шай қою, отын, су

тасу, оны-мұны басқаруда үдайы көмек етеді. Кішкене қызының жастығын да ұмытып кеткен сияқты. Ол бір үлкен серігі сияқты бол алғандықтан: «балам» демей, «Жәмила» демей ылғи «Жәке» деп атандырып алыпты.

«Жәкең» әкесіне бұның кішкенелігіне қарамай кейде бір қызықкан балалық алданышын бұзып, немесе қолынан келмейтін бір қындыққа жұмсаса, анда-санда:

— Койши тіпті, бармаймын,— деп серпіп те тастайды. Ондайда Құлжатай ашуланбайды. Екінші қайырып айтпайды да. «Жәкеннің» өз мінезі бар, өзінше тұтаскан беріктігі бар. Ол соншалық жасып кеткен бала емес. Қайта ажары сынбайтын отты. Сонына Құлжатай ешбір уақыт салмақ салып, зорлық етіп көрген емес. Әлгіндей деп ашу шақыра бастаса, Құлжатай:

— Ал, ал, жарайды, өзім барайын... Коя қой,— деп өзі бәйпендей жөнеледі.

Алты ай қыс бойында ауру катын мен баланы дәрігерге апарып емдеңтіп көрсетіп қайтуға да уақыты болмады. Безгектері бір қын безгек. Екеуін де мендетіп бара жатқан сияқты. Бірақ сонда да колхоз көлігін қия алмай, не өзі босарлық уақыт таба алмай әлі күнге келе жатыр. Дәрігері құрғыр да алыста тұрады. Және мәлім ғой, бір барғанда бір-ак ем жасап жаза қоя ала ма? Қөп көрініп, үдайы емдену керек. Оған мына қарбалас ортасында мұршасы келетін Құлжатай ма?

Осымен өз өмірі өтіп бара жатыр. Бірақ, оның есебінде колхоз үшін Құлжатай қандай құрақ ұшады. Бұның кішкене жүдеге үйіне қонып отырып Рақым, Несілбай көрген. Күн үзын колы да, аузы да, ой-тілегі де колхоздың жүз түрлі мұндарынан босамаудың үстіне, түн ішінде де Құлжатай тыным көрмейді екен.

Бір түн ішінде анық төрт-бес рет тұрып фонаръді алып жөнеледі. Тыным алмай қарайтыны екі бригаданың аттары. Науқан жақын.

50—60 жылқы бар. Оның тунгі қораларына кірсең тып-тыныш тұра алармысың? Бір жерінде ақырдың ішінде жем таусылып, тұқырланып қалған. Мезгіл-мезгіл үстел салып тұрмаса шашып тастайды, жемін еселеу керек. Бір жерде азулы үлкендермен қатар ұсақ жағы, тай-тулағы тұр. Оларды аналар тістеп, теуіп, жемінен қақас қалдыратыны бар.

Және әсіресе, тағы бір жерде жиырма бес шамалы буаз бие бар. Ол Құлжатайдың колхоз шаруасы ішіндегі

он көз, сол көзіндегі қақап күткен бір бөлімі. Бірер жыл  
күттіретін болса да ол, шолақ колды ұзартатын, тар тұ-  
сауды кеңейтстін келешек, колхоз келешегі. «Бас кетсе  
де осыларға зақым келмесе екен» дегендегі Құлжатай  
ішкен асын жерге қояды. Құзден аман келді. Қыс та  
оларға зілді болған жоқ. Енді әлі тумаса да, осы биелер-  
дің ішіндегі құлындар «Шақпақтың» ат орнына санап  
отырған малы.

— Желіні ерте жеткендері құлында жатыр ма? Әл-  
де тебісіп, қағысам деп бірде-біріне зақым келді ме?

Кұлық тор биенің қасына анау ақырдың шетінде тұр-  
ған көк дөнен жақын еді.

— Бір тебеген пәле еді жүде, кисәпір... Қап, бол-  
мас... — Тағы атып тұрып, жарқанат фонарьді жағып  
алып, тарп-тұрп басып жөнеледі.

Кейде біреуді боктап: «Бүгін сары бауырды қан сорпа  
қып қайтыпты. Арқасы ісіп қала ма қайтеді. Экесі өлді  
ме екен сонша шауып қинап», — деп әлдекімге лағнет  
оқып қайтады.

— Тілеуің бергір... Эй, саған еткен еңбегім жанды-ау,  
қарағым, — деп біреуге бар бейілімен алғыс айтып дән  
ырза бол келеді. Бұнысы Шәріп.

Құлжатайды тұрғызған аттар жайындағы күдікті о  
да ойлап, бұл барғанша көбінше жайластырып тынды-  
рып қояды.

«Шақпақ» колхозында Құлжатайдың өзіндегі үлкен  
бейіл, ынта көрсеткен ең сенімді серігі Шәріп.

Бұл он тоғыз жасар жас жігіт. Ол осы күнде толық,  
дәңгелек сүр бетті, сергек жас. Бірақ, былтыр көктемде  
Құлжатай осы колхозға келер қарсанды қандай екенін  
көрсөндер. Несіpbай біледі. Ол уақыттағы түрін көріп:  
жан болмайды, өледі, деп күдер үзген. Құлжатай өз үйі-  
не алып асырап жүр екен. Сыртына шығарып айтпаса  
да Несіpbай сонда:

«Құлжатай байғұс босқа еңбек етіп жүр ғой, басқа  
тын түяқтау біреуді асырасайшы. Мынау ұсынып кетілті,  
ісік мынау. Орнынан тұрудан қалыпты. Не болар дей-  
сің?» — деп еді. Олай болмапты, енді Шәріп міне, тепсе  
темір үзәрлік атпал азamat болыпты, болғанда және  
қандай. Колхозға деген еңбегі мен бейілі Құлжатайдан  
да әрі өтеді.

Бұрын бұл да бір үйлі жан еді. Шетінен еңбек адамы  
еді. Ауыл ішіндегі жалған белсенді Жұматай деген осы-

ларға өштесіп бір науқан үстінде 32 жылы колхоздаи тайдырып жіберіп, бәрі қаңғып кеткен. Әкесі сол жолда өліпті. Шешесі мен 5 жасар інісі Қәрімді асыраймын деп Шәріп көп ұрыныпты. Бірақ асырай алмаған. Қала жөнін білмейді, дүние көрмеген бала жігіт. Қала дегенге анықтап барғаны да сол еді. Жол-жосықтың ештеңесін білмеген соң даланың момын жігіті шығар жолды таба алмаған. Қызметке орналаса алмай, қаладан кетіп, азығы біте бастаған соң, шойын жол станцияларында қайыр тілеуге айналған. Сол кезде шешесі, бұрын бір көnlі жақын адамымен қосылып, Ташкент жаққа кетіпті. Қішкене бала Қәрім бірге кеткен. Бірақ сол кезде Шәріптің аштыққа қатты шалдырып қалған кезі еді. Сүйретіле жүріп бар шамасын тауысып, ақыры «Шақпақтағы» Құлжатайдың босағасына соңғы барлық күшімен сүйретіле кеп жығылған еken. Ол кезде ісініп те, тістері де түсіп біржолата әлсіреп кеткен уақыты еді. Несіпбай сонда көріпті.

Шешесімен кеткен Қәрімді анау жаңа әке болған адам барып алған соң ауырлапты. Бір күні шешесімен сойлеспестен өзінен өзі байлау жасайды да, титтей баланы поезда салып әлдеқайды жөнелтіп жібереді.

Кішкентай Қәрім, басына күн туған соң, өз бойынан тіршіліктің болымсыз шақпақ отын тауыпты.. Қалай келді? Не көрді, кім жәрдем етті, не біліп, кім іздеді? Мәлім емес. Эйтеур осы «Шақпақтағы» Шәріптей тағы бір жігіт Эшім, о да Жұматайдан көп бейнет көрген бала еді, сол осы «Шақпақ» тұсында Жалтыр станциясына барса, қасынан бір кішкентай бала қалмай орала береді дейді. Айттар сөзі жоқ. Құр мынаған көзі жаудырап бірдеме дәметіп ілесе береді. Қозғалса ылғы артынан қалмайды. Соңан соң Эшім байқап қарап шырамытады да атын сұрайды. Анау «Қәріммін» дейді. Эшім өз басынан кешкен емес пе, көзінен жас ыршып барып құшақтап көтеріп алады. Сол көтерген бойынша колхозға әкеледі. Міне, сонымен Шәріп інісін тауыпты. Ол осы күнде қолында. Шәріп өткен жазда әбден тойынып алып, күзде колхозға ерекше қатты еңбек етті. Сол кезде үкімет сиыр беріп, аш-арыққа жәрдем еткенде бір сиырды бәйге деп бар колхоз боп үйғарып осы Шәріпке беріпті. Енді үйлерінде ағы бар және жақында Шәріп үйленді.

Несіпбай, Рақым көрген сол Шәріп, Эшім деген жі-

гіттер Құлжатайдың барлық колхоз ішіндегі оң қолы, сол қолы еді.

Осы жайларын қысқаша ескеptіп өткенде Рақым мен Несіpbай колхоз бастығының өздері білген жағдайларын түгел еске алды.

Бүгін Құлжатай сол жаңағы Әшім мен Шәріп жөнінен туған бір шатақпен келіпті. Орталау, қағылез бойлы Құлжатайдың ашақ қызыбыт жүзінде үлкен ыза, қатты кейіс бар. Онсыз да іштегісін ірікпестен сыртына шығарып тұратын шыншыл беті, сақал, мұртқа тым жұтан, көселеу болғандықтан «ренжідім, күйіндім, сендерге шаға келдім» деген сияқты жайларын Құлжатайдың тілінен бұрын жеткізіп, ап-айқын қып білдіріп тұр.

Бет ажарына қосымша қолдары мен денесі де таным алмай көп сермеліп, көп ыргалып қозғалып, өзінше талай тұспалдар айтып жатады. Қыза сөйлегендеге Құлжатайдың екі қолы бірдей көтеріліп, не қабатынан, не кезегінен сермеліп, бұны бір су ішіндегі ой ішінде малтып келе жатқан кісіге үқсататын.

Қазіргі Құлжатай әңгімесінің бас қаһарманы Жұматай. Несіpbай «ескінің сызы» дейді ғой. Жұматай қылыштарын ескінің сызы десен де, өзі десен де болар еді. Бірақ Жұматайдың өзін кім дерсің? Сыз деуге бұл еңгезердегі үлкен бойлы, әдемі қара мұртты, ашушан, бұлтиған пәлекор көзді, кекірдей кісі. Жуандап қалған қарнында ұдайы белдік көресін, басында сусар бөрік. Бешпет, шапан қалаша, татарша тігілген. Жаяу жүргенін білмейсін. Қасында ылғи қошаметшілері болады. Құрсыз ғана деп қайтып айтарсың бұны? Ал ескінің өзі дейін десен о да партия мүшесі, ауылдағы кеңес қызметіне бұл іліккелі қашан. Айта берсең осы күнде төртінші ауылдың кеңес ағасы.

Жұматай қыс ортасынан бері бұрын мекен етіп тұрған «Қалинин» колхозынан көшіп, осы «Шақпаққа» кеп орнап еді. Тегі бұдан екі жыл бұрын ол 7-ауыл кеңесі бол тұрып, осы құртып шықты деген лақап болатын.

Сондағы тапқан дағдысы болу керек; өз қоластына қараған ауылдың бір колхозында ұдайы орнап тұрмайды. Мына төртінші ауылда да соны істеді. Жыл жарым ішінде осымен төртінші колхозға ірге аударып отыр. «Қалинин», «Қызыл жүлдіз», «Қызыл шығыс». Енді міне «Шақпаққа»—барлығы да бұған бірі қыстау, бірі жайлау. Әлді колхоз болса қыстау есенті, ұзақ мекен.

Бірак, әлдекаңдай есеп пен немесе істеп қойған былық-пен енді онда тұру ыңғайсыз болса ірге аударады. Сонымен екінші бір колхозға тебінде, жайлау ете жүреді. Арада күзеу, көктеу болып, өзге колхоздар да құрығынан аман болмайды. Әрине, біреуінен кетерде «үзілдім, болдым, енді сені көрмеймін» деп кетпейді. «Кеңес өкіметінің арқанды босатқаны» дейді. Бұл өзі істейтін жақсылы-жаманды істің бәрін ылғи «кеңес өкіметі, кеңес қызметі, өкіметінің тапсырғаны» деп әбден аузы үйреніп алған. «Қамын жейтін өкіметің болған соң азын-аулақ салмағы болады рой. Бірак, енді соны ылғи сенін колхозыңа сала беруге бола ма? Қішкене арқа-басынды босата тұралық», — деген болады. Өзінің бұл колхозда істеген шикіліктерінің бәрі осылайша «кеңес өкіметі айт» деп тапсырып жіберген базыналықтай қып, майдалап жуып-шайып айтады да, екінші колхозға ауысады. Иргені бір колхоздан екіншіге неге аударатының ауданға барып әбден мәлімдеп дәлелдеп болған. Және аралары жақын колхоздар. Сондыктан бұның бүйтіп жүргендерінің ішкі жағын сырт кісі байқамайтын да. Екіншіге келерде тағы да момын колхозшыға талай жылғы сыр мінез жақыныңдай, тайтандаң күле кіріп:

— Осы бәрінен де сен жақсысың. Аналар үкімет қадірін, кісі қадірін білмейтін, еңбегінді бағаламайтын құнарсыз көрінеді. Тапқан-таянғанды сендерге салып бір сүйрейін... Уа, мал ма? Малды өсірем. Соқа-сайманы молайтам. Аудан білесіндер, өзіміздің аудан рой. Барын бізден ірікпейді бишаралар... Исполком, прокурор бәрі де «үй деген, бүй деген» бол жатыр. «Әйтеуір өзің біле берсенші, Жұматай», — десіп жатыр байғұстар, деп барлық аудан басшылығын әлі қарым-қатысы үзілменген құдандалы ескі көз, сүйек шатысыңдай түсіндіреді. Қасында мүше, хатшы, жәй жігіті болып жүрген тобы бар. Бәрі де бұл жөнде әбден тіс қаққан ептілер. Жұматай әдейі іріктел алған.

Қайда барса тастамайды. Тіпті арасында аразы, аңдықсаны Жетпісбай сияқты бұзар болса, оны да ерте жүреді. Бұл екеуі бір сэтте араздасып, бір сэтте қайта табысып, көлденен қараған кісіге араларыңа шыны не екенін білдірмей, үнемі шаңқаптырып отырады. Бірдемеден ілік шығарып, жік жасаған сияқтанып, колхозшылардың наразы, ренішті жайлары болса қолтықта-

рына кезек тартып, шегінің қырындысына шейін білісіп ап, артынан табысқан күндерінде соларын ашып салсып бір-ақ ойын жасайтыны тағы бар. Эйтеуір қасына ерген топтың бәрі мұны құлатып тастауды түп мақсат қылмайды. Қайта ауданға барса, не өкіл-мөкіл келсе айналасын шырмауықтай орап алып Жұматайды ылғи «Жұмекен» атандырып қойып, соны үнемі даттаумен болады.

Қөп колхозшы Жұматайдың ауданда не істеп жүргенін біле алмайды. Бірак, білгені әйтеуір аудан ішінде бұны сүйектін екі-үш кісі үнемі болып отырады. Оларды кейде дүшлан көзі қып, өзі түрған колхозға қонаққа әкеп сыйласп жіберіп те отырады. Кей-кейде сол азаматтардың үйіне осы колхоздардан сойылған бірен-саран сиыр, кой, тай сияқтылардың еттері барып қалатыны да болады. Бірак, ондай қөп жарыққа шықпайды, бірер күн сыбыр есепті айтыла жүреді де жабылып қалады.

Осы Жұматай кешеден бері «Шақпақ» колхозына бір әлек кіргізді Пәленің басы Шәріп бағып жүрген биелерден басталған. Жиырма бес биенің бүл кезде көбі құлынады, төртеу-бесеуі әлі құлындаған жоқ. Қенже құлындауға айналғандар еді. Соларды Құлжатай мен Шәріп ешбір қатты қайырым жұмысқа салдырмай, барынша қорғаштап жүрген.

Кеше таңертен сол ауыл кеңесі ауданға тығыз бір ақпар жіберем деп өз бетімен бүйрүқ етіпті де, жаңағы буаз биенің қолда түрған біреуін өзінің жігіті Шәлтікке мінгізбек болыпты. Құлжатай егін басында екен. Шәріп: «бермеймін, мінген соң тағы шабады. Бұны беріп кісі мал көре ме?»— деп қарсылық еткен екен, Жұматайдың өзі келіп ақырып, боктапты. Шәріп сонда да болмай тізгінге оралып жабысқан екен, хатшы мен Шәлтік бұны сабарман боп, жер-жебіріне жете жүріп тартып әкетіпти.

Қайда барғаны мәлім емес. Эйтеуір түсте кан сорпа қып әкеп, Құлжатай үйінің жанына байлап кетеді. Аздан соң бие аунакшып, жаталақшып, шырышық атады. Биыл кулық құлындаитын еді. Шабдар байтал шабысты көтере алмапты. Аздан соң мезгілі жетпесе де құлында жіберген. Бір сәтте күйіп қалған кішкентай жылбысқа құлын басында тірі туды. Бірак Құлжатай мен Шәріп құрақ үшып неше түрлі ем-дөм-істесе де болмайды, өледі.

— Тұғалы тұрған биені неге мінгізеді. Мінгізері бар неге мұнша қинайды. Осы колхоз жайы мәлім емес пе еді өздеріне. Шеттеп келген лаушыдай қай қылғандарды? Осының бәрін жаны күйген Құлжатай білемін деп зерттемей ме?

Байқаса бұл күнде Жұматай мен Жетпісбай арасы бас қатарлық шытырман күйлер тудырып тұрған екен.

Бұдан бұрын араздастып жүрген екі бөрі дәл осы күндерде татуласып, табысатын болыпты. Тегі алдымен Жетпісбай бейіл берген болу керек. Ол өзі Жұматайдан әрі өткен сырқынды болатын. Өзі орысша, қазақшаға бірдей. Мынадан жасы да жасырақ. Қолынан келмейтін пәле жок. Оны да ауданың бәрі біледі. Өзі күлдіргі де, ер де. Бірақ сол қалпында бір тәуір жерге орнығын жұмыс істемейді. Неге екені белгісіз, ұдайы мысық пен күшіктей боп жүрсе де осы Жұматайдың сонынан қалмайды. Бірде араз, бірде татуына екеуі де үйреніскең. Көп уақыт бірін бірі көрсетіп, пәле жаудырудан тартынбайды. Бірақ тұбі ағайын және екеуі де: «осы өнірде бұрын әрі саудагер, әрі жуан болған Бердібектің делдалы, пысық жігіті боп жүрген» деген сездер бар. Тұбі бір шарлаған іздері бар. Сыр міnez де, үйреніскең де. Сондықтан бірде араз болса, бірде табысқысы кеп тұратын да өздері болу керек.

«Шақпакқа» кеп орнағаннан бергі соңғы араздықтың кінәлісі Жұматай болу керек. Сондықтан Жетпісбай жағынан өмеурін болса табысуға бұл әзір еді.

Ақыры көктемнің егіс уағы өтіп барады. Қамбадағы тұқым болса далала шашылып құритын. Және араздық уақытында бірде-бір сауық көрмей, көңіл сергіте алмай өлер болды Жетпісбай. Сондықтан ауыл-кеңес хатшысы арқылы қабак сездірген, және: «ауыл кеңесі мені мына қамба маңындағы жұмысқа қойсын», — деген бір кеште.

Содан кейін Жұматай олай шарлап, бұлай шарлап кеп, ақыры бір есебін тапты.

Бұрын колхоз сайлаған охран<sup>1</sup> басы Эшім еді. Ол адад, епті, нағыз қайраткер жас колхозшы. Бірдеме қып соны орнынан тайдыру керек болды. Қыс бойы Жұматай мен Жетпісбай, бұрынғы колхоздарда істеген машиның бойынша бұндарғы қамбаны да көп жағалап еді. Бірақ Эшім аяғына отыртаған. Мыналар ниетін ылғи

<sup>1</sup> Охран — күзетші

серпіп тастап, соңғы кездерде тіпті ашу шақыратын да болған. Жұматайдың кім екенін біліп әбден жириеніп, жек көріп алған еді. Бұрын Шәріптің үй ішіндегі қып бұның әке-шешесін де тентіреткен бір мінезі тағы бар еді Жұматайдың. Ол өз бетіне Әшімнің ішінде қатудай байланып жатқан бір дерт болатын.

— Есті жинайық, колхоз ісі оңалсын. Тұбі Жұматайдың ініне су құямыз,— деп өздеріне сенген көңілмен жүре беруші еді. Содан арғыға қол да тиіп жатқан жок. Жақсы колхозшының кәбі шаруаның маңында емес не? Сасық құзендей түн жамылып, көп жортатын Жұматай, Жетпісбайдың барлық шиірін біле бере ме?

Әшімнің түпкі шырайы басына жақсы емесін хатшы да, Шәлтік те Жұматайға жеткізген болатын. Бұл өзі көзге көрініп, өсіп келе жатқан жас жігіт. Құлжатай да аса жақсы көреді. Бүгін-ертең ілгерілеп, ұлкейіп кетсе ғажап емес. Онда Жұматайларға тынышсыз да болуы мүмкін. Ескі пәленің бәрін жете оқыған Жұматай бұндай жастардан қатты сақтанатын. Әлгі әкелерін қудалау, өздерін қеудеге қағып, тартпалап өсірмеу талай колхоз ішіндегі нық саясаты.

Енді сол бетте ойлай-ойлай келіп Әшімнің де бір есебін табатын болды. Осыдан екі-үш ай бұрын Әшімнің жасындағы жігіттер қызыл әскер қатарына шақырылған болатын. Әшім соған кетпек бол қатты талпынып еді. Бірақ, бұның бейілін көре салысымен Жұматай өз басына қауіп ойлайды білем.

«Әуелі жөнін біліп қайтайын» деп қалаға барды. Барды да бірдеме істеп келді. Не қылғаны дәлді мәлім емес. Бірақ, әйтеуір ол жолдан Әшім және тағы бір-екі сол сияқты өзге колхоздағы пысық жігіттер қалып койды. Жұматай мұндай жігіттердің қызыл әскер болып, жол көріп, жөн біліп қайтқанын макұл көрмейді. Сол есебіне ыңғайлап, бір нәрсе істеген болу керек.

Енді мына Жетпісбай ұсынысы шыққан соң осы Әшімді тайда тұру керек болды да, ауданға тағы бір барып қайтып, Әшім мен анау екі жігітке: қалаға военкоматқа барасын, деп хабар білдірді. Жұрт Әшімді «әскер қатарына кетеді екен» деп ойлады. Сонымен бір-ақ күн ішінде Жұматай момын колхозшылардың үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртіп Жетпісбайды уақытша охран қылып сайлатып койды.

Енді азын-аулак тұқымнан басқа запасы қалмаган

қамба, әйтеуір келіп, Жетпісбай қолына көшті. Соңғы қундердің бір уақиғасы осы еді.

Жетпісбай өз қолына қамба кілті тиісімен енді бір актарылып тазармақ болыпты. Тазарғанда Жұматай басына өзінің татулық, достығын дұрыстамақ. Сонымен Шәлтікті және ауыл кеңес хатшысын салып, соңғы бірнеше жыл бойындағы Жұматаймен екі арасында жүрген кикілжікінің бәрін бір-ақ таратуға байлайды. «Оның емі не?»— дескенде Шәлтік:

— Тура Жұмекең екеуің құда бол,— деген ұсыныс жасаған. Осыған Жетпісбай ойыса бастаған соң, Жұматайға келіп:

— Жетпісбай осылай-осылай дейді. Іштегі даттың бәрін жою үшін құда болам, дейді. Шетке шығып жатқан жоқ. Осының тілек-ақ. Дәл осы жолғысы шын көрінеді. Осыған көнген макұл,— деген. Сонымен байлау болып, Жұматайдың 10 жасар Қабдешіне Жетпісбайдың 7—8 жасар қызы атастырылады.

Енді соның бәрі текке өте ме?

— Құрғақ қасық ауыз жыртады, Жетеке, қалған есебін өзің тап,— деп Шәлтік те, Жұматай да қалжың айтқан.

Сол күні кешке Жетпісбай Федоровкаға шауып барады 15 пүт бидай сатуға таныс саудагермен келіседі. Ол ертең жіберетін кісіге бір четверть арақ пен қант, шай әперіп жібермек болады.

Кеше түсте шабдар биені міне шапқан Шәлтіктің ділгер жұмысы осы нәрселер еді. Қадалған жерінен қан алатын Шәлтік бос келе ме? Және Жетпісбай уәде қылса, саудагер астықсыз қалмайды. Оны бірнеше жыл бойында сыр міnez болысқан жемтіктестер біледі.

Осымен кеше түнде Жетпісбай үйінде бір тәтті мәжіліс болмақ болды. Ана жақта «шабдар биенің құлыны өліп жатыр. Құлжатай күйініп есеп сұрап жатыр», дегениң бәріне Жұматай мен Жетпісбай онша қайыса қоймай, бар хабарды жүре тындал:

— Койсын, құрысын, қоя тұрсын,— дескендей жауап жіберіп жатқан. Өйткені Шәлтік келген соң четвертіге төртеуі де бір-бір рет бас қойысып алған еді.

Түстен бері бұлардың бастарында тұман, езулерінде табысқан достар күлкісі бар еді. Соның нашасын ешнәрсеге бұздырмак емес.

Бірақ Шәріппен қоса күйіп, тыным таба алмай Құл-

жатай бұлардың мазасын ала берді. Бір рет Жетпісбай үйіндегі достар Құлжатайға ызаланып, кіжінісіп те алды.

— Қызыл тақтаға ілінеді бұл Құлжатай,— деп Шәлтік күлді.

— Адыра қалсын, біз іліндірсек ілінер... Болмаса өзің білетін кім бар? Дақташ жүргенмен далада қала берер,— деп Жұматай кекеткен. Жұрттың бәрінен өте масайынқырап алған ауыл кенес хатшысы:

— Ой, ол политотдел болады. Совхоздың политотделі болады,— деді... Бұл Жетпісбай, Жұматайларға шын бататын сөз.

Құлжатайдың осы совхоз жұртшылығымен және өсірелесе политотделмен нық байланысып, көмек алып жүргендерін білгеннен бері үйрек асқақ қарап жүрген Жұматайлар: «енді бұның да сүйеніші бар екен, ол политотдел екен. Осы кәпір ұлғайып, өсіп кетпесе игі еді» деп іштен қауіп қыла беретін. Үйрек оны кемсітіп, өздерін жоғары санағанда:

«Аудандағы пәлен бар, түген бар»,— деп күпілдесіп және соларды атаумен бірге аудан Құлжатайды жете білмейді, деп сенетін.— Енді бұған дос шығыпты. Өзі политотдел. Соған бар жәйді мәлім етіп тұра ма, қайтеді?— деп анда-санда құдік ойласатын. Жаманатты сыртқа көп таратпас үшін Жетпісбай, Жұматай боп бір бас, бір тас бөп алу да, іштей осындайдың орайына істеген қарсы қамының бірі еді.

Бұлар бірігіп сөйлесіп, енді мына Құлжатай мінездерін талқылаған сайын тіпті сонау политотделге де сырттан теріс қарау, дәрмені жетсе одан да ештеңені аяп қалмайтын тәрізденеді.

— Политотдел тірегі бар екен фой. Уа шіркін-ай. Өйтте берсең аяғыңды аспанинан келтіреміз,— деп бір кіжініп алды Жұматай.

Сонымен бұл күні Құлжатайға жауап бермей: «ауыл кенесінің тығыз шаруасы бар, ауданға жіберетін ақпарат бар»— деп құйрықты сыртқа сала келіп түнге жетті.

Мәжілістері енді қызбақ болатын. Жалғыз-ақ енді Федоровкедегі саудагердің кісісін жөнелту керек. Ол келіп отыр. Күндіз жөнелтуге болмайды. Ең болмаса алакөленке қоюлансын. Күн батқаннан бері Жетпісбайтыным алмай, қамба жаққа бір барып, бір қайтып, манайлаған кісі болса айбар шегіл:

— Тара, бар, тыным ал. Ертең тағы үйіктап қалмай жұмысына мезгілімен шық,— деп себепсіз жазғырып айдаш салып жүрген.

Жұрт аяғы басылды. Ертең жататын еңбек адамының көбі үйқыра да кірісті. Үйінде тықыршық атып, шыдай алмай қонақтар отыр. Сонымен бір кезде Шәлтік, ауыл кеңес хатшысы және Жетпісбай мен саудагер кісі болып төрт адам қора-қораның тасасымен ербен-ербен етіп қамбаға қарай басқан еді.

Бұлар келіп тұқымның азғана астығын кішкене қамба ішінде ақтартмалап қапқа салып жатты. Тұн меніреу. Бөтен сыбыр жоқ. Енді қапты толтырып алып төртеуі бірдей сыртқа шыға берді. Дәл сол кезде қамбаның екі жақ бұрышынан төрт-бес кісі тап беріп ақырып дүрсө коя берді.

Оңайшылықпен шошымайтын сырқынды Жетпісбай алдыңғы келген жігіттер ішінен Эшім мен Шәріпті танып қойып, пәленің қай жақтан шыққанын ұғып, қарсы ақыра қоя берді. Таза бейілмен шын ашуланған кісі бол:

— А, сендер ме едің? Жақсы келдіңдер. Мына бидайды қаптап әкеткелі қойған кім еken деп әдейі акт жасап андып жүр ек, жақсы келдіңдер... Ә, кісалырлар... Астық үрлайсың, ә? Міне, міне, жолдастар, көрдіңдер ме?— деп қасындағыларды екі жағына кезек-кеzek қойғылады. Аналар да естерін тез жиып ап, енді шу-шу етті.

Эшім мен Шәріп мына сүмдүкты көргенде не дерін білмей естері шығып қалды.

Сол-ақ екен:

— Протокол, протокол,— десіп, хатшы мен Жетпісбай, Шәлтік қапты бір-бір арқалап алып қамбаны жауып тарта берді.

Эшім осының алдында ғана ауданнан қайтып қамбаны айналдырып жүрген сұық қолды сезіп еді. Қасындағыларды әдейі ертіп алған болатын. Енді міне, істің беті былай ауды.

Жетпісбай бәрібір артының не болатынын караған жоқ. Саудагер кісінің жөнелтіп жіберіп, әуелі Жұматай мен ауыл кеңесі хатшысына протокол жазғызып қойды. Сейтті де олар отыра берді.

Бірақ Эшім тына алмай Жұматайды іздең салып еді. Оны Жетпісбай үйіне келе бере тыста көрді. Көргенін,

күйгенін айтпақ еді. Жұматай мұны тындауды былай қойып, даусын сұтып қатайып алып:

— А, келдің бе, ұры. Қөрің қазылған кулактың баласы. Қөзінді көгертермін,— деп, беті шімірікпестен қарсы алды.

Сол-ақ екен, сөзге келіп жауаптасудың орнына Әшім:

— Ай, қуарған кеңес жауы, залым-ай,— деп Жұматайға тап беріп есін жиғызбастан жамбасқа мінгізіп «дұрс» дегізіп, бір-ақ соғып ішке-ішке тепкілей бастады.

Тыста Жұматай жалғыз екен. Шаш-шұңға үйдегілер шығып жеткенше Әшім айтарын айтып, істерін де біртадай істеп алды. Қыстығып, булығып жүріп үздік-үздік айтқаны:

— Мен қашан кулак баласы едім. Сенен кетіп, маған жетіп пе. Қызыл әскерге кіргізбей, кулак деп резервке неге жазғызасың... Енді мені тағы ұры қылмақсың... Қай әкенің көз құны бар еді менде, еңбекші баласында,— дей жүріп, күйе келе басқа да бір-екі теуіп кеткен болатын. Қасына ере келген Шәрілтер арашалаған жоқ.

Әшімді күйдірген жалғыз жаңағы арамдық \*емес. Одан басқа да ыза барын олар жана сезді. Шынында Әшім военкоматқа барып, өзі турасында Жұматайдың не қып жүргенін енді біліп кепті.

Ол алғаш барғанда жалпы еңбекші балаларының қатарына алғызбай, «бұлар кулак балалары» деп бір рет қалдырган екен. Кейін барғанда бұларды резервке алғызатын болыпты. Әшім кеше барып бар қастықты өз көзімен көріп, Жұматай ініне су құйып келген екен. Жол бойы зығыры қайнап өртене жеткен еді. Оның үстіне мынау. Сонымен алды-артын ойламай жаңағы істі істеп салды. Жұматайды үйдегілер кеп тұрғызып алған, аузы, қан, маңдай тісінің бірі түсіп қалған екен. Алғашқы ашуын Жұматайды сабаумен шығарып алған Әшім енді жолдастарын ертіп кете берді.

— Ку, ұста, өлтір иттерді,— деп Жұматай бажылдағанмен мас болып тәлтіріктеп қалған Шәлтік пен хатшы күмады. Орындарынан көп ұзамай аз-маз аңқаландап болысты да, Жұматай мен Жетпісбай қасына қайта келісті.

Осымен бұлар түн бойы іshedі. Ішкен сайын бар колхозға және өсіреле Құлжатайға өшіге береді. Сонымен бүгін таңертең тұрысымен Құлжатайды үйлеріне шақыртады. Бұл Әшімдерді ертіп барған.

Жұматай бұлар келер қарсыға бірталай кісі жыл апты. Олар көрші колхоз, ауыл советтердегі өзеттестері. Бір жағы ақсақалсымак, бір жағы белсенді деп атаптын, бәрі де осы Жұматайша кесіп етіп келе жатқан төрт-бес ысқаяқтар.

Сөзді бірі бастап, бірі қостап әлденеше сақта айда-ды. Қазақша қара сөз арам сөз болса да май тамыза сөйлейтін жырынды сарқындылар.

Құлжатай онда майдалап, майпаздалап, ащи шектей шұбатқан сөзді ежелден жақтырмайтын. Өзі ешуақытта олай сөйлемейтін де. Ойында не бар, бәрін кесіп-кесіп сарт-сүрт еткізіп бір-ақ айтатын да тастайтын. Сонызына салып: биенің құлынын жоктайды. Тұқым үрліттың дейді. Жазықсыз адап еңбекшіні, кеңес бейнетқорларын күйдірдін, қараладың дейді. Оның бәріне Жұматай, Жетпісбай, Шәлтіктер дауы талай-талай бақан тіреу салып алыпты.

Бұны біресе «жікшіл қып шығарды». Біресе кеңес мекемесі, ауыл советтің авторитетін түсіретін «бұзар» қып шығарды. Ұрыны, бай-кулакты сүйейтін де қылды. Аяғы Құлжатай жаны күйіп:

— Эке, не қыл дейсін? — дегенде:

— Әшімді, Шәріпті протоколға қол қойысып айда. Және қазақ жолымен айтып әпер. Жұматайдан өзің кешу сұра. Бие-мие деген бос сөзді қой, доғар... — деген сияқтыларды бықсытып, бұрынғыдан әрі күйдірді. Сонаң соң Құлжатай шыдамай:

— Осыны сотқа берем, тергетем... — деп келтесінен қайыруға айналғанда, Жұматай нығыздалып кеп:

— Ендеше сен кеңес жауы, үкімет дұспанысын. Сені алдымен партиядан айдатам, — депті.

Соған шыдамай Құлжатай:

— Мен жасынан еңбек баласымын. Қайда жүрсем де кеңеске адап бейілім мен өзімнің қайратыма жалынғамын. Маған қылмағың сол болса, — деп не қыларын білмей бұлқынып кеп өзінің партбилетін қойынан алып, пішен төбесіне лактырып жіберіп, тулас күйіп жөнеле беріпті.

Бұны неге істеді, онымен кімді мұқатпак? Әсіресе сондай жаны ашымас аярдың алдында соны істей ме екен? Оған Құлжатай ойланып-толғанып қарамаған; Жұматай тобы да, әсіресе өзінің жолдастары да ан-таң болып, бұның кете берген сыртына қарап тұрып қалған.

Құлжатай содан тыным таппай енді осында кеп отыр...

Болған жайдың бәрін баян ете кеп Құлжатай ең аяғында:

— Қайтейін, жаным күйді,— деп келіп Несіpbайға қарап:

— Сен ескінің ізі дедін, осының ең тұра кеп. Қөрші, міне баяғыда аластап айдалатын кәпір, арам сирақ, әлі күнге партияны да, колхозшыны да алдап аяққа шырмалып жүргенін...— деп тоқтап қалды. Рақым Құлжатайға қарап әңгімесін тыңдалап отырып, тереңдеп ойланып қалып еді.

...Әлі жеңіліп болмаған меңіреу табиғаттың шытыры мен бұршағы Несіpbайды күйдіреді... Ескінің кейбір ізі бұл бағып-қағып өсіріп келе жатқан төлден, жағаның төлінен әлі түгел арылып болмай, анда-санда жотасын көрсетіп қалады.

Әлі көзі түгел жоғалып болмаған ескі адам мынадай момын колхозшының момындығы арқасында, қаға берісте отырып, көз бояп, ескі қырсық мінездерін жасайды. Совхоз қойына уақытша залал келтіріп тұрган шытырдай о да маңайын улатып, Құлжатайларды күйдіреді.

Ескі тарих, ескі салт, ескі мінездер, ескі дүлей табиғат енді жеңілерін, жоғаларын білсе де, кетуге айналса да әлі де Несіpbай, Құлжатайдың аяқтарына шырмала береді. Бірақ «біз жеңеміз, жеңілсін шытыр мен Жұматайлар»,— деп сергіп алып Рақым екі досына байыстады. Мағнналы өсінеттер айтты. Несіpbай, Құлжатай бұған: барлық ескі тондарды жыртып, күшті кеуде нық сеніммен мықтап өсіп келе жатқан жаңалық тұлғасындаі көрінді. Олардың нағымы берік. Шын кенес баласы. Бұл жағаға келгенде өздерінің еңбегі, санасы, үміт тілегі бар-барымен бір-ақ қопарыла келген. Артқа, бөтенге ешбір алаңы жоқ. Кенесінен басқа тілеуі де жоқ. Міне, өсіретін, сүйектін жаңа адам, біздің адам...

Жолдастарына әбден әсерлі, түсінікті болған мәжілісінің аяқ кезінде Рақым даусын өзгертіп айрықша бір жұмсақ, сезімтал жұзбен:

— Мен кеше Алматыда Крайкомда болып, біз істейтін іс, міндеттер жөнінде үлкен басшылық өсінет есіттім. Дана өсінет —«Жана адам», жақсы адам, біздің тәрбиениң адамы бар, сол совхоздарың мен колхоздарында. Соны таба біл. Тапқан соң баулып өсіріп бастай

біл. Алға сүйреп, бойына екпін, қайрат бітіріп, сол адамды жарыққа шығар, көтер,— деді.— Ондай адам енбегін сүйеді. Өзіне тапсырылған социалды тулікті сүйеді. Сол суюін өшіріп алмай өз басы емес, маңында жарқырататын үлкен жарыққа, төңкеріс жарығына айналдырып үлкейте біл, нығайта біл сол суюін,— деді.— Olsen адамның енбегін де бағалай біл. Жұз қойға жұз бес қозы аман сактаса биылры жылдарымызға жететін сый. Содан арғының енбегін, жаңағыдай адамның өз басын сыйла, енбегін бағалай біл, тұрмысын, күйін түзе,— деді дейді де, екі досына қарай отырып:

— Міне сендермен мен істейтін істін магна, мазмұны осымен шешілді, ашылды деп білемін, түсіндіндер ме, жолдастар?— дегенде:

— Түсіндік,— деді Несіpbай.

— Ұғындық, бұдан артық не керек?— деп Құлжатай бар бейілімен ырза болды.

Екеуінің көнілінде де бағана Несіpbайдың жас қозылар жөнінде: «Ата бейілі керек, сүйегін ағартып атпал түлік ету керек»,— деген сөзі, енді бір жана үлкен магнамен теренделген, нық орнықкан сияқтанды. Бұлардың өз жайын да ата бейілімен, шын дос басшы мейірімен нық ойлайтын қамкордың барын ұғынды. Ұғынған сайын тіршіліктері қазіргі май күнінің гул атып тұрған көк майса жаразтығындағы бол ғул-ғул жаңып кеткен сияқтанды.

Осы кезде бұлар аттарына мінісіп еді. Анау өзеннің аржағындағы жотага тағы бір шабанның қойы шыққан екен. Бұлар таныды. Еркіmbек шабанның қойы. Несіpbай үлкен дос көнілімен қарайды. Жұз қойға жұз он тоғыз қозысы бар Еркіmbек сол: және қозылары қандай ірі, дәп-дәңгелек семіз. Жотаның өзіне қарай қаптай басып жылжып барады. Ескінің сызын да, ізін де басқа теуіп шын сенімді бағытпен өрге өрлеген түлік сол. Социалды түлік...

Несіpbаймен социалды жарыска түсіп жүрген шабан да сол.

Құлжатайды Рақым «Шақпағына» қайырды. Екі күннен кейін ауданнан жолдастар келіп, бұның партбилетін өзіне қайырып, біраз үялтты. Жұматай, Жетпіsbай, Шәлтік, ауыл кенес хатшысы деген үя, бұдан былай бұл өнірде жоқ болды.

Ендігі ауыл кенесі Әшім еді.

## ҚҰМ МЕН АСҚАР

### I

Тұн. Қойлы ауылдың қотаны. Тұн аспанының қақ жартысын қаптаған қара қошқыл, түйдек-түйдек бұлтар ауыл үстіне қарай төніп келеді. Шандәқ жерден то-пырак борады. Тұнліктер желпілдеді, жел көтеріле бастады. Алыста найзагай жарқылдайды. Құн күркірейді. Жалт еткен жарық ішінде ауылдың жеті үйі көрінді. Қалың қойдың шет-шеті тұрып, сілкініп, қозгалақтап абыржы бастады. Ала төбет пен қара қаншық ауылды айнала жүгіріп арсыладап үреді. Қотан ортасында ескі жыртық жабу үстінде, үлкен жыртық күпі шекпенге оранған Райқан отыр.

— Е-е-й, һайт,— деп айтактап қойды.

Үлкен үйде жертөсекте ұйықтай алмай аунақшып жатқан бәйбіше сексиоп басын көтерді. Желпілдеген түңлікке, сықырлаған уыққа қарады. Құлақ салды. Қиініп тысқа шыкты.

— Тоқалдың қасында албырап жатырысың-ау,— деді. Жөткіреді, айтактайды. Құнdestің үйіне қарап үн бере береді. Жұдырығы құрысып, жағы тістенді...

Екінші ақ үйде Райқанның айтагымен аянып, тұра бастаған Жексенге тоқал қарайды... Жексен үйден шыға бастады. Тоқал артынан есікке таман ере барып:

— Жас тоқалға бой ұрды,— дейді. Бай Райқанды табады. Бұлтқа нұскап ұйықтама дейді. Жауап жоқ. Иығынан тартады. Райқан сыртымен отырып ояу екенін білдіреді. Анау зекігенде басын екінші жаққа бұрып күрсініп, тізесіне тағы сүйенеді, Бай ашулы түспен үңі-

ліп тепсінеді. Райқан қунысып бүкшиіп, тоңғанын білдіреді.

— Тағы сайтаның ұстап отыр ғой. Өлмейсің, жасымыз, қайратымыз сенсің. Өз малын, сергек отыр. Үйықтама,— деп кете береді.

Райқан селт етеді, тітіркенеді. Қөзін жұмып, бойы сірепіп, қыңыр қайратпен құшырланып қалғандай болады. Ой-қиялмен баяулап ашылған көздері алдыңғы жағындағы қараңғы аспанға қадалады.

Аздан соң қара сүр аспан сөгіліп, орта жері ағара береді. Сол жарылған аспан ортасынан сұлу жас жігіттің жымиған мейірлі жүзі бұған қадала қарайды. Шашы қайрылған, ақ жаға галстукті.

Күлімсірейді. Бірақ батып бара жатқан айдай төмендей-төмендей барып, көк жиектен аса батады... Мауҗырап, телміре қараған Райқан жүзі күлуден кейіске қарай құбылып, сөне береді.

— Сайтаның, дейді. Сен сайтан ба?— Екі қолымен бетін, қөзін басады. Ойдан қайта серпіле береді. Қолдары төмен түседі.

— Қайда екенсің? Тірімісің? Әлде өлі ме екесің?— Жүзі тағы ойға кеткендей... Қөз алдына өткен күннің бір кезі келеді. Жасаулы үй. Оң жақ. Шымылдық. Бай кірді. Қіре бере босағана сінбірді. Қөп жөткірді. Райқанның еті тіксінді, басында желек. Қымсынып, шымылдықта шала оранып тұр. Оң қолы шал қозғалған сайын шымылдықты шымшып ұстап бүктей береді. Шал сыртқы киімін шешті... Қабағымен қайта-қайта Райқанды барлай қарап, төсекке отырып аяғын ұсынды. Райқан зорға барып мәсісін тартты... Шешті... Шал жөткіріп кеп, төсек үстінде отырып есікке жапсыра аятолым қақырып, түкірді. Есікке барып шалп етті. Райқанға сүрт деді... Екі айтқаннан кейін зорға барып сүртті...

Бұл кездерде үйдің жабық-жабығынан, сыртқы екі босағадан кеп екі бәйбішенің көздері қадалып тұр... Әзге жерлерден басқа кемпір-сампырлар да ентелей қарайды. Екі бәйбіше, тұрған орындарынан жылжи-жылжи қарасып кеп бір тесіктің тұсында бастары соғысып қалды. Бірін бірі көріскенде басында жымың етісіп, артынан бұртизысып сүңқ қарасады. Біріне-бірі «шок-шок» дегендегі оқтың көздерімен атысып та қалады.

Үйде шал жата бере Райқанға шақшасын алғызды.

Насыбайын екі танауына ұзак-ұзак тартты. Шақшаны Райқанға ұстартты. Жатты. Райқан шақшаны ұстап тұрып-тұрып жерге лақтырып жіберді. Шымылдықтың сыртына шықты. Шошығандай бүрсіп үнсіз жылап отырып алды. Шал дыбыс берді. Эрлі-берлі аунап түсті. Құтті. Өзінің бойын күш жигандай бір жиырып, бір созып, барлап көрді. Аңыра күтті... Райқан тұрмады. Тыстағы үлкен бәйбіше тұсына кеп қалған кемпірді жұмсады. Анау үлкен шылапшын мен құманды әкеп, майсандай басып, үй ішіне жұтына қарап жүріп, босағаға әкеп қойды. Шал зекіп дыбыс берді... Райқан қараған жоқ. Шал шымылдықты серпіп ашты... Қарап алып ашулы түспен зіл жіберді, әмір етті. Райқан тапжылмады. Тыстағылар біріне бірі соғылып бір тесікке таласты... Шал орнынан тұрып, Райқанды иығынан тартты. Райқан бүк түсіп өксіп-өксіп жылап жіберді. Шал сүйрегендеге жерді құшақтады. Шал тағы да асқындаپ, сәүмендей бастағанда Райқан қолын итере серпіп жұлып алды. Шал тәлтіректеп барып, шымылдыққа жығылып, оның бауын үзе барып төсекке шалжия қалды... Шал ашуланып барып теуіп қалды. Райқан атып тұрды. Шалға оқты қөзімен ата бір қарап қап, лағнет оқыған түспен керегеге бара жабысып шанышла қарады. Шал бәсендей-бәсендей барып шегініп төсекке отыра кетіп, күрсінді де, басын төмен салды. Белін сипай бастады. Сырттағы сық-сық күлкі, Райқанға енді естілді. Селт етіп, от басында жанып тұрған жалаң бас шамға қарады. Қатулана басып кеп, шамды күлғе қарай теуіп жіберді. Шам құлай өшті... Қараңғылық басты... Тыстағы пішіндер тұңғылғанда, күйіне барып мыстары құрығандай болысты...

Таңгертең шал шығысымен екі бәйбіше мен кемпір жүгіріп үйге кірісті. Бай да бұларға көз салмады. О да кетті. Қалған қатындар шылапшынға жетіп барды. Құрғақ... Жерді тіміскіlestі, қолдарымен сипады. Құрғақ. Бәйбіше құманды ұстай алды, қақпағын ашты. Сутолы... Құшырланып, мәз болып, айыздары қана күлісті... Шал кіріп келіп қатындарға шанышылды... Аналар күлкілерін жасыра алмады. Шал босағадары жүгенді ала-сала екеуін де кезек-кезек сартылдата бастады. Райқан кірді... Басында шапан... Таяқ жеген қатындар ыдырай жөнеле берді... Тыска шыға тағы күлісті. Шал Райқанның басындағы шапанын жұлып алды... Жүген-

мен етек жағынан бір үрып қалды. Райқан тағы да шашыла қарады.

Шал қадалып тұрып:

— Ишінде сайтаның бар фой... Өшірермін қарсылыныңды. Өлтіремін сол сайтаныңды. Босағамда шірітермін,— деді. Райқан қой шетінде отырған күйінде көзін қайта ашты. Бетін сипайды. Арықтаған екі білегін ашып көрді. Сүйектер білініп, тамыр, сіңірлер адырайған. Басын изеді...

Тұңліктегі жабулы, үйқылы ауылдың таңы атты. Қойлар өріп кетіп барады. Қотан ортасы жалаңаштанаңып қалған. Қой жатқан қара қорданың ортасында жыртық жабу үстінде Райқан үйықтап жатыр. Айналасы шоқпыт құрым. Етіктерінен шұлғауы шыққан. Бас жағын ала төбет кеп иіскелеп жүр.

Бұл уақытта шеткі жыртық лашықта қойшы Есім жатыр. Шала шешінген күйде аунақшып мазасызданып үйықтайды... Түкірігін жұтады. Түсіне жасаулы бір табақ ет кіреді. Сары ала қазы, жас жамбас, бас. Есімнің езуі жымияды. Табақтың үстіне қолдары төніп, үстай бергенде табақ жылжып, сырғып жоқ боп кетеді. Селт етті. Оянды. Бетіне бір таяқ тұртеді. Бас жағында бай тұр. Ақырып үрсып тұр.

Есім атының шап айылың тартып боп, торсығын алып үлкен үйге кірді. Ши жаққа барып, қара қазаның қақпағын алып үлкен аяққа айран құя бастады. Қазан лық толы. Құя бергенде бәйбіше атып тұрды. Сексиіп қасына келіп иығынан қағып, Есім қолындағы аяқты жұлып алып, өзі құя бастады. Бір шеміш айран құйып, үстіне жанында тұрған бір шелек судан су алып қоса құйып жіберді... Есімге ұсынды... Есім басын шайқап, ашумен қарап үрттай берді де жиренгендей қайта ұсынды. Бір қазан қатықты көрсетті. Бәйбіше аяққа айран құймай, қайта араластырып тағы ұсынды. Есім аяқты қолынан жұлып алып, жерге бір қойды да шығып жүре берді. Бәйбіше өртеніп тулас қала берді.

Есім кораның ортасында жатқан Райқанды көрді. Маңында жүрген итті қуып, Райқанды ақырын тұртіп оятып, үйге барып жат деп нұскады... Райқан сыпайы күліп, оянып жылы жүзбен Есімге қарады... Екеудің бір-біріне қарасып тұрып, айрылысып кетті.

Күн найза бойы көтерілместен бай келіп, жаман жертөсекте жатқан Райқанды тұрғызыды. Бәйбіше екі

шелек пен әкпіш әзірлеп берді. Суға кетті. Жерошак басында бықсыған тұтінді үрлейді Райқан. Ауыр қазан көтереді. Иркіт піседі. Аркан еседі. Әредіктө отырайын десе бай, бәйбіше, тоқал кезек келіп, жұмысқа айдан тұртп җібереді. Сиыр сауады. Қойды құрттайды. Ақсак қойды суарады. Тұскі қой келді. Жүгіре жүріп қой қосақтайды, сауады, ешкіні қуалайды. Ұстаптаған қара ешкіні Есім қуып жүріп ұстап береді. Келе берсе бәйбіше тезекке жұмсайды. Қапты иығына салып тезекке кетті. Далада дауыс айтқандай жылап, ән салады. Жаяу келе жатқан қартан қатын даусын естиді. Құлагын салады. Таниды. Елбендей басып келе жатыр. Киімі жүдеу. Бірін бірі көре ұмтылысады. Райқан құшақтай жылап, жерге карай талмаурай шөгіп жантая кете-ді...

Есін жия бере:

— Қайран анам, қор болдым ғой. Құн етті ғой...— дейді. Жыласады... Қемпір аүылға келеді. Бұны елеген кісі жоқ. Бай Райқанды бие саууга айдайды. Райқан желі басына келді.

Қызырақтың айғыры Ақбесті мұның шелегіне қарай тұмсығын созып, алдына келеді. Райқан жымия қарап, төменгі ернінен сипап, алақанымен тұмсығынан ақырын-ақырын қағып қойды.

Бала Әшім бие саудыргалы тұрып Ақбестінің кешегі шабысын айтты. Мың қаралы аттылар... Эрлі-берлі жөңкіп жүр. Аттардың аяқтары жерді дүр-дүр басады. Шапшандай баса бастады. Барған жерден 50 ат-айғыр жіберілген еді, қүйрек, кекілдері сүзілген... Әшім Ақбестінің үстінде. Басында орта кездे шықты... Һара-bara торы ат, қара қасқа айғыр, Ақбесті бол көп тенкілесті, кезек озысады. Алдыңғы керешіге таман іліне берді. Жолдағылар ілесе алмай қалып жатыр. Аздан соң Ақбесті мен қара қасқа айғыр үзенгі қағысып келе жатыр. Әшім қамшы салмайды. Қара қасқа айғырдың баласын қамшылай бастады. Қөмбедегі қалың қол қым-куыт, шым-шуыт болды. Алыстағы кезенінен шан көрінді. Түтіндей будақ... Бірақ ел дүрліге шапты. Дүбірден жер солқылдайды. Ақбесті қара қасқадан сыйтылып шықты. 30—40 атты аруақтап ұрандаپ кеп қаумалап жөмелді. Асқар алдында, шылбырынан тартып келеді. Өзге аттарды да солай тартыса бастады. Бірақ бірінен бірі жырақ қалған. Ақбесті жарты шақырым алда келді.

Райқан сауған сүтін Ақбестіге ішкізді... Құлағынан, сағағынан сипап, мойнынан құшақтады. Барлық дүниемалдан сүйеттің сол,

Әңгімелесіп тұрғанда биенің алды өре бастады. Бір жағын бала қайырмақ боп жүгіріп жүр. Екінші жағын жүгіре басып Райқан қайырам дейді. Асау бие, айғырлар болмай жорта жөнеліп кете берді... Ауылдан келе жатқан Есім мұны көріп, жүгіре басып кеп, Ақбестіні ауыздақтап мініп алып, шаба жөнелді. Қашағаниң бәрін тықсырып қуып, айдал келді. Сол кезде ауылдан Асқар мен Жексен қатар ақырып үмтылып келді... Асқар ат үстінен Есімді қамшылаپ ұра бастады. Райқан үмтылып арашалағанда Жексен кеп оны таяғымен белден үрді.

Бір күні бай үйіне Асан шауып кеп түсті... Үйге кірер-кірмesten хабар айта бастады. Үйдегі Жексен, бәйбішелер тегіс дүрлікті. Байдың өні қашты. Есін жия бере Асқарға «шап» деді. Асан екеуі шаба жөнелді. Есім мен Райқан күлісіп әңгімелеседі... Есім көп нәрсені жаңданып, қызып айтып жатыр. Қәнпеске, кәнпеске, кәнпеске. Аудандық қаладан шығып Асқар мен Асан асырып келеді. Аттары қан сорпа бол, танау қакқан күйде ауылға кеп түсті.

Кеш бойы Асқарға төрттен, бестен кісі келіп кетіп жатыр.

Жүрерлерінде ат, сиырлар, 20—30 дан қойлар әкетіп еді... Құр ат, қомды түйе, атпал қойдың іріктілерін сұрыптаپ, түн ішінде базарға айдатты... Ол таңертен барап базарға кірді... Тезінен сатылып жатыр... Будақ-будақ ақша үйде отырган Асқардың қойны-қонышына тығылып жатыр...

Ауылда ауыл кеңестерді бөлек-бөлек шақырып, приговорды Асқардың өзі жазып, қолдарды қойғызып, мөрлерді басқызып жатыр. Кедейлерді де шақырады... Сөйлейді. Олар тұнжырайды, үндемейді. Қебі бұл сөйлей бастағанин шығып кетіп жатыр. Есім шақырса да бармады. Асқар үйінен шықкан кедейлерді бұл күліп қарсы алады... Қәнпеске, кәнпеске. Қаладан шықкан өкілдер кеп кедейлер топтарын шақыра бастады. Жыныстар. Есім басында сенбегендей үндемейді. Артынан бір-екі сөз айтып көнілдене серпіле бастайды... Өкіл бұнымен оңаша сөйлеседі. Ұғысады... Есім өкілдің қолын сілкеді.

Бәйбіше көріп тұрып Райқанды итереді. Жерлекендей, шүйлегендей сөздер-айтады.

Райқан Есімге қарай келеді. Сұрланған жұзбен жөн сұрайды. Кедейлер тобы Есім айналасында. Есім Райқанға сынай қарайды. Анау қайтпайды. Қадалады. Есім мырс беріп күліп, мойнын теріс бұрады... Кедей жиынының алдында Аскар, Асанды өкілге жіберді. Приговорларды ұсынды. Жексенде «жауыз бай емес, кедейге жайлы болған... қара шаруа» деген приговорлар... Есім тұрып кеп өкілге қол сілкіп қағаздардың үстінен салып қалады. Кешегі айтқаның өтірік пе еді дейді... Өкіл күледі. Жексенін айдалуы туралы дауыска салады. Кедейлер бастыры Есім бол қол көтеріп бастады... Ақырынданап біріне бірі қарай барып бәрі көтереді...

Карсы кісі Аскар, Асан... Қолдарын көтергісі кеп басында біраз жоғары таман шығарып барып, артынан өшіп қалды... Малдар іріктеліп алына, айдала бастайды. Есім байқайды, жылқыда Ақбесті жоқ...

Уш күн болды, жоғалды дейді Жексен. Есім кеп Райқаннан сұрайды. Анау қымсынады, үндемейді... Есім қадалып тұр, Райқан басын шайқады, айтпады.

Ауылда милиция, өкілдер, кедейлер... Қәннескеленген бай, бәйбішелер жылап-сықтарап киініп камданып жатыр. Райқан киінбеді. Үй ішінде үйілген ішік, кілем, шенді шапан, шекпендер, болыс знагі, сыйға алған қылыштар. Милиция мен өкілдер күтіп тұр. Жексен мен өзге екі бәйбіше Райқанға тесіле қарайды... Райқан міз бақпайды. Бәрі тысқа шықты, жаман арбаға қатындар мен Жексен мінді. Райқанға орын босатады. Райқан қарап тұр.

Өкіл кеп сез қатады... Райқан Жексендерге қарап тұрып басын шайқайды. Аналардың жүздері шошыды. Тұнілді. Бай күрсінді. Жүріп кетті...

Бір жакқа бұлар кетті, екінші жакқа малды айдастып кедейлер, көпшілік кетті. Тыста кешкі ымыртта жапа-жалғыз Райқан. Айнала жұтағандай жым-жырт. Байлар кеткен жақ құм... Құм борайды. Сырғақтап борайды. Алыста шырқаған ән, күлген, ойнаған кедейлер жиынының ұлы сарыны естіледі... Құлазыған жалғыз Райқан. Қасына ала төбет кеп еркелейді. Аяғына жатады. Бұл сілейіп тұр... Қәннескеде белсенділік істеңген бір кедей жанына келді... Жай сұрағандай, жәрдем еткісі келгендей қабақ білдірді. Кедейлер жаққа ша-

қырды. Райқан сазарып бейуаққа қарап тұрып басын шайқады. Кедейді жібергегі Есім еді. Тұрған орнынан қол бұлғап, жолдасын шақырып алғып жүріп кетісті...

Райқан жүзі бір үмітпен селт еткендей болды. Қөзі аспанға қадалды.

Аздан соң қалғытқан ойнан оянып үйлерге, дүниеге бір-бір қарап алды да, там жаққа қарай жылдам басып жөнеле берді.

Кедейлер жиыны. Ортасында өкіл... Қөнілді пішінмен әңгімелесіп жатыр... Есімге кім боласын? Сайлан дейді.

Есім тұрып: «мұнда сайланбаймын» дейді. Өкіл қайда барасын, не іstemексін?— дейді.

— Кызыл әскер болам,— дейді... Зор, мықты денесін нығызыдықпен сірестіріп тұрып, «Жасым жиырмада»,— дейді. Өкіл басын изеп күлді, сүйсінді. Сол уақытта Райқан кірді. Өкіл жылырақ пішінмен тіл қатты, үйдегілер, әсіресе Есім дәмемен қарады. Бірақ Райқанның түсі жадыраған жоқ. Өкіл қайта үңілгенде «Ақбесті» деді. Жүрт тегіс тыңдай қалды. Райқан Ақбестінің жоғалу жайын баян етті... Қеш еді. Қараңғыда Ақбестіні сыртын жабулап әкеп Асқар Райқанның үйіне кіргізді. Жалынды. Асан мен өзі кірді. Жексен, бәйбіше, Асқар барлығы Ақбестінің басын кезек-кезек құшақтасты.

Бай:

— Куатым еді, берекем еді,— деп жылады. Асан мен ұрыға нұсқады. Ұры алғып шығып жөнеліп кетті. Асқар артында тұрып ант етті:

— Кімде-кім осыны менің қолымнан әкететін болса, екі қолым соның жағасында,— деді...

Райқан әңгімесінен соң он шақты кедей, бастыры Есім бол аттана жөнелді... Өкіл Райқанға қайта үңіліп: «не тілейсін»,— деді.

— Ленин жолын таныт, көзімді аш, оқу бер,— деді. Өкіл уәде етті. Бірақ шаршысын көрсетті. Райқан елемеді. Шаршысын мықтап баса киді.

Қараңғы түнде, үнгір қызын шатта, кісіндеулі тұрған Ақбестінің қасына Есім жетті. Аттан секіре түсіп, ноқталап алды... Ұры Асқарға мәлім етіп жатыр, көз алдарына Райқан келді. Асан мен ұры шапты, пышактары жаланады. Қез алдарында Райқан.

Райқан әйелдер оқып жатқан курске келді... Мұның басында шаршы, жұрттың көбі сонысына нұсқайды.

Сыртынан күледі... Райқан қарап, ашуланып қойып келе жатыр. Курс бастығына жетті... Сөйлесті... Өкілден алған қағазын берді. Бастық алатын қабақ білдірді... Райқанның қабағы жадырады. Бастық күліп шаршысын сөз қыла берді. Райқан сұрланып ашуланып жіберіп, шаршысын басынан жұлып алып столға бір-ақ үрді... Бастықтар мен айналадағы әйелдер де тегіс күлді. Райқан түстеріне қадалды. Ұнатқан, қошеметтеген күлкі. Өзі де күлді...

Мектеп ішін аралап келеді. Бір суретке қадалды. Өтіп бара жатқан бір қызды үстай алып суретті нұсқап кім екенін сұрады — Ленин. Райқан жақындаған төніп келді. Құшақтағандай бол, аймалап барып, қабырғадан сыпрып алды. Шәкірт қыздар үйкі-түйкі. Айналасына жиылды. Комсомол ячейкасының хатшысы, профкомдар жетіп келді... Жынын жөн сұрады... Райқан оларға қарамастан Ленинді бетіне бір жақындағып, бір алыстып қарап тұр. Бір қыз тепсініп кеп жауап сұрады. Райқан айналаны сонда көрді. Сасқан жоқ.

— Тәйт әрі, сендер өмір көріп келесіндер ғой. Мениң көргенім осы,— деп қойнына басып алды. Бастық келіп естіп тұр еді. Үқты, жұртты таратып жіберді.

Райқан сабакта. Мұғалім колы тақтайға есеп жазады, айтады, жетіге сегізді кос дейді. Басында бабын таба алмады. Қозғалактады, аузы күбірледі, көздері ойланғандай жоғары қарады. Қез алдына көгендеулі қозылар келді. Жеті жас қозы, сегіз марқа... Түстері басқа-басқа. Қезімен санап шықты. 15. Дәл. 19-дан 11-ді ал... Тағы да 19 бойдакты косақтап қойды. 11-ін таңбалап алу керек. Ағытты, арқанинан ағыта санап, кеміте берді, 8 деді, Дәл. Күлді.

## II

Қысты күнгі бектер жолымен екі салт атты келе жатыр. Біреуі шинель киген әскери. Екіншісі лаушы. Бір қашардың жаңынан өтіп келе жатып тыста жүрген қойларды байқайды. Жұдеу... Әскери адам кенсе ішінде кубанкесін алды. Есім стол басындағы адамға келді.

— Директор орынбасары Федор сіз бе?

— Ия.

— Райком жіберді... — Қойнынан шығарып қағаз берді. Анау оқиды...

— Қой шаруасын білесің бе?

— Мала-мала знай...— деп күлді... Федор орындық нүсекап, әңгімелесе бастады. Әскери киім киінген Есім мен Федорға Андреев:

— Үшінші ферма нашар... Күніне 5—10 қой өлтіре-ді...— Қағазды қарайды.— Бір айда 280 қой өлген. Со-ған бригадир бол екеуің бар...

— Тағы кім?— деді Федор.

Андреев:

— Тағы райком жіберген бір қазақ әйелі барады.

Федор мен Есім жайдак арбага отыра береді. Бұлар-ға сыртын беріп бір әйел отыр... Арба жүрді... Федор әйелмен әңгімелеседі. Әйел сөйлегенде. Есім елең етті. Сыртынан бұрылды. Қырынан қараганда әйелдің мұрнын көрді. Есім тесіле қарады. Аздан соң құліп жіберіп, әйелді сыртынан иығынан ұстап, өзіне қарай бұрып алды. Әйел сескеніп жалт қарады... Райқан... Екеуі та-нысты да катты күлісті. Қолдарын қысысты. Федор тан-дана қарады. Ана екеуі қатарынан:

— Знаком.

— Знаком,— десті...

Ушеуі қашардың алдына келді. Қастарында бір шал, бір жас қазақ. Келгендерді бастайды. Қойлар тыс-қа қашар алдына шығып жатыр. Бауырлары сарсідік. Есім мен Райқан екі жерден қадала қарайды. Қойлар-дың жүндегі үйисінан, үрпісінен, біреулері аш. Есім қасындағы шалға: атың кім?

— Болат...

Райқанның қасында жас жігіт... Райқанға сөз қатады:

— Мениң атым Иса. Ана шал Bolat екеуміз де ша-бан.— Райқан шығып жатқаң қойларға қадалды. Бар-лық қойлар мықшиып бұралып тұрып тұмсықтарымен жотасын, құйрығын қасиды. 20 шақты қой қашар қа-быргасына құйрықтарын, бүйірлерін үйкеп жатыр.

Соларға Райқан да, Есім де жақындал келеді... Есім бір қойды, Райқан бір қойды ұстай алып үйкелеген жер-лерін қарады.— Қенқотыр... Жүндері түскен. Федорға көрсетіседі.

Есім Болатқа:

— Ферма бастығы кім?

Болат:

— Бір жас жігіт...

— Ол қайда?

— Атқа мініп кетті.

Кой қораның ішіне кірісті. Тұмсықтарын басты... Жөткіріс бастады. Қараңғы. Есім фонарь көтерді. Иші лық толған кой. Өте тығыз. Бірін бірі басады. Есікке, жарыққа ұмтылысады. Райқан аяғын баса береді. Көтерем сары қой екі буаз саулықтың астында өліп барады. Федор мен Есім бұрышта жас қара қозыны көрді. Тәлтіректеп, өлімсірей маңырап барып құлаپ түсті. Бүйірі аш, қатып қалған... Айнала қарасады. Қойлар біріне бірі сүйкеніп, денелерін қабырға-қабырғаға үйкеседі... Есім бұрқ етті. Аспанды нұсқайды. Болат қарайды, сөйлейді.

— Бізге бүйрық солай.

Иса Федор мен Райқанға — қорада бак,— дейді.  
Федор сөйлейді.

Иса:

— Айтқанды істемесек жазалайды. Үндемейміз...

Райқан:

— Бастық кім?

Иса:

— Бір қазак.

Есім айтуымен Болат пен Иса койды шығара бастады. Қойлар бірін бірі баса, тысқа қарай ағылып жатыр... Қора босады. Тұрғандардың көздері қадалып санаپ тұр. Бір — екі, төрт — бес, жеті қой. Өліп жатыр. Арық-тұрак. Және қоздай алмай басылып өлген саулықтар... 4 жас қозы өліп қалған... Үстерінде шаранасы. Райқаның қабағы тұксіп, түсі сұрланып барады. Өлген бір қозының шаранасын сипай шөгіп отыра қалды... Тұрып журе бергенде аяғы сурініп кетті...

Жығылып барып, сүріңген жеріне қарады... Сыл-кылдаған сар қызың ішінен томар көрінді. Үңілді. Аяғымен аршып жіберді. Қозының басы...

— Ойбай, не деген сұмдық? — Өзгелер келді. Федор мен Есім отыра қаасты... Жақтары тістенді... Бәрі тұрып жүріс бастады. Аяқтарына тағы бір тубірлер ілінди. Бір қозының тірсегі... Тағы бір қозының бөкссесі. Өзге денелері қи астында қалған.

Есім Исаны жұмсады... Экелген темір ашаны қолына алды. Жерге басты. Аша бойлай берді... Түгел батты. Шылқылдаған су, батпак тәрізді...

Бір орнында қатып қалған Райқан, мынаны көріп

**Федорға, Есімге телміріп тұрып-тұрып жылдам басып жақындаپ келді.**

Есімнің қолындағы ашаны жұлдып алып қораның төбесін қатулана түрткіләй бастады... Тесік жасады. Сыртқа бу бүркырап шықты. Болат басын изеді. Райқанға: «білдің» дегендей сүйсіне қарады. Тысқа шығысты... Есім Болатқа сөйлемеді.

— Біз не бұйырса соны істейміз. Одан әрі Есім қадалса да, сөйлемей мойнын сыртқа бұрды. Иса мыналаға қарап ап тепсініп кеп:

— Жаман... Атама. Жаман...— Жасын іріккендей басын төмен салды... Үндемей қалды,

Федор:

— Ферма бастығы қайда?

Иса:

— Атқа мініп кетті...

Есім алысырақта бірдемеге қадала қарады. Бір арық көк атты екі жаяу түрткілеп әкетіп барады. Есім Болатқа: анау кім? дегендей белгі жасады. Бәрі қарады. Есім дауыстағанда екі жаяу тоқтай қалды. Бұлар қасына келді. Есім жөн сұрады. Атқа қарайды. Күйрұғы шолак, арқасы жауыр, сүйек-сүйегі шодырайған... Жамбасы сары ала, былғанған. Қөтерем. Екеудің бірі құлақшының көзіне баса киген, бауын шарт байлаған, Суық, сұр түсті көсе, қойнынан шығарып қағаз көрсетті... Қағаз бетінде резолюциялар: райисполком бастығы, райзо бастығы, совхоз директоры, ферма бастығы (соңғы резолюция осыныңкі) қолдарын қойған.

— Кедей шаруа едім. Екі жыл болды, осы атым заңсыз алынған еді.. Ауданда бір жігіт көмек етіп... мына қағаз...

Райқан:

— Ол жігіт кім?

— Асқар деген.— Райқан елең етті... Қесе сөйлеп тұр... Қызыметкер Асқар мұны ертіп сыпайы пішінмен райисполком кабинетіне кіреді... Сөйлейді. Бастық қарап, қол қояды... Асқар райзо бастығына бұны ертіп кіреді. Бастық қол қояды. Мынаны жөнелтеді.

Есім:

— Бұл аттың не өнері бар еді?..

Қесе:

— Жай әншнейін... Жалғыз атым... Ақбесті деген...— Қасындағы кісі қолын қағып қалады.

Есім, Райқан:

— Ақбесті?

— Ақбесті?.. Асқар... — Екеуі де атқа жалт-жалт қарасады. Қөсеге қасындағы кісі жаман түйіледі. Ол Асан. Есім айнала қарап, кекілін, көзін, тұяғын қарайды. Райқанға сөйлеп күліп жібереді... Тұяғы, көзін көрсетеді. Райқан тап беріп, аттың мойнынан құшақтай алады... Түріне қарайды... Жыламсырайды... Тағы құшақтайды... Қоз алдына Ақбестінің бұрынғы шелектен сут ішкен көркі келеді... Қабагы түйіледі.

Есім мен Федорға:

— Не қарап жүрміз? Қайда партия? Ленин жолы осы ма еді?

Қөсе шегіне береді... Райқан үніле қарайды. Қөсе мен Асан бұның шолақ сары тонын, тапаншасын көреді... Сескене береді. Райқан мен Есімге жалт-жалт қарасады... Есім көсенің тымағын көтереді. Жымияды... Өз кубанкасын алады... Аналар таниды... Райқанды да таниды. Қөсе ұры. Райқан Ақбестінің кәнпеске күндерінде ұрлап әкетіп бара жатқан ұры пішінін еске алады.

Иса, Болат:— Ферма бастығы. Ферма бастығы. Келе жатыр...— деп өздері шегінісе береді.

Федор, Райқан, Есім жалт-жалт қарасады... Жас жігіт келе жатыр. Жақыннады... Райқан ілгері ұмтылып қап, үңілді. Екі қолын көтеріп селт етіп, қатып тұрып қалды. Жігіт қастарына келді... Райқан анық таныды, есі ауғандай... Қозі бір жұмылып, бір ашылады. Соңдағы бұлт ішінде көрінген жігіт жүзі тағы көз алдына елес беріп, тағы аспанда қалқи берді... Бұрылып жалт қарады... Сол, бірақ түрі мас. Құр ыржиды. Үсті, басыаяғы кір... Райқан бестіге қарады... Үстерін арбаға, қашар қабырғаларына үйкеп жатқан қозыларға қарады... Жаңағы қи ішінде өліп жатқан қозылар елес етті. Жігітке тағы қарады. Есім, Федор жауап алғандай қадалып тұр. Анау бүрісіп, кішірейіп, сүмпиып барады. Райқан өз-өзін мандайға жұдырықпен ұрып қалып: «дурға»— деді.

Ақбестінің өз қолына алды. Екі ұрыға қадала қарады. Ана екеуі сырт бере берді. Ферма бастығына дәмелене қарасады. Аңдайды. Жас жігіт оларға түйіле қарап: «кет» дегендей қылады. Федор мен Есім ферма бастығына зекіп тұр. Ферма бастығы Сәлім Райқан түсінен дәме қып жалтақтай береді.

Танымайды. Райқан ойланып қарап тұрып-тұрып ақыры Есім мен Федорға келіп «тоқтандар» дегендей белгі жасап бәрін ертіп жүрді...

Қашар алдына келе бергенде Андреев кеп аттан түсті... Бұларға келді. Федор жай-күйді айтқандай. Қойларды көрсетті. Андреев үшеуі де тындал, жүздеріне қарап тұр. Райқан күйіп сөйлейді. Андреев бұларды ықласпен тындал болып:

— Сендер большевик болсан қүйремендер... Қайта осыдан іс шығара біліндер. Мен де жана адам... Біз сыналатын шын үлкен міндегі міне жана келді,— деп қалтасынан крайкомның бүйрығын алды. Оқысты.

Андреев қойларды көрсетіп тұрып:

— Осы қойлардан енді біз племсовхоз жасауға міндеттіміз: барлық Қазақстан, барлық өдақтағы қой совхоздарына, колхоздарға асыл тұқым мал беретін совхоз жасауға міндеттіміз, Федор, сен директорсың,— деді.

Федор айнала қойларға қарады. Ойланып, қиналғандай боп тұрды. Бекінді.

— Ендеше (Райқан мен Есімді иықтарынан үстап тұрып), мына Есім, Райқан менің көмекшілерім,— деді. Андреев қабылдады... Қолдарынан үстасты... Райқан мен Есім пішіндері бекінгендік білдірді.

Тарай бергенде Сәлім Райқанға жалынды. Журе беріл еді, жабысты. Райқан ойланып тұрып:

— Осында қаласың. Қөрерміз, алады...— деді. Қарап тұрып-тұрып бұрылыш кетті.

### III

Тұн. Екі кісінің көлеңкесі шатырлы үйдің есігіне түсті. Сырттары көрінеді. Есік қакты. Ояу жатқан Асқар атып келді. Сұрады. Ашты. Үйіне кіргізді. Асан мен ұры. Кезек сөйлемді. Есім көрінді... Райқан көрінді... Асқар тұксисіп алып сұрақ қойды:

— Ақбестіні әкелдіндер ме, жөқ па?

— Жөқ, жөқ.— Мыналар төмен қарасады, анау зекиді... Тағы қадалады... Бірдемені сұрайды...

Ұры:

— Бірақ күр қол емеспіз...

Қарангы қораның ішінде торы жабагы. Үшеуі айналдыра қарайды... Ұры сойып ақтармалап жатыр...

Үлкен табақ етті үшеуі алдағына алады. Бөтелкеден

Асқар құйып жатыр. Ішіп алғып, етті ауыз толтыра асан жатып Асан:

— Совхоз малы көп... — Қуліседі.

Масайып алған Асқар кіжініп, тістеніп кекесін айтады... Жұдырығын құшырлана түйеді. Ана екеуі тыңдайды. Қоз алдарына бұрынғы пішіндегі Есім, Райқан келеді. Бәйгеден келе жатқан ақ айғыр. Есім мен Райханға қадалып, Асқардың тісі ақсияды. Шенгелі тарбиып, бүріседі.

Есік қағылды. Қонақтар... Бірі артынан бірі. Қызметкер, оқыған жігіттер — Асқар сияқтылар. Асан мен ұры тайып кетеді. Келгендер күлкілі, табақты көздерімен жеп барады... Асқар әмір етеді. Мыналарды майсандаپ, қошаметпен қарсы алады... Ет, арак, мастар. Асқарды құшактап сүйіп жатқандар бар...

#### IV

Асыл тұқым совхозы, қонақтарды күтеді. Кеңсе қорасында Андреев, Федор, зоотехник, Есім, Райқан... Қастарында Болат, Иса. Әңгіме. Жұздері көңілді. Бәрі бір жаққа қарайды. Зоотехник сөйлеп түр... — Мынау прекос, Англиядан... Прекос қошқарлары өте береді. Жұні асыл, еті мол... Райқан кінежкесіне жазып түр... Зоотехниктің аузына қарайды. Болат көңілсіз қарайды... Иса қүледі... Бейілсіз.

— Мынау Өртембер — неміс жерінен. — Есім мен Федор көңілді жүзбен қарасады. — Жұні асыл, еті мол. Осы екі тұқымды да осы біздің жерге үйлестіру керек. Қазақ қойымен екі арасынан жақсы тұқым шығару біздің міндегі...

Болат пен Иса екеуінің де қарны ашқандай. Менсінбейді... Тағы бір топ қой:

— Мынау мақтаулы Дегерез. Асылданған тұқым... Бір жағы қазақ, бір жағы анадай қойлар. Бұл екі жақтың қасиетін бірдей сактаған тұқым. Жайылыска да шыдайды... Жұні жақсы, еті де мол... Прекос пен Өртемберден осындағы сапалы тұқым шығаруға міндегіміз. — Райқан жазып түр... Дегерез қойларына жақсы қарайды... Иса кеп назарлы пішін білдіреді:

— Мынау қазақ қойының асылы Еділбай қойы. — Топ келе жатады. Болат пен Иса масайрап күліп алдынан жүреді. Кошқар саулықтарын аялайды. Шудалы

жүнін көрсетеді... Есім кеп ана қойларды нұсқайды. Мақтаған сияқты... Федор мен Андреев екі жаққа бөлгізіп тұрған... Қойлар арық... Жұдеп келген. Райқан мен Есім соны айтып тұрады.

Екеуі де жаңа қойларды бөліп алысып тұр. Екеуі екі топтың басында. Социалистік жарысқа қолдар қойысады. Андреев, Федор күліп қолдарын алады. Райқан қасында Болат. Есім қасында Иса... Есім кеп зоотехникті шақырады... Өзгелер күледі... Райқан оқтырақ жабысады. Зоотехник бұған ойысады.

Райқан қойлары мұның қашарының алдына, Есім қойлары екінші қашар алдына келіп жатыр... Қойлар қарсы алады... Жаңа қойларға куле қарасады. Болат Еділбайдан басқаға қол сілкеді... Райқан зоотехникті ертіп жүріп Өртембер, Прекосқа әзірленген орындарын көрсетеді. Зоотехник басын изейді. Терезе, есік жөнінде нұсқау айтады. Болат бұл қойлардан сырттап Еділбайларға үйіріле береді. Райқан сыртынан бұрып алдып, бетін Прекос-Өртемберлерге қаратады.

Болат екеуі алысқандай қарасады. Зоотехник күледі. Болат Өртемберге жақындай беріп тағы да баса алмай қабағын шытынып тұрып, Райқанға бұрылып:

— Шырағым, осына денем соқпайды.

Райқан:

— Не болды?

— Тіпті осының қой емес...

Өзге қойшылар да басын изеп мақұлдасқандай.

— Енді не?

— Мен білсем тап осының қой мен шошқаның арасынан туған шата.— Жұрт күледі... Райқан ыза бол түйіліп тұтанып қап:

— Ата, қойшы, бала болмай...

— Ал қойдым...— Салбырайды... Өзгелер де салбыранқы... Бастарын теріс бұрады. Райқан бәрілеріне қарап ап:

— Жаңа мына кісі, зоотехник не деді? Асыл қой, неміс қойы.

— Е, немісің былшылдай берет те. Қойдың ата-тегін қайдан білуші еді, оттап...— Райқан жұртпен бірге күліп кеп:

— Қой екеніне бәс қыламысың?

— Жарайды, енді күшіктегенде сөйлесейік тек...

Райқан, Есім, Федор үшеуіне Андреев ЦК-ның сен-табырьдегі қаулысын оқып отыр... Бұлар қуажышты... Андреев үшеуіне сұрақ қойғандай болады. Аналар ке-зек-кезек қашарларының жайларын айтады. Райқан қашары, асыл тұқым қойлар жақсы жайда, семірген... Орындары таза... Жемді, шөпті күйсен тұр... Орындары жарық.

Есім қашары — қойлары күйлі... Жайы жақсы, бір мезгіл далаға да жаяды. Андреев, Райқан сұрақ берісе-ді, күдікпен қарайды. Федор мен Есім бірыңғай... Зоотехник бұларға басын изейді... Есімді арқаға қағады...

Есім қашарында Еділбай саулықтары күйлейді... Прекос, Өртембер қошқарлары семіз, күйлі. Саулықтарды жағалайды. Иса тығызынқырап қарап тұр... Сенімсіз қарайды. Басында саулықтарды қызғағандай, Еділбай қошқарларына жанастырады. Саулықтар аздан соң Өртембер, Прекосқа қарай бой ұрып, соларды жағалайды. Иса туңғылтандай таңданады. Асыл қошқарлар баурап алды. Саулықтар соларды ііскелеп жанасып барады. Иса түсі, басындағы жек көруден, жылы шырайға қарай ауыса береді... Иса қасындағы шопанға:

— Эй, мына бишаралардың тегі дұрыс екен. Мына саулықтар жынысын танып тұрганын көрдің бе?

Жас шопан Өртембер қошқарына қарап тұрып күліп:

— Рас, мал болар осы шауқарын... — Екеуі де тұстери жарқырап, үміттene күлісті. Іштеріндегі күдіктері шешілгендей жұздері жарқын... Сенімді...

Есім Андреевке сөйлейді. Бізде тагы бір қызық тұқым болады...

— Ол не?

— Ақбесті... — Райқан да ентелей сұрайды...

Қора айнала пішен... Ақ айғыр... Баяғысында күйлі, ажарлы. Сұлы жең тұр. Қасында үш боз бие. Олар да күйлі... Есім сөйлейді. Үшеуіне әр уақытта совхоз малина мінетін үш (деп бармағын көрсетіп) ақ ат, бәйге ат сыйлаймын. Бәрілерінің көз алдында төрт әдемі ақ айғырға мінген өздері — төртеуі көрінеді...

Аскардың қонақтары тарап кетіп жатыр... Жалғыз. Аздан соң есік ашты. Асан мен ұры кірді... Қой керек... Екеуіне арақ ішкізді. Аналар қой дегенде «орай» дегендей жымындасты.

**Аскар:**

— Совхозға асыл тұқым қойлар келді. Барышдар, содан бір ағылшын, бір немісті әкеп сойындар... Семіз болсын.— Асанға оңаша сөйлейді. Сәлім, Райқан қашары елестейді. Кіжінеді.

— Сағат кешкі 9-да,— деді. Жөнелтті.

Иса қарсыз бір беткейде асыл тұқым қойларды бағып тұрды. Қойдың алды қырдан аса береді. Алыстаң, төбе-төбеден қарап баспалап екі ұры келеді... Аттарын тастады. Қасқырша сөлектейді. Ақылдасты. Асан бұрылыш Исаға келді. Әңгімемен айналдырып тұрды. Ұры тас астында бұғып жатыр. Қой үстінен келді.

Бір Прекос қойын бұғалықтаң ұстап алды. Жөнелді.

Кайтқан соң Есім қойды түгелдеді. Бір Прекос жок. Шабуыл, әлек, Иса аң-тан... Қиналды, түнде үйқы жок...

Райқан қашарында бір сиыр өлгелі жатыр. Болат, Райқан, Сәлім. Болат күдік айтады. Жана ғана сап-сау... Сиыр өліп барады... Бауыздады... Райқанды Сәлім өртіп бара жатқан. Болат тоқтатты. Сиыр сойылды... Болат ішін актарып отырып, сарпайынан істік ағаштың синығын тауып алды.

Болат мініп жүрген құла бие ауру... Өлді. Тағы үшеуі қарады. Федор, Есім де келген. Есім тапты. Қартасы кесілген. Алдында болған сурет, биенің аяғы байлаулы, сауырынан құйрығына қарай өткір пышактың жүзін ұстаган қол сырғиды. Тұрғандар үрпісті... Есім, Федор қам ойлап аттаныса жөнелді... Болат ойда. Эркімді, шабандарды бағады. Райқан уайымда... Мұның қасынан Сәлім қалмайды. Есепші. Жазған боп жур. Болатпен сөйлестірмейді. Болат бұған көз қырымен қарайды. Бір қол омыраудан сағат шығарды. 9 сағат... Қаранғыға басып кетті. Болат артынан баспалап келеді. Сәлімнің жотасы. Алдындағы қораның бұрышын айнал-

ды. Жыраға тұсті... Атын төмен тастап, жырамен Асқар келді. Асқар сөйлеп жатыр...

— Райқанды айналдыр. Бір. Екінші, 5—10 күнде бір мал өліп тұрсын. Етін шопандарға өзің үлестіріп беріп тұр. Аузын майлап ала бер. Истері үдең барады. Шөмейт шаруасын... Асыл қойдан өлтір. Жас қозы өлсін... Iрі малдар құлап жатыр. Қашар құласын. Совхоз күйрекін,— дегендерді үсті-үстіне айтып, жөнеле береді. Жаңа жеткен Болат сыртын ғана көріп қалады. Айғайлайды. Асқар қарамайды. Кейін ұмтылады. Сәлім артынан жүгіреді. Болат байлауда тұрған торы атқа қарайды... Үйге ұмтылады. Сәлім жүгіріп кеп сасқалақтап омырауынан булавканы жұлып алады... Торы аттың қолаңса-сына дәлдеп тұрып таспен ұрып жібереді. Жөнеледі.

Болат киініп мылтық алып шығып шаппақ болады. Ат ақсандаң барып құлайды... Болат атының аяғын айналдыра қарап қолаңсасын көреді. Сәлім Асқарға жылдамдатып хабар айтып жатады. Сезіп қалды, зыт-сын дейді. Асқар шаба жөнеледі.

Болат амалы құрып ойланып тұрып, Райқанға ұша-ды. Райқан кітап оқып отыр. Сол бөлмеде сып-сыпайы Сәлім шот қағып отыр.

Болат басында таң қалады... Артынан Сәлімге тесіле қарайды. Райқан жөн сұрайды. Аттың мертіккенін айтады... Тағы хабары бар. Сәлімге қарайды... Жотасы... Болат тағы бар.

Райқан:

— Не бар, айт.

Болат тұрып-тұрып қолымен Сәлімнің жотасын нұс-қап:

— Дәл мына жігіттен сұра...— Сәлім атып тұрды. Шабатын қасқырдай қарады. Райқан қабагын түйіп бұған қадалды. Сұрады... Сәлім басын шайқады...

— Жаңа біреуге жар ішінде жасырын жолықтын, соның кім?

Жігіт басын шайқады.

Райқан:

— Өзің айт, болмаса мына Болат айтады. Айт шап-шан.

— Жаным Райқан, мен кім едім саған. Кешегі күн есіңнен шынымен шыққаны ма?— Баяғы сурет, түн, ауыл сырты. Қөгалды жерде екеуінің сүйіскен, құшақ-тасқаны. Сәлім қазірде де сөйлей келіп майысып,

Райқанды құшақтамақ болады. Райқан қадала қарады.  
Жігіт көзі өтірік сүзіледі...

Райқан атып барып ілулі түрған қамшыны жұлып алып тартып-тартып жібереді. Сәлім шошыды... Бүрісे бастады...

— Айт, кімді көрдің?

— Асқар еді...— Райқан есікті ашып жіберіп айғай-лайды. Жігіттер кіреді. Сәлімді нұсқады. Аналар алып жөнеле берді. Райқан шашаң киініп жіберіп, ерттеулі атқа мініп ап шаба жөнелді.

Райисполком кеңсесіне кіре берді... Асан көре сала жүгірді. Бұл келе бере баян етті. Асқар екеуі киініп, қа-руланып, ол-пұлды қойындарына тығып жіберіп жөнеле берді.

Райқан райисполком бастығына айтып жатыр. Бастық телефон алды. Екінші телефонда әскери... Бұл кеңсе ішінен үш әскери шықты. Жылдам басып жүріп келеді. Асқар, Асан қора ішіндегі ат қасына келе бергенде ша-уып, сасып ұры кеп түсті. Сөйлем жатыр...

...Ұрының қыстауы тік жартастың түбі. Жұпыны киінген шал кірді... Сақалы қысқа. Зорға танысты... Жексен... Қойнында тапанша, түсінде ашу... Тістенеді. Кіжінеді... Ұрыға:

— Асқарды жеткіз,— деді.

— Эке, жеттің бе, әйтеуір, арман жоқ. Бірге өле-йін...— Аттарына міністі... Үш әскери адам есік қақты. Ашық үйге кірді. Үйқы-түйқы... Жоқ... Тысқа шықты... Қораға жүрді. Кірді... Жоқ. Кақпаның алдына келе із-дерді көрісті...

Жексен биіктен ойға қарайды. Қолын жағалай со-зып, етек жақты нұсқайды. Асқар, Асан, ұры қарап тың-дап түр. Жексен:

— Мына жердің бәрі менің ата-бабамнан келе жатқан жерім еді.— Бөктерде совхоз орталығы, қашарлар көрініп өтеді.— Анау, өз әкемнің, үлкен әкемнің қабыры.— Мола көрінеді...

— Мынау малдың ішінде менің ата-бабамнан келе жатқан бар дәuletім...— Қора-қора қойлар көрінеді...

— Менің күң қатыным, менің малайым... Менің дүниемді басты.— Райқан, Есімнің анадай жердегі пішіндері көрінеді. Жексен тағы сөйлейді.

Асқардың қабағы түйіледі. Жағы тістенеді. Жексен:

— Мен осы туып-өскен жерімде өлуге, кегімді алып өлуге келдім... Баталас маған еретінің...

Асқар қолын жаяды. Аспаңға қарайды. Анау екеуде біріне бірі жалтақтай тұрып көтереді. Жексен түсі сұнына береді. Ұзақтау сөйлем бата қылады... Бәрі бата қылады. Жексен қойынан кішкене құран алып бетін ашты. Өзінің қеудесіне үрді. Асқарға ұсынды. Ол да үрді... Аналар да соны істеді. Жексен:

— Енді жүр, бас...

Барлығы жортып жөнеледі. Бір каланың базары. Олар тымақтарын баса күгей, халыққа араласып жүр. Эр жерден бірін бірі қабақпен таниды. Асқар иішінін, киімін қатты өзгертіп алған. Бір кезде Жексен көзі бір жаққа қадала қалды. Асқарды, ұрныны тұртті. Қарасты. Жүрттың ортасында біреу келеді... Жакыннады. Дуана... Дауыстап санқ етіп, санқ етіп қап келеді. Жексен:

— Маған осы керек.

Дуана кешке көшемен келе жатыр. Қақиадан Асқар, ұры шықты. Тоқтатты. Асан аттарды алып шықты. Ұры дуанаға «мін» деді. Анау қорғанды. Бірақ қорқын барып сасқанын мінді. Қаша жөнелмек болды. Шылбыр ұры қолында. Артына ұры секіріп мінді. Асқар, Асан да атта... Жөнелісті. Қаладан шығып барады. Дуана күйеді. Тулайды. Жалыннады. Бұлқыннады. Болмаған соң құшырланып, сарнап қорқытпак болады. Ұры желкеден түйіп қояды...

Тау ішіндегі бір қора, Жексенге дуананы алып кірісті. Асқар дуанаға:

— Сен кімсің?

— Құдай деген бишарамын... Дуана... Аллай-хақ...

Асқар қарынан салып қалды.— Тек. Бала болма.— Дуана үшіле қарады. Ұры да жабыса қарайды.

— Бұдан былай пайғамбардың әuletі, әулиесін...

Дуана таңданып, қорқақтап, кекжиіп орнынан тұра береді. Ұры тірсектен қағып қап жалп еткізеді. Дуана жөнделіп отыра бере:

— Уа батыр, мен Дулатпын фой... Сиқым... мына Сиқым Жаныс...

— Жок, сен Эзірет Сұлтанның шырақшысы, пайғамбар әuletісің. Ұқтың ба?— Кадала қарады. Жексен де басын изеді.

Дуана аздан соң көнілденіп, сенді. О да басын изе-

ді... Тау ішінде кемпірлер, шалдар... Аңқау шаруа, біреу-  
ге біреу кездеседі... Сөздері... Дуана көздеріне ақ сақал-  
ды, ақ сәлделі қарт бол елестейді. Әзірет Сұлтан шы-  
ракшысы. Пайғамбар әuletі. Жексен мен дуана қартан  
шалдар, кемпірлерге қонақ болып тау ішінде жүреді.  
Тау ішіндегі шет жайлап азғана ауыл мекені күтіп,  
сыйлап бас үрады... Асан кеп Жексенге жартас түбінде  
хабарласып алып жөнеледі. Асқар, Асан, үры ойға қа-  
рай жосылтып шабады. Совхоздың сиырынан сай ішін-  
де бір ту сиырды үрлап әкетті. Базарға әкеп сатты. Үры  
бір биені тауға әкеліп дуанаға батаңды бер деп соыйп  
беріп кетеді. Дуана бата береді... Ауыл етік үлеседі...  
Жексен мен дуана қадірлі... Шалдарға, шаруаларға  
Жексен сибырлап үрланып, ақыл-өснет айтып жатады.  
Совхоздың суреті... Шошқа баққан қазақ. Шошқалар  
ыдыстарын, жайнамаздарын басады. Шошқа молаларды  
тұмсығымен қазады,— дейді. Дуана жылайды... Шал-  
дар, Жексен қоса жыласады.

## VI

Кенседе Андреев, Федор, Есім, Райқан крайкомның  
пүсқау хатын оқысып отыр... Андреев:— Өлкелік коми-  
теттің жана басшылығы окотқа бар күшті сал,— дейді.  
Айрықша еңбекті, бұл күнге шейін бұл совхоз көрмеген  
еңбекті талап етеді... Совхоздың бұрынғы халі не еді?  
Білесіндер... Бұлардың көздерінің алдынан құлап жат-  
қан арық, аш сиырлар, жауыр, шолак, көтерем жылқы-  
лар, топ-топ болып қырылып қалған өлексер... қырыл-  
ған қозы... қозы суреттері өтеді.

Андреев:

— Алматыға совещанияға бізден екі кісі шақы-  
рады...

Райқан:

— Есім екеуің барындар.

Байсалды... Андреев пен Есім екеуіне:

— Окот, окот, окот,— деп тапсырып жатады...

Әртембер, Прекос, Дегерез қойлары жайынын жа-  
тыр. Қашар жақын. Болат осы қойлар ортасында... Тө-  
бешікте түр. Бір шал жақындал келеді. Жексен сөйлесе  
беріп:

— Уа, бұл бағып жүргенің шошқа ма, мал ма?

— Көзің бар ма, қара.

Жексен қарал ап:

— Қөзім жетпей түр. Е, бәсе, күйрығынан таныдым той. Жарайды, шошқа бағар көбейсін,— Болат күйіп ызалаңады.

— Өз қолында болса шошқа демей-ақ жетім қыздың күнін сұрарсын...

Жексен басын кекесінмен изеп тұрып:

— Жарайды, мұсылманның баласы, бетіңен жарылқасын...

Болат колын сілтеп:

— Сенің бетіңен жарылқамай-ақ қойсын...

Жексен сұрланып тұрып:

— Ертең бұның балалары, сонда қып-қызыл күшік таппаса мен мұрнымды кесіп берейін...

Болат селт етіп қап наныңқырап:

— Ә, қойши.

— Айттым да қойдым...— Қашар жаққа қарайды... Ақбестінің мінгел әйел қашардан шығып қатардағы қойға сидыртып барады.

Жексен қарал ап:

— Анау кім?

— Райқан, қашар бастығы.

— Астындағысы арғымақ па?

— Ақбесті...

— Е, ол ана қашарда, Есім қолында демеп пе еді?

— Есім бастықпен Алматыға кеткен. Райқан екі қашарды бірдей қарайды...— Жексен басын изеп тесіле қарайды... Ақбестінің аяқтары тас ұшырады. Қөзінен, үйірлі қалың жылқы... желі басы... Ақбестінің күйрық кекілі сүзілген күйлері өтті.

Жексен тау ішінде. Асқар, Асан, ұры үшеуіне сөйлеп жатыр. Есім қашары есіз боп көрінеді... Ақбесті күзет-сіз... Бұлар кіслерін қару-жарак, ат-тонын қамдал қараласып жатыр... Жігіттер жүрерде, Жексен:

— Жер аяғы кеңіді, енді Қытай шегіне басамыз... Бұларың соңғы қайратын,— Ақбестіден соңғы айрылған суреті, басын құшактағаны елестеді. Бата берді,

Тұн. Зоотехник, Райқан қашарға келеді. Қолдарында фонарь. Қашарда фонарьлі шопандар. Ортада Болат. Бір араға үйілген.. Тұстері сұрланған, ашулы. Қолдарымен нұсқайды. Болат кеп үңіле қарайды. Өртембер саулығы қоздаған... Жұнсіз қып-қызыл шақа қозы... Жексөн көз алдына келеді. Сұрланып жағасын үстайды. Қозыны аяғымен теуіп жібереді. Өзгереді. Өзгелер теріс айнала береді. Болат та қолын сілкіп тастап, аналарды тоқтатпай, өзі де жөнеле береді.

Қарсы алдарынан Райқан, зоотехник.., қарасады. Райқан сұрайды, Болат ашулы:

— Алдама деп едім ғой...

— Не болды? Не болды?— Айнала қарайды. Бәрі сұп-сұр. Жауап қатпайды. Кекете күліседі. Сырт айнала беріседі... Райқан Болатқа жетіп барды.

— Болат.

— Қүшіктепті ана шошқаларын. Ал, өзің бағып ал.. — Кете береді. Райқан тоқтатады. Ақырға жетіп барады. Қозыны көрсетеді. Сөйлейді. Зоотехник Болатты, өзгелерді тоқтатып қалтасынан кітап алды... Суреттер көрсетеді. Суреттер: туғанында жұнсіз.. 10 күннен соң, бір айдан кейін жұн шығады, қазақ қозысындай...

Райқан ашулана сөйлеп кеп қозыны көтеріп алыш бауырына басады... Қиімімен қымтайды. Қатулана сөйлейді... Болаттарды ерте жүріп ақырды қарайды... Соңдай екі қозы тоңып өліп барады... Зоотехник орайды. Сөйлейді. Бұларға жылы орын керек. Райқан күйе сөйлейді. Бір жас шопан түсініп, келіп қозыны орап алады. Жылы үйге кіріседі... Райқан үйіріледі... Болат жас шопан мен бұған қарап ойланады. Босандайды. Өңі жылиды. Келесі бір қозыны өзі орап әкеледі. Бірақ үркектеу, өзгелер де әкеле бастайды. Құліседі...

Райқан сelt етті, ойна түсті... Есім қашары.— Есім жоқ.. Қойшылар Өртембер қозыларынан жиренген тұste көзіне елестеді. Мұнда жылдам-жылдам бүйрый етіп, жөнелді... Болат бастаған қойшылар тұн бойы қозыларды әкеліп шешелеріне кезек-кезек емізіп, қайта әкетіп, салып жүр. Қашар үйқыға кетті.

Райқан Есім қашарында. Исаңмен екеуі қашарлар ішін аралап жүр... Тындағы қалысты. Ит қатты шабалаңады. Тысқа шығысты... 7—8 атты жақындағы кішкене

қораға қарай келе жатыр. Райқанның көз алдыңа келді. Онда Ақбесті.. Асқар есіне келді.

— Тасамен қораға қарай үмтүлді... Иса дауыстап:  
— Өй тоқта, сендер кімсің?

Аттылар іркіліп шегіне берді. Иса тап берді... Райқан қораға кіріп кетті..

Аттылар Исаға тап берді... Бәрі қамап ұстап алысты. Иса екеу-үшеуін лактырды... Асқар кеп ұстасты. Оны сүрінте бергенде Асан мен ұры кеп аяқтан алды. Жықты. Райқан Ақбестіге мініп қорадан шыға қашты... Атта түрғандар көрді. Иса байланып қалған... Асқар, Асадар тегіс атқа мініп ап қуып жөнелді. Сай, жыра, арық, Ақбесті секіріп шабады. Алда адыр, арттағылар аттарын тепкілеп, қамшылап, азударын ақситып ақырып қуып келеді. Адырға кірді... Алда келе жатқан Асқар мылтығын алды... Атты Райқан қашып барады...

Андреев, Есім совещанинде. Профессор сейлейді... «Ұзактының» асыл тұқым совхозы, ең озғын совхоз. Өртембер, Прекос, Дегерез қойлары көрінеді. Соны Қазақстан, Алатау жағдайында жақсылап қолайлаш баққан Есім жөлдас, Андреев жолдас мұнда... Жұрт тегіс қол шапалактайды. Есімді Андреев орнынан түргышады... Жымыны, үялыш орнынан тұрады. «Өлімі, шығыны аз. Бұлардың окотынан, ендігі келесі тәжірибесінен көн жаңалық, табыс күтеміз. Қол шапалактады...

Андреев, Есім үкімет үйінің есігінен кірді. Биік дәрежелі кеңсе. Бастық кабинеті. Бастық адам есікке қарайды. Тұрып, жымының колын ұсынады. Андреев, Есім амандасады... Бастық адам әңгіме сұрайды. Андреев, Есім кезек сейлейді:

Басшы адам:

— Окот, оқот... Бәрімізге сын... Енді адамға, малға басқа пейіл, басқаша ықлас қажет.

Есім ырза, жымияды... Сүйсіне қарайды... Басшы адам Есімді арқаға қағып отырып:

— Жақсы шопандарға бәйге беріндер, козы беріндер, өзінің малы болсын... Тіршілігі сай болсын... Көңілден-діріндер. Сенім бітіріндер... Жұз қойға жұз бес қозы аман алып шықсандар артығын жақсы шопандарға бәй-

геге беріндер... — Есімнің көз алдынан Иса, Болат өтеді. Алдарында 7—8-ден қозылар... Құледі... Үәде береді. Басшының қолын алады...

Есіктен шыға бере Андреевке қарап күліп, сүйсініп:

— Басшы мынау,— дег бармағын көрсетеді... Асып кеп аттарына мінеді...

Райқан қашып келеді... Ақбесті жеткізбейді... Арттағылар аттарын соғып келеді... Асқар Райқанды қарауылға ала тағы атты, тимеді, Қашар көрінді... Райқан өз қорасына тақай бере Ақбестінің басын тежемек болды. Тартады. Ат тоқтар емес. Алып қашады, қораны екі айналды. Жау келіп қалды. Болмаған соң аттың басын төбесі ашық қораға тұра беттетті. Ақбесті құймадан бір-ақ ырығыды. Райқан түсе бере Ақбестіні қораға тығып, қақпаны бекітті. Арттағылар келіп қалды... Жүгіріп винтовка тапты... Тесіктен әрлі-берлі жүріп ата бастады... Сырттағылар да атқылады... Қөрші қоралардан Болат, басқа қойшылар жүгіре-жүгіре шыққанда тыстарылар атқылап, үйлеріне күп тықты... Асқар әмір етіп жүр... Райқан көрді... Үрікті... Бірақ бекініп ап тағы атты. Оғы аз екен... Үшеу-ақ. Шошынып әлсірей берді. Арт жағынан бір қол сүйей қалды... Есім... Райқан құшақтай алды. Есім атқыласып отырып, үйге қарай шеғінді. Жау оғы бұларды ығыстырып барады. Ақбесті шетірек қала берді... Райқан ұмтылды. Есім жібермеді. Бөлмеге кірді. Қақпағы жабулы терезенің шынысы түсіп жатыр... Есім есікті бекітті. Райқан жастық астына тапаншасын алды. Қабырғаға жалт қарады. Ленин суреті. Шетінен оқ тиіпті. Райқанның күйген жүзі көрінді. Шамды өшіріп жіберіп құлшынып ата бастады... Екеудің ішінде, жасқана, тасалай жүріп атады. Есік ұрылып жатыр. Жау құлшына басып, әр жерден атқылап тұр... Әсіресе Асқар жырынды атады... Оқ тиер емес. Ұл кездे бір топ ұры қақпаны сындырып, Ақбестіні шығарып алды. Райқан сығалап атып Асанды жықты, екеуді Есім жықты... Бір мезгілде атыс басылды. Есікті ашты, жүгіре шығысты. Ақбестінің қақпасы ашылып жатыр... Райқан күйіп, жылап отыра кетті. Есім де күйініште. Шопандар келді. Жан-жаққа шабысты. Талқан бол отырган Райқан Есімге қарап басын көтеріп:

— Мал ашуы, жан ашуы, мыналар жанын өлімге

**байлаған екен-ау.— Есім басын шайқады... Райқан қарайды. Есім:**

— Ақбесті оның малы емес еді, үрлұқ еді...

Бұның әңгімесі: Тау. Қарағай. Қалың жылқы жайылып келеді. Есім бұрынры койшы қалпы, тау басында. Жан-жағында қой... Екінші жақтан Жексен жылқысы. Ішінде Асқар, Жексен... Асқардың жанында тазылары... Алғашқы жылқыдан екі айғыр үйірі шашырап бұлардың үстіне келді. Айғыры Түркпен. Құлындары ерекше. Ішінде ақ құлын. Дәл әкесіндей, Асқар қызықты... Сонына ерді... Сөйлесті... Есімді шақырды... Құрық берді. Бұл құлынды ұстады... Айтпа деп кесесті. Жексен жылқысынан екінші бір нашарлау ақ құлынды Асан әкелді... Мына жақсы құлынды Асан алып жөнелді. Жаман құлынды сайға, ағаштың астына апарып Асқар мен Жексен ұрып жықты... Өлтірді. Тамағын пышактарымен дар-дар кескіледі. Тазы иттерді шақырып апарды, жегізді... Қонын ойып оны жегізді. Үстіне қан жақты... Тастан кетті. Ақ құлынды бір ақ биеге теліді. Бие алды. Ақ құлын еміп кетті. Есім сөйлем отыр:— сол ақ құлын — Ақбесті... Ол Дегерез совхозының асыл тұқым айғырынан туған еді...

**Райқан:**

— Ойпир-ай, біздің мал екен ғой...

Есім қабағын түйіп:— біздің мал... Оның бар малы бізді тонап, бізді ұрлаудан жылған мал.

Тапаншасын мықтап буынyp, винтовканы иығына салды. Райқан бұдан жөн сұрағандай қарады. Есім:

— Мен өзіміздің малымыздан екі айрылдым... Енді мен қайырамын... Мен міндеттімін,— деді. Қоз алдына басшы адамның бұған сенген жүзі елес етті... Қолын қысқаны, бұның қол бергені көрінді.

Райқан сүйсіне қарап сыртынан қолын тигізіп, тоқтатып Есім бұрылғанда көзіне қарап:

— Ол өмір шөл еді. Сол құрдымнан шығып өрге басып ек, екі еңбекші баласы. Асқар аспак едік... Аяқтан алады, кешегі кедергі... Женіп қайт. Жолың болсын, құтемін.

Есім айналып көзіне қарап тұрып сүйсініп қолын қысты Кетті.

Есім бір кеңсеге кірді... Әскери адамға сөйлесті. Әскери адам айтып жатыр. 5 кісі шығып бос келді... Он кісі шығып кетті... Есім сөйлемді... Қелісті, Есім жаман

киім киген. Бұзықтар сияқты... Қаланың шайхана, сұраханаларын аралап кетті... Құмаршылармен құмар ойнайды... Қасапшыларды жағалайды... Бұзық, жүлік, ұрылармен танысқан. Топтарына кездеседі... Майлышара сезікті ұры. Соны көп көреді. Артынан еріп жүреді. Ол қасапшыға сөйлесті: «Бүгін кешке хабар етем»,— деді. Асбұзылға кеп анау жатқанда, бұл да бүк түсіп жатты... Аздан соң қубір есітті. Қүрен бие. Қасапшы. Есім көз астымен қарады. Аскардың ұрысы. Майлышара мен ұры шықты. Артынан Есім де ерді. Қараңғы, жаман шайхана... Бұзық түсті кісі көп. Алдыңғылар соған кірді... Бұл да келді. Бұрышта ала-коленкеде Аскар отыр. Қасынан анықтап, танып өте берді. Аскар танып қалды. Ақыра тұрды. Бұл есікке баса беріп еді, жауырнынан жабысты. Есім қарсы тап беріп:

— Мынау бұзық. Ұстандар,— дегенде Аскар жағаласып жүріп қарқ-қарқ күліп:

— Мынау белгілі қашқын. Мен осыны андып журмін, ұстандар,— деді.

Екеі жұдырықтасты. Жұрт қак жарылып тұра қалды. Екеі де мықты. Қағысып-қағысып келгенде Есім аяғымен қаға бере шекеден қойып жіберді. Аскар құлап түсті. Тұра бере: «ұста», «ұста!»— деді.

Тұрғандар екеуін де ұстай қалды. Аскарды ұстаған өз жолдастары. Тысқа алдысып жөнелді... Үйдегі көп мас бұзық, бұлқынса да Есімді жібермеді... Есім қызып бұлқынғанда, үйдегілер милиция шақырды. Жұрт: «қашқын, бұзық» деп бұны милицияға берді.

Есім әскери адамның алдында... Екі саусағын көрсетті. Келісті... Үш атты кетті. Екі әскери, үшіншісі Есім. Бұның көз алдында қоздап жатқан койлар... Өртембер, Прекос күтімсіз... Бар қозы өліп жатқан сияқты... Қабағы түйіледі... Асығады... Қиналады. Райқан көз алдына келеді. Мұның қашырында Исаны бастап қозыларын күткізіп жүр... Жүзі жыли береді. Соңғы қоштасқан түрі... Жымияды...

Үшеуі тау ішінде... Жөк... Қажығандай... Жүрген казақпен сөйлеседі. Дерек жок. Тауға кіре берді. Елсіз... Есім ойланды. Бекінді. Енді Есім мен екі жолдасы өзгерген. Винтовка жок. Киімдері әскери емес. Қоржын салған. Екі орыс маман сияқты. Есім лаушы түрінде... Қалың тау ішіндегі оқшау ауылға келген... Шал қазақ жөн сұрайды... Есім:

— Мынау екі инженер осы тауда асыл тас іздейді.—  
Лаушы шал ереді. Тас көрсетеді. Инженерлер жүз сом  
ақша береді. Тауда тағы бір қазак, тағы бір екеу кеп  
тас көрсетеді. Инженерлер тасты шағады, сөйлеседі.  
Ақшаны мол береді. Ауыл-ауылдың бәріне инженер ат-  
тары тарап жатыр.

Аскар, ұры, Жексен, дуана да өзгеріп киініп алған...  
Тау ішіне бата кіріп жүріп келеді. Жотадан Жексен  
Қытай жақтың жолын нұсқап сөйлейді. Ақбесті жетек-  
те... Бір жерде демалады. Ақбесті шөп жемейді. Ұлғи  
артқа қарай береді... Дом боп қатып алған, Жексен  
бағып қарайды... Өрені мықтап салғызы... Қісен салса  
оттай алмайды. Жексен сенбей басын шайқайды.

— Осы кәпір үйірсіреп жүрмесін... Тіпті шөп кеспей-  
ді...—Ұры кісенді салмайды. Бұлар қағылды. Ақбесті  
ойға қарай секіре-секіре жөнеле берді... Ойға қарап-қа-  
рап, кісінеп-кісінеп жұлына секіреді... Бір аяғының шыл-  
быры үзілді. Екі аяқ жіті басты... Жексен оянды, тысқа  
шықты. Ақбесті жоқ. Жұрт дүрлікті, жүгірісті... Қуды,  
кетіп барады... Ақбесті алыстан құғынды көріп ап жы-  
та бастады... Секіре-секіре барады. Аскар, ұры жақын...  
Жете берді, Ақбесті ышқына секірді. Шылбыр үзілді.  
Жытып жөнелді. Қуды. Ұзай берді, Аскар бұлініп тал-  
қан бол мылтығын алды... Атты... Тимеді.

— Жауға қалғанша өл...—Аттан түсіп, тасқа тұра  
калып көзdedі. Ақбесті қашып барады... Атты... Оң  
аяғын серпіп қап тағы жөнелді. Жамбасынан қан акты...  
Бірақ ақсаған жоқ... Қісіней қашты. Тағы да атты, ти-  
меді. Қырдан асты... Жолдағы ауылдар үш рет қуды.  
Тасқа қашты. Онда, елсіз тас арасында келе жатқанда  
тасада тығылып тұрған екі қасқыр қуды. Қайта сонаң  
ауылға қарай қашып құтылып кетті. Ұры мен Аскар  
артынан келді. Жолдағы елден сұрау салып, қуып келе-  
ді. Кетіп бара жатқанын жолдағылар айтysады...

Тас басында екі-үш қазак пен инженерлер... Жылқы  
кісінеді, Есімнің биесі кісінеді. Есім елең етті. Тас асты-  
нан тағы кісінеді... Жақын... бие кісінеді. Бір қырдан  
тас ішінен әуелі екі құлағы мен кекілі көрініп, артынан  
Ақбестінің өзі шыға келді... Бие оқыранды. Ақбесті  
алыстан ойқастап, кісінеп әрлі-берлі жүріп кеп биеге  
жақындағы. Таныды. Қасына келді... Есім етегін тұтты.  
Ақбесті үркектеп кеп етегіне тұмсығын әкеп салды. Есім

мойнынан құшактады. Құлді. Райқан көз алдына келді... Жүгендеді:

Қасындағы тағы бөгде кісілерге: «иесі келсе берерміз, әзірше бізде болады»,— деді.

Тас көрсетушілер бұған қарады... Инженерлерге Есім көп ақша бергізді де:— осы жерде асыл кен бар екен. Табылды, енді завод салынады,— деді.

Инженерлер ойға түсті. Бір ауылға токтады. Асқар мен ұры бұлардан айрылған қазаққа жолықты. Сұрады. Анау көргенін айтты. Ұры басында сескенді. Асқарға «қайтайық» дегендей қылды. Асқар қайта сұрады... Хабаршы:

— Бір тас қарап жүрген инженерлер. Өзім тас көрсетіп ақша алып қайттым. Осы араға завод саламыз дейді. Асыл тас тапты.

Асқардың жүзі енді ашылды. Жөиелді. Қойнын пагоннай қағазын оңайлап алды.

Есімдер жатқан ауылдың сыртына келді.. Карады. Ақбесті қорада. Тыста бір инженер тұр... Тіл катты... Ақбестіні айтты.

— Ат сенікі болса аласын... Үйдегі жолдастарға сейлес, қағазың болса көрсет,— деді.

Асқар аттан түсті, үйге кірді. Ұры тыста қалды. Сырттағы адам оған сейлесіп, күлісіп тұрды. Ұры да аттан түсті. Асқар есіктен кірді, төрге қарады. Дауыс санқ етті:

— Қөтер қолынды, Асқар.

— Руки...

Екі жаққа жалт-жалт қарады. Екі бүйірінен тапаншалар қадалып тұр. Есім мұның қолын байлап салды... Тыска қарап жөткіріп шыға берді. Сонда тыстағы жігіт ұрыға мылтық төседі... Бұ да байланды.

Біреу осылармен қалды. Бір жолдасы мен Есім тауға салды.

Жексен мазасызданды. Ауыл күдікті қарайды. Жексен ауылды тыныштандыру үшін дуананың жайын айтады. Бал ашыңыз дейді. Үй іші қарайды. Дуана құтырынып кәдімгі дуанаша ойнақ салады. Ойнап-ойнап кеп, Жексенге:

— Сүйінші,— деп тақиясын алады.— Ақбестіні Асқар ұстады. Және бір үлкен олжа таба келеді,— дей бергенде Есім мен жолдасы кіріп келді.

Жана адамға Андреев, Федор, Райқан, шабандарды қойларымен өткізіп көрсетіп тұр. Иса қозылары өтеді. Бірінші генерация. Біркелкі семіз будан қозылар... Райқан көз алдына Есім келеді. Жүргі қамыгады. Федор: 100 қойға 115 қозысы бар шабан Иса... жана адам Исаның қолын алады. Арқаға қағады. Иса қой-қозысын биік бетке шығарып бара жатып бір Прекос қойына тәмен жақты нұскап:

— Анау тәмен жер құм еді... Енді міне биікке — асқарға шығамыз. Э, қалай екен. Ағылшыныңнан біздің социалистік Қазақстан жақсы ма екен, бәлем.— Койды мойынға қағады. Андреевтер алдына Болат қозылары келе береді... Федор: 100 қойға 113 қозысы бар. Окотта бір қозы өлтірмей шығарған Болат... Ат дүбірі шығады. Жұрт тегіс жалт-жалт қарайды. Райқан ұмтылады, же тегінде Ақбесті, Есім. Есім қозыларға қарап:— Аманбысын, жаңа төл? Бұрын туып көрмеген асыл төлім,— дейді. Ақ айғырдың үш биесі келе жатады. Үш ақ құлнын. Ақ айғыр кісінейді. Барлық үйірі кісінейді...

Андреев, Федор екі жағынан жабысып Есімді аттан түсіреді. «Крайкомнан келген жолдас», деп Есімге, келген кісіні таныстырады.— Биікке, асқарға бастық Есім. Есім сыртқа нұскайды. Асқар, Жексен, ұрыны екі әскери әкетіп барады.

Райқан, Есім бір-біріне жақындал, көздері телмірісіп тұрып құшақ жайысады.

— Райқанжан.

Райқан құшақтап, бауырына басын қойып:

— Міне көгерген еңбегің құмды тастанап, тауды басып, асқар асып барады...

Есім мандаіынан сүйеді... Қөз алдына басшыға берген уәдесі, қол алысқаны келеді. Куана күледі.

## ШАТҚАЛАҢ

### I

Бұл есіз, меңіреу қараңғылықтан Айша қорқып жүрген жоқ. Оны бүгінгі күннің қырсығының бірі деп біліп, қарғап-ұрсып, күюмен жүр. Түпсіз тұңғызық қараңғылықтың ішінде біртүрлі бір, жабысқан дымқыл салқын түн сзызымен бірге, әлденеше көгеріп базданған шірік исі де білінеді. Айша бүгінгі шеккен азабы мен әлі күнге айықпай тұрған ауыр ойларының әредігінде бұл иісті талай рет ұмытып еді. Бірақ артынан қазіргідей, еріксіз қайта табады. Өнебойы оттай жанып, қыстығып кеп:

— Бұ не пәле? Қайда кеп түстім, сорлы басым-ау,— дегенде қазіргі тұрған орны бұрын ат-атағын естіп көрмеген құбыжық зындандай көрінеді. Өйткені ол, айдалада жападан-жалғыз тұрған баз-кілеттің ішінде. Айналасы құлан елсіз. Кем қойса бес шақырымнан жақын жерде ешбір жан иесінің мекені жоқ. Өзі жым-жырт, қап-қара дала түні. Неткен ұзақ түн? Айша бұл күйге түскелі қашан? Жалғыз басы. Жап-жас әйел.

Өзіне өзі жаны ашып бір сәт көзінен жас ыршып босанси бастайды. Бірақ сол арада, ілезде, өзінің сілейіп бос тұрып қалғанын байқап, тағы карманады. Асыға еңкейеді. Сипалайды. Баяғы құрғыр екі тақтай. Бұның ұзын бойын талай рет тегіс сипап, ине жасуындай жер қалдырмай қарап өткен... Далбасалық па, тағы сипай түсіп қайта тұңіледі.

— Қай арада тұрмын?.. Есік қай жағымда осы?— дегенде Айша басын көтереді. Қөзі қарауытқан ба, әлі бітті ме? Сонау биіктегі кішкене сәуле, терезе болмыс

қазір басқа жаққа аунап кеткен сияқты... Тесік екінші жаққа шырып қапты. Сол жағында есік болу керек еді. Орнында жоқ. Үй іші шыр айналып бара жатқан сияқты. Жан-жағына қолын созып әр нәрсені сипалап көріп еді, ешбірін танымайды... Одан әрі үлкен тесік — үнгір. Аяғын өзі тұрган тақтайдың бойымен баса беріп еді, күрс етіп төменге құлап түсті. Екі тақтайдың бойын баспай, басы айналған бетінде аяғын күйсінде қарай басыпты. Маңындағы тақтай ма, сырық па бірдемелерді тарс-тарс еткізіп қаға құлағанда өз дабырынан өзі шошып:

Келді-ау, кесел... Жетті-ау,— деп сырттан аю күткендей бол, үндемей қатып бүрісе қап еді. Аздан соң есіл кірді, байқайды. Өз демінен бөлек дыбыс білінбейді. Сол арада, жығылған жерінде жантайып отырып есін жимақ болды. Баздың ішін бастан-аяқ көз алдына келтіріп, оймен тошишылап, жорамалдай бастады. Отырған күйінде айналасын көп сипап, бірталай нәрсені таныды. Тесік сәуле де өз орына қайта барып тұрган тәрізді. Енді осы отырған орнынан қадамдай жерде сол иығының тұсында есік болу керек. Астыңғы құстың ішімен еңбектеп, сол есік бар деген жаққа қарай ақырындан жылжи бастады. Басы бір қатты нәрсеге соқтықты. Еден орнындағы си-рек тақтайлардың бірі екен. Астынан өтіп қабырға жетті. Тағы бір-екі тақтай бар екен. Арасынан қысылып, зорға көтеріліп, қолын қабырғаға созғанда, есікке ілінді.

— У-у-һ.. Бұл адыра қалғыр да дәрі болды-ау...— Тұтқасын ұстап тұрып оң жақ бұрышқа қарай бір адым кейін басты.

— Осы арадан құлағамын...— Кенет әкесі есіне түсті.

— Бар болғыр, қор бишара, әке болып игілік көрсеткен күнің бар ма еді?— деп сол орнында тұрып тағы да аяғының астын сипалайды. Тақтай... Ойланған бастады.

— Сол уақытта тақтай үстінде ме ем? Жоқ па еді? Есіне түсіре алмады. Жарыса келген қат-қабат ойы тағы әкесін көлденең тартты:

— Сүйретіліп нең бар еді бишара, екі нардың ортасында шыбын өлеңді деп.— Осымен қатуланып тағы да аяғын аңдамай аттап қалғанда, бағанағыдай және де күрс беріп құлап кетті. Бұл кілеттің асты базға арналған шұңқыр. Үсті сирек қып салған аз тақтай еді. Түн түгіл күндіздің өзінде де шаммен журмесе, ылғи кісінің жамбасын сындырарлық ор-жыра болатын. Айша осыдан аз

бұрын осы баз ішінде өз жектиярымен өзі қозғалуға жарайтын қүйге жеткенде басына жарым бостандық алғандаш шүкірлік етіп еді. Оның аржағы шынымен көр еді. Бірақ мынадай боп құлап бара жатқанда соңғы қүйінде бұрынғының сынары деп қалды.

Қараңғыға курс беріп жан-жағын қармана құлағаңда қолына ешнәрсе ілінбей жанбасымен үшіп түсті. Құлаған шұңқырының ішінде бір үшкір нәрсе үршытына шашыла тигендей болды. Сол секундта Айша етінің ауырғанын, бойының талмаусырағанын ұмытып сол қолымен жанбасының астын сипап жіберді де, көлденен жатқан алты атарды орта белінен ұстай, жұлып алды...

— Я құдай, берерсін... Бәсе, мен де адамның баласы едім ғой...— деп жүргегі орнына түскендей боп, аз тыныс алып, алты атарды көкірегіне басып отырып қалды.

Ең соңғы халіде Айшаның, басқа бір нәрсені ойла мастан барын салып, тыным таппай, осы меңреу қаранғылық ішінде жалғыз іздегені осы алты атар еді. Осы баз ішінде бағанағы бір кезде өз қолынан жоғалтқан алты атар. Айша орнынан асықпай тұрып есікті кайта сипалай беріп:

— Байым, бәсе байым екенің өтірік пе еді? Қайдасын енді? Қайда кеттің?— деп тұтқадан ұстап сол иғымен нық итеріш, есікті аша берді. Бұл есік ашық. Жабығы, бұның аржағындағы есік болатын. Соған қарай аттай бөргенде, сыртта тасырлап кеп қалған көп аттың дүсірін есітті. Келіп қалты. Ұзенгі-тұрман шылдырлап, алды түсіп жатыр. Есікті қайта жамылып, санылау қалдырып Айша тына қалды.

Көз алдынан бағана таңертенгі тып-тыныш, ап-аман тұрған көнілді өмірі сөне бергендей болды. Адал енбекпен күліп-ойнай өткізіп келе жатқан колхоз жұні, қалетсіз еңбек жұні енді міне мынадай шым-шытырыққа сокты. Шатқалаңға үрінди.

— Өзге дүниені көрмеске, саған ермеске айт еткем...— дегенде оң қолы алты атарды нық ұстап, сенімді қүйде салмақтап алған сияқтанды. Бұрын атып көрмеген. Бірақ қазір бойына, бұрын өзі шамалап көрмеген қажыр біткен тәрізді. Бекінуі берік. Енді алты атардан құр өк шығаруға емес, жауын жайратуға да жарайтындар... Бар дүниеге қол сілкіп, көз жұмып, бір-ақ алты атарғаға бойұсынғандықтан енді өзін өзі шираға беріп:

— Ал, колхоздың мақтаулы ударнігі, шын ударник болсаң басынды қорғай біл,— деді. Шұбала берген етегін сол қолымен көтере жиып ап еді. Басындағы үлкен орамал қайта-қайта шұбатылып бетіне түсे береді. Және тың тындауға құлағын да кептей берді. Тыстағылардың тықыры жақындал қалды. Бәрі аттан түскен, енді есікке кеп қапты. Сол уақытта Айша басындағы орамалын тәмен қарай сыпыра жұлып тастап, есіктің саңлауына сол жақ көзімен қадалып, жабыса қалды. Тәменіректе, кеудесінің тұсында алты атардың жалғызы көзі де осы саңылаудан сығалап тұр еді, бір күшті дene сыртқы есікті сықырлата басып тұрып, сол сырт жағындағы бастырығын алды.

— Енді міне, міне дер кез...— Дәл осы халде Айшаның жүргегі аттай тулап, сабырынан айрылып «болшы бол» дегендей болды. Бағанағы қатаң беріктік енді алас ұрған дегбірсіздікке басты. Барлық ақыл, сезімі ешнэрсені болжатпастай боп соққан, тұтқылдан шыққан алай-түлей құйын ішіне түсіп кеткендей болды. Құлағы да шулап, дүние азан-қазан боп бара жатқандай.

Сонда да көзі саңылауға қадалуда еді. Сыртқы есік ашила берді... Соның қалпағы... Келіпті... Жетіпті... Кім болушы еді ол емей?.. Айша басып жіберді... Қараңғы үйдің іші тұтін мен от боп бүрк берді. Алты атардың дауысын өзі естімей қалғандай да болды. Көздеген де жоқ па немене? Қолы, алғаш кісі бейнесі көрінбей тұрған кезде бір бетке оқталып тұр еді, сонымен жібере салған сияқты.

Тыста, бірдеме айғай, дабыр, шу бар сияқты. Айша үқпайды. Естімейді. «Өлмеді... өлмеді.. Тимеді». Қозін жұма бере тағы да басып-басып қалды. Сол уақытта айғай да шықты. Алдында екі рет, ақырып сөйлейін дегенде тамағы жабысып, үні шықпай қалған еді. Енді шығар жолын жыртып айрып, зорға дегенде үзіле, қарлыға шыққан үні:

— Өлтіріп аласын, енді мен саған жоқпын... жоқпын,— деді. Тағы бір атты... Тыста шу, айғай, не деп жатыр? Кім сөйлейді. Естілмейді. Құлағына үн жетер емес. Бағана көрінген дene енді жасырынған?.. Әлде құлаған ба? Жоқ... Жүргегі бүрынғыдай атша тулайды. Құлағында шу... ызың... азан-қазан...

Сол уақытта мылтық атылып-атылып кетті... Өз мылтығы ма? Жоқ. Баспаса керек еді фой... Тағы атылды...

Жана ұқты. Атып түрған сырттағы жау екен. Бұны атқаны...

— Э, бәсе, бәсе атсын... Құшағым керек қой менің саған, мә,— деп тағы атып жіберді...

— Жауыз жауым... Өлдің бе, жоқ па?— Тағы басып қалды... Бірақ... ойпыр-ау, бұ не? Атпады ғой... От шықпады ғой... Тағы басып қалды. Тағы да от жоқ. Құршырт етті. Бітті. Оқ біткен екен ғой...

— Сорым бар басым...— Сол уақытта тыстағы дауыстар арсылдай қоя берген сияқтанды.

— Оғы бітті... Бітті, кір, кір. Ұста, ұста жауызды,— дескенін ғана сезді... Айша жалт берді... Бағанағы шұңқырға тағы құлап кетті. Бірақ жығылған жоқ. Артымен шұңқырдың жарына тіреліп екі қолымен ернеуіне жабыса сүйеніп есікке қадалды. Жарық келеді. Қөп аяқтың дүсірі кеп қалды. Шықыр етіп шалқасынан есік ашылды.

— Жауыз... жауыз,— дегенде Айшаның шашы талданып бетіне түскен. Екі көзі шарасынан шығып шатынаған; иегі дір-дір етіп, тістері сақылдайды. Жарықпен бірге үш-төрт бас көріне берді...

— Ойпыр-ай, сұмдық-ай...— Айша бетін баса қалды. Кіргендердің ең алдында Қасен. Сол қолынан, саусақ-саусағының бәріне тарамдап қан дірдектеп ағып, саулап түр. Атжағы тістенген, өңінде қан жоқ, құп-ку... Тағы бірнеше таныс пішін көрініп қалғандай болды... Бірі Самат — ферма бағыты Самат тәрізді... Сол уақытта жүзі шыдамай Айша бетін басып, төмен тұқыра берген. Үнсіздік ортасында тастай сұық, зілдей ауыр ашу айқайы, қатал айқай саңқ етті. Қасен-үні:

— Э, жүзіқара, менің қатынам екен десем, әлі де жау қатыны ма едің?— дей беріп тап берді. Оң қолында қарыс қара пышақ... Айша көзін жоғары көтеріп аша берді. Шарасынан шықкан көздері енді жасқа толған... Қасенге қарай үнсіз қарсы ұмтылды. Ендігі қозғалысында алысу ниеті емес, жығылған, сөнгеннің белгісі бар. Ұмтыла беріп, әлі құрып, Қасен қармай бергенде:

— Жарығы... жаздым,— деп құрт құлап түсті. Талып түскендей болды. Қасен пышағын жоғары көтерген күйде үстіне қона түсті. Сол секундта тамағы қырылда, пышағын құлаштап қайыра сермен ап ұра берді... Бірақ қолы орта жолда бірдемеге сарт етті, ұсталып қалды. Қанталаған көзбен қайырылып қараса, қасына жетіп келген Самат, бұның пышақ ұстаған қолын қос қолдан

үстап тұр екен.— Жіберші!— деп Қасен бұлқына бергейде Самат сабырлы, бірақ әмірлі қатты үнмен:

— Тоңта. Мән бар... Тұр былай...— деп Қасенді Айшанын үстінен жұлып алды.

## VII

Бұл уақиға облыс орталығынан жырақ жатқан, шекараға жақын ауданның бірінде «Талдымөзек» колхозының қой фермасы жайлаған өлкеде, 23 июньге қараған тунде, түн жарымы шамасында болған еді.

Әңгіменің басы Шәлтіктен басталады.

Ажымды сүрғылт жүзді, бурыл сақал, имек шал Шәлтік, өткен түн таң алдында осы базда жалғыз жатқан жерінен шошып оянды. Бұл баз тұрған жер, қой фермасының жазғы қонысының бірі болатын. Сондайда май сақтайтын орны осы база еді. Талды өзектің түні сүкік келеді. Ол бір жағынан белдемесін тоқазытылы. Екіншіден, көзін үйқыдан аша бере құлағына бір жатдыбыс ілінді.

Кейін өз айтумынша: «Ың-жың, у-шу, толайым жер де айқай, көк те айқай. Е, тәнір, жын ба, пері ме?»— деп басын көтере берді. Таң қыландалап келеді екен. Аңғарса шулап-улап жүрген қасқыр екен. Шәлтік тегі батыр емес еді. Одан бері де жалғыз шал, қарауылшық жау түсіріп, бері айдындыратын не қауқары бар дейсін? Ескі алашасы мен тонын сүреп әзелі баздын төбесіне шықты. Қысы-жазы басынан түслейтін сенсек қара тымағының құлағы шарт байлаулы еді. Сол байлауын шешпестен тәуір естітін он жақ құлағының тұсындағы сенсенін тымақтың ішіне қарай жымырып тұрып, басын олай-бұлай бұрып құлағын анда-мұнда үсеген болды. Қасқыр әлі де окта-текте ұлып қояды. Бірақ қай жақта екенін Шәлтік тарс анғара алмай қойды. Ұлуы тынбаған соң дөң айбат қып, тұрған орнынан талжылмастан тепсініп:

— Үа, Ңо-ой, һайт-һайт. Айтак, айтак,— деген болды. Аяғында кеп:

Қай жақта екенінде нем бар әлі соның? Соғып алам деймін бе, мұрдар басым... Шілденің күні гой, кісі жемес, көнің кепкірдің әзер көні кеүіп қалса да,— деп қайтадан бұрынғы орнына барып жатқысы иелді. Сонымен енді аяғы тырптырп басып тұрған орнында айнала беріл еді.

қасқырдың шулағаны тағы естілді. Енді тіпті жақын. Өзі дәқдыштына қарағанда нақ бір қора қасқыр сияқты. Шәлтік тамсанып, басын шайқап біраз тұрды. Қөзін тырналаш қарасын көрейін дегендей қып еді, ешбірінің бойы көрінбеді.

— Қораның төбесіне жатсам ба, — деп тағы бір ойланып жерге отырып көріп еді, астының бәрі сықырлап «кетші кет» деген сияқтанаады.

— Осы көпірден құлап шонданайым сынар ма екен мүлде? — деп Шәлтік қайта тұрды. Бұл жолы қасқырда жазық жок еді. Бірақ Шәлтіктің құлағына тағы қасқырдың ұлуы шалынғандай болды. Ыза бол кетті.

— Эй, тұқымың күрғыр, омай өнесі екен, қайта-қайта шулап. Ал жеп қоярсың... Жей ғой мә, мына менің қатқан... ді, — деп арт жағы өрмекшінің артындағы бол дүңкип тұрған көн шалбарының бүтын салдырлатса қағып-қағып қалды. Бұл екіленуінің себебі: жасындағы бір ісі есіне түскен еді. Ақтабан ат деген жалғыз атымен дәл осы, Талдықөзектің қалың шиінен бір тайыншадай қасқырды анау күн батыс жақтағы Сары адырға қарай айдал шығып, ерікке қоймай қуып жетіп, құр қол күйінде үзенгі бауын ағытып алдып, үрып жырып алған еді. Тегі қасқырдан Шәлтік қорқып көрген емес-ті.

Осымен жерге қайта түсіп, баяғы орнына қайта жатып қалды. Бойын бір тоқтатып алса да енді сергек жағын еді. Таң салқынынан тоңазығандықтан ба, немене, қалғып кетішті. Жатқан жері баздың ішіне түсетін есікке жақын еді.

Бір мезгілде тағы сескеніп барып көзін ашты. Ешиэрсе көрінбейді. Бірақ баздың іші салдырлап барады. Аныр-топыр бір ойнақ. Алдында қасқыр ұлып маңайлаш жүргенде:

Құлқының күрғыр, осында бір қазына жатыр, қүйрық жатыр деп жүрсің ғой... — деп бір кекетіп қойған еді. Бірақ соны айтса да осы баздың ісі айдаладан мұрын жарып, «мен мұндалап» тұратынын есіне алған... Енді оның беріл жаңағы әбігерді есітті де ақырын сүйретіле кең, сыртқы есікке ілінді. Содан бөксесін зорға сүйреп тұрып ап, есікті сарт еткізіп жаба қойып басып тұрып:

— Бәлем жаман шие бөрі, Шәлтікті сен жер ме екенсің, сені Шәлтік жер ме екен? — деп қоразданып жаулаңып ап, есіктің сыртқы шотын салды. Бұл уақытта таң әбден ағарып атқан еді. Каужандан жүріп бір үлкен

сырғауылдың сынығын әкеп, сыртынаи оны да бастырық қып есікті мықтап тіреп жауып қойды. Содан кейін айналып баздың екінші кішкене терезесіне келді. Қөп сығалады... Эрі қарап, бері қарап журіп, ақыры баз ішінде төменгі шұңқырды тімтініп, тіміскеленіп топырақ атып бұлқан-талқан бол жатқан екі долы қасқырды көрді...

Сол-ақ екен Шәлтік, анау-мынауды қойып, өз басының ендігі ерлігін қаңтара тұрып, колхозға қарай салып еді.

Күн шығар-шықпаста Шәлтік даурығып кеп бастықтың орынбасары Қатғаның есігін қақты...

Есік алдына көйлек-дамбалшаң келген Қатпа, арық шұбар бетінің барлығына үйқы ұялап тұрған күйде бір көзі жұмулы, бір көзін сыйырайта ашып бұны танып, сирағын қасып тұрып:

— Е, ку шал, құтырып кеттің бе, не болды? — деп қарсы алып еді.

— Несін айтасын, қарағым Қатпажан... Екі қасқырды баз ішіне байладап сап келдім, — дей беріп еді, анау аяғын тындаамастан:

— Сол ма, жынданған шығарсың өзің, — деп есігін қайта сарт еткізіп жауып алды...

— Қарағым, қасқыр, қасқыр өлтіріп алатын кісі... — деп Шәлтік жабық есікке жалпылдаш қала берді.

— Басқаға айт, ана Жұниске айт, барып ұстап әкелсін, — деп есік уні өшті.

Осымен тағы бір-екі есікке тұртініп журіп, аяғы екі колхозшыны түрғызып ертіп келді. Бейсенбай мен Садық еді, пішенші бригадасынан. Олар да үйқысы шала. Бастық бүйірады деп айдал жіберген. Аттарына міне бергенде Шәлтік кеп жирен байталдағы Садықтың артына мінгесті. Жолшыбай «қамаулы қасқыр» дегенді естіген-нен кейін анау екеуі басқа ешиәрсөні сұраған жоқ. Бірде шауып, бірде желіп Шәлтікті сөлектетіп, құйрығы жауыр болған кезде базға жетті.

Аттарынан тусе сала бір-бір сынық сырғык тауып тerezеге келісті. Караса терезе сынық. Өзі тап-тар, ол баздың төбесіне жақын биікте тұрған, бір кісінің басы зорға сиятын тар тесік еді. Соның шынысы күл-талқан бол жатыр... Үңіліп ішке қаасты. Ешбір дыбыр да жоқ. Қасқыр да жоқ...

— Түү, күдай төбенен үрғыр Шәлтік-ай, үйқыдан қалдырып, — деп Садық кейін шегініп кетті...

Шәлтік ұялғаннан ба, жоқ ауырғанын жаңа сезгені  
ме, белін басып шойырылып қалды...

— Белім-белім... Бастырмай қалды. Шойрылып қал-  
ды. Кураған тәнір, қырсығыма келген екен ғой... Белім-  
нен аттап кеткен екен ғой... Белінен қасқыр аттаса тұра  
алмай қалады деуші еді. Осы міне, сол болды сорым бар  
басым... — деп қаңқақсады...

Садық пен Бейсенбайдың үйқысы ашылған еді. Енді  
қасқырдың құтылып кеткені үшін шалды ажуалап құлқі-  
ге айналдырып:

— Болғаны енді сол болғаны-ақ...

— Эрі құтылып кетіп, әрі қырсығы атып түрғанын  
көрмеймісін? — дескенде Шәлтік жерге отырып ап түн-  
дегі әңгімесін ағытты. Екі сөзінің бірінде белімнен аттап  
кетіп шойрылтты міне, — деп қойып, — кәпірдің өзін осы  
қолымнан тығып міне, міне, — деп тіреулі есікті жұды-  
рығымен ұрып отырып, — мынаны ішіне бастырып кет-  
кем... Енді міне белімнен аттап... Қедейдің аузы асқа  
тисе, мұрны қанайды деп белімнен шойрылып.

Садық пен Бейсенбай құлді-құлді де шал сөзін аяқ-  
татпастан аттарына мініп жөнеле берді...

Бұлар кете бергенде Шәлтік «уау түге», — деп сұқ  
қолымен ымдаپ қайырып ап, жүзі томсарып, өзгеріп ап:

— Да, бастыққа айт, қасқыр аттап міне белім шой-  
рылып қалды. Қісі жіберсін. Колхозшы шал аштан өлсін  
деп пе еді? Қісі, қісі жіберсін, — деп тапсырып қалған.

Аналар — жібертейік, айтайық, енді қасқыр келсе тек  
айрылма десіп жөнеліп кеткен...

Осыдан Шәлтік күн ұзын сол есік аузында бұқтусіп  
жатып қойды. Жалғыз-ақ ұлы сәске кезінде шай қайнатып  
ішті. Тұс ауа бергенде ыстығын істеп бір қоректе-  
ніп алды. Бірақ қасқырдың ызасы бүгін күн бойы есінен  
кетпеді. Анда-санда тамсанып, басын шайқап қойып,  
өзімен өзі құнқілдеп сөйлеп: қамап кеттім, терезені сындырып,  
кәріп құзғын, түрмасын дедің-ау белімнен аттап—  
деп, белінен аттағанын көрмесе де, сол жайды айта-айта  
аяғында әбден дауасыз нәрседей иланып алды.

Сонымен бүгінгі күн өтіп, кеш батуға айналды. Келе-  
сі түннің уайымы тағы жылжып, қайта қаптап келе жа-  
тыр. Күн батар кез еді. Бір дүсір шыкты. Бұрылып он  
жағына қарай беріп еді, бағанағы жирен байталға мініп  
келдің. Айша екен.

Шәлтік елең етіп, көнілі жадырап қалды.

— Немене, қасқырдың хабарын есіттіндер ме? О кәпір, мұлде қылды ғой қыласыны, — деп әңгімесін тағы шұбырытып жатыр...

Айша атын қораның сыртына байлад келіп шалдың жайын сұрап, бұның үзак әңгімесін бір жерінде тоқтатып:

— Ана бірінші базға барып, жана кешке содан қайтып ем, әкең сырқат көрінеді, түнде қасқырдан шошыған ба, немене? Барып соның жайын біл және баздың іші бүлінбеді ме екен, оны байқа, — дегенде, Шәлтік сөздің мына аяқ жақтырмай:

— Е, бүлініп деп, ішінде дымы жоқ қу моланың несі бүлінуші еді? — деп қыңырайып мойнын бұрып салды.

Айша ақырын күліп койды. Бұл орта бойлы, толық етті, шымыр, тұтас біткен, қайратты әйел еді. Денесі жұмысқа піскей. Сом деңе. Бет пішіні ерекшеледеу келген, кесектеу пішілген қалпымен айрықша саналы, өзінше сұлу біткен пішін. Ақшыл сарғылт бетінде күнгө күйгендік пен араласқан жұқалау қызылт бар. Әдемі қара көздері мейірімді, ойлы көз сияқты. Әсіреле биіктеу келген тұзу біткен мұрын мұның дәңгелек бетінің жарагастығын, келісімін толықтырып тұрган тәрізді.

Әкесінің жаңағы қомпақына аз күлгеннен кейін Айша өз сөзін тағы бастап:

— «Барши, бар деп» қолды-аяққа тұрғызбады Қатпа. Не қып соңша жеделдеткенін білмеймін? Түнде қайтарында қараңғы болады ғой, қорықпас үшін мынаны салып ал деп, мына бір алты атарды берді, — деп Айша қойнынан мылтық суырып алды. Шәлтік:

— Октаулы ма өзі? — деп қолымен мылтықтың алқымына қаға беріп: — кәпірдің аузын арман қарат, — деді де: — қарағым Қатпа, маған жаңы ашыған ғой. Мынауын адам екен ғой, — деп мәз болып қалды.

Күн кешкіріп барады, Айшаның колхозға қайтуы көрек. Әкесіне ала келген азын-аулақ шай, қант, оны-мұнысын беріп енді өзі базға кірді. Азын-аулақ қана ала-көлеңке бар. Қөп жері қаранды екен. Эр бұрышына барып: күбі, шелек, тактай, қалып сияқты ол-пұлды түгендеп, енді есікке қарай жүре беріп еді, баздың сыртында тасырлатып басып, жылдамдатып кеп қалған қөп аттының дүбірін есітті.

Бұл уақытта Шәлтік те елең етіп бұрышқа қарал еді. Мойны кашыктан шығып, тер басып келген емендей

қатқан сұлу тор жорға ат сумаң етіп шыға келді. Үстінде кішілеу, жұқалаң денелі жүргінші. Тағы бір сары атты, боз атты, жирен аттылар шыға-шыға келді. Батыр-ау, не сұмдық? Беттерінің көзінен төменгі жерінің бәрің ора-малмен таңып алған.

Бұл уақытта Айша да арғы есіктен бері қарай баса-йын деп бір қарап қалып еді. Келгендердің бет-пішіні жат болудан басқа, тақымдарына қыстырып алған мылтықтары да бар екен. Айшаның әлденеден дегірі қашып, жүрегі су еткендей болды. Өні де сұп-сұр бол кетті. Жалғыз тапқан шарасы есікті тартып жауып ап, он жақ босарада жабысып қатып тұрып қалды.

Аттылар сарт-сарт түсे қалды. Тáқымдағы мылтықта-рын қолды-қолына ұстай түсті. Боз атты ғана жерге тус-пей, өзге үш аттың шылбырын алды.

Шәлтіктің іші мұздап кетті. Түсі сұык, бір жат жандар. Енді бәрібір не де болса қыларлық айла жоқ...

— Ұа кімсің, кімсің, жандарым? — деп апалақтан тұра берген еді, алдымен келген жұқалаң жігіт:

— Құлайғыр, — деп бір жолдасын тұртіп, шалға қа-рай нұсқап қалды. Қеспелтек денелі, қолы темірдей Құлайғыр Шәлтікті алып ұрып, кеудесіне аттай мініп алды. Сөйтті де қынынан сар пышакты сұрып алып, қонышына жанып-жанып ап шалдың көзінің алдынан жалтылдатып, тамагына тақап кеп:

— Айт, жаңың барында, кімсің? Қай колхоздықі-сің? — деді.

Шәлтік ішінен өлтіре коймассың деп бойын билеп ап:

— «Талдыөзек» колхозынанмын, о несі екен?.. — дегенде Құлайғыр мұның онша қорқып, есі шықпағанын біліп тағы да үстінде отырып тыптыр-тыптыр етіп, тепең-деп кенірдегіне төніп келіп:

— Өзің кімсің, айт шашаң? — деді.

— Өзім осы қуарған базды, қу моланы күзеткен жа-ман шалмын, қарауылшықпын, Шәлтікін, — деді.

Жұқалаң жігіт Құлайрырдың иығынан тұртті. Анау тұрып Шәлтікті талтиып, шалжиып жатқан жерінен жұлқа тартып отырғызып койды.

Шәлтік енді бір тыныс алғандай бол, кішкене қиялап әңгімені бейбітшілікке, әншайінге айналдырғысы келген-дей бол:

— Өй, жән сұраспайсындар ма? — Аналар үндемей аңырғандай бол қарағанда:

— Мен Көбігілпін... — деді. Келгендерді бұл жұмсақтады. Құлайғыр тағы тепсініп кеп, Шәлтікті ызғарлы үнмен тергеуге алды.

— Колхоздан былтыр көшіп кеткеннің бәрі қайта кеп жатыр ма? Рас па?

— Е, келіп орны-орнына жайласып, бәрі де адам болады. — Жұқалау жігіт үн қатып:

— Келгеннің көбі кім? Алтыбай ма, Жәрке мә?..

— Е, Алтыбай да Жәркесі де кеп жатыр... Шырағым, өзің біледі екенсің ғой, — деп Шәлтік бұл кісіге үңіле беріп еді, ол жылжып, сырт айналып кетті. Енді қайтып сөз сұраған жок. Шәлтік ішінен: апыр-ау, осы кімнің даусы? — деп тан қалды. Таба алмады. Бір жағынан Құлайғыр баспалатып барады.

— Колхозшы енді тоқпыз, жетістік дей мә? Ішіп-жем жеткілікті мә?

— Е, ак молайды. Колхоз ортасында мал көп. Жеке меншікке де шетінен сиыр беріп, қой беріп адам қып жатыр. Бүгін қайда, адам бол кетті, тек енбек еткеннің жаманы жок.

— Ал өзің ше?.. Қарық болғаның бірі сенбісін? Жетіскең екесін. Ку далада, қу тізенді құшақтап, не айтасың?..

— Е, шүкір, тіпті, мен екеш, мен де аш емеспін. Құдай көніки...

— Тіпті арманың жок па?

— Жалғыз осы киім жағы тапшылық қып тұр. Менінде енбегім аз емес еді. Осы мына базды бар ма? Мен қаздым... Міне енді күзет. Жалғыз осы болмай, міне бәленшемді жабатын лыпа да жок. Айтсам: аласың, энеміне дейді... Білмейім түге Иван мен Мергенбайдың не қып, не қойып жүргенін... — деп тағы да әңгіменің аяғын ерудегі сөзге сала бастады. Құлайғырдың қасындағы екінші кісі бағанадан үндемей тұр еді. Енді ғана даусын бұза маңылдау сөйлеп:

— Бұл қорада жалғызыбысың, жоқ қасында кісі бар ма? — деді.

Шәлтік кідірмesten:

— Жалғызбын, жалғыз емей, өзім қарауылшықлын, мені кім бағушы еді?..

— Шыныңды айт, әлде басқа тағы біреуің бар шығар?

— Е, бүйірмасын..., Кім болушы еді? Бүйірмасын...—

деді. Бұл сөз өзіне үнап қалды білем, Шәлтік «бұйырмасынды» бірнеше қайырды.

Келгендер кішкене бөгелендең қалып еді. Содан соң Шәлтік кешегі қасқыр әңгімесіне ауысып:

— Тұнде белімнен қасқыр аттап кетіп тапжыла алмай отырмын. Соған колхозға барып азық әкеп беретін кісі де жоқ... Белімнен аттап шойрылып отырғаным... — деп мықшында белін сипай бастады.

Құлайғыр мен қасындағы кісі екеуі кезек-кезек колхоздын малының жайын сұрай бастады. «Асыл тұқым қой дегені қандай қой?.. Асыл ешкі бар дейді, ол қанша, биыл төлдің өлімі қандай болды? Эсіресе түйе, түйе жайын сұрайды... 25 түйесі бар деген рас па? Құндіз қайда жайылады? Тұнде қайда жатады?.. Бақташы бар ма, боталысы нешеу?.. Осыларды сұрап жепіріп барады. Қой қай құдықтан су ішеді деп сондай бірдемен де сұрап қояды. Шәлтік ылғи «өсімі жаксы, мал көп, түйе де тегіс аман боталады, бұл өлкеде ен түйелі ауыл осы біздің колхоз» деп ұзын ырға жауаптар береді. Қайда жатады? Қалай жайылады дегендерге:

— Ку далада жатқан шалмын, кім білсін, — деп киялай жауап береді... Бұл кездерде қонақтардың түр-әлпеттін әбден танығандай еді...

Ақыры осымен қас қарайып қалды. Сол кезде бағана сырт айналып кеткен жұқалан жігіт бұған қайта оралып кеп:

— Шал, біз саған тимейік. Бағанадан бергіміз әшейін. Енді біз де осы колхозға қайтып келген осы маңың адамдарымыз, сен бізге бір қызмет істе. Анау жирен байталға мін де колхозының бастығы бар ғой?.. Қім еді аты? — деп бір тоқтады.

— Осы күнде орынбасар ғой... Қатпа. Бастық қалаға жиынға кеткен... — деді.

— Ендеше сол Қатпаға барып айт, біз де қайтып келген откочевникпіз.<sup>1</sup> Бізге бір тілдессе, жөн-жосығымызды есітсе, содан барып біз колхозға кірсек дейміз. Осыны өзіне ғана барып айтып кел... Жарай ма? — деді.

— Е, жарайды, шырағым, мақұл, — деп отырған орнынан белін басып қозғала берді...

Бұл кезде аналар өзді-өзі бол топталып күнкілдесіп әрі жылжи беріп еді. Шәлтік біраз ыргалып тұрып, ақы-

<sup>1</sup> Откочевникпіз — ауып кеткендерміз.

ры аяғын жітірек басып баз ішіне кірді. Кіре сыбырлап:

— Қайдасың, білдің бе, жау білем... — деп Айшаға қарай баса беріп сүрініп, құлап кетті. Жолда тұрған Айшаны да қоса қағып жықты... Айшаның қолында тұрған алты атары ұшып кетті. Өзі тәлтіректеп барып бұрышқа сүйене жығылды. Айша күйтіп сыбырлап:

— Е, сорлы шал... Қылдың-ау, ойбай, — деп жерді сипалана бастап еді түк таба алмады. Бірақ тығыз. Әкесіне жабыса кеп сыбырлап:

— Жау деймісің? Кім екен?

— Е, қайдан білейін, бетің шар таңып алыпты.

— Тәңір алсын, әке.

— Үа кім, сырғыр-ау? Қатпаға хабар айт, — деді ғой.

— Не дейсің? — Айша есі шыққандай боп не дерін білмей, ешнәрсені ұға алмай дал боп қалды. Шал:

— Кетейін, не де болса хабар етейін, — деп кейін бұрыла беріп еді. Сол кезде дәл көзінің алдынан от жарқ ете түсті. Шырт етіп жанған сіренкө еді. Айша мен Шәлтіктің алдында тұрған Сүгір. Сүгірдің көз алдында Айша...

Бағанағы жұқа денелі жігіт Шәлтік базға кіре бергенде артынан лып беріп, аяғының ұшымен басып, жасылының отырып сыртынан бірге ілесіп кеп еді.

Мына екеуінің жаңағы сөздерінің тұсында ернін тіс-теп жымдай қатып тұрған... Енді міне алдында Айша, есейтері тіреске кеткен жок. Жүрісі бос жүріс болмапты. Сіренкесің қайта-қайта тұтатып тұрып, Айшамен мынандай сөзге кірісті.

— Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан... — деп кекетіңкіреген үнмен: — мені тоса келдің ғой, — деді.

Айша есін жия бастады. Өні сазарып, сүрланып алды.

— Тоссын деп кетіп пе ең қашқын болғанда?

— Жок, тосқан болмасаң бүгін мұнда келмес ең. Әлде тәңір бүйрығы экелді ме, қайта өзіме?

— Мен тіршілігін адалдан тілегендермен біріккем... Кетерінде арамыз шешілген-ди...

— Жок, шырағым, мен өткіліктен өтіп, сонау Қытайдан текке келгем жок. Сүгір намыскер жігіт... Сүгірдің қатыны көзі тірісінде жатқа кетпейді, — дегенде даусы дірілдеп қатая беріп: — сен мені бір рет жер қылдың... Енді тек жөніңе көш, болмаса сөз бұзылады...

— Мен мынау шал әкеммен ашығып қайыр тілеп

жүріп, ақыры міне колхоздан пана таптым. Енді орның осында. Өзімдегі еңбекші бейнетқордан тенімді таптым... — дегенде Сүгір тепсініп кеп сөзін бөліп:

— Жәркенің жесірін көзі тірісінде сасың Алтыбай алғанын көріп пе ең? Иесі келсе қоңсызы орын босатады... Өз қатыным. Мен байың. Көзінді ашып қара... Күлгіп көреңім. Бір тұнде кестіріп кетейін, — деп қабағын түйіп қадалып алды...

Шәлтік Айшаны ақырын түртіп еді. Бірақ ол да қайтар емес.

— Жок, жарқыным, енді басымды әурелеме, — дей берді. Сонда Шәлтік Сүгірдің түсі бұзылып бара жатқаның іоріп, Айшаның желкесінен түйіп қалып:

— Қезің күрғыр, кіммен сойлескенінді көрмей тұрын ба, түге, мен берген байың осы. Осыныңкісін... — деп дүрсө қоя берді.

Айша бетін баса беріп, ақырын ғана:

— Жок... Жок... өлсем де жоқпын саған, — деп то мен шөгіп отыра берді.

Сол кезде Сүгір шалды жетектен алып шығып, есікті жапты да, тыстағылардың жанына келді.

Бәрі жан-жақтан қамап тұрып, Шәлтікке тағы да бірнеше сұрақ берді. Ақыры жириен байталға мінгізіп жатып Сүгір омашараж шығып:

— Ата, мен Сүгір балаңмын. Баяғы туысым бір детен ниетпен келіп ем. Артынан бәрі жау бол өре тұрыпты. Сол аяmas жауымның бірі ана колхоз бастығы Катпағой. Менің барар жер, басар тауым жок. Жау да болса өзінс қайта кеп тұрмын. Адастым, бірақ қайта келдім. Аяр деп ойламаймын. Сонда да өз алдына келдім. Бір Жәркенің баласы ек. Өзіне ғана хабар айт. Не қылса да өз қолымен өзі істесін. Осы арада хабарын тосамын, — деді... Шәлтік үн қатпай тыңдал-тыңдал тұрды да ақыры:

— Құп, — деп бір-ақ ауыз үн қатып тебінің жүріп жетті. Енді белі шойрылмай ма немене, ширап айты. Біраз жүріп баздың қарасы үзіле бергенде артына бір қараш ап байталдың басын ірікті де, ойланға калды.

— Катпаға барам ба, басқаға барам ба? Жаңа келген адам болса да, осы көпке қайырымы, қабағы бөлек аяу Сamat еді. Мынау таңертең қасқыр хабарын айта барғанымда да дүң ете түсіп еді... Қой, осы анаған барайын, — деп, кой фермасының қонысына қарай, Сamat-қа қарай беттеп жорта жөнелді.

Шәлтік кеткенин кейін Сүгір қайта базға кіріп бірқатар уақыт айналды да, аяғында жалғыз шығып есікті жапты. Сыртынан бағанағы сыйық сырғып тіреу салды. Сөйтті де тобына кеп ұндеместен атқа қонды. Өзгелер де аттанысты.

Бір топ шоғыр Талдыөзектің қалың шиін сылдырлатып аралап барды-барды да, аздан соң қараңғы түннің түнғиғының қаралары батып жоғалып кетті.

### III

— Бас, бас. Бассаңшы аяғынды. Өзің немене, түгі, баяғы бай қатынша әрі жуандап, әрі шабандап барасың мүлде, — деп екінші шабан бригадасы Берді, анандай жерде шелек ұстап келе жатқан Дәметкенге бұрылып, қарап, алдын тосып тұрып, даурығып күле сөйледі. Екінші жакта жиырма қадамдай жерде бұлар келе жатқан жаққа қарай үшінші шабан бригадасы Сатай да келе жатыр еді. Оның қасында бірінші ферманың ең үлкен қырықтықшысы ударник Аяжан да келе жатқан.

Сатай көлденеңин, Бердіге сүріне килігіп:

— Дәметкендікі май емес, қайрат қой. Қара жон, балуан адам ғой. Денең толды деп кінәлама,— деп Аяжанмен қосылып, ойнап күле бастады.

Дәметкен бұларға қарай жете беріп, жөп-шендіден ығыспайтын салмақты, берік жүзбен:

— Біз сол жай басып жүріп-ақ сендердің мақтаулы қатындарынды қанжығаға ұрып байлармыз,— деп ерекекше кесек үнмен қатты күлді.

Күн жаңа шығып келе жатқан мезгіл еді. Талдыөзек даласы әлі жым-жырт. Жел де жоқ. Айналадағы қалың ши қыбыр етпей қалруда. Аспанда шырылдаған көп торғайдан басқа, өзге жанның көп дыбысы білінбейді.

Алғаш түрған колхозшылардың жаңағы үндері саңғырлап, даурығып шығып алысқа естіліп түр. Бұлар үйді-үйлерінен шығып, екі жұз қадамдай жердегі қой жатқан қашарға келе жатыр.

Осылардай боп мезгілімен түрған сауынши, қырықтықшы қатындар, малға баратын шабандар да әр үйден шығып, жалғыз-жалғыз созылып сол қашарға таман беттеп келе жатыр еді.

Дәметкенге әрқашан ет ауыртпай, әзіл етіп сүйкене

қалжында жүретін Берді мен Сатай жаңағы сөзін құр  
қалдырмады. Сатай Дәметкенмен қоса күліп:

— Эйткенмен бүгін күндеңіден де шабан басасың  
ғой, оның қалай?— деп бірдеме жорамалдағысы келді.

— Бүгін үйқым шала. Тунде мектепте болдық кой.

— Я, мектеп жазықты болғаны,— деп Берді де бір  
қияс сөзге салғысы келді.

Бірақ бұл әншейін, дарымайтын құрғақ сөз. Әйткені  
Дәметкенің байы жоқ. Ол былтыр өлген. Одан бері де  
бұған жас балаларын өзі бағып отырған Дәметкенге  
пәленің бар деп ешкім ешнәрсе айта алмайтын. Дәмет-  
кен өзіне сенімді. Сондықтан жаңағы қалжындарын  
елеместен өз бетімен кешегі кешті есіне түсіріп күліп:

— Ойпыр-ау, әрпін жазуға қолы құрғыр тіпті илік-  
пейді. Сонымен үйге келген соң түнде көп отырып, бір  
парақ қағазды түгел шимайлап шықтым... — деді.

Аяжан мен бұларға енді кеп қосылған өзге қатындар  
да, өз бастарындағы осындай халді көз алдарына келті-  
ріп басын изесті.

Берді енді қалжақты қойып, бұлармен түзу сөйлесе  
бастап:

— Колынмен колхоздың жұмысын істеп, басынды  
ұмытып кетпе, басынмен оқу біл, білім ал, көзінді аш-  
дейді ғой, Самат.

— Сонда осы колхоз боп істеп жүрген ісінің бәрін  
танисың, дейді. Сөз-ақ емес пе?— деп Сатай да қостады.

Дәметкен ликбез<sup>1</sup> ашарда Самат айтқан сөздің тағы  
бірін еске алып:

— Бас пен қол ынтымақтассын, дейді,— деп ішінен  
дұрыстығына мойын қойса да, сөздің сыртын үйлессіздеу  
көріп күліп,— олар бір жұмырықтасып, шекелесіп жүр-  
гендей,— деп бар қатынды тегіс күлдірді.

Аяжан мұндайда күле бергені болмаса көп сөйлемей-  
тін. Бірақ анда-санда бір нәрсе айтса дәмді қып тауып  
айтқыш болатын. Мектепке бар, оқы дегенді ол өзі өте  
бір жақсы көріп еді. Сол туралы оңашада өзі боп өйла-  
ған ойының бірін бастап:

— Баста білім боп, қолда өнер боп түзу басып ісі  
оңып кетсе о да бір жақсы колхоз ғой өзі,— деді. Мұны  
кей қатындар оп-опай ұға қоймай, басында күліп еді.  
Бірақ Берді мен Дәметкен оларға еліккен жоқ.

<sup>1</sup> Ликбез — сауатсыздықты жою деген мағынада.

Берді мына сөздің төркінін бағалап:

— Тіпті дұрыс айтасың. Жалрыз-ақ жақсы колхоз осы адамның он екі мүшесіндегі болсын де!— Енді Сатай да әңгіменің дәмін енгізбек боп:

— Бәрекелде, мысалы мына осы бірінші фермада бас анау Самат болса, ал мойын, кол-аяқ, ұлы мүше біз болсақ, жақсы адамды алсақ: мен бас едім, сен аяқ едің, кол едің деп өзге мүшеге бұлдана ма? Пәрмәне болады рой,— деді.

Дәметкен бұл сөздерге ішінен бас изеп келе жатыр еді, енді өзі де килігіп:

— Бас қайда, аяқ екеш аяқтың бірде-бір саусағына шөгір кірсе қабағы туйліп, үйіріле түспей ме?

— Е, өз денесі өзіне тәтті, бірінен бірі артықпын, ардақтымын демейді!— деп Аяжан қайта кірісіп:— бір бас, бір тас деген со да. Колхозының мағынасы да осы рой өзі!— деп алғашқы қорытындысын енді анықтады.

— Колхозынан айналайын, осы екені рас!— деп кексе жасты, кішкене бойлы Жамал да қостады. Бұрын откочевник боп кетіп, биыл қыс ортасында, жалғыз жас баласын жетектеп, шалдырып-талып осы колхозға кеп көзі ашылған еді.

— Япыр-ау, тіпті сөз-ақ мыналарың. Сауат деген осы да... Қараши тіпті қалай-қалай сөйлейді, біздің колхозшы қатындар!— деп Берді шын сүйсінеді.

— Саматтың тәрбиесі, жолың болғыр өзі тіпті жақсы келді-ау, ырыс болды-ау осы колхозымызға!— деп Сатай ферма бастығы Саматқа көптің алғысын айта бастап еді. Бұл ферманың газет оқитын көзі ашық, жиынға барғыш сергек жұмыскерінің бірі Берді еді. Ол енді өзгелерінен көрі азырақ бойлай қарап:

— Жалғыз Самат деме, тұбі төркінін айт. Оның аты жаңа басшылық. Кеше не күйге түсіп еді осы колхоздың елі. Арқа еті арша, борбай еті борша боп кетпел пе еді, откочевник боп?— дегенде барлық қатындар жабырлап күцирене жөнелгендей болды.

— Өй, аты құрсын аткошник дегениң...

— Не көрмедік?

— Өлдік, талдық дегенде көзімізді ашты рой.

— Пана сына кеп едік, туған баласында мандайымыздан сипап баурына алды рой...

Берді даусын көптің дабырынан зорайтындырағы!

— Енді міне 4 мың қойы бар колхоз.

— Қойғана дейсің-ау, алтыны бар колхоз десенші.  
Мұндай асыл мал кімде бар? — деп Сатай көтеріле түсті...

— Жеке меншігінде 115 үйдің 500 қойың бар. Сиры жоқ үйің бар ма?

— Кім болсын, сонда бір құдай атқан жалқау болмаса, — десіп жұрт тағы дабырлады.

— Міне бас көң, басшы көп орнын тауып еді, бар деңеңің сарайы түзеліп сала берді, — деп Берді сөзін тұжыра бастады...

Бұл уақытта жұрт қашарға жақындалап қалып еді. Үлкен жақсы қашардың сол жақ бұрышынан бұларға қарай беттеп Қасен шықты.

Дәметкен қалжындалап даурыға күліп:

— Бас орнында болмаса міне көз, колхоздың көзі де орнында. О да міне ашылып қарап тұр, — деп Қасенді нұсқағанда, қатындардың бәрі тегіс үп-үлкен деңелі, сокталдай жігіт Қасенді «көз»ғана дегенге мәз болысып күлген еді.

— Көз екені рас. Ферманың охраны көз емей немене? — деп Аяжан Қасенге қарап:

— Ия, солай ма, көзқайым?..

Қасен анырып:

— Не деп келеді, осы? — дегенде жұрт тегіс тағы да ду күлді...

— Ия, соны айтамыз, малың аман ба? — деп Дәметкен, қашардың орта есігіне қарай басты. Барлық келүші бар, Қасен бар, бәрі де орта есіктің тұсындағы төбесі ашық қашарға жақындалап келді... Қасеннің де келгені жана еді. Мал түгендеуге бригада бастықтарын тосып тұр екен.

Бұлар ашық қораның шарбак есігіне тақап-тақап келгенде қалың қойдың ішінен қаракөл, ленкол саулықтары әралуан үймен маңырап қоя берді. Эр бұрыш, әр қорадан бірінен-бірі іліп әкетіп жатқан амандасу әні сияқты көп қой-ешкілердің маңырауы басталды.

Кейбір қойдың маңырауы дәл бірдеме туралы қадағалап жабысып, жауап тілең, сұрақ беріп тұрған маңырау сияқты... Қайта-қайта бір үймен қадала сұрағандай болады. Қозылар, ешкі-лақтар да әрқайсысы өзіне бөлек үндермен ендігі таңын қарсы алады.

Колхоздың оянуы осылайша басталған еді. Осы таңда, дәл осы кездे бағанағы базда Шәлтік екі қасқырмен

айналысып жатқанда «Талдыөзек» колхозының ең үлкен фермасы, бірінші фермада дағдылы, мағыналы еңбек күні осылайша туды.

Охран бастығы Қасен мен Берді, Сатай тағы басқа шабан бригадалары мал түгендеуге кіріскенде Дәметкен мен басқа сауыншы қатындар сауын қойларын ярмо ағашына қосақтауға кіресті. Аяжан мен өзге қырықтықшы қатындар сол ашық қораның бұрышындағы қырықтық шарығына, кеше мұқалып қалған қырықтықтарын қайратып жатыр. Колхоздың ірікті малы — асыл тұқым ақ ешкі мен ленкол, қаракөл қойлары болатын. Мұның бәрі асылдың ішінде аса бір өсімтал тұқымдар болумен қатар, шетінен сүтті сауын болатын. Соңдықтан колхоз былтыр брынза қайнатса, көп қып май айырса, биыл әдемілеп тұрып неше түрлі голландский, тельзезий деген сырларынды да өздері жасайтын болған.

Айша сол сыр қайнатушы маман әйелдің бірі болған еді де. Әр жердегі сыр кептіретін баздарды да өзі қарайтын. Соңғы он шақты күн бойында колхоздың биылғы сырларын қалаға жіберту үшін ол ферма басынан колхоздың орталығына барып тұр еді.

Колхоздың көп табысының бірі сүті болғандықтан, мұның қойы екі сауылады. Бірін осы таңертең ертемен сауады да, екіншісін кешкі жайылыстан соң сауады. Күн-дегі осы сияқты қаракеттен басқа соңғы кезде қырықтық араласқан. Қазір оның аяқтап келген кезі еді. Жайшылықтағы сауыншы әйелдің көбі осы кезде сол қырықтыққа ауысып жүр еді.

Жаңа қашарға келген жүрт бір сәтте сол өзді-өз жұмысина орала кетті.

Дәметкен күндегі машығымен қосақтағы қойдың төр жағына түсіп үш қойды сауып болып, енді ақ ешкінің біріне қарай жылжып келіп желінің үстай беріп еді, шошып кетті. Қолына ешкінің бір желіні екеу бол қақ жарылып ілінді. Ешкі де тыптырлап, арты шөмейіп, ауырсынғандай бол жаталақши береді.

Үңіліп қарап жібергенде Дәметкен өз даусының қалай шыққанын байқамай да қалды.

— Жаратқан сүмдыш-ау, мынау не еді? — деп баж ете түсті. Даусы соншалық қатты шыққан екен, өзге жерде сауынға отырган қатындардың бәрі атып-атып тұрды.

Дәметкеннің алдындағы ешкінің желіні тап ортасы-

нан сара тілініпті. Біресе сұт тамшылап, біресе қанды ірің тәрізді уыз шығып тұр.

— Жаңым-ау, не сұмдық?

— Ойпыр-ау, не пәле келді? — деп бар қатын жапырлай бастады. Дәметкен үндеместен қосакты жағалай жүріп барлық қой, ешкінің желінің түгендей бастады. Өзге қатындарға да соны бұйырды. Сол-ақ еken сауыншы әйелдің бәрі де әр жерден:

— Ойбай, мұнда да сол.

— Сығыр шұнақ, мынаны да тіліп кетіпті...

— Төбенен үрғыр қандай жау еken?.. Мынаны көр,— десіп бәрі де әр жерден, өздері өз болып көрмеген сұмдық бір қаскөйліктің ізін тауып жатыр.

Дәметкен өзі санаған қосағынан он шақты жаралыны тапты. Сондай боп тұралап, сенделектеп тұрған жиырма шақты қой, ешкіні өзге қатындар да тапқан еді. Эйелдер есі шығып, шын шошынып, күйінуден зар қасады.

— Келді ғой тағы бір пәле...

— Болды ғой бір қырсық...

— Қайран көзімді ашқан қолхозым, тағы не күн туа бастады басыңа? — деп Жамал өксіп-өксіп жылап та жіберді...

Дәметкен есін жаңа жия бастап еді.

— Үа, қой әрі ырбимай, қайда әлгі охраны, қайда бастықтар, жүр, түгел! — деп бар қатын түгел тысқа шықты.

Бұл кезде Қасен мен Сатай қошқарларды түгендеп шығарып жатыр еken. Екі қошқардың белі шойырылып баса алмай тұр. Оны бөліп қойыпты. Қорадағы қошқардың бары жартылап қана шықкан еken.

Мыналардың дабырын елемей Қасен мен Сатай есікке жақындалап келген қаракөлдің бір көк қошқарын қадала қарап тұр еді. Тақай бергенде Сатай мойнынан ұстап тартып алғып шықты. О да шойырылып артын баса алмай жатыр. Үш қошқардың дерті бір.

— Жаңым-ау, мұның бәріне не пәле келді бұл? — деп Сатай анырды.

— Індегейдім бе, не дейің? Өздері тарттырған қошқар тәрізді басады ғой,— деп Қасен қошқардың астына үңілді. Қолын жіберіп байқай бастады да:

— Ойбай, үрған еken қырсық. Мынау жаудың қолы ғой... Тартып кетіпті,— деп сенделектеп бойын зорға кө-

терді. Қатындар бұл кезде мыналардың қасына көп, қошқардың аңысын андал түр еді. Енді:

— Масқара бопты. Ендеше эне отыз қой мен ешкінің желінің тілінің қапты, — деді Дәметжек.

— Қөрінде өкіргір, қандай ғана дүшпан екен...

— Осы желіндерін қақ бөліп тілінті...

— Ұлың бар, қызың бар мұндай пәле, мұндай сүмдикты естіп көріп пе ең, — деп жапырладап сөйлеп, қатындар тағы шуылдай жөнелісті..

Касен бір ауыз сез сұрауга жарамай, бар пәленің зор көлемін бір-ақ тусініп, салмағына шыдамай белі майысып кеткендей бол жерге шөгіп, жүрісінен отыра қалып:

— Сорлы болған басым-ай. Маған келген қаза ғой мынау. Бүйткенше өлсем еттім, — деп өні бір сэтте күпкү бол кетті. Қезінің жасы моншактай ағып жерге бірсін-бірсін домалай тусін түр.

Оқиға қазір-ақ бар фермаға мәлім болды. Берді бастаған өзге бригадалар да, Аяждандар да тегіс жылған еді.

— Әттең қандай ғана қара бауыр екен?

— Қан жұтықыр қандай қаскөй екен?

— Әттең осы дүшпанды қолға берсе-ау...

— Аткеншектен ел бол кетті. Жұрттың алдына түсті дегенді көре алмаған тап жауы... Нагыз қанды көйлек бай бандының ісі ғой бұл,— деп өзге көп дағдарып, қанқақсаған топтың ішінде тұрып Берді сез қатты.

Тартылып қалған қошқар бесеу екен... Қаза көрген қой, ешкінің бәрі қазірдे ерекше бір жауыз-зұлымдықтың айғағы бол белдері бүшініп, жүндегі үрпіп аида-санда жалынғандай маңырай тусін бөлек түр.

— Жау ісі... Қескілескен жаудың қолы мынау — деп Сатай да түнерулі еді.

— Ал жау... Бірақ бұл қайдары жау? Сырттағы ма? Иштегі ме? Қайдан сап етті?.. — Аяжан көп алдына бір сұрак қойды.

— Бәссе кім? Күзет, күзет қайда?

— Охран қайда? Төбенмен үрғырлар иені карады?

— Не күзетті, кімдер еді өзі бүгін түнде? — деп кейбіреулер Қасенге қарай төнді.

Қасенде үн жок. Басын қос қолдан үстап, жас балаша еніреумен отыр.

Бұған үнсіз ғана қадалыи, түйіліп тұрған жүрт қаста-

рына ферма бастығы Сamat кеп қалғанда, біраз серпіле берді.

Ол барлық жайды естілті. Аш бетті, арықтау келген сұлуша қара жігіт Сamat аяқты жылдам басып, ыңғайлы аттай лып-лып етеді. Устінде тап-таза ақ көйлегі бар. Жанында тапанша. Аласа қып қырған қара шашында ылғи тікін түрған қайрат білінеді. Неге болса да жасстың жас сияқты емес. Фермада мұның алдында болған бірнеше дағдарыс қыншылықтарға келгенде ол жүрттың өрекліген бостығын оп-оцай баса қойып, шығар жолды жарқ-жүрқ еткізіп таба салған-ды.

Мынандай боп, көпшілігі қайрат пен ойдан айрылып түрған жүрт, енді оны көргенде тап-таза боп оттай жанып түрған түрінің өзінен-ақ көп сүйеу алғандай болды. Іштері жібіп, ол келсе бір нәрсе орнына түсे қалтырайдай тегіс дәме қыла, жамырап қоя берді.

Сamat біраз үндемей турып жаңағы сияқты сөздердің бәрін де тындалп-тындал алып, ақыры өзі барып барлық қой, ешкі, қошқарлардың жарадарын көрді.

Аяғында топқа келе бере Қасеннің еңкілдеп жылап, көзінен жас ағызып отырған түрін көріп, қасына жетіп келді.

— Өй, мынаның інес? — деп иығынан тартып, — бала боп кеткеңбісің ей, сен Қасен, ә? — деп жүртқа қарай берді.

— Қайтын байғұс, күйген ғой. Охран ғой, — деп Дәметкен сұрланып, тамсанып қабағын түйген еді. Бағанадан Қасенге жаны қатты ашып түрған осы еді.

Сamat айналып Дәметкенді көрді де, өзге коралай түрған жанның бәрінің түсіне жалт-жалт қарап жағалай көз салып өтті.

Көпшілік түсі күңгірт. Дәметкенді де қостамайды. Қасен туралы да үн қатпайды.

Сamat сол жерде жүрт күтвеген халде сақ-сақ күліп жіберіп, еңкейіп Қасенді жұлмалап түрғыза беріп:

— Өй тәңірі, жаман неме екенсің ғой өзің. Бұл апат үшін жауап беретін жалғыз өзім деп отырмысың? Алдымен жауап беретін мен міне. Не көрсөң менімен бірге көресің, ол бір. Екінші, кеңес өзінің қолхозшы батырағына сенеді. Жерге тастай алмай жүрген Қасендері жоқ. Сен қайдан шықтың, кімсің? Оны жүршылық біледі. Қой, қазір мына сүмниған пішінінді, — деп Қасеннің жа-

сын тыюмен бірге тағы күліп ап, енді қатындар жағын  
қоса күлдіріп отырып:

— Ойбай, ұят-ай? Мынаны Айша көрсे не дейді?  
Қайда өзі Айша? — дегенде бірнеше әйел даусы:

— Ол колхоз басындағой.

— Әлі сонда, қайтқан жоқ қой.

— Көрсे күлетіні рас, — деп Дәметкен бастаған бір-  
неше қатын күлсіп, Самат мінезіне қатты сүйсініп, дән  
ырза бол қалысты. Осымен Самат өзге топқа:

— Ал жолдастар... Аптықпай, саспай өзді-өзінің  
жұмысыңа барындар... Мұндай-мұндай қынышылықтар  
болатын. Бірақ бәрінің де тәркіні табылып, күлметі  
ашылатын. Кенес еңбекшісінің алғаш көрген коқайы бұл  
емес, болды сол... — деп жұртты тыйып тыныш, сабырлы,  
салмақты үнмен сабасына түсіріп тарта берді.

Сонымен барлық жиын енді-енді тарқай беріп еді.  
Бір мезгілде қастарына колхоз бастығының орынбасары  
Катпа жетіп кеп қапты.

Бұрыннан естіп келді ме, жоқ жаңа ұғынып алған  
ба, әйтеуір жайдың бәрі оған да мәлім сияқты. Шұбар  
жүзі қанын ішіне тартып, сұрланғандықтан теңбіл-тең-  
біл бол кетілті. Қабағы тас түйілген, үндемей кеп Самат-  
қа қол берді де:

— Есіттік жайды. Бұл бір кісі емес, контрреволюция  
шайкасының ісі. Мұнда үйым бар, — деді.

Самат өз байлауын әлі жасаған жоқ еді.

— Кім білсін? Қайдан кеп, кім істегенін?.. — дегенде  
Катпа шанышла қарап:

— Кім білсіні жоқ. Бай-кулактың үйымы. Оның бір  
тамыры осында, Енді соның ініне су құямыз; — деді де  
көпшілікке:

— Сендер тарай тұрындар!.. Барындар!.. Жұмыста-  
рына кірісіндер! — деп Саматқа қырындау бұрылып: —  
бұ не, осындаі істі топқа салып талқыладап тұрғаның, —  
деп бір қойды. Жұрт жылдысып тарай беріп еді. Катпа  
көппен бірге қозғалып бара жатқан Берді мен Сатайға:

— Сатай, Берді, сендер мұнда қалындар... Эуелі ак-  
тив бол сөйлесейік, — деді...

Көппен бірге Қасен де жүріп кетті.

Өзгелер әбден сейіліп, төртеуі ғана қалған соң, Катпа  
Саматқа бұрылып:

— Жә, мұны кімнен деп білесін?

— Кімге жабыса қояйын қазір... Пәленше деп бұл

сағаттың ішінде ешкімді де атай алмаймын, — деп Сamat қабағын шытты.

— Қадр сенік! Іс сенің ферманда болып отыр. Большеуиктік қырағылығың қайдар? Сезікті кісің кім? Отрымсыз ба енді жауды еркіне жіберіп? Жоқ, әлде қашқанын күтейік пе? Бұл шекара екенін білесің бе?

— Ал білгенде кімді бас салайық? Кім? — деп Саматтың даусы қатаңдай берді.

— Элі сезбедің бе? Өзің қызық екенсің-ау... Жаңа адамның бәрі міне осында болады! — деп, Берді мен Сатайға қарап ап:

— Истің тамырын үқпайды да, мезгілімен қолданатын шараларға бөгеуіл жасайды! — деп қынжыла бастады.

Самат бұған бұрылып, қадала қарап отырып:

— Олай болса ескі адамсың, өзіңнің сезгенің бар шығар, айт, қім кінәлі? — деді.

— Білмесен мен айтайын... Бірақ сен осы арада басшылық етіп тұрған соң көретін жайларды көріп, сезіп жүрген шығар деп ем...

— Жаңым, айтсаңы енді білгенінді, — деп Саматтың шыдамы таусыла бастады.

— Ендеше, мына охран bastыры Қасен. Міне тап жауының бір үшігі осында. Осыны қазір ареске алдыру керек, — деп жарып айтып салып, Саматқа о да қадала қарады.

Самат бағанадан бергінің бәрінің арты осындаі бірдемеге соратынын тосып отырса да, дәл мұндай тұжырым жасалмас деп еді. Біраз тандана қарап, аяғында Сатай мен Бердіге бұрылып:

— Сен екеуіңнің пікірің қалай? — деді.

Сатай алдымен үн қатты:

— Дәл бұлай деуге ауыз баруы қыын сияқты. Өзі қаратабан батрактан шықкан. Өзіміздің төменнен өсірғеніміз. Бірде-бір сезікті жаман қылышы болған кісі емес.

— Е, жау саған сездіріп істейтін шығар. Осы күнгі жаудың астынан қырыққанын сезер болсандар бүйтер ме едіңдер! — деп Қатпа қатты ашу шақырып, шын күйінген жүзбен ақыра сөйлем жіберді.

Сатай содан ықты ма, жоқ сезінің аяғын тек осымен бітірмек пе еді, әйтеуір аяғын екі үдай қып:

— Бірақ кім біледі... Кепіл болуға бола ма? — деді Берді мұнша екі жарылған жоқ:

— Тергетіндер. Ақ болса анылар. Мұндайды тергеу орны ашпаса кімнің көзі жетеді, — деді.

Саматтың бұдан да күтлеген жауабы еді. Бірақ Қасен жайындағы оның өз түсінігі басқа, соңдықтан үзақ-ка сөзбай:

— Қасен өйтін күрбандық етегін кісі емес. Мен карсымын. Жаппақ түгілі сезілке алғанға да мұлде карсымын, — деді.

Бұған Қатпа барынша іүйінің, шыдамынан айрылып атып тұрып, әрлі-берлі жүрів кетіл еді. Енді Саматқа қадала қарап:

— Сен өзің кем қойғанда анартонышыл екеусін. Мен жауаптылық қарызымын ұмытпаймын. Бұл істі баразына барғызамын. Қазір ауданға барам, — деді.

Самат бұл араға келгенде алғаш рет осы әңгіме бойында шындал ашу шақырып:

— Қасен жабылмайды, өйткені бас бұзарлыққа жол берілмейді, жолда... — дегенде Қатпа жұлып алғандай жауап беріп, бағанадан көмейіне кеп тұрган сезін тін-тікіе ірікпей соғып:

— Бас бұзарлықшылын, ендеше тамам байды оти-чевник деп жиып ап, бәрінің былығын бүркен осы күнге дейін сыр бермей, басқармаға дәнене білдірмей, тан жауының қойыртиғын қостап отырған сенің өзіңсің! — дегенде, Самат атып тұрып:

— Шатпа, енді жетті, кеңеске менен дос шығарсын! — деді. Анау кекете күліп:

— Адыра қал. Өмір бойы бай-кулакшын алысып, осы ауданның тап жауын құртып келген мен емей сен шығарсын. Бәлем күлметінді ашып, алдымен сенімен боялармын ендеше...

— Бар, олай болса қылатыныңды қылып көр...

— Шын жаудың тамырын таптым, болды енді маған. Өнің жылтыrap, жылым құрттай жайлайтып сендей тәтті үндінің талайына су құйғам мен.

— Қыскарт енді! — деп Самат тап берді. Анау тапаншасына кол салып ілгері басты. Берді мени *Сагай* екеуінің арасына тұра қалып айрының экетті. Екеуі де біріне бірі өшіге жауығып, екі айрылын кете барды... Қатпа айтқанын істеп аудаига шаба жөнелді. Самат сүрлансип, колы қалтыраи кеп аудаимен жалғасатын телефониын трубкасын алды.

Сөйлескен, аудан өрталығында иеесі бар зеңieri

киімді ер шішінді, кесек денелі жігіт Паншин еді. Паншин түнде болған уақыға турасындағы Саматтың қабарларын естіп алып, қысқа сөзбен өз маслихатын берді.

Ол Саматиен нық таныс, қымбат бағалы ферманың барлық ісінен толық хабардар еді.

— Бұл іске айыпты кісілер колхоздың өзінде болмау керек. Екі күнде анықталады. Элі де сендерге айналып соғар. Орныңнан тапжырма. Екі күн тос. Құзетті мықта. Соған шекті жиылған деректі бірсүгін кеп айт, — деді.

Осымен Самат ешқайда бармай, фермасында қалып дағдылы ісіне кірісті. Бірақ іштегі ойдың тынышсыздық толқыны күшті еді. Сабыр ету қын болды. Шашау шыққан адамның бәрінен: не болды? Не бар? Не естіп білдін? — деп ылғи елең қағып, ақпар сұраумен болды. Қатпамен қағысқан сөздерінен кейін, бұл колхозға келгені алғаш рет бет-бағытынан адасып, бір қараңғы тұңғызыққа түсіп кеткендей басы қаңып қалған кезі осы еді. Кім біледі? Сыртынан қарағанда кімі жаман? Бірақ іштерінде не бол жатқанын кім білсін? Өзegenі қойғанда жаңағы Берді мен Сатай да мұның ойынан басқа ой ойлап, тіпті, бұған олар да күдіктеніп қарады ма, әлде қайтты? Осы жүрттың бәрі секем алып журмесе иғі еді. Бұгінгі күн тұтасымен осындағы әуре-сарсаңмен өтті.

Ферманың еркек-әйел ударниктеріне Қасен жайындағы бағанағы Қатпа сөзі естіліп қалған еді. Сонымен қөшшілік күні бойы Қасеммен жөндең тіл қатпай, одан үріккен тәріаденің шеттеп жүрді. Қасемнің бірер жағалап келгей Қасат еді. Ол да өз ойымен әуре ме, мұнымен бой салып сейлеспеді.

Колхоашылдар ішінде Дәметкен, Аяжан, Сатай боп тұс ауа бере Дәметкендікінде шай ішіп отырып, біраз әңгімелескен еді. Сатай:

— Қайсысының дұрыс екенін, әзір білу қын. Екеуде білмейтін адам емес, кім біледі? — деді.

Мәселе Қасен жайында. Дәметкен Қасенге таңертеңнен жаны ашулы еді. Және Саматты өзгеден ерекше сыйлайтын.

— Қатпа Айшаны ылғи жесірім-жесірім деуші еді. Қасенге тигем элпеті теріске айналған сияқты еді. Ишінде не жатқанын кім білсін, — деді.

— Осыған тигелі мені кекетіп, соқтыға беретін болды деп Айша маған талай айтты. Бірақ мынау істің

жөні бір басқа ғой, — деп, Аяжан әлдекалай байлау жасаудан аулак сөйледі.

— Колхоз құрылғалы бірге жасап келе жатқан кү мүйіз, ескі кісі. Оның үстіне өзі Қатпа, — деп Сатай бастағанда Дәметкен мұның сезін қостай:

— Қыры да сыры да көп де, — деді.

— Онысы көп, бірақ қадалса бірдеменің тамырын ұстап ап қадалады. Онан соң ак та, көк те болса әлі күнге алмай жібермейді. Мұнымен ұстасу да қын ғой. Осы талай, «мен мықты, мен пысықпын» дегендерді алып же-ген жоқ па?.. Бірдеменің ізін шалып түйіліп жүр ме деймін, — деді.

Өзгелер, жалпы **барлық** ферма сияқты әлі күнге «не болады?» деген дағдарыста еді. Сондықтан дау да айтпай, басқа пікір де айтпай, тыйылып қалды.

Осындай күйлерде кеш те жетіп еді. Түн болып, көп колхозшының алды жата да бастаған еді. Самат өз үй-інде газет қарап отыр еді... Үйінің сыртына бір атты кісі кеп түсіп жатыр екен. Газетін доғарып тыңдай қалды.

Сөйткенше болмай дабыр қағып Шәлтік кіріп келді. Түрі асығыс, хабары шұғыл сияқты. Самат асығып алдынан қарсы тұрып:

— Немене? Не болды? — дегенде, шал орындыққа отыраштырымстан:

— Ойбай, қарағым, сүмдыш... — деп бастап әңгіме-нің басын қыска қайырып, — Сүгір, Сүгір кепті, түү Қытайдан... Өздері төрт адам. Колхоз болса кірейік деп келдік дейді. Бірақ түрлері бұзық. Асынғаны қөбенецек темір... Бірдене пәле іздел келген әлпетті. Өзімді ұстап ап кеудеме мініп отырып, өлтірем деп бауыздарман болды... — деп әңгімесін содан эрі шұбата жөнелді... Самат орнынан тұрып алып телефонға қолын қойып, мынаның әңгімесінің артын бақылап тұр еді. Созыла берді. Жал-ғыз-ак бір арасында Сүгір сезін айтып:

— Жау болсам да өз алдарыңа кеп түрмени, өлтіртсе де өз еркі, айды демейім, сонда да біздей қайтып кел-генге не дейді екен? Колхоз басқармасына, Қатпаға хабар айт, жауабын сол осы баздан тосамын, — деп еді. Мен тіпті оған бармай, саған салдым, — деді. Содан әңгімесінің тағы жібі босап: — белім кеше қасқыр ат-тап бастырмай шойырылып қалып еді... Соған қарамас-тан шапқаным... Тақ екі қасқыр базға түсे қайты, ту-ге, — деп сезін тағы үзақ сонарга сала берді. Мезгілі

өтіп барады. Самат ендігісіне шыдай алмай телефонды алып ауданмен жалғаса бастады. Аралық станциялардан Паншин кенесесін сұрап, құлағы сол жакта тұр. Бірақ Шәлтік телефондың білмеуші өді. Сондыктан өз әңгімесін әлі шұбатып айдал жатыр... Саматтың анда санды бұған құлағы үздік-үздік естітіні:

— Алдында, қарағым-ау, тұн бойы шулап үйкеттапаған. Содан базға түскен соң, аяйым ба, тіпті... тіреп бастырып... Кісі әкелдім... Қашып кетіпті, белімнен аттап шойрылтып... Айша кеп.. Сол кезде Паншин үн қатты ғілем, Самат сөйлеп:

— Айтқаның келді. Жау біздің қасымызда. «Талды-өзектің» екінші базында... Білесің бе? Ия... Біз бе? Аттанамыз... Қазір... Білемін,— Самат үндемей қалды...

Шәлтік сонан соң өз әңгімесін соза бастап:

— Айшаны, ұстап басып қалды... Бұрынғы байы ғой, не десіп жатқанын кім білсін? Бірақ оған да басында сұық келді. Әйтеуір түсі жаман...

Самат қайта сөйлей жөнелді.

— Білемін. Ол қамды өзім істейім. Бірақ аз кісі болсақ та біз де қайрат етеміз... Ал көріскеңше,— деп Самат телефонды қоя берсе, Шәлтік әлі сөйлеп жатыр екен.

— Содан белімнің шойрылғанына қарамай салдым-ау, саған қарай... Енді ұстап ал. Сөзі болса каруын қолынан алып, ұстап алып отырып сөйлес. Болмаса бұл қолхозға ол өшігулі. Мұның алдында екі келіп, ат түйені тізіп әкеткен. Дәндеген кәпір,— деді.

Шәлтік әңгімесі бұдан да ұшы-қыры жоқ созыла беретін. Бірақ Самат енді асықпаса болмайды.

Ол сол арада айғай сап Қасен, Берді, Сатай бәрін жиып алды. Дәметкен, Аяжан, Жамалдар да жиыла келген еді.

— Жолдастар, анық жау табылды... — дегенде бәрі бірдей:

— О кім, о кім?

— Уа, тілеуін берсін...

— Қандай ғана ит екен.. — деп шу-шу етті...

— Қытайдан кепті. Сүгір...

Жұрт түсіне қалды. Ендігі дабырдың бәрін Самат тоқтатып, тез-тез, катты-қатты бүйрек етті.

— Қазір маған Қасен және тағы бір-екі кісі еріндер. Тез әт қамда. Өзге барлық ерек, Берді, Сатай, сендер

басшы боп күзетке қалындар... Ал Қасенниң басқа тары  
бір-екі кісі маған ер... Қімдер?

— Өзге ерек шамалы ғой.. Күзетте тұр ғой, — деп  
Сатай дағдарып қалып еді.

— Ендеше бір еркектен кем болсам бетіме түкір. Сол  
Сүгір итті аттан өзім ғана жұлдып алайын. Бері ап келші  
бермен,— деп Дәметкен жұлқынып кеп винтовканың бі-  
рін мойнына салып алды... Ешкім қарсы болған жок.  
Қайта теріс бой ұсынғандай болды.

— Ия, колхоздан аяған жанды, ит жесін, — деп Ая-  
жан да екінші мылтықты салып алды...

Бұлар осымен айналып сыртқа шығып атқа қона  
беріп еді.

— Ойбай, түйе, түйе қайда? Қалпымен бар түйе  
жок, — бір екі-уш дауыс шу-шу етті.

Енді Самат, Сатай мен Бердіге түйені қарауды тап-  
сырып, бүгінгі күзеттің бәрін тамам сауынши, қырық-  
тықшы қатындар алды.

Түйеге жоқшы белгіленгенмен Самат сол өздері  
аттанған жаудың алдынан түйені де табармыз деп сен-  
ген еді. Сонымен бұлар екінші базға қарай қалың шиді  
куалап шашқылай жөнелді.

Әбігердің ішінде Шәлтік ұмыт қала берді. Жолшыбай  
жосылтып сарт-сүрт шауып келе жатқан Самат пен өзге  
жолдастарының арасында тым құрыса бірлі-жарым  
ауыз әңгіме де болған жок.

Осымен баз жанына шауып тоқтаған соң аттарын  
алысырақ байлап, өздері мылтықтарын сайладап ап ка-  
нат жарып, бытырай кеп баз есігіне тақап еді.

Бұларға қарсы алғашқы мылтық үні шықты.

Содан бұлар айғайлап:

— Да, кімсің... Елмісің, жаумысың... Қім де болсаң  
өлесің. Атыспай қолға тұс! — деп айғайлап еді.

Оран қарсы ылғи атыла берген мылтық отын көрді.  
Алғаш елден бұрын тақап барған Қасенниң сол қолына  
оқ тиді.

— Мынау не жаудың дәл өзі, не соның жолына ба-  
сын байлаған кісі... Енді атысып бағындар.. Алындар  
осыны! — деп Қасен кейінірек тұрып қап еді.

Бірақ әредікте: «енді саған жоқпын, өлтіріп ала-  
сың», — деген әйел айғайы естілгенде жүрегі су етті.

— Жаным-ау, Айша ма? — деп бір қалып: — өйпір-  
ай, кәпір Сүгірдің жүрісі тек деймісің.. Бұзылған ба,

алданған екем ғой,— деп бір тіксініп, содан бүгінгі фермалардағы қазаның бәрін осымен байланыстыра барып, тажал жүзін көргендей боп шошынып үрке беріл еді. Қалған сөздерді өзге атыс, алыста бұ да естіген жок. Естіп, байқар болса Самат мінезіне ол таң болар еді. Эйел үнін естігеннен кейін Самат мылтығын атпай тоқтата қойып, өзге бірер оқ шығарған Дәметкең, Аяжданды да басып тастап құрғана баз ішіндегі мылтықтың даусын санап тұр еді.

Арада бір-екі рет: «токта, жау емеспіз» деп жанындағы әйелдерді таңқалдырып үн қатып та көріп еді. Ақыры іштегі мылтық օғын тауысты. Самат есікке құлағын сап, тындал түрғанда екі рет бос шырт-шырт еткен алты атар үнін естіп, есікті ашып тастап, өзгенің бәрін ертіп базға аяқ басқан еді. Есікке келе бере қалтасынан электр фонарын сурып, жарық жағып қалған.

Содан арғы уақиғаны жоғарыда баз ішінде өзіміз көрген едік.

#### IV

«Талдыөзек» колхозының басқарма бастығының орынбасары Қатпа Қожалақов аудан сотының кеңессінде Садыров судьямен көптен әңгімелесіп отыр. Оған бағана фермадан кіжініп келгеннен бері қарай көп-көп жайды мәлім етті. Көп сезіктерін, күдігін ірікпестен айтады. Садыров та бұл ауданда көптен істеп келе жатқан адам.

Сырт қалпы, білім шамасы, әдет машиғының көбі осы Қатпаға ұқсас. Бірі малды қолхоз бастығы, бірі сот. Сондықтан араларында байланыс, қатнас нық еді. Қатпа бүгінгі сөздерінің көбінде Қасенге қоса Саматты көп түйрәйді. Әңгіменің артын құпиялап кеп, үлкен бір мәнді түйінге соқтыра кеп:

— Қасен деген осы Саматтың әдейі қолдан жасап алған өтірік белсендісі. Соның қолымен іс істетіп, Самат керекті жерінде оны бүркейтін боп, екеуі бір бас, бір тас боп алған. Ал Қасенің өзіне келсек, Қытайға қашып кеткен кеңес жауы Сүгір дегеннің қатынын алып, соның үй орына пана боп отыр. Қатынын да бұл күнде белсенді қып, төмennен өскен қып қоқайтып апты. Ол — бірінші залым, соның бәрін алдаң үстап, күні үшін өнін жылтыратып жүрген сүркія әйел. Сыры маған мәлім, әлі күнге Сүгір десе ішкен асын жерге қояды. Қай күні Сүгір хабар етсе, сол күні кеп осы колхозды бар ферма-

сымен өртеп, күлін көкке ұшырып кету қолынан келетін, жылан жүрісті пәле қатын... Міне бір жағы осы Қасен мен қатыны боп фермада қатты сезікті үйим жасап алған. Мынау адам көрмеген апат, қаза осындай мықты, берік топтың ісі. Эйтпесе сырттан кім келеді? Қайтып қана солай емін-еркін араласып, соншалық шаруага осындай ойран салады... Қорытынды да, байлау да сол, осылар тегіс тезінен ұсталып, тергеуге алыну керек,— деген.

Сот бірнеше машықты сұрақтар бере-бере кеп акыры осы, жаңағы айтқан Қатпа сөзі мен оның алдына бұл айтқан ақпардың барлығын өз қолымен протокол қылыш жазып шықты. Содан, мұнымен істесуге жаңадағана басқа жақтаң келген жас тергеуші Мұрат деген жігіт бар еді, соны шақыртып алды. Протоколды оқып, жай-күйдің бәрін өзінше, Қатпа айтуларының бәрін байлау ете, даусыз нәрседей ынтыға отырып, акыры үлкен тапсырма жасады:

— Іс үлкен. Уақыт тар. Бір минут бөгелуге болмайды. Қасына үш кісі милиция ал да, қазір атқа мін. Қатпа да сенімен бірге ере барады,— деді.

Осымен бұлар да кеш бата ауданнан шығып, шауып отырып фермаға кеп еді. Одан Самат пен Қасен базға беттеп шауып кетті дегенді естіген соң Қатпа бұрынрысынан жаман ерекше дегбірсізденді. Өзгелерді бастап ап, алғашқыдан гөрі асығып, қара тер болған аттарын қамшылай да тепкіләй шауып, екінші баз қайдасың деп салған еді.

## V

Бағана Шәлтік екінші баздан шығып фермаға қарай жөнелген соң Сүгір баз ішіне қайта кіргенде Айшаның басынан мынадай халдер кешіп еді. Экесін Сүгір алып шығысымен Айша тағы да айналасын сипалап, әлгіде қолынан түсіріп алған алты аттарын іздеген. Соны таба алмай бүкшіндең жүргенде Сүгір кірді.

Бұл жолы ол үнін де, сөзін де өзгертіп Айшаға, баяғы байы боп тұрғандағы қалпына түсіп зеки кеп:

— Эй, сенде ең әуелі қару болу керек. Ол қайда? Бері әкпел соны! — деді.

Айшаның өзіне де ол өлердей керек еді. Бірақ дәрмен бар ма?—Жоғалтып ап түр. Басында бұл сұрақтың түбін ойламай:

— Қаруы не? Оны кім айтты? — деді.

Сол арада Сүгір жанына жетіп кеп, әуелі екі қолын сипап қарал, артынан өнебойын қатты-қатты ұстап жүріп, тінте бастады. Айша мынаның мына сұрак, мына қылышының бәрін енді ғана ойлай бастады. Ойлаған сайын іші мұздал, есінен шатаса жаздады.

— Мынау бір маған күрылған, әдейі жасалған тор болды ма? — деп жаны тіксініп еді.

Мұның бойында қаруы жоғына көзі жетіп алған соң Сүгір ендігі сөзді қысқа қып, байлай сөйлеп:

— Менің қатынымсың, өзіме тиесің, әдейі келдім, әкетем! — деді.

— Жоқ, мен айттым, жарыктығым, енді басымды отқа салма, сенімен менің енді үш қайнатса сорпам қосылмайтын болған, — деп. Айша таймай қасарып тұрып алды.

Сүгір байқайды. Сөзге иліктіре алатын емес. Шынында Айша ішінен:

— Енді не болса да осыған бой ұсынбай дегенімде тұрып, келген кер болса көріп алайын деп еді. Сүгір жаңағы Айша жауабынан кейін, қабатын қасқырдай тісі аксия, қабағы тастай түйіле кеп:

— Бар жауабың осы ма, жоқ жөнге көшемісің? — деді.

Айша іркілместен:

— Басқа жауабым жоқ, — деді.

Сол-ақ екен бұның арпалысып алысқанына қарамастаң Сүгір алып ұрып жонын тізерлеп отырып, екі қолын сындыра артына қайырды да әдейі тыстан беліне қыстыра келген шылбырмен тас қып байлап тастады. Содан үнсіз қалған Айшаның қасынан тұра беріп:

— Тимейсің ғой, жаңа бай тапқан неме? Тимейтінің рас, өйткені сені мен өзім де алмаймын. Маған қылған қылышына қарағанда кегімді мен басқа түрлі қып алам... Қазір біраздан соң кеп осы баздан шығарып ап, ат көтіне сап алып кетем. Менімен бірге Қытайға барасың. Сонда қатын үстіне кәрі шалға малға сатам. Міне, менің саған іstemек бол келген үкімім осы болатын... Осыны іstemесем ит болайын, — деп біраз үндемей мелшип тұрып: — менің сонадан шыққаннан байлап келген сертім осы, — деді.

Айшада үн жоқ. Содан әрі Сүгір есікті тарс жауып жоқ бол кеткен. Айша қанша мезгіл өткенін білмейді.

Әйтеуір бір түн жарымындаң тыптырай-тынырлай, зерлі берлі аунай-аунай келіп, екі қолының терісін қыл шылбырга сыйдырып шиедей қып-қызыл қанын ағызған шакта бір кезде оң қолын сұрып алған... Содан босана салысымен тұтанған ашу, уланған оймен өлімге басын нық байлап ап бағанағы мылтықты іздеген еді.

## VI

Касенниң пышағы Айшаның жотасына қадала бергенде Самат жан ұшырғандай атып кеп пышақты қолға жармасып, Айшаның қазасына арашашы болды. Базға кіріп үйқы-түйқы уақыфандай артынан Айшаның жүзін тани бергенде Саматтың есіне бағана телефонмен сөйлесіп тұрғанда Шәлтік айтып жатқан бірер сөз түсіп еді: Айша... Сонда қалды... деген еді-ау, деп барып Қасенді жұлып алғаны да содан еді.

Алғашқы минутте жұрттың бәрі жым-жырт боп, үнсіз қатып тұрып, әлі де сілейіп жатқан Айшаға қадалды. Содан келесі минутте Айша қыбырлап есін жиып, көзіне түскен шаштарын, қанды қолдарымен қайыра беріп, Қасенге қадала қарап:

— Мен сендерді Сүгір екен деп өлімге бекінбеп пе едім... Ол мені зорлықпен алып кетпек боп, осында міне! — деп қып-қызыл қан боп тұрған екі қолын жұртка қарай созып: — байлап қамап тастаған жоқ па? — деді де өксіп-өксіп жылап жіберді...

Жай түсінікті бола бастады. Дәметкен енді ұмтылып қасына жүгіре басып кеп құшактай сүйеп тұрғызып жатып:

— Айналайын-ай, бәссе, сен жау болушы ма едің?.. Жауыздың қара жүзін керіп, тарғы да шенгеліне ілінген екенсің гой! — деді...

Осымен бұлар келгенге бірер-ақ минут өтіп, енді естерін жия бергенде, сыртта тасырлатып кеп қалған көп аттың дүсірі естілді. Бәрі де бір сэтте мылтықтарын ұстай-ұстай алды.

— Келді, келді. Осы келген сол сүмдар! — деп Айша Қасенниң қасына атқып шықты.

Самат мылтығының құлағын қайырып ап қадала тыңдалап, есіктің саңылауынан бүгіле қарап тұр еді. Тыстағылар үн береді. Катпа даусы:

— Эй! Самат, Қасек бар ма? Қімсіндер мұнда? Айтыңдар жөндерінді!

Самат есікті шалқасынан ашып жіберіп:

— Бармыз, мұндамыз! — деді.

Соның артынан баз ішіне Қатпа бастаған үш милиция және тергеуші Мұрат кіріп-кіріп келісті.

Сөз ұзаққа барған жок. Тергеуші өз жайын айтты алсымен Самат мен Қасениң кім-кім екенін сұраптанып алып:

— Жігіттер, сіздер қазір аудаңға жүресіздер. Истеріңіз тергеуге алынды. Сол тергеу уақытына временные меры пресечения<sup>1</sup> — түрінде сіздерді уақытша задержать<sup>2</sup> қылута тура келді! — деді.

Бұл сөздің сұық жайды баян етіп тұрғанын баз ішіндеңі әйелдер түгел үкқан еді. Барлығы бір-ак үймен «ах» ұргандай болды.

Самат катты сұрланып ап, демі дірілденкіреп тұрып, мылтығын бұрынғыша ұстаған бойында, Қатпаға көзі қанталай қарап:

— Мұны істетіп тұрған сенсің ғой? — деді.

Қатпа саспастан:

— Мен ғана емес, кенес соты. Кенес ісінің интересі<sup>3</sup>, — деді.

Милиция өншең қазақ екен. Олар Қасен мен Самат қолындағы мылтықтарға қарай тұрып, бұларға «әзірленіндер» дегендей белгі жасап, екеуін коршай беріп еді.

Самат әуелгі қалпынан тапжылмай тұрып:

— Жарайды, арестерің қашпас. Қазір міне, біздер де гөрі үлкен жауды куып кеп тұрмыз. Бандыны тосын тұрмыз. Әуелі бірігіп ап соны ұстайык. Содан кейін бізді аларсындар, — деді.

Қатпа да, тергеуші де қатар сойлең:

— Жоқ, жоқ, ол сөз керек емес... Олай емес, — дей беріп ед, Самат катты ақырып:

— Жоқ боса жоқ. Қазір арест етілейсіздер, еткізбейміз! — деді.

Дәл осы секундте далада, базға жап-жақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жарып батыр-бұтыр етті... Үйдегілердің бәрі әсіреле Қатпа мен тергеушілер елен-елен етіп аспанға қарасып, жан-жағына алаң-жулақ етті. Қатпа өнді қашып Саматта жалт қарап:

— Бұнене? — дегендеге, Самат жұлып алғандай:

<sup>1</sup> Временные меры пресечения — уақытша тыйым салу.

<sup>2</sup> Задержать — ұстаяуға.

<sup>3</sup> Интересі — мұддесі.

— Ол жаумен атысу, ол Сүгір, — деп шаншыла қарды. Мылтық батырлап атылып тұр. Анда-санда қашандай жердегі айғай, дабыр, команда естіледі. Аттүяқтары үзілмей тасырлап, дамылсыз сарын боп басымдал тұр.

Катпа Сүгір деген сөзді естігенде көзі бақырайып, екі қолын көтере беріп, есінен шатасып бара жатқандай көрінді. Бірақ жалғыз секундке сөйтті де, артынан бойын тез билеп ап:

— Ендеше біз шығамыз, — деп тергеушіге ым жасап жылжи беріп еді, Самат сол уақытта бір-ақ аттап барып есік алдына көлденең тұра қап:

— Жок, кетпе! — деді. Бұл кезде ол, үзын мылтығын сол қолына алыш, он қолына наганын жалаңдатып ұстап алған екен.

Катпа мұның түріне сескене қарап, есікке қарай баса алмай бөгеліп қалды.

Бірақ сонда да бос дағдарып қалған жок. Саматтың күші мұны егдетуге айналған сияқтанып, ендігі бұның үні байбаламға ұқсап бара жатса да, ол айғайлап сөйлеп, үлкен айыптар тізіп жатты. Ендігі шын ойы да сол сияқты. Тергеушіге, милицияларға қарап:

— Көріндер міне. Бұлар осы арада мені жауға ұстаптақ болды, — деп Айшаны нұсқап: — мынау Сүгірдің қатыны. Осы арада байын тосқан... — деп Саматқа ақырып тұрып: — сендер менің басымды алыш жемек болған екенсіндер. Көрермін бәлем, кімді кім жегенін, — дей берді.

Бірақ Самат пен Қасен мұның соңғы сөздерін жөндей естіген де жоқ. Өйткені тыста тағы бір салдырышып еді. Қатпаның сол жаңағы айғайы аяқтай берген кезде баз ішіне салдыры-күлдір қағып Шәлтік кеп кірді.

Жұрт бұған аңырулы еді. Ол өз жігіттерінің мынадай тұрысына таң болып, алақ-жұлақ қарап ап:

— Е, масқара шелей, бұларың қай тұрыс?.. Элгі кәпір қайда? Тым құрыса соны ұстап тұр екен десем. Ойбай-ау, мына жерде мылтық батырлатып журген солар гой... Жаным, жындымысыңдар өздерін? — деп мыналардың бір-біріне мылтық оқтап тұрган қалпына жаны күйіп:

— Ойбай, сыйыр, кеп қалды міне, мына араға бір үлкен шоғыр бол,— деді... Ешкім үн қатпайды... Бәрі де тың тыңдаған сияқты. Өйткені тыста қарулары сатырлап

кеп көп аттының түсіп жатқаны бәріне де естіліп еді. Баз ішін жарық етіп тұрган бағанағы Самат фонары. Оны Қатпалар келе бергенде Самат қолынан Айша алған еді.

Тыстағылардың көбі сыртта бөгелсе де, бір тобы баз ішіне келе жатыр. Алдында, о да өз фонарын жағып алған, Паншин. Артында: сүмпиып жүні жығылған, жарық дүниеге қарауға көзі үялғандай бол басын тәмен түқыртқан Сүгір мен Құлайғыр... Олардың артында бірнеше қарулы әскердің басы көрінеді... Жай тусінікті.

Паншин Саматқа таман үндемей кеп қалпағының маңдайына он қолын көтеріп тигізді де, екі аяғын сарт еткізіп қол алысып амандаса беріп:

— Ну вот, все кончено,<sup>1</sup> — деді.

Самат бұған жақындей беріп:

— Женісің құтты болсын. Бірақ іс тамам болған жоқ. Мениңше іс жаңа басталды, — деп, Паншин бұған жалт қарағанда, Қатпаларды көрсетіп: — мыналар, мына тергеуші, милициялар бар, мына Қатпа әкеп тұрган кісілер, олар мені жабуға кепті.

— О не қылған чепуха, — деп Паншин аналарға зілмен қарады.

Самат өз сөзін аяқтата беріп:

— Мен мына осы «Талдыөзек» колхозының жұмыскерлерінің ішінде мына Қатпа алып жегеннің екіншісі болғалы тұрмын. Мынау бандылар істеген кешегі іс турала ол мені сottатыпты, — деді.

Шәлтік бағанадан дағдарып тұрып, жай-куйді енді-енді анық аңғара бастап еді. Оның қазіргі түсінігі өзге көпшіліктің бәрінен озған бір ерекше қырағылық сияқтанды. Жолында тұрган Қатпаны иығымен қағып ілгері шығып ап, Сүгірге мойнын бұрып қарап тұрып:

— Жә, Сүгір, міне Қатпан, мені бағана осыған жіберіп ең ғой, міне... — деп Самат пен Паншиге кезек-кеzek бажырая қарады.

Колхозшылар тегіс бір кеудеден: «ойпыр-ай, не дейді?» — дегендей, жағасын ұстарлық сүмдик есіткендей гу етісті. Сол сэтте Айшаға да өз жайының барлық бүгінгі қорлық азабы ал-айқын бол ашыла кеткен еді.

<sup>1</sup> Міне барлық іс тамам болды дегені (жазушының өзі берген түсініктеме).

Екіленіп ортаға шығып, Қатпаны көзге шұқып тұрып:

— Мені қолды-аяққа тұрғызбай, баршы-баршы,— деп осы базға түнделетіп айдап жіберген сен едің-ау. Білдім ғой көзің шықыр, мына жауыз Сүгірдің қолына түссін деп жіберген екесің ғой, — деді.

Қатпа әлі де бажылдан:

— Оттапсындар, Сүгір менің кескілескен жауым,— дей беріп еді, Сүгір анадай жерден бұған бас изеп көзін сыйырайта қарап тұрып:

— Жауым десен де аманбысың, Қатпа? — деді.

Паншин сол арада қолын көтеріп өзге дабырдың бәрін тоқтатып тергеушіге қарап:

— Сіздер боссыздар... Жүре берініздер, — деп милицияларға да белгі жасап, солардың шыққанын тосты. Олар кетіп болған соң өз кісілеріне қарап Сүгір мен Құлайғырды алып шығуға белгі етті. Олар да кетті. Содан кейін Қатпаға қарай бір басып кеп: — Сіз, Қожалақов, бізben бірге ауданға журесіз, — деді.

Үні нық, байлауы берік, екі сөзге келетін емес. Анау аз тұрып бағынды да алдына тұсті.

Колхозшылар енді өзді-өзі қала берді. Бұл уақытта Қасен бұрыштағы бір жәшікке отырып алған екен. Бағана Айшаның алғашқы оғы тиғеннен бері қарай 20 минуттей уақыт өткен еді. Содан бері байлаусыз, емсіз болғандықтан бұның бойынан көп қан кетіпті. Қазір өні қашып сүп-сүр боп отыр екен. Енді қасына Айша атқып кеп, жаралы қолын құшақтай жығылып, бауырына басып:

— Жаным, кеше гөр. Жаздым, жаңылдым. Ол менің қанымды қарайтқан жауым емес пе еді. Көзімді қарайтқан сол ғой. Сені, сенің жолынды, бар колхоз елімді сүймесем текке қалып па ем, — деп зар еніреді.

Қасен мейрімді түспен бұның басын сипайды. Аяжан, Дәметкен боп, ферма бастығының үстіндегі таңертеңгі тап-таза ак көйлекті дар-дар айырып, енді Қасеннің жарасын таңып жатыр...

## VII

Осы түннен кейін екі күн өткен соң қас қарай берген шакта аудан орталығы тұрған поселкенің шетінен бір жалғыз атты жолаушы шықты. Мінгені дом боп жарған үлкен жирен ат. Артында бөктерген қоржыны бар.

Поселкеден шыға артына жалт-жалт қарап атының жортағын қатайта берді. Бірақ сол поселкенің екінші көшесінен шығып, осы жолға қып түсетін тағы бір тарау жолмен екі атты әскери адам желдіртіп келе жатыр еді.

Жирен атты бұларды, арқан бойында жақындаپ қатарласып қалғандаға байқаған еді. Өйткені ол ылғи артына қараумен келе жатқан. Енді амалсыздан атының жүрісін бәсендетті. Сонда аналар ат басын іріккен еді.

Жирен атты сескене берді. Әйткенмен шара жоқ. Ойдағы күдігі шын боп шықты. Олар бұған қарай тұра тартып, алдынан қөлденен кеп тоқтай қап:

— Жолдас, сіз судья Садыровсіз бе? — дегенде жирен атты мінгірлеп қана:

— Ия, Садыров, — деді. Мұның беті Тарбағатай тауы еді.

Аналар:

— Ендеше жүріңіз, кері жүрейік, сіз керексіз, — деді.

Садыровтың ұсталуы Сүгір мен Қатпа ісіне кеп анықтық кіргізді.

Дәлін айтқанда Сүгірдің келуі базда алғаш болатын уақиғадан екі күн бұрын екен. Ол, сол келген күні Қатпамен жалғасып, кеп план бірге құрылған екен.

Аяғы Самат фермасында қойлар қаза табу, сол арқылы Қасен, Саматқа жауыздық жасау — барлығы да біріккен ақылдың ісі екен.

Сүгірдің катыны, Қатпаның жесірі Айша — Жәрке түқымын тастап, Алтыбайдан шыққан Қасенге тиді деген, Қатпаның да дерті еді. Сондыктан оның базға жіберілуі де есептегі іс еді. Қатпаның Айшага мылтық беруі Сүгірдің сұрауынан туған. Алғаш кездескенде Қатпаның бойында берерлік мылтық болмай, артынан осы тәсілмен әйел ата білуші ме еді, Сүгір содан алсын, — деп жіберген еді.

Осы ақыл, қарекеттің барлығы жалғыз бұл іс емес, бұдан кеп бұрын әсіресе кеп колхозшыны откочевник қып, тентірету тұсында Қатпа, Сүгір, Садыров боп отырып нық байласқан әдіс, тәсілдер еді.

Сүгірдің бұл үшінші келуі болатын.

Колхоз дүниесінің өте шебер, өте жауыз қаскөйі боп, көпке шейін жылан жүрісін білдірмей сорып келген үш борсық, сыбағалы жазасын осылайша тапқан еді.

# ТҮСІНІКТЕР

## ПОВЕСТЕР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР, ОЧЕРКТЕР

Советтің аса көрнекті жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың үлан-ғайыр творчествосында оның повестері мен әңгімелері, очерктері ерекше орын алады. Ол бұл жанрдан творчестволық сапарының бүкіл үзына бойына қол үзген жок. Жазушының бул саладағы шығармаларының ішінде де классиканың дәрежесіне көтерілгендері аз емес. Оның «Қараң-Қараң оқиғасы», «Қексерек», повестері мен көптеген әңгімелері қазақ совет әдебиетінің алтын корына айналды.

Болашақ жазушының тұңғыш творчестволық талпныстыры осы проза жанрында басталады. Бұл Мұхтардың Семейдегі бес кластиқ училищеде оқып жүрген кезі еді. Орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Василий Иванович Попов шәкірттеріне «Менің өмірімде болған бір оқиға» деген тақырыпқа шығарма жаздырады. Мұхтар өз шығармасын «Дауыл» деп атайды. Мұнда ол өзі көзімен көрген бір оқиғалып далада суралып дауыл соғып, киіз үйлерді тулақша сабап, аударып кеткенін баян етеді.

Попов шәкірттінің шығармасын оқып шыққан соң оның қиялышының үшқырлығына, тілінің суреттілігі мен байлығына дән разы болып, оған ете жаксы деген баға қояды. Сейтіп, болашақ жазушының әдебиетпен әуестенуіне Поповтың көп септігі тиеді. «Мен Василий Ивановичке ете-мәте қарыздармын,— деп еске алады жазушы— Ол менің бойыма орыс әдебиетіне деген зор сүйіспеншілік дарытты, батыс классикасымен таныстырыды».

Расында да, Мұхтар Әуезов бүкіл әлемдік, оның ішінде орыс және батыс әдебиеттерінің көркемдік деңгейіне көтеріліп барып творчествога ден қойып еді. Бұған оның тұңғыш жаңық көрген көркем шығармаларының бірі — «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі анық айғақ бола алады. М. Әуезов өзінің қуатты суреткерлік таланты мен жазушылық биік мәдениетін осы әңгіменің өзінде-ақ айқын танытады.

Бұл әңгіме революциядан бұрынғы қазақ аулының өмірінен алынған аса бір ауыр шындықты, адамның жаңы түршігерлік сұмдықты баян етеді. Жазушы ең алдымен оқиға өрбігелі тұрган жер-мекенмен таныстырып алады. Арқалыктан аса сокқан, азынаған сарнауық жел де, үйткі соққан ак түтек боран да, ішке бүккен арам ойларын өзара ишаралып үйнисып келе жатқан жат пішінді екі жолаушы да, иесіз аңырап ұмытылып қалған бірдене сектілді ескі

корада, одан «жарты шакырымдай жерде басы қарайып қожалак болған кішкене тәбешіктің үстінде томпайып жатқан бір үлкен кісінің, бір баланың бейті» де — барлығы да болғалы тұрған бір сүмдектің, қайғылы оқиғаның жаршысындай сезіледі.

Сейтіп, жазушының адам тағдырын, оның іс-әрекеттерін реалистік жағдайда тұтас алып суреттеуге ұсталығы, оның мәдениеті жоғары әдебиет дәстүрлеріне дең қойғандығы, суреткерлік алғырылығы бұл шығармада анық белгі берді.

Әңгімеде өзара қарама-қарсы тұрған екі дүние бар. Бірі — Ақан, Калтайлар өкілдері болып табылатын жыртқыштық, өктемдік дүниесі, екіншісі — Фазизалар арқылы бейнеленген қорғансыздар дүниесі. Надандық пен тағылық жайлапан ескі ауылда мұндай қорғансыздардың көрген күні осы болатын. Олар «устағанның қолында, тістегеннің аузында» кете баратын. Осы тұрғыдан алғанда Фазизалар өздерінің рухани пәктігімен де, аянышты тағдырымен де, жан қуатымен де сол қорғансыздардың жинақы бейнесі есепті.

М. Эуезов «Корғансыздың күні» әңгімесінде қозғаган тақырыбына, яғни қазақ әйелінің аянышты тағдыры жайына кейін де талай рет оралды. Сейтіп, «Кім кінәлі?», «Ескілік көленкесінде» сияқты шығармаларын жазды. Бұл шығармаларда әлеуметтік тақырыптар да коса қамтылып отырады.

Реалистік қуаты күшті шығармалардың бірі — «Барымта». Бұл әңгіме ескі қазақ ауындағы айықпас, кеселді әдет-ғұрыптардың бірі — барымта жайын баяндауға арналған. Әлеуметтік сезім, таптық санасты әлі оянбаған, рулық намыстың жалған құрығынан шықпаған кездерінде жарлы-жақыбайлар үстем тап өкілдерінің өшіктіріп айдал салуының құрбаны болып отырғандығы әңгімеде соңшалықты нанымды әрі сұсты да қатал реализм дәрежесіне дейін көтеріліп суреттелген.

Ал «Үйлену», «Сөніп-жану» сияқты әңгімелер түрмис, мораль тақырыптарына арналған. Бұларда сын ашық түрде емес, нәзік астармен, юмористік хал-халеттерге беленіп берілген. Жазушының осындей зілсіз ирониясы, майдакоңыр юморы ара-тұра нәзік лиризмге суарылғанда көркемдік бояу-нақыштары құлпырып, жайнап сала береді.

Жазушының алғашқы кезеңдегі кейбір шығармалары сыншыл реалистік бағытта жазылғаны мағлұм. Әрине, оның творчествосындағы осы сарының өзі әрдайым біркелкі болған жок. Мәселен, «Оқыған азамат», «Кінәшіл бойжеткен» сияқты шығармаларды «Жуандық» атты әңгімемен салыстыра оқысақ, бұған көзіміз қапысыз жетеді.

Алғашқы екі шығармадан революция алдындағы өмір шындығының бірталай елесі көрінеді. «Оқыған азаматтар» дүниекор Жұмағұл мен Қадишиның «Кінәшіл бойжеткендегі» Файшаның мінез-құлқы мен рухани кейінгерінен олардың түсінігі мен түйсігіне, ойсанасына буржуазиялық жат моральдың шарпуы тигені байқалмай қалмайды. Бұл шығармалар кейінкерлерінің психологиясын ішкі сырларын ашу жағынан да соңшалықты шыншыл, кемел дәрежеге жеткен. Кінәшіл бикеш Файшаның зинакорлық қылыштарын, оның тән күштарлығын қызықтаған жалаң сезімдерін жеріне жеткізе, тып-типил ете суреттеуімен жазушы талантының реалистік қыры әсірепе оқшау танылады.

Ал «Жуандық» атты әңгіме жазушының творчествосындағы, оның суреткерлік бағытындағы жаңа беталысты аңғартты. Мұнда

жазушының халық арасынан шықкан қарапайым адамның, еңбек иесінің ұнамды образын жасауға дең қойғаны, сөйтіп оның жаңа арнаға қарай мензегені көрінеді. Ол әңгіме кейіпкері Жақсылықтың мінезіндегі жаңа сипаттарды көрсетумен бірге оның ой-санасындағы шектелушілікті де жасырмайды. Бұл айтылғандардың барлығынан Мұхтар Әуезовтың алғашқы кездегі сыншылдық бағыты дерексіз де дәйексіз болмағаны, әрдайым өмір шындығына иек арта отырғаны байқалады.

«Қыр суреттері» циклына кірген нәрселер — негізінен белгілі бір сюжетке, оқиға желісіне құрылған шығармалар емес. Олар жазушының сокталаған шығармалар жазар алдындағы өз қаламының күшін барлап байқауының, көркемдік бояу реңктерін таңдалап, салғастырып көруінің күәсі, жекелеген эскиздер тәрізді. «Қыр суреттерінде» казак сахрасының әр алудан жыл мезгілдеріндегі көріністері келісті түрде, нәзік байқағыштықпен, ақындық шабытпен берілген.

Жазушының бірталай әңгімелері новеллалар үлгісінде жазылған. Мысалы, «Қыр әңгімелері» циклындағы «Сыбанның моласында», «Текшінің бауырында» тәрізді әңгімелер осындай. Бұлар да жазушының алғашқы кездегі творчествоның ізденулерінің өзгеше бір қырын, желілі арнасын андатарлықтай. Автордың ашық та айқын характеристер жасауда онтайлықпен бірге реалистік баяндау мәнерін емін-еркін баурағаны да анық сезіледі.

Мұхтар Әуезовтың алғашқы кезеңдегі туындыларының ішінен оның суреткерлік құдіретін қапызын таныткан шығармалардың бірі — «Қексерек». Тілінің ғажайып көркемдігі мен қисапсыз молдыры, әсіресе бейнелік қуаты жағынан бұл повесті жазушының тек кейін кемеліне келген кезінде жазған шығармаларымен ғана салыстыруға болады.

Жазушының Абай жайындағы эпопеясына дейінгі кезеңдегі ең ірі әрі іргелі шығармаларының бірі — «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі. Онда ескі қазақ ауылдарындағы тіршілік-тұрмыста орын алған ең өткір тартыс, әлеуметтік тенсіздік жайы баяндалады. Шығарманың басты кейіпкері Бақтығұлдың тағдырында талай-талай қайшылықтар тогысқан. Елді билеп-төстеген жуандар мен қарапайым халық өкілдерінің мұрат-мұдделері бір арнаға сایмак емес. Бөрі қашан да берілігін жасамақ, Сондықтан да төзімі біткен, ашуға мініп ашынған Бақтығұл тәрізді жарлы-жақыбайлар ақыры күрес жолына түспек, қару сілтемек. Осындай іргелі ойды, идеялық түйінді жазушы авторлық емеуірінмен ғана сездеріп қоймайды, сонымен бірге қып-қиғаш тартыс үстінде оқиғалар тізбегі арқылы драмалық өткір шекке жеткізіп, реалистік түрде суреттейді.

Повесте халықтан шықкан Бақтығұл әншейін барымташы-қарашы ретінде емес, сонымен бірге жуандардан өш алушы, кек қайтарушы ретінде де бейнеленген. Автордың бар ыкласы Бақтығұл жағында. Ол Бақтығұлдың жүректілігін, тапқырлығын, қайраттылығын, әсіресе оның кек алар кездегі қимылдарын іш тарта отырып суреттейді. Бірақ Бақтығұл жолы жарлы-жақыбайлардың қалың көпшілігіне адастырмас, жаза бастырмас үлгі емес. Сондықтан да жазушы Бақтығұлдың баласы Сейітке басқа бір бағыт мензетеді және оның болашағына сеніммен қарайды.

Повестің тілі бай әрі суретті. Тау кезген тағыша бойтасалап жорткан барымташы-ұрыны жасырған меніреу түннің де, небір оқиғаларға күә болған шың-құздар мен тулап аккан Талғар өзенінің де суреттерін жазушы нәзік байқағыштықпен айналтпай береді.

Шығарманың негізгі кейінкөрі Бақтығұлдың әртүрлі жағдайларға тап болған сәттегі жан толқындары, көніл күйлері мейлінше шыныай суреттелген.

Жырымасыныш жылдар — жазушы творчествосының қайшылықты әрі ең бір қызығылдықты кезеңі. Қазақ әдебиетіндегі повесть жанрының ең үздік, классикалық үлгісі — «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі мен қазақ драматургиясының оқшау шығармалары болып танылатын бірсыныра туындыларын Мұхтар Әуезов сол кезенде жазды.

Жазушының алғашқы кезендеңі шығармаларының көркемдік әдісі, творчестволық тәсілі де назар аударуға тұрарлық. Зерттеушілер М. Әуезов алғашқыда сыншыл реалистік бағыт үстанғанын талай рет атап көрсетті. Мұның бір сырьы бұрынғы әдебиетіміздің сыншыл реализм стадиясын толық етіп үлгірмегендігіне, онда реалистік кесек шығармалар болмағандығына байланысты екендігі де хак. Оның үстіне ескі қазақ ауылының өміріндегі заарарлы құбылыстарды, кеселді әдет-ғұрыптарды катал сынға алу, аяусыз шенеу күн тәртібінен түсken жоқ-ты. Сондай-ақ, социалистік реализм әдісіне кептеген суреткерлер өршіл романтика арқылы тоғасса, ал енді бірқатар әдебиетшілер мен қаламгерлер сыншыл реализм арқылы келді. Бұл олардың дүние тануларына да, творчестволық эволюциясына да байланысты еді. Мұны әрқашан ежеру қажет.

Мұхтар Әуезовтың тұнғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ оның реализмінің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Бұл оның азы шындықты актара ашуға үмтүлұы және қарапайым жандардың талайсыз тағдырына селт еткіш сезімталдығы, тебірене іш тартуы. Оның мұндай шығармаларының окушы көкірегін де қарсайдырып, еріксіз баурап алатын тылсым сырьы осында.

Бірақ алғашқы шығармаларын қайталаپ оқып, тұтастай злып қарағанда жазушы өзінің дүние танудағы, уақыт ағысын бағдарлауда кейбір шектелушілікке, тараңдыққа бой алдырығанымен суреткерлік зор таланттың реалистік бағытта сарп еткенін көреміз. Бұл шығармаларда өткен өмірдің қаралы, катал жақтарын мейрімсіз сыйнау да, халық өкілдеріне тән әсемдік идеалды, махаббаттың мелдірлігі мен абзал данаалығын, асқақ өнердің мұрат-мұддесін терең үшіншіп, өз жанынан жаңғырық, үндестік табуға үмтүлүшүшілік та бар. Жазушы осындай жайдары, жарқын қасиеттерді тұл өмірде болған тұрлайылық пен топастыққа, пасықтық пен надандыққа әрдайым қарама-қарсы қоя суреттейді. Оның сол кезендеңі ең басты творчестволық мұраты да осы орайда мол сезіледі.

Мұхтар Әуезовтың алғашқы кезендеңі тандаулы шығармалары жазушының творчестволық эволюциясын айқын андатумен бірге оның суреткерлік ересен шеберлігін және еңсесі биік, арнасы кен, озық үлгілі әдебиеттерден жемісті, нәрлі тарлым алғандығын да капысыз танытады.

Ең алдымен атап айтарлық жайт — Мұхтар Әуезов өзінің майталман суреткерлігін, тілінің, ғажайып молдығы мен бейнелілігін, әлеуметтік халдердің де, жеке адам өмірінің де небір қалтарыс түкпірлеріне барлап үцилер байқағыштығын да әуелбастан көрсетті. Оның шығармаларының талай-талайынан-ақ үздік суреткерге тән сиқырлы шеберлікті сүйсіне сезінбей қалмаймыз. Бұл ретте ол тұрғылас қаламдастарының көбінен оқшау танылады. Ол палитрасы өзгеше бай, колориты мейлінше мол да алуан, көркемдік бояулары қуарып сембей, сарқылып, жадау тартпай, құбыла құлпырып тұра-

тын суреткер. Оның кейіпкерлерінің арасынан алуан тардырлы, сандылы жандарды көреміз — ішінде акылдысы мен аяры да, ізгісі мен қарауы да, ері мен езі де бар. Жазушы солардың бірде-бірін өз деңгейінен асырмай, болмыс-бітіміне, шама-шарқына шақтап, нәзік көрегенділікпен, асқан алғырылышпен суреттейді.

Мұхтар Әуезовтың шеберлікті ерте шындауына оның табиғи зор таланттына қоса орыстың классик жазушыларынан жемісті үйрену, орыс әдебиетінің қайнарынан мол сусындауы да ерекше күшті әсер еткені даусыз. Барлай қарасак, жазушының алғашқы кезеңдегі шығармалары өздерінің негізгі бағыты арқылы орыстың классикалық әдебиетінің гуманизмімен, ондағы қарапайым жандардың тардырына, талайсыз тіршілігіне зер салып, оларды іш тарту сарынмен уласып, табысып жатқаны анық сеземіз.

Кейір әдебиетшілерден М. Әуезов жылдардағы шығармаларын өзгертіп, қайта жазды, бүгінгі күнге колдан жақыннатты деген сыйын сезіліп қалады. Мұнда дәйекті негіз жок. Асылы, бір шығармасына үйріліп, қайталап орала беруі сол жазушының кемеліне келіп толысып болмағандығын да андатса керек. Өйткені, шығарманы жарық көргенгө дейін капысыз жетілдіріп, шындау алу шарт. Арғы-бергі классиктердің творчестволық тажірибесінен бұл жақсы аяян. Мұхтар Әуезов осы принципті бекем ұстанған суреткер. Оның алғашқы кезеңдегі шығармаларының дені — көркемдік жағынан тиянак тапқан, аяқталған тұтас шығармалар. Сондықтан ол сол шығармаларын түбекейлі өзгерістерге ұшыратпаған, тек кейір басы артық детальдарды алып тастап, шынықтыра, ширата туksen.

Сөйтіп, жазушының алғашқы кезеңдегі творчествосы, кейір қайшылыкты сарындарын былай қойғанда, үш түрлі нәрсеге анық көніл үялатады.

Біріншіден, өз творчествосының демократтық, гуманистік, халықтық сипатымен Мұхтар Әуезов сол кездегі әдеби қозғалысқа өз үлемсін кости, соның арнасында болды.

Екіншіден, ол со кезде-ак өзінің қалыптасқан суреткерлігін, үздік шеберлігін қапысыз танытты.

Үшіншіден, ол творчество балаңдығын, еліктеу дәүірін өткен жоқ, бүкіл әлемдік әдебиеттің көркемдік деңгейінде екендігін салғанин-ак, танытты. Пушкин айтқандай, ол «еңбекті де, шабытты да білді».

Прозаын шағын жаңыларында жазушы отызынды және қыркыншы жылдарда да жемісті еңбек етті. Солардың ішінен «Шатқалаң», «Іздер», «Білекке білек», «Үш күн», «Қасенің күбылыстары», «Құм мен аскар», «Бүркітші», «Асыл нәсілдер» тәрізді шығармаларды атауға болады. Бұл шығармалар жазушының жана шындықты, жаңа тақырыптарды барлап үғынудағы, баурап игерудегі галабы мен суреткерлік ізденістерін, жаңа адамдардың бейнелерін жасаудағы көркемдік тәсілдерін андауға мол мүмкіндік береді.

М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясынан кейінгі кезеңде очерк жанрында айрықша мол еңбек етті. Жазушының «Индия очерктері» мен «Америка әсерлері»— оның шет жүрттарға барған сапарларының негізінде туды. Сол очерктерден жазушының патриоттық ой-сезімдері, биік мәдениеті және асқан білімдарлығы да оқшау танылады.

Ал «Түркстан солай туған» очеркі — казақ совет әдебиетінде тың игеру тақырыбына арналып туған очерктердің ең көркем, ең

көлемділерінің бірі. Онда совет адамдарының қажырлы еңбегі мен отаншылдық сәй-сезімдері зор реалистік қуатпен суреттелген.

Өмірінің соңғы жылдарында М. Эуезов республикамыздың оқытустік өлкесін бірнеше рет аралап, очерктер циклын жазды. Сол сапарларында жинаған материалдары мен алған әсерлерін, түйгеги ойларын ол кейін «Өскен өркен» романында пайдаланды.

Мұхтар Эуезов «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақ әдебиетің бүкіл әлемдік мәдениеттің аринасымен тоғыстырыды, соның шырқау деңгейіне көтерді. Ал сол эпопеяны айтағанның өзінде де ол мейлінше көркем драматургиясы, повестері мен әңгімелері арқылы қазақ әдебиетінің классигі бол қала берер еді. Жазушының Қарааш-Қарааш әкімасы», «Кексерек» повестері француз, неміс, поляк және басқа да бірқатар шет ел тілдеріне аударылып, дүние жүзі мәдениеттің ірі-ірі қайраткерлерінен жоғары баға алды. Сөйтіп, Абай жайындағы атакты эпопеяның ізін баса оның ең тандаулы повестері де дүние жүзілік даңққа ие болды.

1957 жылы М. Эуезов алпыс жасқа толғанда салтанатты жиында жасаған баяндамасында академик-жазушы С. Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансызың қуні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мәнісіндегі европалық прозаның дәрежесіне көтерілді», — деп мейлінше әділ де тұра көрсеткен еді. Осы бағанды М. Эуезовтың ең үздік, ең тандаулы повестері мен әңгімелерінде тұтастай арнауға әбден болады да. Сонымен бірге бұл шығармаларда ұлы суреткердің кейін кемеліне келген ұлан-файыр творчествосының алғашқы бұлақ-бастаулары, оның шабытты өнерінің үлес өскен жолдары, сайрап жатқан із-бедерлері бар.

## МЕНИҢ ӨМІРБАЯНЫМ

«Менің өмірбаяным»— Жазушының 1950 жылы Москва «Советский писатель» баспасында басылып шықкан «Абай» романының алғысөз ретінде аринай жазып берген өмірбаяны. Өмірбаянның түпнұсқасы орыс тілінде жазылған. Бұл жерде өмірбаян сол түпнұсқадан аударылып басылды. (Аударған А. Нұрқатов). Түпнұска мынадай:

Я родился 28 сентября 1897 года в семье кочевника-казаха Чингисской волости, Семипалатинской области, Омархана Ауэзова. Как известно, в Великой Октябрьской революции территория и население казахских степей делились не только по административному признаку (уезды, волости), но и по родовому. Мои предки, выходцы из Средней Азии, еще в начале XIX века были причислены к племени Тобыкты, из которого происходил и герой моего романа, Абай Кунанбаев.

Раннее детство я провел в ауле, там же начал обучаться и грамоте. Учил нас, внуков, наш дед Ауэз (от чего имени и происходит моя фамилия).

Мне было лет пять-шесть, когда однажды вечером, в час приятного ожидания ужина, дед решил проверить, не вырос ли я уже для грамоты, и он тут же заставил меня проверить несколько слов со звуком «р». Не умея отчетливо произносить этот звук, нечего было и думать о грамоте: детям, не справлявшимся с ним, муллы крутили язык,— ведь первые уроки начинались со звучания первых слов корана «Бисмилляхи рабхман ир-рахим...» (Во имя господа всемогуще-

го), и никакой мулла не мог допустить «кощунственного исказе~~ния~~<sup>ния</sup> священного изречения». Но этот экзамен, видимо, вполне удовлетво-рил деда, и он взялся за меня на следующий же день.

Помню безоблачное, теплое весенне утро. На лужайке перед зимовкой резвятся телята, прыгают милые детскому сердцу ягнята и козочки, а по небу, подобно белоирывым перл из бабушкиных сказок, далеко растянувшейся стаей летят озаренные солнцем лебеди, чуть слышная песнь доносится с непостижимой высоты. И вдруг все очарование весеннего дня исчезает: нас зовут в душную низкую зимовку к деду. Увидев в его руках толстую рукописную книгу, я понимаю, зачем нас звали, и горючаюсь еще больше. Дед начинает поглядывать мне в книге арабские буквы, и у каждой из них такое трудное наэвание...

Книга эта была сборником стихов Абая. Ауэз, друг поэта и искренний почитатель его таланта, заказал мулле переписать их в одну книгу и решил обучать нас грамоте по стихам любимого поэта, надеясь внушить любовь к ним и своим внукам.

У деда был свой метод обучения. Вероятно, он значительно облегчал труд учителя, но бедного ученика заставлял наизусть читать слезы едва я стал отличать буквы, мне пришлое учить наизусть одно стихотворение за другим. Стихи были длинные, непонятные, в них то и дело попадались странные, непривычные, никогда не слыханные имена: Фошкин, Лермонтов, Крылов, какие-то Татьяны и Анеги. Дед, подражая учителям, муллам, держал нас над книгой с утра до заката, и все, выученное за день, нужно было перед ужином прочесть ему и отцу наизусть. Всёнее солнце потускнело для меня, цылыми днями не видел я своих друзей, ягнят, и абаевские страницы с сердечными жалобами Татьяны были мокры от горьких слез другой жертвы, судьбы. Но дед твердо держался своего способа обучения: не помогало и заступничество сердобольной бабушки, опасавшейся, что от беспрерывного заучивания стихов ее маленький внук отупеет.

Однинадцати лет я лишился отца, и меня взял на воспитание мой дед Касымбек, который в юности перешел из мусульманского медресе в русскую школу, не считаясь с проклятиями своего наставника, хазрета Камаледдина. Дядя и меня устроил в Семипалатинское городское пятнадцатилетнее училище на земскую стипендию Чингисской волости.

Царское правительство собирало со степного населения средства для этих стипендий с целью готовить в русских школах переводчиков-тилмачей, мелких служащих административного аппарата и т. д. Но казахи неохотно отдавали в школу детей. Патриархально-религиозные пережитки и фанатические разъяснения мулл вызывали недоверие к русской школе: многие считали, что она учреждена лишь для того, чтобы крестить казахских детей. Поэтому уездным начальникам приходилось замещать вакансии в порядке разверстки — по два мальчика с волости, — и порой волостные управители выплачивали родственникам кандидата выкуп, чтобы выполнить разверстку. Понятно, то при таком отношении к русской школе наш дед выслушивал от старейшин и аксакалов немало упреков, насмешек и осуждений за то, что разрешает сыновьям и внукам учиться в русской школе. Когда не лето, мы, ученики, приезжали в аулы, родовые воротили, глядя на одетых в форму мальчиков, скрещенно поиздевливали головами и объясняли это «бедствие» губительным влиянием

Абая. В этом они, пожалуй, были правы: великий поэт не только ратовал за русское образование в своих стихах и философских рассуждениях, но сам обучал своих детей в русских школах, и это было известно всем.

Степная жизнь, которую мы наблюдали во время хамикул, представляла резкий контраст нашей городской жизни, и благодаря этому ярче бросались в глаза пережитки кочевого феодализма, поворные обычай патриархальной старинны — казнь, многоожесточество, пень за убийство, родовая борьба с ее набегами, тяжбами, грабежами — борьба, разорившая народ. Этот ирачный быт «косой», отсталой степи был еще так силен, что после установления Советской власти в Казахстане общественности приходилось бороться с баями и полуфеодалами, крепко державшимися за древние установления обычного права, адата и шариата.

Семипалатинскую учительскую семинарию я окончил в 1919 году и по установлении в Семипалатинской области Советской власти начал свою общественную деятельность, работая сперва в Семипалатинском облисполкоме, потом в КазЦИК в Оренбурге, одновременно пробуя свои силы в драматургии и журналистике. Осенью 1922 года я поступил вольнослушателем в Среднеазиатский университет в Ташкенте. Тогда же начал сотрудничать в журнале «Шолпан», где напечатал несколько рассказов об уродливом социально-битовом укладе старого казахского аула.

Через год я поступил в Ленинградский государственный университет на филологическое отделение. Здесь я учился до 1928 года, после чего поступил в аспирантуру при восточном факультете Среднеазиатского государственного университета в Ташкенте.

К тому времени в казахских театрах уже шли мои пьесы «Бай-бише-токал» (жены-соперницы), «Енлик и Кебек» и другие, в журналах и отдельными изданиями печатались рассказы и повести...

Мною написано свыше двадцати пьес, показывающих различные этапы социалистического строительства в Казахстане, написано много рассказов и повестей. Последние десять лет я посвятил работе над романом о классике казахской литературы Абая.

Прежде чем начать задуманный роман, я занялся изучением биографии и творчества поэта. Я редактировал полное собрание сочинений поэта, написал его биографию, собирая касающиеся поэта и его эпохи исторические материалы: в соавторстве с моим другом, русским писателем Леонидом Соболевым, заатоком истории культуры казахского народа, написал трагедию «Абай», отображающую последние годы жизни поэта.

Собрание материалов об Абая имело свои любопытные особенности, не знакомые большинству авторов исторических романов. Дело в том, что о жизни, работе, внешности и характере Абая нет никаких печатных и письменных данных — ни личного архива, ни дневников, ни дневников, ни мемуаров, ни просто зафиксированных на бумаге воспоминаний о поэте. Все данные его биографии, все события романа мне пришлось собирать долгое время путем устного опроса знавших Абая людей, путем беседы с ними. Большинство этих людей, естественно, были уже стариками, в памяти их потускнели и давно минувшие дни, и образы людей, и разговоры и события. Беседовал я и с учеником Абая Кокпаем: он был единственным из близких друзей поэта, кто дожил до наших дней. Скончался Кокпай

в 1927 году, но, будучи моложе Абая на 16 лет, ничего не мог рассказывать о юных годах поэта.

Но еще задолго до того, как у меня возникла мысль о романе, еще в ученические годы, я подолгу слушал воспоминания своего деда Ауэза, который был на несколько лет старше Абая. Он хорошо помнил и Кунанбая. В те же годы я видел постаревшую Дильду, первую жену Абая. Много драгоценных подробностей рассказывала об Абае глубоко преданная его памяти Айгерим, пережившая мужа на десять с лишним лет.

Собирая материал, я беседовал и с друзьями и с почитателями Абая, и с бывшими его врагами и завистниками — или с самими его современниками или их сыновьями и внуками. В результате этих поисков у меня накопилось такое множество сведений о моем будущем герое, что я часто повторял один из великих заветов Горького: «Пиши о том, о чем не имеешь права молчать». Даже сейчас, когда роман о юности и о молодости Абая уже закончен, я вижу, что у меня еще такое количество не вошедшего в эту книгу материала, что на основе его можно было бы написать еще одну такую же книгу об этом же периоде жизни моего героя. Полнота материала была благоприятным, даже решающим условием моего труда.

Но в сборе материала были и свои трудности. Читать о прошлом приходилось в потускневшей, ослабнувшей памяти моих престарелых собеседников. Многое приходилось оживлять своими догадками, расшифровывать путем сопоставления с рассказом другого современника Абая. С этими воспоминаниями приходилось обращаться бережно и осторожно: так, запоздалый путник, отыскав в пепле костра, оставленного давно ушедшими караваном, тлеющий уголек, бережно и осторожно раздувает его, вызывая своим дыханием огонь. Восстанавливать по этим рассказам давно ушедшую жизнь, было так же трудно, как по облику шестидесятилетней Айгерим представить себе всю прелест ее девичьей красоты, пленившей когдато Абая.

Но верные помощники советского писателя — метод социалистического реализма, ясное критическое отношение к прошлому, великие реалистические традиции русских классиков — выводили меня из множества тупиков. Немало помогал мне и сам Абай своими бесмертными творениями.

Воссоздавая его образ, я думал не только о месте Абая в истории нашего народа, не только о его прогрессивной роли в прошлом, но и о том, какие мысли и мечты связывают его с нашей современностью, с советским поколением. Из жизни и деятельности поэта прошлых времен я отбирал то, что дорого и памятно для последующей истории. В этом отборе я все время помнил об историческом пути моего народа от времен Абая к социалистическому переустройству общества. Идеалы прогрессивных и революционных деятелей прошлого, безмерно обогащенные Великой Октябрьской революцией, воплощаются в жизнь.

Роман «Абай» входит в состав задуманной мною серии романов, которые должны будут показать жизнь казахского народа за сто лет — с середины прошлого столетия до конца четвертой пятилетки. «Абай» является первым романом этой серии. Сейчас я заканчиваю книгу, посвященную последнему этапу жизни моего героя. Как и остальные книги серии, и этот роман является самостоятель-

ным произведением, хотя отдельные персонажи, их дети и внуки будут переходить из одной книги в другую.

В этой серии исторический роман будет переходить к роману о современности. Серия начинается рассказом о великом поэте, устремленном в грядущее, и закончится описанием этого грядущего, ставшего настоящим. То, о чем мог лишь мечтать поэт, что он мог представить себе в смутных и зыбких очертаниях, воплотится в реальную величественную действительность наших дней, нашей величайшей в истории человечества эпохи.

Одновременно с писательской работой я уже давно, еще со студенческих лет, занимаюсь и научно-исследовательской. В качестве историка литературы яучаствую в составлении школьных и вузовских учебных пособий по истории казахской литературы, выше пятнадцати лет веду педагогическую и лекторскую работу в вузах Алма-Аты. В качестве профессора Казахского государственного университета имени С. М. Кирова я веду специальный курс абаеведения, читаю лекции по казахскому фольклору и как действительный член Казахской Академии наук работаю в научно-исследовательском институте языка и литературы при Казахской Академии наук».

## КОРГАНСЫЗДЫҚ КҮНІ

«Коргансыздық күні» жазушының соңғы рет өндеп, 1960 жылы «Қараш-Қарааш» жинағында жарияланған нұсқасы бойынша алынды. Бұл әңгіме — М. Әуезовтың баспа бетін көргөн көркем шығармаларының тұңғышы. Әңгіме алғаш рет Арғын деген құпия атпен «Қызыл Казакстан» журналының 1921—1922 жылдардағы 3—4 сандарында жарияланды. Кейін «Коргансыздық күні» 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып шықты, 1935 жылы «Ескілік көлеңкесінде» (жинақ), 1940 ж. Д. Әбілев пен Ж. Саин құрастырған хрестоматияда, 1956 жылы М. Әуезовтың таңдамалы шығармаларының V томында, 1960 жылы «Қараш-Қараашта» (жинақ) жарияланды.

Содан соң 1975 ж. шыққан «Қылы заман» жинағында (235—256 беттер) басылды және 1977 ж. шыққан «Племя младое» жинағында (37—52 беттер), Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының I-томында (1973 ж. 39—53 беттер) орыс тілінде жарияланды. Бұл томға 1967 ж. оның екі томдық жинақтың I-томындағы текст алдында.

Шығарманың қазақ әдебиетіндегі айрықша орнын ескерткен С. Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Коргансыздық күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шынынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді» деді. (С. Мұқанов. Қөрнекті жазушы — М. О. Әуезов. Алпыс жылдығына арналған макалалар жинағы. Каз ССР Фылым Академиясы баспасы, 1959, 13-бет).

«Коргансыздық күнінің» алғашқы нұсқасы мен 1935—1960 жылғы нұсқалары: «С. қаласының оңтүстігін жайларан елдің қалара қатынасатын қара жолдың үстінде Арқалық деген тау бар» беп басталады. 1922 жылғы нұсқа: «Ол ғазаптан, қайғыдан, жауыз, зұлымдықтан құтылған. Ол — әулие» деген сөздермен аяқталса, 1960 жылғы нұсқа: «Жауыздықтың жас құрбаны хасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәнгі толас тапқандай» деген сөздермен біtedі.

1922 жылы Орысборда жеке кітап болып жарияланған «Корғансызың күні» кейінгі басылуарында сюжеттік, композициялық, тілдік жағынан онша өзгеріп кетпегенмен, соңғы нұсқаға тыңан қосылған не алғашқы нұскадан қалып қойған сөздер үшірдайды. 1922, 1935, 1956 нұскалардағы: «Терісінен соқса да, онынан соқса да панаңы болмайды» деген сөздер 1960 жылғы нұскада: «Жед терісінен соқса да, онынан соқса да панаңыры жок, азынаң тұрады» болып өзгерген.

1822 жылғы нұскадағы: «Қажымаган кайрат, кең салқын ерлік бар» деген сөзден кейін келетін мұна сөздер: «Осы айтылғандай белгісі бар жүзді көргенде барлық қазақтың бойындағы сабырлылық, саспайтын түкпірлілік, киын істердің ретіндегі тапқыштық, ісшілдік еске түседі.

Жас басынан дүниедегі істің бәріне сын қоғын қарал, қайғында, куанышты да салқын қаммен қарсы алатын мінез қазақтың тәүір адамының бәрінде бар. Бұндайлық сабырмен араласқан сыншылдық адамды құндегі өмірдің ісінде айлала, епті, шебер қылмай қоймайды.

Бұл мінез қазақтың осы күнге шейін көрінген мінездерінің ең бағалы, ең маңыздысы, һем келешегінде үміттендіретін осы. Өлім үстінде жатып өлең мен ән шырқаған ақындары, бұлініп-жарылып біріне-бірі өкпелеп аугалы отырганда тауып айтқан бір ауыз өлеңге тоқтаған елдері сабырлылығын, өмір күресінде өнімді қайраты барлығын көрсетпей ме.

Енді айтылған келе жаткан әңгімелердің қалғанына келейік» (Корғансызың күні, 1922, 26-б) деген сөздер 1956, 1960 жылғы нұскаларға кірмей қалған (29).

### «ОҚЫҒАН АЗАМАТ»

«Оқыған азамат»— жазушының ең алғашқы көркем әңгімелерінің бірі. Алғаш рет әңгіме Ташкент қаласында «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2—3 және 1923 жылғы 4—5 сандарында жарияланған. Содаан кейін жариялануы — 1935 жылы «Ескілік көлеңке-сінде» жинағында, «Жұлдыз» журнالының 1957 жылғы 9-санында және 1960 жылғы «Қараш-Қараш» атты жинактада. Бұл әңгіме 1962 жылы «Қараш-Қараш» жинағында Ташкентте Насыр Фазыловтың аудармасымен өзбек тілінде де жарияланды. Содан соң он екі томдық шығармалар жинағының I-томында (1967 ж. 51—69 беттер) басылды және Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының I-томында (1973 ж. 54-66 беттер) орыс тілінде жарияланды. Шығарма тексті 1967 жылғы он екі томдықта жарияланған нұсқасы бойынша алынып отыр.

Әңгіменің түп нұска қолжазбасы жазушы архивінде сакталған. Алғашқы жарияланууларында шығарма тақырыбы тырақшага алынбаған, ал соңғы 1960 жылы жариялануында бұл тырақшага алыныпты. Расында, әңгімеде жазушының «Оқыған азамат» деген отырған кейіпкері Жұмағұлдың арам ойы, залымдығына деген кекесін аңғарылады. Сондықтан тақырыптың тырақшага алынуы орынды.

Әңгіме тексті әрбір жариялануында оншалықты қеп болмағанмен, кейір авторлық өзгерістерге үшіраган. Мәселе, шығарма

кейіпкерлерінің бірі Максұттың аты, ең алғашқы жариялануында Масгұт екен.

«Шолпан» журналында жарияланған вариантында: «Сол күнге дейін тірі отырса, кемпірдің қайғысы қандай болады... Содан үлкеш дерт бола ма?.. Жалғыз-ақ құдайдан тілейтінім: осы қатынды алатын кісі Максұттың жолдасының бірі болмаса екен. Бір танымайтын жат кісі болса екен. Бүтінгі жүрген жолдасының бірі алса, ол қайғы сорлы кемпірге мұнан да жұз қабат артық болады ғой. Тағдыр енді ең болмаса осы жерде ая, бұл байғұсты дегендей ой ойлады. Қайғыланып мұнайды» деген абызац кейінгі басылуарына енгізілменшті. Сол сияқты алғашқы варианта: «Максұтты ораған киізіне алып, жалғыз қабат ақ кебінмен сүк көрдің түбіне апарып салды» деген сөйлем соңғы басылуарында: «Аздан соң Максұтты жалғыз қабат ақ кебінге ораған күйінде лақаттап қазған көрдің түбіне апарып салды» деп өзгерілген. Бірінші басылууында бар: «Тағы біржеше минут өткен соң жүрттый бәрі үюлі тоныракты көрге төгі, Максұтты ихласпен көмді» деген сөйлем соңғы вариантында да қысқартылған. Алғашқы вариантағы: «Максұттың үйіне комағайланған жұбанышты көзбен қарап, ішінен: сен де кешікпей маған тиер ме екенсін..., жок па деді» деген сөйлем кейінгі басылуарында: «...Максұттың үйіне комағайланған көзбен қарай түсті» деп өзгерілген. «Шолпан» журналындағы алғашқы вариантында: «Жұмағұлы не болымсыз тазалықтың жүркетегі жанары биледі, не болмаса...» деген сөйлем де кейінгілерінде қысқартылып, сөйлем ыкшамдалып берілген. Ая «Кенсе қызметкерін жаңылдырып, тез иландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сейлег, есебін тауып жүр» деген сөйлем алғашқы басылуында жок, тек кейінгі басылуарына қосылған.

Сондай-ақ: «Оқыған азамат», «Жаңа адам» дегені тек оқыған бай, арсызырақ дүниеконыз екенін жаңа үккән Мейірхан қатты ширығын:

— Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қайынға күйеусін... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бактың ба? «Жыланға түк біткен сайын қалтырайды» деп, байыған сайын араның ашылып, жұтупқасың ба зарлыны? Қақаларсың әлі-ақ,— деп салды.

«Мейірханиң сөзі де Жұмағұлға қонған жок» деген сөйлемдер шумагы алғашқы басылуарының бірде-біреуінде жок, тек 1960 жылры «Қараш-Қараш» жинағында вариантындаған бар. Бұл сөздерді автор бай баласы Жұмағұлдың тойымсыздығы мен арсызыдығын әшкелей түсу үшін ұнамдырақ деген кейіпкери Мейірханиң аузына әдей салып отырған сияқты.

Ая әңгімелің әр басылууна автор енгізген немесе қысқартқан жеке сөздерді түсініктемеде көлтіргеніміз жок. Шығармашың алғашқы жариялануларында көп-көрнеу баспаының кінәсінен кеткен қателер бұл сапар туэтілді (51).

## ҚЫР СУРЕТТЕРИ

«Қыр суреттерінің» 1960 жылғы ең соңғы нұсқасы баспага беріліп отыр. 1922—23 жылдары жарияланған «Қыр суреттері» аталған (Кешкі дөң басында, Тұнгі ауыл, Қысқы тұн, Қыстың күнгі дала) ұсақ әңгімелер тобынан кейінгі басылуарында «Тұнгі ауыл» ұдайы қалып келген (70).

«Кешкі дәң басында» алғаш рет Коңыр деген күпия атпен 1922 жылы «Шолпанның» 2—3 сандарында жарияланды. «Қысты құнгі дала» «Шолпанның» 1923 жылғы 4—5 сандарында, кейін 1935 жылы «Ескілік көленкесінде» (жинақ), 1960 жылы «Қараш-Қараш» (жинақ) беттерінде шықты. «Қысқы түн» Жаяусал деген күпия атпен бірінші рет 1923 жылы «Шолпанның» 4—5 сандарында, кейін 1935 жылы «Ескілік көленкесінде» (жинақ), 1960 жылы «Қараш-Қарашта» (жинақ) шықты.

Содан соң он екі томдық шығармалар жинағының I-томында (1967 ж. 70—77 беттер), 1975 ж. шыққан «Қылы заман» жинағында (343—350 беттер), жарияланды. Бұл томга 1967 жылғы он екі томдықтын I-томында басылған нұсқасы алынып отыр.

«Кешкі дәң басынданың» 1960 жылғы нұсқасына тыңнан косылған: «Күн батты, қызыл шапактың көрікті ажары минөт сайын бәсендеп, дүниенін киптаған сурлықтан жеңіліп барады» деген сияқты сөздер үлгісі ұшырайдас: «Қызыл сендей болып, батар күн ентелеп, қамап түр» деген сөйлемді «Жұқалан, ұзыншақ көп бұлт қызыл сендей болып батар күнге қамап түр» деу сияқты редакциялау кездеседі. 1922 жылғы нұсқадан 1960 жылғы нұсқаға кірмей қалған мынадай сөздер бар: «Әншіейнде киын десен де, оншалықты жалғыздықтың дәл уақытта тәтті, жайлы екендігіне мойындарсын. Өзіне өзін тигендей, еркін қолына келгендей болып, сергисін, жеңілесін. Менін де көнілімдегі осы халдың шындығына көзімді жеткізбекші болғандай болып сары дөнді қиптаған етегімен сары көде бұралып, сумандаған салқын желдің лебімен басын изеп, шын-шындауды» («Шолпан», 1922, 2—3, 52-6).

«Дүние калың қайғымен жүдегендай жым-жырт болған. Өлім тыныштығында зор, салқын тыныштығымен мұнды шерін сыртына шығарғандай. Бірақ бұл қайғы мен шер, бұл мүн әлсіз көздің ыстық жасына, нәзік жүректін аласұрған қайғысына ұксамайды. Қайта сол жасты тынытын, сол қайғыны айықтыратын қуат бергендей болады. Белгісіз үміт ойға кіріп, салқын тыныштық бойға сініп, табиғаттың шерлі күйімен косылып, әлсіз нәзік хиялды тербеткендей болады... Өлген ата-ананың бейітіне ұқсаған қалың, сары дәң жұмырланып ішіне бүккен үлкен сырын ашқандай. «Мен да жаңызыз емеспін. Менде өмір бар... Бірақ мендей салқын сабырлы бол» дегендегі болады. Тыныштық тауып өмірге жаңа қуат алған көнілмен етектегі шашылып жыбырлап жаткан ауылға қараймын» («Шолпан», 1922, 2—3, 53-бет).

«Қысқы күн» кейінгі басылуарында редакциялық өзгеріске үшірамай, 1923 жылғы үлгісі бойынша жарияланып келген.

«Қысты құнгі дала» оншалық өзгертулер көрмеген. Тек алғашқы нұсқадан қалған: «Қысқы күннің қоңыркай кеші барлық табиғатқа өзінің жүдеу түсін жайғандай». «Мұқаш есі шығып, жанталасып үйіне жетпекші болып кам қылып жүргенде Рабиғаның денесі сіре-сіп, кол-аяғы домбырып, ісіп, демі таусылып, үзіліп кетті» деген сөйлемдер ғана кездеседі.

## ҚЫР ЭҢГІМЕЛЕРІ

«Қыр эңгімелері» Жаяусал деген күпия атпен 1923 жылы «Шолпанның» 6—7—8 сандарында басылды. «Қыр эңгімелерінің» бірі — «Сыбаның моласында» 1935 жылы «Ескілік көленкесінде» (жинақ),

1960 жылы «Караш-Караш» (жинақ), 1960 жылы «Көксерек» (жинақ) және орыс тілінде Ф. Моргун, М. Хамраев аудармасы бойынша 1963 жылы «Простор» журналының 1 номерінде жарияланды. «Қыр әңгімелерінің» екіншісі «Текшениң бауырында» 1923 жылы «Шолпаның» 6—7—8 сандарында, 1935 жылы «Ескілік көленкесінде» (жинақ), 1960 жылы «Караш-Карашта» (жинақ) шықты (78).

1967 ж. он екі томдықтың 1-томында (78—82 беттер), 1975 ж. «Кілі заман» жинағында (351—364) жарияланды. 20 томдықта 1967 ж. нұсқасы енгізіліп отыр.

«Сыбанның мolasынданың» алғашкы нұсқасы кейінгі басылуада өзгермеген дерлік. Тек қана: «Даладагы кең таза аудан көркіті суреттен көнілге белгісіз болса да бір куанышты үміт кіргендей болып, кең даладай, кең киял сол даланың еркін желінше адам ойында ерік алып тұргандай еді» деген сөздер: «Даладагы мәлдір таза аудан, сүйкімді суреттен көнілге белгісіз бір өмір кіргендей болады, хиял кезеді» деп өндөлген.

«Текшениң бауырында» айта қаларлыктай редакциялық өзгерістерге ұшырамаған. Әңгіменің бір жеріндегі: «Бүтінгі түн жарық айлы майда түн еді. Сойлесіп, бұралып, сүйіспіп, махаббат, сағыныш қызуымен бір тоқазып, бір ысынып, сүлдері құрып үзіліп тұрган кездерді еске түсіргендей еді» деген сөздер: «Сүлдері құрып, үзіліп тұрган кездерді еске түсіргендей еді» деп ықшамдалған.

Будан басқа алғашкы нұсқадан түсіп қалған мынадай сөлемдер бар: «Екі жағындағы аласа тогай үйқыға батып, тыныштық алып тұр. Қалғып тұрган жапырактардың шұбартқан көлеңкесі су бетіне түсіп дірілдейді. Сызы көп сайдың дымқыл салқыны денені шымырлатып, тоназытқандай болады. Сайдың екі жағындағы қалың биік таулар өзенмен бірге жарылып келе жатқан, ін тірескен қара жартастар салқын тыштықтың ортасында ұлы мінажатпен кәрі жүзі томсарып тұрган сопыларға ұксайды. Дүние қараңғылығына ұксадан қара көлеңке қайғылы жүздерін тұнертіп қоңырқай тарттырады» («Шолпан», 1923, 6—7—8, 91-бет). Немесе: «Осы күні өз ортасының атқа мінген абыйырлы ақсакалы болып, бұрынып бұзықтықтың бәрінен тыыйылған. Мол дәүлеті бар, ержеткен азамат балалары бар ағайынга қадірлі адам болған» («Шолпан», 1923, 6—7—9, 92-бет).

## ҮЙЛЕНУ

Үйлену— М. Эуезовтың ең алғашкы жазған әңгімелерінің бірі. Тұнғыш рет ол «Жас жүректер» деген атпен «Сана» журналының 1923 жылғы бірінші санында (64-72-беттер) басылды. Авторы — М. Эуезовтың сол кездегі әдеби псевдонимы бойынша Қоныр деп жарияланған. Әңгіме сонында «Аяғы бар» деген белгі де тұр. Соған қарғанда жазушы бұл шығармасың тағы да жалғастыра түсуді ойлаған сияқты. Бірақ әңгіме ішіндегі әрекет — Жәмила мен Оспанның арасындағы сүйіспендікті баяндайтын бас-аяғы бүтін бір ғана оқиға болғандықтан автор мұнын көлемін сол күйінде қалдырган.

Рас, «Үйлену» өзінің стилі, тілі жағынан осы 1923—1960 жылдар арасындағы уш басылымның үшесуіндегі де азды-көлті өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, 1923 жылғы «Сана» журналынан соң бұл әңгіменің 1936 жылы (Кара-Караш» оқиғасы. ҚҚӘБ, А, 1936, 88—93-беттер) басылып, азынаулақ редакцияланғандығы мәлім. Кейін 1960 жылы «Кара-Караш» (ҚМҚӘБ, 1960, 182—189 бет-

тер) атты кітабын дайындау кезінде жазушы дәл осы әңгімеге қайтып оралып, тағы да біраз түзетулер жүргізіпті. Казіргі қолда бар материалдарға қарағанда М. Эуезов әрбір кейіпкердің ішкі жан сезімі жағынан жетіле түсіне ерекше мән берген тәрізді. Авторлық бағыттаулар мен жекелетен сөз, сөйлемдерді барынша бейнелі, бояулы етіп жеткізуға тырысқан. Міле, соның біразынан мынадай түзетулер табылды.

1923—36 жылғы нұсқаларындары: «Жайлауга жаңадан жеткен ел жіңішке өзеннің бойына шалғынды жерді қуалап жағалай қонған. Жіңінеке өзеннің онтустік жағы іш пыстыратын ұзақ сары жазық. Қоз үшында сары дала шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді» (Караш-Қарааш оқиғасы, ҚМКӘБ, А. 1936, 88-бет) деген жолдар соңғы 1960 жылғы редакциясында: «Жайлауга жаңа жеткен ел жіңішке өзеннің бойына шалғынды жерді қуалап жағалай қонған. Қоз үшында, сары даланың шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді» («Караш-Қарааш», ҚМКӘБ, А., 1960, 182-бет) деген түзетілген.

Кейіпкердің психологиялық жағынан толығып, дааралана түсіне де жазушы айрықша көніл бөлген. Мысалы, «Оспан сөзінің басын үғымсыз қылыш, қайта-қайта бөгеліп, сөйлеп, аяғында:

— Ата-ананыз отастырып қойған екен. Я, оның үстіне, күйеуіз бір елдің болысы, ұлығы. Ендігі тимеймін дегеніңіз лайық бола ма? Мен бұл сөзді тастауызызды сұраймын,— деген қызға қарап күлімсіреді («Сана» журналы 1923, № 1, 69-бет) деген мінездеме кейінгі 1936, 1960 жылғы басылымында: «Оспан сөзінің басын үғымсыз қылыш, қайта-қайта бөгеліп сөйлеп, аяғында:

— Ата-анаңыз атастырып қойған екен. Я, оның үстіне, күйеуініз бір елдің болысы, ұлығы. Ендігі тимеймін дегеніңіз лайық бола ма? Я, мен бұл сөзді тастауызызды сұраймын,— деген қызға қарап себепсізден күлімсірей келіп, акырында мырс етті. Жәмиланың өнінде жігіттің сөзі әсер бермегендігі білініп тұр» (Караш-Қарааш, ҚМКӘБ, А., 1960, 186-бет деген толықтырылған).

Жазушы Жәмиланың Оспанмен көніл қосып, қашып кеткендігін бейнелейтін суретті де қысқартылты. «Бәрі де сандарын соғып «қап», мынау қаңғырган неме, қылыш кетті... Мұны оқыған деген... Окуың бар болғыр... Бұлардың бәрі осы деген кала берді»— («Сана» журн. 1923, № 1, 72-бет) деген баяндаулар соңғы 1936, 1960 жылғы түзетулерінде алынып тасталған.

Ал осы әңгіменің соңғы басылымында редактор мен құрастырушының кателігінен кеткен кемістіктер де жоқ емес. Мысалы, «Оспан калжындаған болып, әртүрлі сөздің басын айтып аз отырган соң әуелі сөйлесіп болып келген сөзіне көшті!»— (Караш-Қарааш оқиғасы ҚҚӘБ, А., 1936, 91-бет) деген сипаттамалар кейінгі басылымында «Оспан калжындаған болып (?) келген сөзіне көшті (Караш-Қарааш, ҚМКӘБ, А. 1960, 186-бет) деген қысқартылып калған. Бұл, әрине, салыстырып оқудың шалалығынан болған олқылық. Осындай жәйді мына сөйлемдерден көреміз.

1923, 1936 жылғы басылымында: «Төре күйеулердің үйінен өтіп, қыз отырган кіші отаудың жанына тақалғанда қалтасынан тарағын алып, тыста тұрып шашын тарап, қоразданып, қакырынып, үйге кірді» (Караш-Қарааш оқиғасы) ҚҚӘБ. А., 1936, 90—91-беттер.

1960 жылғы басылымында: «Төре күйеулердің үйінен өтіп, қыз отырган кіші отаудың жанына тақалғанда. қалтасынан тарағын алып (?),

шораздаңып, қакырының үйге кірді» (Қарааш-Қарааш), КМКӘБ, А., 1960; 186-бет).

1923, 1936 жылры басылууларында: «Оң жақтағы биік төсектің алдында, машинамен іс тігіп Қасымның қалындығы Жәмила жалтызы тыры» (Қарааш-Қарааш оқиғасы) КМКӘБ, А., 1936, 91-бет).

1960 жылғы басылуунда: «Оң жақтағы биік төсектің алдында, машинамен іс тігіп Қасымның қалындығы (?) отыры» (Қарааш-Қарааш КМКӘБ, А., 1960, 186 бет).

Мұндай кемістілтер осы соңғы басышуунда туастіліп, әмделгі нұсқалар қалпына келтірілді (92).

Бұл әңгіме Москвада орыс тілінде жарық көрген М. Әуезовтың бес томдық шығармалар жинағында басылды. (Соб. соч. в пяти томах, т. I, М., 1973). Орыс тіліне аударғандар. В. Дудинцев пен Н. Гордеева.

## СӨНІП-ЖАНУ

«Сөніп-жану» алғаш рет 1923 жылы «Заман еркесі (роман)» деген атпен «Шолианның 6—7—8 сандарында шықты. Қейін бұл шығарма 1936, 1960 жылдары шыққан «Қарааш-Қараашта» (жинақ) жарияланды.

Содан соң 1967 ж. он екі томдық жинақтың I томында (100—124 беттер) жарияланды. Қазір соң нұсқасы алынып отыр.

«Заман еркесі!»

«Қараасам қайыртар жүрт бұл заманы,  
Салқын, қуыс — өмірі я қараңы.  
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,  
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды...  
Бала мінез, ойыншы бүркіншілар,  
Анқау екен, мазақтап соңы сынар.  
Артқа қарап, акпейіл шалға күліш,  
Абайырыз, атақсыз көрге кулар.  
Абай»

деген эпиграфпен басталған.

«Сөніп-жанудың» алғашқы нұсқасы да, кейінгे нұсқалары да бір-шығармай сөздермен басталып, аяқталады. «Шолчанда» басылған «Сөніп-жану» туралы автор бұл шығарманың «аяры бар» десе де, бірақ жазушы «Сөніп-жануды» көлемді етіп жазбақ болған алғашын талабын орындамаған, журналда жарияланған улгіні қалдыруды мақұл көрген.

Шығарма кейінгі басылууларында редакциялық өзгертулерге үшіншілік. 1923 жылғы нұсқадағы: Дүниедегі ерек пен үргашының арасындағы ең темен, ең кірлі қараңы іске» деген сөздер 1960 жылғы нұсқада: «Дүниедегі ерек пен үргашының арасынданы ең жасырын, ең киынғ іске» деп өндөлген. Кейде «Сөніп-жанудың» алғашқы нұсқасына кейіннен кірген: «Ал бұл дөртке шалдықкан омыған дегениң көбі ылғи адвокат, тілмаш деген сияқты ескі шенді төрелер еді. Жастаған шыққан қызметкерлер бұлар арасында әзірше бірең-саранға бояттын. Қазақ оқығандарының бұл жаңа тобы аттар таңыңын жасағы боламыз деген ниетте көрінеді» деген сияқты сөздер нездеседі (М. Әуезов, Қарааш-Қарааш 1960, 209-бет).

«Сөніп-жанудың» алғашқы нұсқасынан 1960 жылры нұсқаға кірмей қалған мынадай сөздер бар: «Сондықтан жолдастарымен бірін-

Бірі жұбатып: араласа жүріп үйренеміз, қазаққа тендік, бостандық опереміз, құлдықтан, зорлықтан құтқарымыз деген сөздеріміз іске асатын болса, осы заманда гәнә асады. Әйтпесе бұдан артық қазаққа қолетін ігілік жок десіп, енді бас алмай іс істемек болған ниеттепін айтысты. Сыздық қалада, жолдастарының тобында жүріп, болып жатқан облыстық съезде болды. Оқығандардың ішіндегі үлкендері мемлекет ісіне төсөліп қалғандай болып басшылық етті. Қелдениңнен қарағанда қырдан келген әл кіслері оқығандарды шын ниетімен бастық қылып, өздері артынан еріп, солардың сүйеніші болғандай түрлері бар еді. Бұның бәрі рухты көтеретін өзгеріс күндердегі қуанышты суреттің бірі еді. Сыздық жолдастарының рухына түсіп, коса қызып желіккендей болды. Бұрынғы уақытта жасалған жастар үйымының жынысын шакыртып, сонда өзге жүртқа қызулы сөздер сөйлеп, өзгеріс толқынына салынып, төселе бастады. Жас жігітердің көбі бұрын Сыздықтан басшылық қүткендей болушы еді. Бұл қазірде һәрбір жында сөйлеп жүрген сөзімен, һәркімге беріп жүрген орнықты ақылмен жолдастарының бұрынғы үмітін актағандай болды. Осылымен бір ай шамасындағы уақытты қалада өткізген соң оқығандардың көбі сайлау жасамақ болып әр жерлерімен қатынас түземек болып, жер-жерлерге тарай бастады» («Шолпан», 1923, 6—7—8, 134—135-бб.).

«Жындарда қебінесе жастар ортасынан сөз сөйлеп шығатын Сыздық болып, кейде ауыр істердің кезі келгенде үлкендерге де қызу беріп сөйлеп, іркілмей, қауіп-катерден қорықпай іс қылатын отты жігіт сняктанып көріне бастады. Сыздықтың өз көnlінде: бұл жалғыз мен ғәнә елшіл, әлеуметшілік болып жүргем жок, шын жүрегімен, барлық ойымен, пікірімен бұрынғы сөйлеп жүрген сөздерінің бетімен іс істеп жүрген снякты болды. Сондыктан бұл өзін де және өзі үқсаған жастар да елшілдіктің орнаган негізі бар ең саф таза қызметкерлер өздері деп біліп жүрді. Сонымен қалада тұрып, көрнекті орындарға мініп қызмет істеп, үлкендердің тобына араласа бастаған соң бұл бұрынғы бетте алыстан жүріп үлкендер-басшылар деген сөздерден өзгеріп сол үлкендердің әрқайсысын жік-жік сынап, кемшилігін теріп айта бастады. Шынанда барлық жастардың үйымынша да үлкендер деп жүрген үміт қылған адамдардың ішінде талай енбексіз, бейнетсіз орын алып, мактанға ілініп жүрген басы артық адамдар көп еді. Мұндайлардың кейбірі: бұрынғы уақытта тілмәш болған, бірақ қазірде соны өзгерістің қаһарманы қылып жүрген себебі ол бұрынғы тілмәш болған уақытында пары алмаған, бұдан басқа бұрынғы күнде де, қазіргі күнде де қазак үшін қыбыр етіп, іс істеп, болмаса қамый жеп қайғырып, бір ауыз сөз сөйлеген емес еді. Осындаі адамдар туралы жастар атынан үлкендердің ішіндегі бастық болып жүрген тазаларымен сөйлескенде Сыздық шынымен назаланып, қазіргі халға қанағаттанбаған кісінің пішінімен:— «Біздің ортамызда үлкен деп сөйлеген — сақалы үлкен, жасы үлкен, патшадан алған шені үлкен дегені болмаса, ақылмен, елге істеген қызметімен, кейінгіге берген пікір жолындағы тәрбиесімен үлкен болған жан бар ма? Осы күнгі адал жақсы қызметкер деп жүрген адамдарымыздың көбінің адалдығы, жақсылығы жаңғызған пары алмағандығында болып шыгады. Өзгеріс заманындағы ел басшысына, үлт қызметкеріне біздің қоятын барлық требованиймыз сол ма екен, наконец олар параны тазалықпен алмады ма, жоқ қорқақтықтан алмады ма? Жандарал оязнойға жақпақшы болып, лакей болып жүріп алмады ма? Оны да анықтап білгеніміз жоқ қой. Солардың бәрі осы күнде

іс басында отырғанда, баяғы калпында моп-момын болып, басқа үрсақ өлдім, көткө үрсан қөндім дегениен басқа не біліп отыр. Бүгінгідей замандарда елдің қызметкерлеріне өзгерістің толқыны, требованиеі бірге өсіп отыратын екпін, жалын керек. Бізге сары түйменің ішінде бір калпында қатып калған, мумия вовсе керек емес. Батажай қария едішінде толып жатыр», — дейтін еді. Соған басты жігіттердің жауабы: — «Қайтеміз, басқа табатын қызметкеріміз жок, солардың һәр қайсысының ел ішінде белгілі атағы бар. Біз олар түгіл елдің де барлық жуаны, мырзасымен қол ұстасып істеп отырмыз. Елді сондайлармен устамасак, оқығанның артынан мен оқыған едім дегенге кім ереді. Қазіргі заманда біз ел шенберін бұзбай, жүртты тұтас қылып ұстауымызға керек кой», — дейтін. Жастар мен үлкендер арасындағы негізгі әңгімелер осы сияқты болушы еді. Бұндай сөздердің кезінде Сыздық жаңа пікір, жаңа сөздерді тауып айқын, ашық жарын ой тапқыш жігіт болып көрініп жүрді. Сыздықта өзгеріс толқынына араласып қызметке кіріп іс істей бастағаннан бері қарай қалыптанған негіз, ынғайған пікір байқалғандай еді. Бұны һәркіммен әйлескен әңгімесінде көрінуімен бірге істеп жүрген істен де сезіліп жүрді. Сондыктан үлкен жолдастарының арасында да, ел көзінде де үміт қылған жас жігіттің алдыңғы қатардағы бірі болып санала бастады. Оқығандардың бұл заманда елге істеп жүрген қызметінде бұлардың жаңы ауыртып қауіпке бас іліндіретін, бойындағы негізін, пікіріндегі салмағын сынайтын іс болған жок. Мәжкемәдә істейтін болса, бәріне де көңілді төрелік пен әлеуметшілдік тілегін қабат орындастырылғаны, жылы, жайлай орын болуға айналды. Бұл уақыттағы қазак жігіттерінің көпшілігі қызмет қылған орын «земство мәжкемәлері еді» («Шолпан», 1923, 6—7—8, 137—139-бб.). (100).

## КІМ КІНӘЛІ

«Кім кінәлі?» — жазушының өз айтуына қарағанда алғаш рет «Шолпан» журналында жарияланыпты. Содан соң бұл әңгіме 1935 жылы «Ескілік көлецкесінде» және 1960 жылы «Қарааш-Қарааш» атты жинақтарда жарияланған.

Кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967 ж. 125—147 беттер). 1975 ж. «Қылы заман» жинағында (284—307 беттер), Москвада шықкан бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (82—104 беттер) орыс тілінде жарияланды. Бұл томға 1967 ж. 12 томдық жинақтағы нұсқасы бойынша енгізілді.

Шығарманың ең алғашкы жариялаған вариантын таба алмағандықтан және жазушының архивінде қолжазбасы сакталмағандықтан, текстологиялық жұмыс осы екі басылуы бойынша жүргізілді. Бұл әңгімеге жазушы жеңіл-желлі ғана өзгерістер енгізген, бірқатар жеке сөздерді не сызып тастап, не басқа сөзben ауыстырған.

1935 жылғы жинақта: «маған бұл күнге шейін істеген каттылығын жеткен. Енді ол каттылықтың бітетін кезі жетті. Мен бүгін тілемесем де, ертең күйеуін келген күні сол каттылықты ұмытуынды тілеймін. Сол тілегімді орындастың деді» — деген сейлемді жазушы: «маған бұл күнге шейін істеген каттылығын жеткен. Ертең күйеуін келген күні сол каттылықты ұмытуынды тілеймін деді» деп ықшам-

дарап. Ал: «Ертең шақырсам, жылы ұшырай қалады екен деп ойламай-ақ кой» немесе «Бұл күнге шейін бақытты үміт қартайған көңілдей болып салқындаған сияқты, көр қараңғылығындағы сұық қараңғылық басып барады» деген екі сөйлем мұлде қысқартылған (125).

## ЕСКІЛІК ҚӨЛЕЦКЕСІНДЕ

«Ескілік қөлецкесінде» алғаш рет «Тан» журналдының 1925 жылғы төртінші санында шықты. Кейін «Ескілік қөлецкесінде» (1935 жыл) және «Қараш-Қараш» (1960 жыл) атты жинақтарда басылды. Бұл жолы жазушының өзі аздап ендеген, 1960 жылы шықкан нұсқасы баслаға беріліп отыр. 1925 жылғы «Ескілік қөлецкесінде» туралы әңгіменің «аяғы бар» делінген. Ал, шынында шығарма кейінгі жариялануларында әол алғашкы нұсқасы бойынша басылып келді.

Содан соң 1967 ж. он екі томдық жинақтың 1-томында (148—164 беттер), 1975 ж. «Қылы заман» жинағында (365—382 беттер), Москвада шықкан бес томдық жинақтың 1-томында (1973 ж. 75—81 беттер) орыс тілінде жарияланды. 20 томдыққа 1967 ж. жарияланған нұсқасы алынды.

Осы шығармамен бірге 1925 жылдары жарияланған бір топ әңгімелерінің жайын сөз еткен М. О. Эуезов: «Ескілік қөлецкесінде» деген жинақ бұрынғы Қазақстан тарихында болған рушылдық, феодалдық ескіліктің қөлецкесінде, койны-коншында болған әр алуан көріністің азды-көпті елесін береді. Сол ескіліктің еркінде болып, қөлецкесінен шыға алмай, сезім санаасы тұсаулы болған жеке адамдар, жас-кәрілер, ерек-әйелдер бар. Ой санаасы тұтқында, шырмауда болғандықтан бір алуаны сол ескіліктің әрі құлы да, әрі ерікті не ерікіз сүйеушісі. «Ескілік қөлецкесінде» тағы бір қауым бар. Ол сол ескіліктің езгісінен әлі шыға алмаған қоғамдық жүртшылық» дейді. («Әуезұлы Мұхтар «Ескілік қөлецкесінде» әңгімелер жинағы, А., 1935. 1-бет.)

«Ескілік қөлецкесінің» бірінші нұсқасынан кейінгісіне кірмей қалған, не тындан қосылған сөйлемдер жиі ұшырайды. Бірінші нұсқадан мынадай сөздер бар:

«Қаражалға келгелі он шакты күн болған. Ауылдар үзын өзен бойындағы қоныстарына шашырап қонған. Өзениң екі жағын биік жүндес кара адырлар тау бесігі болып бөлегендей қоршай біткен. Кейде тұтасып, үзын жал болып, кейде шошак кара биік болып кеттін. Таудың өзенге қараған беттері ақ тас, қызыл тас деген қызыл жартастар.

Өзен тогайлы, көбінесе таулы жерге біткен кисық қайың мен мойыл, кара тал арасында анда-санда үзын біткен жас терек, кей жерлерде топ-топ болып барлық тогайлы өзеннің рецкін кіргізгіндегі болатын.

Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр салқын лебіне оралып, тұс көргендей қалғиды. Биік қара жоталар жалғыздық жырын айтқандай болып, салқын лепиен құрсініп қабағын түйіп, құлазиды. Тогайдың жапырактары салқынмен аз-аз сілкісіп, бір-біріне ым қагады. Сезім білген жайды бір ауыз, жарым ауыз сөзбен сыйыр қызып айтқандай болады. Тогайлы өзекте түн тыныштығының мәңгі сыйыршыл тілшісі сияқтанып жағадағы таспен көпіршіп, ойнап тау өзенің салқын сұы ағады.

Жымдай қатқан тау тыныштығының ішінде жасырыны көп, сыйрышыл өзен сулу айдың ақ жүзді сәулесін күштің аққандай. Қемексіз максұтқа белгісіз үмітпен үмтүлғандай. Қаралы салы жамылған таулар мен мелшиіп карауытқан тоғайдын бауырында секіріп, ойнап, ыршып ақкан ерке өзен кейде кәрі қиялмен ойнаған жас сұлудай керінеді. Кейде өмір дөртімен мылқауланған қәрі ата-анаңың өлер алдындағы ақырғы рет көзіне көрініп, ойынга кетіп бара жатқан жас бала сияктанады. Ағын су бір көрген жағасын қайта көрмесе де, мәнгі алға үмтүлған екпінімен тасты, тоғайды, шалғынды, өзекті де, қызыл жартас, кара адырды да артына қалдырып, жылжып кетіп жатады. Отіп жатқан өмірдің жалғыз-жалғыз секунтіндегі бөлек-бөлек су да белгісіз жылжумен алдыңын күнге өзенде айдан әкетіп бара жатыр. Откеннің бір секунтін қайта қайырып әкелуге мүмкіп емес болса, ылдилап ақкан судың да бір тамшысын қайта ағызып, бір жағадаң екі өткізетін табиғаттың дағдысы жоқ. Ақкан өзен тамырдан жіншікелеп соқкан қан сияқты. Сызылып отіп жатқан артқы өмірдің бір минутіндегі тіршілік белгісін білдіретін сияқты. Түн ортасындағы қарақошқылданып, жансызданған табиғаттың лупілдеп соққан жүргегідей керінеді.

Өзен шалғыны түн лебінің күйіне қосылып, ағып бара жатқан суға бас изеп, қоштасады. Тоғай көлеңкесі қараңғылықпен сыр күшагында болып, өзен шалғынымен суға жабысып, құшактайды. Түннің сансызы көп түншік көздеріндегі болып, түпсіздікпен түнжырайды. Өзектің жалғыз аяқ жолы кейде шалғын шетімен журіп, кейде саяллы, көлеңкелі тоғайдың түбімен өзенше бүралып, ніріліп өтетін. Өлкө бойында түн жүргішісі де, жайылған мал да жоқ еді. Түн болғалы ауылдың арасындағы өзектер өз тыныштығымен тыныс алып тұр еді» («Таң», 1925, 4, 102—103-беттер) (148).

## ЖЕТИМ

«Жетім» әңгімесі алғашқы рет «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Қайылы жетім» деген атпен басылады. Одан кейін 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде», 1960 жылы басылған «Қараш-Қараш», 1962 жылы шыққан «Көксерек» жинақтарында «Жетім» деген атпен жарияланып келді.

Кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының I томында (1967 ж. 165—172 беттер), 1975 ж. «Қылы заман» жинағында (308—315 беттер) Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының I томында (105—111 беттер) орыс тілінде жарияланды. Бул томга 1967 ж. 12 томдық жинақтағы нұсқау бойынша енгізілді. Осы нұсқамен «Таң» журналында тұнғыш жарық көрген «Қайылы жетімнің» текстерін салыстыра қараганда әңгіменің біраз өзгерістерге үшірағаны керінеді. Бұл өзгерістердің сипаты әркіл.

Кей тұста «Қайылы жетімдегі» суреттеулер мүлде қысқартылған, не ете ықшамдалып алынған. Мысалы, тау арасынан бейуакта естілген әннің тыңдаушыға тигізер әсерін бейнелейтін «Қелмеске кеткен дәүірге арнаң оқыған дүға сияқты, күшті табиғат жарлығына бойсұнып өлімге бас иіп айтып отырган иман сияқты. Кейде өткен күннің күнәсін ойлап тәуба қылған сияқты. Қызарып батқан күнмен бірге қызылды-жасылды қызықты өмір біткен сияқты. Шерлі, қайылы ән кеткелі отырган жас өмірге ақырғы рет айтқан қош-қоштық сияқты» (78) деп келетін жолдар қысқартылған.

Болмаса қайғы құшағындағы Қасымның болмысын суреттеген: «Дүние жетімдікті, жалғыздықты, жудеген сорлылықты көрсеткендей болады. Сол қайғыға толған қаралы табиғат ортасында әлсіз жүргері шерге толып, рақымсыз өмірден ешбір жан ашуды көрмей егіліп жылап, жалғыз сенген, жалғыз үміт қылған алласын іздегендей болып келе жатқан бала. Сорлы жетім еді» делінген үзінді алышып тасталған.

Көрсөтілген екі үзіндінің қысқартқанда, шығарманың жалпы мазмұнына, окушысына тигізір әсеріне нұксан келмеген, қайта шұбланқан суреттеулер орынды ықшамдалған.

Әңгімені ықшамдал, айтылмақ ойды дәл беруге тырысудың мысалына мына бір қысқартуды да алуға болады.

«Кәрі әкесі өлгенде Қасымның сүйеніші болып қалған, кішкентай күнінен құлымын деп аялаған, алақаны салып өсірген кәрі әкесі бар еді» деп оқимыз «Қайғылы жетімде». Кейінгі, «Қарааш-Қараشتағы» редакциясында бұл сөйлем: «Оз әке-шешесі өлгенде, Қасымның сүйеніші болып қалған кәрі әкесі бар еді» деп дұрысталип ықшамдалған. «Кәрі әкесі өлгендеге» делінген сөйлем бұл арада яртық сияқты, өйткені кәрі апасының өлімінен жарты жыл бұрын Қасымның өзі туған әке-шешесі өлгені алдында хабарланады.

«Кішкентай бала жетім, жалғыз, әлсіз, қайғылы еді. Әжесі өлген соң көп кешікпей Қасымды қайғы үстіне қайғы баса бастады» («Қайғылы жетім») деген артық қайталанатын сөйлемдердің қысқартудан да автор ұтқан. Сол сияқты «Бірақ ішіне ылғы жетімсіреген қорғансыздық жалғыздықпен бірге дүниеге сенімсіздік, ешкімге жұымайтын жатбауырлық, адам қауымынан жат қылып әкететін жетімсіреген құлазыған жалғыздық нығайып орнай бастады» («Қайғылы жетім») сөйлемі кейін редакцияланғанда «Қорғансыздық», адам қауымынан жат қылып әкететін жетімсіреген құлазыған жалғыздық» дейтін оралым қысқартылған.

Шұбаланқы сөйлемдерді, суреттеулерді азайта отырып, шығарманы соңғы басылуына даярлау үстінде автордың бұрын жалпылай, солғын жазылған сөйлемдерді қайта қарап өзгертіп, олардың әсерін арттыра түскен фактологияны да кездестіреміз.

Иса әйел Қадишамен Қасымның малын шаруаға қалай жарату жайын сөйлесетін орында: «...пәлен қойларды соғымға жібереміз, пәлен сиырды сатып үй ішіне, бала-шағаға саудагерден пұл аламыз. Ұзатылатын әйел балаға жабдық аламыз деп, ашыққа салып, кеңесіп жатты» дейтін сөйлемдер бар («Қайғылы жетім»). «Қарааш-Қараشتағы» «Жетімде» бұл сөйлемдер: «Әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз, қасқа сиырды сатып үй ішіне, бала-шағаға сәудегерден пұл аламыз деп, ашыққа салып кеңесіп жатты» болып толықтырылған, бояуы қанықтырылған.

«Пәлен қойларды» деуден нактылап «Көк саулық пен қарабас қойды» деу, «пәлен сиырды» демей, «қасқа сиырды» деп түрлеп-түстеп айту сол малдарды окушының көз алдына елеестете қоядь да, ұмытылмастың әсер қалдырады. Әлгі тәріздес өндеулер мына сөйлемдерден де білінеді. «Малының мойнынан құшактан жабысқан жолында Иса мен Қадишадан қабат таяқ жеді» делінетін сөйлем Қайғыл жетім» соңғы басылуында: «Көк саулықтың мойнынан құшактан жабысқан жолында»... деп алынады.

Әңгіменің идеялық нысанасын басқаша инфартарлық, оны баға-лағанда окушылардың назарын аударатын бір слеулі жөндеу шығарманың түйіні ретіндегі ақырғы жолдарында жасалған.

«Қайғылы жетімнің» соны: «Бұл Қасым еді. Бірақ қазіргі халді Қасым жетімдікten, қайғы-зардан, ойын кернеген ызадан құтылған. Ол өлген екен» деп бітеді.

Ал «Қараш-Қараш» жинағындағы «Жетімде» бұл үзінді: «Ол — өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен»... деп аяқталады. Бірінші үзіндінің оқығанды Қасымның әлімі оны әмір қыспагынан құтқаратын бірден бір жол дегендеге, сол әлімді ғаштаптағандай ұғым тудырады. Үзіндінің соңғы редакциясында бұл жай біраз басқа түрғыдан мензелген. Қасым әлі құрып жығылып, жартылай өлік қалпында талып жатқанымен, оның денесі әлі түгел мұздап та болмаған. Сол мезетте уш салт атты жолаушы да жетіп Қасымды орталарына алады. Осы түйінде әңгіменің оптимистік әуені сезілгендей.

Бұл айтылғандардан басқа жалпы мағынасын сактай отырып, сойлемдерді синтаксистік өзгеше құру, бір атаудың орнына екіншісін алу т. с. с. кіші-гірім редакциялық өзгерістер біраз ұшырасады. Мысалы: «Далаға қарай қашып еді» — «Далаға қарай қаша жөнеліп еді», «Жібіткен» — «еріткен», «Түн желі елжіретіп қозғап сілкінтіп тұрды» — «Түн желі желти қозғап сілкінтіп тұр» т. б.

«Ескілік көлеңкесінде» (1935), «Қексерек» (1962) жинақтарындағы «Жетім» текстісінің «Қараш-Қараштағы» «Жетімнің» текстісінен бірен-саран ұсақ редакциялық өзгерістері болмаса, айырмашылығы жоқ (165).

## БАРЫМТА

Бұл әңгіме алғаш рет 1925 жылы «Таң» журналының бірінші салында (98—110-беттер) «Қанды түн» деген атпен жарық көрді. Авторы — Жаяу сал — Мұхтар Әуезовтың әдеби псевдонимы.

«Қанды түн» бұдан соң біраз өзгерістермен жазушының 1936 жылды жарық көрген «Қараш-Қараш» атты шығармалар жинағына («Қараш-Қараш оқиғасы» ҚҚӘБ, А., 1936, 78—87-беттер) кірді. Аты өзгеріліп «Барымта» бол шықты. Соңғы басылуы 1960 жыл («Қараш-Қараш» ҚМКӘБ, А., 1960, 223—236-беттер).

Әңгіме революцияға дейінгі бай ауылдарының арасындағы ала-уыздықты, бірінің малын бірі барымталап жүрген ру басы жуандардың жолсыздығын, солардың намысын жыртамын деп жүріп жау қолынан қаза тапқан Қонақай мен Қалқабай секілді қос бейбақтың қайғылы әмірін бейнелейді. Жазушы осы жолда біраз ізденістер жасаған. Әңгіменің тіл, стиліндегі азын-аулак өзгерістерді айтпағаның өзінде жекелеген адам образдарын аша тусетін тың көріністер қосылған. Мысалы, 1936 жылғы редакциясында Қалбағайдың кәрішешесі Ұмындық баласының жалғыздырылған айтып былай дейді.

«А, күдай, ақсарбас... кеселділердің отына күйгізе· көрме қарамыды. Жалғыздың жары күдай» деп тілеу тілеп жүрді» («Қараш-Қараш оқиғасы» ҚҚӘБ, А., 1936, 229-бет). Бұдан соң Қалбағайдың өз басы туралы да мынадай мінездеме қосылған. «Қалбағай» керек десе, жасы отызга жетсе де, әлі күнге кедейліктен қалың малын жеткізе төлеп қалындығын да алған жоқ еді. Кемпірдің бүндай қауіп үстінде көкірегін қарыс айыра ойлайтын арманының бірі сол да болатын» (229-бет).

Әңгіменің әлеуметтік мәнін ашып, идеялық бағытын айқындаіп тұ-

сетін өзгерістер де жоң емес. Ол үшін ең алғашқы нұсқамен соңғы нұсқаларды салыстырып қаралык.

1925 жылғыда: «Осы екі ел басты кісілерінің бір-біріне сыз өтінім дегені басталысмен, бақындеңстігімен болса да, тентектеу бір салжартарының ел бүлдірген міvezімен болса да, әйтеп кел заманнан бері аралары ашылған, бір-біріне уыққан, андысып шатасқан ел болатын» («Таң» жури. 1925, № 1, 99-бет).

1936 жылғыда: «Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз откізем деген басталасымен, бақындеңстігімен және солардың екі елді бүлдірген міvezімен барып, акыры, бір-біріне катты уыққан, катты андысып шатасқан ел болатын» («Қараң-Қараң оқиғасы» ҚҚӘБ, А., 1936, 79-бет).

Осы секілді 1925 жылғы нұсқаларында бар «Досболдың тілеудегі елдің көбі ыстығына күйін, сұғына тоңбак болып екі елдің арасы алыстағанша бұның ауымен бірге қонып, бірге кешпекші еді»— («Таң» жури. 1925, № 1, 100-бет) деген жолдар сонғы редакциясында: «Досболдың тілеудегі жуан ауылдың көбі бұның ыстығына күйін, сұғына тоңбак. болып, өзді-еzi ауқымындағы кедей-кепшіктерін де көлтүкінан шығармай сойыл соғар қызып, әзірлең жүрген. Екі елдің арасы алыстағанша бұның ауды мен сол шиеттес жақын атқамінерлерінің ауылдары бірге қонып, бірге кешпекші еді» («Қараң-Қараң», ҚМКӘБ, А., 1960, 226-бет) деп түзетілген. Алғашқы 1925—1936 жылдардағы редакциясында әңгіме соны. Жарық айлы бүгінгі түн қаралы, қанды түн болды» деп бітсе, 1963 жылғы басылуында: «Өз намысы оянбаған екі бейбақ асығы түгел әлдекім-нің намысына итаршылық жасады да — жайрап түсті қос арыс» деп аяқталған.

Ал жазушы шеберлігін танытатын мына тәрізді ізденістер М. Әуезовтың тіл сөріміне аса үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын аңғартады. Мине, сонын бір мысалы мынау:

1925, 1936 жылғы басылуарында: «Үйдегі жүрттың бәрі алай-түл бол тыска қарай актарылды. Сол кезде жылқы жатқан жақтан түн тыныштығын қаң жарып шыққандай шулап айқайлаған «аттан» шықты.

Сол дауыспен аралас жер жаңғырықтырып тасты жерде сатырлап шапқан кеп аттың сарыны мен сатырлап қатты қарысып жатқан сойыл дауысы да естілгендей болды». («Қараң-Қараң оқиғасы», ҚҚӘБ, А., 1936, 82 бет) деген сурет сонғы басылуында: «Үйдегі жүрттың бәрі алай-түл бол тыска қарай актарылды. Бұл кезде жылқы жақтан да түн тыныштығын қаң жарып шыққан шошынган шулар естілін жатыр еді.

Сол дауыспен аралас тасты жерде тарсылдаш шапқан кеп аттың тасыр-түсірі мен сатырлап қатты қарысып жатқан сойыл дауысы да естілгендей болды» («Қараң-Қараң», ҚМКӘБ, А., 1960, 229 б.) деп редакцияланған.

«Барынта» 1961 жылы орыс тіліне аударылып, «Простор» журнальның серізінші санында басылды. Аударғандар: А. Судеев пен Ванюшен.

Бұдан соң Москвада орыс тілінде жарық көрген М. Әуезовтың бес томдық шыгармалар жинағында басылды. (Соб. соч. в пяти томах, т. I, М., 1973). Орыс тіліне аударғандар В. Дудинцев пен Н. Гордеева.

## ҚІНӘШІЛ БОЙЖЕТКЕН

Жазушының бұл әңгімесі алғаш рет «Қазақ қызы» деген атпен 1925 жылы «Таң» журналында (2, 100—беттер және 3, 90—100-беттер) басылды. Ал 1936 жылғы «Қараш-Қараш» жинағында «Қінәшіл бойжеткен» деген атпен шықкан. 1960 жылғы жинақта («Қараш-Қараш», Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет базасы) да сол атпен енген.

Бұдан кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының I — томында (1967 ж. 187—209 б.) басылды. Бұл басылымға сол 1967 жылғы жинақтағы нұсқасы алынды.

«Қінәшіл бойжеткен» әңгімесінің 1936 және 1960 жылғы басылымдарындағы айырмашылықтар жоққа тән. Қейір жекелеген сөздер мен орамдар, тіл және стиль жағынан азды-көнті өзгертулер болмаса, атап айтارлық жаңартулар мен жаңырытулар үшыраса бермейді.

Ал әңгіменің 1925 жылы «Таң» журналында жарияланған нұсқасы мен соңғы басылымдарының арасында бірталай айырмашылықтар бар.

Ен алдымен, әңгіменің бурынғы атын («Қазақ қызы») өзгертиш алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынассы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Ғайша со кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақты бейне бола алмақ емес. Ал «Қінәшіл бойжеткен» деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар.

Сол сияқты, әңгіменің алғашқы нұсқасындағы мынадай түстар соңғы басылымдарда түсіп қалған. Мысалы: «Қалапың дағдылы шаны мен ерте басталған ыстығы көп жүртты қажытқан. Сондықтан қазір қызарып күн батып бара жатқанда жасарған бақшаның көлеңкесінен шықкан салқын леп майысып қана тербете сокқандай еді. Женіл жібек кінді деңелер бақшадағы кешкі коныр салқынның құшағына кіргенде жазғы ыстық күнде мәлдір көлдің бетінде дыбыссыз жүзіп келіп, көлеңкелі қамыстың ішіне кірген ақкудады сыланып, көтеріліп сергігендей болушы еді. Бақша рақатына сүйсінген сезімді нәзік әйелдер үлкен аллеяда майысқан назды құлқімен маңынан салқын леп сокқызғандай» («Таң», 1925, 2, 100-бет).

«Кей жері терен сыр үясындей. Қалың·көлеңке басқан қараңғы, кей жері күн шуакты құлқі-қалжың үясындей жарық, көңілді болған бақша ырғаты көп өмірдің әрбір кезін еске түсіргендей еді.

Бүгінгі күн бақианың ерекше сәнмей жиналып қызықты суреттер көрсетпек болған күні болатын. Сондықтан бақшаның үлкен аллеяларында көлденеңнен тартылған қызылды-жасылды сәнді әлемдер байланған. Аспаниң саисыз жұлдызындағы болып шашыраған откөздер болатын. Бұл оттар кей жерде ашық, жарық, кейде ой түсіргендей әлсіз, жүдеу, кейде қызыл, кейде жасыл. Әрқайсының тұсынаң өткенде көңілдің әртүрлі кезін еске түсіріп, сөзсіз тілмен ым қаққандай болушы еді» («Таң», 1925, 2, 100—101-беттер).

«Ғаббас бұл губернеге бір рет келіп кеткен еді және келуден баска алыста журсе де, бұл губернє. Ғаббастың аты көпшілдік белгілі болатын. Өйткені, Ғаббас қазақтан газет-журнал жазушыларының ішінде белгілі жігіттің бірі болатын. Сондықтан...» («Таң», 1925, 2, 102-бет).

Сондай-ақ әңгіменің алғашқы нұсқасындағы мынадай аяқталымды оның кейінгі басылымдарында жазушы алып тастанған:

«Бұның артынан бірталай заман өтті... Фаббас осы қалада бір-екі айдай жүріп келіп, акырғы бір күні губернелік қалаға ол бір орыс қызын қатындыққа алышты деген хабар шықты.

Ол қырдағы қазақ қызы-қатынының губернелік қалаға келген соң екі-үш күннен соң біржолата тастаным деп хат жазып еді. Соның артынан бұл қаладағы бір оқымысты орыс қызын қатындыққа алышта койды.

Фаббас казақ қатынын тастанап, орыс қызың алыш қойыпты деген хабар кала халқына үлкен бір сөгісті жаман істей бол тез тарап еді. Неше жерде әлденеше түрде қазақ жігіттерінің азғындығын, баянсыз негізсіздігін әсіресе қартаң оқығандар мен өсекші бәйбішелер, оқығап қазақ қыздары қатты намыстанып, Фаббасты барлық колында бар кірменен былғап жатты. Бұл жайды газетке жазбақ болған есекші тілшілер де дамыл алмай сейлеп жүрді.

Сол көп өсекші әуездің ішінде өзгеник өзге болса да, бізге белгілі Fайша да Фаббас мінезін қатты сөгіп сөз кылды... Бұл қырдағы қазақ қызына жаңы ашып, Фаббастың сол момын, сорлы, адал қызға істеген қиянаты үшін жаңып күйгендей болып, Фаббасты негіzsі, өтірікші, үятсыз деп көп былғап еді.

Сорлы Фаббас. Нен бар еді Fайшада. Ол екеш ол да саған адамшылық пен әркайсысын үттеген соң сенің момын басыңа кім ойнақтамасын». («Тан», 1925, 3, 100-бет). Әңгіменің әр нұсқасын салыстыра оқығанда жазушының ойлы тұжырымдылық пен көркемдік тұтастыққа әрдайым үмтүліп отырғанын көреміз (187).

## БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ

«Бүркіт аңшылығының суреттері» алғаш рет 1925 жылы «Тан» журналының үшінші номерінде «Басылмаған романнан» берілген бір тарау ретінде жарияланған.

Содан сән 1967 ж. он екі томдық жинақтың 1-томында (210—213 беттер) жарияланды. 20 томдыққа сол нұсқасы алынды.

## ҚАРАЛЫ СҰЛУ

Бұл әңгіменің түңыш нұсқасы 1925 жылы «Тан» журналында (2, 79—92-беттер) басылды. Содан кейін «Ескілік көлеңкесінде» (1935 жыл, 107—118-беттер) және «Қараш-Қараш» (1960 жыл, 312—324-беттер) жинақтарына енді.

Бұдан соң жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967 ж. 214—227 б.), 1975 жылы «Қылыш заман» атты кітапта шықты және орыс тілінде Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (121—133 б.), «Жазушы» баспасынан шыққан «Племя младое» (1977 ж. 53—64 б.) кітабында жарияланды. Бұл басылымға сол он екі томдық жинақтағы нұсқасы енгізілді.

«Қаралы сулу» әңгімесінің 1935 және 1960 жылғы басылымдарында айырмашылық өте-мәте аз. Автор жекелеген сездер мен орамдарды, айшықтарды ғана өзгертіп алған. Ал әңгіменің «Тан» журнальда жарияланған нұсқасында недәуір өзгешелік бар. Әңгімеде суретtelген жәйттерді қазақ аулының шындығына иегүрлым жақындағы түсү және оны көркемдік жағынан шынықтыра түсін жа-

зушы бірталай эпизодтарды алып тастаған немесе ықшамдаған. Мысалы, әңгіменің алғашқы нұсқасындағы мынадай жәйттер оның кейінгі басылымдарында жок.

«Қайрылы әйелдің өз басына ендігі өмірден күтетін ешбір жаңалық жоқ. Жарқылдаң көз тартып, біреуді болмаса біреуді қызықтыратын шақ бұнда енді болмақшы емес. Қарагөз ондай күннің болуын тілемейді де» («Таң», 1925, 2, 79-бет).

Қарагөзге сырт қөзбен қарап берілетін мінездемеден кейінгі мынадай авторлық ремарка да қыскарып қалған: «Бірақ Қарагөз мактан іздеген жоқ еді. Оның шын зар, шын жетімдіктің қайғысы еді» («Таң», 1925, 2, 86-бет).

Бұдан басқа да қыскартулар бар. Мысалы:

«Ораза күнде өткөрме үстап аштыққа шыдаған тақуадай Қарагөз өз көңіліне сенімді болса да, дene қинауын бар ауырлығымен көтеріп келе жатты...

Жас Қарагөздің сопылығы дүниеде сирек кез келетін сопылық еді. Өзге жүртта өмірден сүнған, түнілген адам болса, өзін өзі тоқтатып нәпсі тілегін басу үшін өзге қызулы топтың ішінен аулақ кетеді. Тіршіліктен күдер үзбеген елдің ортасында олар өмір сурмейді. Жүдеу көңілдің күйіне күй қосатын сопылық үйіне кетеді. Өмірден түнілгендердің тобына кіреді...

Маңында ескі қызық күнін, сезім күйін ескертетін белгі болмайды... Денені өлтіретін ауыр еңбек пен сезімді жоғалтатын жудеу сүр дүниеге кіреді.

Ондағы сопылық, ол жудеулік ізденсөң де, көңілді алаң қылатын суретті көрсетпейді... Әйел солының көретіні — ылғи әйел... Еркек сопының көретіні — ылғи ерек. Қарагөз сопылығы ол емес» («Таң», 1925, 2, 88-бет).

«Қарагөз жалғыз ғана жүзінің келістілігімен сұлу емес. Қазіргі сағатта көңіліндегі тазалықпен, құмарлыққа бой ұрғысы келмеген ниетпен ерекше сұлуланғандай еді. Бұл уақытта қаралы әйелдің шын жүрерін өзіне қаратқан жан болса, жарық тунде бақыт қусын үстағандай мұратына жетер еді» («Таң», 1925, 2, 91-бет).

Әңгіменің әр нұсқасындағы ең үлкен өзгеріс оның аяқталымында. Ен алғашқы нұсқасында ол былай берілген:

«... жиекте жылап отырды. Қаралы сұлу шын қайғымен жыласа да, жүректе белгісіз құмарлық қарауытып, жұз толқынып кетеді. Әлде-қайда шығып жатқан ыстық қан бойын сабырсыздықпен дірілдеткен сайын соның үйтын баспақ болып, судары екі аяғын өзеннің ернеуіне қатты-қатты соғады... Екі аяғы шанышп, солқылдан ауырғанға шейін өткір тасқа сокқанда іштің белгісіз дерті бәсендеп басылғандай болады. Қарагөз талай жылдан таппаған емін жаңа тапты. Іштегі дертті басу үшін сол қара жыланды туғызып түрған денені қинау, жаншу керек екен. Қарагөз бүгін ғана білді. Таң атқанша аяғын алмай отырғанда тілім-тілім болып қалған дененің ауырғанын сезді... Аяғын сурып алып қарағанда әлденеше жара түскенін көрді. Бұлардан токталмай қан ағып тұр еді.

Осымен таң ағарып атқанда денесі әбден салқындалп барлық асаяу қан басылды. Бұл заманға шейін қысып келген жастық тілегі біржолата өшіп, баяғы қайғыға бекінген таза көңілі өмірінше алысқан қара мүйнеттер Қарагөздің бақытты болған уақыты сияқтанып еді. Ол әбден ағарып, тыныштық алған жүрекпен ауыр күрсініп, үйіне қайтты...

Мұның арт жағынан төгай ішінде таң бүлбұлы қаралы жаһтызыңдық күйін қошаметтеген дүғадай сезілетін тазалық жырын жырлап тұрды... Қарагөз үйіне кіріп, Мұқашты сүйіп-сүйіп жатып қатты үйқытап қалды» («Таң», 1925, 2, 91—92-беттер).

Жазушы бұл әңгімесін алғашқыда Жаяусал деген әдеби лақап ныспымен шығарған. (214).

## ЖУАНДЫҚ

«Жуандық» (Бұл шығарма алғаш рет 1926 жылы «Қазақ тілінің» 63, 64 номерлерінде «Ескі індегі» деген тақырыпнен «Айғақ» деген құпия атпен жарияланды,) «Ескілік көлеңкесінде» (1935) жинағында, М. О. Әуезовтың шығармалар жинағының алтыныш томында (1957) және «Қарашиб-Қарашиб» жинағында (1960) жариялданады.

Кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының I-томында (1967 ж. 227—237 беттер), Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының I-томында (145—155 беттер) орыс тілінде жарияланды. Бұл томға 1967 ж. 12 томдық жинақтағы нұсқасы бойынша енгізілді.

«Ескілік көлеңкесінде» басылған «Жуандықтың» текстін «Қарашиб-Қарашибтағы» «Жуандықпен» салыстыра оқығанда, сонысында біраз қысқартулар бары байқалады. Айталық, онда мына үзінділер қысқарып қалған:

«Жарамсақсыған малыш мұндайда оң сейлей ме».

«Бірталайдан бері ел ішінен айыптай жүрген кикілжінің аяғы осымен биыл, жаңадаған тоқтап еді».

«Ел мінезі мұндайда біреуді кінэлі қылудан тоқтамайды. Тағы талат кісіден көрмей пәлені ұлғайтпай басылмайды».

«Әне жақсылығы. Не қылам десе осы отырған қауымның өзі біледі».

«Тәмәм ел соына түсетінін көзі көрді. Мына жуандардың колы бос, қысы-жазы осыны ермен қылудан қажымайды. Жақсылықтың жақындары да осы содан корқып-үркіп қау-қаулаған сөзді көбейте берді, сонымен Жақсылық ығыл, жаси бастанды».

„Әйтпесе көпке топырак шашуга болмады. Бір күні болмаеса, бір күні женілетінін білді».

«Қайта барып начальнике шаға алған жоқ. Ақөзек оқиғасы ел ортасында жабулы күйінде қалды».

Басқа кейір орындарда ұсақ редакциялық өндеу, дәлдеулер соны текстиге енгізіліп отырған.

М. Әуезовтың «Гаңдамалы шығармаларының» алты томдығындағы «Жуандық» «Ескілік көлеңкесіндегі» «Жуандықтың» нұсқасынан аз-мaz жөндеулермен алынып басылған деуте болады. Өйткени, екі тексттің соңғы басылуындағы өзгеріс көбіне женил редакциялық сипаттаған. «Қарашиб-Қарашиб» жинағындағы «Жуандықта» қысқарып қалған деген үзінді, сөйлемдер мұнда қысқартылмаған, сақталған. Ескерерлік бір жай — «Ел мінезі мұндайда...», «Тамам ел...» деп басталатын сөйлемдердегі «Ел» деген сөздер «Жуандар», «Жуан» деген сөздермен алмастырылған. Автор «Жуандықты» екінші рет баспаға ұсынарда жоғарғы үлкен мәні бар жөндеуді енгізумен Жақсылықтың соына түсіп, оны құғынға салып отырған бүкіл ел емес, ат төбеліндегі жуандарға екенін дәлелдей көрсеткен.

Алты томдықта әңгімениң атынан кейін сілтеме белгісі қойылған

да, беттің соңындағы сілтемеде: «Бұл әңгіме Совет үкіметі алғаш орнаған жылдар болмысынан алынған. Бай жуандар (феодалдар) үстемдігі ал жойыла қоймаған көшілең ауылда болған уяқиға», — дегендерге берілген. Мұндай ескертке «Қараш-Қараш» жинағында жоқ. Басқа әзгертулер біз тоқталып откен «Ескілік көлеңке-сіндегі» мей «Қараш-Қараш» жинағындағы әңгіменің текстерін салыстыруды көрсетілген мысалдар існетті болып отырады. «Ескілік көлеңке-сіндегі» «Жуандықтың» жазылу мерзімі «1925» деп көрсетілген, басқа жиңіктардағысында — 1927 жыл.

«Жуандық» әңгімесіне байланысты оқушылардың есіне сала көтерлік бір жай — Эбіш пен Құрманның жылқыларын Жақсылықтың егініне қасақана түсіріп, оған тізе батырып, жуандық көрсету эпизодын автор кейін «Абай жолы» эпопеясының екінші кітабының «Қактығыста» дейтін бөлімінде Эзімбай жылқыларын Дәркембай бастаған көп жатақтың оргалы отырган егініне әдей жауып оттататын эпизодты суреттеуде көздейтіп пайдаланған. Соңғы эпизодтың шенбері кен, карсы жактардың қақтығысы мықтап шиеленіскең күйде көрінеді. Бұл әрине, роман стилінә тән нәрселер.

Әдебиетші З. С. Кедрина «Дружба народов» журналының 1964 жылғы 4 санында жарияланған «Творческий подвиг» дейтін мақаласында «Жуандықтың» нағыз реалистік түрғыдан жазылған, көшпелі қауымда таптық сипат, жерге менишкілік болмады-мис дейтін тезистің көтөлігін әшкерелейтін шығарма деп бағалайды. Бұл шығармасында «Жазушы бүкіл феодалдық-байшылдық укладты, оның барлық терен тамырларын аяусыз күрту қажеттігі туралы дабыл көтереді», — деп жазады З. С. Кедрина. Бұл әңгімені Эуэзов творчествоның зерттеушілердің қай-қайсысы да жоғары бағалады.

## ҰШ КҮН

«Ұш күн» әуелде «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы екі номерінде (7 ноябрь, № 258; 10 ноябрь, № 259) басылды.

Әңгімеге арқау болған негізгі оқиға колхоз тақырыбы; Көлбай, Таллак, Сарыауыз секілді үш екпінді, үш бригада жарысының жайы.

М. Эуэзовтың әдеби-мемориалдық музейінде сакталған материалдарға қарағанда жазушы бұл әңгімесін жынырмасының жылдардың аяқ шеңіндегі жазған. Және сол әңгімегің ішіндегі сюжеттік желілер мен адам образдарының дәл бір тарихи-әмірлік фактілерден алғынандағы анықталып отыр. 1924—25 жылдары М. Эуэзов өзі туып-өсеке ауыл кедейлерінің басын құрап, Шыңғыс тауының күнбатыс жағасындағы Бақанас өзенінің Ақшатаудаи шыға беріс жерінде отырықши поселка салғызыған. Соның бар иғлікті ісіне басшылық еткен ұлы жазушының өзі де, оған көмекші, жәрдемші болған Абайдың немересі Эрхам Қекітайұлы Ыскаков.

«Ұш күниң» соңғы редакциясы 1935 жылы «Тас түлек» (КҚӘБ, А, 1935, 237—248-беттер) атты кітапта латын әрнімен жарияланды. Бұрынғы басылуарында кеткен «сұлдері қарап», «байз» деген түсініксіз сөздер осы жолға дайындалуында «сұлдері құрып», «пайыз» деп түзетілді (337).

## БІЛЕККЕ БІЛЕК

«Білекке білек» — Бұл әңгіме алғашқы рет «Социалды түлік» атап жинақта 1934 жылы жарық көреді. Одан соң автордың «Тас түлек» жинағында 1935 жылы жарияланады, кейін 1956 жылы жазушының тандамалы шығармаларының 6-томына енгізіледі.

Кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының I-томында (1967ж. 349-367 беттер), Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының I-томында (394—406 беттер) орыс тілінде жарияланды. Бұл томға 1967 ж. 12 томдық жинақтағы нұсқасы бойынша енгізілді.

Бесінші томдағы «Білекке білектің» текстісі мен «Тас түлектегі» нұсқасында арасында елеулі айырма жок, шамалы қысқартулар, редакциялауға ғана байқалады. Ал бесінші том мен «Социалды түліктегі» текстердің арасында біраз өзгерістер кездеседі. Аудан орталығы Ванновкадағы клубтың ішкі уқыпсыздық көрінісін сипаттайтын жердегі көбірек айтылатын үсак-түйек детальдар соңынан қысқартылып қалған. Мысалы... «Жазулар бар» деп аяқталатын сөйлемнен жейнігі: «Оның бірі: (*«Курить и семечки грызть»*) деп жазылып келе жатып да түзетіліп: грызть воспрещается, за нарушение штраф от 3 до 5 р. дейді». Екінші бір жерде тағы сондай үлкен кағазға шимайлантанған қара сия:

«Ой не ходы Грыцю,  
Тай не вечерницы».

деп залға кірген кісіні украина тілінде болатын ойынға шакырады. Баяғы замандық ескі бір пьеса. Бұдан клубтың слетке: «Үйқылы ояу қарап тұрғанын дәлелдейді. Тағы осындай шимайлыш үлкен жазу». «Сегодня будет в клубе цирковая постановка, венгерский танец, развит камень 30 п. танец с қипящим самоваром» деп, әлдеқандай, біздер күмән ойынцы жайын дәріптейді! — делінетін үзінді ыкшамдалып, жөнделіп; «...жазулар» деген сөзден эрі сөйлем жалғастырылып «уран орнына әлдеқайдай сығандардың фокус ойындары болатынын баян етеді» деп қыска қайрылады.

Жоғарғы үзіндінің қысқаруы үйлесімді болған, одан шығарманың көркемдігі кемімеген. Басқа түзетулер «хатшы»—«секретарь», «bastығы»—«председатель» дегендегі, кейір атаулардың қолданысында бар, бірен-сарап грамматикалық қате ұшырасады. Мысалы, 5-томда «сауырларды» деген сөз «сауырындарды», «бронь» сөзі «бірен» болып қате басылған.—«Расла-расла... еken foy desti» деген сөйлем бірінші тұста артық басылып кеткен (82).

«Тас түлек» жинағындағы «Білекке білектің» аяғында жазылу мерзімі «1933» деп көрсетілген. «Социалды түлікте» шығарманың аяғына дата койылмаған.

«Білекке білектің» 5-томдағысында әңгіменің атынан кейін сілтеме белгісі қойылып: «Бұл әңгіменің ішінде Оңтүстік Қазақстаниң басқа қазақ тілінен гөрі басқашарақ тіл ерекшеліктері әдей қолданылған. М. Э.» деген ескерту бар. Бұрынғы басылуларында мұндай сілтеме жок.

«Білекке білек»— колхоз өндірісіндегі Макпал, Айша сияқты екіншіді әйелдерді көпке үлгі етуді көздеғен көркем шығарма, автордың актуалды тақырыпты көтере білгеніне айғақ туынды.

«Білекке білек» бірінші жарияланған «Социалды тұлік» жинағына кіріспе сөзде: «Колхозшыларымызға өз өмірінің көркем бейнесін окуына онай, түсінуіне жеңіл, орамды тіл, өткір сөзбен сырлап көрсету, өздерінің көркем бейнесі арқылы сана сезімін тәрбиелеп, құрылым жұмысына үйыстыру, қайратты, жігерлі, саналы жана адам жасауға жәрдемдесу көркем әдебиетіміздің колға алыш отырған жұмысы» деліне келіп: «...Ауыл сыртынан сөйлес қылуды койып, колхоздын ішкі өміріне араласа, нақты бейнені көрсетуге қадам үргаған сөздер» деп бағаланған шығармалардың қатарында «Білекке білек» аталады.

Жоғарыда көрсетілгеніндегі, әнгіменің қайталанып басылып келуі оның көркемдік сыны мен тәрбиелік мәнінің солғындағанын дәлелдейді (349).

## ІЗДЕР

«Іздер» әуел баста 1932 жылы «Әдебиет майданы» журналының 8 санында жарық көрді. Бұдан соң 1935 жылы орыс тіліне аударылып «Литературный Казахстан» (1, 38—59 беттер) журналында басылды. Кейін «Казакстан Кенес жазушыларынан IX топқа тарту» (ҚКӘБ, А., 1935, 13—67 беттер), «Тас түлек» (ҚКӘБ, А., 1935, 145—177 беттер) атты жинактарға кіріп және де шықты. Соңғы басылуы — 1957 жылы («Тандамалы шығармалары», Алты томдық. VI том, ҚМҚӘБ, А., 1957).

«Іздер» әнгімесінің қолжазбасы сакталмағанымен, баспа бетін көрген біраз вариантының бар. Солардың ішіндегі ен көркемі де, көлемдісі де осы соңғы басылуы. Кейін автордың өз еркімен енгізілген кейбір өзгерістер онша көп те емес. Дегенмен әрбір сейлемнің мағниталық, логикалық жағынан дәл де дұрыс болуы үшін жасалған толықтырулар байқалады.

1935 жылғыда «Бұны, өздеріне жәрдем етіп отырған совхоздың бірер сақпан койы уақытша жайылуға рұсат етіп берген болатын» («Казакстан Кенес жазушыларынан IX топқа тарту»). ҚКӘБ, А., 1935, 38бет).

1957 жылғыда «Бұны өздеріне жәрдем етіп отырған совхоздың бірер сақпан койы уақытша жайылуға колхозшылар рұксат етіп, совхозға берген болатын» («Тандамалы шығармалары», VI том, ҚМҚӘБ, А., 1957, 126 бет).

1935 жылғыда «Кейде нақ тәбелерінен жарқ беріп, шарт еткенде дүрік беріп жарылып та кетеді». («Тас түлек» ҚКӘБ, А., 1935, 154 бет).

1957 жылғыда «Кейде нақ тәбелерінен жарқ беріп, шарт еткенде нірліп, ықтап түрган кой дүрік беріп жарылып та кетеді» («Тандамалы шығармалары» VI том, ҚМҚӘБ, А., 1957, 120 б.).

Рас, шығарма соңғы басылуында көбіне-көп осы іспетті үсак жөндеулерден еткен. Әрекідік кездесіп қалып отыратын: «Ескінің сыйы етіп қалған. Сүйеуді керек қылатын төл екен». («Тас түлек» ҚКӘБ, А., 1935, 160 бет). «Бірақ, міне бір жыл болды. Райком бұны колхозға бар деді» («Тас түлек» ҚКӘБ, А., 1935, 161 бет) деген секілді бейнелеуден гөрі баяндауы басым жататын жолдар 1957 жылғы редакциясында автордың өз колымен алышып тасталған.

Ал, бұрынғы басылуларында бар, мағниталық жағынан да, стильдік жағынан да жатық, жарасымды сейлемдер соңғы 1957 жылғы

«Таңдамалы шығармаларында» бүлініп кеткен. Немесе жекелеген бірлі-жарым сөздер мен сөз тіркестері түсіп қалған. Мысалы, жалған белсенді болып жүрген Жұмабайдың, «Осы бәрінен де сен жақсысың. Аналар үкімет қадірін, кісі қадірін білмейтін, еңбегінді бағаламайтын құнарсыз көрінеді. Тапқан-таянғанды сендерге салып бір сүйрейін...» («Тас түлек» ККЭБ, А., 1935, 166—167-беттер) деген сөзіндегі «Құнарсыз көрінеді, Тапқан-таянғанды» деген сөз тіркестері соңғы 1957 жылғыда (132 бет) жок.

«Осы секілді «есептің» орнына «есіп», «дуние қоныздың» орнына «дуние қоңыс», «жаңаданың» орнына «және де», «қызылмайды — қосылмайды», «әтетің»—«ететін», «сызы»—«сазы», «көп»—«кеп», «көп»—«көп», «ошағандай»—«босағандай», «ала қойды»—«ана қосылмайды», «әтетін»—«ететін», «сызы»—«сазы», «көп»—«кеп», «көп»—«көп», «ошағандай»—«босағандай», «ала қойды»—«ана қойды», «өре»—«ене», «дос»—«қос», «жығылған»—жылаған», «араздасып»—«арыздастып», «жағынан»—«жақынан», «ініне»—«ішіне», «мұны»—«маңы», «байсалды»—«байыстады» болып кеткен қателіктер сол сөздің сөйлем ішіндегі орыны, мағынасына қарай қайта қаралып жөнделді. Бұл осы әңгімелің әр жылдарда басылған толық текстін салыстыру арқылы да аныкталды.

### ҚҰМ МЕН АСҚАР

«Құм мен аскар»— жазушының сценарий үлгісінде жазған киноәңгімесі (кинорассказ), жазушының бұл еңбегі 1935 жылы «Тас түлек» атты әңгімелер мен пьесалар жинағында және 1957 жылғы алты томдық «Шығармалар жинағының VI-томында (46—76 беттер) жарияланды. Содан соң он екі томдық шығармалар жинағының 2-томында (1967 ж. 36—65 беттер) жарияланды. 20 томдыққа осы 1967 жылы жарияланған текст бойынша енгізіліп отыр.

Жазушының архивінде шығарманың арап әрпімен жазылған қолжазбасы (автограф) сакталған (ЛММА. КПР. папка № 148). Қолжазбада автор бұл шығармасын «Құм мен аскар биік» (әдеби сценарий) деп атапты. Жалпы қолжазба тексті мен кейінгі жарияланған текстерде кейір жеке сөздер болмаса, айтарлықтай өзгеріс, түзетулер жок.

1943 жылы осы киноәңгімелің материалдары негізінде «Райхан» көркемсуретті фильмі түсірілді.

### ШАТҚАЛАҢ

«Шатқалаң» 1957 жылғы нұсқасы бойынша баспаға ұсынылып отыр. Бұл әңгіме 1935 жылы «Тас түлек» (жинақ), сол жылы «Қазақстан» («Литературно-художественный сборник») және 1941—1942—1943—1944—1946 жылдары А. Қөшімбаев жариялаған «Әдебиет оку кітабы» (үзінді ретінде), 1957 жылы М. О. Әуезовтың 6 томдық шығармаларының 6-шы томында жарияланды. Шығарма кейінгі басылуларында өзгеріске ұшырамаган. 1935 жылғы нұсқадағы: «Әке сұрамай ма?— ой, жөн сұрамайсындар ма?» «Көзін ағарғыр — көзің күрғыр, лекбез — ликбез, бірінзе — брынза, дұспан — дұшпан, қолқозының — колхозының» болып өзгергені сияқты түзетулер кездеседі.

«Шатқалаңның» 1957 жылғы нұсқасы мен 1935 жылы арап

әрпімен жазылған қолжазбасы арасында да елеулі айырым жок. «Тарс-тұрс — тарс-тарс, даусыз — даусыз, тапыр-тұптыр — тыныртыптыр» болып түзетіліпті. «Қолын созып әр нәрсені сипал меріп еді, еш бірін таба алмады» деген сөйлемнен кейін келуі тиіс — «Бір қолы бір діңгекке тиді, бір қолына кірпіш қактығады», не «Сыр кептіретін баздарды да өзі қарайтын» деген сөздерден сон келуі керек. — «Осындағы оқып, есіп, тәрбие алып келе жатқан әйелдердің бір басшысы сол Айша өзімізге таныс» деген сөйлемдер қалыпты. 1957 жылғы нұсқа — «Сыбагалы жазасын осылайша тапкан еді» деп аяқталса, қолжазба — «Сыбагалы қазасын осылайша талқан» деген сөздермен біткен.

«Шатқалан» уақиғасын түтелдей жазып шықлас бұрын жазушы алдын ала арнағы мынадай жоспар жасапты:

## ПЛАН

I. Айша қолын босатысымен көптең бері сипалануда еді. Астыға тусти, үстіге шықты. Тағы тусти. Қарғанды. Экесін қарғайды. Бір кезде аяғына ілінді. Тапты. Қолына наганды алып, енді жогары шығып, енді есікті аша бергенде дабырлап жау кеп қалды. Қараңы түн. Алдыңғы біреудің тымағы дұспандікі сиякты. «Енді өлтіріп аласын!» деп атып-атып жіберді. Қарсы атты. Атыс... Біреулер айғайлайды. Токта дейді. Жаудың дауысы. Жұрт кіріп келді. Шашы үрпіген Айша бұрышқа тығызып зорға сүйеніп тұр. Қасен, сол қолынан қан акқан. Түсі қуарған. Қабағын қарс түйіп, тісін басып: «Ә, жузі қара. Менің катыным десем? Әлі жаудың катыны ма едін...» — Тап береді. Айша көзі шарасынан шығып қарсы ұмтыла берді: «Жарығым, кеш... Жаздым...» — деп құлап тусти. Қасен пышағын суырған күйде қона тусти. Қулашын керіп, пышағын сермеп үра бергенде қолынан Самат үстай алды.

«Токта... Мен бар... Кінә менен...» — деді.

II. Бұл уақиға отыз үшінші жылы июньнің 23-күні кешкі сағат тоғыз шамасында «Талдыөзек» колкозының қой пермесінің бірінде болған еді. Құрт сақтайтын баздың бірі. Қой отарлап көшіп кеткен. Қүзетші шал Шәлтіктің таң алдында көзі ілініп барады екен. Баздың ішінде салдыр есітті. Қорқақтау басып үры ма, жын ба? — деп терезеге келе берді. Екі қасқыр жур... Есікті сыртынан жауып қалқозға жүтірді. Қайтадан кісі ертіп келсе қасқыр терезені сындырып шығып кетіпті. Қуні бойы Шәлтік әңгімесін айтып бітіре алмай аяғын өзінен өзі сөз қып отырғанда кешкес жақын қызы Айша келді. Құрт қайнатушының улкені еді. Қыз баз ішінде, ымырт жабылды. Ат дүбірі естілді. Шал көлеңкеде жатыр еді... Айша бері шыға бергенде жалт беріп қайта бұрылды. Кораның бұрышынан уш атты шыға берді. Біреуі Айшаның көзіне оттай басылды. Беттерін орамалмен таңып алыпты. Мылтықтары бар. «Уа, кімсін, кімсін?» — деп шал апалакташ тұра бергенде Құлайғыр алып үрүп кеудесіне мініп алды. Қолында жалаңдаған пышақ, елтірем дейді. Шал енді: «Ала бер... Бәрібір менде тамақ та, киім де жок. Түнде қасқыр белімнен аттап шойырылып жатырмын. Е... жабатын лыпа да жок», — дей берді.

Сүгір, біздікі әшейін — деп мұсәлірсіп Катлаға хабар айт... Мұнда ешкім бар ма? — деп сұрайды. Шал бүйірмасын дей береді.

Шалды Қатпаға жібермек болады. Өздері белініп кейін кетеді. Ақылдасады. Шал сырғып базға кіреді. Артынан қаранғыда басбағып Сүгір ереді. Шал базға кіре бере сүріне-қабына жығылып, жасырынып тұрган Айшаны қағып жығады. Айшаның колынан каруы ұшып түседі. Шал жау дей береді...

— Тәнір алсын, әке. Жауғана дейсін...

— Уа, кім, сығыр-ау? Қатпаға хабар айт деді ғой?.. — Айшаның есі шығып кеткендей болды. «Ойыр-ай, не деген сұмдық. Дұспандық па еді?» Сіренке шырт етті. Алдында тұрган Сүгір. Сүгірдің алдында Айша. Сүгір: Мені тосқаның ғой?

— Тоссын деп кетіп пе ең қашқын болғанда?

— Жоқ тосқаның болмаса бүтін мұнда неге келіп ең?

— Мен тіршілігін адалдан тілегендермен біріккем... Кетерінде шешілген-ді арамыз.— Шал Айшаны желкеден туйіп қалды.

— Мен берген байың осы!— дейді. Сүгір шалды тыска алып шығып колқозға қарай жөнелтеді. Белім қасқыр аттал шойрылып қап еді деп шал қипактайты. Ат бермейді. Кетерде бұдан көп нәрсе сурайды: Тұысқан жәйі, мал түрі, түйе жәйі туралы. Шал жөнеледі. Колқозға беттеп шығып, ойға түседі. «Жоқ, осы әлсіздің досы Самат еді. Соган ақылдасайын»,— деп солай бұрылады. Айша мен Сүгір біраң айналысты. Аяғында есікті жауып жалғыз шықты. Атына мініп кетті.

III. Бәрі де бей-берекет. Тұнде бірнеше қошқар шойрылып шықкан, қырық саулық пен ешкінің желіні тілінген. Перме іші деседі... Қасенді қаралауға беттеген. Самат қорғайды. Қалқоз. Баstryқ Қатпа келген. Қорғайсың. Бірсің,— деп екеуін көрсеткелі ауданға, сотқа, следовательге шапқан. Тағы босып кеттің ғой, кор быт-шыт. Аткошевкеден келген үйлер зарлайды. Берді, Сатаі, Аяжан, Дәметкен, Ұлбосын зар енірейді. Тәңір дұспанды қолға берсе-ау болдық қой деп ел ботадай боздайды. Қайран колқозым... Қөзімді ашқаным деп дауыс айтқандай болады. Самат ауданға тілдескен. Бұған: орныңнан тапжырма. Тағы бір-екі күн тос. Қүзетті мықта деген. Тұнде дабырлап Шәлтік жетеді. Самат жұрттан бөліп өзі тыңдайды... Сүгір... өзге сезді тыңдамайды. Аиау қасқыр аттады. Айша деп, бірдеме деп жатады. Телефонға ұмтылады. Паншин: Айтқанын рас, келді. Бізді ториды. Жұртқа: Дұспан табылады. Қасен ереді. Әйелдер: Аяжан, Дәметкен, құлшынып мылтықты өздері салып алады.

Колқоздан аяған жанды ит жесін. Бір еркектен кем болсақ беті-мізге түкір, десіп ере шабады... Түйе жоқ.. түйе жоқ... Сатаі, Берді бір тоptы алып жоқ іздеуге кіріседі... Қүзетті қатындар алады. Бұл сонғы бұйрық Саматтікі. Әбігерді басып, Қасенді, екі-үш катынды ертіп шабады. Қораға, базға келеді. Жоғарғы уақыға.

IV. Айша мен Сүгір бағана сөйлескен. Өлсем де жоқпын деген. Сүгір әкетемін деп байлаپ тастаған. Тұн бойы жалғыз. Айша арпа-лыса, арпалыса жаңа босаған. Аналар тыста деп есептеген. Байлас-қаны өлім. Қолқозы, мали қөз алдына. Хат танып қалғаны. Дабыр келгендегі қайраты.

V. Сотта Қатпа... Айшаны Қасеннің алуы. Самат откочевтік. байларды алды. Перма жауы.. Қаскөйлік, қаттату.. Пермеге келу. Жау деп жариялау... Жұрт дағдарыста... Тағы қурын, тағы сорлаймыз. Қатпа тағы шулатты деу... Қатпа үш милиция тергеүшімен күа келеді. Базда кездесу. Саматты, Қасенді, Айшаны ареске. Мылтық дауыстары.

VI. Қатпа: Бұ не? Самат. Ол жаумен атысу... Ол Сүгір. Қатпа шошиды. Қатпа жылжымак... Самат:— жок, кетпие... Ерегес.. Самат жібермейді. Қатпа:— Сендер осы арада мені жауға ұстапқасындар. Мынау Сүгірдің қатыны. Осы арада байын тосқан деп байбаламдайды. Шал жүріп жетеді. Мылтық дауысы басылған. Отряд келеді. Паншин... Сүгір, Құлайыр ұсталған. Самат. Мен жабыламын. Мына Қатпа... Қатпаға Паншин Сүгірді итермелейді. Қатпа сырт айнала береді. Шал: «Сүгір, міні Қатпаң. Бағана мені жіберіп ең, міні»... Айша: «Мені осында қолды-аяққа тұрғызбай сен жібертпеп пе ең? Сүгір: «Қатпа, аман ба?»— Паншин ордер ұсынады. Жұрт, қатындар жан-жағынан: «не қылмап ең?... Қаңғыртып ең, тоз-тоз ғып ең...» Айша Қасенниң қолын құшақтап, жылап Сүгірді көрсетіп: «Ол менің де жауым еді, сенің жолынды сүймесем» деп жылайды.

VII. Екі күн өткенде границада... Атты байлап қойып отыр еді. Екеудің қарасы көрінеді. Бұл тапжылмады. Тура келеді. Сезді. Жалтарды. Алдына түсті... Қайта бұрылды. Тағы түсті. Жасырына түсті. Қезенге шыға бергенде бүйірден қосылды. Біреуін окка ұшырды. Екіншісін қояма-қолтық кеп өлтірем деді. Тоқтап, қолын кетерді. Судья Садырып.

## МАЗМУНЫ

М. О. Эуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтынан	5
Мұхтар Омарханұлы Эуезов. М. Қаратаев	6

## ӘҢГІМЕЛЕР

Корғансыздың күні . . . . .	67
«Оқыған азамат» . . . . .	90
Қыр суреттері . . . . .	109
1. Кешкі дәң басында . . . . .	—
2. Қысқы түн . . . . .	111
3. Қысты күнгі дала . . . . .	113
Қыр әңгімелері . . . . .	117
1. Сыбаниң моласында . . . . .	—
2. Текшениң бауырында . . . . .	124
Үйлену . . . . .	133
Сөніп-жану . . . . .	142
Кім кінәлі? . . . . .	170
Ескілік көлөнкесінде . . . . .	194
Жетім . . . . .	212
Барымта . . . . .	220
Кінәшіл бойжеткен . . . . .	235
Бүркіт аңшылығының суреттері . . . . .	258
Каралы сұлу . . . . .	262
Жуандық . . . . .	275
Үш күн . . . . .	287
Білекке білек . . . . .	299
Іздер . . . . .	314
Күм мен Аскар . . . . .	350
Шатқалаң . . . . .	381
<b>Түсініктеп . . . . .</b>	<b>420</b>

**Мухтар Омарханович Ауэзов**  
СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ  
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ  
ТОМ I  
Рассказы  
(На казахском языке)

Редактор *К. Узакбаева*  
Художник *Т. Мухатов*  
Худ. редактор *Б. Машрапов*  
Техн. редактор *С. Лепесова*  
Корректор *С. Умишева*

ИБ 987

Сдано в набор 16.01.79. Подписано к печа-  
ти 23.07.79. Формат 84×108 $\frac{1}{32}$ . Бум. тип. I.  
Литературная гарнитура. Высокая печать.  
П. л. 14,25. Усл. п. л. 23,94. Уч.-изд. л. 26,13.  
Тираж 30 000 экз. Заказ № 227.

Цена 2 руб. 60 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного  
комитета Казахской ССР по делам изда-  
тельства, полиграфии и книжной торговли,  
г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунисти-  
ческий, 105.

Фабрика книги производственного объеди-  
нения полиграфических предприятий «Ки-  
тап» Государственного комитета Казах-  
ской ССР по делам изательства, полигра-  
фии и книжной торговли, 480046, г. Алма-  
Ата, пр. Гагарина, 93.